

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
М.БӨКЕНБАЕВ атындағы АҚТӨБЕ ЗАҢ ИНСТИТУТЫ**

Р.Қ.Мұхтаров

**МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ ПӘНІНЕН
ДӘРІСТЕРДІҢ ҚЫСҚАША КУРСЫ**

Оқу құралы

Ақтөбе, 2016

ӘОЖ 340(075)
ҚБЖ 67.0я7
М86

Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының Ғылыми кеңесінде басып шығаруға ұсынылды

Пікір жазғандар:

С.Қ.Бекмағамбетов – Қазақ-орыс халықаралық университетінің құқықтану кафедрасының доценті;

Н.Ы.Жетпісбай – Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты әкімшілік құқық және ІО әкімшілік қызметі кафедрасының бастығы полиция полковнигі

Мұхтаров Р.Қ.

М 86 Мемлекет және құқық теориясы пәнінен дәрістердің қысқаша курсы: оқу құралы /Р.Қ.Мұхтаров. – Ақтөбе: Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты, 2016. – 288 б.

ISBN 971-601-7883-25-6

Назарларыңызға ұсынылып отырған қысқаша дәрістер жинағы Мемлекет және құқық теориясы пәнінің бағдарламалық материалдарын оқып-білуге арналған дәрістер жинағы түрінде құрастырылған.

Оқу құралын дайындау барысында осы пәнге арналып бұған дейін жарық көрген оқу құралдары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар пайдаланылды.

Бұл оқу құралы Қазақстан Республикасы ІІМ жүйесіндегі оқу орындарының оқытушыларына, курсантары мен тыңдаушыларына, өзге де жоғары оқу орындарының студенттеріне, сондай-ақ оқырмандарға арналған.

ӘОЖ 340 (075)
ҚБЖ 67.0я7

ISBN 978-601-7883-25-6

© Мұхтаров Р.Қ., 2016
© ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атын. АЗИ, 2016

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	4
Тақырып 1. Мемлекет және құқық теориясының пәні, әдісі және жүйесі.....	5
Тақырып 2. Мемлекет және құқықтың пайда болуы.....	19
Тақырып 3. Мемлекеттің түсінігі және жалпы сипаттамасы.....	33
Тақырып 4. Мемлекет нысаны.....	44
Тақырып 5. Мемлекеттің функциялары.....	59
Тақырып 6. Мемлекет тетігі (аппараты).....	73
Тақырып 7. Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет.....	79
Тақырып 8. Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет.....	103
Тақырып 9. Құқықтың түсінігі, маңызы, белгілері, қағидалары және функциялары.....	127
Тақырып 10. Құқықтың қайнар көздері (нысаны).....	139
Тақырып 11. Құқық типтері және қазіргі кезеңдегі негізгі құқықтық жүйелер.....	150
Тақырып 12. Құқық нормасы және нормативтік-құқықтық актілер түрлері.....	157
Тақырып 13. Құқық шығармашылық іс, заң техникасы және нормативтік құқықтық актілерді жүйелеу.....	164
Тақырып 14. Құқық жүйесі және заңнама жүйесі.....	175
Тақырып 15. Құқықтық қатынастар.....	185
Тақырып 16. Құқықтық сана және құқықтық мәдениет.....	200
Тақырып 17. Құқықты іске асыру және түсіндіру.....	218
Тақырып 18. Құқықты реттеу механизімі.....	224
Тақырып 19. Құқықтық мінез-құлық және құқық бұзушылық.....	232
Тақырып 20. Заңды жауапкершілік.....	256
Тақырып 21. Заңдылық және құқықтық тәртіп.....	267
Тақырып 22. Тұлғаның құқықтық мәртебесі.....	277
Ұсынылған әдебиеттер тізімі	287

АЛҒЫ СӨЗ

Мемлекет және құқық теориясы курсы мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың қалыптасуы туралы негізгі ұғымдарды, даму заңдылықтарын оқытатын заң ғылымдарының негізі болып табылады. Мамандық бойынша білім алудың (берудің) оқу жоспарында арнайы пәндердің оқытылып зерделенуі қарастырылған. Осы пәндердің бағдарламаларындағы тиісті көлемдегі білім ауқымын оқытып зерделету мемлекет және құқық теориясы тұжырым- қағидаттарының негізінде жүргізіледі.

Курстың мақсаты - курсанттарда заңдық ойлауды, кәсіптік құқықтық сананы және жоғары құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың Қазақстанның қоғамдық өміріндегі жағдайларды сараптай біліп және оларға лайықты бағасын бере білуге үйрету, нормативтік-құқықтық актілерді дұрыс түсіндіре және қолдана білу тәжірибесін қалыптастыру, мемлекеттің құқықтық актілерін сыйлау және оларды бұзушылыққа төзбеу дағдысын үйрету, курсанттарда жоғары азаматтылық қағидаларын, қоғамдық міндетті түсіну және олардың орындалатындағына сенімділікті қалыптастыру.

Курстың мақсаты - Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдарымен таныстыра отырып, олардың қоғам үшін қаншалықты қажеттілігін және олардың өзара әрекеттестігінің маңыздылығын ұғындыру.

Курстың міндеті - мемлекет, жариялылық билік, егеменділік, басқару нысаны, мемлекеттің ішкі және сыртқы функциялары, унитарлы мемлекет, мемлекет механизімі, құқықтық мемлекет, объективтік құқық және субъективтік құқық, құқықтық норма, заң шығарушылық, заң талабына сәйкес әрекет, құқық бұзушылық, құқықтық сана, құқықтық мәдениет, заңдық факт;, мемлекеттік-құқықтық жағдайларды саралау және оларға баға бере, заңдық нормаларды түсіндіре, адамдардың іс-әрекеттерін құқықтық нормалар талаптары тұрғысынан бағалай білу.

Мемлекет және құқық теориясын оқытудың мақсаты курсанттарды мемлекеттік-құқықтық көріністер туралы заман талабына сай білімге, олардың түрі, нысаны мен қызметтері, мемлекет механизімі және олардың құқықтық реттеу сатылары, адам құқықтары мен бостандықтары және оларды қамтамасыз етудегі заңдардың рөлін білуге үйрету болып табылады.

Мемлекет және құқық теориясы пәнінен дайындаған дәрістердің қысқа жинағы заңгер мамандығына оқып жүрген курсанттар мен тыңдаушыларға және студенттерге ұсынылып отыр. Жинақ өз оқырмандарына қоғамдағы мемлекет және құқық теориясы мәселелерін жаңаша осы заман талаптары тұрғысынан түсінуіне бастау болады деп ойлаймыз.

Тақырып №1
Мемлекет және құқық теориясының пәні, әдісі және жүйесі

Ж О С П А Р

- 1. Мемлекет және құқық теориясының әдісі**
- 2. Заң ғылымдары жүйесіндегі мемлекет және құқық теориясының орны**
- 3. Мемлекет және құқық теориясының түсінігі**
- 4. Мемлекет және құқық теориясы курсының пәні және жүйесі**

1. Мемлекет және құқық теориясының әдісі

«Әдіс» деген ұғым ежелгі гректің «метод» деген сөзінің қазақша аудармасы. Бұл – жаратылыс пен қоғам өміріндегі құбылыстарды тану, зерттеу тәсілдері деген мағынаны білдіреді. Ғылыми ізденістің нәтижелігі, шынайы болмысты танудың дәрежесі мен тереңділігі көбінесе зерттеушілер пайдаланатын әдістерге қатысты. Әдістер – адамның шығармашылық, саналық өнімі. Олар зерттеу затымен тығыз байланыста болады. Жаңа зерттеу тәсілдерін, әдістерін үздіксіз іздестіру – ғылыми білімдердің ұдайы өсуін, затқа қатысты заңдылықтар туралы ойлардың тереңдетілуін қамтамасыз етеді.

Мемлекет және құқық теориясы дайын ақиқаттардың, ережелердің, дәлелденбеген қағидалардың (догмалардың) жинағы емес. Бұл – үздіксіз дамуда, толассыз ізденісте болатын нақты ғылым. Таным әдістерін жаңалай және дамыта отырып, ол өзінің негізгі алғы мақсатына жақындайды, яғни мемлекеттік-құқықтық тәжірибеде ғылыми бағдар қызметін атқарады.

Сонымен, мемлекет және құқық теориясының әдістері дегеніміз өзінің затын тану және ғылыми нәтижелерді алу үшін сол ілім пайдаланатын тәсілдер, амалдар, сүйенімдер.

Ғылыми танымның әдістері туралы ілімді әдістану деп атайды.

Мемлекеттік-құқықтық дамудың көп ғасырлы бүкіләлемдік тәжірибесі өмірге көптеген және сан-алуан саяси-құқықтық ілімдер мен доктриналарды алып келді. Олардың барлығы әртүрлі әдістерге, сүйенімдерге негізделген және басым көпшілігінде біркелкі емес қорытындылар мен нәтижелер бар: бір ілімдер мемлекет және құқық теориясының мәнін тану мүмкіндігін мүлдем жоққа шығарса, екіншілері мемлекет пен құқықтың пайда болуы және дамуы сыртқы әсерлерден емес, ішкі себептерге байланысты деп есептейді, үшіншілері – мемлекет пен құқық тек адамдардың ерігі бойынша пайда болып, әрі қарай жетіледі деп ұйғарады және тағы сол сияқты.

Біздің ғылымда көптеген онжылдықтар бойы мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды зерттеуде бірбеттеме (монистикалық), яғни марксшілдік-лениншілдік сүйенім үстемдік етті. Мемлекет пен құқықтың марксшілдік-лениншілдік ілімі бірден-бір ақиқатты, яғни шынайы болмысты дұрыс

бейнелейтін ілім деп танылды. Барлық басқа ілімдер мен доктриналар жалған деп есептелініп, қатты сынға алынды. Бұл сөзсіз біздің мемлекет және құқық туралы іліміміздің мазмұнын едәуір нашарлатты, саяси және құқықтық мәдениеттің бүкіләлемдік жетістіктерін толыққанды пайдалануға еш мүмкіндік бермеді.

Сонымен қатар, әрбір ілім өзінің таным әдістерін пайдалана отырып, жалпы ғылымға тиісті үлестерін қоса келе, зерттелетін құбылыстардың сол немесе басқа жақтарын терең және толық ұғынуға мүмкіндік жасайды. Мемлекет және құқық теориясына бүгінгі таңда өткен және қазіргі заманғы мемлекеттік-құқықтық ілімдерді бағалауда, талдауда ең қолайлысы құрастырмалы-сыни сүйенім болып отыр.

Аталған жәйттің марксшілдік-лениншілдік доктринасына әбден қатысы бар. Өйткені, ол соңғы кездерде өте қатал сынға алынды, онысы былай тұрсын, күйе жағылды.

Социалшылдық деп айдарланған көптеген елдерде ұзаққа созылған жүйеленген тоқырау, одан шығудың өмірлік талаптары марксшілдік-лениншілдікке ілім ретінде, ал социализмге қоғамдық-саяси құрылыс ретінде шұғыл кері әсерін тигізуге себепкер болды. Сөз жоқ, марксшілдікте қиялшылдық та, ескішілдік те аз емес, сонымен бірге онда маңызы таймаған ережелер мен қорытындылар да жоқ емес. Ұжымшылдық, халықтық билік, әлеуметтік әділеттілік және тағы басқалар туралы ілімдер адам мен әлем бар кезде ешқашан жойылмайды.

Қазіргі таңда біздің елде мемлекет және құқықты зерттеуде әртүрлі әдістерді, амалдарды, тәсілдерді, сүйенімдерді таңдау ерігі, ілімдер мен пікірлердің сан-алуандығы орнықтырылған. Сонда да мемлекет және құқық туралы әңгіме қозғаған кезде әртүрлі әлеуметтік топтардың, таптардың, партиялардың, саяси ағымдардың мүдделері тікелей немесе жанамалай болса да ескерілетінін айтпасақ тағы болмайды. Бірақ, ғылымның ақиқат пен шындық жолында топтық, таптық, ұлтшылдық мүдделерден алшақ тұрғаны орынды.

Мемлекет пен құқық теориясының әдістері оның затымен тығыз байланыста болатыны аталып өтті. Соңғысы ілім нені зерттейді деген сұраққа жауап іздейтін болса, әдістер оны қалай, қандай тәсілдер мен амалдар арқылы жасайды деген сұраққа жауап береді. Әдістердің негізінде ілімнің заты жатыр, өйткені ілімсіз әдіс – затынан, ал ғылым – мазмұнынан айырылады. Өз кезегінде тек бара-бар әдістермен қаруланған ілім ғана алдында тұрған міндеттер мен қызметтерді ойдағыдай орындай алады.

Ілім мен әдістер бір кезде пайда болады және оларға ұқсас талаптар қойылады: тек қана нәтиже емес, сонымен бірге оған жетер жол да ақиқатты болу керек. Бірақ, ілім мен әдістер бірдей болмайды, олар бірін бірі ауыстыра ала алмайды, ауыстыруға жол да бермейді.

Мемлекет және құқық теориясы мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды зерттеу барысында өзіне тән әдістерді шығарып қана қоймай, қоғамдық және жаратылыс ғылымдарын шығарған жалпы әдістерді де белсенді түрде пайдаланады.

Ғылымда ұзақ уақыттар бойы танымның идеалшылдық және материалшылдық әдістері метафизика және диалектика бір-біріне қарсы тұрып келеді. Біздің отандық ғылымның бағыты – материалшылдық сүйенім. Осыған сәйкес, мемлекет пен құқықтың түбегейлі, мәндік жақтары, қорыта айтқанда, экономикамен, нақты меншік нысандарымен айқындалады. Материалшылдық сүйенім мемлекет пен құқықтың нақты өмір жағдайаттарымен байланысын бақылауға, қоғамның материалдық негіздерін нығайту, экономикалық потенциалын өсіру үшін олардың мүмкіндіктерін анықтауға және зертеуге жол сілтейді.

Мемлекет және құқық теориясының философиялық негізі – диалектикалық әдіс, яғни болмыс пен сананың дамуының аса жалпы заңи байланыстары туралы ілім. Диалектиканың жалпы заңдарына мыналар жатады:

- сандық өзгерістердің сапаға ауысуы (жеке меншік қатынастарын бекітетін және реттейтін қалыптар мен институттар санының көбеюі ұлттық құқықтың жеке және көпшілік болып бөлінуіне алып келді);
- қарма-қайшылықтың бірлігі және күресі заңы (құқық пен міндеттердің бірлігі, мемлекеттік құрылыста орталықтандыру және орталықсыздандыру қағидалары);
- теріске шығару заңы (еліміздің мемлекеттілігінде оның ескі қалдықтары мен бірге жаңа ұрықтардың да болуы).

Диалектика заңдарын шығармашылық түрде қолдану, «мазмұн және нысан», «мүмкіндік және ақиқат», «кездейсоқтық және қажеттілік», «тарихилық және қисындық», «еркіндік және жауаптылық» және сол сияқты өмірлік жүрістердің кеңдігін бейнелейтін философиялық санаттар мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды жалған субъективизм және валюнтаризм тұрғысынан түсіндіруден аластауға атсалысады.

Философиялық заңдар мен санаттарға дерексіздіктен нақтылыққа және нақтылықтан дерексіздікке шығу әдісі де жататыны белгілі. Мысалы, мемлекет нысанын тану жүрісі «мемлекет нысаны» деген дерексіздіктен оның басқару нысаны және мемлекеттік құрылыс нысаны деген түрлеріне, одан нысандардың басқа да түрлеріне жылжып отыруы мүмкін. Осындай сүйенімде ғана мемлекет нысанының танымы тереңдейді және нақтыланады, ал «мемлекет нысаны» деген ұғым нақты белгілермен, ерекшеліктермен толықтырылады. Ойдың нақтыдан жалпыға, дерексіздікке жылжуы барысында зерттеуші, мысалы, қылмыстық, әкімшілік, тәртіптік құқықбұзуды, олардың белгілері мен ерекшеліктерін зерттей келе, құқықбұзудың ұғымын анықтай алады.

Біздің ғылым мемлекетпен құқықты тұрақты қалып ретінде зертемейді. Керісінше, ол талданып отырған құбылыстар өркениеттің, саяси және құқықтық мәдениеттің жетістіктерін өзіне сіңіріп отыратын қоғаммен бірге тарих жолымен әрқашанда қозғалыста, өзгерісте болатындығына сүйенеді. Әлеуметтік өрлеу жолымен жылжи отырып, мемлекет және құқық өз мазмұнын адамгершілік және демократияшылдықпен, жалпы адами құндылықтармен байытады, аса әлеуметтік бағыт алған құбылыстар болып есептеледі. Одан басқа, ғылым мемлекет пен құқықтың тарихи дәстүрлерін,

әлеуметтік-мәдени түбірлерін ескеру керек. Сондықтан да, мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды тану барысында тарихи әдіс қолданысқа түседі. Мемлекет және құқық теориясының тағы бір танымдық әдісі – жүйелік әдіс. Қандайда болмасын жүйе өзі бірыңғай, реттелген көптеген бөлшектерден құралады, олардың өзара қатынасы жаңа тиісті сапа туғызады. Мемлекет және құқық өзінің мәні мен құрлымы бойынша күрделі, жүйелі құбылыстар. Біріншісінің негізгі бөлшектері болып мемлекет органдары да, екіншісінікі – құқық қалыптары болып саналады. Жалпы алғанда мемлекет өте маңызды саяси институт ретінде басқа да саяси институттармен бірге саяси жүйеге, ал құқық – қоғамның қалыптар жүйесіне кіреді.

Жүйелік әдіс мемлекет пен құқықтың жүйекұраушы құрылымдық бөлшектерін, сыртқы және ішкі ортаның мемлекет пен құқыққа тіке және кері ықпалын зерттеу үшін, одан қалса, құқықтық және мемлекеттік жүйелердегі қарама-қайшылықтардың алдын алу үшін үлкен мүмкіндіктерге жол ашып отырады. Жалпығылыми әдістерді білу және оларды пайдалануда ептілік көрсету мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды тануда арнайы және жеке әдістерді қолдануды жоққа шығармайды, керісінше, қолдайды.

Заңи ғылым үшін дәстүрлісі – нысанды-заңи әдіс. Құқықтық қалыптардың ішкі құрылысын және құқықты жалпылай зерттеу, бастауларды (құқық нысандарын) аса маңызды белгісі ретінде құқықтың нысанды-нақтылығын талдау, қалыпты материалдарды жүйелендіру әдістері, заңи техниканың ережелері және тағы сол сияқтылар – бұлардың барлығы нысанды-заңи әдістің көріністері. Оны мемлекет нысандарын талдау, мемлекеттік органдар құзыреттерін анықтау мен заңи түрде нысандау барысында қолдануға болады. Бір сөзбен айтқанда, нысанды-заңи әдіс мемлекет пен құқықтың өз жаратылысынан туындайды. Ол мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды сипаттауға, топтастыруға және жүйелеуге, олардың ішкі және сыртқы нысандарын зерттеуге көмектеседі.

Қазіргі таңда бірігу (интеграция) жүрістері заңды түрде нығайып жатқан кезде, салыстырмалы мемлекеттану және құқықтану әдісінің ролі артуда. Оның объектісі болып әртүрлі елдердің бір-біріне ұқсас мемлекеттік-құқықтық институттары саналады. Қисынына қарай, аталған әдіс көптеген ұқсас объектілерді дәйекті түрде зерттеуге және салыстыруға негізделген. Мысалы, біздің еліміздің мемлекеттік және құқықтық институттарының артықшылықтары мен кемшіліктерін басқа елдердің сол сияқты институттары мен салыстырмаса анықтау қиынға түсер еді. Бұл әдістің саяси және құқықтық қайта құрулар (реформалар) қажеттілігі туындаған кезде де маңызы едәуір арта түседі. Сонымен қатар, салыстырмалы мемлекеттану мен құқықтанудың шет жер тәжірибесінен ойсыз ауыстыра салумен және оны біздің өзімізге тән тарихи ұлттық әлеуметтік мәдени жағдайымызға ұғынбай тасымалдаумен ешқандай қатысы жоқ.

Арнайы әдістердің қатарына мемлекеттік және құқықтық үлгі әдісі де жатады. Оның мәні мынада: әртүрлі мемлекеттік және құқықтық құбылыстардың арасында белгілі бір ұқсастық бар, олай болса, олардың ішіндегі біреуінің белгілері мен қасиеттерін біле отырып, жеткілікті дәрежедегі дәлдікпен

басқалары туралы да тұжырым жасай беруге болады. Бұл әдіс мемлекеттік тетіктің (аппараттың) ұйымдастырылуының ең жақсы сызбасын (схемасын) әкімшілік-аумақтық бөліністің аса ұтымды құрылымын іздену, сонымен бірге заңдар жүйесін құрау және тағы басқалар барысында көмектеседі.

Қазіргі жағдайларда мемлекеттік-құқықтық мәселелерді зерттеуде нақтылы-әлеуметтанымдық әдістің ерекше маңызы бар. Оның көмегімен мемлекеттік биліктің барлық тармақтары қызыметінің, құқықтық реттеудің тиімділік дәрежесін, сонымен қатар елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіптің жағдайын анықтауға болады. Нақтылы-әлеуметтанымдық зерттеулер мемлекет және құқық ілімінің өзекті мәселелерін дайындауға ықпал етеді. Осы мәселелерді талдау барысында аталған зерттеулер көптеген жаңа өмірлік деректер, есептемелік және басқада мағлұматтарды ұсынып отырады.

Нақтылы-әлеуметтанымдық әдіс аясында мынадай тәсілдер пайдаға асады: бақылау, анкета жүргізу, интервью алу, эксперимент және тағы басқалар.

2. Заң ғылымдары жүйесіндегі мемлекет және құқық теориясының орны

Заң ғылымдары жүйесіндегі мемлекет және құқық теориясының орнын оның тарихи-құқықтық ғылымдармен арақатынасын мысалға ала отырып қарастыруға болады. Мемлекет және құқық теориясы мен тарихи-құқықтық ғылымдарға тән ортақ белгі – олар мемлекет пен құқықты зерттейді. Ал айырмашылықтары мынада – тарихи-құқықтық ғылымдар мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың даму үдерісін хронологиялық тәртіпте зерттесе, мемлекет және құқық теориясы бұл үдерістерге жалпы сипаттама береді, мемлекет пен құқықтың мәнін, олардың қызмет ету заңдылықтарын және т.б. зерттейді.

Салалық заң ғылымдарына қатысты мемлекет және құқық теориясы жалпылаушы сипатты иеленеді; ол мемлекет пен құқықтың пайда болуы, қызмет етуі мен дамуының жалпы заңдылықтарын зерттейді. Ал кез-келген салалық ғылымның пәні қоғамдық қатынастардың тек нақты бір саласымен ғана байланысты болады. Сонымен қатар, мемлекет және құқық теориясы барлық салаларға ортақ мәселелерді зерттейді, яғни, мемлекет және құқық теориясының түсініктері мен институттарының негізінде салалық заң ғылымдарының түсініктері мен институттары қалыптасады.

Қазіргі кездегі ғылым-бұл жекелеген ғылым салаларының жиынтығы. Ғылымдар жүйесін қалыптастыратын ғылыми пәндерді шартты түрде 3 бөледі:

- а) гуманитарлық;
- ә) техникалық;
- б) жаратылыстану.

А) Гуманитарлық ғылым-қоғамды, адамдарды және әлеуметтік құбылыстарды зерттейді. Заң ғылымдары гуманитарлық ғылымдардың бір бөлігі. Өйткені, мемлекет пен құқық әлеуметтік құбылыстар болып табылады. Заң ғылымдарын келесідей бөлуге болады.

- мемлекет пен құқықтың жалпы теориясы;
- тарихи құқықтық ғылымдар (ҚР мемлекет және құқық тарихы, шетел мемлекет және құқық тарихы, саяси құқықтық ілімдер тарихы);
- салалық заң ғылымдары (Конституциялық, экологиялық, әкімшілік, жер, отбасы құқығы);
- салааралық заң ғылымдары (азаматтық іс жүргізу, қылмыстық іс жүргізу құқығы);
- шетел.
- қолданбалы ғылымдар (криминалистика, сот сараптамасы, құқықтық статистика).

Мемлекет және құқық теориясы гуманитарлық ғылымдар жүйесінде бола тұра, философиямен, әлеуметтанумен, саясаттанумен және т.б. тығыз байланысқа түседі. Олай, философияның көмегімен мемлекет және құқық теориясының дүниетанымдық бағыттары қалыптасады, оның нәтижесінде мемлекеттік-құқықтық шындықты танудың жалпы әдістемесі қалыптасады. Өз кезегінде, мемлекет және құқық теориясы кеңейтілген философиялық жалпылаулар үшін нақты материалдар береді. Мемлекет және құқық теориясы мен тарихи-құқықтық ғылымдарға тән ортақ белгі-олар мемлекет пен құқықты зерттейді. Ал айырмашылықтары мынада-тарихи-құқықтық ғылымдар мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың даму үдерісін хронологиялық тәртіпте зерттесе, мемлекет және құқық теориясы бұл үдерістерге жалпы сипаттама береді, мемлекет пен құқықтың мәнін, олардың қызмет ету заңдылықтарын және т.б. зерттейді.

Салалық заң ғылымдарына қатысты мемлекет және құқық теориясы жалпылаушы сипатты иеленеді, ол мемлекет пен құқықтың пайда болуы, қызмет етуі мен дамуының жалпы заңдылықтарын зерттейді. Ал кез-келген салалық ғылымның пәні қоғамдық қатынастардың тек нақты бір саласымен ғана байланысты болады. Сонымен қатар, мемлекет және құқық теориясы барлық салаларға ортақ мәселелерді зерттейді, яғни, мемлекет және құқық теориясының түсініктері мен институттарының негізінде салалық заң ғылымдарының түсініктері мен институттары қалыптасады.

Н.С.Ғазизованың пікірінше қоғамдық және заң ғылымдарының жүйесінде жалпы теорияның алатын орны былай деп көрсетілген. Әлемнің материалдық және рухани тұтастығы мен бірлестігі дүние жүзіндегі берлық ғылымның өзара байланысын дәлелдейді. Әсіресе бұл өзара байланыс қоғамдық ғылымдар арасында жақсы қалыптасқан. Бұл ғылымдар қоғамды, адамды, олардың арақатынасын, сана – сезімін зерттейді. Зерттеудің негізгі мақсаты – адамның бостандығы, құқығы, қадір – қасиеті, ар – намысы.

Қоғамдық өмірдің ең өзекті мәселесі – мемлекет пен құқықтың маңызы – олардың алатын орны. Бұл проблемаларды жалпы теория қоғамдық ғылымдардың басқа түрлерімен (философия, экономика, социология, палетология т.б.) бірігіп зерттеп отырады.

Философия – адамзаттың дүниедегі алып отырған орны анықтап, соның негізінде адамның дүниеге деген танымдық, құндылық, этикалық және эстетикалық қатынастарын зерттейді. Философия дүниеге теориялық тұрғыдан

көз жіберіп, ерекше логикалық, танымдық критериилерге сүйене отырып, адамның дүниеге деген көзқарасын тұжырымдайды.

Экономикалық ғылым – қоғамның экономикалық базисін, өндірістік қатынастарды, өндіруші күштерді меншіктің түрлерін зерттеп, олардың қоғам дамуындағы маңызын жан – жақты анықтап отырады.

Тарих - адамзат қоғамның өткен дәуірлерін барлық қырынан жан – жақты зерттеп, көптеген тәжірибе жинақтады, соның ішінде мелекет пен құқықтың пайда болуы, дамуы, қоғамды басқару заңдылықтары.

Социология – қоғамның әлеуметтік жағдайының дамуы, оны басқару әдіс – тәсілдерін, адамдардың әлеуметтік тәртібін қатынастарын зерттейді.

Барлық қоғамдық ғылымдар өз тұрғысынан адамзаттың тарихын зерттеуге үлес қосқан. Бұл ғылымдардың жүйесінде мемлекет пен құқық теориясының алатын орны өте жоғары. Заң ғылымы мемлекет пен құқықты жете танитын ғылым болып ХІХ – ғасырдың ортасында. Ол төрт топқа бөлінеді:

1). Жалпы теория – мемлекет пен құқықтық қоғамды реттеп, басқаруын, мазмұнын, қағидаларын, белгі нышандарын, функцияларын, зерттейді.

2). Мемлекет пен құқықтың, құқық пен саясаттың тарихи даму процесін зерттеу пәндері. Шет мемлекеттерінің тарихы.

3).Салалық заң ғылымдары: азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, конституциялық, қаржы, отбасы т.б. құқықтар.

4). Арнаулы заң ғылымдары: криминалистика, соттық медицина, психиатрия т.б.

Мемлекет және құқық теориясы заң ғылымының барлық саласының объективтілік даму заңдылықтарын, бір бірімен байланысын зерттеп, жалпыламы тұжырымдар жасап отырады. Бұл тұжырымдарды салалық ғылымдар пайдаланып отырады. Ал жалпы теория салалық ғылымдардың жетістіктерін пайдаланып, жалпы заң ғылымының негізін дамытып отырады.

Сонымен, жалпы теория барлық заң ғылымының салаларын біріктірушісі, негізін құраушы, дамытушы жетекші ғылымға айналып отыр. Адам қоғамы диалектикалық даму процесінде болғандықтан ғылымның міндеттерінде өзгеріп, толықтырылып жаңарып отырады.

Қазіргі заманда еліміз нарықты экономикаға көшіп жатқанда Қазақстан мемлекеті заң ғылымының бағыты да, функциясы да күрт өзгерді. Жаңа өмірге сай ғылым өзінің жұмысын қарқынды түрде жүргізіп, жаңа қоғамның тілектеріне, мүдделеріне сәйкес ғылыми зерттеулер, қорытындылар жасауға тиіс. Адам қоғамының тарихын, даму процесін, мазмұнын, болашағын зерттейтін пәндерді қоғамдық ғылым деп атайды. Олар қоғамды жан – жақты ғылыми зерттеу тұрғысынан зор үлес қосады. Бұлардың ішінде мемлекет және құқықтық теориясна кеңірек көңіл бөлетін философия, саяси экономия мен тарих. Қоғамдық ғылымдар кейбір күрделі мәселелерді бірлесіп зерттейді, олар қоғамның жалпы объективтік даму заңдылықтарын, бір – бірімен байланысын қоғамдағы саяси – экономикалық, мәдени - әлеуметтік, мемлекеттік – құқықтық құбылыстарды ғылыми тұрғыдан зерттеп, дамытып отырады. Бұл мәселелерді, құбылыстарды ғылым қоғамының өткен дәуірінде, қазіргі кезеңде болашақта қалай дауға тиісті. Міне үш дәуірде қоғамның диалектикалық даму процесін,

сан қырлы өзгеріс құбылыстарын зерттеп қортынды ғылыми тұжырымдар жасап отырады. Қоғамның болашағын ғылыми тұрғыдан болжап қорытынды ұсыныстар беріп отырады. Бұл процесте қоғамдық ғылымдар табиғи нақты ғылымдар бірлесіп зерттеулер жүргізеді. Өйткені әлемнің материалдық және рухани тұтастығы мен бірлестігін ескере отырып, дүниежүзіндегі барлық ғылымдар бірлеспейінше, ғылыми – техникалық өрлеу болашақ емес.

Кооперациясыз материалдық, қаржылық, табиғи ресурстарды үнемді, тиімді пайдалануға және оның өнімді технологиялық процесін қалыптастыруға мүмкіншілік болмайды. Ғылымның бірлестігі олардың дербестігіне нұқсан келтірмейді. әр ғылым табиғаттың және қоғамның объективтік даму процесін өз тұрғысынан зерреп, ғылыми тұжырымдар жасап отырады. Мысалы, мемлекет пен құқық қоғамдағы барлық қарым – қатынастарды реттеп, басқарып, заңдылықты, тәртіпті жақсартып, демократияны дамытып, қоғамның сапалы саяси экономикалық, мәдени - әлеуметтік дамуын қамтамасыз етеді.

Қоғамдық ғылымдардың, оның ішінде заң ғылымының адамзаттың бірлестігін дағдарысқа ұшыратпай, прогресстік жолмен дамытуда үлес мол және баға жетпейтін маңызды күш деуге болады.

Жалпы теория өзінің ғылыми зерттеуінде бір өлкенің, бір мемлекеттің, бір елдің шеңберімен шектелмейді. Ол өз жұмысында көптеген елдің, көп мемлекеттердің тәжірибесін қамтып, байланыстырып зерттеу арқылы ғылыми қорытынды жасайды. Жалпы теорияның бұл қорытындалары дүниежүзілік заң ғылымының жетістіктерімен, жаңалықтарымен сәйкес, қалыптасып отыруы керек.

Сонымен, жалпы теория барлық заң ғылымдарының негізін құрайшы, дамытушы, нұсқаушы, біріктіруші жетекші ғылым. Жалпы теория заң ғылымдарының жалпы, арнаулы, көрсетіп отыратын ғылым. Осы көрсетілген бірлік болмаса, бағыттар анықталмаса, зерттеуге нышан келтіріп, ғылымның дамуына кемшіліктер пайда болады. Осы кемшіліктерді болдырмау жалпы теорияның бірден – бір міндеті.

Адам қоғамы диалектикалық даму процесінде болғандықтан қоғамдық ғылымдардың міндеттерінде өзгеріп, толықтырылап, анықталып отырады. Бұл жұмыс заң ғылымында жалпы теорияның міндеті.

Қазіргі заманда еліміз нарықты экономикаға көшіп жатқанда, егеменді, тәуелсіз Қазақстан Республикасы өмірге келгенде жалпы теорияның ғылыми мазмұны, функциясы күрт өзгерді. Жаңа өмірге сай ғылым өзінің жұмысын қарқынды түрде жүргізіп, жаңа қоғамның тілектеріне, мүдделеріне сәйкес ғылыми зерттеулер, қортындылар жасауға тиіс.

Ғылымды бір идеологияның шеңберінде жүргізудің зияны. Қоғамның барлық саласының мазмұның түсініп – білу үшін ғылымға бостандық керек. Оны саясатпен, идеологиямен бұғаулауға болмайды. Ғылым еркін болған жерде ғана дұрыс, қарқынды дамып, жақсы нәтиже береді. Ғылымның даму процесінде толып жатқан нышандар да кездеседі: саяси, идеологиялық, мемлекеттік, құқықтық шектеу, қаржы жетпеу, материалдық базасы нашар болу. Мамандықтардың жетіспеуі т.б.

Ғылымға зор зиян келтіретін *кедергілер:*

- зерттеуді бір саясаттың, бір идеологияның шеңберінде жүргізу;
- таптық, партиялық тұрғыдан жүргізу;
- кеңестікке шеңбер қою (шетелмен қатынасқа, ғылыми алмасуға, зерттеуге тыйым салу).

Бұл кедергілердің *себептері*:

- халықты тапқа, мемлекеттерді топқа, блокқа бөлу;
- дүниежүзілік, жалпы халықтық проблемаларды ескермеу;
- демократияның, бостандықтың шектелуі;
- ғылымда екі жүйеге бөлу.

Бұл саясаттың *зияны*:

- қоғамдағы толып жатқан ғылым бағыттары сапалы, нәтижелі дамымады. Қаржының басым үлесі себепсіз қорғанысқа бөлініп отырады;

- ғылыми – техникалық прогресс біздің елде нашар дамыды;

Ғылыми – техниканың жетістіктері көп жылдар тәжірибеде қолданылмай мемлекеттің шығының өсірді.

Осының бәрі бірігіп, елімізді саяси, экономикалық, әлеуметтік дағдарысқа ұшыратты.

Кеңестер Одағы ыдырап, тәуелсіз мемлекеттердің достастығы(ТМД) құрылып, Қазақстан тәуелсіз Республикаға қолы жетіп, өзінің Конституциясын қабылдады. Өткен тәуелсіздіктің сегіз жылдығы республика тарихында ерекше кезеңге айналды.

Біз мемлекеттік тәуелсіздігіміздің сегіз жылын және экономикалық дербестігіміздің бес жылын атап өттік. Дағдарыстан шығу бағытында осы уақыт ішінде экономикалық, саяси және қоғамдық өмірдің барлық салаларында белгіленген түбегейлі реформалар жолымен ұдайы ілгерілей түскеніміз байқалады.

1998 жыл біздің республика үшін соңғы жеті жыл ішінде Қазақстанда өндірістің құлдырауын тоқтатудың сәті түскен тұңғыш жыл болды. Оның үстіне өткен (1998) жылы өнеркәсіп өнімін шығару жарты процентке ұлғайды, ал ауыл өндірісі жеті процентке өсті.

Көптеген басқа елдерге қарағанда бұл жылдардың Қазақстан үшін азаматтық тыныштық, ұлтаралық тұрақтылық және рухани келісім уақыты болды

Қазақстан Республикасының қазіргі Конституциясының кіріспе бөлімі ақиқатпен толық үйлесім таба үндесіп тұр: «Біз ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, Қазақстан демократиялық мемлекетін құрамыз!»

Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық, татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу.

«Қазақстан Республикасы өзінің егемендігін, тәуелсіздігін қалыптастырып дүниежүзілік қауымдастықты дамытуға, нығайтуға өз үлесін қосуда. Қазақстан мемлекеті халық аралық құқықтың принциптері мен нормаларын құрметтей

отырып, мемлекеттер арасында ынтымақтастық пен тату көршілік қарым – қатынас жасау. Олардың теңдігі мен бір – бірінің ішкі істеріне араласпау, халық аралық дауларды бейбіт жолмен шешу саясатын жүргізеді, қарулы күшті бірінші болып қолданудан бас тартады», - деп Конституцияда көрсетілген.

3. Мемлекет және құқық теориясының түсінігі

Мемлекет пен құқықтың пайда болуы, жаратылысы, мәні, одан қалса олардың қоғам өміріндегі қызметтері, ролі және маңызы мемлекеттік-құқықтық болмыс және оның даму үрдістері, саяси-құқықтық жүрістер және олардың адам санасында бейнеленуі, аса күрделі мәселелердің қатарына жатады. Бұл мәселелерді іліми тұрғыдан ұғыну – шынайы қажеттілік және қоғамдық жүрістерді (процестерді) басқарудың міндетті шарты. Мемлекет және құқық теориясын өмірдің өзі түбегейлі ғылымдар қатарына жатқызып отыр. Қазір алдыңғы шепке оның адамилық және мәдени-шығармашылық міндеті шығуда. Ол – бәрінен бұрын адамдардың рухани мүдделерін қанағаттандыру, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету.

Екі мыңжылдықтар тоғысында әлемде күрделі, қарама-қайшы және мазмұны терең өзгерістер мен қайта құрулар болып жатыр. Бұл ең алдымен бұрынғы социалшылдық елдерге қатысты. Аталған елдер әмірлік-әкімшілдік экономикадан нарықтық экономикаға көшуде, оларда азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет біртіндеп қалыптасуда. Осындай қайта құрулар мемлекеттік басқаруда және құқықтық реттеуде өзіне сәйкес өзгерістерді талап етеді.

Қазіргі таңда мемлекет және құқық теориясы өткен жылдарға қарағанда үсті-үстіне демократияланып, өткеннің классикалық ілімдерін де жаңа ілімдерді де ұғынуға, түсінуге ашық шырай танытып келеді. Ол адамның материалдық және рухани қажеттіктеріне, оның абыройына, құқықтық және саяси көзқарастарына, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына ерекше көңіл бөліп отыр. Құқықтық мемлекет ілімін қабылдағаннан бастап мемлекет пен құқық туралы қазіргі ілімнің адами мазмұны едәуір арта түсуде.

Әрбір ілім, яғни ойлар, ұғымдар, пікірлер жүйесі ғылым мәртебесін алу үшін, ол болмыстағы белгілі бір жүрістер мен құбылыстар туралы қорытылған және анық шынайы білімдерді тудыруға қол жеткізіп, осы білімдерді қоғамдық тәжірибеде қолдануда тиісті тәсілдер мен әдістер жүйесін ұсынып отыруы керек. Ғылым шынайы білімдерді алу үшін оқымыстылардың, ғалымдардың шығармашылық қызметін, сонымен бірге ғылыми өндірістің нәтижесі ретінде білімдердің барлық сапасын өзіне сіңіріп отырады.

Мемлекет және құқық теориясының ғылым ретінде өзінің мақсаты – мемлекет пен құқық туралы қорытылған және анықталған білімдерді алу, жаңарту және тереңдету. Бұдан басқа ол мемлекеттік-құқықтық өмірдің тарихи қозғалысын анықтайтын тұрақты, тереңдетілген байланыстарын тануға ұмтылады.

Мемлекет және құқық, олардың көпжоспарлы және белсенді қызмет етуі, ойлар мен ұғымдардың жиынтығы емес, қоғамдық-саяси іс-тәжірибенің нақ өзі болып табылады. Оның үстіне, бұл барлық қоғамдық күштердің, олардың әлеуметтік-саяси бағыттылығына қарамастан, санасуына тура келетін

шынайылық. Экономика, әлеуметтік ая, ғылыми-техникалық прогресс, ел қорғанысы, қорашаған ортаны қорғау, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету – бұл мемлекеттің тәжірибелік қызметі мен құқықтық реттеудің аса маңызды объектілерінің әлі де толық емес тізімі.

Мемлекеттік-құқықтық болмыс, саяси-құқықтық жүрістер аса күрделі және аса маңызды қоғамдық аялардың қатарына жатады. Көп жағдайларда қоғамның тірішілік қарекеті осыларға тәуелді. Оларды ғылыми тұрғыдан ұғыну қоғамның шынайы қажеттілігі ғана емес, сонымен бірге қиыны көп іс.

Мемлекет және құқық теориясы ерте замандарда тіршілік еткен, қазіргі заманда тіршілік етіп келе жатқан көптеген мемлекеттер мен құқық жүйелерін жалпыланған түрде зерттейді. Егер де ғылым осы алып тарихи тәжірибені зерттемегенде, талдап қорытпағанда, онда мемлекеттік-құқықтық тәжірибе не ежелден бір орында қалып қояр еді, не шегеріліп тасталар еді, сөйтіп адамдар өткен ұрпақтардың жетістіктеріндегі құнды тәжірибені ұмыта берер еді. Біздің заманымызда да мемлекеттік-құқықтық құрылыста ғылымды ескермеу көптеген жағымсыз салдарларды туғызады. Тәжірибені зерттей және талдап қорыта отырып, мемлекет және құқық теориясы мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың ұғымдары мен анықтамаларын қалыптастырады, ғылыми ұсыныстар мен қорытындылар жасайды, мемлекет пен құқықтың мәнін, мазмұнын және нысандарын түсінуге мүмкіндік беріп қана қоймай, оларды қоғамның прогрессивті даму мақсатында шебер пайдаланатын жаңа ойларды (идеяларды) тасымалдайды.

Сонымен қатар, мемлекет және құқық теориясының өміршендігі, әлеуметтік маңыздылығы көбінесе оның қоғамдық тәжірибемен байланысы арқылы, соңғысының қажеттіктерін қанағаттандыру қабілеттігі арқылы анықталады. Заңи тәжірибе, мемлекеттердің қызмет ету тәжірибесі, мемлекеттік-құқықтық қызметтің сансыз жәйттері (фактілері) мемлекет және құқық туралы ілімнің дамуы үшін сарқылмас бастау болып табылады. Тәжірибе мемлекет пен құқықтың зерттеу мақсаттарына да себепші, яғни мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды тану тәжірибенің өзі ғылым негізінде даму үшін жүзеге асырылады. «Жақсы ілімнен артық жарамды нәрсе жоқ» делінген ғылыми-техникалық прогресс дәуірінің атышулы ұранында. Ақырында, тәжірибе ғылыми білім шынайылығының белгісі.

Заманауи тәжірибе ғылыми жасалымдардың сапалығына және дәлелдігіне жоғары талаптар қоюда. Өмірдің өзі танымның жаңа объектілерін ұсынып, ескілерін қабыл алмай отыр. Мемлекет және құқық теориясының дәстүрлі мәселетанымы (проблематикасы) ғылыми білімнің басқа салаларының аясын жиі қамтып тұратын зерттеулердің жаңа бағыттарымен толықтырылуда. Осылай байыппен әртүрлі ғылымдардың бірігуі дамиды, жалпы ғылым прогресіне жемісті ықпал ететін кешенді зерттеулер пайда болады.

Әр ғылымның өзіне тән зерттеу заты бар. Ғылым заты – бұл сол ғылыммен зерттелетін құбылыстар мен жүрістер. Ғылым бәрінен бұрын жаратылыс пен қоғамның даму заңдылықтарын зерттеп отырады. Бұл мағынада мемлекет және құқық теориясы затының орны бөлек.

4. Мемлекет және құқық теориясы курсының пәні және жүйесі

Мемлекет және құқық теориясы мемлекет пен құқықтың пайда болу, даму заңдылықтарын, сонымен қатар олардың міндеттері мен қызметтерін жалпылай зерттейді. Ол мемлекет пен құқықты барлық қоғамдық құбылыстар жүйесінен бөле отырып, олардың ішкі заңдылықтарын талдайды. Мұндай жағдайда да мемлекет және құқық экономикамен, саясатпен, мәдениетпен және басқа да қоғамдық құбылыстармен өзара байланыста қаралады. Оның үстіне, мемлекет және құқық теориясын мемлекеттік және құқықтық құбылыстардың тек әлеуметтік-экономикалық себептері ғана емес, сол құбылыстардың экономикаға, қоғамның әлеуметтік және рухани өміріне үдеме ықпалы да қызықтырады.

Мемлекет және құқық теориясының заты болып қоғам мен мемлекеттің көпқырлы да күрделі ара-қатынасы, қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет пен құқықтың рөлі мен алатын орны саналады. Ол тек мемлекеттік-құқықтық құбылыстар мен жүрістерді ғана емес, олар туралы адамдардың көзқарастарын да зерттейді. Оның затына қоғамдық, топтық, жекеленген саяси және құқықтық сана да кіреді.

Мемлекет және құқық теориясы затының біртұтастығы оның тәжірибелік және ғылыми-ұғымдық біртұтастығымен қамтамасыз етіледі. Мемлекет және құқық бір-бірімен ажырамас байланыста болады. Сондықтан да, мемлекет және құқық теориясы білімнің бөлектенген жеке саласы емес, біртұтас ғылым. Дегенмен, тұтас ғылым бола отырып, ол төмендегідей екі біршама дербес құрылымдық бөлімдерге бөлінеді:

а) мемлекет теориясы (мемлекеттану);

ә) құқық теориясы (құқықтану).

Ғылымның жоғарыда аталған біртұтастығы мен бөлшектенуі, бір жағынан, мемлекетті оның құқықтық қалыптасуы мен заңи бекітілуі тұрғысынан, екінші жағынан, құқықты оның мемлекет тарапынан қамтамасыз етілуі тұрғысынан зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, мемлекеттің де, құқықтың да тереңінен және егжей-тегжейлі талдануына кедергі жасалмау керек. Құқық теориясын мемлекет теориясынан ажыратуға кейбір кездерде жасанды түрде жол берушілік, сөзсіз, құқықтанудың да, мемлекеттанудың да мазмұнын нашарлатып, оларды ұғынуды қиындатады. Оның үстіне мемлекет пен құқықты бір-біріне қарсы қою – мүлдем кешірілмес қателік.

Соңғы жылдарда біздің мерзімді басылымдарда және ғылыми әдебиеттерде жалпышылдыққа (тоталитаризмге) қарсы күрес сылтауымен қазіргі заманғы қоғамда мемлекеттің рөлі мен маңызын төмендетуге бірқатар әрекеттер жасалуда, мемлекет деген ұғымның «жарамсыздау» екені туралы күдікті ойлар айтылуда. Бірақ, бүкіләлемдік тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттің әлеуметтік-саяси институт ретінде әлсіреуі, құқықтық тәртіпке шапшаң және жағымсыз түрде ықпал етеді, құқықтық кеңістіктің бәсеңсуін, керісінше, ұлғайтады.

Сонымен, мемлекет және құқық теориясының заты болып қоғамдық өмірдің мынадай құбылыстары саналады:

1) мемлекет және құқық;

- 2) олардың пайда болуы мен дамуының негізгі заңдылықтары;
- 3) олардың қоғамдағы мәні, міндеттері, қызметтері;
- 4) саяси және құқықтық сана мен құқықтық реттеудің ерекшеліктері.

Біздің ғылымда қазақ мемлекеттілігі, оның тарихи, ұлттық-мәдени түптамырлары мен дәстүрлері туралы, қазақ мемлекеті мен құқығының келешегі туралы ілімдер ерекше орын алуы керек.

Қандай да болмасын ғылымға сұраныс оның қоғамда орындайтын міндеттеріне қатысты анықталады. Ғылымның әлеуметтік міндеттері оның қызметі, яғни қарекетінің негізгі бағыттары арқылы жүзеге асады. Мемлекет және құқық теориясы түбегейлі ғылым ретінде бірқатар қызметтерді жүзеге асырады. Олар мыналар (сурет-1):

- 1) болмыстанымдық (онтологиялық) қызмет;
- 2) білімтанымдық (гносеологиялық) қызмет;
- 3) іздеп –табу (эвристикалық) қызметі;
- 4) әдістанымдық (методологиялық) қызмет;
- 5) саяси-басқару қызметі;
- 6) гуманитарлық қызмет;
- 7) ілімтанымдық (идеологиялық) қызмет;
- 8) тәжірибелік –ұйымдастыру қызметі;
- 9) болжамдау қызметі.

Болмыстанымдық (онтологиялық) қызмет. Бұл – алғашқы және бастапқы қызмет. Онтология – болмыс туралы ілім, онда болмыстың негіздері, қағидалары, оның құрлымы, заңдылықтары зерттеледі. Мемлекет және құқық теориясы болмыстанымдық қызметті атқара отырып, мемлекет және құқық деген не, олар қалай пайда болды, қазіргі заманда олар қандай күй кешуде, олардың тағдырлары қандай және тағы сол сияқты сұрақтарға жауап береді.

Білімтанымдық (гносеологиялық) қызмет. Гносеология немесе таным ілімі сол таным табиғатын, оның шындыққа қатынасын және тағы сол сияқтыларды зерттеуге бағытталған. Мемлекет және құқық теориясы ілімдік құрастырмалар мен тәсілдерді тудыра отырып, құқықтық танымның дамуына өз әсерін тигізеді. Іздеп-табу (эвристика) қызметі. Эвристика – бұл ақиқатты, жаңалықтарды таба білу өнері. Мемлекет және құқық теориясы мемлекеттік- құқықтық құбылыстарды тану және түсіндірумен шектеліп қана қоймай, олардың даму барысындағы жаңа заңдылықтарды да ашады.

Әдістанымдық (методологиялық) қызмет. Түбегейлі ғылым ретінде мемлекет және құқық теориясы салалық заңи ғылымдарға қатысты әдістанымдық қызметін атқарады, сөйтіп оларға нақты деңгей, іліми және қисынды тұтастық беріп отырады. Мемлекеттік-құқықтық тәжірибені қорыта отырып, мемлекет және құқық теориясы жалпы заң ғылымдарына қағидалық маңызы бар ойлар мен қорытындыларды тұжырымдайды. Оның санаттары, қағидалары, ойлары мен қорытындылары салалық және арнайы заңи ғылымдар үшін өзінше бір «тіреу» қызметтерін атқарады.

Саяси-басқару қызметі. Мемлекет пен құқық әрқашанда саяси тартыстың, өткір саяси пікірталастардың ошағы болған және бола береді. «Саясат» деген ұғым мемлекетті басқару өнері деген мағынаны білдіреді. Саясаттың негізгі құралы

болып мемлекеттік билік есептеледі. Ол кімге тиесілі болса, сол шындығында барлық істерді шешеді. Бұл қызмет мемлекеттік басқару арқылы жүзеге асырылады. Мемлекет және құқық теориясы ішкі және сыртқы мемлекеттік саясаттың ғылыми негіздерін тұжырымдауға, мемлекеттік басқарудың ғылымилығын қамтамасыз етуге атсалысып отырады.


Гуманитарлық қызмет. Ол демократияның, тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының, адамшылдықтың (гуманизмнің) құндылықтарын бұқаралық және жекелеген саналарда қалыптастырады. Бұл қызмет оқу жүрісі, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүзеге асады, олардың көмегімен адамдар мемлекет және құқық теориясынан мемлекет және құқық туралы білімдерді жинайды.

Ілімтанымдық (идеологиялық) қызмет. Ілімтаным – ойлардың ұғымдардың көзқарастардың түбегейлі жүйесі. Осылардың арқасында жеке адамның, әлеуметтік топтардың, жалпы қоғамның дүниетанымы мен өмірлік көзқарасы қалыптасады.

Тәжірибелік-ұйымдастыру қызметі. Мемлекет және құқық теориясы мемлекет пен құқықтың ғылыми негізін құрап, мемлекеттік-құқықтық құрылыстың көптеген мәселелерін шешу үшін нақты ұсыныстар қарастырады.

Болжамдау қызметі. Мемлекет және құқық дамуының заңдылықтарын тану негізінде талданып отырған ғылым олардың келешегі туралы ақиқаттығы кейін тәжірибе жүзінде тексерілетін жорамалдарды ұсынады. Мемлекеттік-құқықтық аядағы құбылыстардың келешегін көре білу үшін ғылыми болжамдаудың маңызы өте зор. Өйткені, ол мемлекеттіліктің болашағына «үңілуге» мүмкіндік береді.

Мемлекет және құқық теориясының қызметтері өзара байланыста болып, бірін-бірі толықтырып отырады. Тек біртұтастықта, бір жүйелілікте олар мемлекет және құқық теориясының міндеттеріне толық көрініс бере алады.



Сурет-1. Мемлекет және құқық теориясының қызметтері

Тақырып № 2

Мемлекет және құқықтың пайда болуы

Ж О С П А Р

- 1. Мемлекеттің пайда болуының негізгі теориялары**
- 2. Алғашқы қауымдық қоғамдағы тәртіп ережелері және қоғамдық құрылым**
- 3. Туыстықтайпа ұйымдардың ыдырауы және мемлекеттің көрініс белгілерінің пайда болуы**
- 4. Құқықтың пайда болуы**

1.Мемлекеттің пайда болуының негізгі теориялары

Мемлекеттің пайда болуы туралы теориялар экономикалық құрылыс пен қоғамдық сананың даму деңгейін бейнелей отырып, мемлекеттің пайда болуымен бірге шыға бастады.

Мемлекеттің пайда болуының негізгі теорияларына мыналар жатады:

1. Динитанымдық (теологиялық) теория;
2. Патриархалдық теория;
3. Мемлекеттің шығуының келісімдік теориясы;
4. Гегельдің мемлекет туралы теориясы;
5. Күштеу (басқыншылық) теориясы;
6. Органикалық теория;
7. Мемлекеттің пайда болуының марксшілдік теориясы.
8. Жантанымдық (психологиялық) теория.

Динитанымдық (теологиялық) теория ежелгі теориялардың бірі болып саналады. Оны жаратушылар мемлекет құдай ерігінің арқасында мәңгі тіршілік етеді, сондықтан да әркім осы еріктің алдында бой ұсынып, оған барынша бағынуға міндетті деп есептейді. Айта кетсек, Хаммурапи патшаның заңдарында (Ежелгі Вавилон) патша билігін құдай жаратқандығы туралы айтылады: «Құдайлар Хаммурапиді «қарабастыларды» басқару үшін қойды», «Адам Құдайдың көлеңкесі, құл адамның көлеңкесі, ал патша Құдаймен тең», яғни Құдай іспеттес. Ежелгі Қытайда император аспан баласы деп танылды. Кейін келе мемлекеттік билікті Құдай жаратқан деген теорияны христиан діні әрі қарай дамытты. «Әрбір жан жоғары биліктерге бой ұсынсын,- делінген апостол Павелдің римдіктерге жолдауында,- өйткені Құдайсыз жаралған билік жоқ, тіршілік етіп келе жатқан биліктерді Құдай жаратқан».

Динитанымдық теорияға сәйкес, Жердегі барлық тіршілікті, соның ішінде мемлекетті жаратушы – Құдай, ал Құдайдың түпкі ойының сырына жетуге, табиғатты және мемлекеттің мәнін ұғыну мүмкін емес. Агностикашылдыққа негізделген бұл алғышарттың ғылымилығын ескере отырып, айтатын болсақ, құдайтанымдық теория жердегі мемлекеттің құрылуы мен қызмет етуі, тиісті құқықтық тәртіптің онымен қамтамасыз етілуі қажеттілігін жоққа шығармады.

Мемлекет пен мемлекеттік билікті құдайшылдыққа бөлендіре отырып, аталған теория өзіне тән құралдармен олардың мәртебесін көтерді, қылмыстылықты қатаң айыптады, қоғамда өзара түсінушілік пен саналы тәртіпті қалыптастыруға мүмкіндік жасады.

Біздің заманда да діни теорияның елдегі рухани тіршіліктің сауығуы мен мемлекеттіліктің нығаюы үшін мүмкіндіктері аз емес. *Патриархалдық теория* Ежелгі Грекияда және құл иеленуші Римде кең өріс алды. Орта ғасыр шексізшілдігі (абсолютизмі) кезеңінде қайта жаңғырып, біздің күндерге дейін қандай-да бір жолдармен жетті.

Бұл теорияның атасы – Аристотель. Оның пікірінше, мемлекет адам өмірінің жаратылысты нысаны, мемлекетсіз адамның өзі сияқтылармен қатынасы мүмкін емес деп танылды. Қоғамдық тірі организмдер ретінде адамдар патриархалдық отбасыға бірлесуге, оны құруға тырмысады. Мұндай отбасылар санының өсуі және олардың бірлесуі мемлекеттің құрылуына алып келеді. Аристотель мемлекеттік билік әкелік биліктің жалғасы және дамуы деп тұжырымдаған. Орта ғасырларда Англиядағы шексізшілдіктің өміршеңдігін негіздей отырып, Р. Филмер өзінің 1642 жылы жарық көрген «Патриархия, немесе корольдердің жаратылысты құқықтарын Қорғау» атты еңбегінде, патриархалдық теорияға сілтей келе, алғашқыда Құдай корольдік билікті адамға сыйға тартты, сондықтан да ол тек адамзат руының әкесі ғана болып қоймай, оның әміршісі де болып саналатынын дәлелдеп бақты.

Патриархалдық теорияны орыс әлеуметтанушысы, халықшылдардың теорияшысы Н.К. Михайловский де, сонымен бірге орыс тарихшысы М.Н. Покровский де, аса белсенділікпен насихаттады. Соңғысы мемлекеттік биліктің ежелгі үлгісі тікелей әке билігінен тараған деп есептеді. Олардың елінде аталған теорияның ықпалы арқасында барлығы үшін барша мәселелерді шешуге қабілеті бар «халық әкесіне», жақсы патшаға, көсемге, қандай-да бір жоғары тұлғаға сенушіліктің көпғасырлық дәстүрі тамырын тереңінен жібергені сондықтан болар. Шындығында, мұндай дәстүр демократияға қарсы болып келеді, өйткені адамдарды бөтен біреулердің шешімдерін енжарлы күтуге мәжбүр етеді, олардың өзіне деген сенімділігін аяққа басады, бұқара халықтың әлеуметтік белсенділігін, өз елінің тағдырына жауаптылығын төмендетеді.

Патерналшылдық, көсемшілдік көсемдерді барынша мадақтауға, олардың нағыз жағымсыз әрекеттері мен шешімдерін ақтауға дайын көптеген теориялар «қолшоқпарларды» тудырады. Бұл үрдіс аса теріс жағынан сталиндік тоталитаршылдық кезінде айқындалды. Табыну (культтік) теориясы Сталиннің қолында шексіз биліктің шоғырлануын ақтап қана қоймай, оның әрбір қадамын «тарихи», «шешуші», «тағдырлы» деген айдарлармен барынша мадақтап келді. Бір адамның жаңылмайтын, бәрінен хабардар, бәрінен күшті, бәрін білгіш ойы сіңіп кеткен, дастанды жағынушылық десе де болғандай. Осындай орасан зор мадақтауға бүкіл ел қатысуға мәжбүр болды емес пе?! Бірақ, табыну теориясының құлақ тұндырарлық үнінің астында заңсыздық пен зорлық-зомбылықтың бұрын болып көрмеген жүгенсіздігі орын алды. Адами тұлға, әлеуметтік тұрғыдан болсын, заңи тұрғыдан болсын, қорғансыз қалды.

Патерналшылдық дәстүрлер бүгінде әлі де болса бар. Мемлекеттік қайраткерді ерікті немесе еріксіз үлкен отбасының басшысына теңестіру, оған ерекше үміттерді арту, оны Отанның құтқарушысы деп есептеу, оған шектен тыс кеңейтілген өкілеттіктерді аямай бере салуға дайын болу жағдайлары аз емес. Теорияы «қолшоқпарлар» да өткенге кете қойған жоқ.

Патриархалдық теория көптеп және әр кезде қатаң сынға алынып отырды. Атап айтсақ, Дж. Локк былай деп жазды: «Ғылыми сүйенімнің орнына біз оның ережелерінде «балалардың әңгімесіне» тірелеміз». Оны «жазу үлгілерінің доктринасы», мемлекет деген күрделі құбылысты ғылымға қарсы биотанымдату (биологизациялау) деп атады.

Мемлекеттің шығуының келісімдік теориясы де ертеде пайда болды. Ежелгі Грекияда кейбір софышылар (софистер) мемлекет әділеттілікті қамтамасыз ету мақсатында адамдардың келісе отырып бірлесуінің нәтижесінде пайда болды деп есептеді. Айта кетсек, Эпикурдың еңбектерінде «мемлекет адамдардың өзара келісуінің арқасында тұрғызылған» делінген. Егер Ежелгі Грекия философтарының көзқарастарында аталған теорияның бастамасы орын алған болса, онда ХУП-ХУШ ғасырлардың жарқын саңлақтары Г. Гроцийдің, Б. Спинозаның (Голландия), А. Радищевтің (Ресей), Т. Гоббстың, Дж. Локктың (Англия), Ж-Ж. Руссоның (Франция) және басқалардың еңбектерінде ол толыққанды дамуын тапты.

Аталған теорияларды жақтаушылар мемлекетке дейін табиғи жағдай болған дей отырып, сол жағдайды әр жағынан сипаттаған. Руссо үшін, мысалы, адамдар табиғи жағдайда жаратылысынан құқықтар мен бостандықтарға ие, Гоббс үшін бұл жағдай «барлығының барлығына қарсы соғысы». Содан соң бейбітшілік пен сәттілік үшін қоғамның әрбір мүшесінің және құрылып жатқан мемлекеттің арасында қоғамдық келісім-шарт жасалады. Бұл келісім-шарт бойынша адамдар өзінің құқықтарының бір бөлігін мемлекеттік билікке өткізе отырып, сол билікке бағыну міндеттемелерін қабылдайды, ал мемлекет адамның ажырамас құқықтарын, яғни меншік құқығын, еркіндікті, қауіпсіздікті қорғауға міндеттенеді.

Адамдардың келісімі, Руссоның ойынша, заңды биліктің негізі. Нәтижесінде бір жағынан әрбір келісуші жалпы ерікке (мемлекетке) бағынады, екінші жағынан ол аталған еріктің бір қатысушысы болып саналады. Егемендік жалпы халыққа тиесілі болса, басқарушылар – халық өкілдері қатарына жатады. Бұл өкілдер халық алдында есеп беруге міндетті және оның ерігі бойынша ауысып отырады.

Мемлекеттің шығуының келісімдік теориясы қоғамдық келісім қайда, қашан және қандай түрде жасалды, оның қатысушылары немесе куәгерлері кім деген сұраққа жауап бермейді. Бұл сұрақтардың жауабын беретін тарихи дәлелдемелер де жеткіліксіз. Бір сөзбен айтқанда, аталған теорияларға тарихқа қарсы шығушылық тән, бірақ бұл оның ғылыми құндылығын жоққа шығармайды. Аталмыш теория мемлекет адамдардың саналы және мақсатты қызметінің нәтижесі ретінде пайда болғанын (шынайы себептердің арқасында-ақ болсын) алғаш рет көрсетті. Бұл шындығында адамдармен алғаш рет құрылған қоғамдық-саяси институт, ол жеке адамдардың, топтардың,

таптардың, бүкіл қоғамның тіршілігіне орасан зор ықпал етті және ықпал ете береді. Оны өзгермелі жағдайларға қатысты жоспарлы түрде жетілдіріп, қайта құрып, бейімдеп отыруға болады. Егер айтылғандар қатарына келісімдік теория халық егемендігі, барлық мемлекеттік-әмірлік құрылымдардың (сонымен бірге олардың ауысып тұруы) халық алдында бақылануы, есепті болуы туралы теорияның басын бастап бергенін қосатын болсақ, онда бұл теорияның қазір де өзекті екені айтпаса да түсінікті.

Гегельдің мемлекет туралы теориясы. Неміс классикалық философиясының көрнекті өкілі Г.В. Гегель (1770-1831) мемлекет пен құқықтың пайда болуының өзгеше теориясын жарыққа шығарды. Ол былай деп тұжырымдады: табиғат пен қоғамдағы барлық құбылыстардың, демек мемлекет пен құқықтың негізінде шексіз (абсолютті) рухани және саналы бастау – «шексіз (абсолютті) ой» («әлемдік сана», «әлемдік рух») – жатыр.

Гегель өзінің «Құқық философиясы» атты шығармасында шынайы идеалшылдық тұрғысынан мемлекеттің шығуының келісімдік теориян сынға алды. Ол Руссоның мемлекеттің негізі жалпы ерікте деген тұжырымын қолдай келе, оның қателіктерін де атап көрсетті. Гегельдің пайымдауынша, Руссоның қателігі жалпы ерікті бөлек тұлғалардың ерігінен шығарып алуында, бірақ-та мемлекет ерігі өзінше бір шынайы, саналы бастау, ол өзінің негізінде бөлек тұлғалардың ерігін мойындаудан тәуелсіз.

Шынайы идеалшы бола отырып, Гегель мемлекет пен құқықты шексіз (абсолютті) ойдан, сана талаптарынан шығарып алды. Ол жеке тұлға мен меншікті қамтамасыз ету және қорғау үшін адамдар мемлекетті ойлап тапты деген келісімдік теория жақтаушыларының пікірлерімен келіспеді. Гегельдің ойынша, мемлекет сақтандыру мекемесі емес, ол кейбір тұлғаларға қызмет етпейді және олардың туындысы бола алмайды. Мемлекет – құлықтылықты (өнегелікті) жүзеге асырудың жоғары нысаны. Ол біреулердің мүдделеріне қызмет етпейді, шексіз (абсолютті) аясы бар мақсат (өзіндік мақсат) болып саналады. Басқаша айтқанда, мемлекет қызмет етпейді, үстемдік етеді, ол құрал емес, мақсат, барлық мақсаттардан жоғары тұратын өзіндегі мақсат. Мемлекеттің жеке тұлғаға қарағанда жоғары құқығы бар, ал соңғысының жоғары міндеті – мемлекеттің лайықты мүшесі болу.

Гегель халық егемендігін мемлекеттің негізі ретінде, одан туындайтын демократия ойларын жоққа шығарды. Жоғарғы билік, Гегельдің пікірі бойынша, халық мүдделерін айқындамайды, өйткені халық «саналы ерікке» не керек екенін білу былай тұрсын, өзіне не керек екенін де білмейді.

Сонымен, мемлекет туралы Гегельдің теориясы мемлекеттің шығуының келісімдік теориясына, адамның жаратылысты және ажырамас құқықтарына, қорытындылай келе, буржуазиялық-демократиялық төңкерістің (революцияның) ойлары мен мақсаттарына қарсы бағытталды. Шын мәнінде, «Барлық болмыс саналы» деген гегельдік құрастырма (формула) Пруссия мемлекетінің жер иеленушілік- шексізді (феодалдық-абсолюттік) құрылысын ақтап берді. Егер төңкерісшіл буржуазияның теориятанушылары (Локк, Руссо және тағы басқалар) мемлекетке қатысты діннен арылған көзқарастарды дамытса, онда Гегель мемлекет туралы талғағыш-жұмбақ (мистикалық) нысанда

динитанымдық теорияны қайта жаңғыртты. Оның теориясында мемлекет жоғары құлықтылық (өнегелік) құндылықтарын жүзеге асыру күйінде бейнеленеді, ол адамды мемлекетке толығымен бағындыра отырып, сол мемлекетке шынайылықпен табыну ойын жарыққа шығарды.

Күштеу (басқыншылық) теориясы. XIX ғасырдың соңында пайда болып, XX ғасырдың басында құшағын жая бастады. Оның негізін қалаушылар Л. Гумплович, К. Каутский, Е. Дюринг және басқалар белгілі тарихи айғақтарға (герман және венгр мемлекеттерінің пайда болуы) сүйенді.

Күштеу теориясын жақтаушылардың тұжырымдары бойынша, мемлекет анасы – соғыс және басқыншылық. Айта кетсек, австриялық мемлекеттанушы Л. Гумплович былай деген: «Тарих бізге мемлекет күштеу актісінің көмегі арқылы емес, басқа жолмен пайда болғанының бірден-бір үлгісін ашып көрсете алмады. Оның үстіне, бұл әрқашанда бір тайпаның екінші тайпаға күш қолдануы болып келді, ол аса күшті бөтен тайпаның аса әлсіз, бірақ отырықшыл болып қалған тайпаны басып алып, құлдыққа айналдырумен айқындалды».

Гумплович хайуандар тіршілігінің заңдарын адамдар қоғамына тасымалдайды, сөйтіп әлеуметтік құбылыстарды биотанымдатады (биологизациялайды). Оның пайымдауынша, жабайы ордалардың, қоғамдардың, мемлекеттердің іс-әрекеттеріне табиғаттың күрделі заңдары үстемдік етеді.

К. Каутский күштеу теориясының негізгі қағидаларын дамыта келе, таптар және мемлекет соғыс пен басқыншылықтардың туындылары ретінде бірге пайда болды деп тұжырымдайды. «Мемлекет және таптар,- деп жазды ол,- өздерінің тіршілігін бір мезгілде бастайды. Жеңіп шыққан тайпа жеңіліске ұшыраған тайпаны өзіне бағындырады, оның барлық жерлерін иеленеді, содан соң жеңіліс тапқан тайпаны жеңімпаздарға жүйелі түрде жұмыс істеуге, оған алымдар, салықтар төлеуге мәжбүрлейді. Бірінші таптар және мемлекеттер бір-бірімен басқыншылық актісі арқылы байланысқан тайпалардан құралды».

Ф. Энгельс аталған теорияларды қатаң және көбінесе әділ сынға алып отырды, өйткені ол күштеудің рөлін қалыптан тыс ұлғайтып көрсетті, әлеуметтік-экономикалық себептерді ескермеді. Мемлекет пайда болу үшін мемлекеттік тетікті (аппаратты) ұстауға және тиісті әскери қару-жарақты шығаруға мүмкіндік беретін экономикалық дамудың тиісті деңгейі қажет. Егер экономиканың аталған шарттары болмаса, ешқандай күштеу өздігінше мемлекеттің пайда болуына септігін тигізуі мүмкін емес. Сонымен бірге күштеу, басқыншылық мемлекет құрау жүрісінде аз рөл атқармағаны даусыз. Ол мемлекеттің құрылысуының алғышарты болмаса да, сол жүрісте күшті қоздырғыш қызметін атқарды.

Мемлекеттің пайда болуының органикалық теориясы XIX ғасырдың екінші жартысында Спенсердің, Вормстың, Прейстің және тағы басқалардың еңбектерінде кеңінен өріс алды. Тап осы дәуірде ғылымға, соның ішінде гуманитарлық ғылымдарға, Ч. Дарвин тарапынан ұсынылған табиғи таңдау идеясы күшті әсер етті.

Осы теория өкілдерінің пайымдауынша, мемлекет – бұл өз бөліктерінің арасындағы тұрақты қарым-қатынастары тірі жан органдарының тұрақты қарым-қатынастарына ұқсас болып келетін организм. Басқаша айтқанда, олар

мемлекетті әлеуметтік эволюцияның өнімі дей отырып, оны биотанымдық эволюцияның тек бір түріне жатқызды. Биотанымдық организм сияқты мемлекеттің де өзіне тән миы (басқарушылары) және оның шешімдерін орындайтын құралдары (қоластындағылары) бар деп шешті. Олардың ойынша, табиғи таңдау нәтижесінде биотанымдық организмдер арасында тек аса бейімделгені қалай өмір сүретін болса, әлеуметтік организмдерде де күрес және соғыс барысында солай нақты мемлекеттер құралады, үкіметтер қалыптасады, басқару құрылымы жетіледі. Сөйтіп, олар мемлекетті шын мәнінде биотанымдық организмге теңейді.

Мемлекеттіліктің пайда болу жүрісіне биотанымдық себептердің ықпалын жоққа шығару, әрине дұрыс емес, өйткені адамдар әлеуметтік организмнен бұрын, биотанымдық организмдер.

Алайда, тек биотанымдық эволюцияға тән барлық заңдылықтарды әлеуметтік организмдерге таратыуда анайылық танытуға, әлеуметтік мәселелерді биотанымдық мәселелермен толық жанастыруға болмайды. Бұлар бір-бірімен өзара байланысты болғанымен, олар әртүрлі заңдылықтарға бағынатын және өзінің негізінде әртүрлі пайда болу себептері бар, өмірлік деңгейі әртүрлі құбылыстар.

Мемлекеттің пайда болуының марксистік теориясы аса толық Ф.Энгельстің «Отбасының, жеке меншіктің және мемлекеттің шығу тегі» атты еңбегінде жарық көрді. Жалпы бұл теория бастапқы қағидаларының дәлдігімен және анықтылығымен, қисынды (логикалық) үйлесімділігімен ерекшеленеді, сонымен бірге, сөз жоқ, теориялы ойлардың үлкен жетістігі болып саналады.

Марксистік теория үшін жүйеленген материалшылдық сүйенім тән. Ол мемлекеттің пайда болуын жеке меншікпен, қоғамның таптарға жіктелуімен және таптардың келіспес қарама-қайшылықтарымен байланыстырады. Мәселенің мәнін марксизм мынадай құрастырма (формула) арқылы айқындайды: «Мемлекет бұл келіспес таптар қарама-қайшылықтарының туындысы және көрінісі».

Мемлекеттің пайда болуына таптардың ықпал еткенін жоққа шығару негізсіз. Сонымен бірге таптарды мемлекеттің пайда болуының бірден-бір алғышарты деуге де негіз жоқ. Аталып кеткендей, мемлекет таптардың пайда болуына дейін жиі туылып, қалыптасқан; оның үстіне мемлекет құру жүрісіне басқа да тамыры аса терең және жалпыланған себептер әсер етті.

Жантанымдық (психологиялық) теория. Бұл теорияның жақтаушылары (Л. Петражицкий және басқалар) мемлекеттіліктің жаратылысын адам психикасының ерекше қасиеттерімен байланыстырады, яғни адамдардың басқа адамдарға билік ету қажеттіктері, бағыныштылыққа, еліктеушілікке талпыну және тағы сол сияқтылар.

Аталған теория өкілдерінің пайымдауынша, мемлекет – жауапты шешімдерді қабылдауға қабілеті бар белсенді тұлғалар мен сол шешімдерді орындауға, еліктеушілік әрекеттерге ғана қабілеті бар бұқараның арасындағы жантанымдық (психологиялық) қарама-қайшылықтарды шешудің нәтижесі.

Алайда, тұлғаның жантанымдық (психологиялық) қасиеттерін мемлекеттің пайда болу үрдісінде асыра көрсету артықшылық.

2. Алғашқы қауымдық қоғамдағы тәртіп ережелері және қоғамдық құрылым

Біздің әдебиеттерде мемлекетке дейінгі қоғам ұзақ уақыт бойы негізінен Ф.Энгельстің «Отбасының, жеке меншіктің және мемлекеттің шығу тегі» атты кітабына сүйене отырып, айқындалып келді. Ол солтүстік америкалық үнді тайпаларының өмірін сипаттайтын Л.Морганның 1877 жылы жарық көрген «Көне қоғам» атты түбегейлі зерттемесі негізінде жазылған болатын. XX ғасырдың соңында археологтар мен этнографтардың жетістіктерінің арқасында алғашқы қауымдық қоғам туралы көріністер едәуір байыды, көне тарихқа деген бірбеткейлі еуроорталықшылдық көзқарас ыдырады, ғылыми ұғынымның шеңберіне жер шарындағы барлық аумақтардың тарихы ендірілді.

Қазіргі таңда мемлекетке дейінгі қоғамды ғылыми кезеңдестіру жаңаша жүйеленген. Мемлекет және құқық теориясы үшін белгілі бір әдістанымдық құндылық ретінде алғашқы қауымдық қоғамның дамуының екі басты кезеңдерінің бөлініп шығуын жатқызуға болады, олай болса оның өмір сүруі мен қайта өнуінің екі тәсілін де жатқызуға болады: олар – иелену экономикасы (аңшылық, балық аулаушылық, жинаушылық) және өндіру экономикасы (жер өңдеушілік, мал бағушылық, металл өңдеушілік, керамикалық өндіріс). Бірінші кезеңге негізінен аналық ру (матриархат), екіншісіне – аталық ру (патриархат) сәйкес келді.

Кез келген адами қоғам қандай-да бір жолдармен ұйымдастырылуы, яғни, ұйымдастырушылық тұрғыдан рәсімделуі қажет. Кері жағдайда, ол табынға, тобырға айналып кетуі сөзсіз. Тарихи тұрғыдан мемлекетке дейінгі қоғам ұйымының алғашқы нысаны болып рулық қауым саналды. Жеке, туыстық байланыс рудың барлық мүшелерін тұтастай біріктірді. Мұндай тұтастықты ұжымдық еңбек, ортақ өндіріс және теңдей бөліс те нығайтты. Рулық ұйымға шаттанарлық сипаттаманы Ф.Энгельс берді. Ол былай деп жазды: «Бұл рулық құрылыс өзінің аңғалдығына және анайылығына қарамастан не деген ғажайып ұйым! Әскерилерсіз, жандармдарсыз және полицейлерсіз, ақсүйектерсіз, корольдерсіз, наменгерлерсіз, префекттерсіз немесе сотшыларсыз, түрмелерсіз, сот жүрістерінсіз – барлығы өзінің белгіленген ретімен». Сонымен, ру бір мезгілде ежелгі әлеуметтік институт және мемлекетке дейінгі қоғам ұйымының алғашқы нысаны деп танылды.

Алғашқы қауымдық қоғамда билік рудың немесе рулар одағының күшін және ерігін бейнеледі: ру билік бастауы және иесі (билік етуші субъекті) болды, ол рудың ортақ істерін басқаруға бағытталды, билікке бағыныштылар (билік субъектісі) болып барлық ру мүшелері саналды. Мұнда биліктің субъектісі мен объектісі толығымен түйіскендіктен, ол өзінің жаратылысы бойынша тікелей қоғамдық, яғни қоғамнан ажыратылмаған және бейсаяси болып келді. Оны жүзеге асырудың бірден-бір тәсілі болып қоғамдық өзін-өзі басқару саналды. Кәсіби басқарушылар да, ерекше мәжбүрлеу органдары да ол кезде болмады.

Руда қоғамдық биліктің жоғары органы қоғамның барлық ересек мүшелерінің жиналысы болды. Жиналыс – ру сияқты көне құрылым. Онда ру өмірінің

барлық негізгі мәселелері шешіліп отырды. Жиналыста рубасылар (ақсақалдар, көсемдер) белгілі бір мерзімге немесе нақты бір істерді орындау үшін сайланды, жеке тұлғалар арасындағы даулар өз шешімін таба алды.

Жиналыстың шешімдері, көсемнің нұсқаулары сияқты, барлығы үшін міндетті болды. Қоғамдық биліктің арнайы мәжбүрлеу құрылымдары болмаса да, ол қалыптасқан мінез-құлық ережелерін бұзғаны үшін тиімді мәжбүрлеуге іс жүзінде әбден қабілетті еді. Жаза орын алған терісқылықтарға қалтықсыз қолданылды және ол жеткілікті мөлшерде қатаң болуы мүмкін еді (мысалы, өлім жазасы, рудан немесе тайпадан қуу). Көп жағдайларда жәй айыбын бетке басудың, ескертудің, ұялтудың өзі жеткілікті еді. Ешкімге де ерекше жеңілдіктер жасалмады, сондықтан да ешкім жазадан қашып құтыла алмады. Бірақ, ру ағайындарын қорғауға бір адамдай жұмылды, ешкімнің де (ренжітушінің де, оның туысқандарының да) қанды кектен құтылып кетуі мүмкін емес еді.

Алғашқы қауымдық қоғамның анайы қатынастары әдеттермен, яғни тәрбиенің және бір іс-әрекеттер мен қылықтардың көп қайталануының нәтижесінде дағдыға енген, тарихи қалыптасқан мінез-құлық ережелерімен реттеліп отырды. Қоғам дамуының алғашқы сатыларының өзінде-ақ ұжымдық еңбек қызметінде, аңшылықта және т.б. қалыптасқан машықтар әдет маңызына ие бола бастады. Аса ерекше жағдайларда еңбек жүрісі салттық іс-әрекеттермен ұштасып отырды. Мысалы, аңшылардың жаттығулары талғағыш-жұмбақ (мистикалық) мазмұндарға, сырлы ғұрыптарға толы болды.

Мемлекетке дейінгі қоғамның әдеттері жіктелмеген «моноқалыптарға» жатады. Моноқалыптар (грекше *monos* – бір және латынша *norma* – ереже) – әлеуметтік қалыптардың тарихи алғашқы түрлері, алғашқы қауым адамдарының мінез-құлығын реттейтін ережелер. Олар бір мезгілде қоғам өмірін ұйымдастырудың қалыптары да, алғашқы қауым моралінің қалыптары да, салт пен ғұрып ережелері де бола алды. Атап айтсақ, еңбек жүрісінде еркек пен әйел, үлкен мен кіші арасындағы қызметтердің табиғи бөлінуі, бір мезгілде өндірістік әдет ретінде де, мораль қалыбы ретінде де, дін талабы ретінде де қарастырылды.

Моноқалыптар бастапқыда адам табиғаттың бір бөлігі саналатын иелену қоғамының «жаратылысты-табиғи» негізінен туындады. Бұларда құқықтар мен міндеттер бірігіп кеткендей. Сонда да болса, әдеттерді қамтамасыз етудегі құралдардың бірі – *табу* (тыйым салу) ерекше орын алды. Адами қоғам тарихының таңында пайда болған *табу* жыныстық қатынастарды ретке келтіруде орасан зор рөл атқарды, қандас туыстар арасында неке қиюға (инцестке) тыйым салды. *Табудың* арқасында алғашқы қауымдық қоғам өміршең игіліктерді өндіру мен қайта өндіруді қамтамасыз ететін қажетті тәртіпті сақтап тұрды. *Табу* аңшылық ету аумақтарын, құстардың ұя салатын мекендерін, аңдардың жатақтарын шектен тыс жоюдан қорғады, адамдардың ұжым боп өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етті.

Мемлекетке дейінгі қоғамда бедел күшінің арқасында дағдылар да сақталды, бірақ әдет тікелей мәжбүрлеу шараларын қажет еткен жағдайда, қоғам

міндеттейтін, қуатын, тіпті бұзушыны (қылмыскерді) өлім жазасына кесе алатын ұжымдық күш иесі рөлін атқарды.

3. Туыстықтайпа ұйымдардың ыдырауы және мемлекеттің көрініс белгілерінің пайда болуы

Мемлекет пен құқықтың пайда болу мәселелері ғылымда осы уақытқа дейін айтыс-тартыс үстінде келуде, шамасы әлі де ұзақ уақыттар бойы олардың түйіні шешіле қоймас. Біріншіден, бұл аса күрделі мәселенің негізінде әртүрлі іліми, философиялық көзқарастар мен ағымдар жатыр (мысалы мынадай пікір бар: оған сәйкес мемлекет пен құқық мәңгілік. Оның қолдаушылары үшін мемлекет пен құқықтың пайда болу мәселелері мүлдем жоқ). Екіншіден, тарихи және этнографиялық ғылымдар мемлекет пен құқықтың пайда болу себептері туралы көптеген жаңа мағлұматтарды беруде.

Осы заманғы материалшылдық ғылым мемлекет пен құқықтың пайда болу үрдісін, әсіресе еуропа елдерінде, негізінде өндірістің дамуымен, иелену экономикасының өндіру экономикасына ауысуымен байланыстырады.

Эволюциялық даму нәтижесінде адам өзінің мұқтаждарын қамсыздандыру үшін дайын хайуанаттар мен өсімдіктер нысандарын иеленуден, біртіндеп табиғатты өзгертуге және еңбек құралдарын, тағамдар мен тағы сол сияқтыларды өндіруге бағытталған шынайы еңбекке өтті. Экономиканың осындай түріне өту қоғамдық еңбектің үш ірі бөлінісіне әкеліп соғуына себепкер болды. Жерді өңдеуден мал шаруашылығы, қолөнер бөлініп, олардан сауда, яғни айырбастау аясында жұмыс істейтін адамдар тобы жекеленіп шықты.

Қоғам тіршілігіндегі осындай ірі оқиғалар өзіне тән көптеген ірі салдарларды тудырды. Өзгермелі жағдайларда еркек еңбегінің рөлі артып, үй тұрмысына қатысты әйел еңбегімен салыстырғанда басымдылық танытты. Осыған орай матриархалды ру патриархалды руға жол берді. Туыстық ана желісі бойынша емес, әке желісі бойынша анықталатын болды. Ең маңыздысы рулық қауым бірте-бірте патриархалдық отбасыларға (жер өңдеушілерге, мал ұстаушыларға, қолөнершілерге) бөлінді, олардың мүдделері рулық мүдделермен толық сәйкес келмеді. Отбасының пайда болуына қарай рулық қауым ыдырай бастады. Нәтижесі – кезек еңбектің бөліну барысында болмай тынбайтын мамандандыруға, еңбек өнімділігін арттыруға берілді. Үстеме өнім еңбек өнімділігінің өсу салдары ретінде тауар айырбастау және бөтен еңбек нәтижелерін иелену, жеке меншіктің пайда болуы, алғашқы қауымдық қоғамның әлеуметтік жіктелуі, таптардың құралуы, мемлекет пен құқықтың дүниеге келуі үшін экономикалық мүмкіндіктердің пайда болуының алғышартын белгіледі.

Сонда да болса мемлекет пен құқықтың пайда болу түбірін тек материалдық өндірістен ғана емес, адамның өзінің ұдайы өсіп-өнуінен де іздеу керек. Айта кетсек, инцестке (қан араластыруға) тыйым салу адамзат руының тірі қалуы мен нығаюына мүмкіндік жасап қана қоймай, қоғамның дамуына, оның ішкі және сыртқы қатынастарына, мәдениетіне зор әсерін тигізді. Өйткені, қан

араластыру рудың құлдырауына, азғынуына әкелетінін түсіну – жартылай іс. Күрделісі – оның тамырына балта шабу болды, сол үшін де оны тоқтатудың қатаң шаралары белгіленіп, мұндай тыйымды (табауды) бұзғандар өлім жазасына кесілді. Сондықтан да қан араластыруға (инцестке) тыйым салуды және оны ру арасында мәжбірлеу арқылы тоқтатуды, сонымен бірге әйелдерді өзара айырбастау мақсатында басқа рулармен байланыстарды дамытуды қолдайтын рулық органдарды қалыптасып келе жатқан мемлекеттіліктің алғашқы бөлшектері деп есептеуге әбден негіз бар.

Қоғамның рулық ұйымы мемлекетке эволюциялық жолмен, тарихи сабақтастықты, өтпелі кезең сатыларын сақтай отырып өтті. Осындай өтпелі кезеңде, мемлекеталды нысандардың бірі болып, Л. Морганның пікірінше, «әскери демократия» саналды. Мұнда рудың қоғамдық өзін-өзі басқару органдары сақталып қалғанымен, біртіндеп әскербасы мен оның жасақтарының әлпетінде жаңа мемлекеталды құрылымдар күш алды, сонымен бірге әскери-күштеу арқылы мәжбүрлеу мен жаншудың алғашқы белгілері пайда болды, сөйтіп рудың дәстүрлі өзін-өзі басқару ұйымы ғасырлар бойғы тәртіптің өте қатты бұзылуына себепші болып отырған қарама-қайшылықтардың пайда болуын шеше алмайтын жағдайға жетті.

Мемлекеттің қалыптасуы – ұзақ қозғалыс. Әр халықтарда ол әртүрлі жолдармен қалыптасты. Қазіргі заманда мынадай пікір үстемдік етуде: ол – мемлекеттің пайда болуының «шығыс жолы», басқаша айтқанда, «өндірістің азиялық тәсілі» (алғашында – Ежелгі Шығыс, содан кейін – Африка, Америка, Мұхитстан (Океания)). Айта кету керек, осы жолмен көшпелі мемлекеттер де пайда болған. Мұнда әлеуметтік-экономикалық қатынастар мен рулық құрылыс құрылымдары, яғни жер қауымдастығы, ұжымдық меншік өте тұрақты, дәстүрлі сипатта болды. Қоғамдық меншікті басқару ру, тайпа ақсүйектерінің маңызды қызметі болып есептелді. Біртіндеп ақсүйектер жекеленген әлеуметтік топтарға (сословиелерге, касталарға) айналды. Сонымен бірге олардың мүдделері қоғамның басқа мүшелерінің мүдделерінен едәуір ажыратыла бастады.

Демек, мемлекеттіліктің пайда болуының шығыс (азиялық) жолының басқа жолдарға қарағанда ерекшелігі сол, мұнда қоғамдық лауазымдарды атқарып келген ру, тайпа ақсүйектері мемлекеттік органдарға (мемлекеттік-шеншілік тетікке (аппаратқа)) біртіндеп қалай ауысса, қоғамдық (ұжымдық) меншік те мемлекеттік меншікке солай ауысты. Жеке меншіктің мұнда айтарлықтай елеулі маңызы болмады.

Мемлекеттің пайда болуының қаралып отырған жолына географиялық жағдайлар да, сонымен бірге дербес және көпшілік (мемлекеттік) биліктің пайда болуына себеп болған ірі көлемді қоғамдық жұмыстарды (жер суландыру жүйелерін салу, пайдалану, қорғау және тағы басқалар) орындау қажеттілігі де қатты әсер етті.

Шығыс мемлекеттерінің жалпы ұқсастығы көп болғанымен, бір-бірінен айрықшаланатын белгілері де аз болған жоқ. Олардың барлығы күшті шеншілік тетігі (аппараты) бар, шексіз, қатаң әкімшілік (деспотиялық) түрдегі монархиялар болды, ал экономикалық негізі мемлекеттік меншіктен құралды.

Мұнда, шындығында, айқын белгіленген таптық бөлшектену болмады. Мемлекет бір жағынан ауыл қауымдастығын қанап, екінші жағынан оларды басқарып отырды, яғни мемлекеттің өзі өндірісті ұйымдастырып отырды.

Еуропа аумағында мемлекеттің пайда болу үрдісі басқа тарихи жолмен қалыптасты. Мұнда негізгі мемлекет құраушы себеп – жерге, малға, құлдарға жеке меншіктің қарқынды қалыптасуының арқасында қоғамның таптарға бөлінуі. Ф. Энгельстің пайымдауынша, бұл үрдіс «таза» күйінде Афинде өтті.

Римде таптар мен мемлекеттің пайда болуына рулық-тайпалық қоғамның еркін мүшелерінің екі тобы – патрицийлер мен плебейлердің ұзаққа созылған күресі қатты әсер етті. Соңғыларының жеңістерінің нәтижесінде мұнда демократиялық тәртіп орнатылды: барлық еркін азаматтардың тең құқылығы, әрқайсысының бір уақытта жер иеленуші және әскери болу мүмкіндігі және тағы басқалар. Бірақ, біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырдың соңында Рим империясында ішкі қарама-қайшылықтардың шиеленісуі арқасында аса қуатты мемлекеттік тетік (машина) құрылды.

Ежелгі герман мемлекетінің пайда болуы – едәуір дәрежеде герман тайпаларының ұлан-ғайыр өзге аумақтарды, дәлірек айтқанда, Рим империясының батыс бөлігін жаулап алумен байланысты. Рулық негізде құрылған бұл тайпалар рим провинцияларын басқаруды ұйымдастыра алмады. Сондықтан оларға арнайы мәжбүрлеу және күштеу тетігі (аппараты) қажет болды. Жәй жоғарғы әскербасы монархқа, халық дәулеті корольдік мүлікке айналды; рулық құрылым органдары мемлекет органдары болып қайта құрылды.

Сонымен, өндіру экономикасы сатысында еңбектің бөліну ықпалының, патриархалдық отбасының, әскери басқыншылықтың пайда болуының, қан араластыруға (инцестке) тыйым салудың және басқа да себептердің арқасында алғашқы қауымдық қоғам бөлініп, оның қарама-қайшылықтары шиелене түсті, соның салдарынан әлеуметтік өмірдің рулық ұйымы жойылып, оның орнына болмай қоймайтын қоғамның жаңа ұйымдық нысаны – мемлекеттілік келді.

Құқықты өмірге әкелген себептер мен жағдайлар көбінесе мемлекетті тудырған себептермен ұқсас болып келеді. Бірақ, алғашқы қауымдық қоғамның монокалыптары мен құқық қалыптары арасында аса терең сабақтастық бар. Рудың өзін-өзі басқару органдары мен мемлекет органдары арасында мұндай сабақтастық болмады. Ғасырлар бойы келе жатқан, сан мың ұрпақтармен тексерілген әдеттер жоғарыдан берілген, дұрыс және әділетті деп бағаланды. Олардың ішіндегі аса құндыларына мемлекет тарапынан рұқсат беріліп, маңызды құқық бастауларына (әдетті құқыққа) айналды.

Алғашқы мемлекеттердің патшалары (басқарушылары), әдетінше, құқықтың жалпыәлеуметтік дәстүрлерін жалғастыра отырып, өздерінің заңдарында әлеуметтік әділеттіліктің бастауларын қолдауға ұмтылды, яғни байлықты, өсім алушылықты шектеді, әділетті бағаларды бекітті және тағы сол сияқтылар. Бұл ежелгі құқықтық құжаттарда – Хаммурапи, XII кесте заңдарында, Солон реформаларында орын алды. Сонымен бірге, құқық өзінің дамуының алғашқы сатыларында жалпыәлеуметтік қызметтерді орындаумен бірге қалыптық-таптық реттеуіш ретінде маңызды рөл атқарғаны, яғни экономика тұрғысынан

үстемдік етуші таптың мүдделеріне сәйкес қоғамдық қатынастарды реттегені белгілі.

Құқықтың пайда болуы – қоғамдық өзара байланыстардың күрделенуінің, әлеуметтік қарама-қайшылықтардың және дау-дамайлардың тереңдетілуі мен шиеленісуінің заңды салдары. Әдеттер қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылықты қамтамасыз ете алмауының арқасында қоғамдық қатынастарды негізделген жаңа реттеушілерге шынайы қажеттіліктер пайда болды.

Әдеттерге қарағанда құқықтық қалыптар жазбалы бастауларда белгіленді, анық тұжырымдалған рұқсат берулері, міндет артулары, шек қоюлары, тыйым салулары болды. Құқықтық қалыптарды жүзеге асыруды қамтамасыз етудің жүрістемесі мен тәртібі өзгерді, оларды орындауды бақылаудың жаңа тәсілдері пайда болды: егер ертеде мұндай бақылаушы болып жалпы қоғамның өзі, оның қоғамдық көсемдері саналса, мемлекет жағдайында полиция, әскер есептелді. Дауларды сот шешіп отырды. Құқықтық қалыптар әдеттерден өзінің шараларымен (санкцияларымен) де ерекшеленді: адам өміріне қол сұғушылық үшін жазалау шаралары едәуір күшейді. Мұндай жазалар жәбірленушінің (еркіндінің, құлдың, еркектің, әйелдің) мәртебесіне байланысты әртүрлі болды. Құқықтың құрылуының ерекшеліктері туралы айта отырып, мынаны есте ұстау керек: мемлекет пен құқықтың пайда болу жүрісі бір-біріне өзара ықпал етуінің арқасында, көбінесе, қатарласа өтіп отырды. Айта кетсек, дәстүрлердің рөлі өте зор Шығыста, құқық дін мен құлықтылық ықпалының арқасында пайда болды, дамыды. Оның негізгі бастауларын діни ережелер құрады (Үндістанда Ману заңдары, мұсылман елдерінде Құран және тағы сол сияқтылар). Еуропа елдерінде әдетті құқықпен бірге кең көлемді, Шығысқа қарағанда нысандалу мен нақтылану дәрежесі аса жоғары болып ерекшеленетін заңдар мен прецеденттік құқық дамыды.

4. Құқықтың пайда болуы

Құқықтың пайда болуы туралы теориялар, әдетінше, мемлекеттің пайда болу тұжырымдамаларымен тығыз байланысты, сонда да болса ерекшеліктері аз емес. Құқық құрау мәселелері құқықтың жаратылысына, мәніне, мақсатына және құқықтық реттеуге байланысты мәселелермен бірге қаралуы жиі кездеседі.

Құқықтың пайда болуының негізгі теорияларына мыналар жатады:

1. Динитанымдық (теологиялық) теория;
2. Жаратылысты құқық теориясы;
3. Құқықтың тарихи мектебі;
4. Қалыпшылдық (норматившілдік) теория;
5. Құқықтың жантанымдық (психологиялық) теориясы;
6. Құқықтың пайда болуының марксшілдік теориясы;
7. Құқықтың әлеуметшілдік (социологиялық) теориясы.

Динитанымдық (теологиялық) теория құқық Құдай ерігін және жоғары сананы айқындайтын мәңгілік құбылыс ретінде құдай жолымен пайда болған деген

көзқарастан тараған. Бірақ, ол құқықта жаратылыстық және адамилық бастаулардың бар болуын жоққа шығармайды. Көптеген діни ойшылдар былай деп тұжырымдаған: құқық – Құдайдан берілген жақсылық пен әділеттіліктің өнері. Динитанымдық теория алғашқылардың бірі болып құқықты жақсылықпен және әділеттілікпен байланыстырды. Оның күмәнсіз құндылығы осында. Сонымен бірге қаралып отырған теория ғылыми дәлелдер мен тұжырымдарға ғана емес, нанымға тірек артады.

Жаратылысты құқық теориясы (әлемнің көптеген елдерінде таралған) құқықтың пайда болу мәселесі бойынша оны жаратушылар пікірлерінің аса сан-алуандығымен ерекшеленеді. Осы теорияді жақтаушылар былай деп есептейді: заң шығару жолымен мемлекетпен құрастырылған жағымды (позитивті) құқық және жаратылысты құқық қатарласып тіршілік етеді.

Егер жағымды (позитивті) құқық адамдардың, мемлекеттің ерігі бойынша пайда болса, онда жаратылысты құқықтың пайда болу себептері басқаша. Буржуазиялық дәуірдің басталуына дейін жоғарғы және өзгермейтін ретінде жаратылысты құқықтың құдай жолымен пайда болуы туралы көзқарас үстемдік етіп келді. Капиталшылдық қатынастардың басталуымен көптеген ойшылдар жаратылысты құқықты Құдай атымен байланыстыруды тоқтатты. Айта кетсек, осы теорияның көрнекті өкілі Г. Гроций жаратылысты құқықтың анасы – адамның өз табиғаты, ол құқық адамның өзгермес табиғатынан туындайды деп тұжырымдаған. Адамда ол оның арының дауысы ретінде көрініс табады, адам жаратылысты құқықты тек сол арқылы түсінеді. Вольтердің пікірінше, жаратылысты құқық табиғат заңдарынан туындайды, ол табиғаттың өзімен адам жүрегінде жазылған. Жаратылысты құқықты адамдардың өзіне қатысты мәңгілік әділеттіліктен, имандылық бастаулардан да шығарып отырған. Бірақ барлық жағдайларда жаратылысты құқықты адамдар шығармаған, ол өзін-өзі, сыртқы әсерден емес, ішкі себептердің арқасында пайда болған; адамдар оны бір идеал, жалпы әділеттілік үлгісі (эталон) ретінде қандай-да бір жолдармен таныған.

Жаратылыстық-құқықтық теориясында құқықты және оның пайда болу себептерін адамтану (антропология) тұрғысынан түсіндіру үстемдік етеді. Егер құқық адамның өзгермес табиғатынан туындаған болса, онда ол адамзат тіршілігінде мәңгілікті және өзгермес болып есептеледі. Бірақ та мұндай қорытындыны ғылыми негізделген деп тануға болар ме екен.

XVIII-XIX ғасырларда Германияда *құқықтың тарихи мектебін* құрушылар (Г. Гуго, Ф. Савиньи, Г. Пухта) құқық заң шығарушылармен шығарылмайды, ол тіл сияқты тарихи жолдармен туылып, ары дамиды деп дәлелдейді. Ол «ұлттық», «халықтық» санадан туындайды. Құқықтың тарихи мектебі діни көзқарастармен қабысып кеткен. Айта кетсек, Г. Пухта былай деп тұжырымдайды: «Құдайдан берілген құқық ұлт жаратылысына құқық шығаруға күш берген».

Жериеленушілік (феодализм) заманында пайда болған бұл теорияның өкілдері, адам құқықтарын мойындамады, өйткені адамның қандай да бір жаратылысты құқықтары сол кездегі аксүйектердің әдеттерінде көрініс табуы мүмкін емес еді.

Құқықтың қалыпшылдық (норматившілдік) теориясын құраушы Г. Кельзен құқықты құқықтың өзінен шығарған. «Құқық,- дейді ол,- себепшілдік қағидасына бағынбайды, ол күшті және әрекеттілікті өзінен алады». Кельзен үшін құқықтың пайда болу себептеріне байланысты мәселелер мүлдем болмаған.

Құқықтың жантанымдық (психологиялық) теориясын (Л. Петражицкий және басқалар) құқыққұралу себептерін адамдардың психикасынан, яғни «бұйрықты-анықтаушы (императивті-атрибутивті) құқықтық толғаныстарынан» көрген. Құқық – бұл «жеке адамның психикасының аясында жасалып тұратын ерекше түрдегі күрделі сезімдік-зияткерлік (эмоциялық-интеллектуалдық) психикалық жүрістер».

Құқықтың пайда болуына және қызмет етуіне жантанымдық (психологиялық) себептердің ықпалын теріске шығаруға негіздер жоқ деп ойласақ та, адамдардың психикалық толғаныстары құқықтың шығуының алғышарты болды деп санауға негіздер одан да аз.

Құқықтың пайда болуының марксистік теориясы қисынды материалшылды. Марксизм құқықтың тамыры экономикада, қоғамның тірегінде (базисінде) жатқанын көз жеткізе дәлелдейді. Сондықтан да құқық экономикадан жоғары тұра алмайды, ол экономикалық кепілдіктерсіз сағым іспеттес. Марксистік теорияның күмәнсіз құндылығы осында жатыр. Сонымен бірге марксизм құқықтың даму жүрісін (генезисін) таптармен және таптық қатынастармен қатаң байланыстырады, құқықта тек экономика тұрғысынан үстемдік етуші таптың ерігін көреді. Бірақ та құқықтың түп-тамыры, таптарға қарағанда, тереңде жатыр, оның пайда болуы басқа да жалпыәлеуметтік себептермен алдын-ала анықталған.

Құқықтың әлеуметшілдік (социологиялық) теорияі өзінің аса қисынды аяқталған нысанын XX ғасырда тапты. Бұл теорияның көрнекті өкілдері - Эрлих, Жени, Муромцев және тағы басқалар.

Бұлар құқықты заңнан, жаратылыстық-құқықтық теорияның теориятанушылары сияқты емес, өздігінше бөле алды. «Құқық жаратылысты құқықтардың немесе заңдардың өзінде іске аспайды,- дейді олар,- заңдарды жүзеге асырғанда ғана іске асады». Сондықтан да, әлеуметшілдер құқықты заңи іс-әрекеттерден, заңи тәжірибеден, құқықтық тәртіптен, заңдарды қолданудан тағы сол сияқтылардан көре алды. Олар құқықты құқықтық қатынастар субъектілерінің – жеке және заңи тұлғалардың – шынайы мінез-құлығы деп түсіндірді. Осыған орай, бұл теорияның тірі құқық теорияі деген басқа аталымы да бар. Аталған теория өкілдерінің пайымдауынша, мұндай тірі құқықты ең алдымен сотшылар өздерінің заңи қызмет жүрісінде қалыптастырады, олар тиісті шешімдер қабылдай отырып және мұндай жағдайда құқықтық шығармашылықтың субъектісі ретінде заңдарды құқықпен «толтырады».

Сөз жоқ, құқықты іс жүзінде жүзеге асыруға бағдарлауы, құқықтық нысанға қарағанда, қоғамдық қатынастардың мазмұн ретінде басымдығын негіздеп атап өтуі, мемлекеттің экономикаға араласуын шектеумен, басқаруды орталықсыздандырумен үйлесуі - осы теорияның басты құндылықтары.

Дегенмен, бұл теорияның әлсіз жақтары да аз емес. Егер құқық деп заңдардың жүзеге асуын, іс жүзіндегі құқықтық тәртіпті түсінетін болсақ, онда құқыққа сай және құқыққа сай емес деген ұғымдардың айқын белгілері жоғалар еді, өйткені жүзеге асыру өздігінше заңды да, заңға қарсы да бола алмайды. Оның үстіне, құқықтық шығармашылық қызметінің бар ауыртпалығын сотшылар мен әкімшілерге аудара салудың арқасында ысқаяқ лауазымды тұлғалар тарапынан бейқұзыретті және ашық озбырлық қаупінің үдеуі орын алған болар еді.

Тақырып №3 **Мемлекеттің түсінігі және жалпы сипаттамасы**

Ж О С П А Р

- 1. Мемлекеттің түсінігі және белгілері**
- 2. Мемлекеттің жалпы сипаттамасы**
- 3. Мемлекет билік және қоғамдағы саяси жүйенің қарым-қатынастары**

1. Мемлекеттің түсінігі және белгілері

Мемлекеттануда мемлекет, оның ұғымы, қоғамдағы маңызы мен рөлі туралы мәселелер ежелден түбегейлі және талқылануы аса күшті мәселелердің қатарына жатады. Бұл кемінде үш себеп арқылы түсіндіріледі. Біріншіден, аталған мәселелер қоғамдағы сан-алуан топтар мен таптардың, партиялар мен қозғалыстардың мүдделеріне тікелей және нақты қатысы бар; екіншіден, өзінің орындалатын мақсаттары мен міндеттері, қоғам тағдырына ықпалы бойынша ешқандай басқа ұйым мемлекетпен бәсекелесе алмайды; үшіншіден, мемлекет – өте күрделі, ішкі қарама-қайшылықтары мол қоғамдық-саяси құбылыс.

Қоғамның және оның қарама-қайшылықтарының арқасында пайда болған мемлекет, сөз жоқ, өзі де, оның қызметі мен әлеуметтік рөлі де, қарама-қайшы болып келеді. Қоғамның ұйымдық нысаны ретінде өзінің біртұтастығын және басқарылуын қамсыздандыруға бейімделген мемлекет қоғам қажет ететін қызметтерді орындайды, яғни оның мүдделеріне қызмет етеді.

К. Маркстің пікірінше, мемлекет – бұл бүкіл қоғамның істерін басқару бойынша, әрбір қоғамның жаратылысынан туындайтын, барлық істерді орындайтын ұйым. Ол – елдегі барлық бұқара халықтың саяси ұйымы, сол халықтың жалпы игілігі және ісі. Мемлекетсіз қоғамдық өсу, өркениетті қоғамның тіршілік етуі мен дамуы мүмкін емес. Бірақ, таптық-қайшы қоғамда мемлекет жалпы әлеуметтік қызметтерді орындай отырып, көбінесе, өзінің қызметін экономикалық тұрғыдан ең үстемдік етуші таптың мүдделеріне бағындырады, оның таптық диктатурасының қолшоқпарына айналады, айқын бейнеленген таптық сипатқа ие болады. Мемлекеттің қарама-қайшы жаратылысы мен әлеуметтік рөлі тек осыдан анық аңғарылады.

Мемлекет тарихын қоғам тарихынан ажыратуға болмайды. Ол қоғаммен бірге кемелсіздіктен кемелденгендікке қарай ұзақ тарихи жол жүре отырып, сол жолда жаңа белгілерге, қасиеттерге ие болады. Кемелсіз мемлекетте оның институттарының барлық кешені дұрыс жалғасын таба алмайды да, шын мәнінде, мұның барлығы мәжбүрлеу тетігіне (аппаратына) негізделген саяси (мемлекеттік) билікке әкеліп соғады. Мемлекеттің кемелденуі, өркениет пен демократияның белгілі бір деңгейіне жетудің мөлшеріне қарай, біртіндеп қалыптасады. Мұндай мемлекетте оның барлық институттары мен құрылымдары өз дамуын табады, олардың әлеуметтік күш-қуаты толық ашылады. Сонымен бірге, мемлекеттің өзгеруі және жетілуі өзінен-өзі болмайды. Оны жетілдіретін, өзгермелі жағдайларға қалыптастыратын әртүрлі дәуірлер мен елдердің адамдары. Сондықтан да мемлекетті әлемдік тарих пен өркениеттің маңызды жетістіктерінің бірі ретінде қарауға әбден негіз бар. Мемлекеттің ұғымын, мәнін, оның көпжақты қырларын, белгілерін және ерекшеліктерін жан-жақты аша білу – өте күрделі мәселе. Бұл мәселені тек мемлекетті нақты-тарихи тұрғыдан қарастыра отырып, оның қоғамдық тіршіліктің экономикалық, әлеуметтік-саяси және рухани жақтарымен сан-алуан байланысын ескере отырып, сонымен бірге өткендегі және қазіргі ғылыми жетістіктерді толығымен пайдалана отырып, зерттегенде ғана шешуге болады.

Ежелден ойшылдар мемлекет не деген сұраққа жауап беруге тырысқан. Кезінде Ежелгі Рим шешені, философы және саяси қайраткері Марк Тулий Цицерон былай деген болатын: «Мемлекет деген не? Ол – жалпы құқықтық тәртіп». Цицеронның әр заманда және әр елдерде ізбасарлары аз болған жоқ. Мысалы, оларға құқықтық-қалыпшылдық (норматившілдік) ілімнің негізін қалаушы Г. Кельзенді, орыс экономшысы және философы П. Струвені және тағы басқаларды жатқызуға болады. Сонымен, көптеген ғалымдар мемлекетті құқықтық тәртіпті ұйымдастыру құралы ретінде қарастырды, оның мәні мен негізгі мақсаттары осында деп тұжырымдады. Бірақ бұл аталған құбылыстың тек бір белгісі ғана. Буржуазиялық дәуірде адамдардың, жерлердің, биліктің жиынтығы ретіндегі мемлекеттің анықтамасы кеңінен тарала бастады. Белгілі мемлекеттанушы Л. Дюги мемлекетті төрт бөлшекке бөлген: 1) жеке адамдардың жиынтығы; 2) белгілі аумақ (жер); 3) егеменді билік; 4) үкімет. «Мемлекет,- деп жазады Г.Ф. Шершеневич,- бұл белгілі шекараларда орныққан және бір билікке бағынған адамдардың одағы».

Аталған анықтама мемлекеттің кейбір белгілерін дұрыс бейнелей келе, әртүрлі оңайлатуларға себеп болды. Оған сілтей отырып, кейбір авторлар мемлекетті елмен, басқалары – қоғаммен, ал үшіншілері – билікті жүзеге асыратын тұлғалар аясымен, яғни үкіметпен теңестіре бастады. В.И. Ленин осы анықтаманың көптеген жақтаушыларын мәжбүрлеу билігін мемлекеттің айрықша белгілерінің қатарына жатқызғаны үшін оны қатты сынға ала отырып, былай дегені бар: «Мәжбүрлеу билігі адамзаттың бүкіл қоғамдық тіршілігінде, рулық құрылыста да, отбасыда да бар, бірақ бұларда мемлекет болмады».

Келтірілген ұғыммен құқықтың жантанымдық (психологиялық) ілімінің жақтаушылары да келіспейді. «Мемлекет белгілі бір түрдегі адамдардың

жиынтығы емес,- деп тұжырымдайды Ф.Ф. Кокошкин,- ол солардың арасындағы қатынас, қоғамдық тіршілік нысаны, солардың арасындағы белгілі бір психикалық байланыс». Бірақ «қоғамдық тіршілік», қоғамды ұйымдастыру нысаны – бұлар да мемлекеттің барлығы емес, оның белгілерінің тек бірі.

К. Маркс пен Ф. Энгельс те мемлекет анықтамасына бірнеше рет тоқталған. Олар мемлекетті ондағы үстем етуші тапқа жататын адамдардың өзінің жалпы мүдделерін жүзеге асыратын және сол дәуірдің бүкіл азаматтық қоғамы өзінің шоғырлануын табатын нысан ретінде санады. Көп жылдар өте Ф. Энгельс мемлекеттің қысқаша анықтамасын құрастырды. Оған сәйкес, «мемлекет бұл бір таптың екіншісін жаншуға арналған тетіктен (машинадан) басқа ешнәрсе де емес». В.И. Ленин келтірілген анықтамаға кейбір өзгерістер енгізді. Ол былай деп жазады: *«Мемлекет – бұл бір таптың екіншісіне үстемдігін қолдауға арналған тетік (машина)»*.

Екеуі де ғылымда, ресми насихатта кеңінен тараған. Бірақ, бұл анықтамалар тек тирандық және диктаттық мемлекеттерге тән. Алғы шепке күштеу, зорлық-зомбылық жақтарын шығара отырып, аталған анықтамалар мемлекеттен өркениеттің, мәдениеттің және әлеуметтік тәртіптің құнды құбылыстарын көруге кедергі жасайды.

Заманауи оқу әдебиеттерінде мемлекет, әдетінше, арнайы тетігі (аппараты), бүкіл ел үшін өзінің әмірлерін міндеттеуге қабілеті бар көпшілік (мемлекеттік) биліктің саяси-аумақтық егеменді ұйымы деп анықталады.

Аталған анықтама мемлекеттің аса маңызды белгілерін жинақтаған және жалпылай қолайлы, бірақ мұнда мемлекет пен қоғамның байланысы босаң айқындалған.

Сондықтан да келесі анықтама аса дұрысырақ деп ойлаймыз: мемлекет – бұл қоғамның бірлігін және тұтастығын қамтамасыз ететін, мемлекеттік тетік (механизм) арқасында қоғам істерін басқаруды, егемендік көпшілік (мемлекеттік) билікті жүзеге асыратын, құқыққа жалпыға міндеттілігі бар маңыз беретін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, заңдылық пен құқықтық тәртіпке кепіл болатын қоғамның саяси ұйымы.

Келтірілген анықтама мемлекеттің жалпы ұғымын айқындағанымен, көбінесе қазіргі заманғы мемлекеттерге тән болып келеді.

Мемлекеттің ұғымы, сипаты оны қоғамның рулық құрылысынан да, мемлекеттік емес ұйымдарынан да ажыратып тұратын белгілерді ашу барысында нақтыланады. Ондай белгілерге мыналар жатады:

- a. халықтың аумақтық ұйымы және көпшілік (мемлекеттік) билікті аумақтық шектерде жүзеге асыру;
- b. халықтық (мемлекеттік) билік;
- c. мемлекеттік егемендік;
- d. мемлекет пен құқықтың ажырамас байланысы.

Халықтың аумақтық ұйымы және көпшілік (мемлекеттік) билікті аумақтық шектерде жүзеге асыру. Мемлекетке дейінгі қоғамда жеке адамның сол немесе басқа руға қатысы қандық немесе болжамды туыстықпен себептелетін. Оның үстіне рудың көбінесе анық белгіленген аумағы (жері) болмай, бір жерден басқа жерге ауысып отырды. Мемлекеттік-ұйымдастырылған қоғамда халықты

ұйымдастырудың қандық-туыстық қағидасы өз маңызын жоғалтты. Оны қоғамның аумақтық ұйымы алмастырды. Мемлекеттің анық шектелген аумағы болады, оның егемендік билігі бүкіл аумақты қамтиды, ал онда тұратын халық мемлекеттің азаматтарына айналады. Сонымен, мемлекеттің кеңістікті шектері пайда болып, онда жаңа құқықтық институт – қол асты азаматтық немесе азаматтық туындайды.

Халықтың аумақтық ұйымы мемлекеттің пайда болуымен ғана емес, кейбір елдердің қалыптасу бастамасымен де байланысты. Осы тұрғыдан «мемлекет» және «ел» ұғымдары көбінесе үйлесімді болып келеді.

Мемлекеттік емес ұйымдардан (кәсіподақтардан, саяси партиялардан және тағы басқалардан) мемлекетті былай ажыратуға болады. Біріншіден, мемлекет – елдегі бүкіл халықтың бейнесі; екіншіден, оның өз билігі бүкіл елді қамтиды. Кәсіподақтар және саяси партиялар болса өздерінің қатарларында халықтың белгілі бір бөлігін біріктіреді, сол немесе басқа мүдделер бойынша ерікті түрде құрылады.

Халықтық (мемлекеттік) билік. Биліктің халықтық деп аталуы оның қоғаммен үйлесімі болмаса да, соның атынан, бүкіл халық атынан орындалып отырады.

Билік мемлекетке дейінгі қоғамда да болған, бірақ тек қоғамдық билік болып саналған, ол бүкіл рудан бастама алып, өзін-өзі басқару мақсатында қолданыс тапты. Ол шениесілерді (шенеуніктерді) де, қандай да бір тетікті (аппаратты) да қажет етпеді. Халықтық (мемлекеттік) биліктің негізгі ерекшеліктері мынада: ол тек шениесілердің (шенеуніктердің), яғни басқару және мәжбүрлеу органдарын (мемлекеттік аппаратты) құрайтын басқарушы кәсіпқой топтардың арқасында ғана жүзеге асып отырады. Мұнсыз мемлекеттік билік – тек қиял, көлеңке, бос дерексіздік (абстракция).

Мемлекеттік органдар мен мекемелерде өз бейнесін тапқан халықтық билік, мемлекеттік билікке, яғни мемлекеттік мәжбүрлеуді, күштеуді қамтамасыз ететін айқын күшке айналады. Мәжбүрлеуді жүзеге асыруда шешуші рөл қаруланған адамдардың жасақтары мен арнайы құрылымдарға (әскерге, полицияға, түрмеге және тағы сол сияқтыларға) жүктеледі.

Мемлекеттік егемендік. Бұл ұғым орта ғасырдың аяғында мемлекеттік билікті шіркеу билігінен ажыратып, біріншісіне төтенше, монополиялық маңыз беру қажеттілігінен пайда болды. Қазір егемендік – мемлекеттің міндетті белгісі. Егемендігі жоқ ел – бұл колония немесе доминион.

Егемендік мемлекеттік биліктің бір қасиеті ретінде соңғысының үстемдігін, өз-өзіндігін, тәуелсіздігін білдіреді. Елдің ішінде мемлекеттік биліктің үстемдігі мыналармен белгіленеді:

- мемлекеттік билік әмірлік күшінің әмбебаптығы, яғни ол елдегі бүкіл халыққа, барлық партиялар мен қоғамдық ұйымдарға жайылады;
- мемлекеттік биліктің шексіздігі, яғни ол кез келген басқа қоғамдық биліктің қандай-да болсын көрінісін, егер ол заң бұзған жағдайда, жойып жіберуге, жоққа шығаруға құқығы бар;
- мемлекеттік билікте ешқандай басқа қоғамдық билікте бола алмайтын құралдардың бар болуы (әскер, полиция не милиция, түрме және тағы сол сияқтылар).

Басқа билікке қарағанда мемлекеттік биліктің өз-өзіндігі және тәуелсіздігі елдің өзінің ішкі және сыртқы барлық істерін еркін шешуге шексіз, монополиялық құқығы бар екендігін білдіреді.

Кеңес Одағында және бұрынғы социалшыл мемлекеттерде мемлекеттік биліктің үстемдігі де, өз-өзіндігі де, тәуелсіздігі де болмады, өйткені жоғары билік болып партияның билігі саналды. Мемлекет тек партиялық директиваларды жүзеге асырып отырды, сөйтіп басқарушы партияның атқарушы құралына айналды. Мұның бәрі мемлекеттік билікті әлсіретті, қоғам мен мемлекетті терең тоқырауға душар етті.

Мемлекет пен құқықтың ажырамас байланысы. Құқықсыз мемлекет өздігінше тіршілік ете алмайды. Құқық мемлекетті және мемлекеттік билікті заңи түрде нысандайды, сөйтіп оларды заңиландырады, яғни заңға сәйкес етеді. Мемлекет өз қызметтерін құқықтық нысандарда жүзеге асырады. Құқық мемлекет пен мемлекеттік биліктің қызметтерін заңдылық аясына енгізіп, оларды нақты құқықтық тәртіпке бағындырады. Мемлекеттің құқыққа осындай бағынуында ғана демократиялық құқықтық мемлекет қалыптасады.

Сонымен, мемлекет – басқару функциясын орындайтын және соның көмегімен қоғамның тіршілік-тынысын қамтамасыз ететін, оған қажетті жағдайлар мен алғышарттар жасауға ұмтылатын адамзат қоғамын ұйымдастырудың айрықша нысаны.

2.Мемлекеттің жалпы сипаттамасы

Мемлекет сөзінің мағынасына тоқталсақ – бұл арнайы басқару және мәжбүрлеу аппараты бар, қоғамның өкілі бола тұра, оны басқаратын және оның дамуын қамтамасыз ететін, бұқаралық биліктің саяси-аумақтық, егеменді ұйымы.

Мемлекетті рулық құрылымдағы әлеуметтік биліктен ажырататын төмендегідей белгілері болады:

1. Бұқаралық биліктің болуы. Міндетті түрде мемлекеттің басқару және мәжбүрлеу аппараты болуы тиіс, себебі, бұқаралық билік – бұл шенеуніктер, әскер, полиция, түрме мен басқа да мекемелер.
2. Аумақтық бөлініс. Мемлекет өз аумағында өмір сүруші барлық адамдарды өз билігімен және қорғау арқылы біріктіреді.
3. Салықтар жүйесі. Олар мемлекеттік аппараттың өмір сүруін қамтамасыз ету үшін қажет.
4. Егемендік. Бұл мемлекетке тән өз аумағындағы үстемдік пен халықаралық қатынастардағы тәуелсіздік.
5. Құқықтың болуы. Мемлекет құқықсыз өмір сүре алмайды, себебі, құқық мемлекеттік билікті заңдастырады.

Өзіміз білетініміздей, мемлекет о бастан-ақ өзінің пайда болған кезінен үстем таптың саяси ұйымы, халықтың қанаушы таптары мен топтарына өктемдік жасау құралы болып табылды. Әрбір мемлекеттің мәні өкімет басында қандай тап немесе қандай топтар тұрғанына ғана байланысты болады. Тіпті құл

иеленуші, феодалдық, буржуазиялық мемлекеттерді айтпай-ақ өзімізге қанық болған социалистік (кеңестік) мемлекет те қоғамдық таптардың бірінің саяси өкіметінің қаруы есебінде пайда болды — оның бұрынғы мемлекеттермен ұқсастығының өзі осында, оны мемлекет деп атайтынымыз да сондықтан. Оған дәлел, алғашқы кезде Кеңес мемлекетінің мәні — пролетариат диктатурасы болды. Онсыз құлаған езуші таптардың халықтың революциялық еркіндігіне қарсылығын басуға, бұқараны жаңа өмір үшін күреске ұйымдастыруға мүмкін емес еді.

Жоғарыда айтылып кеткендей, мемлекеттің шығу себептерін ескерсек, мынадай қортындыға келе аламыз: жалпы мағынасында мемлекет қоғамды басқаруды жүзеге асыратын, өзінің барлық мүшелерінің мүдделері үшін тәртіпті қамтамасыз ететін, әрі үстем таптардың немесе билік жүргізуші топтың немесе халық топтарының мүддесін артықшылықпен қорғайтын биліктің ерекше ұйымы болып табылады.

Мемлекет алғашқы қоғамның белгілі бір даму кезеңдеріндегі экономикалық және әлеуметтік құрылымдар өзгерістерінің нәтижесінде пайда болып, өзгеріссіз қала алмады. Ол дамыды, әр түрлі тарихи сатыларда жаңа қасиеттерге толды. Сондықтан да болар құл иеленушілік, феодалдық, буржуазиялық, кеңестік және өркениетті мемлекеттердің ерекшеліктері туралы сөз етілетіндігі. Бұлардың қай-қайсысы болса да әр түрлі тарихи кезеңдерде өздерінің іздерін қалдырды. Сөйтіп барлық мемлекеттердің олардың даму сатыларына қарамастан, ортақ белгілерін атауға болды. Осылар арқылы мемлекет тапсыз қоғамдағы рулық қауымдастықтан немесе таптық қоғамдағы өзге де ұйымдардан (айталық, партиялардан) ажыратылады. Осындай белгілердің жиынтығы келіп, мемлекет туралы мінездемені толық ашып береді. Ең алдымен айтатынымыз, мемлекет арнаулы өзара байланысты, бірігіп іс-қимыл жасайтын мемлекеттік аппаратты құрайтын мемлекеттік органдардан (әкімшілік, армия, соттар, трибуналдар, полиция, милиция және т.б.) тұрады. Бұлар мемлекет атынан билік жүргізеді, басқаруды қамтамасыз етеді.

Демек, бұл мемлекеттің бірінші белгісі — саяси билік ұйымы. Мұның мәнісі мынада:

1. бұл билік қоғамның ішінен шыққан халықпен бірікпейді, ол әлеуметтік басқаруды жүзеге асыратын органдардың (соның ішінде құқық қорғау мен армия) ерекше жүйесі болып табылады;
2. бүкіл қоғамның атынан ресми өкілдік етеді;
3. оның максаты — өркениетті құқықтық тәртіпті, әрі адамдардың күнделікті өмірлік қызметін қолдауды қамтамасыз ету, ал керек болған жағдайда мемлекеттік мәжбүрлік шараларын қолданады.

Екінші белгісі — бұл аумақ яғни мемлекеттік биліктің оның аумағындағылардың барлығына тиесілігі. Бұл жерде аумақ деп отырғанымыз мемлекеттің шекарасы шегіндегі кеңістікті айтамыз. Делірек айтсақ ол — белгілі бір мемлекеттің егемендігіне кіретін жершары қабатының бір бөлігі. Өзге мемлекеттерден шекара арқылы бөлектенеді. Демек, мемлекеттің ерекшелігі — нақтылы анық сыртқы шекарасының болуы және ұлттық немесе әкімшілік аумақтық бөліктерге бөлінуі. Мұндай құрылымдық бөліністерге

бөлінуінің мақсаты — мемлекеттің аумақты басқаруы, салықтарды, алымдарды және өзге де төлемдерді жинау, халықты бағындырып ұстап тұру, әрі оларды қорғау. Мемлекет өзінің қарамағындағы адамдарды біріктіргіш күш, сондықтан да болар олар өздерінің құқықтары мен міндеттерін тұрғылықты жері бойынша іске асырады.

Кез келген мемлекеттің үшінші белгісі — оның аумағындағылардың орындауларына міндетті тәртіп ережелерін тағайындау, яғни заңдарда және өзге нормативтік құқықтық актілерде белгіленген құқықтық нормаларын шығару. Яғни, жариялылық мәжбүрлеу (күштеу) — бұл тек мемлекеттің (оның органдарының) ғана өз аумағында барлық азаматтарға, шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға мәжбүрлеу (күштеу) шараларын қолдануға құқықтығы.

Мемлекеттің төртінші белгісі — халықтан салықты, алымды және басқа да міндетті төлемдерді жинап алу, өйткені бұлардың барлығы мемлекеттік аппаратты ұстап тұру үшін, жол құрылысын салуға, мектептерді, ауруханалар мен емханаларды және өзге де қоғамдық жұмыстарды қамтамасыз етуге қажетті қаражат болып табылады.

Ақырында, мемлекет, егемендікке (тәуелсіздікке) ие болады, бұл мемлекеттің бесінші белгісі — оның басты мақсаты басқа шет мемлекеттерге тәуелді болмауы, өз аумағындағы өзекті (ішкі және сыртқы) мәселелердің барлығын дербес шеше алатындығы, әрине өзге мемлекеттердің тәуелсіздігін бұзбауы тиіс.

Елдің ішіндегі мемлекеттің егемендігі мынадан байқалады:

- 1) мемлекеттік биліктің бірлігінен және оның барлық халық пен басқа қоғамдық ұйымдарға таралатындығынан;
- 2) мемлекет органдарының шешімдерінің оның аумағына және аумақтан тыс шегінде (мысалы, жат жердегі жүрген республика азаматтарына және ұйымдарға) жалпы міндеттілігінен;
- 3) өзге қоғамдық биліктің кез келген көрінісін заңсыз деп тану және оны жою мүмкіншілігінің айрықша құзыреттілігінен;
- 4) мемлекеттің ерекше өкілеттілігі шегінде жалпыға міндетті нормалары бар нормативтік актілерді (заңдар, жарлықтар, қаулылар, бұйрықтар және т.б.), соттардың, басқару органдардың және өзге мемлекет ұйымдардың шешімдерін шығару, бекіту мен қолдануларынан.

Қазіргі мемлекет — бұл тәуелсіз, саяси биліктің әмбебап ұйымы, адамдардың күнделікті қызмет өмірін қамтамасыз етуші, өз аумағына иелі және өзінің ішкі және сыртқы функциясын іс жүзінде асырған кезде қажетті мәжбүрлеу аппаратын, құқықты құрушы, сонымен бірге салық салушы күш. Оның мәні — қоғамдағы саяси билікті ұйымдастыру.

Мемлекетті нығайту — тәуелсіздікті, оны тірегі болып саналатын заңдарды нығайту деген сөз. Қашанда тәуелсіздік жолы — ұлы жол. Бұл жолда еліміздің өсіп өркендеуі, тәуелсіздігімізді мәңгіге баянды ету, сыртқы беделімізге нұқсан келтірмей, ішкі саяси ахуалды заң күшімен тұтастандыру арқылы, мемлекеттің - халыққа, халықтың - мемлекетке, адамгершілік қарым-қатынас тұрғысынан, алаңсыз еңбек етуіне, бар жағдайдың жасалуы ел басшысы Президенттің әрбір іс

- қимылына тәуелді. Сол себепті де мемлекет туралы мәселе идеологиялық айтыстардың қайнар көзіне де айналды. Мемлекеттік көзқарас мәселесін қозғағанда, саяси қозғалыстар енді қоғам біріктіретін ұлттық идеяларын іздестіре бастады, — дейді көреген ғалымдар. Тіпті, мемлекеттің таяу болашақта да қажет болатынына ешкімде күмән келтірмейді. Осы орайда ХХІ ғасырдағы мемлекет қандай болуға тиіс, — деген сұраққа заң ғылымдарының докторы, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, профессор С.Н.Сәбекеновтың “Салыстырмалы мемлекеттік құқық” атты оқулығында автор өз ойын — әрі қарай былайша жалғастырады: “Біздіңше, ол оңды белгілерді сақтап қалып, көптеген ұнамсыз зардаптарды және алатын шығар. Егер, адамдар ракеталық ядролық қырып-жоюлар қаупін және экономикалық апаттарды болдырмауға қол жеткізер болса, мемлекет (аталған қауіптерді болдырмау үшін күш жұмсау негізінде) қоғамға мемлекеттік басшылық жасаудың неғұрлым жетістірілген түрлерін құра алады”. Мемлекеттің қажеттілігі әлі де болса қоғамның ұзақ уақыт бойына өмірде жиі кездесетін, кесапаттықтардан, қым-қиғаштықтардан арыла алмайтындығынан туындайды. Қалай да болмасын, ол ерте ме, кеш пе, әйтеуір таптық мәнін жоғалтатыны сөзсіз.

Жоғарыда тұжырымдалғандардан басқа, жаңа типтес қоғамдық қатынастарға ұласуды көздейтін барлық елдердің ортақ заңдылықтары болады. Олар төмендегіше танылады:

- 1) нарықтың бостандығын қалыптастыру;
- 2) жеке адамның экономикалық еркіндігі ретінде жеке меншікті тану;
- 3) орташа класты құру, халықтың адам басына шаққандағы ұлттық кірістің жиынтығын өсіру;
- 4) адамның құқықтары мен бостандықтарының басымдылығын, пікірдің әр алуандылығын, нанымдары мен мүдделерін белгілеу, қоғамның қайта құрылуын демократизациялау;
- 5) қоғамдық өмірдің заңдық мәні бар сферасында заңның жоғарлылығы;
- 6) азаматтық қоғамды құру;
- 7) басқа елдермен байланысты күшейту, ашық қоғам құру.

Ал енді Қазақстан Республикасына келетін болсақ жоғарыда көрсетілген мемлекеттерге тән жалпы ортақ қасиеттерімен бірге, оның мемлекеттілік дамуының ерекше заңдылықтары да бар.

Оған жататындар:

- 1) қоғамдық реформалауды мемлекеттік биліктің бастамашылығы бойынша жоғарыдан жүргізу;
- 2) Қазақстандық қоғам құрылымының саяси этникалылығы;
- 3) мемлекет рөлінің белсенділігі;
- 4) Қазақстандық менталитетінің өзіндік ерекшелігі.

Осы басты міндеттерді жүзеге асыру үшін Республика өз қызметін мынадай түбегейлі принциптерге көздеп жүргізеді: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін

демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу (ҚР Конституциясы, 1-бап, 2-тармақ).

3. Мемлекет билік және қоғамдағы саяси жүйенің қарым-қатынастары.

Билік бұл — бір жеке тұлғаның немесе топтың шешім қабылдау құқығы мен мүмкіндігіне көрініс табатын өзге де жеке тұлға немесе топ үшін міндетті сипатқа ие әлеуметтік қатынас, әлеуметтік институт, басқаша айтқанда бұл «басқару-орындау» қатынасы, кейде бұл бұйрық берушілік пен бағынушылықтың қатаң нысанында көрініс береді. Бір адамның басқа адамға бағыну негізінен теңсіздікке жатады: табиғи теңсіздік (физикалық, интеллектуалдық) және әлеуметтік теңсіздік (мәртебелілік, экономикалық, білімділік және т.б.).

Табиғи теңсіздік негізінде пайда болатын билік қашанда жеке тұлға аралық қарым-қатынас сипатына ие. Бұл жағдайда біз бір адамға бағынамыз. Алайда жаңадан пайда болған жағдайда ол адам өз үстемдігін, артықшылығын көрсете бере алмайды, біз оның өкімін орындамауымыз да ғажап емес.

Әлеуметтік теңсіздікке негізделген билік өзінің персоналдық нысанын жоғалта алады. Себебі біз қызметте физикалық тұрғыдан күшті, қуатты болсын немесе бізге ұнасын, ұнамасын бастықтың өкімін орындауға мәжбүрміз. Ол қоғамда да өзінің нақты қатысушыларынан тәуелсіз және әлеуметтік кеңістікте жеткілікті дәрежеде тұрып, жүзеге асырылады. мысалы, отағасы, діни қауымдастықтың рухани басшысы, мекеме жетекшісі, партия қолбасшысы бұлардың барлығы әлеуметтік кеңістікте әртүрлі орында тұрса да өзінің бағдарламасы бойынша міндетті шешімдерді қабылдауда айрықша құқыққа ие. Мұндай биліктің тұрақты болуының себебі оның институционализациясында, әлеуметтік теңсіздікке негізделген билік әлеуметтік институт болып табылады.

Яғни, билік әлеуметтік теңсіздік негізінде пайда болады, бірақ бұл теңсіздік автоматты түрде билік қатынастарына ықпал етеді деген сөз емес. Мысалы, мекеме директоры көрші заводтың жұмыскерлеріне өкім бере алмайды. Билік беруге басқару, екіншісіне бағынуды мазмұндайтын нормалар мен ережелер бекітілгенде ғана және осы ережені бұзғандар бойынша санкция шыққанда ғана пайда болады. Міне, біз осы ережелерден кейін ғана билікті әлеуметтік институтқа, әлеуметтік теңсіздікке негіздеген деп айта аламыз.

Қоғамда биліктің айрықша түрі бар. Оның басты белгісі болып билік субъектілерімен қабылданған, қоғамның барлық мүшелері үшін міндетті болатын шешім табылады. Бұл салықты өндіріп алу жөніндегі, меншік құқығын реттеуші тәртіп жөніндегі, даулар мен келіспеушіліктерді шешу мен қарау тәртібі жөніндегі шешімдер болуы мүмкін. Биліктің бұл түрі осы еңбегіміздің мазмұнынан және бір бөліміне арқау болып отырған – мемлекеттік билік.

Мемлекеттік биліктің негізінен әлеуметтік теңсіздіктің ерекше түрі енеді – ол саяси теңсіздік. Саяси теңсіздік бұл – саяси мәртебелердің теңсіздігі. Адам жауапкершілігі мол шешім қабылдау құқығын Үкімет мүшесі бола отырып, Парламент депутаты бола отырып, қоғамның иерархиялық құрылуында өзінің

ерекше мәртебесіне байланысты ала алады. Адамның осындай дәрежеге жетуіне ықпал етуші факторлардың қатарына жеке тұлғаның ерекше өзгешеліктерін атап айтуға болады: білім деңгейі, саяси ұйымдар қолдауы, жаппай ақпарат құралдарына қол жеткізу және т.б.

Әлеуметтік теңсіздік қоғамды басқару үшін мүмкіндік туғызады. Себебі социумның өмірлік координациясы үшін басқару орталығы «ми штабы», сонымен бірге жекелеген және топтық мүдделердің өзімшілдігін жеңу қажет.

Демек, қоғам тарихы – саяси теңсіздікті жою тарихы емес, бұл – қоғамды ұйымдастырудың тиімді әдістерін құру және іздеу. Саяси билік қашанда қоғамның дамуына үлес қосқан.

Саяси (мемлекеттік) билік қатынастарын реттейтін нормаларды сақтау саяси социализация үрдісімен қамтамасыз етіледі: адам бала шағынан өзінен орындауды талап ететін бұл нормалармен танысады. Жеке тұлға норманы сақтауы өзіндік әдет, қарапайым іс болып кетеді.

Мемлекеттік биліктің пайда болуы және институализациялану үрдісі мемлекеттің пайда болу және даму үрдісімен қатар жүреді. Себебі, саяси шешімдерді қабылдаудың айрықша құқығы мемлекеттік органдарға тиесілі, сондықтан мемлекеттік заң шығарудың соңғы нүктесі болып табылады.

Мемлекеттік билік органдары – мемлекеттік биліктік өкілеттерге ие және өз құзыреті шегінде мемлекеттің белгілі бір міндеттері мен қызметтерін жүзеге асыру үшін қажетті материалдық құралдарды иеленетін мемлекеттік қызметкерлерден тұратын мемлекеттік механизмнің ұйымдасқан, рәсімделген шаруашылықты бөлігі органдарының санын негіздейді.

Мемлекеттік билік органдары оның легитимдігінің заңды қайнар көзі ретіндегі критерий бойынша төмендегідей болып сараланады:

1. Конституциямен, республикалық заңдармен мемлекет қызметін және міндетін тікелей орындау үшін республика субъектілерінің жарғысымен бекітілетін органдар. (Республика Үкіметі, Парламенті, сот органдары).

2. Жоғарыда аталған мемлекеттік органдардың түрлерінің өкілеттіктерін орындауды қамтамасыз ету үшін құрылатын органдар (Президент әкімшілігі және тағы басқалары).

Мемлекеттік билік органдары мемлекет механизмін қамтиды.

Мемлекеттік механизмі түсінігі «мемлекеттік аппарат» категориясымен тығыз байланысты. Соңғысын екі мағынада: тар және кең мағынада түсінуіміз қажет. Кең мағынада мемлекеттік аппарат түсінігі барлық мемлекеттік органдардың жиынтығы ретінде мемлекеттік механизм анықтамасына сәйкес келеді. Неғұрлым тар (арнайы) мағынада мемлекеттік аппарат ретінде мемлекеттік басқару аппараты түсіндіріледі.

Ендеше, мемлекет механизмі (аппараты) бұл – Қазақстан Республикасының Конституциясында, өзге де республикалық заңдарда бекітілген, тепе-теңдік және тежемелік қағидасына негізделген мемлекеттік органдар жүйесі. Яғни, мемлекеттік билік органдары мемлекеттік механизмге тоғысады. Біз қай тұрғыдан болмасын, мемлекеттік билік органдарын қарастырғанда мемлекеттік механизмді де қарастыруымыз қажет.

Мемлекеттік және саяси билік.

Билік жүргізу әдістері рухани және материалдық болып бөлінеді. Рухани әдістер: саяси идеялар мен теориялар, саяси сана, заң, норма, ереже, білім, саяси сөз, саяси әдістер, саяси өнер;

Материалдық әдістер: саяси жобалау, есеп бақылаудың техникалық әдістері, күштеу тәсілдері, билік жүргізу кадрлары, саяси институттар, органдар, билік ұйымдары саяси билік бар жерде теңсіздік бар. Мұнда біреулер билік етуге құқылы да, екіншілері бағынуға міндетті. Бұл теңсіздіктің туу себебі мына төмендегі әдіс құралдарға байланысты.

1. Экономикалық қор. Қандай саяси билік болмасын оған қаржы қаражат керек. Мысалы: сайлау науқанын өткізу үшін ондаған миллион ақша жұмсайды. Мемлекет тарапынан берілетін ақша жетіспеуінен өздерін өздері қаржыландырады (спонсор). Билеуші аппаратты ұстау үшін қыруар ақша жұмсалады. Оның үстіне билік басына келген топ өзінің экономикалық бағдарламасымен келеді. Оларды жүзеге асыру үшін көптеген қаржылар керек.

2. Әлеуметтік әдіс-құралдар. Үстемдік етіп отырған адамдар немесе өзін қолдайтын сақтайтын адамдар топтарын іздейді. Бұл рөлді көбінесе сол қоғамда, сол билік тұсында белгілі бір артықшылықтарға, мәртебеге, абыройға ие, жалақысы мол қызметкерлер орындайды.

3. Күш жұмсау құралдары. Олар мемлекетті қорғайды, ішкі тәртіпті сақтайды, саяси билікті құлатуға әрекет жасаушыларға мүмкіндік бермейді, оған жататындар: әскер, полиция, қауіпсіздік органдары, сот, прокуратура және т.б. Тарихи тәжірибеге сүйенсек саяси билік оларды өз мақсаттарына, әсіресе экономикалық және саяси дағдарыстар негізінде жиі пайдаланады.

4. Ақпарат құралдары. Қоғамдық пікір тудырып саяси өмірге ықпал ету жағынан биліктің белгілі бір артықшылықтарға ие болуы. Демократиялық елдерге сөз, баспасөз бостандығы беріледі.

5. Ақпарат құралдарымен қатар билікті жүргізуде информациялық қордың да маңызы зор. Біліммен ғылыми мағлұмат алу, оларды тарату бүгінгі таңда алдыңғы қатарлы орындарға шығуда кейбір ғалымдардың айтуынша информация кімнің қолында болса, ХХІ ғасырда билік соның қолында болады. Билік саяси және мемлекеттік болып екіге бөлінеді. Саяси билік дегеніміз белгілі бір топтар мен таптардың мемлекеттік органдар жүйесі арқылы қоғамдағы саяси үстемділігі. Ал мемлекеттік органдар жүйесі арқылы қоғамдағы саяси үстемділігі. Ал мемлекеттік билікке барлық адамдарға міндетті заңдарды шығаруға жеке-дара құқығы бар заңдар мен ұйымдарды сақтау үшін ерекше күштеу аппаратына сүйенетін саяси биліктің түрі жатады.

Мемлекеттік билік пен саяси билікті салыстыратын болса, саяси билік мемлекеттік билікке қарағанда кең ұғым. Саяси билік тек мемлекеттік көлемде ғана емес, сонымен бірге халықаралық ұйымдар көлемінде де жүргізіледі. Кез-келген мемлекеттік билік ол саяси билік, ал кез-келген саяси билік мемлекеттік бола алмайды. Мысалы: алғашқы қауымдық құрылыста саяси билік болған (ақсақалдар кеңесі) ал билік аппараты, мемлекет болмайды. Демек мемлекеттік билік саяси биліктің бір түрі.

Саяси билік ерекшеліктері:

1. Ол адамдардың үлкен тобының мүддесін қорғайды, ол топтың қоғам

экономикасындағы ролі басым болады, әр қоғам сол топ мүддесі тұрғысынан басқарылады:

2. қоғамдағы басшылық көбінесе сол топ өкілдерінің қатысуымен мемлекет арқылы қоғамдық-саяси жетекшілер арқылы жүргізіледі;
3. арнайы басқару ісімен шұғылданатын ерекше маман топтардың болуы;
4. жариялылығы, жаппай болуы.

Мемлекеттік билік ерекшеліктері:

1. ол белгілі бір аумақта ерекше аппарат арқылы жүргізіледі;
2. мемлекеттік билік өзінің арнайы күштеу аппаратына сүйенеді;
3. мемлекеттік билік монополиялық сипат алады.

Саяси биліктің субъектісі халық. Ал халықтың атынан билікті қолдаушылар ол қолына билік беріліп арнайы құрылған органдар ұйымдар мекемелер. Саяси билік субъектілер өз билігін жаңағы билікті қолдаушылар арқылы жүргізеді.

Тақырып №4 **Мемлекет нысаны**

Ж О С П А Р

- 1. Мемлекет түрлері (нысаны) және оның белгілері (элементтері)**
- 2. Басқару түрлері (нысаны)**
- 3. Мемлекет құрылым түрлері (нысаны)**
- 4. Мемлекеттік (саяси) режим**

1. Мемлекет түрлері (нысаны) және оның белгілері (элементтері).

Кез келген мемлекет оның мәнінің, мазмұнының және нысанының бірлігі. Ол белсенді қызмет етуі үшін, оның тетігі (механизмі) сапалы әрі үйлесімді әрекет етуі үшін, анық ұйымдасқан мемлекеттік билікті талап етеді. Белгілі орыс заңгері және философы И.А. Ильиннің ойынша, мемлекет нысаны деген халық өміріне қатысы жоқ «дерексіз ұғым», не «саяси сызба» емес, ол өмір құрылысы, халық билігінің тірі ұйымы. «Бұл – халық өзінің өмірлік құрылысын түсінуі үшін, ол тек «осылай» ғана ұйымдасуды білуі үшін, ол осы құрылыстың заңдарын құрметтеуі үшін және өз ерігін осы ұйымға енгізу үшін қажет».

Мемлекет нысаны деген ұғым мемлекет билігі қандай қағидаларға негізделеді және аумағына қатысты қалай құралған, мемлекеттің жоғары органдары қалай құрылады, олар қалай өзара бір-бірімен және халықпен қарым-қатынаста болады, қандай әдістермен олар жүзеге асырылады және осы сияқты басқа да сұрақтарға жауап береді.

Мемлекет нысаны деп басқару нысандарымен, мемлекеттік құрылыс нысандарымен және саяси (мемлекеттік-құқықтық) тәртіппен айқындалатын мемлекеттік биліктің ұйымдастырылуын атайды.

Демек, мемлекет нысаны деген ұғым, біріншіден, жоғарғы мемлекеттік биліктің ұйымдастырылуын, оның құрылу бастауларын және жоғары билік органдарының өзара бір-бірімен және халықпен қарым-қатынаста болу қағидаларын; екіншіден, мемлекеттік биліктің аумақтық ұйымдастырылуын, мемлекет пен оның құрама бөліктерінің ара-қатынасын; үшіншіден, мемлекеттік билікті жүзеге асырудың әдістері мен тәсілдерін қамтиды.

Мемлекет нысаны оның пайда болуы мен дамуының нақты-тарихи шарттарынан туындайды, оған шешуші ықпалды мемлекеттің мәні, тарихи үлгісі (типi) жасайды. Атап айтсақ, мемлекеттің жериеленуші (феодалдық) үлгісіне, әдетінше, монархиялық басқару нысаны, ал мемлекеттің буржуазиялық үлгісіне республикалық басқару нысаны сәйкес келді. Мемлекет нысаны көбінесе елдегі (әсіресе оның пайда болған кезеңінде) саяси күштердің ара-қатынасына тәуелді. Ертедегі буржуазиялық төңкерістер (мысалы, Англиядағы), салдары конституциялық монархияға жол берген, буржуазия мен жериеленушілер арасындағы өзара келісіммен аяқталды. Мұнда, Конституция – жас буржуазияның талабы, монархия – жериеленушілерге жол беру.

Мемлекет нысанына ұлттық құрам, тарихи дәстүрлер, елдің аумақтық өлшемдері жәнy осы сияқты басқа да себептер ықпал етеді. Аумағы жағынан көлемді емес мемлекеттер, әдетінше, біртұтас, яғни унитарлық болып келеді. «Халықтың көпұлттық құрамы,- деп жазады И.А. Ильин,- мемлекеттік нысанға өз талаптарын қояды. Ол ыдыраудың себепшісі болып, апатты азаматтық соғыстарға әкелуі мүмкін». Югославиядағы жағдайлар, КСРО-ның бұрынғы республикаларындағы күрделі ахуал, ұлтаралық араздықтар И.А. Ильиннің төмендегі айтқан сөзіне дәлел. Ол былай деп санайды: әр халықтың «өзіне тек қана өзіне сәйкес, өзінің, ерекше, жеке нысаны және конституциясы» болуы қажет. «Біркелкі халықтар болмайды, олай болса біркелкі нысандар мен конституциялар да болмауы керек. Көзсіз шеттен аласалушылық пен еліктеушілік мағынасыз, қауіпті және апатты болуы мүмкін». **Мемлекет нысандары** - саяси өкіметі ұйымдастыру жолдары, басқару нысанын, мемлекеттік ұйымдастыру нысанын және саяси режимді қосып алады.

2.Басқару түрлері(нысаны)

Басқару нысаны деген санат мемлекеттің жоғары органдары қалай құрылатындығын, олардың құрылымының қандай екендігін, қандай негіздерде олар өзара қарым-қатынас жасай алатындығын көрсетеді; мемлекеттің жоғары органдары мен басқа да органдарының арасындағы, сонымен бірге елдегі жоғары мемлекеттік билік пен бұқара халықтың арасындағы қарым-қатынастардың қалай құрылатындығын, мемлекеттің жоғары органдарының ұйымдастырылуы қандай мөлшерде азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге мүмкіндік бере алатындығын айғақтайды.

Олай болса, басқару нысаны жоғарғы мемлекеттік биліктің ұйымдастырылуының тәсілін, оның органдарының құрылу тәртібін, сол органдардың бір-бірімен және халықпен қарым-қатынасын, оларды құрудағы халықтың қатысу дәрежесін ашады.

Басқару нысанының екі негізгі түрі бар: монархия және республика.

Олардың жоғарғы органдары бір бірінен құрылу тәртібі бойынша да, құрамы бойынша да, құзыреті бойынша да ажыратылады.

Монархия ертедегі таптық қоғамдарда пайда болған басқару нысандарының аса ежелгісі. Тарихи тұрғыдан алғашқы монархия болып месопотамия патшасы І Саргонның империясы (б.д.д. 2371-2230 жж.) саналады. Құлиеленуші қоғам жағдайларында пайда болған монархия, орта ғасырларда басқару нысанының негізгісіне айналды. XVII-XVIII ғғ. буржуазиялық-демократиялық төңкерістерге қарамастан, монархиялар басымды басқару нысаны болуын жалғастыра берді. Қазіргі әлемде монархия кеңінен таралған басқару нысаны. Айта кетейік, 30 батысеуропалық елдердің оны, Азияда – төрттен бір бөлігі, Африкада 53 елдің үшеуі – монархия, Солтүстік Америкада монархиялық басқару нысаны Канадада, Латын Америкасында монархия Белизде орнатылған. Кариб теңізіндегі ұсақ аралдық мемлекеттердің көпшілігі де монархиялар.

Қоғамның тарихи дамуының барысында монархиялық басқару нысаны өзгеріссіз қалмағаны белгілі. Атап айтсақ, Бельгия, Голландия, Испания, Жапония, Швеция, Дания сияқты өнеркәсібі дамыған елдерде монархия тек дәстүрлік, негізінен нысандық белгілерін сақтап қалды, ал Шығыста, Персия шығанағы елдерінде (мысалы, Бахрейн, Катар, Сауд Арабиясы және басқалар) монархия, дәстүрлі монархиялық басқару нысанымен салыстырғанда, елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ. Осыған қарамастан монархияның жалпы анықтамасын беруге болады.

Монархия – бұл жоғары мемлекеттік билік заңға сәйкес толығымен немесе ішінара мемлекеттің жеке басшысының, яғни монархтың қолында шоғырланатын, сонымен қатар аталған билік көптеген жағдайларда өмірлік болып келетін және мұра бойынша өтіп отыратын басқару нысаны.

Монархияның дәстүрлі нысаны мынадай бірқатар елеулі белгілерге ие:

- монархтың мемлекет басшысы (перғауын, король, патша, император, шах, сұлтан және тағы сол сияқтылар) ретінде билікті өмірлікке және жеке өзі пайдалану;
- өзінің жаратылысынан егемен және жоғары болып келетін заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің барлық толықтығы монархтың қолында шоғырлануы;
- басқаруды монархтың оның алдында жауапты министрлердің, шениесілердің (шенеуніктердің), кеңесшілердің көмегімен жүзеге асыруы;
- жоғарғы биліктің мұра бойынша өтіп отыруы;
- биліктің монархтың жеке құқығы бойынша жүзеге асырылуы;
- мемлекет басшысының заңи жауапсыздығы, оған сәйкес монарх өз басқаруының нәтижелері үшін нақты саяси немесе заңи жауаптылыққа тартылмайды.

Аталған заңи белгілер монархияны басқа дәстүрлі басқару нысанынан – республикадан ажыратуға мүмкіндік береді.

Парламенттік монархия. Дуалшылық монархиядан парламенттік монархияға өту бірқатар факторлардың – азаматтық қоғамның кемелділігінің, халықтың

әлеуметтік-экономикалық мүдделерінің түзілуінің, олардың тұрақтылығының, есепсіз «орта таптардың» бар болуының, әлеуметтік топтар мен қауымдастықтардың мүдделерін кескіндеуге қабілеті бар бәсекелі партиялық жүйенің қызмет етуінің, азаматтылықтың демократиялық дәстүрлері мен саяси мәдениетінің қалыптасқандығының арқасында мүмкін болды.

Мұндай жағдайларда сан-алуан әлеуметтік мүдделер мен қажеттіктердің қиысуы билік өкілеттіктерін монархтың қолында шоғырландыру арқылы емес, оларды мемлекеттік биліктің әртүрлі органдарының арасында қисындылықпен бөлінуінің, сол органдардың дер кезінде қоғам талаптарына орай әрекет етуінің, негізгі саяси күштердің ымыралыққа талпынуының арқасында жүзеге асады. Халықтың мүдделері мен армандарын кескіндейтін билік пен саяси партиялардың, қозғалыстардың мұндай сұхбаты монарх тұлғасында бейнеленетін ұлттық дәстүрлерге, қоғам бірлігінің рәмізіне, тарихи тағдырдың ортақтығына тірек артуы мүмкін. Көптеген өнеркәсіпті дамыған елдер Еуропада болсын (Ұлыбритания, Дания, Норвегия, Бельгия, Швеция, Испания, Голландия және тағы басқалар), Азияда болсын (Япония), басқару нысаны бойынша парламенттік монархияларға жатады.

Парламенттік монархияның мынадай заңи белгілері бар:

- монарх билігінің сипаты мұралы және өмірлік;
- монарх патшалық етеді, бірақ басқармайды. Мемлекет басшысы ретінде ол өкілдік қызметтерді орындайды, мемлекет рәмізі болып саналады. Заң жүзінде билік өкілеттіктеріне ие бола отырып, ол оларды өзінше пайдалана алмайды, олар «ұйқылы» күйде болады екен;
- заң шығару билігі (парламентте шоғырланған) мен атқарушы биліктің (үкіметтің қолында) өзара қарекет тәртібі қатаң бөліну қағидасына емес, ынтымақтастық қағидасына негізделген;
- үкіметті парламент құрайды және ол оның алдында жауапты, яғни оған заңи инвеститура құқығы тиесілі. Заң жүзінде мұны монарх жасауы керек, бірақ іс жүзінде сайлауда жеңіп шыққан партия көшбасшысы үкіметті өз фракциясы депутаттарының ішінен құрады;
- монарх заңи түрде жауапсыз, ол контрасигнатура қағидасында айқындалған, яғни монархтың актілері премьер-министрдің немесе министрдің қолдарымен бекітіледі және сол үшін жауапты;

Парламенттік монархияның жалпы белгілері нақтылы-тарихи нысандарда көрініс табуы, ұлттық ерекшелікте орын алуы мүмкін. Мұның монархтың билік өкілеттіктерінің көлеміне де, оның парламентпен, үкіметпен өзара қарекетінің ерекшеліктеріне де қатысы бар.

Республика. Монархиямен бірге оған балама басқару нысаны – республика да дамыды. Республикалық басқару нысаны б.ғ.д. ІҮ-ІІІ мыңжылдықтарда Ежелгі Месопотамия қала-мемлекеттерінде пайда болды. Оларда билік биліктің сайламалы органдары – жиналыс және билеуші басқарған кеңес арқылы жүзеге асты. Билеушіні сайлайтын жиналысқа қала-мемлекеттің барлық толыққұқылы азаматтары қатысты.

Кейін келе республика өз тіршілігінде әртүрлі нақтылы-тарихи нысандарға ие болды. Антика кезеңінде ол өзінің аса айқын көрінісін демократиялық Афин

республикасынан тапты. Мұнда мемлекеттің барлық органдарын, соның ішінде жоғарғы орган – Халық жиналысын, Афиннің толыққұқылы азаматтары сайлады. Алайда, құлиеленуші мемлекеттерде аса кеңінен тарағаны бекзадалық (аристократиялық) республикалар болды; мұнда жоғарғы мемлекеттік биліктің сайланбалы органдарын қалыптастыруда, олардың жұмысын атқаруға тек әскери-жериеленуші шонжарлар ғана қатыса алды. Жериеленуші (феодалдық) дәуірде республикалық басқару нысаны жиі қолданыс таппады. Олар өзін-өзі билеуге құқығы бар ортағасырлық қалаларда (мысалы, Венецияда, Генуяда, Любекте, Новгородта) пайда болған. Көпестік қала-республикалар сайлау жолымен басында жауапты лауазымды тұлғалар (бургомистрлер, мэрлер) тұратын билік органдарын (қала кеңестерін, мэрияларды) құрды. Республикалық басқару нысаны ХҮІІ-ХҮІІІ ғғ. буржуазиялық-демократиялық төңкерістерден (революциялардан) кейін мемлекет-ұлттарда кеңінен тарала бастады. Бұл төңкерістер шектелмеген монархияға бағыттталып, халық егемендігі, сайланбалылық, жаратылысты құқықтардың кепілділігі, биліктің бөлінуі сияқты қағидаларға негізделген басқару нысаны – республика құруға талпынды. Қазіргі таңда республика – заманауи мемлекеттердегі басқару нысанының басымдысы.

Парламенттік республикада парламент заң шығару өкілеттігімен шектеліп қана қоймайды, ол үкіметке сенімсіздік танытып, одан кетуін (отставканы) талап етуге құқылы, яғни үкімет өз қызметі үшін парламент алдында жауапты. Республика президенті үкімет басшысы емес, тек мемлекет басшысы. Саяси тұрғыдан бұл мынаны білдіреді: үкіметті парламенттік сайлауда жеңіп шыққан партия немесе партиялар құрайды, ал президент партияның көшбасшысы бола алмағандықтан, оған үкімет қызметін бағыттауға жол жоқ. Үкіметті премьер-министр басқарады (ол басқаша аталуы да мүмкін).

Президенттік республикада президент тікелей белгілі бір парламенттік бақылауда үкіметті құрады, ол өз қызметі үшін президент алдында жауапты. Президенттік республикаларда, әдетінше, премьер-министр лауазымы жоқ, өйткені көбінесе мемлекет басшысы мен үкімет басшысы қызметтерін президенттің өзі атқарады.

Айта кету керек, аралас «жартылай президенттік» (президенттік-парламенттік) республикалар да (Франция, Финляндия, Португалия) бар. Президенттік-парламенттік республиканың дәстүрлі үлгісіне 1958 жылғы Конституциямен орнықтырылған Франция Бесінші республикасының билік жүйесін жатқызуға болады. Оның құрылуы 1946 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан және саяси дағдарыс жағдайларында тиімсіз болып қалған парламенттік республиканың кемшіліктерін еңсеруге талпынудан туындады. Осы себепке байланысты Бесінші республиканы құрушылар президенттік-парламенттік басқару нысанында парламенттік және президенттік басқару нысандарының аса күшті жақтарын біріктіруді жөн деп тапты. Бұл басқару нысанының «аралас» деп аталуы да сондықтан. Сөйтіп, ол өзінде президенттік республиканың артықшылығы болып саналатын күшті президенттік билікті және парламенттік республиканың басымдығының бірін құрайтын парламент тарапынан үкіметтің тиімді бақылануын біріктіруге мүмкіндік алды.

Президенттік-парламенттік республиканың заңи белгілеріне мыналар жатады:

- үкіметтің қосарланған инвеститурасы, яғни президенттің де, парламенттің де алдында үкіметтің жауаптылығы;
- мемлекет басшысын парламенттен тыс тәсілдермен сайлау;
- республика президентінің мемлекет басшысы және атқарушы биліктің басшысы болып саналуы;
- заң шығарушы, атқарушы және сот билігі органдарынан жоғары тұратын президенттің қолында едәуір билік өкілеттіктерінің шоғырлануы;
- парламент өкілеттігінің едәуір шектелуі;
- үкімет өкілеттігінің, заң шығару аясын қоса алғанда, ауқымдылығы.

Монархия мен республика басқару нысандары ретінде өздерінің аса өміршеңдігін, саяси тарихтың әрқилы жағдайлары мен дәуірлеріне бейімделгіштігін дәлелдей алғанын атап өту артық болмас.

3.Мемлекет құрылым түрлері(нысаны)

Сан ғасырлар бойы әртүрлі мемлекеттер бір-бірінен өздерінің ішкі құрылысымен (құрылымымен), яғни аумақтық бөліну тәсілімен (әкімшілік-аумақтық бөліністер, дербес (автономиялық) саяси құрылымдар, егемендігі бар мемлекеттік құрылымдар), сонымен бірге мемлекеттік биліктің орталықтандырылу дәрежесімен (орталықтандырылған, орталықтандырылмаған, демократиялық орталықтандырушылық қағидасы бойынша ұйымдасқан) ажыратылып келгенін мемлекет өмір сүруінің тарихы айғақтап берді. Бұл феномен «мемлекет құрылысының нысаны» терминімен белгілі. Оны мемлекеттік биліктің ішкі аумақтық ұйымдастырылуы, мемлекет аумағын әртүрлі құрама бөліктерге бөлу, олардың құқықтық жағдайы, жалпы мемлекет пен оның құрама бөліктерінің ара-қатынасы деп түсіну керек.

Мемлекеттік құрылыс нысандарының сан-алуандығының ішінен екеуі ғана оның негізгілеріне жатады: біртұтас (унитарлық) және федеративтік. Мемлекеттік құрылыс нысанының үшіншісі – конфедерация, бірақ ол алғашқы екеуіне қарағанда өте сирек кездеседі.

Біртұтас (унитарлық) мемлекет аумақтық-саяси ұйымдастырылудың аса жәй және кең таралған түріне жатады. Мемлекеттік құрылымның мұндай нысаны Польша, Франция, Италия, Испания, Болгария, Жапония, Ұлыбритания сияқты елдерге тән.

Біртұтас (унитарлық) мемлекет мынадай бірқатар нысанды-заңи белгілермен сипатталады:

- өз билігін бүкіл аумаққа тарата алатын және өкілеттіктері жергілікті органдармен шектелмейтін жалпы елге бірдей заң шығарушы (өкілді), атқарушы және сот органдарының болуы;
- бірыңғай құқық және ақша жүйесінің қызмет етуі, сонымен бірге бір құқықтық қалыптардың (нормалардың) негізінде елдің бүкіл аумағында сот төрелігін жүзеге асыратын бірыңғай сот жүйесінің болуы;
- бірыңғай азаматтықтың болуы;

- биліктің орталық органдарына қатысты барлық әкімшілік-аумақтық бөліністердің (аудандардың, облыстардың, провинциялардың, департаменттердің) заңи мәртебелерінің бірдей болуы және олардың қандай да бір саяси дербестігінің болмауы;

- елдің бүкіл аумағында бірыңғай конституцияның болуы, осыған сәйкес орталық үкіметпен шығарылатын барлық қалыпты (нормативті) актілерді жергілікті билік органдарының міндетті түрде қолдануы.

Біртұтас (унитарлық) мемлекет әкімшілік-аумақтық бөліністерден тұрады, оларды басқару келесі тәсілдермен жүзеге асуы мүмкін:

- тікелей – орталық билікпен сол билікпен тағайындалған шенеуніктері арқылы (бұл жағдай қатаң орталықтандырылған біртұтас мемлекетке тән);

- жанамалай – орталықтан тағайындалатын шенеуніктің әкімшілік бақылауында болатын жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы (бұл біршама орталықсыздандырылған біртұтас мемлекет);

- тек жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы (бұл жағдайда орталықсыздандырылған біртұтас мемлекет).

Сонымен, біртұтас (унитарлық) мемлекет - әкімшілік-аумақтық бөліністерінің (облыстар, провинциялар, округтер және сол сияқтылар) саяси дербестігі болмайтын бірыңғай мемлекет.

Біртұтас мемлекеттер халықтың бірұлттық (Франция, Швеция, Норвегия және басқалар) және көпұлттық (Ұлыбритания, Түркия, Қазақстан және басқалар) құрамынан тұруы мүмкін.

Федеративті мемлекет. Біртұтас мемлекетке қарағанда федеративті мемлекет (федерация) – бөліктері егемендігі бар мемлекеттер немесе мемлекеттік құрылымдар болып саналатын күрделі одақтық мемлекет. Федерация орталықсыздандырушылық негізінде құрылады.

Қатаң ғылыми мағынада федерация деп келісім-шартқа немесе конституцияға негізделген мемлекеттер одағын атайды. Сондықтан да федерация дербес мемлекеттер біріккен жерде ғана орын алуы мүмкін. «Осыған орай федеративтік конституциялар саяси бірігіп келе жатқан шағын мемлекеттер өз «дербестігінде» нақты несін сақтап қалатындығын және несін жоғалтатындығын орнықтырады».

Федерация құрамына кіретін мемлекеттік құрылымдар мен мемлекеттер оның субъектілері деп аталады. Олардың өз конституциялары, өз азаматтығы, жеке заң шығарушы, атқарушы, сот сияқты жоғарғы мемлекеттік органдары болуы мүмкін.

Қазіргі таңда әлемде халқы 1 млрд. адамнан асатын 24 федеративті мемлекет бар. Олардың қатарын саяси және экономикалық жағынан қуатты АҚШ, Канада, ГФР және Австралия сияқты мемлекеттер, капитализм дамуының жоғары (Швейцария, Бельгия, Австрия) және орта (Бразилия, Аргентина, Мексика, Венесуэла, Индия, Пакистан) деңгейіндегі мемлекеттер, дамушы елдер (Нигерия, Малайзия, Біріккен Араб Әміреттері, Комор аралдары), тоталитаризмнен демократияға өту кезеңін басынан өткізуші елдер (Ресей, Сербия және Черногория республикасы) құрайды.

Федеративті мемлекеттер екі жолмен қалыптасты. Көп жағдайларда олар «жоғарыдан» орталықсыздандыру, біртұтас мемлекеттерді «ірілендіру», өкілеттіктердің бөлігін орталықтан жергілікті жерлерге беру жолдарымен құрылды (ГФР, Ресей, Югославия, Бразилия, Аргентина). Федерациялардың құрылуының екінші жолы «төменнен» басталды – конфедерациядан егеменді бөліктердің бірігуі арқылы федеративті мемлекетке өту (АҚШ, Австралия Одағы, Швейцария).

«Федерация» ұғымы ғылымда біржақты түсіндірілімі жоқ, таласты мәселелер қатарына жатады.

Біреулер федерацияны «федерацияның барлық мүшелеріне ортақ міндеттерді орталық билікпен шешу үшін біріккен, бірнеше мемлекеттік құрылымдардан тұратын бірыңғай мемлекет» дей отырып, тар мағынада қарастырады.

Бұл көзқарасқа мына ұстаным да жақын, оған сәйкес «федерализм – бұл өңірлік (регионалдық) әртүрлілікті ұжымдық бірліктің белгілі бір деңгейімен бітістіруге талпынатын және ол мұны бір жолдармен өңірлік үкіметтер әбден нақты рөл ойнайтындай етіп жасайтын үкіметті ұйымдастырудың нысаны».

Федерацияның кең түсіндірмесі (интерпретациясы) оны «халықтың егемендік ерігі өзінің көрінісін бірыңғай мемлекеттің конституциялық немесе келісім-шарттық құрылуынан табатын, барлық федералдық мемлекеттің, оның субъектілері мен сол мемлекеттің азаматтарының мүдделері үйлесімді байланыста болатын мемлекеттің саяси жүйесінің құрылымы» ретінде қарастырады.

Аталған көзқарастар еуропалық және ағылшын-американдық деген екі дәстүрге сәйкес.

Ағылшын-американдық дәстүр федерацияны жалпы мемлекетті бірыңғай басқару мен оның субъектілерінің жеткілікті деңгейдегі өзін-өзі басқаруының байланысын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін мемлекеттік билікті ұйымдастырудың нысаны ретінде қарастырады. Бұл жағдайда зерттеушілер одақтық мемлекетті конституциялық басқарудағы өзін-өзі басқару мен оған бірге қатысудың нақты байланысына назар аударады. Басқару мен өзін-өзі басқарудың көптеген түрлерінің негізінде олар федерацияны бірнеше түршелері бар тектік ұғым ретінде бөліп алды.

Белгілі американдық ғалым Д. Дж. Элейзердің пікіріне сәйкес, одақтық мемлекеттен мемлекеттік биліктің ұйымдастырылуының федеративті және квазифедеративті нысандарын бөліп алуға болады.

Ол федеративті нысанның бірінші түршесі – федерацияның өзі деп санайды. Мұнда федерация орталық үкіметтің өкілеттіктері оны құрайтын бөліністердің халқымен өкілеттенетін одақтық мемлекет ретінде көрініс табады. Бұлардың дәстүрлі үлгілері – АҚШ, Канада, Швейцария. Қалғандары орталықсыздандыруға негізделген өзін-өзі басқару мен үлестік басқару байланысының түрлері ретінде квазифедеративті нысанды құрайды. Осылардың ішінен екінші түршені – егемендігін және заң шығару өкілеттігін сақтап қалған мемлекеттер одағы – конфедерацияны шығарып алуға болады. Мысал ретінде федерацияның мұндай түршесіне Еуропа Одағын жатқызады. Үшінші түрше – өзіне ірі федеративті мемлекеттің кеңейтілген ішкі дербестігі

(автономиясы) бар федеративті мемлекетпен қатынастарын қосатын федералшылдық. Қатынастардың мұндай үлгісін достастық деп те атайды. Мысал ретінде АҚШ пен Пуэрто-Рико қатынастарын айтуға болады. Төртінші түрше – федеративті мемлекеттің ірі мемлекетпен асимметриялық қатынастарда болатын (АҚШ пен Маршалл аралдарының қатынастарына ұқсас) қауымдасқан мемлекеттілік. Квазифедеративті нысанға униялар да, лигалар да, кондоминиумдар да, конституциялық өзін-өзі басқарулар да жатады.

Еуропалық дәстүр бойынша федерация нысанды-заңи белгілердің негізінде біртұтас (унитарлық) және конфедеративті нысандардан мейлінше анық ажыратылады. Олай болса, федерацияға келесі нысанды-заңи белгілер тән:

- федералды үкімет пен федерацияға мүше мемлекеттер үкіметтерінің арасындағы қарарлар мен өкілеттіктердің бөлінуін қажет ететін биліктің тігінен бөлінуі;
- сыртқы саясаттың жүргізілуін тек федералды үкіметтің ғана бақылауы;
- федералды үкімет өз билігін мүше мемлекеттердің қатысуынсыз пайдалануы және соңғыларының мақұлдауынсыз өз ерігін жүргізуі;
- федерацияға мүше мемлекеттердің белгіленген және айтарлықтай ауқымды өкілеттіктерінің болуы;
- федерация субъектілері болып саналатын мемлекеттердің одан шығу немесе ұлттық одақпен (федерациямен) байланыстарын тоқтату құқығының болмауы;
- елдің жоғары заң шығару органының қос палаталы болуы (палаталардың болмағанда бірінде мүше мемлекеттердің тең өкілдігі болуы қажет);
- соттың дуальды түрде ұйымдастырылуы (федеративті деңгейде де, субъектілі деңгейде де заңдардың пәрменділігін қамтамсыз ету үшін өз соттары болуы қажет);
- федерацияға мүше мемлекеттердің мақұлдауынсыз конституцияға түзетулер енгізудің мүмкін еместігі;
- федерацияға мүше мемлекеттердің шекараларын федералды үкімет тарапынан біржақты ретпен өзгертудің мүмкін еместігі;
- конституцияны конституциялық соттың түсіндіруі және оның федералды үкімет пен федерацияға мүше мемлекеттер үкіметтерінің арасындағы дау-дамайларды шешуі;
- федералдық заңнаманың субъектілер құқығынан үстемдігі.

Федерациялар аумақтық (АҚШ), ұлттық (Индия) немесе аралас (Ресей) белгілер бойынша құрылады. Мемлекеттік құрылыстың сипатын, мазмұнын және құрылымын анықтайтын осылар. Мемлекет шеңберінде орталықтандырылған басқарудың федерация субъектілерінің өзін-өзі басқаруымен ара-қатынасы әр елде әртүрлі болып келеді.

Федерацияға қатысты айта кететін тағы бір мәселе бар. Қазіргі әдебиеттерде бұрынғы Кеңес Одағы федерациясының сипаты жасанды, шын мәнінде ол біртұтас мемлекет болған деген пікірлер жиі айтылып жүр. Мұндай ұйғарым жасауға біршама негіздер бар: Кеңес Одағында, әсіресе тоталитаршылдықтың шарықтаған кезеңінде, мемлекеттік биліктің орталықтандырылу дәрежесі өте жоғары болды. Дегенмен, КСРО-ға одақтық (федеративтік) мемлекеттің барлық белгілері тән болатын.

Конфедерация. Бұл саяси қауымдастықтың ұйымдастырылуының сирек кездесетін нысаны. Шындығында, конфедерацияны, қатаң мағынада, мемлекет деп санауға болмайды. Конфедерация – бұл белгілі бір мақсаттарға (әскери, экономикалық, саяси және сол сияқтыларға) жету үшін құрылатын бірнеше тәуелсіз мемлекеттердің одағы.

Конфедерацияның бірқатар маңызды белгілері бар. Олар мыналар:

- конфедерация мемлекеттерінің келісімді саясатын жүзеге асыру үшін құрылатын ұлттық басқару органдарынан жоғары органдардың болуы;
- осы ортақ органдар шешімдерінің тікелей күшінің болмауы (шешімдер конфедерацияға қатысушы мемлекеттердің орталық билік органдарымен бекітілгеннен кейін ғана күшіне енеді);
- бірыңғай заң шығару органының болмауы;
- бірыңғай азаматтықтың жоқтығы;
- конфедерацияға қатысушы елдердің халықаралық қызметті толық көлемде дербес жүзеге асыруы;
- ұлттық заңнаманың конфедерациялық заңнамадан үстемдігі;
- конфедерация мемлекеттерінің одан шығуға және конфедеративтік келісім-шартты бұзуға құқығының болуы.

Тарихи тәжірибеге сүйенсек, конфедеративтік бірігулер әлсіз, өзгермелі сипатта болады: олар не ыдырап кетеді, не федерацияларға айналады. Мысалы, Солтүстік Американың штаттары 1776 жылдан 1787 жылға дейін британ билігіне қарсы күреске мүдделі болып, конфедерацияға біріккен еді. Конфедерация АҚШ – федеративтік мемлекетін құру жолында баспалдақ болды. Ал, 1952 жылы құрылған Египет және Сирия конфедерациясы (Біріккен Араб Республикасы) ыдырап кетті.

Қалай десек те, бұл нысанның бәрібір келешегі бар: КСРО мен Югославияның бұрынғы республикалары, Солтүстік және Оңтүстік Корея конфедерацияға бірігуі әбден мүмкін.

Соңғы он жылдықтарда мемлекеттік бірлестіктердің қауымдасқан (ассоциацияланған) ерекше нысандары пайда болды. Үлгі ретінде өзінің өмір сүруге қабілеттігін дәлелдеп берген Еуропа Қауымдастығын атай аламыз. Келешекте заманауи еуропалық біріккен достастықтан конфедеративтік мемлекеттік құрылымға, одан – федеративті жалпы еуропалық мемлекетке әкелуі әбден мүмкін.

4. Мемлекеттік (саяси) режим

Мемлекет нысанымен саяси (мемлекеттік) тәртіп (режим) тығыз байланыста, соңғысының сол немесе басқа елдің өмірінде маңызы өте зор. Мысалы, саяси тәртіптің өзгеруі (басқару нысаны мен мемлекеттік құрылыс нысаны сол бойда қалғанымен), әдетінше, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының күрт өзгеруімен аяқталады. Өйткені, саяси тәртіп билікті ұйымдастыру нысанымен ғана емес, оның мазмұнымен де байланысты.

Саяси тәртіп – бұл саяси билікті жүзеге асыру әдістері, әртүрлі саяси күштердің өзара әрекеттестігі мен тайталастығының, барлық саяси институттардың

қызмет жасауының нәтижесінде қалыптасатын, демократияшылдықпен немесе бейдемократияшылдықпен сипатталатын қоғамның қорытынды саяси жағдайы. Әлдебір көзқарастар бойынша «саяси тәртіп» пен «мемлекеттік тәртіп» ұғымдарын ұйқас деп саналады.

Басқа көзқарастарға сәйкес, «саяси тәртіп» ұғымы «мемлекеттік тәртіп» ұғымына қарағанда кеңірек, өйткені ол тек мемлекет тарапынан жүзеге асырылатын әдістер мен тәсілдерді ғана емес, саяси партиялар мен қозғалыстар, қоғамдық бірлестіктер, ұйымдар және тағы сол сияқтылар тарапынан да жүзеге асырылатын әдістер мен тәсілдерді қамтиды.

Саяси тәртіп – бұл саяси жүйенің қозғалмалы, қызмет етуші сипаты. «Саяси тәртіп» пен «мемлекеттік тәртіп» санаттары бір-бірімен тығыз байланыста. Егер алдыңғысы қоғамның саяси өміріне және саяси билікті жүзеге асыруға қатысатын барлық институттардың кешенін білдірсе, онда соңғысы бұл биліктің қалай жүзеге асатындығын, аталған институттардың қалай әрекет ететіндігін көрсетеді.

Саяси тәртіп ұғымы биліктің негізгі жүйелері туралы көріністерді қалыптастыруда ең бастысы. Өйткені, қоғамның саяси құрылысын ұйымдастыру тек саяси тәртіп арқылы жорамалданады. Саяси тәртіп сол немесе басқа бір елдің тарихи дамуының нақты кезеңінде орын алатын белгілі бір саяси райын сипаттайды.

«Саяси тәртіп» ұғымын мынадай белгілер құрайды:

- саяси биліктің тетіктерін (механизмдерін) қалыптастыруда халықтың қатысу дәрежесі;
- адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының мемлекет құқықтарымен ара-қатынасы;
- тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының кепілділігі;
- қоғамдағы билікті жүзеге асырудың шынайы тетіктерінің (механизмдерінің) сипаты;
- саяси билікті халықтың тікелей қатысуымен жүзеге асыру дәрежесі;
- бұқаралық ақпарат құралдарының жағдайы, қоғамдағы жариялылық және мемлекеттік аппараттың «мөлдірлік» дәрежесі;
- қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекеттік емес құрылымдардың орны және рөлі;
- биліктің заң шығару және атқарушы тармақтарының ара-қатынасы;
- азаматтар мен лауазымды тұлғаларға қатысты құқықтық реттеудің (ынталандыру, шектеу) сипаты;
- саяси мінез-құлықтың үлгісі (типі);
- саяси көшбасшылықтың сипаты;
- саяси шешімдерді қабылдау барысында азшылықтың мүдделерін ескеру;
- саяси билікті жүзеге асыру барысында белгілі бір әдістердің (сендіру, мәжбүрлеу және сол сияқтылар) басымдылығы;
- қоғамдық өмірдің барлық аяларында заң үстемдігінің дәрежесі;
- қоғам мен билік өзара қатынасының қағидалары;
- мемлекеттің күштеу құрылымдарының (әскер, полиция, мемлекеттік

қауіпсіздік органдары және тағы басқалар) қоғамдағы саяси және заңи жағдайы және рөлі;

- саяси сан-алуандылықтың, соның ішінде көппартиялықтың, өлшемі;
- лауазымды тұлғаларды, соның ішінде жоғары шенеуніктерін, саяси және заңи жауаптылыққа тартудың шынайы тетіктерінің (механизмдерінің) болуы.

Мемлекеттік билік етушіліктің әдістері мен құралдар терімінің ерекшеліктеріне қатысты екі қарама-қарсы – демократиялық және бейдемократиялық – тәртіптерді ажыратуға болады.

«Демократия» ұғымы халық билігі дегенді білдіреді. Алайда, саяси билік етушілікті барша халықтың жүзеге асыру жағдайы, әзірше еш жерде орын алмаған. Бұл әлі озық ой, бірақ оған барлығының ұмтылыс жасауы қажет. Солай десек те, бұл бағытта бірқатар мемлекеттер (Германия, Франция, Швеция, АҚШ, Швейцария, Англия) едәуір алға жылжыған, басқа мемлекеттер көбінесе осыларға еліктейді.

Демократиялық тәртіпке мынадай белгілер тән:

- мемлекеттік билікті қалыптастыруға және жүзеге асыруға халықтың тікелей (азаматтар, мысалы бүкілхалықтық даусы беруде (референдумда) қоғамдық өмірдің маңызды мәселелері бойынша тікелей шешім қабылдағанда) және өкілді демократия (халық өз билігін өзі сайлаған өкілді органдармен жүзеге асырғанда) арқылы қатысуы;
- шешімдердің көпшілікпен, азшылықтың мүдделері ескеріле отырып, қабылдануы;
- оның кемелденген құрылымы бар азаматтық қоғамға негізделуі;
- құқықтық мемлекеттің болуын, оның қағидаларының орындалуын алға тартуы;
- мемлекеттік биліктің орталық және жергілікті органдарының сайлануы мен ауысып тұруы, олардың сайлаушылар алдында есеп беруі;
- мемлекеттік биліктің заңдастырылуы;
- күштеу органдарының (қарулы күштер, полиция, қауіпсіздік органдары және тағы басқалар) қоғамның демократиялық бақылауында болуы, олардың тек тікелей мақсатта ғана пайдаланылуы, қызметтерінің заңдармен реттелуі;
- сендіру, мәмілеге келу, ортақ шешім табу әдістерінің басымдылығы, күштеу, мәжбүрлеу, бұлтартпау әдістерінің аз қолданыс табуы;
- қоғам өмірінің барлық аясында заңның үстемдік етуі;
- адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының жариялануы және шынайы қамсыздандырылуы;
- қожалық етуші заңи және жеке тұлғаларға «заңмен тыйым салынбағанның бәріне рұқсат» қағидасының қолданылуы;
- саяси сан-алуандылықтың, соның ішінде көппартиялықтың орын алуы, саяси партиялардың сайыстылығы, заңды негіздерде саяси оппозицияның парламентте де, одан тыс жерлерде де болуы (оппозицияның балама бағдарлама ұсынуы, жіберілген қателіктері үшін билікті сынға алуы, оны өзінің парламенттегі фракциялары мен блоктарының қызметтері арқылы, өзінің басылымдарында бақылауы);
- жариялылық, бұқаралық ақпарат құралдарында цензураның болмауы;

- биліктің заң шығарушы (заңдар қабылдауға, қоғам дамуының стратегиясын қалыптастыруға бейімделеген), атқарушы (қабылданған заңдарды орындауға, оларды өмірде жүзеге асыруға, мемлекеттің күнделікті саясатын жүргізуге бейімделеген) және сот (дау-дамайлар, әртүрлі құқықбұзулар орын алған жағдайларда төреші болуға бейімделген) билігіне бөліну қағидасының шынайы жүзеге асуы.

Өз кезегінде, демократия (халық билігі) екі – тікелей және өкілді – нысан арқылы жүзеге асуы мүмкін.

Тікелей демократия билікті ешкімнің араласуынсыз халықтың тек өзіне жүзеге асыруына мүмкіндік береді. Ол тікелей халық билігінің мынадай институттары арқылы өмірде орын алады:

- 1) жалпыға бірдей құқық негізінде сайлау;
- 2) бүкілхалықтық дауыс берулер (референдумдер);
- 3) азаматтардың жиылыстары мен жиналыстары;
- 4) азаматтардың петициялары;
- 5) митингілер мен шерулер;
- 6) бүкілхалықтық талқылаулар.

Олардың кейбірлері – сайлаулар, бүкілхалықтық дауыс берулер (референдумдер) – тиісті қалыпты құжаттармен (Конституциямен, конституциялық заңдармен, заңдармен) айқын реттелген, міндеттеу (императивті) сипаты бар және мемлекеттік құрылымдардың рұқсатын қажет етпейді, қалғандары – кеңесті (консультативті) сипатта. Алайда, демократияның тікелей нысанының әртүрлі институттарының заңи жаратылысына қарамастан, олардың саяси шешімдер қабылдау тетігіне (механизміне) ықпалын асыра бағалау қиын, өйткені олар арқылы халықтың ерігі көрініс табады.

Тікелей демократияның артықшылықтарына мыналар жатуы мүмкін:

- азаматтардың мүдделерін білдіру мен олардың саяси жүрістерде қатысуы үшін (өкілді демократияның институттарымен салыстырғанда) көбірек мүмкіндік береді;
- биліктің толық заңдастырылуын кең көлемде қамтамасыз етеді;
- саяси элитаны бақылауды қамтамасыз етеді және тағы сол сияқтылар.

Оның кемшіліктеріне саяси жүріске қатысуға халықтың көпшілігінің табанды ықыласының жоқтығын, жүргізілетін «тікедемократиялық» іс-шаралардың күрделілігін және қымбаттылығын, «басқарушылардың» көбісінің бейкәсібилігінің салдарынан қабылданған шешімдер тиімділігінің төмендігін және сол сияқтыларды жатқызуға болады.

Өкілді демократия билікті әртүрлі таптардың, әлеуметтік топтардың, саяси партиялардың және қоғамдық бірлестіктердің мүдделерін белгілеуге бейімделген халық өкілдеріне – депутаттарға, басқа да атқарушы және сот билігінің сайланбалы органдарына жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Өкілді демократияның «күшті» жақтарына мыналарды жатқызуға болады:

- тиімді шешімдер қабылдау үшін көбірек мүмкіндік береді, өйткені бұл жүрісте, әдетінше, осы қызметпен арнайы айналысатын кәсіпқойлар, құзыретті тұлғалар қатысады;

- әркімге өз ісімен айналысуға мүмкіндік бере отырып, саяси жүйені аса ұтымды ұйымдастырады және тағы сол сияқтылар.

Оның «әлсіз» жақтарын жиі бюрократия мен сыбайлас жемқорлықтың дамуына жол берілуі, өкілдердің өз сайлаушыларынан ажырап қалуы, шешімдердің азаматтардың көпшілігінің мүдделері үшін емес, номенклатураның, ірі капиталдың, әртүрлі лоббишылардың мүдделері үшін қабылдануы және тағы сол сияқтылар құрауы мүмкін.

Авторитарлық тәртіп. Бұны тоталитарлық пен демократиялық тәртіптер арасындағы өзінше бір ымыра ретінде қарастыруға болады. Ол тоталитаршылдыққа қарағанда «жұмсақтау», демократиялық тәртіпке қарағанда «қатаңдау». Авторитарлық тәртіп – саяси билік нақты тұлға тарапынан (таптың, партияның, топтың тағы сол сияқтылардың өкілі), халықтың мейлінше аз қатысуымен, жүзеге асырылатын қоғамның мемлекеттік-саяси құрылысы. Аталған тәртіптің басты сипаттамасы – билік ету мен басқару әдісі ретіндегі, қоғамдық қатынастардың түрлері ретіндегі авторитаршылдық (мысалы, Франконьң басқару кезеңіндегі Испания, Пиночет билігі заманындағы Чили).

Авторитарлық саяси тәртіпке мынадай белгілер тән:

- орталықта және жергілікті жерлерде биліктің бір немесе бірнеше өзара тығыз байланысқан органдардың қолында шоғырлануы, сонымен қатар халықтың мемлекеттік биліктің шынайы тетіктерінен аластатылуы;
- биліктің заң шығару, атқарушы және сот тармақтарына бөліну қағидасының еленбеуі;
- биліктің өкілді органдар болса-дағы, олардың рөлінің шектелуі;
- соттың, шын мәнінде, көмекші орган болып саналуы, сонымен бірге соттан тыс органдарды да пайдалану мүмкіндігінің болуы;
- мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың сайланбалылығы, олардың халық алдында есеп берулігі және оның бақылауында болуы қағидаларының қарекет аясының тарылуы немесе мүлдем болмауы;
- мемлекеттік басқару әдістері ретінде әміршілдіктің, әкімшілдіктің басым болуы, сонымен қатар террордың жоқтығы, жаппай қуғын-сүргінге салу шараларының, саяси билікті жүзеге асырудың қатаң күштеу амалдарының мүлдем қолданылмауы;
- жартылай цензураның сақталуы, «жартыжариялылықтың» орын алуы;
- бірыңғай ілімтанудың (идеологияның) болмауы.

Тоталитарлық тәртіп. Бұл ұғым «totalis» деген латын сөзінен аударғанда «бүкіл», «бүтін», «толық» деген мағынаны білдіреді. Саяси тоталитарлық тәртіп пайда болған және дамыған әрбір елде, оның өз ерекшеліктері де болды, тоталитаршылдықтың барлық нысандарына тән, оның мәнін ашатын, ортақ белгілері де бар. Тоталитарлық тәртіп қоғамдық өмірдің барлық салаларының мемлекеттің бақылауында болуымен, адамның саяси билік пен үстемдік етуші ілімтануға (идеологияға) толық бағынуымен сипатталады.

Тоталитарлық саяси тәртіп мынадай белгілер арқылы ажыратылады:

- мемлекеттің қоғамдық өмірдің барлық аяларына жаһандық үстемдік етуге, барлығын қамтитын билікке талпынуы;

- қоғамның саяси биліктен іс жүзінде толық аластатылуы, бірақ қоғамның мұны ұғынбауы, өйткені саяси санада билік пен халықтың тұтастығы, қосылғандығы туралы түсінік қалыптасқан;
- экономиканың, бұқаралық ақпарат құралдарының, мәдениеттің, діннің және тағы сол сияқтылардың, тіпті жеке өмірге, адамдар әрекетінің себептеріне шейін мемлекеттің жаппай бақылауында болуы;
- «заңда тікелей көрсетілгенге ғана рұқсат» қағидасына негізделген қоғамдық қатынастардың басым «құқықтық», дұрысырақ бейқұқықтық, регламенттелуі;
- мемлекеттік биліктің қоғамның жабық арналары бойынша бюрократиялық тәсілдермен құралуы және халықтың оны бақылауға қол жетпестігі;
- күштеудің, мәжбүрлеудің, террордың басқару әдісі ретінде басымды болуы;
- бір партияның үстемдігі, оның кәсіби аппаратының мемлекетпен іс жүзінде ұласып кетуі, оппозициялы барлық күштерге тыйым салуы;
- адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының ресми, нысанды сипатының болуы, оларды жүзеге асырудың анық кепілдерінің жоқтығы;
- экономикалық негіз болып ірі меншіктің (қауымдық, монопольшылық, мемлекеттік) саналуы;
- бір ресми ілімтанудың (идеологияның) болуы, саяси сан-алуандылықтың жойылуы;
- мемлекеттік биліктің диктатшы мен оның айналасындағыларға қарай орталықтандырылуы;
- қуғын-сүргінге салушы мемлекеттік органдардың қоғам тарапынан бақылаусыз қалуы;
- құқықтық мемлекеттілік пен азаматтық қоғамның болмауы;
- мемлекеттік биліктің өз қарауы, озбырлық бойынша, көпшілік пікірлерінің есепке алынбастан, демократиялық тетіктермен (механизмдермен), қалыптармен (нормалармен) және институттармен қарама-қайшылықта жүзеге асырылуы.

Қоғам тәртіпке негізделіп, арқа сүйеп қалыптасып, өмір сүре алады. Қоғамда тәртіп болмаса, ол құлдырайды, қирайды, оның келешегі болмайды. Мұны адамдар ежелден-ақ жақсы түсінген.

Сондықтан да қоғамда тәртіп орнатудың жолдарын қарастырған. Қоғамдағы тәртіп түрлі әлеуметтік нормалардың, былайшы айтқанда, адамдардың мінез-құлқын реттейтін қағидалардың әсерімен, яғни күшімен орнатылады.

Әлеуметтік нормалардың ең негізгісі, алғашқы пайда болғаны - әдет-ғұрып, дәстүр қағидалары әр халықта ежелден-ақ қалыптасқан. Қазақ халқы әдеттерінің заң түрінде күші болған, «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Тәуке ханның Жеті жарғысы» - бұлар негізінен әдеттік заңдардың жинақтары. Осындай әдеттердің күшімен қоғамда тәртіп орнатылған.

Әлеуметтік нормалардың маңызды түрі - әдептік нормалар. Әдептік нормалардың құқықтық сипаты болмайды. Олар адамға құқық бермейді, міндет жүктемейді. Олар адамның ар-ұятын, намысын қалыптастырып, солар арқылы қоғамдық тәртіп орнатуға ұйытқы болады. Әдептік нормалар құқықтық нормаларға түрткі, негіз болып отырады. Құқықтық нормалардың басым

көпшілігі әдептік нормалардан нәр алады, соларға арқа сүйеді. Неғұрлым құқықтық нормаларға әдептік нормалар арқау болса, солғұрлым заңдардың әділеттік, адамгершілік мәні жоғары болады.

Құқықтық нормаларды қолдану нәтижесінде қоғамда құқықтық тәртіп орнығады. Демек, құқықтық тәртіп дегеніміз – құқықтық нормаларды жүзеге асыру нәтижесінде қалыптасатын қоғамдық тәртіп.

Тақырып № 4 **Мемлекеттің функциялары**

Ж О С П А Р

- 1. Мемлекет функцияларының түсінігі және оның жіктелуі**
- 2. Мемлекет функцияларының жіктелуі**
- 3. Мемлекет функцияларын жүзеге асыру әдістері мен түрлері**

1. Мемлекет функцияларының түсінігі және оның жіктелуі

Функция деген ұғым латын тілінде (*gunctio*) – орындау деген мағынаны білдіреді, математика, физиология, лингвистика салаларында кеңінен пайдаланылады. Функция ұғымы мемлекет және құқық теориясында да кеңінен пайданылады.

Мемлекет басқару, билік жүргізу үшін құрылған саяси ұйым болғандықтан оның алдында тұрған міндеттер бар. Сол міндеттерді іс жүргізу үшін мемлекетте арнайы функциялар қажет. Функция арқылы мемлекет статикалық (формалары, аппараттары, органдар) құрылымынан динамикалық, қозғалыс мағынасын анықтайды. Бұл жерде функциялар арқылы мемлекет алдына қойған мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асырады. Мақсаттар әр түрлі болады: стратегиялық және бүгінгі күнгі. Мысалы, Қазақстан Республикасы мемлекетінің болашақтағы мақсаты экономикасы дамыған, халқының әл-ауқаты жоғары, кедейлік пен жұмыссыздық жойылған демократиялық құқықтық мемлекет құру. Ал бүгінгі күн мақсаты шағын және орта бизнесті, мемлекеттік тілді дамыту және т.б. міндеттер.

Мемлекеттің функциялары дегеніміз оның алдында тұрған мақсаттары мен міндеттерін іс жүзінде асырудың негізгі бағыттары. Мемлекет және құқық теориясында мемлекеттің функциялары бірнеше түрге бөлінеді.

Заң әдебиетінде мемлекеттің әр түрлі мағынада және бірнеше түрлерге бөлініп беріледі. Кеңес дәуірі кезеңінде басылып шыққан әдебиеттерде социалистік мемлекеттің ішкі функцияларын негізінде төрт түрге бөліп қарады: шаруашылық ұйымдастыру, еңбек пен тұтыну өлшемін есепке және бақылауға алу, мәдени-тәрбиелік және құқық қорғау. Социалистік мемлекеттің аталмыш функциялары негізінде бір орталықтан басқарылатын тоталитарлық жүйенің мақсаттары мен міндеттерін қамтамасыз етіп, іс жүзінде асырды, экономика саласында мемлекеттік монополия үстемдік етті. Атап айтқанда «Кеңестік

әміршілдік экономика дәуірінде мемлекет бастан-аяқ бәрін бақылауға тырысты. Соның салдарынан ол көптеген қайталанатын қызмет буындары көп ебедейсіз құрымға айналды. Қалыпты дамыған елдерде кеңес мемлекеті бақылауына алуға әрекеттенген міндеттердің 80 пайызы мемлекеттердің функциясына жатпайды».

Тоталитарлық коммунистік жүйе күйреген соң әдебиетте мемлекеттің функциялар әр түрлі мағынада суреттелінде. Мысалы, 1994 жылы жарық көрген (В.В.Лазаревтың редакциялық басқаруымен) мемлекет және құқықтың жалпы теориясында мемлекеттің функцияларын бір мағынада қарауды ұсынып, барлық мемлекеттердің функцияларын экономикалық, саяси, әлеуметтік және идеологиялық деп бөліп қарауды ұсынады. 1997 жылы Н.И. Матузов пен А.В.Мальконың редакциялық басқаруымен көрген мемлекет және құқық теориясында мемлекеттердің функцияларын негізгі және негізгі емес деп танып, Ресей мемлекетінің функцияларын: экономикалық, мәдениет, ғылым және білімді дамыту және салық салу, экологиялық, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын меншіктің барлық формаларын, құқықтық тәртіпті қорғау сияқты функцияларға бөлінеді. Ал соңғы жылдары басылып шыққан В.С. Нерсисянцтың қысқаша оқулық курсына мемлекеттің негізгі функцияларына: құқық орнату, құқықты іс жүзінде асыру, құқық қорғау, сыртқы мемлекеттік функциялар деген жіктеулер пайдаланылады. Басқада жарық көрген оқулықтарда осы көрсетілген функциялар әр түрлі мағынада қайталанылады. Мемлекеттің функцияларын әр уақытта тарихи құбылыс деп танып, оның қоғамның дамуы барысында өзгеріске ұшырап отыратынын басты назарда ұстау қажет. Мысалы, құл иеленуші мемлекеттегі құлдардың көтерістерін басып-жаншу функциясы даму барысында мүлдем жойылды. Ал, 1917 жылы Қазан төңкерісінің нәтижесінде орнаған пролетариат диктатурасы мемлекетінің қанаушы таптардың қарсылығын басып-жаншу функциясы да тарихта таптық мүдделермен тығыз байланыста іс жүзінде асырылған болса, қазір ондай функцияның ешқандай қажетті жоқ. Заман, ғылыми-техникалық прогресс қоғам талабына сай мемлекеттің функцияларын қалыптастырады.

Мемлекет функциялары – бұл мемлекеттің қызметінің негізгі бағыттары, олардан мемлекеттің мәні мен мақсаты көрініс табады. Мемлекеттің функциялары оның міндеттерімен тығыз байланысты, олар мемлекеттің мәніне тәуелді болып келеді және оның өзгеруіне қарай өздері де өзгереді. Сонымен, мемлекет функциялары – ауыспалы сипаттағы категория. Олар мемлекет түрінің басқа түрге ауысу жағдайында да өзгереді.

Мемлекеттің пайда болуы, оның мазмұны, типологиясы, нысаны, әкімшілік-аймақтар құрылысы, саяси, әкімшілік басқаруы бұның бәрі мемлекеттің статистикалық көрінісі. Енді мемлекеттің динамикалық процесінің дамуына, жаңаруына, нығаюына, оның өзінің саяси, экономикалық, әлеуметтік міндеттерін қалай орындалуына, қандай қызмет атқаруына назар аударайық. Осыларға толығырақ тоқтап, түсінуіміз керек. Міне осы мәселелердің бәрі бірігіп мемлекеттің функциясын құрады.

Функция – заң ғылымында мемлекет пен құқықтың алдында тұрған мақсаттарды, міндеттерді орындау қызметінің негізгі бағыттарын және оның

әдіс – тәсілдерін анықтап, іске асыруды біріктіреді. Осы тұрғыдан мемлекеттің, үкіметтің, мемлекет аппаратының функциясы деген заңды ұғым қалыптасады. Мемлекеттің функциясы Кеңестік дәуірде өте кең түрде пайдаланылды. Функция мемлекеттің таптық мазмұнына сәйкес өзгеріп, ескіріп, жаңарып отырады. Қазіргі кезеңде Кеңес Одағы ыдырап, республикалар дүние жүзілік қауымдастыққа бет бұрып, либерал – демократиялық даму процесіне көшкенде мемлекеттің функциясын тек қоғамның таптық мазмұнына сәйкес қарастыру дұрыс болмады. Себебі, функцияның дамуына таптармен бірге халықтың рухани сана-сезімі, мәдениеті, глобалдық мәселелері зор әсер етеді. Бұл дүние жүзілік саяси көзқарас.

Кеңестік дәуірді де, қазіргі кезеңде де мемлекеттің функциясын дамытуға көп көңіл бөлінеді. Өйткені функцияның мазмұнын терең түсініп, білу тек мемлекеттің бүгінгі жұмысын, қызметін жақсарту ғана емес, сонымен бірге қоғамның, мемлекеттің тарихи даму процесін зерттеп, дұрыс түсінуге көп үлес қосуы. Функция мемлекетпен, қоғаммен бірге дамып, бірге өмір сүріп келеді. Бұл объективтік процесс. Қазіргі заманда Қазақстан Республикасының функциясы күрт өзгеріп, дамуда, негізгі бағыты нарықты экономиканы қалыптастыру, либерал- демократиялық мемлекетті орнату.

Мемлекеттің функциясы туралы әр түрлі ой- пікірлер бар. Солардың бірі - функция көп өзгеріске ұшырамайтын деп, бірнеше түрлерін келтіреді: жалпы қоғамдық, әлеуметтік, таптық, ұлтты, ғылыми- техникалық, экологиялық, интернационалдық функциялар. Функцияны жүйелеудің келесі түрі: тұрақты және уақытша функциялар; негізгі және негізсіз функциялар; заңды қабылдау, орындау, қорғау функциялары. Мемлекеттердің көпшілігі функцияны ішкі және сыртқы функциялар деп екіге бөледі. Осы пікірді қазіргі заманда мемлекеттер дұрыс деп қолдануда.

Мемлекеттің функциясының орындалуын қамтамасыз ететін – мемлекеттік аппарат пен органдар. Әуелі функцияны орындау үшін тиісті мемлекеттік орган құрылады. Бірнеше органдар функцияның мазмұнына қарай мемлекеттік аппаратты қалыптастырады. Функцияның орындалу кезең – сатылары: функция – орган - аппарат – мемлекет. Мемлекеттің функциясы арқылы қоғамның алдында тұрған мүдде – мақсаттардың мазмұнын, оның орындалу бағыттарын, толық білуге болады.

Мемлекет функцияларының түрлері. Мемлекет функцияларын түрлерге бөлуді әртүрлі негіздер бойынша жүзеге асыруға болады:

а) әрекет ету ұзақтығына қарай функциялар тұрақты және уақытша болып бөлінеді. Тұрақты функциялар мемлекет дамуының барлық кезеңдерінде жүзеге асырылса, уақытша функциялар төтенше сипаттағы белгілі бір міндетті шешумен өз әрекетін жояды.

ә) маңыздылығына қарай – негізгі және қосымша функциялар;

б) қоғамдық өмірдің қай саласында жүзеге асырылуына байланысты - ішкі және сыртқы функциялар.

Мемлекеттің ішкі функциялары – оның алдында тұрған ішкі міндеттерді шешудегі қызметінің негізгі бағыттары. Ішкі функцияларға мыналар жатады: адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғау, құқықтық тәртіпті

камтамасыз ету функциясы, экономикалық функция, салық салу функциясы, әлеуметтік қорғау функциясы, экологиялық функция және мәдени функция. Мемлекеттің сыртқы функциялары – оның алдында тұрған сыртқы міндеттерді шешуге байланысты қызметінің негізгі бағыттары. Сыртқы функцияларға мыналар жатады: мемлекетті қорғау функциясы, бейбіт тәртіпті сақтау функциясы, басқа мемлекеттермен одақтасу функциясы және т.б.

2.Мемлекет функцияларының жіктелуі

Мемлекеттің функцияларының қалыптасу себептеріне қарай екі түрге бөледі: таптық қайшылықтарды реттеу функциясы және жалпы қоғамды реттеп-басқару функциясы. Қазіргі заманда мемлекеттердің көпшілігінде таптық күрес бәсеңдеп, демократия дамып, монополияның озбырлығы шектелгенде таптық қатынасты реттеу функциясы өте сирек қолданылады. Дамушы елдерде бұл функция жиі, күрделі түрде пайдаланылады. Мемлекеттердің көпшілігінде функцияны ішкі және сыртқы деп екі күрделі топқа бөледі. Мемлекеттің ішкі функциялары:

1. Экономикалық функция - мемлекеттің экономикалық дамуының негізгі стратегиялық бағыттарын анықтау, олардың орындалу жолдары, тәсілдерін көрсету. Экономикалық дамуын реттеудің төрт тәсілі болады:

Бірінші-салық саясаты арқылы мемлекет бюджетінің дамуын реттеп, басқару;

Екінші- экономикалық тиісті, қажетті саласына жеңілдік беріп, дамыту;

Үшінші-ғылым мен техниканы дамытып, экономиканы көтеру (бұл екі жақты процесс);

Төртінші-мемлекеттік өндірісті дамыту. Барлық мемлекеттерге тән функция. Мемлекеттің экономикалық функциясы негізінде қоғамда өндірісті және өндірістік қатынастың субъектілеріне нарықтық экономиканы дамытуға жан-жақты жағдайлар туғызу болып табылады. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы нарықтық қатынастардың қалыптасып, өсіп дамуына көптеген шаралар қолданып, реформалардың іс жүзінде асуына жол ашты. Атап айтқанда мемлекет жекешелендіру процесін аяқтады, орта тапты қалыптастыруда шағын және орта бизнестің дамуына жағдайлар жасауда. Шетелдердің инвестициялары Қазақстан экономикасының негізгі салаларын көтеруге және дамытуға мол үлес қосуда. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан -2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» деп аталатын тұжырымдары бойынша Жолдауында : «Әділ әкімшілік бұлжытпай орындайтын, анық тиімді және қатаң ұстанатын заңдары бар ашық және бәтуәгерлік инвестициялық саясат шетел инвестицияларын тартудың барынша қуатты ынталандыру тетігі болып табылады. Мұндай саясатты талдап жасау біздің негізгі міндеттеріміздің бірі болуға тиіс, өйткені Қазақстанның шетел капиталынсыз, технологиясынсыз және тәжірибесенсіз жедел экономикалық өрлеу мен жаңартуға қалай қол жеткізетінін көз алдымызға келтіру қиын».

Қазақстан Республикасы экономиканы дамытуда сонымен қатар аграрлық саланы өркендетуде өз үлесін қосуда. Мемлекет тарапынан ауылға кредит беру,

шаруа қожалықтарының өнімдерін сатып алу, техникамен көмектесу және жеке меншіктегі малдарға салық салмау сияқты шараларды іс жүзіне асыруда. Экономикалық функцияларын іс жүзіне асыруда Қазақстан мемлекеті дүние жүзі өркениетті мемлекеттерінің экономикалық жетістіктерін пайдалануда. Белгілі философ С.Б. Бөлекбаевтың тұжырымдары бойынша мемлекеттің экономикалық функцияларына мыналар жатады:

1. «Нарықтық жүйенің жұмыс істеуін құқықтық және саяси жағынан қамтамасыз ету.
2. Бәсекелестік және еркін бағаның қалыптасуын қорғау.
3. Макроэкономикалық тұрақтылық саясатын жүргізу. Ол негізінде ақша қаржы саласында іс жүзіне асырылады, мемлекет инфляциямен күреседі, өндірістік айналыммен жұмыссыздыққа әсер етуге әрекеттер жасайды».

2. Әлеуметтік функция - мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі халықтың әлеуметтік жағдайын жан-жақты қамтамасыз етіп, жақсы дәрежеде дамыту. Мемлекеттің әлеуметтік саясаты екі бағатқа бөлінеді: бірінші бағыты-адамдардың қоғамдағы еңбегіне карамай мүгедектерге, зейнеткерлерге, науқас адамдарға, көп балалы жанұяға, студенттерге мемлекеттік көлемде жан-жақты көмек жасап, олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту; екінші бағыты-адамдардың денсаулығын қорғауға, жақсартуға, мәдениетті дамытуға, халықтың жақсы тұрып, жақсы демалуына қамқорлық жасап, мемлекеттік бюджеттен тиісті мөлшерде қаржы бөліп отыру.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекетімізді демократиялық, зайырлы, құқықтық ретінде орнықтырумен қатар оны әлеуметтік деп жариялады. Әлеуметтік функция қоғамның көптеген салаларын қамтиды және мемлекеттің адамның әл-ауқатын, тұрмысын жақсартуға бағытталған. Әлеуметтік функцияның ең негезгі мақсаты қоғамдағы байлықты халық арасында әділеттілік қағидасы негізінде бөлініп беру болып табылады. Мемлекет өз тарапынан еңбек етуге жарамсыз болған қоғамдағы әлеуметтік топтарға жан-жақты қамқорлық жасауға міндет алады.

Конституцияда былай деп көрсетілген:

1. Қазақстан Республикасының азаматына жалақы мен зейнетақының ең төменгі мөлшеріне, жасын келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі.
2. Ерікті әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша нысандарын жасау және қайырымдылық көтермеленіп отырады(28 бап).

Бұл норма мемлекетке қарт адамдарды, мүгедектерді, көп балалы отбасын, тастанды, жетім балаларды және тарихи отанына оралған қазақтарға көмек көрсету міндетін жүктейді. Сонымен қатар мемлекеттің әлеуметтік функциясының ең бастапқы міндеттерінің бірі – кедейлікпен, жұмыссыздықпен күресу болып табылады. «Қазақстан – 2030» Бағдарламасында бұл мәселені шешуде мемлекет алдына мынандай міндеттер қойып отыр: «Осы жылдардың ішінде кедейшілік пен жұмыссыздыққа қарсы күрес стратегиясы:

- кіші кредиттер жүйесін енгізуге;
- шағын және орта бизнесті дамытуға;

- еңбекті көп қажет ететін салаларды басымдықпен дамытуға және бұларға шетел инвестициялары мен ұлттық капиталды белсенді тартуға;
- шарттар мен контракттар және бюджеттік сатып алулар кезінде жұмыспен қамту проблемаларына қатаң тұрғыдан келуге;
- қоғамдық жұмыстарды, ең алдымен жол құрылысы мен орман отырғызуды дамытуға;
- жеке кәсіпкерлерді дамыту жолындағы қажетсіз әкімшілік кедергілердің бәрін алып тастауға;
- қызмет көрсету саласын және туризмді белсенді дамытуға негізделеді».

Бұл міндеттер мемлекеттік әлеуметтік функциялары арқылы іс жүзіне асырылады.

3. Қаржы реттеу функциясы - қоғамдағы барлық азаматтарды, бірлестіктердің,

ұйымдардың, мемлекеттік бюджеттің шығысы мен кірісін реттеп, басқарып отыру. Бюджеттің (кірісі мен шығысын) дұрыс пайдалануын қаржы министірлігі мен парламент қатаң тексеріп, бақылап отырады. Жергілікті басқару аппараты өз бюджетінің дұрыс пайдалануын өзі бақылап, тексереді. Шекарадан заттың шығуын, кіруін, одан түсетін кірісті мемлекеттік кеден аппаратты тексеріп, бақылап отырады.

4. Мәдениет бағытындағы функция - адамдардың денсаулығы, рухани сана-сезімі, білімі, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мораль, әдебиет, өнер, музыка, ғылым, тәрбие т.б. мемлекеттің тұрақты бақылауында болып, оны тиісті дәрежеде дамытып отырады. Бұл күрделі функцияға жеке адамдар да, бірлестіктер де тиісті деңгейде үлес қосып отырады.

5. Экологиялық функция - бұл дүниежүзілік көлемдегі проблема. Сонымен бірге жеке мемлекеттер де, жеке ұйымдар да, жеке адамдар да өздерінің үлесін қосуға міндетті. Себебі, табиғатты, адамды, қоршаған ортаны қадірлеп, қорғау жалпы әлемдік мүдде-мақсат, кезек күттірмейтін міндет. Табиғатты ластау адам қоғамының болашағын жою. Сондықтан бұл мәселе БҰҰ бақылауында, халықаралық құқық шеңберінде біраз нормативтік актілер қабылданып, мемлекетаралық бағдарлама бекітілді. Жеке мемлекеттер де өздерінің бағдарламасын қабылдады.

Жаһандасу кезеңінде қоршаған ортаны қорғау мемлекеттің ең негізгі функцияларының бірі болып отыр. Адам баласының санының көбеюі, ғылыми-техникалық прогрестің өсуі, табиғи ресурстарын үнемдемей пайдаланып шашып-төгу, экологиялық апаттар планетамызға және онда мекен ететін жан-жануарлар мен адамдардың өмір сүруіне тікелей қауіп төндіруде.

Ғалымдардың зерттеу нәтижесінің мәліметтері бойынша дүние жүзінде табиғаттың экологиялық жүйесінің дағдарысқа ұшырап, бұзылуының мынадай себептері бар:

1. Қоршаған ортаның, өмір сүру мекенінің бүлінуі. Бұл көптеген биологиялық түрлердің өнуіне, жойылуына қауіп төндіруде. Атап айтқанда ағаштарды кесу, пайдалы кен қазбаларын шексіз алу, суларды бөгеу, жолдар салу сияқты адамдардың фауна мен флораға жасанды әрекеттерімен араласуы үлкен табиғи апаттар тудыруда.

2. Адамдардың тікелей әсерінен басқа табиғи ортаға жаңа биологиялық түрлерді кіргізу. Мысалы, Монаконның жағалауында пайда болған жалбыздар. Қазір жерорта теңізіндегі басқа теңіз организмдерін құртуға кірісті.

3. Табиғи байлықтарды шексіз, үнемдемей пайдалану. Көптеген биологиялық түрлер осы себептен жойылуда. Мысалы бизондар, бірнеше кептердің түрлері және т.б.

4. Халықтың санының күрт өсуі. 19 ғасырдың ортасында Жер шарында халықтың саны бір миллиардқа жетті. Қазір 6 миллиардтан астам.

5. Планетамызды жаппай жылылықтың басуы. Ғалымдардың айтуы бойынша біздің 21 ғасырымызда Жер шарында жалпы температура 3,5 градусқа көтерілуі мүмкін. Бұл процесс көптеген жануарлар мен өсімдіктердің жойылуына әкеп соқтыруы ғажап емес. Мұхиттардың деңгейі көтеріліп, көптеген елді мекендер су астында қалу қаупі бар. Міне осындай жағдайларда мемлекет экологиялық шараларды іс жүзіне асырып, арнайы тетіктерді пайдалануда. Жыл сайын атмосфераға салмағы 100 миллиардтан астам зиянды заттар көтеріледі. Қазақстанда Арал, Семей аймақтары экологиялық апат деп танылды. Су тапшылығы, ауаның ластануына адамзаттың денсаулығы мен өміріне өлшеусіз зиян келтіруде. Автотранспорт пен жер эрозиясы сияқты факторлар жаңа жағымсыз құбылыстарды қалыптастыруда. Атом энергиясын пайдаланудың нәтижесінде жер бетінде бірнеше апаттар болды. Егер, жер бетіндегі барлық атом бомбасын бір кездегі қақтығыста жаратын болса, планетамыздағы температура 6 градус суық болып, барлық тірі жандар қырылған болар еді.

Аталмыш мәселелерді шешу үшін мемлекеттің экологиялық функциялары маңызды рөл атқарды. Қазақстан Республикасында экологиялық мәселелер көпжылдық және ең маңызды мәселелер ретінде қарастырылады. Себебі, қазіргі тәуелсіздікті нығайту барысында шетел агрессорларының әрекетінен емес, керісінше адамның табиғатқа, қоршаған ортаға жасаған қиянаттарынан, қауіптерінен сақтау мемлекеттің ең маңызды функциялары болуы керек.

6. Құқықтық тәртіпті қорғау функциясы - қоғамда мемлекеттің, бірлестіктердің, жеке адамдардың мүдде- мақсаттарын қорғайтын әділетті, инабатты, парасатты, құқықтық тәртіп болу керек. Оны қалыптастыратын, реттеп, басқаратын мемлекет, оның органдары. Сонымен бірге сол іске бірлестіктер мен жеке адамдар да зор үлес қосулары, белсенді түрде қатынасулары керек. Қоғамдық тәртіпті жақсартудың, нығайтудың екі әдіс-тәсілі бар. Біріншісі - заңдардың, нормативтік актілердің сапасын, әділеттілігін көтеру. Екіншісі- құқықтық нормалардың орындалуын қамтамасыз ету. Егер норма дұрыс орындалмаса немесе бұзылса, қатаң күрес жүргізу, жауапқа тарту. Тәуелсіз мемлекеттердің бәріне тән функция. Мемлекеттің заңды жолмен, халықтың қалауымен құрылған және орнаған билікті, құқықтық тәртіпті және заңдылықты қамтамасыз ету ең маңызды функциялары болып табылады. Конституциялық құрылымды қорғау жалпы мемлекеттің негізгі заңында бекітілген. Оның мақсаты саяси және қоғамдық құрылысты, билік жүргізу істерін тиімді қамтамасыз ету. Конституцияның іс жүзіне асырылуына кедергі болған, немесе оған қарсы жасалған барлық әрекеттер заңсыз деп саналады.

Конституциялық құрылымды қорғау функциясы барлық құқық қорғау және басқару органдарымен іс жүзінде асырылады.

7. Қоғамдағы тәртіпті қорғау функциясы - бұл мемлекет органдарының қызметінің ең күрделі, жауапты түрі. Осы функция арқылы адамдардың бостандығын, құқықтарын қамтамасыз етіп, жақсы өмір жасауға мүмкіншілік қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының Конституциясы адам және адамның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын ең қымбат қазына деп жариялады. (1бап). Осыған байланысты оның Конституциялық құқықтары мен бостандықтарын тиімді қорғау мемлекеттің ең негізгі міндеттері болып табылады. Адам құқының мемлекет тарапынан тиімді қорғалуы демократияның кең қанат жаюының белгісі, аяққа тапталуы- заңдылықтың дағдарысқа ұшырауы. Қазақстан Республикасының Конституциясы адам және азаматтың кең көлемде және демократиялық құқықтары мен бостандықтарын жариялады. «Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады» деп атап көрсетілді Конституцияда (12 бап). Мемлекет осы норманы тек жариялап қана қоймай, сонымен қатар құқықтарды қорғауға өзінің кепілділігін береді. Президент, сот билігі, прокуратура органдарының адам құқығын қорғау қызметтері Конституциялық міндеттері болып табылады. Мысалы, Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша Президент «Халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі» (40 бап). Сонымен қатар сот органдарының адам құқығын қорғауда үлкен роль атқарады. Адам құқықтарының тиімді қорғалуының тетіктері мен қағидалары Қазақстан Республикасының Конституциясының 77-бабында нақтылы көрсетілген.

8. Ғылым – техникалық прогресті дамыту функциясы. Қазіргі заманда қоғамның жақсы даму бағыты: мен техниканы» қарқынды түрде дамуына толық мүмкіншілік жасау, барлық қаржыны мемлекеттік бюджетке тапсыру. өйткені бұл істі бір орталықтың басқаруы қажет. **Мемлекеттің сыртқы функцияларының мақсаты** – халықтың мүдделерін халықаралық аренада қорғау болып табылады. Сыртқы функцияларға мыналар жатады:

1.Отанды қорғау функциясы. Барлық мемлекеттерге тән және ең маңызды функциялардың бірі болып саналады. Тәуелсіздікті сақтап, оның аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету әрбір мемлекеттің ең негізгі функцияларына жатады. Осы мақсатта мемлекетте қарулы күштер құрылды. Әскердің дайындығы ең жоғарғы дәрежеде болып, сырттан жасалған шабуыл мен төнген қауіпке тойтарыс беру әрқашанда әзір болуы тиіс. Қазақстан Республикасының Конституциясының 2-бабының 2- тармағы отанды қорғау функциясы туралы мынандай норманы бекітеді: «Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді».

2. Басқа мемлекеттермен өзара тиімді қарым – қатынас жасау функциясы. Жиһандасы кезінде бұл функцияның рөлі өте зор. Барлық мемлекеттер өздерінің экономикасын, ғылымын дамыту үшін дүние жүзі қауымдастығының озық технологияларын тиімді пайдалануы тиіс. Сонда ғана мемлекетте ғылым мен техника дамиды. Өзара қарым қатынастар мемлекеттердің саяси, мәдени және экономикалық дамуларына өлшеусіз ықпалын тигізеді. Озық дәрежедегі мемлекеттердің жаңа технологияларын пайдаланады. Соның нәтижесінде мемлекет жаңа сапа деңгейіне көтеріледі, халықтың әл-ауқаты жақсарады. Бұл функцияның құқықтық негіздерін мемлекетаралық жасалған шарттар, келісімдер құрайды.

3. Мемлекеттік мүддені халықаралық дәрежеде қорғау. Біріккен Ұлттар Ұйымы және басқа да халықаралық ұлттық саяси, мәдени ұйымдар арқылы мемлекеттердің өз халықтарының ұлттық экономикалық мүдделерін қорғауы. Жаһандасу заманында бұл функцияның да рөлі арта түседі, әр халық өзінің экономикасын ұлттық ерекшеліктерін, дінін, тілін сақтап, дамыту үшін барлық күш жігерлерін жұмсайды. Күшті дамыған алпауыт мемлекеттердің сыртқы саясаттарында көрініс беретін экономикалық, әскери қысым жасау саясатына қарсылық көрсету, халық мүддесін қорғау мемлекеттің ең басты сыртқы функцияларының бірі.

4. Жаһандық маңызы бар мәселелерді шешу ісіне қатысу. Атап айтқанда жаһандасу кезінде бүкіл әлемде мекен ететін халықтардың басына қатер болып төнген экология зардаптарын болдырмау, атом жарылысы қаупінің алдын алу, ғарышты игеру ісіне араласу, жұқпалы аурулардың алдын алу сияқты адамзаттың өмір сүруіне төнген қасіреттерді болдырмау мақсаттарындағы жасалатын шараларға қатысу. Бұл функция арқылы мемлекеттер адамзат өркениетіне төнген апаттар мен зардаптардан құтылу болып табылады. Мемлекеттің функциясы диалектикалық даму процесі арқылы оның мазмұнын да, орындалу тәсілі де өзгеріп, жаңарып жатады. Жер жүзіндегі мемлекеттердің функциясы сан жағынан әр түрлі болады. Бірақ мемлекеттердің бәрінде мына функциялар міндетті түрде болады: әлеуметтік, идеологиялық, экологиялық. Мемлекеттің қызметін функцияға бөлудің қағидалары әр түрлі болады, олар халықаралық құқыққа, мемлекетаралық шаоттарға сәйкес дамып отырады. Қазақстан Республикасының функциялары ішкі-сыртқы функция деп екі күрделі топқа бөлініп зерттеледі. Тұрақта және уақытша функциялар адамдардың құқығын қорғау, отан қорғау, заңдылықты қорғау – деген функциялар болады. бұлардың мазмұны көбінесе жоғарыда көрсетілген функцияларға ұқсас болып, солар арқылы орындалып жатады.

Мемлекеттік функция мен мемлекеттік органдардың функциясы деген заңды екі ұғым бар. Оларды ажырата білу керек. Мемлекеттік функция мазмұны және көлемі жағынан күрделі, барлық қоғам бойынша атқарылатын қызмет. Мемлекеттік органдардың функциясы өздерінің көлемінде атқарылатын қызмет.

Мемлекеттің функцияларын іске асыру нысандары мен тәсілдері. Бұл қызметтің екі түрі болады: мемлекеттік функцияны құқықтық нормалардың шеңберінде орындау және құқықсыз жалпылама іс-әрекеттер арқылы

функцияның дұрыс орындалуына үлес қосу. Құқықтың шеңберінде функцияны орындаудың үш түрі болады: құқық шығармашылық, құқықты іске асыру, құқықты қорғау.

Құқық шығармашылық - жаңа норманы өмірдің талабына қарай уақытында қабылдау. Онсыз мемлекеттің қызметіне нұқсан келуі мүмкін. Мысалы, науқастың эпидемияға айналуымен қалай күресуге болады, егерде нақты заң қабылданбаса.

Құқықты іске асыру - бұл істі орындау мемлекет Үкіметтің міндеті. Үкімет тиісті нормативтік акті қабылдау керек. Онда жауапты субъектілер не істеу керек, оның уақыты, материалдық негіздері толық көрсетілуі қажет. Бұл істі толық бақылауға алу керек.

Құқықты қорғау - бұл қызметті атқаратын органдар: сот, прокуратура, ПМ, ҰҚК, т.б. Олардың қызметінің бағыттары: заңдылықты, тәртіпті, адамдардың және заңды тұлғалардың бостандығы мен құқықтарын қорғау, азаматтық, қылмыстық істерді уақытында қарап, кінәлі субъектілерді жауапқа тарту.

Нарықты экономика жүйесінде шарттық байланыстың маңызы күшеюде. Сондықтан мемлекеттің шарттық қатынасты реттеп, басқару функциясы тиісті дәрежеде атқарылуы қажет.

Мемлекеттің функциясын құқықсыз реттеу қызметтері: мемлекеттік органдар функцияларды іске асыруды көптеген іс-әрекеттер жасап жатады. Сол іс - әрекеттерді біріктіріп – құқықсыз реттеу қызметі деп атайды. Олардың қоғамды басқаруда маңызы өте зор.

Мемлекеттің функцияларын орындау тәсілдері: ерікті, еріксіз, сендіру, нандыру

(бұл жеке тұлғаларға). Экономикалық тәсілдер: болжау, жоспарлау, кредит беру, салықты жеңілдік беру, алушыларды монополистерден қорғау.

Мемлекеттің функциясын жүзеге асырудағы Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының рөлі

Мемлекеттің функциясын жүзеге асырудағы Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының рөлін олардың алдына қойған міндеттері мен функцияларын тәжірибелік іске асыру призмасы арқылы қарастырған жөн.

Ішкі істер органдарының функциясы Қазақстан Республикасының функциясынан туындайды - бұл олардың белгілі құзіреттер шегіндегі тәжірибелік қызметтерінің бағыттары.

Оларға жүктелген міндеттерді орындай отырып, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары екі негізгі функцияларды атқарушы ретінде көрініс табады: құқықтық және саяси. Өз қызметі құқықтық нұсқаумен ұштасқан ішкі істер органдары оларды қандай да бір саяси конъюнктура пайымына қарамастан бұлжытпай орындауға міндетті. Екінші жағынан қарағанда, ішкі істер органдары заңды қолдана отырып, олардың құрамдас бөлігі болып табылатын, біздің мемлекетіміздің жалпы саяси тұғырын қалаушы пайымдарын жетекшілікке алуға тиіс. Ішкі істер органдары функциясы олардың алдын да тұрған міндеттерінен туындайды, олар Қазақстан

Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 23.04.2014 ж. заңында бекітілген.

Көрсетілген міндеттер, «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің заңында, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының міндеттері нақтыланған. Олар міндетті:

- құқыққа қайшы қатерлерден адам және азамат құқығы мен бостандықтарын қорғауға;
- қоғамдық тәртіпті қорғауға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге;
- құқық бұзушылықтың алдын алуға, анықтауға, тыюға, ашуға және т.б.

Тұтастай алғанда, ішкі істер органдарының негізгі міндеттерін талдау, олар жүзеге асыруға қатысатын, құқық қорғаушылық (кейбір қайнар көздерде оны адам мен азаматтың құқығы мен бостандықтарын қорғау функциясы деп те атайды), - Қазақстан Республикасының негізгі функциясы деген байлам жасауға мүмкіндік береді.

3. Мемлекет функцияларын жүзеге асыру әдістері мен түрлері

Мемлекет функцияларын жүзеге асыру нысандары – бұл мемлекеттің функцияларын жүзеге асыруға бағытталған оның органдарының біртектес қызметі. Мұндай нысандарды екіге бөлуге болады: құқықтық және ұйымдастырушылық нысандар. Құқықтық нысандарға мыналар жатады:

а) құқықшығармашылық – бұл нормативтік актілерді дайындау мен шығаруға қатысты қызмет;

ә) құқыққолданушы – бұл құқық қолдану актілерін шығару арқылы нормативтік актілерді жүзеге асыруға байланысты қызмет, бұл заңдарды орындау мен басқарушылық сипаттағы әртүрлі мәселерді шешуге байланысты күнделікті жұмыс;

б) құқыққорғаушы – бұл адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, құқықбұзушылықтардың алдын алуға және кінәлі тұлғаларды заңды жауапкершілікке тартуға және т.б. байланысты қызмет.

Ұйымдастырушылық нысандарға мыналар жатады:

а) ұйымдастырушылық-реттеуші – бұл белгілі бір құрылымдардың құжаттар жобаларын дайындаумен, сайлаулар жүргізумен т.б. байланысты мемлекеттік органдардың қызмет етуін қамтамасыз етуге бағытталған ағымдағы жұмыс;

ә) ұйымдастырушылық-шаруашылық – бұл бухгалтерлік есеппен, статистикамен, қамтамасыз етумен т.б. байланысты жедел техникалық және шаруашылық жұмыс;

б) ұйымдастырушылық-идеологиялық – бұл жаңадан қабылданған нормативтік актілерді түсіндірумен, қоғамдық көзқарасты қалыптастырумен және т.б. байланысты мемлекеттің әртүрлі функцияларын орындауды идеологиялық қамтамасыз етудегі күнделікті тәрбие жұмысы.

Мемлекет қызметінің негізгі белгілері:

- қызметтің жүйесі, оның атқаратын жұмыстарының мазмұны және қатынастардың түрлері арқылы анықталады;

а. функция сарапталып, жіктеліп, кешенді түрде жүргізіледі;

б. мемлекеттің қызметі аппараттарының қызметіне ұқсамайды.

Мемлекет функциясы қоғамдық көлемде жүргізіледі;

с. мемлекеттің атқаратын қызметін мемлекеттік жұмыстарының әдіс- тәсілінен айыра білуге болады;

Мемлекет қызметінің орындалу әдістері: жеке тұлғалар ерікті, еріксіз түрде орындайды; мемлекеттік органдар, бірлестіктер, ұйымдар өздерінің құзыретінің шеңберіне сәйкес орындайды. Егер дұрыс орындалмаса, еріксіз түрде орындау қамтамасыз етіледі. Мемлекет функциясы орындалуының құқықтық және ұйымдастырушылық тәсілдері болады. Құқықтық тәсілдің өзі үшке бөлінеді: құқық шығармашылық, құқықты қолдану, орындау; құқықты қорғау. Ұйымдастырушылық тәсілдің түрлері: экономикалық (дотация, кредит, баға т.б.); саяси симпозиум, семинар, конференция, кеңес, мәжіліс өткізу, халыққа идеологиялық үндеу жасау, үгіт- насихат жүргізу.

Мемлекеттік билік толып жатқан субъектілердің сан алуан нақты қызметтері арқылы іске асып, орындалып жатады. Осы мемлекеттің сан алуан қызметтерін **мемлекеттік биліктің орындалуының құқықтық нысаны дейді.**

Бұл мемлекеттік билікті нақты орындалуының құқықтық нысаны екі түрге бөлінеді: 1). Нормативтік актілер арқылы орындалу нысаны;

2). Жалпылама нормативтік актілер арқылы орындалу нысаны.

Нақты нысанның өзі үшке бөлінеді:

1) Құқық шығармашылық;

2) Құқықты орындаушылық;

3) Құқықты қорғаушылық.

Мемлекеттік билікті орнындаудың ерекше нақты түрі - әкімшілік шарт арқылы іске асу. Шарттың түрлері толып жатыр. Оның бір жағының немесе екі жағының субъектісі мемлекеттік орган болады.

Мемлекет билігі жалпылама нормативтік актілерін орындалу нысаны бірнеше түрге бөлінеді: экономикалық; саяси, идеологиялық, ұйымдастырушылық, халықаралық, мемлекет аралық т.б.

Мемлекеттік билікті орындау құқықтың нысандармен шектелмейді. Бұл іске мемлекеттің ұйымдастыру қызметі көп үлес қосады. Мемлекеттің ұйымдастыру қызметі заңға тәуелді іс - әрекет, әр мемлекеттік аппарат, әр мемлекеттік орган қоғамдағы заңға, нормативтік актілерге сәйкес қызмет атқарады. Бұл қызметке нақты нормативтік актілердің қажеті жоқ.

Мемлекеттің ұйымдастыру қызметінің түрлері: - жаңа шыққан заңдарды нормативтік актілерді насихаттау, түсінік беру;

- мемлекеттік органдарға көмек көрсету, бақылау, тексеру жүргізу;

- материалдық – техникалық операциялар жүргізу баяндамалар, іс қағаздарын дайындау, заңдарды, нормативтік актілерді басып шығару т.б. құжаттардың өмірге келуін қамтамасыз ету;

- әр түрлі жиналыстар, мәжілістер, конференциялар өткізу;

- мемлекеттік органның тәжірибелерін жинақтап, қорытынды жасау;

- мемлекеттің қызметі туралы қоғамдық ұйымдардың, еңбек ұжымдарының ой- пікірлерін, ұсыныстарын жинақтап, қорытынды жасау;

- мемлекеттік органның жұмысына халықты, қоғамдық ұйымдарды, саяси партияларды қатыстыруды ұйымдастыру.
- шет елдермен қарым-қатынасты ұйымдастырып, басқару т.б. қызмет істері.

Мемлекеттік қызмет – азаматтардың мемлекеттік мекемелерде қызмет атқаруы, жұмыс істеуі. Бұл қызмет қоғамдағы еңбектің ерекше түрі. Бұл туралы заң инструкция болады. Мемлекеттік аппарат тиісті мамандармен, іскер, сенімді азаматтармен толықтырылып құрылады. Мемлекеттік қызметі бірнеше категорияға бөледі:

А) мемлекеттік билік органдарының қызметтері: (заң шығару, заңды орындау мен заңды қорғау органдары).

Б) жұмыстың сипатына қарай қызметкерлер үшке бөлінеді: басшылар, мамандар, техникалық персонал.

В) мамандығының сипатына қарай екіге бөлінеді: мемлекеттік – билік өкілеттігі бар қызметкерлер және өкілеттігі жоқ қызметкерлер.

Мемлекеттік өкілеттігі бар лауазымды тұлғалар үш топқа бөлінеді: **категория «а»** Президент, Премьер-министр, Палаталардың басшылары, Министрлер т.б. Жоғарғы мемлекеттік аппараттың басшылары; **категория «б»** бірінші топтағы лауазымды тұлғалардың кеңесшілері, көмекшілері, орынбасарлары; **категория «в»** екінші топтағы лауазымды тұлғалардың орынбасарлары, көмекшілері.

Мемлекеттік қызметтегі лауазымды тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Егер қызметінде мекемеге шығын келтірсе, оны төлейді, қылмыс жасаса, қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Мемлекет қызметінің негізгі мүдде-мақсаты адамның әлеуметтік, моральдық, материалдық, рухани, мәдени, экологиялық тілектерінің толық орындалуын қамтамасыз ету. Жеке тұлғалардың мүдделерін орындау арқылы мемлекет қоғамды жақсы дамытып нығайтады, қарым-қатынастарды дұрыс реттеп, басқарады.

Сонымен, мемлекеттің функциясы - қоғамды әлеуметтік басқарудағы мемлекеттің атқаратын жұмыстарының негізгі бағыттары мен әдістері.

Шет мемлекеттердің көбінде функция деген заңды түрде ұғым жоқ. Оларда функцияны мемлекеттің міндеттері мен мүдде-мақсаттарына қосып түсінік береді. Ал функция деген жеке түсінік бар мемлекеттерде бұл мәселені оқып, білуде өзгешелік кездеседі.

Біздің пікіріміз – функцияның өзін жеке оқып, білген дұрыс. Оны мемлекеттің мүдде-мақсаттары мен міндеттеріне қосып, біріктіріп қарау дұрысқа жатпайды. Себебі, бұл үшеуі үш түрлі мәселені қамтиды, олардың мазмұны да, орындалу жолдары да, тәсілдері де түгелімен басқа.

Дамыған елдердің біразы мемлекеттің функциясын ішкі-сыртқы деп бөлмейді. Өйткені олардың шекарасын анықтау қиынға соғады. Олар жалпылама түрде қарастырады.

Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2010 жылы 29 қаңтардағы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында елбасы мемлекет функцияларына көп мән берген. 1997 жылы «Қазақстан -2030» стратегиясын қабылдап, біз елдің ұзақ мерзімді күн тәртібін, басты мақсаттар мен басымдықтарын қалыптастырдық, кейін олар 2010 жылға дейінгі Стратегиялық жоспарда қисынды түрде

дамытылды деп көрсеткен. Орташа айлық жалақы 5 есеге, ал зейнетақының орташа мөлшері 3 есеге, өмір сүрудің ең төменгі деңгейінен аз табысы бар халықтың үлесі 4 есеге (50 пайыздан 12 пайызға дейін азайған, өмір ұзақтығы 65-тен 68 жасқа дейін ұлғайған, ана өлімі екі есеге азайған, бала туу бір жарым есеге өскен. Он жылда 652 мектеп және 463 денсаулық сақтау нысаны салынды. Бүгінде бізде әлемдік деңгейдегі медициналық орталықтар – ана мен баланың ұлттық орталығы және Нейрохирургия институты бар. Осының арқасында біз азаматтарымыздың мыңдаған өмірін сақтап қаламыз. 2020 Стратегиялық жоспары бойынша бізге мыналарды атқару керек:

1. Экономиканы дағдарыстан кейінгі дамуға әзірлеу;
2. Жедел индустрияландыру және инфрақұрылымды дамыту есебінен экономиканың тұрақты өсуіне қол жеткізу;
3. Адам капиталының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін болашаққа белсенді инвестициялау;
4. Қазақстандықтарды сапалы әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету;
5. Ұлтаралық келісімді нығайту, ұлттық қауіпсіздікті арттыру, халықаралық қарым-қатынасты одан әрі дамыту.

Қазақстанның сыртқы саяси бағыты Сыртқы саясат тұжырымдамасына негізделетін болады. Ұлттық мүдделерді қамтамасыз етуге, елдің халықаралық беделін арттыртып, ұлттық, өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған белсенді, прагматикалық және теңдестірілген сыртқы саясат жүргізілетін болады. Қазақстан халықаралық қатынастардың жаңа архитектурасын және әлемдік сауда-қаржы жүйесінің сұлбасын қалыптастыру кезінде жаһандық шешімдер қабылдау үрдістеріне қатысу ниетінде.

Қазақстан барлық қазіргі бар ұжымдық қауіпсіздік жүйелері арасындағы стратегиялық үнқатысуды жолға қоюға белсенді жәрдемдесетін болады. Қазақстан өңірлік және жалпыәлемдік экономикалық үдерістердің жауапты қатысушы ретіндегі өзінің рөлін толық көлемінде сезіне отырып, оны өз тәуелсіздігінің барлық жылдары бойында мінсіз орындап келеді.

Сондықтан әлемнің жетекші елдерінің көшбасшылары мен беделді халықаралық ұйымдардың басшылары – экономикалықтан гуманитарлыққа дейінгілердің бәрі – өздерін Қазақстанның досы санайды.

Қазақстанның жоғары халықаралық беделі біздің елімізге Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымға төраға болуға мүмкіндік берді.

Бұл – ЕҚЫҰ-ға адамзаттың жаңа тарихындағы аса күрделі кезеңде төрағалық етудің аса жоғары жауапкершілігі.

ЕҚЫҰ оған қатысушылардың бірегей географиялық құрамымен – ал бұл үш құрлықта орналасқан 56 мемлекет, мемлекеттердің өзара ықпалдасуының бай тәжірибесімен халықаралық қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың шешуші тетіктерінің бірі болып табылады. ЕҚЫҰ –ға мүше көптеген мемлекеттер Қазақстанның жоспарларына, сонымен қатар, осы жылы Астанада ЕҚЫҰ –ның Саммитін өткізу туралы елбасы ұсынысына қолдау білдірді, қазіргі уақытта дайындалу үстінде.

Еліміздің Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымға төрағалық ету барысында халықаралық қауіпсіздік пен ынтымақтастықты сақтау үшін бірталай жұмыстар атқарылды, бұл көршілес Қырғыз Республикасындағы саяси көтерілісті және Ауған Республикасындағы соғысты және де басқа да халықаралық жанжалдарды басуға өз үлесін қосуда.

Тақырып №6 **Мемлекет тетігі (аппараты)**

Ж О С П А Р

- 1. Мемлекеттік тетігінің түсінігі**
- 2. Мемлекеттік аппарат қызметінің ұйымдастыру қағидалары**
- 3. Мемлекеттік орган - түсінігі және түрлері**

1. Мемлекеттік құрылымның түсінігі

Мемлекеттің көп қырлы қызметі өзінің сипаты мен табиғатты, тікелей бағыты мен қалыптастыру бағыты, функциялары мен өкілеттіктері, жұмыс нысандары мен әдістерімен ерекшеленетін әр түрлі мемлекеттік құрылымдар жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Оларды комплексті пайдалану мемлекет мұқтажын қанағаттандыруға, олардың алдында тұрған міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылған мемлекеттің құрылымдардың барлығын бірнеше түрге бөлуге болады. Олардың ішінде мемлекеттік механизмнің маңызды буынын құрайтын мемлекет органдарының шоқтығы бөлек. Оның басқа бір буыны болып биліктің айрықша ұйымдастырушылық және ұйымдастыру-мәжбүрлеу құралдары (армия, полиция, түрме, барлау және контрбарлау) табылады. Мемлекеттік құрылымның үшінші бір түріне келетін болсақ (бұл жерде мемлекеттік шаруашылық, әлеуметтік-мәдени және басқа ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорындар айтылып отыр), ол мемлекеттің механизміне тікелей кірмейді, тек жанап қана өтеді.

Мемлекет механизміне орасан зор роль берілген. Ол іс жүзінде асыруға міндетті. Барлық биліктің жетекшілік, басқарушылық, бақылаушылық, ұйымдастырушылық және реттеушілік қызмет-мемлекет механизмнің шексіз құқығы. Мемлекеттің саясаты, оның стратегиялық бағыты, тактикалық міндеті мемлекеттің механизмімен жасалып, түзетіліп, жүзеге асырылады. Мемлекет механизмі дегеніміз, мемлекет алдында тұрған міндеттерді шешу үшін оның, функцияларын іс жүзіне асыру үшін құрылған мемлекеттің барлық органдарының, сондай-ақ биліктің ұйымдастырушылық және ұйымдастыру-мәжбүрлеу құралдарының жүйесі.

Мемлекет механизмі түсінігі мен қатар, теория мен практика жүзінде мемлекеттік аппарат түсінігі де кеңінен пайдаланылады. Әрине, бұл түсініктердің ара қатынастары мәселе туады. Мазмұны жағынан бір-бірімен өте

жақын және көп жағдайда бір-бірімен сәйкес келгенімен, алайда олардың айырмашылықтары да бар. Ол айырмашылық мынада: мемлекеттік аппарат мемлекет механизмінің мемлекеттік қызмет принциптеріне негізделген буындары ғана қамтиды. Сондықтан да мемлекеттік аппаратқа, мысалы жергілікті өкілді органдар, қызметші болып табылмайтын, депутаттық қызметі үшін мемлекеттен ақы алатын депутаттар кірмейді. Сөйте тұра, жергілікті өкілді органдар, күмән жоқ, мемлекет механизмінің бір бөлігі болып табылады.

Мемлекет механизмінің маңызды ерекшелігі, оның барлық буындарының ішкі бірлігінің болуы. Бір организмнің (мемлекеттің) бір бөлігі болып отырып, олар бір біріне қарсы келмеулері керек. Керісінше, олар күш біріктіріп, адамдардың түрлі саладағы тіршілік тынысын қамтып, қоғамдағы біртұтас басқаруды қамтамасыз етулері керек. Олардың тарапынан алауыздық, мемлекет саясатын жүргізуге қайшы келетін әрекеттер жасау орынсыз болмақ.

Сөйтсе де, мұндай бірлік әртүрлі мемлекеттік органдардың функцияларын араластыру мүмкіндігін білдірмейді. Ол олардың арасындағы күзіретті тиімді бөлісуді жоққа шығармайды, болжайды. Мемлекет механизмінің әрбір буыны өзіне тиісті салада еңбекке айқын шек қою мен бөлудің негізінде қайталанушылыққа жол бермей, нәтижесінде мемлекет алға қойған ортақ міндеттерді мемлекет қызметінің түрлі субъектілерінің күшімен орындап шығуды қамтамасыз ететіндей әрекет етуі тиіс.

Мемлекет механизмінің ішкі бірлігі туралы ережені талдап, түсіндіре келіп, биліктің салыстырмалы түрде үш дербес әрі тәуелсіз тармақтарының (заң шығару, атқару, сот) бар екендігін ескере кеткен артық болмайды. Олар бір-біріне оқшаулаған, әртүрлі нақтылы міндеттерге акцент жасайды, және түрлі істермен айналыса отырып, тек өздеріне ғана тән қызмет нысанын пайдаланады. Бұл факт билікті бөлу теориясында (Д. Локк, Ш.Л. Монтескье, Т. Джефферсон және т.б.) негізделген, бұл теория қазір күннен күнге кеңінен қолданыс табуда. Бүгін де оның ережелері мен принциптерін әлемнің көптеген елдері конституциямен бекітіп берді. Барлық биліктің бір органда немесе бір лауазымды тұлғада шоғырлануына қарсы екендігін айтып, оны мемлекет механизмінің үш тармағының арасында бөлудің пайдасына аргументтерін келтіре отырып, билікті бөлу теориясы: 1) олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы өзара іс-қимыл жасауының қажеттілігін; 2) бір биліктің басқа билікті функциясын орындау жолымен алмастыруына жол бермеуді; 3) билік құрылымдарының өзіндік балансын белгілеуді бекітеді.

Мемлекет механизмінің ұйымдастыруымен қызметінде белгілі бір принциптер бар, солардың арқасында ол нақтылы өзгешелікке, тұтастыққа, дербес рәсімделуге және тәмамдалануына ие болады. Олардың қатарына мына төмендегілерді жазуға болады:

- Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың конституцияны, заңдармен басқа да нормативтік құқықтық актілерді мүлтіксіз орындауы басты талабы болып табылатын заңдылық принципі;
- Мемлекеттік тәртіп пен төмендегі тұрған органдар бастама көрсеткенде және оны қолдаған кезде тәртіпті сақтауға мүмкіндік беретін барлық мемлекеттік

органдар мен лауазымды тұлғалардың иерархиялық принципі және олардың өзара қарым – қатынасы;

- Мәнісі мемлекеттік мәселелерді дер кезінде көтеріп және оны шеше білуге келіп тірелетін толғағы жеткен қоғамдық дамудың қажеттіліктерін анықтау және оларды мемлекеттік құқықтық нысандарда тұлғалап білдіретін жедел басшылықтың, меңгерудің және бақылаудың принциптері;

- Мемлекет қайраткерлерінің берілген өкілеттіліктер шеңберінде нақтылы жағдайдың ерекшеліктерін ескере отырып, дұрыс шешім қабылдай білуінен тұратын кәсіпқойлық пен құзыреттілік принципі;

- Жариялылық принципін жүзеге асырудың нәтижесінде мемлекет механизмі демократиялық сипат алып, жұртшылыққа ашық та түсінікті бола алатындығы;

- Мемлекеттің өзінің негізгі әлеуметтік міндеті болып табылатын халыққа қызмет ету шараларында халықтың мүддесін ескеру принципі.

Жоғарыда аталған принциптерді санамалап шығу – бүгінгі таңда мемлекет механизмінің қызметі ұйымдастырылып, толық жүзеге асыралады деген сөз.

2. Мемлекеттік аппарат қызметінің ұйымдастыру қағидалары

Мемлекеттің органы мемлекет тетігінің (механизмінің) «алғашқы клеткаларының» бірі болып табылады. Мұндай органдардың жиынтығы мемлекет механизмінің басты буынын құрайды. Мемлекеттік органның өзіне тән сипаты мен белгісі анықталған жағдайда ең алдымен оның мемлекеттік құрылымдық компоненті екендігін негізге алу қажет. Сондықтан мемлекеттің жалпы сипаты (егемендігі, өктемдігі, мемлекеттік аумақ шегіндегі қызметінің жалпы сипаты, адамдардың мемлекетке азаматтық тиістілігі негізінде жалпы халықты қамту) мемлекеттік органдардың сипатына өзінің белгісін түсіреді, олардың әрқайсысында өзгеше ұйғарылады. Тұтас нәрсенің бір бөлігі ретінде (мемлекет және оның механизмі) мемлекеттік органда қандай жағдайда да тұтастық сипаты болады. Оның қандай құқықтары болса да, құзыреті басқа құрылымдардың құзыретінен қалай ерекшеленсе де, мемлекеттің атынан, билікті жүзеге асыру құрылымдарының бірі ретінде қызмет ететіндігі маңызды.

Алайда, бірқатар мағынасы бар жоғарыда аталған нұсқаулармен шектеліп қалу жеткіліксіз, әйтсе де олар мемлекет органдарының ерекшелігін ашып көрсете алмайды. Соны анықтау мақсатында бірқатар ғалымдар мемлекеттік органдардың ерекшеліктерінің бірі ретінде мемлекеттік – билік өкілеттіктері туралы ережені ұсынады. өздерінің басқару және ұйымдастыру қызметінде олар базаматтардың барлығына немесе белгілі бір категорияларына, лауазымды тұлғалар мен ұйымдарға міндетті болатын билік сипатындағы жалпы немесе нақты ұйғарымдар беруге құқылы. Бұл ұйғарымдар аталған органның моральдық – қоғамдық беделіне ғана емес, мемлекеттік – мәжбүрлеумен қамтамасыз етуге де сүйенеді.

Демократиялық құқықтық, әлеуметтік мемлекет ғасырлар сынағынан өткен принциптерге негізделіп құрылады. Мұндай мемлекеттердің механизмі мынадай органдардан тұрады:

Өкілді органдар. Қазақстан Республикасының өкілді органдары екігі бөлінеді: а) Жоғарғы өкілді орган – Парламент. Парламент сонымен қатар заң шығарушы орган; б) жергілікті өкілді органдар – облыстық, аудандық, қалалық маслихаттар.

Мемлекет басшысы. Қазақстанда мемлекет басшысы – Президент. Президент мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Атқарушы орган. Қазақстанда жоғары атқарушы орган – Үкімет. Жергілікті атқарушы органдар - әкімшіліктер.

Орталық басқару органдары. Қазақстанда оларға: министрліктер, мемлекеттік комитеттер, комиссиялар, ведомстволар жатады.

Сот органдары. Қазақстанда оларға: Жоғарғы сот, жергілікті соттар, әскери соттар жатады.

Прокуратура. Ол заңдардың біркелкі орындалуын қадағалайтын орган.

Әскер. Оған мемлекеттің әр саладағы қарулы күштері жатады.

Барлау, қарсы барлау органдары.

Абақты, бас бостандығынан айырылған адамдарды ұстап тұратын орындар.

Демек мемлекет механизмі дегеніміз, мемлекет алдында тұрған міндеттерді шешу үшін оның, функцияларын іс жүзіне асыру үшін құрылған мемлекеттің барлық органдарының, сондай-ақ биліктің ұйымдастырушылық және ұйымдастыру - мәжбүрлеу құралдарының жүйесі.

Мемлекеттік органдардың басқа сипатты белгілеріне мыналар жатады:

- олардың әрқайсысын конституцияның, заңдар немесе басқа нормативтік құқықтық актілер негізінде құру;
- мемлекеттің олардың әрқайсысының алдына қойған міндетінің ұйымдық құрылым мен құзыретінің ауқымына сәйкес келуі;
- қызметтің олардың өздеріне ғана тән айрықша нысандары мен әдістерін пайдалану.

3. Мемлекеттік орган - түсінігі және түрлері

Заң ғылымында мемлекеттік органдарды мемлекет функциялары бойынша топтастырудың мүмкін еместігі туралы қалыптасқан пікір дұрыс, өйткені олардың көпшілігі бір ғана емес, екі немесе одан көп функцияларды жүзеге асыруға қатысады. Сондықтан мемлекеттік органдарды топтастыру үшін басқа негіздемелер алынады. Олардың ішінде ең көп тарағаны - өздерінің тікелей қатысы бар билік тармақтары бойынша топтастыру болып табылады. Бұл негіздеме бойынша барлық мемлекеттік органдар:

- 1) заң шығарушы және өкілді;
- 2) атқарушы;
- 3) сот органдары болып бөлінеді.

Мемлекеттік биліктің заң шығарушы және өкілді органдары белгілі бір дәрежеде халықтық егемендікті бейнелейді. Сайлау процесімен халық сайлаған соң, олар өздерін мемлекеттік маңызды мәселелерді шешуге халықтың өзінен мандат алған сияқты сезінеді. Әдетте, заң шығару функциясын мемлекет

механизмінде негізгі орындардың бірін алып отырған парламент (кейде ол конгресс, сейм, фолькетинг, хурал, ұлы халық жиналысы және т.б. деп аталады) жүзеге асырады. Федеративті мемлекеттерде әдетте парламент екі палаталы, ал көптеген біртұтас мемлекеттерде бір палаталы құрылымда болады. Бірақ, бұл қатып қалған заң емес, басқаша да болуы мүмкін. Парламент заң шығармашылығынан басқа бірқатар жалпы мемлекеттік өкілеттіктерді де (мемлекеттік бюджетті және оның орындалуы туралы есепті бекіту, үкімет пен басқа тақарушы органдардың қызметіне бақылау жасау, мемлекеттің бірқатар органдары мен лауазымды тұлғаларын сайлау немесе тағайындау) жүзеге асырады, және соңғысынан нақты көлемі бір елдің парламентінде ауқымды болса, басқаларында – шамалы.

Қазақстанда бір палаталы Жоғары Кеңестен екі палаталы Парламентке ауысуы жүзеге асырылды, мұнда Мәжіліс пен Сенаттың өкілеттіктері бірдей емес, олар әр түрлі мәселелерде бірін бірі толықтырып, маңызды қоғамдық қатынастарды заңға сәйкес реттеуді қамтамасыз етіп отырады.

Жергілікті өкілетті органдар парламентпен бір реттегі жүйені құрады, тиісті әкімшілік-аумақтық құрылымдардың өмірінде маңызды роль атқарады, бюджет мәселелерін шешеді және олардың орындалуы туралы есепті қарайды, жергілікті жерлерде жекелеген қоғамдық қатынастарды заң шеңберінде реттейтін актілер қабылдайды.

Көптеген елдерде жергілікті өкілетті органдарға жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі бірігіп кеткен. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару халықтың жергілікті маңызы бар мәселелерді өзі шешуін қамтамасыз етеді. Жергілікті өзін-өзі басқаруды тұрғын халық тікелей сайлау жолымен, сондай-ақ халық топтары жинақы тұратын аумақты қамтитын селолық және қалалық жергілікті қауымдастықтардағы сайланбалы және басқа жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырады (Қазақстан Республикасы Конституциясының 89-бабы).

Атқару органдарының қатарына мемлекеттік саясатты іс жүзінде дайындап, іске асыру, конституция мен заңдар талабын іс жүзіне асыру міндеті жүктелген органдар жатады.

Үкімет және салалық орталық, сондай-ақ маңызды жергілікті атқарушы органдар мемлекет басшысына тікелей есеп береді және бақылауында болады, кейде оларды мемлекет басшысы тағайындайды және қызметінен босатады, толығымен соған дерлік бағынады. Сондықтан саяси – заң ғылымында мемлекет басшысы дәстүрлі түрде атқарушы органдар қатарына жатады, елдегі атқарушы «вертикальдың» шыңы болып есептеледі. Алайда соңғы кездері Қазақстанда және ТМД-ның бірқатар елдерінде президент билік бірлігін бейнелейді, билік тармағының үстінен қарайды, олардың қалыпты қызмет атқаруын қамтамасыз етеді деген идея тарауда. Осы көзқарастардың алғашқысы («дәстүрлісі»), президент атқарушы билікті басқарып қана қоймайтындығын, сондай-ақ мемлекет басшысы ретінде атқарушы биліктің шегінен шығатын бірқатар функцияларды (ол елдің қарулы күштерінің бас қолбасшысы болып табылады, Қазақстанның басқа елдердегі және халықаралық ұйымдардағы елшілері мен дипломатиялық өкілдерін

тағайындайды және кері шақырып алады, кешірім жасау құқығы бар және т.б.) жүзеге асырады. Екінші көзқарас президентті билікті бөлу шегінен шығарып жібереді. Бұл мәселе қосымша зерделеп, талдау жасауды қажет ететін сияқты.

Атқару органдары жүйесіндегі маңызды орынды үкімет алады. Ол елді тікелей басқаруды жүзеге асыратын, министрліктер мен ведомстволардың, жергілікті атқарушы органдардың қызметін біріктіріп және бағыттап отыратын мемлекеттің жоғары атқарушы және жарлықшы органы болып табылады. Үкімет құзыреті экономиканың, әлеуметтік саланың, мәдениетті, ғылымды, білім беруді дамытудың, бюджеттің орындалуының, ішкі және сыртқы саясаттың жүзеге асырудың, тәртіпті және азаматтардың құқығын қамтамасыз етудің, елдің қорғаныс қабілетін нығайтудың көптеген мәселелерін қамтиды. Үкімет қаулы шығарады, ал Премьер-министр – мемлекет аумағында міндетті күші бар жарлық шығарады. Министрліктер мен ведомстволар жекелеген салаларға немесе мемлекет өмірінің салаларына басшылық етеді және мемлекет басшысы, парламент пен үкімет алдында олардың жағдайына жауап береді. Олардың жалпы саны, бір бірімен ара-қатынасы, атқаратын міндеті мен қызметі, мәртебесі мен өкілеттігі әр елде әр түрлі. Дара басшылық бастауында әрекет ететін префектуралар коммуналар, жергілікті үкіметтер, мэриялар, қауымдастық басқармалары жергілікті атқарушы органдар болып табылады. Қазақстанда жергілікті жерде әкімдер, олардың департаменттері және оларға бағынатын басқа да құрылымдар атқарушы органдар міндетін атқарады. Олар өздерінің әкімшілік-аумақтық бірлігіндегі істердің жайына жауап береді және жергілікті жердегі түйінді мәселелерді шешеді. Жергілікті атқару билігінің бағыныстылығы былай: облыс әкімі Президентке, ал төменгі тұрған әкімдер жоғары тұрған әкімдерге бағынады. Оларды құру тағайындау жолымен жүзеге асыралады.

Сот органдары әділ сотты қылмыстық, азаматтық, шаруашылық нысанында, ал көптеген елдерде – конституциялық сот өндірісі нысанында жүзеге асырады. 1995 жылдың тамыз айының соңына дейін Қазақстанда Жоғары Сот басқаратын жалпы соттар, Жоғары төрелік сот басқаратын төрелік сот және Конституциялық сот болды. Қазір жалпы және төрелік соттар Жоғары сот басқаратын бір жүйеге біріктірілді, ал Конституциялық Сот Конституциялық Кеңеске орын берді.

Сот органдарының қызметі мемлекеттегі конституциялық құрылысты қорғауды, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды, қоғамдық қатынастар субъектілерінің арасында туған дауларды заң негізінде шешуді қамтамасыз етеді. Бұл қызметтің ерекшелігі, заңмен белгіленген процедуралар мен ережелерді сақтай отырып, айрықша процессуальды нысанда жүзеге асыру болып табылады. Жаңа заманға сай мемлекеттер конституциялары соттың заң шығарушылар мен атқару билігінен тәуелсіз екендігін, әділсот функциясын жүзеге асырған кезде тек қана конституция мен заңға бағынатындығын, заң алдында барлығының тең екендігі принципін жүзеге асыратындығын, айыпкеудің қорғану құқығымен қамтамасыз етуге, кінәсіздік презумпциясын белгілеп берді.

Жоғарыда аталған мемлекеттік органдардан басқа мемлекет механизмінің құрамына сондай-ақ армия, полиция, түрмелер, барлау, қарсыбарлау және биліктің басқа да кейбір ұйымдастыру-мәжбүрлеу құралдары кіреді. Олар болмаса мемлекет өзінің алдында тұрған міндеттерін орындай алмайды. Мемлекеттің қандай да бір мақсатына қол жеткізу үшін мұндай билік құралдарының бар екендігі фактісі жеткілікті. Ол тиісті нәтиже бермеген жағдайда, биліктің аталған құралдары іс - әрекет жасауға мәжбүр болады. Оларды билік құралдары деп атағанда, оның мемлекет механизміндегі өзінің сипатымен және табиғатымен, құрылымен және адамдарының құрамымен, материалдық қамтамасыз етілуімен, қызметінің мәртебесімен және бағыттылығымен ерекшеленетін айрықша құрылым екендігі ескеріледі. Олардың әрқайсысының ішінде басқару органдары (қорғаныс министрлігі, әскер түрлері мен округтер командованиялары, әскери комиссариаттар, командирлер және т.б.) бар. Олар басқару, бақылау, ұйымдастыру – техникалық функцияларын орындайды, аталған билік құралдарының әрқайсысында тәртіп болуын қадағалайды, олардың қызметінің мемлекет алдында қойып отырған міндеттер арасында болуын қамтамасыз етеді.

Тақырып № 7 **Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекет**

Ж О С П А Р

- 1. Қоғамдағы саяси жүйесінің түсінігі мен маңыздылығы**
- 2. Мемлекеттің қоғамның саяси жүйесіндегі орны мен рөлі**
- 3. Мемлекет билік және қоғамдағы саяси жүйенің қарым-қатынастары**

1. Қоғамдағы саяси жүйесінің түсінігі мен маңыздылығы

Қоғамның саяси жүйесінің осы заманғы тұжырымдамасы оны анықтаудың әр түрлі өлшемдерін ұсынады. Сондықтан, саясаттанушылар арасында бұл ұғымды түрліше түсіндіру қалыптасқан. Бүгінде ғылыми әдебиетте қоғамның саяси жүйесі жөнінде елуге жуық анықтама берілген. Мәселен, бірқатар ғалымдар саяси жүйені идеялар (комплексі) кешені деп білсе, басқа біреулері оны өзара әрекет ету жүйесі ретінде таниды, үшінші біреулері оған белгілі бір элементтердің жиынтығы деген анықтама береді. Алайда Г.Алмонд пен Д.Истонның саяси жүйе жөніндегі (концепциясы) тұжырымдамасы классикалық үлгідегі тұжырымдама болып табылады. Олар қоғамның саяси жүйесін зерттеуге жүйелі тұрғыдан келуді енгізді. Жүйелі тұрғыдан келу көзқарасы бойынша саяси жүйе сырттан болатын импульстарға құлақ асатын өздігінен реттелуші, өздігінен дамушы организм болып табылады. Ғылыми әдебиетте қоғамның саяси жүйесіне сипаттама беруде институционалдық тұрғыдан келу де атап көрсетілген. Институционалдық

тұрғыдан келу дегеніміз, бұл – саяси жүйені айқындауға мемлекеттік, институционалдық саяси ұйымдар арқылы, олардың байланыстары мен өзара байланыс жасау жүйесі арқылы келу деген сөз. Қоғамның саяси жүйесін функционалдық жағынан да қарастыруға болады. Функционалдық жағынан қарастырылатын қоғамдық саяси жүйе мынандай екі бөліктен: саяси билік жүргізу жүйесі мен қоғамдық істерді тікелей басқару жүйесінен тұруы да мүмкін.

Саяси билік жүргізу жүйесі басшылық жасау рөлін атқарады. Саяси билік жүргізуші жүйе – заң шығарушы және басқа да мемлекеттік органдар, сондай-ақ саяси жүйенің өзге де институттары арқылы қоғамдық дамудың негізгі бағыттарын айқындайды, қоғам басшылыққа алатын жалпы принциптерді және әлеуметтік нормаларды орнықтырады.

Атқарушы органдарды, мемлекет пен партияларды, қоғамдық ұйымдар органдары мен қозғалыстарды қамтитын қоғамдық істерді тікелей басқару жүйесі билік жүргізуші бөліктің өкімдері мен талаптарын орындауға, олардың білдірген еріктері мен әлеуметтік топтардың мүдделерін жүзеге асыруға тиіс. Қоғамның саяси жүйесінің екі бөлігінің арасында диалектикалық өзара тәуелділік қалыптасады.

Бүгінде саясаттануда қоғамның саяси жүйесін талдауға жаңа қырынан келу қажет, ал ол синергетика арқылы мүмкін болмақ. Синергетика – бұл өзінің мәні жағынан пәнаралық болып табылатын жаңа ғылыми парадигма. Ол ашық және өзгермелі (нелинейных) қоғамның саяси жүйесінде қалыптасатын өздігінен ұйымдастырылатын, өздігінен басқарылатын процестерді зерттейді. Синергетика – кездейсоқ саяси құбылыстарды жалпы сипаттық белгілерге жатқызады. Синергетикалық тұрғыдан келгенде, кездейсоқтық саяси өмірдің өзіндік, сипаттық қасиеті ретінде қарастырылады. Бұл бағыттағы одан арғы зерттеу, меніңше, синергетика тұрғысынан келуді қоғамның саяси жүйесін танудың және түсіндірудің сенімді методологиясына ұластырады. Саяси микроқұрылымды және саяси өзара әрекеттесуге нақты қатысушылардың мінез-құлқын, сондай-ақ қоғамның саяси жүйесінің құрылымы мен функциясын түсіндіруге негізделген теорияны сипаттайтын тұжырымдаманы келісудің сенімді әдісін табуға жағдай туғызуы да мүмкін.

Қоғамның саяси жүйесі – белгілі бір саяси және құқықтық нормаларға, мәдениеттің құндылықтары мен дәстүрлеріне негізделген қоғамның саяси ұйымдары рөлінің, қатынасының, процестерінің, принциптерінің реттелген құнды жиынтығы болып табылатын саяси институттарды көзге елестететін күрделі, көп қырлы жүйе.

Осыған орай «жүйе» ұғымы қоғамның саяси жүйесінің базалық ұғымы болып табылатынын айтқан жөн. Саяси ғылымдардағы «жүйе» ұғымы биологиядан енген термин екені белгілі. «Жүйе» ұғымы – бұл өзі өмір сүріп отырған сыртқы жағдайлармен өзара әрекеті кезінде өзінің құрылымын өзгертуге бейімделген, солармен біртұтастықты құрайтын, байланыста және қарым-қатынаста болатын элементтердің белгілі бір сапалы жиынтығынан тұратын пән, құбылыс немесе процесс екенін атап көрсетуіміз керек. Ал, «жүйе» ұғымы саяси ғылымдарда

саяси шешімдер қабылдау және оны жүзеге асыру процесіне ықпал етуші өзара байланыстарды, әрекетті және құрылымды білдіреді.

Кез келген қоғамдық жүйе бірінің өзгеруі бүкіл тұтастықты және реттілікті бұзбайтындай байланыста болатын көптеген элементтердің белгілі бір жиынтығын болжайды, елестетеді. Дұрысында жүйе неғұрлым жоғары және неғұрлым төменгі сатыдағы жүйелердің болуын, сондай-ақ ішкі жүйе өмір сүруін жоққа шығармайды. Жүйелік методологияны жасаудың негізінде кейбір жалпы ұғымдарды тұжырымдауға, сондай-ақ кез келген құбылыс пен процестерді сипаттап жазуға мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдерді анықтауға ұмтылушылық жатыр. Басты идея өзінің табиғаты бойынша неғұрлым әр түрлі саналатын құбылыстың өзі ортақ қасиеттерімен белгілі болып отырған жүйе ретінде қарастырылатындығына келіп тіреледі. Жүйенің дамуы элементтердің, сондай-ақ басқа да ішкі және сыртқы факторлардың өзгерісіне байланысты. Ал, қоғамның саяси жүйесі қоғамдық-тарихи дамудың нәтижесі болып табылады.

Қоғамның саяси жүйесі жөніндегі ұғым әр түрлі саяси институттардың, әлеуметтік саяси қауымдастықтардың тамыр жайған жиынтық тобын, олардың өзара әрекеті мен өзара қарым-қатынасының нормаларын және принциптерін бейнелейді. Өйткені саяси билік осы нормалар мен принциптер арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қоса қоғамның саяси жүйесі жөніндегі ұғым саяси процестер қалай реттелетінін де, саяси сала қалай қалыптасып, жұмыс істейтінін де көрсетеді.

Қоғамның саяси жүйесі жөніндегі ұғым саяси өмірді қоғамдық өмірдің басқа бөлігінен бөліп қарауды қажет етеді. Сондықтан саяси жүйені қоғамдық жүйенің жиынтық тобының жеке ішкі бағынысты жүйесі ретінде қарастыру керек. Саяси жүйе ішкі бағынысты жүйе ретінде қоғамдық басқа да ішкі бағынысты жүйелермен: әлеуметтік, экономикалық, моральдық, құқықтық, мәдени, идеологиялық және т.б. өзара әрекетте болады. Саяси жүйе осы қоғамдық қоршаған ортадан өз ресурстарын алады.

Саяси жүйе қоғамдық қоршаған ортамен бірлесе әрекеттесу, соған ықпал ету, сондай-ақ өз қызметін жөнге келтіру арқылы қоғамның әркімнің деңгейлерінде саяси үрдістердің құрылымдық-ұйымдастырушылық интеграциясын қамтамасыз етеді. Қоғамдық-қоршаған ортада биліктің мүдделері мен талаптарын қанағаттандыруға, оларды талдап, қорытындылауға, жалпы мәні бар саяси мақсаттарды орнықтыруға, биліктің қажетті ресурстарын іздестіру мен бөлуге және алға қойған мақсаттарды орындауды қамтамасыз етуге қабілетті біртұтас саяси орталық құрылып қалыптасады.

Біртұтас қоғамдық жүйе шеңберінде ішкі бағынысты жүйелердің бірлесе әрекеттесуінің сипаттамаларын қарастыру барысында қоғамның саяси жүйесінің өзіне тән орнын анықтап алу қажет. Осыған байланысты қоғамның саяси жүйесінің өзге де ішкі жүйеге бағыныстылар алдында өзіне тән «жоғары билікке» ие болатынын атап өткен жөн. Оның мәні мынада – саяси жүйелердің шеңберінде талданылып жасалынған саяси шешімдер, кесімдер, заңдар бүкіл қоғам үшін жалпы білім беретін сипатқа ие болады, яғни қоғамның өзге де бағынысты жүйелеріне тікелей әсер етеді. Сонымен бірге саяси жүйенің

төтенше аса жоғары «жеке дербестігі», бағынысты өзге жүйелерге қарағанда азаматтардың іс-әрекеттеріне арнайы құқықтық және саяси нормалар арқылы қатаң реттеліп, әсер ететін ерекше тетігі және қалыптасу деңгейі болады.

Қоғамның саяси жүйесі басқа жүйелерден мыналар арқылы ерекшеленеді: ол әмбебап болып саналады және бүкіл қоғам мен оның барлық мүшелеріне өз бетінше әсер етеді; күш көрсетіп ырыққа көндіру тәсілдерін қолданғанда соны түбегейлі бақылауға ұмтылады; оның міндеттеуге негізделген шешімдерді енгізу құқығын қоғам заңды деп қабылдайды; оның шешімдері беделді-билікті болып саналады және оның жариялылық күшіне орай бұл шешімдердің міндетті түрде орындалуы мүмкін.

«Қоғамның саяси жүйесі» түсінігін осыған біршама жақын өзге де түсініктерден ажырата білу керек. Олардың қатарында мәселен, «қоғамның саяси ұйымы», «қоғамның саяси өмірі», «саяси құрылым», «саяси режим» секілді түрлері болады. Сондықтан «қоғамның саяси жүйесі» түсінігімен салыстырғанда «қоғамның саяси өмірі» деген түсінік аса ауқымды болып саналады. Ол барлық саяси байланыстарды, барлық деңгейлердегі қоғамның өмірінде болып жатқан құбылыстар мен үрдістерді қамтиды. Саяси жүйе – оның кемелділігінің неғұрлым жоғары деңгейде болғанына қарамастан, бұл бар болғаны қоғамның саяси өмірінің бір бөлігі ғана. Қоғамның саяси өмірі үшін жүйелілік белгісі саяси жүйелер секілді оның ерекше сипаты болып саналмайды. «Саяси құрылыс» түсінігі саяси жүйеге де, сонымен бірге қоғамның саяси өміріне де қатысты. «Қоғамның саяси жүйесі» түсінігімен салыстырғанда анағұрлым тар ауқымды болып саналатын «қоғамның саяси ұйымы» түсінігі қоғамның саяси өміріндегі құрылымдық элементтердің біреуін, оның статистикалық бөліктерін құрайтын саяси институттар мен бірлестіктердің жүйесі деген ұғымды білдіреді. «Саяси жүйе» мен «саяси режим» түсініктері өздерінің мазмұндары бойынша бір-біріне өте жақын болады. Сондықтан да олар бір-бірінің синонимдері ретінде пайдаланыла береді. Мәселен, ғылыми әдебиеттерде, сондай-ақ БАҚ-тар «демократиялық режим» – «демократиялық жүйе» деген түсініктер көбінесе бір мағынада қолданыла береді. Алайда, олардың арасында бірқатар өзгешеліктер бар. Саяси жүйенің бір түрінің шеңберінде саяси режимдердің өзіндік ерекшеліктері болуы мүмкін. Олай болса саяси режим дегеніміз – саяси билікті жүзеге асырудың түрлері мен әдістері бойынша бір-бірінен ерекшелінетін неғұрлым ауыспалы түсінік болып табылады.

Қоғамның саяси жүйесінің мәні көп жағдайларда саяси режим арқылы анықталып отырады. Қоғамның саяси жүйесінің мәнін анықтауға келетін болсақ, бұл кезде ғылыми әдебиеттерде кездесетін осы міндетті шешуге арналған көптеген тәсілдерге назар аударған жөн. Бұдан көретініміз, біріншіден, қарастырылып отырған құбылыстың аса күрделі екендігі, екіншіден, ұсынылып отырған сипаттамалардың алға қойған мақсаттарға және зерттеудің пайдаланылып отырған әдістеріне тәуелділігі, саяси жүйенің мәнін анықтау кезінде тұтастай алғанда ең алдымен саясаттың негізгі бағыттарын – қоғамның интеграциясын және «билік» категориясында көрініс тапқан оның имманентті сапасын ескеру қажет. Осыған байланысты қоғамның саяси

өмірінің мәні адамдардың іс-әрекеттерінің көріністерінен байқалады деп атап көрсеткен жөн. Бұл көріністер тікелей саяси билік арқылы жүзеге асырылады. Ал саяси билік қоғамның саяси жүйесінің өзегі болып саналады. Сондықтан қоғамның саяси жүйесі саяси билікке тікелей немесе өздерінің ұйымдары мен қозғалыстары арқылы ықпал ете алатын әлеуметтік топтардың, халықтардың сан қырлы мүдделерін білдіреді. Саяси институттар мен құрылымдардың атқаратын қызметтерінің нәтижесінде, сондай-ақ адамдардың басқарушы және басқарылатын саяси рольді орындауы нәтижесінде саяси жүйе қоғамның әр түрлі өміріне мақсатты түрде әсер ете алады. Саяси жүйе тетіктерінің әлеуметтік қатынастарға әсер етуі – құндылықтар мен ресурстарды қоғамның ішінде билік жолымен бөлу қабілетіне негізделген. Осыған орай халыққа белгілі бір мөлшерлі шамалар мен іс-әрекеттерінің нормалары көрсетіліп беріледі.

Міне, осыған байланысты «қоғамның саяси жүйесі» түсінігі мемлекет пен қоғамның арасындағы, мемлекеттік емес деңгейдегі әр түрлі әлеуметтік субъектілердің арасындағы өзара қарым-қатынасының сипаттамасы ретінде пайдаланылады.

Саяси институттар мен құрылымдардың атқарып отырған қызметтерінің, адамдардың «басқарушы және басқарылушы» дейтін саяси рөлдерді орындауының нәтижесінде саяси жүйе қоғамның тыныс-тіршілігінің әр түрлі сипаттарына ықпал етеді.

Саяси жүйе мемлекеттік билікті пайдалану, соған қатысу, соған жету жолында күресу негізінде әлеуметтік қауымдастықтар арасында өндірісті реттейтіндігін және игіліктерді бөлетіндігін атап өткен жөн.

Қоғамның саяси жүйесі сипатының оның әлеуметтік-экономикалық негіз арқылы тұжырымдалатынын да атап көрсету керек. Саяси жүйеде өндірістік қатынастарды өзгерту мен жетілдіру өндірістік күштер мен өндірістік қатынастар арасында пайда болатын қарама-қайшылықтардың бетін ашу және оны шешу жолы арқылы жүзеге асырылады. Міне, осы қарама-қайшылықты шешу – қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуын тездетудің маңызды көздерін құрайды.

Қоғамның даму үрдісінде пайда болатын осы қарама-қайшылықты шешу заңғарлығына ие болу үшін ең алдымен қоғамдық жүйенің өзі сол өзінің алдында тұрған міндеттер деңгейіне көтеріле алуы керек. Бұл – оны ұдайы жетілдіруді, дамудың экстенсивті факторларын жеңіп шығу кезінде, яғни осының алдындағы кезеңдерден сақталып қалған оның жекелеген буындары мен институттарындағы әлі де қолданыстан түспей келе жатқан енжарлықты жеңіп шығуды меңзейді.

Қоғамның осы заманғы дамуында пайда болатын қарама-қайшылықтарды шешу және нақты қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін экономикалық тетіктерді, жоспарлау жүйесін түбегейлі жақсартуды, қоғамдық өндірістің және қоғамның тыныс тіршілігінің барлық жақтарын елеулі түрде арттыруда қамтыған қолданыстағы өндірістік қатынастарды айтарлықтай деңгейде одан әрі жетілдіру керек. Қоғамның саяси жүйесі таптың табиғаты, әлеуметтік құрылыс, басқарудың формасы, мемлекеттің түрі, саяси режимнің, әлеуметтік-

саяси қатынастардың сипаты, мемлекеттің саяси-құқықтық мәртебесі, қоғамдағы саяси-идеологиялық және мәдени қатынастардың сипаттары мен мемлекеттің тарихи түрі, тарихи және ұлттық құрылымдар мен саяси өмір салтының дәстүрлері және басқалар арқылы

Саяси жүйе дегеніміз – мемлекет фокусы болып табылатын организмнің саяси билік арқылы тұтастай орталықтандырыла басқарылатын қоғамның барлық элементтерінің интеграциясын қамтамасыз ететін біршама тұйық жүйе. Ол солардың ұйымдасуы мен өкілдіктерін, билік әдістері мен тәсілдерін және саяси институттардың (саяси режим) қызметі, саяси билігі, саяси құндылығы, бағыт ұстануы мен саяси іс-әрекеттердің үлгісі бойынша әлеуметтік және саяси басқару құрылымдарының арасындағы өзара әрекет етудің жүйесін анықтайтын саяси институттарды (мемлекет, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар және т.б.), саяси-құқықтық нормаларды қамтиды. Саяси жүйенің негізі болып табылатындардың барлығы оларды диалектикалық біртұтас дүниеге біріктіреді, бұл – мемлекеттік билік.

Қысқасын айтқанда қоғамның саяси жүйесі дегеніміз соның механизмі, күші арқылы қоғамдағы билікті, басшылықты және басқару қызметін жүзеге асыратын тұтастай бір тетік. Қоғамның саяси жүйесінің қызметі – қоғамдағы болып жатқан саяси қатынастарды және ондағы саяси үрдістерді реттеуге бағытталған қызмет.

Қоғамның саяси жүйесі шеңберінде жеке тұлғаны саяси әлеуметтендіру, нақты саяси бағдарлама мен бағыттарды талдау, қоғамдағы біртұтастық пен келісімді қамтамасыз ету, сақтау және нығайту мақсатында әр түрлі әлеуметтік саяси күштердің мүдделерін келістіруге, ресурстарды бөлуге, қоғамдық пікірлерді қалыптастыру мен пайдалануға, саяси әлеуметтік норма түзушілікті реттеуге және басқа да жағдайларға қатысты жұмыстар жүзеге асырылады.

Олай болса қоғамның саяси жүйесі тұтастай алғанда әр түрлі саяси ресурстардың, әлеуметтік саяси қауымдастықтардың жиынтығының құқықтары мен басқа да әлеуметтік нормалары негізінде реттелген, солардың арасындағы өзара әрекеттесу мен өзара қарым-қатынасының түрлері болып саналады деуге толық негіз бар. Осылардың барлығы өзгеріп жатқан жағдайларда тікелей саяси билік арқылы қоғамның алға жылжуы мен соған бейімделуін қамтамасыз етеді. Бұл ретте саяси жүйе түсінігі мен мәнін нақты талдау барысында оның ішкі құрылымы мен негізгі функциясын анықтап алу талап етіледі.

Қоғамның саяси жүйесінің құрылымы мен функциялары

Кез келген қоғамның саяси жүйесі қоғамның тұрақтылығы мен өміршеңдігін кепілдендіре алатын белгілі бір тетіктердің болуы арқылы сипатталады. Әлеуметтік саяси принциптер мен нормалардың жүйесі, сондай-ақ саяси тұрмыс-тіршіліктің дәстүрлері, моралі, этикасы осы тетіктің аса маңызды буыны болып саналады. Бұл ретте қоғамның саяси жүйесі ұзақ уақыт бойы эволюциялық өрлеу кезеңдерінен өтуі мүмкін. Алайда, бұл жетілу кезеңдері тез, төңкеріс жағдайында жан-жақты өзгеруі де ықтимал. Бұл қоғам мүшелерінің белсенді әлеуметтік-саяси деңгейіне және олардың саяси мәдениетіне де байланысты болады.

Осыған байланысты қоғамның әрбір саяси жүйесінің сан қырлы және көп өлшемді болатындығын атап өткен жөн. Онда әдеттегідей әртүрлі құрылымдар, функциялар мен қатынастардың бір-бірімен үйлесуі жиі кездеседі. Бұдан саяси институттар мен үрдістер және басқа да жағдайлар тысқары қалмайды. Қазір жұмыс істеп жүрген көптеген саяси институттар мен үрдістер сонау ерте кездің өзінде пайда болған еді және олар әр түрлі тарихи кезеңдер мен құрылымдық жүйелерге жатқызылады.

Қоғамның саяси жүйесі сан қырлы өлшемді екендігі рас. Өйткені олар бірнеше қат-қабат қыртыстардан тұрады. Алайда мұндай қыртыстар уақыт өткен сайын өзін мүлде жойып жібермейді. Қазір де олар біршама өзгергенімен, сол қалпында, заман ағымына орай жұмыс істеп келеді. Кейбір жағдайларда бәз-баяғы кейбір саяси институттар елеусіз, тіпті белгісіз баяу қимылдайтындай болып көрінгенімен олар әлі де өзінің күшін жоя қойған жоқ. Ал кейбір жағдайларда олар сонау тереңнен қопарыла өніп шыққандай көрінеді де, бірінші орынға көтеріледі. Сөйтіп кейіннен пайда болған саяси институттарды шетке ысырып тастап, бүгінгі жағдайды белгілеуге кіріседі.

Саясатты нақты іс жүзіне асыру кезінде осының барлығы жаңаша көзқарасты қалыптастыруды талап етеді. Сондықтан «өткен заманның қалдықтарын» дер кезінде анықтау проблемаларын тұрақты түрде зерттеп білуге назар аударған жөн. Сонда ғана белгілі бір елдегі әлеуметтік-саяси прогресс жолына осындай ескіліктің бірқатар сарқыншақтарының кедергі келтіре алатындығын немесе олардың қоғамның саяси жүйесін дамытуға тежеу жасауы мүмкін екенін анықтап, оларды дер кезінде жоюдың жолдарын қарастыруға мүмкіндік туады.

Осыған байланысты мыналарды да ескере кеткен жөн секілді. Өткен кездердегі қатпарлы қыртыстармен бірге біз осы заманға лайық пайда болған жаңа тұғырнамалардың да алдымыздан кездесетінін ұмытпауға тиіспіз. Қазіргі таңда пайда бола бастаған саяси институттар өздерінің орасан зор түрлері арқылы ерекшеленеді. Өйткені оларды тудыратын себептер де тым әрқилы болады. Үнемі алға жылжу дегеніміздің өзі қоғамның кез келген саяси жүйесіне тән өзіндік сипаттама екендігін есте ұстағанымыз لازم. Сондықтан қазіргі таңда пайда бола бастаған саяси институттардың аса ауқымды әрқилы формалары арқылы бір-бірінен ерекшеленетіндігін атап көрсеткен жөн. Өйткені оларды тудыратын себептердің өздері де әрқилы болады. Кез келген қоғамның саяси жүйесінің өзіне тән сипаты оның алға қарай қадам басуына әсер етеді. Сондықтан да қазіргі таңда пайда бола бастаған саяси институттардың бір бөлігі бүгінгі күннің талаптарына сәйкес келеді, алайда олардың, қалай дегенмен де, сонау алыстағы болашақты көксейтіндігі рас.

Сонымен әрбір елде, қоғамның әрбір саяси жүйесінде өткендегіге, қазіргіге және болашаққа қатысты саяси институттар мен құрылымдарды байқауға болады.

Қоғамның әрбір саяси жүйесінің бірқатар шеңберлері, шекаралары болатыны рас, қоғамның саяси жүйесінің шекаралары көп жағдайда нақты айқындалмайды, көмескі болып көрінеді, әр түрлі бағынысты ішкі жүйелер бір-бірімен тоқайласып тұрады. Кейде олар бірін-бірі қайталайды. Қоғамның саяси

жүйесінің шеңбері сол жүйенің міндетті шешімдерінің, іс-әрекеттерінің шекаралары арқылы айқындалады.

Сондықтан да қоғамның саяси жүйесі тиісті саяси құрылымдарды, үрдістер мен ішкі жүйелерді қамтиды деп айтуға болады. Олардың арасында өзара байланыс орнатылады. Олар соның шеңберінде, ал кейбір жағдайларда өз шеңберінен асып түсетін ауқымда жұмыс істейді. Бұл ретте қоғамның саяси жүйесінің әрқилы элементтері арасында тікелей және кері байланыс пен өзара әрекеттестік орнығады.

Міне, осыған байланысты саяси өмірдің сан алуандығы мен сан қырлылығы, әр түрлі тұрғыда оларды талдау мүмкіндіктері қоғамның саяси жүйесінің негізгі құрылымдары болып саналады.

Қоғамның саяси жүйесі дегеніміз бұл өз бетінше күрделі институционалды ұйымдасқан құрылым болып есептелінеді. Ғылыми әдебиеттерде қоғамның саяси жүйесін құруға әр түрлі әдістердің қолданылатыны сөз болады. Оның құрылымында ең көп тарағандары мына компоненттер (ішкі жүйелер): институционалды, нормативті-реттеуші, ақпараттық-коммуникативті, функционалды, мәдени және идеологиялық. Қоғамның саяси жүйесінің институционалды компоненті қоғамның саяси институттарының бүкіл жиынтығын қамтиды және қоғамның саяси өмірінің құрылымын құрайды. Бұл – қоғамның саяси жүйесінің орталық компоненті. Ол адамдар арасындағы биліктік қарым-қатынастарға «объективті орнығу» сипатын береді. Институциялық компонент – бұл «өлшеуге көнетін», бақылау мен зерттеуге аса қолайлы қоғамның саяси жүйесінің бір бөлігі. Бұған тармақталған басқару және бақылау органдары, саяси партиялар, қоғамдық саяси қозғалыстар, бірлестіктер, мүдделілер топтары және басқа ұйымдары бар мемлекет жатқызылады. Осы жерде қоғамдық пікірді қалыптастыру үрдісіне елеулі түрде ықпал етуге қабілетті компоненттер ғана елеулі мәнге ие болатынын атап өткен жөн.

Институционалды компонент – бұл қоғамның саяси организмнің саяси ұйымын құратын аса маңызды «органдарының» жиынтығы.

Қоғамның саяси жүйесі құрылымының нормативті реттеуші компоненті қоғамда үстемдік етуші саяси қызметтің ережелерін айқындайды. Ол мемлекеттік органдар бекітетін және адамдардың қарым-қатынасы мен саяси жүйедегі солардың таптарын реттейтін тиісті құқықтық нормалар секілді мораль, саяси дәстүрлер мен салттардың жиынтығын қамтиды. Егер алғашқысы мемлекеттің жазалаушы аппаратының қуаты арқылы қолдау табатын болса, онда соңғысы қоғамдық пікірдің күшімен және тәртіп бұзушыларды қоғамдық кепілдікке алу, сондай-ақ қоғамның саяси жүйесіндегі жекелеген элементтер арасындағы қалыптасқан қатынастардың селқостығы арқылы ғана қорғалады. Алайда, саяси қатынастардың барысын реттейтін құқықтық нормалар да, салт-дәстүрлер де бір-бірімен тығыз байланыста болып бір-біріне өзара ықпал етеді. Мәселен, бірқатар замана ағымы арқылы тұжырымдаған саяси жүйедегі мінез-құлықтың моральдық нормалары уақыт өте келе заңдылықтар арқылы бекітіледі, олар мемлекет арқылы қорғауға ие болады да, құқықтық нормалары қатарына жатқызылады.

Қоғамның саяси жүйесі құрылымдарының нормативті-реттеуші компоненті – бұл конституция, партиялардың жарғылары мен бағдарламалары, саяси тұрмыс-тіршілікті анықтайтын және реттейтін дәстүрлер мен процедуралар түрінде өмір сүріп келе жатқан және қолданылып отырған саяси-құқықтық нормалардың, ережелердің жиынтығы. Бұл ретте қоғамдық қатынастардың жалпы мүдделер мен тұрақтылығын сақтауды қамтамасыз етуге тиісті адамдардың, топтардың, ұйымдардың іс-әрекеттері мен қызмет тәсілдерін орнықтыру, солардың мемлекетпен екі арадағы өзара қарым-қатынасын жөнге келтіру түрлері екендігін ескеру керек.

Қоғамның саяси жүйесі құрылымының ақпараттық-коммуникативті компоненті – саяси жүйенің әрқилы элементтері арасындағы байланысты және ақпараттар алмасуды қамтамасыз етеді. Бұған үкіметтің, тұтастай қоғамның жағдайы және оның жекелеген жүйелері туралы қажетті ақпараттар жинаудың әртүрлі формалары, сондай-ақ, мемлекеттің жүргізіп отырған саяси бағытына ықпал ету мақсатында әрқилы мүдделі қоғамдық топтардың, саяси партиялар мен қозғалыстардың мемлекеттік органдармен байланыс орнату құралдары жатқызылады. Ақпараттық-коммуникативті компонент сенімді және қоғам мен мемлекеттің жағдайына бара-бар сәйкес келетін, қоғамның саяси жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Ақпараттық-коммуникативті компоненттердің құрамында бұқаралық ақпарат құралдары маңызды рөл атқарады. Олар аса кең ауқымда саяси ақпараттарды тез таратуға мүмкіндік алады, сөйтіп халықты жаппай қамтуды қамтамасыз етеді. Бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдағы саяси сананы қалыптастыру мен өзгертуге, сонымен бірге қоғамды дамытуға елеулі деңгейде ықпал етеді. Осының барлығы азаматтардың саяси институттарды қабылдауы және олардың құрылымдарын өзгерту мәселесіне қатысуы арқылы сипатталады.

Қоғамның саяси жүйесі құрылымының ақпараттық-коммуникативті компоненті – бұл саяси тыныс-тіршіліктің «күретаымыры» және партиялар мен мемлекеттің арасында, саяси және экономикалық қосалқы ішкі жүйелердің арасында, таптардың, әлеуметтік топтардың, ұлттардың, елдегі жеке адамдардың арасында белгілі бір саясатты талдауға және өмірге енгізуге байланысты саяси билікті ұйымдастыруға, жүзеге асыруға және дамытуға қатысты қалыптасқан өзара әрекет етудің әрқилы қарым-қатынастары мен түрлерінің жиынтығы. Сонымен бірге ол әрқилы елдердің саяси жүйелері арасындағы байланыстардан да тұрады.

Қоғамның саяси жүйесі құрылымының функционалдық компоненті саяси қызметтің түрлері мен бағыттарында, әрқилы саяси үрдістерде, саяси билікті жүзеге асырудың әдістері мен тәсілдерінде көрініс табады. Сондықтан қоғамның саяси жүйесі құрылымындағы функционалдық компоненті жекелеген әлеуметтік, әлеуметтік саяси институттар секілді, олардың топтары арқылы да жүзеге асырылуға тиісті рөлдер мен функциялардың жиынтығынан құралады. Бұл ретте ол саяси режимнің негізін құрайды.

Қоғамның саяси жүйесі құрылымының мәдени компоненті – бұл саяси жүйені жетілдірудің факторы, белгілі бір қоғам үшін қалыптасқан саяси көзқарастардың (стереотиптердің) үлгілерін жоюға арналған белгілі бір үлгідегі

кешендер. Бұл ретте ол азаматтардың саяси өмірге араласуына ықпал ететін субъективті факторлардың – саяси мәдениет, саяси психология, менталитет, ұлттық мінез-құлық және басқадай жиынтығын көрсетіп береді.

Қоғамның саяси жүйесі құрылымының идеологиялық компоненті – бұл қоғамның саяси өміріне қатысушылардың саяси көзқарастарының, идеяларының, теорияларының, тұжырымдамаларының, түсініктерінің өз мазмұны бойынша әр түрлі жиынтығы.

Саясаттану әдебиеттерінде қоғамның саяси жүйесі құрылымдарының компоненттері (элементтері) жөнінде басқа да нұсқалар (варианттар), үлгілер және көзқарастар бар екендігін айта кеткеніміз жөн. Мәселен, кейбір саясаттану әдебиеттерінде саяси жүйенің негізгі компоненттері ретінде: саяси ұйымдарды; саяси қатынастарды; саяси және құқықтық нормаларды; саяси саналарды және басқаларды келтіреді.

Қоғамның саяси жүйесі компоненттерінің әрқайсысы өзінің дербес ерекше құрылымдары, сыртқы және ішкі ұйымдастырушылық түрлері мен мүдделерді білдіру әдістері болады. Осы элементтердің дұрыс жұмыс істеуі тұтастай қоғамның саяси жүйелерінің барлық қызметтері үшін бірінші кезектегі маңызы болады.

Осыған байланысты мынаны атап өткен жөн – Қазақстанның осы заманғы саяси жүйесі аса күрделі өтпелі (ауыспалық) кезеңді бастан өткізіп отыр. Осы жүйенің барлық негізгі элементтері әлі де болса қалыптасып біткен жоқ. Оның үстіне барлық элементтердің сипаттары мен формаларының қандай болатындығы да әзірше белгісіз. Сондай-ақ жаңа саяси жүйелердің қоғаммен екі арадағы өзара қарым-қатынасының қандай болатындығы да нақты айқындалмаған.

Қоғамның саяси жүйесінің аса мәнді сипаттамаларының бірі – оның өміршеңдігі. Бұл оның белгілі бір функцияларын орындау үрдісінде көрініс табатын болады. Осыған байланысты қоғамның саяси жүйесінің функцияларын түсіндіруде саясаттануда әлі де болса пікірлердің шашырап, бір жерге тоғыспай келе жатқандығын атап өткен орынды. Қоғамның саяси жүйесінің бүгінгі таңдағы қызметі әлі де болса тұрақты түрде қалыптаса қойған жоқ. Әлгінде айтылған пікірлердің әрқилы болуы да осыған байланысты секілді. Саяси жүйе тарихи-саяси жағдайлардың және қоғамның саяси жүйесінің дамуына орай өз түрін өзгерту үстінде. Қоғамның саяси өмірінің қызмет істеуі бір-бірімен тығыз байланысты болады, олар бір-бірін толықтырып отырады. Алайда, қалай дегенмен де олар дербес дамиды.

Қоғамның саяси жүйесінің функциялары қоғамдық организмнің біртұтастығын сақтауды және оның ішкі және сыртқы тәртіптерге, өзгерістерге орай бейімделуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Тұрақты, қалыптасқан саяси жүйелер үшін мынандай функциялардың сипаты болуы тиіс: қоғамды дамытудың мақсаттарын, міндеттері мен жолдарын анықтау; мақсаттармен бағдарламаларды орындау; материалдық және рухани құндылықтарды бөлу; мемлекеттің әрқилы мүдделерін әлеуметтік қауымдастықтармен келісу; қоғамдағы адамдар мен топтардың ережелерін және заңдарын талдап жасау; саяси құрылыстың ішкі және сыртқа қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз

ету; саяси сананы қалыптастыру, қоғамның мүшелерін саяси қызметке қатыстыру; заңдар мен ережелерді орындауға, сақтауға бақылау орнату, саяси нормаларды бұзатын әрекеттердің алдын алу. Осыдан көріп отырғанымыздай, қоғамның саяси жүйесі қоғамның жалпы қоғамдық жүйесінің анағұрлым қосалқы жүйесі ретінде өзіне тән функцияларды орындайды. Оның негізгі өзіндік функцияларын: интеграциялық, мақсаткерлік, ұйымдастырушылық, реттеушілік және бақылау орнатушылыққа бөлуге болады деп ойлаймын. Жалпы сипатта ол былайша тұжырымдалады. Саяси жүйе қоғамның тұрмыс-тіршілігінің экономикалық негіздерін, әлеуметтік және ұлттық құрылымдарын, демографиялық және экологиялық үрдістерді, халықтың білім деңгейін, қоғамдық сананың жағдайын, рухани-идеологиялық өмірді, халықаралық жағдайды қоса алғанда қоғамның жай-күйін көрсетеді. Әлеуметтік мүдделердің негізгі топтары саяси жүйе арқылы бір ортаға шоғырландырылады, әлеуметтік артықшылықтар тізбектеліп қойылады. Міне, осыдан соң ол саясаттағы өз көрінісін табады. Мәселен, қазіргі таңда саяси билік құрылымының аса маңызды міндеті болып мыналар саналатын нарыққа қатысты бұрынғы үрейлі көзқарасымызды жеңуге, сөйтіп тек нарыққа өту кезеңінде ғана емес, нарықтық экономикадағы әлеуметтік бағыт ұстаушылығымызды табу кезінде әлеуметтік мүдделердің тепе-тендігін таба білуге тиіспіз. Қоғамның саяси жүйесінің, функцияларындағы аса маңызды міндеттердің бірі міне, осылар.

Қоғамның саяси жүйесіндегі негізгі функциялардың бірі – интеграциялық функция болып саналады. Қоғамдағы саяси жүйенің интеграциялық функциясының мәні мынада – ол интеграцияда негізгі құндылықтарды орнықтыру негізінде әлеуметтік және мәдени құрылымдардың барлық элементтерін біртұтас қоғамдық игіліктерге біріктіру болып табылады. Қоғамдағы саяси жүйенің мақсаткерлік функциясы да ерекше маңызға ие болады. Мақсаткерлік функция қоғамды дамытудың мақсаттары мен міндеттерін анықтаудан тұрады.

Қоғамның саяси жүйесінің ұйымдастырушылық функциясы дегеніміз – адам, материалдық және рухани ресурстарды қоғамның алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерді орындауға арналған міндетке жұмылдыру болып саналады.

Қоғамның саяси жүйесінің реттеуші функциясы дегеніміз – бұл ең алдымен саясатты жария ету, яғни саясат пен билікті қоғамның мойындауын; азаматтардың саясатқа қатысуын қамтамасыз ету. Сонымен бірге ол қажетті білім беру мен іс-тәжірибелерді кең түрде таратуға бағытталады. Қалың бұқараның саяси шешімдерді дайындауға және оларды қабылдау үрдісіне қатысуының тиімділігін осындай жолдар арқылы қамтамасыз етуге болады. Міне, осының барлығы саяси жүйенің қоғамның нақты жағдайында, бара-бара сол жағдайда әрекет етуіне мүмкіндік тудырады.

Реттеуші функция жоғары деңгейдегі басқару субъектісі ретіндегі саяси жүйенің мүмкіндіктерін көрсетіп береді. Қоғам мен оның жүйелері, экономика мен мәдениет салалары, аймақтар, әлеуметтік қауымдастықтар, сонымен бірге олардың даму үрдістері басқару объектілері болып саналады. Осы мақсат үшін басқару қалыптарының негізгі функциялары жүзеге асырылады. Оларды атап

өткен: ақпараттар өңделеді және пайдаланылады, қаулылар қабылданады және жүзеге асырылады, кадр мәселелері шешіледі, бақылау жүзеге асырылады.

Қоғамның саяси жүйесінің бақылаушылық функциясы дегеніміз, бұл саяси жүйенің әрқилы әлеуметтік топтардың шиеленісін және қоғамның әлеуметтік тұтастығын бақылауы болып саналады. Осы функцияны орындаған кезде саяси жүйе тұрақты әлеуметтік ширығуды босаңсытады, өзара талас-тартысты жеңуі тиіс. Бұған материалдық және рухани ресурстарды, саяси артықшылықтарды, мәдени жетістіктерді, яғни барлық құндылықтарды бөлуге бақылау орнату арқылы, әр түрлі білім түрлері мен демалыстарға халық бұқарасының қатысуына жол ашу арқылы қол жеткізуге болады. Ал, бақылауға келсек, бұл әр түрлі болуы тиіс, бақылау кезінде құндылықтарды жалпыға ортақтастырып, тең бөлуге жол бермеген жөн.

Қоғамның саяси жүйесінің негізгі функцияларының міндеттеріне келсек, бұл ретте қоғамның тұтастығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге, негізінен алғанда қоғамдық топтар арасындағы біртұтастыққа қол жеткізуге назар аудару керектігі дау тудырмауы тиіс. Өйткені кез келген қоғамда байлық, билік, артықшылық мәселелері бойынша бақталастықтар мен бәсекелестіктер бір мезгілде қалыптасып отырады. Сондықтан саяси жүйе осындай әлеуметтік бәсекелестіктің аса қолайлы жағдайда өтуін бақылауы тиіс. Бұл ретте осындай бәсекелестік қоғамның тұрақтылығы мен бірлігіне теріс әсер етпеуін қарастырған да жөн. Аса шиеленіскен және қауіпті әлеуметтік дау-жанжалдар туа қалған жағдайда саяси жүйе оны күшпен басып тастауы немесе белгілі бір ресурстарды қайта бөлудің көмегі арқылы реттеуі, сөйтіп кез келген талапты қанағаттандыруы тиіс.

Саяси жүйе тиімді немесе тиімсіз болуы да мүмкін. Бұл оны халықтың талаптарын қанағаттандыру қабілеті арқылы өлшенеді. Саяси жүйе тұтастай немесе жекелеген институттары арқылы өздерінің функцияларын қанағаттанарлық деңгейде орындауға қабілеті жетпеген кезде, әдетте мұны саяси дағдарыс деп атайды. Саяси жүйедегі әрқилы өзгерістер шиеленісе келе дағдарыстарға ұшыратады. Бұлар саяси бағыттың, үкіметтің өзгеруі немесе ауысуы, парламенттің мерзімінен бұрын сайлануы немесе саяси тәртіпті алмастыру кезіндегі терең дағдарыс жағдайында көрініс табуы мүмкін.

Саяси жүйе қоғамды ілгерілетіп дамытуға қабілеттілігі арқылы сипатталады. Оның түп тамыры сыртқы ортаның өзгерген талаптарына дер кезінде көңіл аударуға барып тіреледі. Саяси жүйе қайта жаңғыртулардың жаңа талаптарының ықпалы арқылы өзін-өзі игеруге қабілетті болуы тиіс. Бұл ретте оның қайта жаңғыруы қоғамның саяси жүйесінің түрлері мен жіктелуін анықтау кезінде аса маңызды болып саналады.

Қоғамның саяси жүйесінің түрлері және оларды жіктеу

Бір-бірінен объективті және заңды түрде қалыптасқан мәдени және әлеуметтік-тарихи ерекшеліктерімен ерекшелінетін қоғамның саяси жүйелерінің әр түрлі формалары өмір сүреді. Бұлардың қай-қайсысында өзіндік ерекшеліктері бола тұра, олардың барлығына тән белгілі бір ортақ белгілер, сипаттамалар болады. Мұның өзі барлық саяси жүйелерді бөлуге, немесе жекелеген саяси жүйелерді сол және басқа да принциптер мен критерийлер негізінде белгілі бір топтарға

біріктіруге мүмкіндік береді. Қоғамның саяси жүйелерін типтендіруде (түрге бөлуге) әр түрлі қырынан және критерийлер тұрғысынан келуге болады, бұл әр түрлі негіздерге сүйене жасалынатындықтан ол көп қырлылығымен ерекшелінеді.

Қоғамдық құрылыстың сипаты, саяси режим, мемлекеттік форма, қоғамның экономикалық даму деңгейі, әлеуметтік даму тенденциясы, азаматтардың құқығы мен бостандығын жүзеге асырудың әдістері мен мүмкіндіктері, плюрализм, азаматтық қоғамның орнығуы немесе болмауы, саяси мәдениеттің деңгейі және тағы басқа факторлар қоғамның саяси жүйелерін жіктеудің көпшілік мақұлдаған негізгі критерийлері болып табылады. XX ғасырдың бас кезінде қоғамның саяси жүйелерін типтендіруде қоғамдық құрылымды талдаудың бір-біріне қарсы маркстік және веберлік дәстүрлері көрініс берді. Саяси жүйені талдауға маркстік тұрғыдан келудің мәні қоғамның саяси жүйесінің қызметі мен оның дамуында таптық факторларды абсолюттендіруге келіп саяды. Саяси жүйелер, ең алдымен, олар қай таптың саяси мүддесін білдіргендігіне, әлеуметтік-экономикалық құрылымның сипатына және қоғамдық-экономикалық формацияның түріне байланысты ерекшеленеді. Осыған сәйкес қоғамның саяси жүйелері құл иеленушілік, феодалдық, буржуазиялық және социалистік болып бөлініп отырады. Саяси жүйелерді бұлай типтендірудің басты ерекшелігі бөліп көрсетілген осы түрлердің бір-біріне қасарысқан қарама-қарсылығында болып отыр.

Саяси жүйелерді типтендіру негізі қоғамның саяси жүйелері қызметінің формасы мен әдістері болуы да мүмкін екендігін айтқан жөн. Мұндай талдаудың негізін М.Вебер қалаған. Ол саяси жүйелердің түрлерін экономикалық детерминдеуге қарсы болды.

Қоғамды экономикалық құрылымға таңып, байлап қою әсте де дұрыс емес, мұндай жағдайда бір типті базисте неліктен әр түрлі саяси жүйелер пайда болатынына түсінік беру қиын. Оның көзқарасы бойынша, ең бастысы – дәуірдің әлеуметтік сипатымен, азаматтық қоғамның даму деңгейімен, бұқараның күткен талаптарымен, билікті негіздеу әдістерімен, элитаның іске икемділігімен анықталатын билік жүргізудің детерминденген әдісі болып табылады.

Заңдылығына және билік етудің үлгісіне қарай бағдар ұстауға байланысты саяси жүйелер дәстүрлі, харизматикалық, рационалды болып бөлінеді. Бұл мәселелерді зерттеуге Вебер тұрғысынан келу саяси жүйелерді типтендірудің осы заманғы дамуына үлкен ықпалын тигізді.

Американдық саясаттанушы Г.Алмондтың саяси жүйелерді жіктеуі де кеңінен тараған әдістердің бірінен саналады. Ол оларды саяси мәдениеттің үлгісі және саяси процеске қатысушылардың өзара ішінде саяси рөлдерін бөліп көрсету бойынша ажыратуды ұсынды. Г.Алмонд саяси жүйелердің ағылшындық-американдық, континентальды-еуропалық, индустриалдыға дейінгі немесе ішінара индустриалдық және тоталитарлық деп аталатын төрт түрлі үлгісін бөліп көрсетеді.

Ағылшындық-американдық саяси жүйе (АҚШ, Ұлыбритания) үшін саяси процеске қатысушылардың; мемлекет, партиялар, мүдделі топтар т.б. арасында

саяси рөлдер мен қызмет бөлісудің жоғары деңгейде жүргізілуі тән. Бұл жүйе гомогендік және плюралистік саяси мәдениеттің болуымен сипатталады. Саяси процестің көптеген субъектілері саяси жүйе құрылымының негізгі принциптерімен, көпшілік мақұлдаған нормалармен және құндылықтарымен келісетіндіктен де оны гомогенді деп айтуға болады. Саяси мәдениет адамның бас бостандығы мен қауіпсіздігі идеясына, барлық мүдделер мен позициялардың заңдылығына негізделген, бұл екеуінің арасында толеранттылық басым мәнге ие, ол қоғам мен элитаның тығыз одағы болуына, нақты саяси бағытты ұстануға жағдай жасайды. Саяси партиялар, мүдделі топтар, бұқаралық ақпарат құралдары сияқты өзіндік рөлі бар құрылымдар бостандықтың дәмін татып жүргені сөзсіз.

Әрбір жеке индивид бір мезгілде бір-бірімен араласып, қабысып кеткен көптеген топтардың құрамына кіруі де мүмкін. Саяси жүйенің осынау түріне асқан ұйымшылдық, жоғары деңгейдегі тұрақтылық, ұтымды әрекет, оның әр түрлі элементтерінің қызметін дамыту мен олардың арасындағы билік бөлісу сияқты сипаттар тән. Ағылшындық-американдық саяси жүйе мен мәдениет сондай-ақ антиэтатизмге, эгалитаризмге, және дарашылдыққа негізделген. Континенталды-еуропалық саяси жүйе (Франция, Германия, Италия және Батыс Еуропадағы басқа да елдер) өзінде ескі және жаңа саяси мәдениетті топтастырады. Сонымен бірге ол тұтас алғанда жалпы базасы бар саяси мәдениеттің фрагменттігімен ерекшеленеді. Ол үшін ескі және жаңа мәдениеттің қатар өмір сүруі сипатты нәрсе, ал қоғам бір-біріне сай келмейтін, қарама-қарсы құндылықтарымен, идеалдарымен, бағдарларымен, мінез-құлық нормаларымен, стереотиптерімен ерекшеленетін көптеген мәдениеттерге бөлінген. Мүдделі топтардың, партиялардың т.б., халықтың қажеті мен талабын саяси альтернативаға ұластыру мүмкіндігі шектелген, бірақ, басқа әлеуметтік ұйымдардың (мәселен, діни, ұлттық және т.б.) күш-жігері мен мүмкіндігі әр түрлі негіздік мәдениеттер арасындағы қарама-қайшылықты үдете түседі. Алайда саяси жүйеде негіздік субмәдениеттер арасында болатын қарама-қайшылықтар ортақ мәдени негіз – либеральдық құндылықтар бар болғандары да қоғамдық келісімге қол жеткізуге бөгет бола алмайды.

Индустриалдыға дейінгі немесе ішінара индустриалдық саяси жүйе аралас саяси мәдениетті бағдарда ұстайды. Бұл жүйеде қарама-қарсы бағыттағы саяси бағдарлар бар және жүйе қызметі ешқандай шектелмеген. Индустриалдыға дейінгі және ішінара индустриалдық саяси жүйелердің аралас саяси мәдениеті негіздік жергілікті саяси субмәдениеттен құралады, онын негізінде ағайындық рулардан қауымдастардың және тайпалардың құндылықтары жатыр. Соған қарамастан мұндай саяси мәдениеттің қалыптасу жағдайларының өзі қасиетті деп саналатын әдет-ғұрыптардың, дәстүрлердің, байланыстардың бұзылуымен, тұрақсыздықтың өсуін сезінумен бірге жүріп отырады. Тәртіптілік пен қорғаныш іздеген адамдар харизматикалық лидерге өтінішпен барады. Коммуникация және үйлестіру тұрғысынан келгенде бұл процестер қоғамдағы қарым-қатынасты қиындата түседі. Осы үлгідегі саяси жүйеге билікті бөлуді көмескі жүргізу, бостандықты шектеу, зорлық-зомбылықты қолдану тән болмақ. Мұнда күш қолданбай келісім мен ымыраға келу іс жүзінде мүмкін

емес. Күш қолдану жолымен қоғамды интеграциялау билікті шоғырландыруға әкеледі.

Тоталитарлық үлгідегі саяси жүйеде саяси мәдениеттің тоталитарлық сипатын танытатын саяси белсенділіктің мәжбүр етуші үлгісі орнығып, бекиді. Тоталитарлық саяси жүйе қатаң орталықтандырылуымен және ортақ билік жүргізу орталығының бақылауында болуымен сипатталады. Саяси істерге қатысу және демократиялық процедуралар формалды түрде ғана болады. Билік монополиялық билік жүргізуші партиялардың, не әлдебір топтардың және бюрократтық аппараттың қолына шоғырланады. Партия қоғам мен жеке адамның тіршілік әрекетінің барлық қырын бақылайтыны белгілі. Әлеуметтік-мәдени өрісте таптық, ұлттық немесе діни құндылықтарға басымдық беріледі және бұл қоғамның барлық саяси жүйесіне міндеттелінеді.

Француз саясаттанушысы Ж.Блонделяның саяси жүйелерді жіктеуі кеңінен танымал болып отыр. Ол саяси жүйелерді басқарудың мазмұны мен формасы бойынша танып-білуді ұсынады және оны бес түрлі үлгіге: либералдық, радикалды-авторитарлық немесе коммунистік, дәстүрлілік, популистік және авторитарлық-консервативтік деп бөледі. Либералдық саяси жүйе – бұл дарашылдық, бостандық пен жауапкершілік құндылықтарына бағдарланған саяси шешімдер қабылдау болып табылады. Радикалды-авторитарлық (коммунистік) саяси жүйе теңдік пен әлеуметтік әділеттілік құндылықтарына бағдар ұстайды. Дәстүрлі саяси жүйе – бұл олигархтар басқаратын саяси жүйе, оларға консерватизм әдісі тән және ол экономикалық-әлеуметтік игіліктердің, сондай-ақ, әлеуметтік мәртебелердің тең бөлінбеуіне бағыт-бағдар ұстайды.

Популистік саяси жүйе – бұл дамушы елдерде өзінің авторитарлық әдістері және игіліктерді бөлуде теңдікке көбірек ие болуға бағытталған басқару тәсілдері арқылы басымдыққа ие болып отырған саяси жүйе. Ал, авторитарлық-консервативтік саяси жүйе – бұл әлеуметтік және экономикалық теңсіздіктің сақталуын және халықтың саяси істерге қатысуын шектеуді көздейтін саяси жүйе.

Саяси жүйелерді Ресей саясаттанушысы В.Е.Чиркиннің жіктеуі де қызығалықты. Ол саяси жүйенің командалық, жарыспалылық және әлеуметтік бітімгершілік секілді үш басты үлгісін бөліп көрсетеді. Командалық саяси жүйе көне заманнан бері белгілі. Оның басты белгілері: әкімшілік, мәжбүр етушілік. Соңғысы әр түрлі формада, соның ішінде салыстырмалы түрде жұмсақ формада жүзеге асырылуы мүмкін. Жарыспалылық саяси жүйенің басты көрсеткіші – бұл әр түрлі күштердің саяси күресі, олардың саяси процестегі еркін бәсекелестігі болып табылады. Әлеуметтік бітімгершілік саяси жүйе ымыралық және консенсустік ізденістерімен сипатталады. Осы үш жүйенің тиімділігі жөнінде әңгімелей келе, В.Е.Чиркин оларды қоғамдық прогресс, әлеуметтік әділеттілік, демократия, жеке адамның жан-жақты дамуы ретіндегі индикаторлар тұрғысынан бағалауды ұсынады. Осыларға сәйкес командалық саяси жүйе де белгілі бір аралық нәтижелерге жету үшін (Чили, Бразилия, Оңтүстік Корея, Тайвань және т.б.) сондай жағымды сипатқа ие болуы мүмкін. Жарыспалы саяси жүйе әлеуметтік прогресс, демократия және адам құқығы бойынша бірқатар жағымды сипаттарға ие, бірақ әлеуметтік әділеттілік

мәселелері бойынша ондай табысқа жете алмай отыр, және де бұл тек тұрақтылығы бір қалыпты қоғам жағдайында мүмкін болмақ. Әлеуметтік бітімгершілік саяси жүйе (Солтүстік Еуропа елдері) салықты көп төлету арқылы ұлттық байлықты қайта бөлу жолымен қол жеткізілген экономиканы дамытудың жоғарғы деңгейі жағдайында тиімді болмақ.

Саясаттануда саяси билікті жүзеге асырудың құралдары мен әдіс-тәсілдерін, қоғамдағы саяси бостандық дәрежесін, жеке адамның құқықтық жағдайын, тоталитарлықтың және демократияның принциптерін ұштастыру формасын талдау негізінде саяси жүйені жіктеу кеңінен белгілі болып отыр. Әдетте оның шеңберінде саяси жүйенің үш түрлі үлгісі: тоталитарлық, авторитарлық және демократиялық үлгілері бөліп көрсетіледі. Кейде оларға саяси жүйенің либералдық үлгісі де қосылып жатады.

Тоталитарлық саяси жүйе үшін қоғамдық өмірдің барлық саласына мемлекеттің қатаң бақылауы тән, бұған жеке адамның құқы мен бостандығын белгілі бір дәрежеде шектеу немесе жоққа шығару, жасырын оппозицияның болмауы, билік бөлісуді іс жүзінде жою, қоғамды жалпыға бірдей идеологияландыру, билікті орталықтандыруды қатаң жүргізу, жекенің инициативасын радикалды шектеу, оның барлық саяси проблемаларды шешуге мемлекеттік машинаның алдында толығымен тәуелсіздігі жатады.

Нацизм, фашизм, сталинизм, хусейинизм – тоталитарлық саяси жүйенің неғұрлым қатаң формасы болып табылады. Жүйелердің бұл формасында билікті бөлісу принципі атымен жоқ, жеке бір партия мемлекеттік аппаратпен бірге билікке өзі иелік етеді, барлық оппозициялық партиялар мен идеологиялық ағымдар жойылады, азаматтардың құқығы мен бостандығы толығымен аяқ асты етіледі, күштеп билік жүргізу және қуғын-сүргінге ұшырату әдістері кеңінен қолданылады.

Авторитарлық саяси жүйе тоталитарлық және демократиялық саяси жүйелердің арасындағы аралық жағдайды иемденеді. Авторитарлық саяси жүйе жеке билік режимі болуымен, басшылық етуші топтардың билік етуімен сипатталады. Мұнда жасырын оппозиция да өмір сүреді, бірақ оның әрекет ету мүмкіндігі тарылған және де ол басып тасталуы да мүмкін. Сонымен бірге авторитарлық саяси жүйе адамның бостандығы мен негізгі саяси құқықтарды шектеуі немесе оны жоюы арқылы ерекшеленеді, парламент екінші дәрежедегі билік жүргізуші органға айналады. Авторитарлық режимде ресми идеология үстемдік етеді, сонымен бірге режимге адал басқа да идеологияларға орын беріледі. Экономикада мемлекеттік сектормен бірге, жеке кәсіпкерлік те іс-әрекетін жүргізеді. Бұқараның саяси өмірге араласуы шектеулі болады, бұқара саяси бағыттарды белгілеуге қатыспайды, билік етуші топ өзінің билік жүргізуін іс жүзінде бұқараның бақылауынсыз жүзеге асырады.

Осы заманғы авторитарлық саяси жүйеге өтпелілік сипаты да тән, ол тоталитарлық немесе демократиялық бағытта өрістеп, дамитын болады.

Демократиялық саяси жүйеде биліктің қарым-қатынасы бойынша жеке адамның құқығына және қоғамның билікке бақылау орнатуына басымдық беріледі. Ол азаматтардың бостандығы мен құқықтарына, билік жүргізуші және оппозициялық партиялардың еркін іс-әрекетіне кепілдік беретін кең

диапазонды иемденеді, бұқаралық ақпарат құралдары цензураның қадағалауынан толықтай босатылады, қоғам әлдебір ресми идеологиядан арылып, жалпыұлттық дүниетанымдық құндылықтарды сақтауға қол жеткізеді. Бұл жүйеде билік тармақтары қалай бөлінетіндігі нақты көрсетілген. Конституция және заңдылық принциптері мойындалып, іс жүзінде жүзеге асырылады. Биліктің өкілетті органдары жалпыға бірдей сайлау негізінде құрылады. АҚШ, Франция, Швеция, Финляндия, Бельгия, Австрия, Австралия, Канада және т.б. елдердің саяси жүйелері бүгінде демократиялық жүйелер ретінде танылып отыр. Ал, Германия үшін демократиялық институттар мен билік жүргізудің авторитарлық әдістерінің процедурасын ұштастыра отырып басқару қалыпты үрдіске айналуда. Демократиялық жүйелер әр түрлі елдерде белгілері өз-өзінен қайталанып отыратын қайдағы бір көшірме емес екенін ескеру қажет. Бұған қоса демократиялық жүйелерге сипаттама бергенде экономикалық және әлеуметтік дамудың деңгейі, саяси бағыты, басқару формалары және т.б. ескерілуі тиіс.

Осыған байланысты демократиялық саяси жүйені заңдылыққа және билікке қоғамның бақылауы жүзеге асырылатын ресми ұйым деп санау керек. Ол қоғамда қабылданған принциптер мен ұғымдар негізінде жұмыс істейді, айқын мақсаты бар және жалпы мүдделерді жүзеге асыруға ықпал етуге бейімделген ұйым.

Мемлекеттік формаға негізделген саяси жүйелер үлгісін жіктеу де кеңінен белгілі болып отыр. Бұл тұрғыдан келгенде мынандай екі белгіге: әр түрлі билік тармақтары мен институттарының ара-қатынасына және қоғамдық саяси жүйенің территориялық құрылымына назар аударылады. Бірінші белгіге сәйкес осы заманғы саяси жүйелер монархиялық (абсолюттік немесе конституциялық) және республикалық (парламенттік, президенттік) болып бөлінеді. Екінші белгіге сәйкес саяси жүйелер унитарлы, федеративтік және конфедеративтік болып бөлінеді. Саяси жүйелерді дәстүрлік және саяси өзгерістер деңгейіне байланысты модернизацияланған деп жіктеу де кеңінен белгілі болып отыр. Дәстүрлік саяси жүйеге қоғамды құрудың ескірген принциптері, азаматтық қоғамның жетілмегендігі, саяси мінез-құлық формасының дамымауы, қоғамға қажетті құрылымдық өзгерістерді жүзеге асырудағы консерватизм тән. Дәстүрлі саяси жүйе саяси рөлдердің әлсіздігімен, билікті негіздеудің харизматикалық әдістерін иеленумен ерекшеленеді. Ал, модернизацияланған саяси жүйеде, бұған керісінше, азаматтық қоғамның дамуы, саяси рөлдердің диверсификациялануы, билікті негіздеудің ұтымды әдісі жүзеге асырылады.

Модернизацияланған саяси жүйе маңызды экономикалық және әлеуметтік ұйымдарды, мекемелерді модернизациялау мақсатын жариялауымен ерекшеленеді. Саяси модернизациялаудың мақсаты қоғамдағы терең әлеуметтік қарсылық, элита мен бұқара арасындағы қарым-қатынас тудыратын қарама-қайшылықты жою болып табылады.

Егер жіктеу негізінде тұрақтылық пен өзгерістерге бағдар ұстаған саясатты алатын болсақ, онда саяси жүйелерді шартты түрде консервативтік және өзгерістік деп бөлуге болады. Консервативтік саяси жүйенің басты мақсаты – саяси, экономикалық және мәдени салаларда қалыптасқан дәстүрлі

құрылымдарды, әсіресе саяси билікті жүзеге асырудың нысандары мен әдістерін сақтап қалу.

Өзгерістік бағытты ұстанатын саяси жүйе қоғамды өзгертуді, реформаларды жүзеге асыруды көздейді, ол қарқынды әрекет етеді. Осы тұрғыдан алғанда қазіргі Қазақстанды өзгерістік сипаттағы саяси жүйеге жатқызуға болады.

Саяси жүйелерді жіктеудің және бір нұсқасы аталған жүйелердің сыртқы ортамен өзара қарым-қатынасының сипатынан туындайды. Осы критерий бойынша саяси жүйелер жабық және ашық болып бөлінеді. Жабық саяси жүйе қатаң белгіленген құрылымы бар, өзіне өзі тоқмейілсіп қарайды, оның сыртқы ортамен байланысы тым шектеулі келеді, басқа саяси жүйелердің құндылықтары мен жаңа үрдістерін қабылдай алмайды. Жабық саяси жүйе тұтас саяси жүйе қалыптаспаған, саяси мәдениеті дамымаған, әсіресе дамушы елдерге, сондай-ақ бұрынғы социалистік лагерь елдеріне тән.

Ашық саяси жүйе белсенді әрекет етеді және басқа елдермен жан-жақты өзара байланыс орнатады, сыртқы жағдайлар мен факторлардың ықпалына ұшырайды және өз кезегінде, оған қарсы әрекет етеді. Ол анағұрлым ширақ және пәрменді қимыл жасайды. Басқа жүйелердің жаңа құрылымдарын, озық құндылықтарын қабылдап, өзіне тиімді қолдануға әзір тұрады және басқа саяси жүйелердің өзге де құндылықтары мен идеологияларына түсіністікпен қарап, төзімділік көрсетеді. Ашық саяси жүйеге Батыстың дамыған демократиялық мемлекеттері мысал бола алады.

Саяси жүйелерді жіктеудің басқа нұсқалары да бар.

Саяси жүйелердің әрбір үлгісі шеңберінде ұлттық-тарихи даму жағдайларының ерекшеліктеріне байланысты көптеген үлгілер мен нұсқалар болуы мүмкін, бұл мемлекет пен қоғам арасындағы қатынастардың өзіндік өзгешеліктерімен, саяси күштердің, билік тармақтарының, саяси басшылық әдісінің, басқару нысандарының ерекшеліктерімен, саяси сананың жай-күйімен және саяси мәдениеттің деңгейімен түсіндірілетінін атап айту керек. Оның үстіне негізгі әлеуметтік-экономикалық қатынастарды әр түрлі саяси жүйелер қалыптастыруы мүмкін, ал ұқсас саяси жүйелер де әр түрлі бағытта дамып, әрқилы нәтижелерге қол жеткізуі мүмкін.

Мына жағдайды атап көрсету қажет: саяси жүйелердің әр алуандығы бұлардың әрқайсысында өзінің артықшылықтары мен кемшіліктері болатынын, бірақ ол әмбәбап демократия принциптеріне ғана емес, сол қоғамның өзіндік өзгешеліктерін, ерекшеліктерін, қоғам алдында тұрған міндеттерге байланысты оның нендей бір саяси жүйе үлгісіне әлеуметтік-мәдени бейімділігін ескере отырып құрылған жағдайда ғана тиімді болатынын дәлелдеп отыр.

2. Мемлекеттің қоғамның саяси жүйесіндегі орны мен рөлі

Мемлекет саяси жүйеге белгілі бір жекелеген органдары арқылы емес, өзіндік бір саяси, аумақтық, құрылымдық бөлік ретінде кіреді. Ол өз функцияларын басқа әлеуметтік институттармен, партиялармен, кәсіптік одактармен, жергілікті басқару органдарымен бірлесе отырып атқарады. Ол саяси жүйеде жетекші рөлді иеленген, себебі. а) оның аумақтық

шекараларында азаматтық белгілі бойынша и біріккен халықтың жалғыз ресми өкілі рөлін атқарады;

ә) егемендіктің жалғыз иесі болып табылады;

б) қоғамды басқаруға бағытталған әлеуметтік аппараты болады;

в) қарулы құрылымдары болады;

г) құқықшығармашылыққа қатысты монополияға ие;

д) материалдық құндылықтардың ерекше жиынтығында (мемлекеттік меншік, бюджет, валюта және т.б.) ие.

Мемлекеттің қоғамдық саясатты орындаудағы ерекшеліктері:

- мемлекет саяси жұмысын қоғам көлемінде нормалар арқылы жүргізіледі;

- мемлекет барлық қоғамдық жұмыстың негізгі бағыттарын анықтап, басқарып отырады;

- мемлекет ішкі- сыртқы істерді атқаруға, егеменді тәуелсіз аппарат.

Мемлекет қоғамның саяси жүйесіне кіретін барлық ұйымдарды, бірлестіктерді, одақтарды, ұжымдарды біріктіріп, көмек жасап отырады.

Мемлекеттің бұл бағыттағы жұмыстарының түрлері:

1. Мемлекет Конституция арқылы барлық азаматарға өздерінің бірлестіктерін, ұйымдарын құруға толық мүмкіншілік береді; қоғамдағы демократияны дамытуға міндетті.

2. Мемлекет қоғамдық ұйымдардың құқықтық құзыретінің көлемін, шеңберін анықтайды.

3. Мемлекет қоғамдық ұйымдардың дербес жұмыс жасауына толық мүмкіншілік беріп, оларды қорғап отырады.

Сөйтіп, мемлекет қоғамдағы барлық ұйымдарды, ұжымдарды біріктіріп, қоғамның саясатын, мүдде- мақсатын дұрыс, жақсы орындауын, демократияның дамуын қамтамасыз етіп, саяси жүйенің жан- жақты нығаюына мүмкіншілік жасайды.

Саяси жүйенің барлық саласы өздерінің жұмысын әлеуметтік нормалар, оның ішінде басым түрде құқықтық нормалар арқылы жүргізіледі. Мемлекет, барлық саяси партиялар, ұйымдар, ұжымдар заңдылықты, құқықтық тәртіпті қатаң сақтап, қорғайды.

Мемлекет қоғамдық және саяси жүйенің құрамындағы басқарушы, реттеуші, ұйымдастырушы ең маңызды бірлестік. Оның себептері:

1. Мемлекет қоғамдағы қайшылықтарды өршітпей, дамытпай дұрыс келісімге келтірудің арбитры, әділ қазысы. Ф.Энгельс бұл жөнінде өте қасқаша былай деген: «Егерде мемлекет пен құқық өмірге келмегенде, адам қоғамы көне дәуірде ақыр заманға тап болатын еді». Қандай тамаша айтылған пікір...!

2. Мемлекет қоғамдағы сан қырлы қайшылықтарды, ретсіз жағдайларды халықпен, бірлестіктермен, ұйымдармен, одақтармен, саяси ағымдармен, партиялармен, еңбек ұжымдарымен, бірлесіп, оларды бір келісімге келтіріп, сол келісімді бәрі бірігіп іске асырушы күш.

3. Мемлекет басында қоғамды басқарушы, қаңаушы үстемдік таптың құралы ретінде өмірге келді. Кейін қоғам дамыған сайын, мемлекет демократияны жақтап, қоғамдық мүдде- мақсатты басым түрде реттеп, басқарып отырады.

Қазіргі заманда да осылай, сым түрде реттеп, басқарып отырады. Қазіргі заманда да осылай.

4. Мемлекет адамдардың, саяси- әлеуметтің күштердің үздіксіз күрестерінің нәтижесінде қоғамдағы үзіліссіз қайшылықтарды келісімге келтірудің әділ қазысы болып отыр.

5. Мемлекеттің қоғамдағы барлық мәселені шешудегі егемендігі, қоғамның дұрыс дамуы, адамдардың бостандығы мен құқықтары, әділеттік пен теңдіктің шын мәнінде қалыптасуы мемлекеттің құзыретіндегі мәселе. Өйткені қоғамдағы билік мемлекеттің қолында.

6. Қоғамның саяси- экономикалық, мәдени - әлеуметтік жағдай үзіліссіз диалектикалық даму процесінде болғандықтан, бұл процесті дұрыс, пайдалы басқару тек мемлекеттің қолынан келеді. Өйткені мемлекеттің құзырында барлық материалдық, саяси, әлеуметтік, әскери күштер бар. Мемлекеттік билікті іске асыратын құқықтық механизм бар.

Мемлекет өзінің билігін саяси партияларға, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктерге, еңбек ұжымдарына, жергілікті өзін- өзі басқару ұйымдарына, азаматтарға сүйене отырып іске асырады. Енді осы байланыстарға қысқаша тоқтап өтейік.

Мемлекет және саяси партиялар - бұл екеуі бірігіп қоғамды басқарудағы ең шешуші күш. Басқарудың сапалы немесе сапасыз болуы осы екі бірлестіктің қызметіне байланысты. Сондықтан олардың іс- әрекеті халықтың, үкіметтің үнемі бақылауында болады.

Мемлекет және қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер- қазіргі заманда халықтың мүдде - мақсатын орындайтын тек мемлекет пен саяси партиялар емес. Ол мүдде- мақсаттың басым көпшілігі қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің қолында. Сондықтан мемлекет оларға көмек көрсетіп, іс әрекеттерін, жұмыстарын бақылап отырады.

Мемлекет және еңбек ұжымдары - өндірісте, шаруашылықта мәселенің басым көпшілігі еңбек ұжымдарының құзыретінде: шаруашылықтың нәтижелі жұмыс жасауы, тәртіптің жақсы дәрежеде болуы, адамдардың бірлігі, достығы, мәдени, рухани білімі, денсаулығы т.б. Осы бағытта ұжымның атқаратын қызметінің маңызы, құндылығы еделеп айтпаса да белгілі. Бұл мәселені ұжым мемлекетпен бірігіп іске асырады.

Мемлекет пен жергілікті өзін- өзі басқару мекемелерінің қызметі жергілікті басқару мекемелері әкімшілік территориясында мемлекеттік өзінің билікті жүргізуге құзіреті болады және ол үшін жауапты.

Бұл жұмысқа сол территориядағы азаматтар белсенді қатысып, барлық мәселені реттеп, басқаруға міндетті. Жергілікті мемлекеттік басқару органы оларға жан- жақты көмек көрсетуге міндетті. Осы екі орган тығыз байланыста қызмет жасауға тиіс. Сонда ғана нәтиже болады. Мемлекет пен азаматтар- азаматтар мемлекеттің жұмысына тікелей қатысып немесе өздерінің өкілдері арқылы өз ой- пікірлерін білдіріп оытруға құқықтары бар және ақпарат, радио, теледидар да өздерінің тілектерін, талаптарын, сын- пікірлерін айтуға құзыреті бар. Мемлекеттік орындар көмек көрсетіп, толық бостандық беруге міндетті.

Егерде бұл іс - әрекет екі жақты сапалы жүргізілсе қоғамға, халыққа тиетін жақсылығы көп болады деуге болады.

Мемлекет пен дін. Мемлекеттің дінмен қарым- қатынасына мәйкес үш түрлі мемлекеттер болады: зайырлы, теократиялық, клерикалдық:

- зайырлы мемлекеттің дінмен тікелей байланысы болмайды, олар бір- бірінің жұмысына тікелей қатынаса алмайды, жай байланыс жасауға болады. Оның бағыттары- демократияны, бостандықты, әділдікті, теңдікті дамыту, халықтың мәдени, рухани білімін көтері, жастарды инабаттылыққа, парасаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу, ұлттарды бірлікке, достыққа тәрбиелеу т.б.

- теократиялық мемлекетті басқару шіркеу құзыретінде. 1921 жылға дейін Монғолия осындай мемлекетке жатты. Қазір- Ватикан осы жүйедегі мемлекет.

- Клерикалық мемлекет зайырлы және теократиялық мемлекеттерінің ортасындағы мемлекет. Олар мемлекетпен бірікпейді, бірақ заң шығару процесіне қатысып, мемлекеттің саясатына ықпал жасайды. Бұл мемлекеттерге жататында: Ұлыбритания, Дания, Норвегия, Швеция, Израиль, Италия және 20 шақты ислам мемлекеттері.

Қоғамның саяси жүйесінің даму заңдылықтары.

Қоғамның мүдде - мақсаты объективтік тұрғыдан қалыптасады. Ол мүдде-мақсатты іске асыратын, орындайтын күштер субъективтік жолмен қалыптасып, жұмысқа кіріседі. Олардың ішінде ең негізгі басқарушы, ұйымдастырушы, реттеуші, шешуші күш- саяси жүйе, одан кейін мемлекет. Субъективтік күштердің дамуының негізгі шешуші себептері сол күштердің (мемлекет, қоғамдық ұйымдар, бірлестіктер, одақтар, еңбек ұжымдары, саяси ағымдар, партиялар т.б.) арасындағы үзілссіз дамып жататын қайшылықтар. Қоғамның даму процесінде бұл қайшылықтар өмір тәжірибесінен өтіп, шындалып дұрыс саяси жүйесін қалыптастыруға, дамытуға зор үлес қосып отырады. Бұл субъективтік қайшылықта екі жақты субъектілер болады. Оларда қоғамның мүдде - мақсатын іске асыру стратегиясы бірдей, ал тактикасы- әр түрлі болады. Осы әр түрлі тактикалардың арасындағы үзіліссіз қайшылықтар субъективтік күштерге нәр беріп, саяси жүйені дұрыс қалыптастыруға, дамытуға шешуші ықпал жасап отырады. Соның нәтижесінде қоғамда демократиялық бағытта әділетті саяси жүйе қалыптасқан, оның негізгі мазмұны мемлекеттің конституциясына, құқықтық нормаларына кіріп, саяси жүйенің даму заңдылықтарына айналады, оның түрлері: таптық, топтық, ұлттық, әлеуметтік, саяси, нәсілдік, халықаралық, мемлекетаралық т.б. қайшылықтар. Ол қайшылықтарды бейбітшілік жолмен реттеп, бір келісімге келіп, саяси жүйенің, біліктің дұрыс дамуына мүмкіншілік жасалып отырады.

Қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекеттің алатын орны өте зор, өте жауапты. Мемлекет саяси партиялармен бірігіп қоғамның барлық саласының дұрыс, жағымды дамуына жауапты және сол жауапты жұмыстың басым ауыртпалығын мемлекет өз мойнына алады. Әрине, бұл тоталитарлық мемлекеттің түсінігі емес, демократиялық мемлекеттің сипаттамасы, мазмұны.

Сонымен жүйенің даму заңдылықтары дегеніміз- қоғам өмірінің әр кезеңінде саяси - әлеуметтік құбылыстардың бірлесіп саяси жүйесінің объективтік, тұрақты даму процесінің заңдылықтарына айналуы.

3. Мемлекет билік және қоғамдағы саяси жүйенің қарым-қатынастары

Билік бұл — бір жеке тұлғаның немесе топтың шешім қабылдау құқығы мен мүмкіндігіне көрініс табатын өзге де жеке тұлға немесе топ үшін міндетті сипатқа ие әлеуметтік қатынас, әлеуметтік институт, басқаша айтқанда бұл «басқару-орындау» қатынасы, кейде бұл бұйрық берушілік пен бағынушылықтың қатаң нысанында көрініс береді. Бір адамның басқа адамға бағыну негізінен теңсіздікке жатады: табиғи теңсіздік (физикалық, интеллектуалдық) және әлеуметтік теңсіздік (мәртебелілік, экономикалық, білімділік және т.б.).

Табиғи теңсіздік негізінде пайда болатын билік қашанда жеке тұлға аралық қарым-қатынас сипатына ие. Бұл жағдайда біз бір адамға бағынамыз. Алайда жаңадан пайда болған жағдайда ол адам өз үстемдігін, артықшылығын көрсете бере алмайды, біз оның өкімін орындамауымыз да ғажап емес.

Әлеуметтік теңсіздікке негізделген билік өзінің персоналдық нысанын жоғалта алады. Себебі біз қызметте физикалық тұрғыдан күшті, қуатты болсын немесе бізге ұнасын, ұнамасын бастықтың өкімін орындауға мәжбүрміз. Ол қоғамда да өзінің нақты қатысушыларынан тәуелсіз және әлеуметтік кеңістікте жеткілікті дәрежеде тұрып, жүзеге асырылады. мысалы, отағасы, діни қауымдастықтың рухани басшысы, мекеме жетекшісі, партия қолбасшысы бұлардың барлығы әлеуметтік кеңістікте әртүрлі орында тұрса да өзінің бағдарламасы бойынша міндетті шешімдерді қабылдауда айрықша құқыққа ие. Мұндай биліктің тұрақты болуының себебі оның институционализациясында, әлеуметтік теңсіздікке негізделген билік әлеуметтік институт болып табылады.

Яғни, билік әлеуметтік теңсіздік негізінде пайда болады, бірақ бұл теңсіздік автоматты түрде билік қатынастарына ықпал етеді деген сөз емес. Мысалы, мекеме директоры көрші заводтың жұмыскерлеріне өкім бере алмайды. Билік беруге басқару, екіншісіне бағынуды мазмұндайтын нормалар мен ережелер бекітілгенде ғана және осы ережені бұзғандар бойынша санкция шыққанда ғана пайда болады. Міне, біз осы ережелерден кейін ғана билікті әлеуметтік институтқа, әлеуметтік теңсіздікке негіздеген деп айта аламыз.

Қоғамда биліктің айрықша түрі бар. Оның басты белгісі болып билік субъектілерімен қабылданған, қоғамның барлық мүшелері үшін міндетті болатын шешім табылады. Бұл салықты өндіріп алу жөніндегі, меншік құқығын реттеуші тәртіп жөніндегі, даулар мен келіспеушіліктерді шешу мен қарау тәртібі жөніндегі шешімдер болуы мүмкін. Биліктің бұл түрі осы еңбегіміздің мазмұнынан және бір бөліміне арқау болып отырған – мемлекеттік билік.

Мемлекеттік биліктің негізінен әлеуметтік теңсіздіктің ерекше түрі енеді – ол саяси теңсіздік. Саяси теңсіздік бұл – саяси мәртебелердің теңсіздігі. Адам жауапкершілігі мол шешім қабылдау құқығын Үкімет мүшесі бола отырып, Парламент депутаты бола отырып, қоғамның иерархиялық құрылуында өзінің ерекше мәртебесіне байланысты ала алады. Адамның осындай дәрежеге жетуіне ықпал етуші факторлардың қатарына жеке тұлғаның ерекше

өзгешеліктерін атап айтуға болады: білім деңгейі, саяси ұйымдар қолдауы, жаппай ақпарат құралдарына қол жеткізу және т.б.

Әлеуметтік теңсіздік қоғамды басқару үшін мүмкіндік туғызады. Себебі социумның өмірлік координациясы үшін басқару орталығы «ми штабы», сонымен бірге жекелеген және топтық мүдделердің өзіншілдігін жеңу қажет.

Демек, қоғам тарихы – саяси теңсіздікті жою тарихы емес, бұл – қоғамды ұйымдастырудың тиімді әдістерін құру және іздеу. Саяси билік қашанда қоғамның дамуына үлес қосқан.

Саяси (мемлекеттік) билік қатынастарын реттейтін нормаларды сақтау саяси социализация үрдісімен қамтамасыз етіледі: адам бала шағынан өзінен орындауды талап ететін бұл нормалармен танысады. Жеке тұлға норманы сақтауы өзіндік әдет, қарапайым іс болып кетеді.

Мемлекеттік биліктің пайда болуы және институализациялану үрдісі мемлекеттің пайда болу және даму үрдісімен қатар жүреді. Себебі, саяси шешімдерді қабылдаудың айрықша құқығы мемлекеттік органдарға тиесілі, сондықтан мемлекеттік заң шығарудың соңғы нүктесі болып табылады.

Мемлекеттік билік органдары – мемлекеттік биліктік өкілеттерге ие және өз құзыреті шегінде мемлекеттің белгілі бір міндеттері мен қызметтерін жүзеге асыру үшін қажетті материалдық құралдарды иеленетін мемлекеттік қызметкерлерден тұратын мемлекеттік механизмнің ұйымдасқан, рәсімделген шаруашылықты бөлігі органдарының санын негіздейді.¹

Мемлекеттік билік органдары оның легитимдігінің заңды қайнар көзі ретіндегі критерий бойынша төмендегідей болып сараланады:

- Конституциямен, республикалық заңдармен мемлекет қызметін және міндетін тікелей орындау үшін республика субъектілерінің жарғысымен бекітілетін органдар. (Республика Үкіметі, Парламенті, сот органдары).

Жоғарыда аталған мемлекеттік органдардың түрлерінің өкілеттіктерін орындауды қамтамасыз ету үшін құрылатын органдар (Президент әкімшілігі және тағы басқалары).

Мемлекеттік билік органдары мемлекет механизмін қамтиды.

Мемлекеттік механизмі түсінігі «мемлекеттік аппарат» категориясымен тығыз байланысты. Соңғысын екі мағынада: тар және кең мағынада түсінуіміз қажет. Кең мағынада мемлекеттік аппарат түсінігі барлық мемлекеттік органдардың жиынтығы ретінде мемлекеттік механизм анықтамасына сәйкес келеді. Неғұрлым тар (арнайы) мағынада мемлекеттік аппарат ретінде мемлекеттік басқару аппараты түсіндіріледі.

Ендеше, мемлекет механизмі (аппараты) бұл – Қазақстан Республикасының Конституциясында, өзге де республикалық заңдарда бекітілген, тепе-теңдік және тежемелік қағидасына негізделген мемлекеттік органдар жүйесі. Яғни, мемлекеттік билік органдары мемлекеттік механизмге тоғысады. Біз қай тұрғыдан болмасын, мемлекеттік билік органдарын қарастырғанда мемлекеттік механизмді де қарастыруымыз қажет.

Мемлекеттік және саяси билік.

Билік жүргізу әдістері рухани және материалдық болып бөлінеді. Рухани әдістер: саяси идеялар мен теориялар, саяси сана, заң, норма, ереже, білім, саяси сөз, саяси әдістер, саяси өнер;

Материалдық әдістер: саяси жобалау, есеп бақылаудың техникалық әдістері, күштеу тәсілдері, билік жүргізу кадрлары, саяси институттар, органдар, билік ұйымдары саяси билік бар жерде теңсіздік бар. Мұнда біреулер билік етуге құқылы да, екіншілері бағынуға міндетті. Бұл теңсіздіктің туу себебі мына төмендегі әдіс құралдарға байланысты.

Экономикалық қор. Қандай саяси билік болмасын оған қаржы қаражат керек. Мысалы: сайлау науқанын өткізу үшін ондаған миллион ақша жұмсайды. Мемлекет тарапынан берілетін ақша жетіспеуінен өздерін өздері қаржыландырады (спонсор). Билеуші аппаратты ұстау үшін қыруар ақша жұмсалады. Оның үстіне билік басына келген топ өзінің экономикалық бағдарламасымен келеді. Оларды жүзеге асыру үшін көптеген қаржылар керек. Әлеуметтік әдіс-құралдар. Үстемдік етіп отырған адамдар немесе өзін қолдайтын сақтайтын адамдар топтарын іздейді. Бұл рөлді көбінесе сол қоғамда, сол билік тұсында белгілі бір артықшылықтарға, мәртебеге, абыройға ие, жалақысы мол қызметкерлер орындайды.

Күш жұмсау құралдары. Олар мемлекетті қорғайды, ішкі тәртіпті сақтайды, саяси билікті құлатуға әрекет жасаушыларға мүмкіндік бермейді, оған жататындар: әскер, полиция, қауіпсіздік органдары, сот, прокуратура және т.б. Тарихи тәжірибеге сүйенсек саяси билік оларды өз мақсаттарына, әсіресе экономикалық және саяси дағдарыстар негізінде жиі пайдаланады.

Ақпарат құралдары. Қоғамдық пікір тудырып саяси өмірге ықпал ету жағынан биліктің белгілі бір артықшылықтарға ие болуы. Демократиялық елдерге сөз, баспасөз бостандығы беріледі.

Ақпарат құралдарымен қатар билікті жүргізуде информациялық қордың да маңызы зор. Біліммен ғылыми мағлұмат алу, оларды тарату бүгінгі таңда алдыңғы қатарлы орындарға шығуда кейбір ғалымдардың айтуынша информация кімнің қолында болса, ХХІ ғасырда билік соның қолында болады. Билік саяси және мемлекеттік болып екіге бөлінеді. Саяси билік дегеніміз белгілі бір топтар мен таптардың мемлекеттік органдар жүйесі арқылы қоғамдағы саяси үстемділігі. Ал мемлекеттік органдар жүйесі арқылы қоғамдағы саяси үстемділігі. Ал мемлекеттік билікке барлық адамдарға міндетті заңдарды шығаруға жеке-дара құқығы бар заңдар мен ұйымдарды сақтау үшін ерекше күштеу аппаратына сүйенетін саяси биліктің түрі жатады.

Мемлекеттік билік пен саяси билікті салыстыратын болса, саяси билік мемлекеттік билікке қарағанда кең ұғым. Саяси билік тек мемлекеттік көлемде ғана емес, сонымен бірге халықаралық ұйымдар көлемінде де жүргізіледі. Кез-келген мемлекеттік билік ол саяси билік, ал кез-келген саяси билік мемлекеттік бола алмайды. Мысалы: алғашқы қауымдық құрылыста саяси билік болған (ақсақалдар кеңесі) ал билік аппараты, мемлекет болмайды. Демек мемлекеттік билік саяси биліктің бір түрі.

Саяси билік ерекшеліктері:

1. Ол адамдардың үлкен тобының мүддесін қорғайды, ол топтың қоғам э

кономикасындағы ролі басым болады, әр қоғам сол топ мүддесі тұрғысынан басқарылады:

2.қоғамдағы басшылық көбінесе сол топ өкілдерінің қатысуымен мемлекет арқылы қоғамдық-саяси жетекшілер арқылы жүргізіледі;

3. арнайы басқару ісімен шұғылданатын ерекше маман топтардың болуы;

4.жариялылығы, жаппай болуы.

Мемлекеттік билік ерекшеліктері:

1.ол белгілі бір аумақта ерекше аппарат арқылы жүргізіледі;

2.мемлекеттік билік өзінің арнайы күштеу аппаратына сүйенеді

3.мемлекеттік билік монополиялық сипат алады.

Саяси биліктің субъектісі халық. Ал халықтың атынан билікті қолдаушылар ол қолына билік беріліп арнайы құрылған органдар ұйымдар мекемелер. Саяси билік субъектілер өз билігін жаңағы билікті қолдаушылар арқылы жүргізеді.

Тақырып № 8

Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет

Ж О С П А Р

1. Азаматтық қоғам: түсінігі, құрылымы, белгілері

2. Құқықтық мемлекет және оның негізгі сипаттамалары

3. Азаматтық қоғам құрылымы

4. Құқықтық мемлекет қызметінің негізін қалайтын қағидалар

1. Азаматтық қоғам: түсінігі, құрылымы, белгілері

Адам қоғамы қалай калыптасты, оның себептері қандай - бұл туралы бір қорытынды пікір жоқ. Бірақ бұл түсінікті ең бірінші ғылымға енгізген Адам Смит, Давид Рикардо, оған саяси сипаттама берген Гегель. Дүниежүзілік ғылыми, саяси қайраткерлердің, ойшылдардың айтуынша - қоғам саналы адамдардың ерікті түрде бірігіп өмір сүруі. Бұл бірігудің негізгі себебі адамдардың бір мүдделігі, бір тілектестігі. Мұнсыз бірігу мүмкін емес. Мүдде екі түрлі болады: жеке адамның мүддесі және қоғамның мүддесі. Қоғам осы екі мүдде-мақсатты біріктіріп, дамытып отырады. Осы объективтік даму процесінде адамдардың өзара ынтымақтастығы қалыптасты. Сол арқылы жеке адамның қолынан келмейтін, әлі жетпейтін істерді атқаруға мүмкіншілік туды. К. Маркс қысқаша: "Қоғам - адамдардың өзара еңбек жасауының одағы", - дейді.

Қоғамдық мүдде-мақсат, қоғамдық тілек уақытша емес, түпкілікті, нақты, объективтік мағынада қалыптасуы керек. Сонда ғана қоғамның жақсы дамуға, нығаюға мүмкіншілігі болады. Себебі қоғам саналы адамдардың ерікті түрде қалыптасқан одағы. Егер бұл одақ, бұл бірлік еріксіз, озбырлық түрде ұйымдастырылса, ондай қоғам нәтижесіз тез тарқап кетер еді. Адам қоғамның

бірінші - клеткасы. Қоғам адамдардың күрделі әлеуметтік бірлестігі. Бұл бірлестік, бұл қоғам дұрыс, жақсы даму үшін оның ішіндегі қарым-қатынастарды реттеп, басқару керек болды. Оны қоғамның объективтік даму процесінің заңдарына сүйене отырып, адамдар өздері әлеуметтік нормалар арқылы реттеп, басқарып отырады. Сондықтан мемлекет пен құқық пайда болды. «Адамдар өз тарихын өздері жасайды», - деп жазды Маркс, - бірақ олар оны өз қалауынша жасай алмайды, қолындағы барды, бұрынғыдан қалған мұраны қолдануға мәжбүр болады.

Қоғамның тарихи объективтік қалыптасқан негізгі белгілері:

- саналы адамдардың ерікті түрде бірлесіп одақ құруы;
- қоғамдық түпкілікті, нақты, объективтік мүдде мақсаттың қалыптасуы;
- адамдардың өзара ынтымақтастығының, бірлігінің қалыптасуы;
- қоғамдық мүдде мақсат, тілек арқылы қарым қатынастарды реттеп – басқару;
- қоғамды басқаратын, қоғамдық тәртіпті қорғайтын аппараттың, мемлекеттік биліктің өмірге келуі;

Қоғам - саналы адамдардың бір мүддені, бір мақсатты орындау үшін саналы түрде өзара бірігуі. Мұнда міндетті түрде екі шартты элемент бар: мүдде-мақсаттың қалыптасуы және саналы адамдардың саналы түрде бірігуі.

Адамның объективтік тарихи даму процесіне және күнделікті қарым-қатынасында қоғамның бірнеше түрлері болады: өндірістік қоғам, шаруашылық қоғам, әлеуметтік қоғам, азаматтық қоғам т.б. Осылардың ішіндегі ең күрделісі, ең түпкіліктісі адаммен бірге дамып келе жатқан азаматтық қоғам. Қоғамның басқа түрлері тез құрылып, тез тарап жатады. Олардың өмірі, іс-әрекетінің шеңбері, кеңістігі көп өлкеге жайылмайды, уақыты көпке созылмайды.

Қоғам - мемлекеттік құрылымнан тыс қалыптасатын әлеуметтік – экономикалық және мәдени - рухани қоғамдық қатынастардың жиынтығы. Оған қатынасушылардың табиғи және азаматтық құқықтарын, бостандығы мен міндетін автономиялық даму жолы қамтамасыз етеді. Азаматтық қоғамда үзіліс болмайды, уақыты шектелмейді, өлкеге-аймаққа бөлінбейді, мемлекеттің барлық жерін, барлық халқын біріктіреді.

Қоғам - мемлекетке тәуелді емес, дербес, ашық, жариялы қоғам. Қазақстанда азаматтық қоғамның қалыптасу ерекшеліктері: кеңестік мейлінше мемлекеттендірілген күйден шығу, қоғам мен мемлекеттің арақатынасын тәуелсіз - дербестікте дамыту.

Республика Конституциясы Қазақстандағы азаматтық қоғамның барлық даму сатыларын мемлекетке бағындырмастан (оның айғағы — онда " Қоғам" бөлімінің әдейі болмауы) әлеуметтік бағдарлы нарық экономикасы мен жеке адамның автономиясын тұрақты қалыптастыру үшін оған қажетті құқықтық жағдайлардың негізін қалайды. *Оған:* тең дәрежеде танылатын және қорғалатын мемлекеттік меншік пен жеке меншікті (6-баптың 1-тармағы); адам және азамат құқықтарының кең ауқымды және біртұтас кешенін (II-бөлім); отбасын, ана мен әке және баланы мемлекеттің қорғауын (27-бап); идеологиялық және саяси әр алуандылықты (5-бап) және тағы басқа жаңа

Конституцияда бекітілген қазақстандық азаматтық қоғамды ерікті дамытудың алғы шарттарын жатқызуға болады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында елімізде азаматтық қоғамды қалыптастырып, демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет құру бағыттары көрсетілген. Бұл бағыт мемлекетіміздің ең күрделі, ең жауапты мүдде-мақсаты.

Азаматтық қоғам ғылыми тұрғыдан өте аз зерттелген, ол туралы қомақты бірде ғылыми еңбек жоқ. Оның себебі ғалымдар азаматтық қоғам мен мемлекеттің мазмұны ұқсас деп түсініп келді. Расында ұқсастық бар, бірақ айырмашылық басым. Адам қоғамының қалыптасқанына 1,5 млн. жыл өтті, ал мемлекеттің өмірге келгеніне 6 мың жыл ғана болды. Мемлекет қоғамның сан қырлы көрінісінің бір ғана нысаны. Тоталитарлық мемлекет туралы ой-пікірлер көне дәуірде де болды. Бірақ толық мағынада бұл ұғым өмірге тек XVIII ғасырда келді. Басында азаматтық қоғам деп меншік, отбасы, рынок, мораль салаларындағы қатынастарды түсініп келді. Мемлекет бұл қатынастарға толық бостандық берді. Гегельдің ойынша азаматтық қоғам жеке меншіктің, діннің, отбасының, моральдық т.б. талаптарын іске асырудың жүйесі (Работы разных лет. Т. 2. М., 1973. С. 50). "Азаматтық қоғамда әр адам өз мүддесін көздейді, басқаларды көрмейді... Басқаларсыз ол өз мүддесін іске асыра алмайды", — деген Гегель (Философия права. М., 1990. С. 228). К. Маркстің пікірі - бір саяси жүйені алып мазмұнына қарасаң, ол азаматтық қоғамның сан қырлы көрінісінің бір нысаны болып шығады. (Маркс К., Энгельс Ф. Соч. Т.3. С. 64)

Біз өткен ғасырдағы ірі ғалымдардың пікірін әдейі келтіріп отырған себебіміз азаматтық қоғам мәселесі сол кездегі өмірдің объективтік даму процесінің алдына қойған талабы дегіміз келеді. Сол себепті Гегель мен Маркс тағы басқа ғалымдар азаматтық қоғамды біраз зерттеп, құнды теориялық ғылыми мұра қалдырып кетті. Енді осы құнды ғылыми мұраға сүйене отырып, қазіргі заманның талабына сәйкес азаматтық қоғамды ғылыми тұрғыдан зерттеуді жалғастыру керек. Біздің пікіріміз — азаматтық қоғамның мазмұнының сан қырлы көрінісі төмендегідей болуға тиіс:

- экономикалық бостандық, әр түрлі меншік, нарықты қатынас;
- адамдардың табиғи бостандығы мен құқықтарын қалыптастырып, қорғау;
- заңды, демократиялық билік, ақпаратқа бостандық беру;
- заңның, соттың алдында адамдардың теңдігі болу;
- таптық, ұлттық бірлік, достық, келісім болу;
- адамдардың әлеуметтік жағдайын, денсаулығын, мәдени, рухани білімін, санасын көтеру, жақсарту.

Сонымен, азаматтық қоғам деген жеке адамның, әлеуметтік топтардың, сан қырлы мүдделері мен талаптарын іс жүзінде асыру және қанағаттандыру үшін қалыптасқан қоғамдық қатынастардың жиынтығы және содан туындайтын мемлекеттік емес ұйымдардың құқықтық негізінде құрылған жүйесі.

Азаматтық қоғамның даму жолдары .

Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 шілдедегі N 154 Жарлығында Қазақстан

Республикасында азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуы, азаматтық қоғам ұғымы, оның құрылымы мен функциялары, тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттері, Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғамның перспективалық көрінісі, азаматтық қоғамды дамытудың негізгі принциптері мен құқықтық негіздері, тұжырымдаманы іске асыру жолдары мен тетіктері, азаматтық қоғам институттары қызметінің құқықтық негізін жетілдіру, мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының ынтымақтастық құралдарын нығайту, халықтың жоғары саяси, құқықтық және азаматтық мәдениеті үшін жағдайлар жасау, еңбек қатынастарын жетілдіру, әлеуметтік саясатты жаңғырту, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру, Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам институттарын дамыту, азаматтық қоғам институттарының халықаралық ынтымақтастығын дамыту, тұжырымдаманы іске асыру мерзімі мен кезеңдері көрсетілген.

1980 жылдардың аяғы мен 1990 жылдардың басында басталған экономикалық, әлеуметтік және саяси салалардағы түбегейлі реформалар түрлі әлеуметтік топтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін қоғамдық бірлестіктердің құрылуын ынталандырды.

Қазақстанда алғашқылардың бірі болып экономиканың мемлекеттік емес секторы қызметкерлерінің мүдделерін білдірген тәуелсіз кәсіподақтар пайда бола бастады. Бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық және діни бірлестіктер, саяси партиялар белсенді түрде институцияланды. "Невада - Семей" қоғамдық қозғалысы азаматтық сана-сезімнің анағұрлым жарқын көрінісі болды, ол өз алдына ядролық полигондарды жабу міндетін қойды.

Елдегі азаматтық қоғам мен оның институттарын белгілі бір дәрежеде дамытуға мемлекеттің осы процесс үшін тиісті саяси, құқықтық және өзге де жағдайлар жасау жөніндегі қызметі жәрдем етеді.

1991 жылғы 27 маусымда "Қазақ ССР-індегі қоғамдық бірлестіктер туралы" Қазақ ССР-інің Заңы қабылданды.

Нәтижесінде елде "Қазақстанның халық конгресі", "Алаш" партиялары, Қазақстанның социал-демократиялық партиясы (ҚСДП), Қазақстанның социалистік партиясы, Қазақстанның республикалық партиясы, "Лад" республикалық славян қозғалысы және "Азат" Қазақстанның азаматтық қозғалысы, "Мемориал" қоғамдық-ағарту қоғамының филиалы, Алматы-Хельсин тобы, "Бірлік" қозғалысы, "Әділет" тарихи-ағарту қоғамы, "Поколение" зейнеткерлер қозғалысы және басқалары пайда болды.

1990 жылдардың басында Әлеуметтік қорғау коалициясы құрылды, оның аясына қоғамдық өткір проблемаларды талқылау, оларды шоғырланған негізде шешудің тетіктерін іздестіру жолымен еңсеру жөнінде бірлескен жұмыс үшін 28 түрлі ұйымдар, партиялар, қозғалыстар бірікті.

1994 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті әлеуметтік-экономикалық және еңбек қатынастары саласындағы әлеуметтік серіктестік жөнінде республикалық үшжақты комиссия құру туралы қаулыға қол қойды, бұл сындарлы үшжақты қатынастарды дамытуға және әлеуметтік серіктестік жүйесін құрудың бастауы болды.

Партиялар мен қозғалыстардың құрылуы мен жұмыс істеуі және, тиісінше, елдің партиялық жүйесінің одан әрі дамуы үшін құқықтық өріс құруға 1995 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясы мен 1996 жылы Қазақстан Республикасының "Қоғамдық бірлестіктер туралы" және "Саяси партиялар туралы" заңдарының қабылдануы ықпал етті. Бұдан басқа, Қазақстан халықтары Ассамблеясына біріккен ұлттық мәдени орталықтар белсенді дами бастады. Этносаралық келісім елде реформалар жүргізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін іргетасқа айналды.

1990 жылдың аяғы азаматтық институттар қызметінің кәсібиленуімен ерекшеленді, мұның өзі олардың қоғамдық проблемалардың, қажеттіліктер мен мұқтаждықтардың түрлі ауқымын шешу жөніндегі жұмысының тиімділігін көтеруге мүмкіндік берді.

Бұқаралық ақпарат құралдарының, (бұдан әрі - БАҚ) баспа кәсіпорындарының мемлекет иелігінен шығу, сондай ақ БАҚ-тың мемлекеттік қаржыландыру мен дотациялау жүйесінен мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге арналған мемлекеттік тапсырысқа көшу процесіне байланысты масс-медиа нарығында сапалық өзгерістер болды.

1998 жылғы 7 қазанда ел Парламентінің Қазақстан Республикасының Конституциясына елдің сайлау жүйесіне партиялық тізімдер бойынша сайлау енгізуді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізуі партиялық құрылыс процестерін жеделдетті. Сөйтіп, 1998 жылғы желтоқсаннан бастап 1999 жылғы тамызды қоса алғанда, Қазақстанның азаматтық партиясы (ҚАП), Қазақстанның Республикалық халықтық партиясы (ҚРХП), "Азамат" демократиялық партиясы, Қазақстанның аграрлық партиясы (ҚАП), "Отан" республикалық саяси партиясы, Қазақстан әйелдерінің демократиялық партиясы, "Руханият" партиясы, "Алаш" Қазақстанның ұлттық партиясы құрылды. Парламентте партиялық фракциялар пайда болды.

1999 жылы іс жүзінде барлық өңірлерде "ҰЕҰ ақпарат орталықтары" ашылды, олардың басты міндеті өңірлік үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау, оларға консультативтік көмек, ақпараттық және әдістемелік қолдау көрсету болды.

2000 жылғы қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің ("Еркін де еңселі әрі қауіпсіз қоғамға" атты Қазақстан халқына Жолдауында халықтың түрлі топтарының мүдделерін іске асырудағы рөлі күннен-күнге артып келе жатқан үкіметтік емес ұйымдарды дамыту үшін жағдайлар жасау жөнінде Үкіметке алғашқы тапсырмалар берілді.

2000 жылы мемлекеттік билік органдарымен (бұдан әрі - билік) өзара іс-қимыл тетіктерін жасау үшін ҰЕҰ күш-жігерін шоғырландыратын Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдарының конфедерациясы құрылды.

2000 жылғы желтоқсанда қабылданған "Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы атқарушы билік органдарының өкілдері, жұмыс берушілер мен жұмыскерлердің бірлестіктері арасындағы мүдделердің келісілуін қамтамасыз етуді мемлекеттік саясат дәрежесіне көтерді.

2002 жылғы шілдеде қабылданған және күшіне енген "Саяси партиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы елдің партиялық жүйесіндегі одан арғы сапалық құрылымдық өзгерістерге алып келді.

2001 жылы "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, 2002 жылы - Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау тұжырымдамасы қабылданды.

2003 жылы ел Үкіметі үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын бекітті, соған сәйкес облыстық (қалалық) бағдарламалар әзірленді.

Сол жылдың өзінде-ақ Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің бірінші съезі өткізіліп, оған көптеген көрнекті дін қайраткерлері, әртүрлі конфессиялардың өкілдері қатысты, "Бейбітшілік пен келісімге" декларациясы қабылданып, Бейбітшілік пен тұрақтылық форумы құрылды.

2003 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен бірінші Азаматтық форум өткізілді. Ол үкіметтік емес сектордың саяси танылуын белгіледі және азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылының жүйелі тетіктері қалыптасуының бастауы болды. 2005 жылы екінші Азаматтық форум өткізілді, ол елдің қоғамдық өміріне қатысуға бизнес-қауымдастықтардың тартылуына ықпал етті.

Орталық және жергілікті деңгейлерде "билік - қоғам" серіктестігінің ұзақ мерзімді тұрақты тетіктерін және түрлі үндесу алаңқайларын құру жөніндегі жұмыс белсенді жүргізіле бастады. Қорытындысында, 2005 жылғы сәуірде "Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданып, ол билік органдары мен ҰЕҰ-ның өзара қатынастарының принциптік жаңа жүйесінің құрылуына мүмкіндік берді.

2003-2005 жылдары бірін бірі алмастыра отырып, азаматтық қоғамды одан әрі демократияландыру және дамыту жөнінде ұсыныстар тұжырымдау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін кеңес пен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Демократия мен азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия жұмыс істеді.

Екі құрылымның да жұмысы мемлекет пен азаматтық қоғам институттары арасында Қазақстанның саяси дамуының аса маңызды мәселелері жөніндегі жалпыұлттық үндесуді тереңдету және саяси жүйені жетілдіру мен елде демократиялық қайта құруды жүргізуге бағытталған шараларды бірлесіп тұжырымдау үшін жағдай жасауға мүмкіндік берді.

2006 жылғы наурызда Қазақстан Республикасында демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды, оның жұмысына саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері қатысады.

Барлық деңгейдегі әкімдердің халық алдында есеп беруінің шеңберінде елде әкімдерге қоғамдық сенім комитеттері (бұдан әрі - ӘҚСК) сияқты азаматтық бақылау нысаны дами бастағанын атап өтуге болады. ӘҚСК жұмысының тәжірибесі мемлекеттік органдардың қызметін азаматтық қоғам институттары бақылауының ықтимал өнімді модельдік тетігі ретінде зерделеуді талап етеді.

Қазіргі уақыт адамдарға көптеген талап қойып, күнделікті тіршіліктің өзінде талай өмірлік, қоғамдық мәселелерге жауап іздеуді көлденең тартады. Адам өмірі де сәт сайын өзгеріп келеді. Ал осы күрделі заманның бастапқы жүйесі – азаматтық қоғам. Олай болса, азаматтық қоғам дегеніміздің өзін жалпы қоғамның, мемлекеттің, жеке тұлғаның даму деңгейінің көрсеткіші деуге негіз бар. Қазақстандағы азаматтық қоғамның дамуына қатысты әртүрлі көзқарастар кездеседі. Олар: елімізде азаматтық қоғамның даму деңгейі жоғары деген ойдан бастап ондай даму бүгінгі талапқа сай емес немесе тіпті де сын көтермейді деген аралықтағы көзқарастар.

Жалпы, азаматтық қоғам төрт негізгі элементтен құралады. Ол – азамат, қоғам, мемлекет және құқық болса, басты құндылықтары – адам өмірі, адалдық, жекеменшік құқығы. Азаматтық қоғамның негізгі қызметі азаматтың қажеттіліктерін – құқығы мен бостандығын қамтамасыз етуге бағытталады. Осы мақсатты орындаудың басты шарты қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени-құқықтық қатынастарының жиынтығы – демократиялық орта қалыптастыру болып табылады.

Әрине, теория жағынан бұл түсінікті де анық болып есептеледі. Нақты практикаға келетін болсақ, азаматтық қоғам даму жолында талай қиыншылықтар мен кедергілерге кез болады. Даму жолдары әлеуметтік топтардың өз мүдделерін қамтамасыз ету белсенділігінің жоғарылығы мен мемлекеттің қолдауына және халықаралық ұйымдардың практикасына негізделеді. Белсенді азаматтық қоғам атқаратын іс-шаралар жеке тұлғаның және әлеуметтік топтардың нақты мәселелеріне назар аударады. Азаматтық қоғам саяси жұмыспен салыстырғанда көбінесе әлеуметтік мәселелерді алға қойып, оларды тиімді шешуді мақсат тұтады. Осы қатарда біздің елде азаматтық қоғам дамуына ең басым ықпал етуші мемлекеттің қолдауы болып отыр.

Үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекеттік органдардың қатынастары мына салаларда аса белсенді: ортақ іс-шаралар (конференциялар, дөңгелек үстелдер), кеңестік көмек, ортақ жобаларды іске асыру, үкіметтік емес ұйымдардың әр саладағы әлеуметтік жобаларға қатысуы сияқты көптеген бағыттарда өрбу үстінде.

2010 жылы Қазақстанда түрлі бағыттағы 5820 ҮЕҰ, 3340 қоғамдық қор, 1072 заңды тұлғалар қауымдастығы, 471 этномәдени бірлестік, 3340 діни бірлестік, 40-тан астам конфессия мен деноминациялар, түрлі меншік нысанындағы 6646 БАҚ тіркелген және жұмыс істейді. ҮЕҰ-лардың орнықты топтары түрлі бағыттар бойынша ресімделеді, олар: экологиялық – 6%; әскери-патриоттық – 4%; балалар және жастар – 14%; мәдениет және өнер – 8%; мүгедектерді қолдау бойынша – 7%; ғылыми және білім беру – 8%; әйелдер және гендерлік саясат – 8%; сауықтыру-профилактикалық – 7%; қоғамдық бастамаларды қолдау – 10%; бұқаралық ақпарат құралдарын дамыту – 2%; әлеуметтік қорғау – 9%; құқық қорғау – 7%; спорттық – 10%.

Сонымен қатар мұндай бірлестіктердің көпшілігі тек қағаз жүзінде ғана бар, олар тек тіркелген ұйымдардың сандық көрсеткіштері статистикасын ғана жақсартады. Үкіметтік емес секторда өткен жылы барлығы шамамен 200 мың адам жұмыс жасады. Олардың 40 мыңы тұрақты негізде, 50 мыңға дейіні

уақытша, ерікті (волонтерлік) негізде 100 мыңнан астам адам жұмыс істейді. ҮЕҰ-ның алуан түрлі қызметтерін 2 млн.-ға таяу адам пайдаланады. Көбінесе мемлекеттік емес ұйымдар қалаларда және аудан орталықтарында орналасып қызмет етеді және олардың ауылдық мемлекеттік емес ұйымдарға қарағанда қаржылық, техникалық мамандармен қамтамасыз етілуі әлде-қайда жоғары. Сондықтан олардың басқа да мекемелермен қарым-қатынас орнатып, жүйелі жұмыс жасауына мүмкіншіліктері мол.

Мемлекеттік емес сектордың жұмыс істеуі тікелей қаржыландыру көздерімен байланысты. Мемлекеттің ықпалы азаматтық саланы қаржы арқылы басқару және оның қызметін заңнамалық қамтамасыз ету әрекеттеріне сүйенеді. Негізгі тәсіл – мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс. Осы мақсатқа мемлекет тарапынан қаржыландыру көлемі жыл сайын өсуде. Сонымен қатар аса маңызды әлеуметтік жобалар іске асуда. Бірақ осыған байланысты былтырғы жылы мемлекеттік органдар тарапынан ҮЕҰ-ны қаржыландырудың қиындығы туындады. Оның басты себептерінің бірі – мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың Мемлекеттік сатып алу туралы заң шеңбері аясына түсуі. Мемлекеттік сатып алу туралы 2007 жылғы 21 шілдедегі № 303-ІІІ ҚРЗ қолданыстағы заңы ҮЕҰ-ны коммерциялық ұйымдар санатына жатқызады, бұл ҮЕҰ-лардың қызметін, олар көтерген бастамалардың жүзеге асуын айтарлықтай шектейді.

Әлеуметтік тапсырысты жоспарлы түрде қаржыландыру туралы мәселені шешу үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс басқа секторларға қатысты болатын Мемлекеттік сатып алу туралы заңның құзыретіне жатпайтыны туралы жекелеген ережені қабылдау мүмкіндігін қарау қажет. Яғни, мемлекет өте көп тауарлар мен қызметтерді сатып алады, бірақ мемлекеттік тапсырыс осы заң реттейтін қызметтерге жатпауы тиіс немесе ҮЕҰ-ны қолдау бойынша басқа да рәсімдерді әзірлеу қажет.

Әлеуметтік тапсырыстар бойынша жобаларды іріктеуде де бірқатар кемшіліктер орын алуда. Көбінесе атқаратын жұмыстың көлемі мен уақытының сай болмауы, қаржыландырудың жылдың ортасында басталуы, сондықтан да қажетті іс-шаралардың дер уақытында жүзеге аспай, тек қағаз жүзінде қала беретінін айтуға болады.

Осы орайда Әлеуметтік тапсырыс туралы заңды жетілдіріп және қаржыландыру ережелерін де өзгерткен жөн. Әлеуметтік жобаларды қаржыландыратын арнайы қор құру керек. Ол тек мемлекет тарапынан қаржыландырылмай, басқа да салалардан қаржы көздерін іздестіру жолдарын қарастырса құба-құп. Сонда маңызды жобалар мен бағдарламалар жарты жыл емес, толыққанды жұмыс жасай алады. Екінші жағынан, бөлінген қаржы жұмсалуды ашық жүріп, олардың есебі жылда БАҚ-та жариялануы қажет.

Соңғы кезде азаматтық қоғамның бақылау қызметіне баса назар аударылып, біраз бастамалар іске асырылуда. “Нұр Отан” партиясы азаматтық қоғамның бақылау қызметін жоғары деңгейге көтеруге арналған іс-шараларды қолға алуда. Әсіресе, экономикалық дағдарыс кезеңінде мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаражатты бақылау, оның тиімділігін қадағалау аса маңызды шара.

Әлеуметтік жауапкершілік саласында үкіметтік емес ұйымдардың орны ерекше. Бұл бизнес пен мемлекет қатарында үшінші тепе-тең серіктес ретінде түрлі

әлеуметтік топтардың көкейлеріндегі мәселелерін шешудегі көпір десек те артық болмас. Азаматтық қоғам өкілдері еңбек саласындағы қарым-қатынастарды қадағалауда, экологиялық мәселелерді шешу жолдарын іздестіруде, түрлі әлеуметтік қажеттіліктерді қамтамасыз етуде мәселе көтеріп, мемлекет пен бизнестің назарын аударумен қатар, олармен мәселелерді қоян-қолтық араласып шешуге ұмтылып отыр. Бұл үшін, әрине, азаматтық қоғамда жоғары деңгейдегі сараптау институттары мен жетілген коммуникация жүйесі болу қажет. Қазақстанда қазіргі таңда қоғам атынан жұмыс жасайтын мекемелер жоқтың қасы. Мемлекет пен бизнеске тепе-тең қоятын ақпараттық ықпал да, белсенді күш те нақты қалыптаспағандықтан, азаматтық қоғам мемлекеттік жүйеге тәуелді болуда. Мысалы, ҰЕҰ мен фискалдық органдардың, сондай-ақ фискалдық органдардың меценаттармен өзара қатынастары үлкен мәселе туғызып отыр. Елімізде қайырымдылыққа жұмсалған қаржыға салықты реттеудің жай-күйі отандық бизнестің азаматтық қоғам институтына қаражат салуын ынталандырмайтыны бұл іске қолбайлау болуда.

Азаматтық қоғам қазіргі кезеңде өзінің қызметін толық атқарып отыр деп айтуға ерте. Мемлекет өз тарапынан қолдау көрсетуде. Алайда, азаматтық қоғамның қарыштап дамуы үшін қоғам да өз тарапынан белсенділік танытып, өмірлік құндылықтарды қалыптастыру жолында талай жұмыстарды атқаруы тиіс.

Азаматтық қоғам құрылымы.

Қоғамды өзінің табиғи мүдде-мақсаттарына сәйкес құрушы, реттеп-басқарушы – адам. Адам қоғамы құрылымының негізгі элементі – дінгегі. Адамдардың бірлестіктері, ұйымдары, одақтары, еңбек ұжымдары, саяси партиялары, мемлекет, олардың ара қатынастары – азаматтық қоғамның элементтері.

Қазіргі Қазақстанның азаматтық қоғамын бес жүйеге бөлуге болады: әлеуметтік, саяси, экономикалық, рухани-мәдени және ақпараттық жүйелер.

Әлеуметтік жүйе - объективтік тұрғыдан қалыптасқан адамдардың бірлестіктері, ұйымдары, одақтары т.б., олардың өзара байланысы. Бұл жүйе азаматтық қоғамның ең негізгі ұйымдастырушы жүйесі, өзі үш топқа бөлінеді: бірінші тобы - қоғамның үзіліссіз өмір сүру негізін жасаушы, дамытушы топ: отбасы, бала тәрбиелеу, табиғи өмірді жалғастыру; екінші тобы - адамдардың өзара, бір - бірімен байланысы, қатынасы; үшінші тобы - қоғамдық ұйымдардың, таптардың, топтардың, ұлттардың арақатынастары.

Экономикалық жүйе - қоғамдағы меншіктің түрлері, өндіруші күш пен өндірістік қатынастар, материалдық кірісті әділ бөлуді қалыптастыру. Бұл жүйенің құрылым элементтері: жеке, муниципалдық, акционерлік, кооперативтік, мемлекеттік, фермерлік меншіктер мен шаруашылықтар және қоғамдық кірісті, байлықты әділ бөлу.

Саяси жүйе - мемлекет, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар, бірлестіктер және жеке адамдар, депутаттар, т.б., олардың ара қатынастары. Оның ішінде ең күрделісі мемлекеттік билікті іске асырудағы қатынастар. Қатынастардың даму процесінде субъектілерге бостандық берілуге тиіс. Күштеу тек заңдылықты, тәртіпті бұзса ғана қолданылу қажет.

Рухани - мәдени жүйесі - осы бағыттағы мемлекеттік, қоғамдық, органдар мен ұйымдар, олардың арақатынастары. Бұл жүйенің негізгі бағыттары: білім, ғылым, мәдениет, рухани сана - сезім, дін, адамдардың денсаулығы.

Ақпараттық жүйе - осы ақпараттық бағыттағы барлық ұйымдар, бірлестіктер, мемлекеттік органдар, саяси партиялар, олардың жұмыстары мен арақатынастары. Бұл бағытта іс әрекеттерге толық бостандық берілуі қажет.

Осы көрсетілген азаматтық қоғам жүйелерінің жақсы, сапалы дамуына зор маңызды үлес қосатын мемлекет пен құқық, қоғамдық ұйымдар мен партиялар және қоғамдағы демократияның жоғары дәрежеде болуы.

2. Құқықтық мемлекет және оның негізгі сипаттамалары

Қазіргі заманда құқықтық мемлекет құру, қалыптастыру мәселесі ғаламдық проблемаға айналды. Өйткені адам қоғамының даму тарихында ешқашан, еш елде құқықтық мемлекет болған емес. Қазіргі кезде де жоқ. Болашақта да барлық елдерде бір мазмұнды, бір нысанды құқықтық мемлекет болуға мүмкін емес. Себебі әр елдің экономикасы, мәдениеті, әлеуметтік жағдайы, рухани санасы, саясаты бір деңгейде болмайды. Бұған қоса олардың географиялық, ұлттық ерекшеліктері болады.

Сондықтан болашақта құқықтық мемлекет бірнеше дамыған елдерде қалыптасуы мүмкін. Бірақ ол мемлекеттердің мазмұнында, әсіресе нысанында объективтік ерекшеліктері болады.

Құқықтық мемлекеттің мазмұнының негізгі талаптары:

1) Құқықтық мемлекет азаматтық қоғамның объективтік даму процесіне сәйкес ескіріп, жаңарып жататын көп қырлы құбылыс. Бұл мемлекетте адамның толық егеменді болуы қажет, олардың мемлекеттің билік жүргізетін органдарын құруға қатысуы заңды түрде бекітілуі керек.

2) Құқықтық мемлекеттің экономикалық негізі - өндіргіш күш пен өндірістік қатынас және көп меншіктік шаруашылық арқылы дамуы. Құқықтық мемлекетте меншіктің басым көпшілігі - өндіруші мен тұтынушылық билігінде болуы қажет. Бұл билік шаруашылықтың жақсы, сапалы дамуын қамтамасыз ету үшін оларға толық бостандық беруі керек. Сонда ғана қоғамның әлеуметтік, экономикалық жағдайын көтеруге, нығайтуға болады.

3) Құқықтық мемлекеттің әлеуметтік негізі - өзін-өзі басқаратын азаматтық қоғамда адамдардың бостандығын, теңдігін қамтамасыз етіп, олардың жақсы еңбектенуіне, дұрыс жұмыс жасауына мүмкіншілік беру. Қоғамның әлеуметтік жағдайының жақсаруы құқықтық мемлекеттің нығаюы. Бұл екі процесс бір-бірімен тығыз байланысты. Құқықтық мемлекет, сонымен, бірге әлеуметтік мемлекет.

4) Құқықтық мемлекеттің моральдық негізі-гуманизм, әділеттік, бостандық, теңдік, адамдардың қадір-қасиетінің, ар-намысының деңгейі. Осы жоғары дәрежедегі принциптер болса құқықтық мемлекет болады. Өйткені мұндай қоғамда адамдардың рухани сана-сезімі де жоғары дәрежеде болады.

5) Құқықтық мемлекеттің саяси негізі - халықтың, ұлттық тәуелсіздігін қалыптастырып, қоғамдық билікті жан-жақты дамытып, адамдардың

бостандығын, теңдігін қорғап, әділеттікті, демократияны орнату, қарым-қатынастарды реттеп басқару.

Міне қоғамның осы негіздеріне сүйене отырып, құқықтық мемлекет орнатуға мүмкіншілік қалыптасады.

Құқықтық мемлекеттің негізгі белгілері:

- мемлекеттік билікті үш түрге бөлу, олардың арақатынасын қатаң сақтау және азаматтық қоғамның қалыптасуы;
- қоғамда жоғары дәрежеде құқықтық мәдениеттің қалыптасуы, адамдардың рухани сана-сезімінің жақсы дамуы;
- мемлекеттік аппараттың, лауазымды тұлғалардың, қоғамдық ұйымдардың, жеке адамдардың, өмірдегі қарым-қатынастарда өзара жауаптылығы;
- құқық пен заңның арақатынасында көп алшақтыққа жол бермеу, олардың өзара қатынасын бақылап, жақсартып отыру;
- қоғамның экономикалық, әлеуметтік бағытында әділеттікті, теңдікті қамтамасыз ету үшін антимонополиялық органның болуы;
- соттың жоғары беделі, ең сыйлы орган деп саналуы және соттың тәуелсіздігі;
- Қазақстан мемлекетіміздің бүкіл аумағында Конституциясының үстемдігін қамтамасыз етуді, азаматтардың жоғары деңгейдегі құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, биліктің бөлісу принципін орындауды, қоғамдағы қарым-қатынастар субъектілерінің арасындағы таластарды шешуді дұрыс қамтамасыз ету үшін Конституциялық Кеңестің жұмысын жақсарту;
- қоғамның ішкі құқық нормалары мен халықаралық құқықтың өзара қатынасын бақылап, жақсартып отыру;
- қоғамда заңның үстемділігін орнату, азаматтық қоғамды қалыптастыру.

Адамдар "заңның құлы" болмайынша, құқықтық тәртіп те, демократия да жақсы дамуға тиіс емес. Бұл туралы өмір тәжірибесінен қалыптасқан мынадай өсиет сөз бар:

Заң - мемлекеттің ақылы.

Сот - мемлекеттің жүрегі.

Мәдениет - мемлекеттің тәртібі.

Міне, осы үш қағидалы өсиет өзара бірігіп, қалыптасып және мемлекеттің ішкі заңдары көпшілік таныған халықаралық құқықтық нормалар мен принциптерге сәйкес келсе, елімізде мемлекет орнайды.

Адам қоғамының барлық дәуірінде құқықтық мемлекет құру мәселесі толастап көрген емес. Әсіресе елді басқаруда абсолютизм, деспотизм, тоталитаризм орнаған кезде құқықтық мемлекет орнату - деген дауыс, талап күшейіп отырды. Бұл тұрғыдан өте күшті концепция феодализмге қарсы, буржуазияның күресі кезінде қалыптасты. Күрестің саяси ұрандары: "Бостандық"! "Теңдік"! "Әділеттік"! халыққа едәуір жақсылықтар әкелді.

Бірақ көп елде реакцияшыл буржуазияның кертартпа саясаты демократиялық реформаны толық аяқтауға мүмкіншілік бермеді. Ірі буржуазия саяси билікке қолы жеткеннен кейін құқықтық мемлекет орнату бағытынан алшақтай бастады. Бұл елдерде буржуазияның үстемдігін қорғайтын мемлекет пен құқық орнап көп уақыт өмір сүрді.

XX ғ. қоғамды басқару тәжірибесін шынықтырып, капиталистік елдер жаңа экономикалық саясатқа көшіп, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартып, бостандықтың шеңберін кеңітіп, демократиялық мемлекетті дамытуда.

Бұл саясаттың мазмұны:

1) Қазіргі заманда халықтың рухани сана - сезімі қоғамдық басқаруға, қоғамдық меншік орнатуға жетілген жоқ. Сондықтан меншіктің түрлерін шектемей, нарықтық экономикаға толық бостандық беру. Осы жерде "Өзімдікі дегенде өгіздей күшім бар..." деген мақал дұрыс келеді.

2) Нарықтық экономика арқылы халықтың еңбекке деген ынтасын көтеріп, шаруашылықтың, өндірістің барлық саласында бизнесмендердің бәсекесін дамыту.

3) Халыққа өздерінің әлеуметтік экономикалық мүддесін - мақсатын орындаудағы іс - әрекетіне толық бостандық беріп, мемлекет тек көмек көрсетуге тиіс. Мемлекет нарықты экономика туралы заңды, құжаттарды дер кезінде қабылдап, олардың орындалуын қатаң түрде бақылап отыруы керек. Әсіресе, жеке меншікті қорғауды, адамдардың бостандығын сақтауды бірінші бағытқа алу керек.

Осы жаңа экономикалық саясат капиталистік елдердің соңғы 40-50 жыл ішінде экономикасын дамытып, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартып демократиялық қоғам құруына мүмкіншілік беріп отыр.

Қазіргі заманда дүниежүзінің барлық мемлекеттері капитализмнің жаңа экономикалық саясатын қабылдап, нарықтық экономиканы дамытып жатыр. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін бұрынғы советтік республикалар да осы жолға бет бұрып отыр.

Әлемдік стандарт жолына Қазақстан да бет бұрып, нарықты экономиканы дамытуға кірісті. Кеңестік жүйенің жақсылығы да аз болған жоқ, 20-60 жылдары экономиканың, мәдениеттің, қорғаныстың жетістіктері дүниежүзіне белгілі болды. Бірақ Кеңес Одағының жетістіктерінен гөрі кемшіліктері басым болды. Сондықтан Одақ ыдырады.

Енді капиталистік елдердің XX ғасырдың 30-50 жылдары либералдық-демократияға бет бұрып, дамуының себептеріне қысқаша түсінік берейік.

Бірінші себебі - капиталистік елдер 1929-1938 жылдары дүниежүзілік экономикалық дағдарыстан Кеңес Одағының бір орталықтан жоспарлау тәжірибесінің жақсы жағын пайдаланып, экономиканың жақсы дамуына мүмкіншілік жасады. Жеке меншіктегі шаруашылықтарға мемлекет тиіспеді. Осы тәсілді капиталистік мемлекеттер үздіксіз пайдаланып келеді.

Екінші себебі - Ресейде, Қытайда тағы басқа Еуропа Азия елдерінде социалистік мемлекеттер орнап, қалың бұқараның мүдде - мақсатын орнатамыз, қорғаймыз деген жегірме "ұрандарынан" ірі буржуазия сескеніп, халықтың саяси-әлеуметтік жағдайына көңіл бөлуге мәжбүр болды. Бұл саясатты дұрыс.

Заңның әрдайым жоғары тұруы - құқықтық мемлекеттің тиімділігі.

Құқықтық мемлекет орнатудың негізгі бағыттары:

- мемлекет билікті үш саласының жұмысын жақсарту, әсіресе заңның, нормативтік актілердің, сапасын көтеру;

- нормативтік актілердің дұрыс пайдалануын, орындалуын қамтамасыз ету, халықтың рухани сана-сезімін, мемлекеттік, қоғамдық ұйымдардың жұмысын жақсарту;
- қоғамдағы қатынастарды дұрыс, жақсы реттеу, басқару бағытындағы мемлекеттік, қоғамдық ұйымдардың жұмысын жақсарту;
- бостандықты, теңдікті, әділеттікті, демократияны дамыту;
- заңдылықты, құқықтық тәртіпті қатаң сақтау.

Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша құқықтық мемлекет қалыптастырудың негізгі бағыттары демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет құру (1-бөлім).

Демократиялық мемлекет - Қазақстан Республикасында алдымен Конституция қабылдап, тікелей басшысын және Парламент сайлауға, өкілетті мерзімі біткен соң, оларды ауыстыруға халықтың құрылтайшылық билігі бар республикалық құрылыстағы мемлекет ретінде танытатын ұғым. Республиканың жоғарғы органдары арқылы көпшілік қазақстандықтардың еркін шынайы анықтауға және мүддесін барынша жүйелі қорғауға қажетті мүмкіндіктер береді. Демократиялық мемлекет әлеуметтік және ұлттық нысандарына қарамастан, азшылық пен жекелеген азаматтардың мүддесін білдіруіне, оның есепке алынуына да мүмкіндіктер береді, мемлекеттік қызметке араласып, қатысуға тең құқықтар беріледі. Демократиялық мемлекет қызметінің түбегейлі принциптерінің бірі - "Қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық" (1-6. 2-т.).

Зайырлы мемлекет - Қазақстан Республикасында діни мекемелер мен дін ұстау мемлекеттен бөлістігін білдіреді және бұл Қазақстандағы ислам мен православиелік тағы басқа нанымдық ағымдарға бірдей қатысты. Діни негізде партия құруға жол берілмейді. Наным немесе атеизм мәселесі-әркімнің жеке басының шаруасы. Елдегі дін ұстау бостандығы мен діни бірлестіктердің жұмысы жөніндегі заңдылықтарды мемлекет белгілеп, бақылайды.

Құқықтық мемлекет - Қазақстанның барлық органдары мен лауазымды адамдарының қызметі құқық нормаларына байланысты, соған бағынышты, және соған сәйкес іс-әрекет жасайды. Құқықтың негізгі принциптері: азаматтар үшін - "заңға тыйым салынбағанның бәріне рұқсат етіледі", мемлекеттік органдар мен лауазым иелері үшін - "Заңда нақты не көрсетілсе, соған ғана рұқсат". Барлық заң жүйесін жақсартып, әділеттікті жоғары дәрежеге көтеру және азамат құқығы мен бостандығын халықаралық өлшем деңгейіне жеткізу Қазақстан мемлекетінің негізгі міндеті. Құқықтық мемлекетте Заң бір әлеуметтік топтық емес, халықтың шынайы еркін білдіреді. Мұндай мемлекетте заңның рухы үстемдік етеді. Барша адамдар, ең жоғары дәрежедегі лауазым иелеріне қатардағы азаматтарға дейін заңдардың бүкіл халықтың мүддесі, игілігі үшін жасалып, қолданылатынын, заңдар адамдарға қажет қоғамдық тәртіпті орнататынын, адамдарға отбасын құрып, өсіп-өнуге, өзі қалаған жұмыспен шұғылдануға, өздерін еркін сезінуге, қоғам ісіне қатысуға жағдай туғызуы керек екенін түсінуі қажет.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін барлық тәуелсіздік алған республикалар, соның ішінде Қазақстанда реформаторлық процесс арқылы қоғамның саяси-экономикалық құрылысында көп өзгерістер болды. Қоғамдық ғылымдарда

жаңаша ғылыми зерттеулер басталады. Мемлекет пен құқықты дүниежүзілік заң ғылымдар туралы концепциямен бірлестіріп дамытуға мүмкіншілік туды Отандық құқықтану, философиялық, экономикалық, саяси ой, сана, пікір құқықтық демократиялық мемлекет туралы ғылымды зерттеуге, дамытуға бет бұрды.

Қазақстан мемлекетіміздің бүкіл аумағында Конституциясының үстемдігін қамтамасыз етуді, азаматтардың жоғары деңгейдегі құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, биліктің бөлісу принципін орындауды, қоғамдағы қарым-қатынастар субъектілерінің арасындағы таластарды шешуді дұрыс қамтамасыз ету үшін Конституциялық кеңестің жұмысын жақсарту.

Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет туралы толып жатқан ой-пікірлер, әр түрлі теориялар бар. Бұл ой - пікірлердің, теориялардың көп болатын себептері тек қана мемлекеттің, қоғамның мазмұнының өте күрделі болуынан немесе олардың нысанының сан қырлы өзгеруінен емес, сонымен бірге азаматтық қоғам мен мемлекеттің саяси билікті жүргізуі және олардың іс әрекеті барлық таптардың, топтардың мүдде - мақсатына қатысты болуы. Тағы да бұл мәселе қоғамдағы әр түрлі идеологиямен, саяси партиялармен байланысты болуы.

Бұл жерде ескерте кететін бір мәселе - Кеңес дәуірінде елімізде марксистік мемлекеттік теория тұрғысынан зерттеп, түсініп келдік. Ол кезде қоғам мен мемлекетті таптық тұрғыдан зерттеуге тырыстық, басқа теорияны, басқа бағытты сырып тастап отырдық. Қазір ол теорияларға көзқарас түзелді, дұрысталды. Тарих теориялардың бәрінде аздап болса да шындық және тарихи нақты дәлелдер болады. Сондықтан ол теорияларды білу, дұрыс жағын алу, пайдалану өте қажет. Сол деректерді ескере отырып жүргізілген зерттеудің ғылымға, қоғамға пайдасы мол.

Тағы бір ескертетін мәселе - "азаматтық қоғам" деген алғашқы қауымдық қоғамда да, құл иелену формациясында да, феодалдық формация да болған жоқ. Себебі ол қоғамдарда "азаматтық" деген ұғым болған емес. Бұл ұғым тек буржуазиялық қоғамда өмірге келді. Сондықтан біз теорияны тек құқықтық мемлекет туралы қарастырамыз.

Құқықтық мемлекет - тек парасаттылықтың, әділеттіліктің шынайы белгісі ғана емес, сонымен бірге адамның бостандығын, қадір - қасиетін, ар-намысын, теңдігін қорғайтын, демократияны қалыптастыратын күш. Міне, қоғамның алдында тұрған осы мүдде - мақсатты орындау мемлекеттің міндеті, ал осы бағытта қалыптасқан құқықтық нормаларды орындау, сол арқылы заңдылықты, құқықтық тәртіпті қатаң сақтауға үлес қосу адамдардың міндеті. *Құқықтық мемлекет* екі жақты жауапты объективтік процесс.

Құқықтық мемлекетті қалыптастыру, дамыту адам қоғамының көне заманнан негізгі мақсаты болды. Көне дәуірдің ойшылдары: Сократ, Демокрит, Платон, Аристотель, Цицерон құқық пен мемлекеттің өзара қатынасын инабаттылық, парасаттылық, әділеттілік жолмен дамуын армандады. Аристотель: "Заң үстемдігі болмаса демократия жоқ", - деді. Феодалдық дәуірде Н. Макиавелли, Ж. Боден т.б. саяси қайраткерлер құқықтық мемлекет орнату төңірегінде көп қиялданып, біраз пікірлер айтып кетті.

Құқықтық мемлекет орнату концепциясына пікір айтып өте зор үлес қосқан атақты ғалымдар: Г. Троцкий, Б. Спиноза, Д. Локк, Ш. Монтескье, Д. Дидро, П. Гольбах, Т. Джефферсон, Вольтер, Гельвеции, Кант, т.б.

Троцкий - қоғам тарихында қалыптасқан құқықты екіге бөлді: *табиғи құқық* - адамды қоршаған ортаның әсерінен және жеке адамның өзінің ақыл, парасаттылығынан қалыптасатын құқықтар; *екіншісі* - мемлекеттің қабылдаған нормативтік актілер арқылы ешкімге зиян келтірмей орындауға тиіс. Мемлекет қоғамдық жалпы халықтық шарт арқылы өмірге келді деп түсіндірді.

Монтескье - мемлекет адамдардың саяси және азаматтық бостандығын, теңдігін қатаң орындауы керек. Сонда ғана құқықтық мемлекет болады.

Локк - Маркс құқықтың мазмұнын өте дұрыс, ашық түсіндірді. Мемлекет адамдардың құқықтарын қорғау үшін қалыптасты. Құқықтық мемлекеттің негізгі мазмұны халықтың табиғи бостандығын, теңдігін қорғау.

Кант - құқықтық мемлекеттің философиялық негізін ғылыми тұрғыдан зерттеді. Мемлекеттік жұмыстың өзекті мәселесі жеке адамның қадір-қасиетін, ар-намысын, бостандығын, теңдігін қорғау, адамның қоғамдағы үстемдігін қалыптастыру деп түсіндірді.

Гегель - қоғамдық ғылымдардың негізгі бағыттарының бірі құқықтық философия. Мемлекет дегеніміз жан - жақты дамыған құқық деп түсіндірді. Азаматтық қоғам құқық арқылы адамдардың мүдде - мақсатын қорғайды. Мемлекет құқық пен моральдың бірлестігін дамытып, халықтың әлеуметтік жағдайын жан - жақты жақсартуы.

Маркс - құқық пен мемлекетті қоғамның таптық құрылысына сәйкес қараған. Таптар жойылса, құқық пен мемлекет те жойылады. Бұл процесс қоғамда құқықтық мемлекет қалыптасып, бостандық орнаумен аяқталуға тиіс. Бостандық Маркстің ұғымында, қоғамдағы мемлекеттің үстемдігін жойып, оны қоғамға бағындырып, халықтың мүдде - мақсатын орындайтын органға айналдыру. Сонда ғана құқықтық мемлекет қалыптасады.

Қазіргі заманда құқықтық мемлекет туралы пікір жан - жақты дамып, дүниежүзінің ғалымдары бір тұжырымға келіп, ортақ ғылыми көзқарас қалыптасты деуге толық болады.

Жалпы тарихқа жүгінсек мемлекеттің, билік жүргізушілердің, жеке адамдардың алдындағы жауапкершілігінің міндетті түрде қажет екенін 11 ғасырда тұңғыш рет Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» атты шығармасында мына мағынада айтып кеткен:

Патшаларда қалың халық қақы бар,
Ал халықта патшалардың қақы бар.
Қара халық күзетсін де патшасын,
Патша елінің жан мен тәнін сақтасын.

Қазақстанда құқықтық мемлекет құру.

Демократиялық мемлекет құру және дамыту туралы ой-толғамдар, идеяларды қазақ ойшылдарының шығармашылық мұраларынан да көптеп кездестіруге болады. Солардың бірі Абай Құнанбаев болып табылады. Ол құқықтық мемлекеттің қағидаттарын құру мәселесі бойынша бірқатар салмақты ой-пікірлер білдірді, олардың біразы күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жойған

жоқ. Ақын мемлекеттік егемендік позициясын жақтады, адамдарды ұйымдастыру мен қорғаудың жоғарғы формасы заң деп таныды. Заңның рөлі туралы Абай былай деп жазды: «бізге ата-бабаларымыздан мұра боп қалған заңдардың жиынтығын - Қасым салған қасқа жолды, Есім салған ескі жолды, Тәуке ханның «Жеті жарғысын» білу қажет». Демократияның маңызды бір буыны, Абайдың пікірі бойынша, заңның салтанат құруы болып табылады. Соттық биліктің тәуелсіздігі туралы Абай идеялары Қазақстан Республикасы және дамыған елдер Конституцияларының сот туралы ережелерімен астасып жатыр. Ол соттарды шектеусіз мерзімге сайлауды жақтайды, олардың ауыстырылмауын қалайды: «білімді және білікті адамдарды, осы орында отыру мерзімін анықтамай-ақ, сайлау қажет, тек өз істерін адал атқармағандарды ауыстыру керек».

Құқықтық мемлекеттің қалыптасуы өте созылмалы және күрделі процесс. Қазақстанның қазіргі кезеңі мемлекетіміздің жалпыға ортақ өркениетті даму жолына қайта түсуімен сипатталады. Тұңғыш рет 1993 жылғы Конституция Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы — адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп жариялады. Бұл ережені бүгінгі күні қолданыста жүрген 1995 жылғы Конституция да, 1-баппен бекітті.

Құқықтық мемлекеттің бір белгісі мемлекеттік билікті ұйымдастыруда биліктерді бөлу қағидаттарын жүзеге асыру болып табылады. Тұңғыш рет ол жүйе құрушы қағидат ретінде 1990 жылдың 25 қазанында қабылданған «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы» декларацияның 7-бабында айшықталды. Соған сәйкес, мемлекеттік биліктің барлық жүйесін реформалау жүргізілді. Қазақстан Республикасы Конституциясы 3-бабының 4-тармақшасында Республикада мемлекеттік билік заң шығарушы, атқарушы және сот билігіне бөліну қағидатына сәйкес жүзеге асырылады деп атап көрсетілген. Заң шығарушы билікті Қазақстан Республикасының Парламенті, атқарушыны — Үкімет, сот билігін — Жоғарғы сот және Қазақстан Республикасының төмен тұрған соттары жүзеге асырады. Тежемелік және тепе-теңдік жүйесінің болуы - жаңа Конституцияның өзіндік ерекшелік-терінің бірі. Тежемелік және тепе-теңдік жүйесі элементтеріне парламенттік импичмент, Үкіметке сенімсіздік вотумын білдіру, Президенттің парламентті таратып жіберу құқығы, Үкіметті және оның мүшелерін орнынан босатуы жатады. Қазіргі кезде конституциялық бақылау механизмі құрылуда. Республикада конституциялық бақылаудың қалыптасуы құқықтық мемлекет құру туралы пайда болған конституциялық бағыт-бағдарлармен тығыз байланысты. Басқа нормативтік актілерден Конституцияның сөзсіз басым болуы құқықтық мемлекеттің белгілерінің бірі болып табылады. Құқықтық мемлекеттің тағы бір негізгі қағидаты мемлекеттің өзінің және оның органдарының Қазақстан Республикасы Конституциясына міндетті түрде бағынышты болуынан көрінетін құқықтық үстемдігі болып табылады.

Конституциялық кеңес заңдар және басқа да нормативтік актілерді, егер олар Конституцияға қайшы келетін болса, Конституцияға сәйкес келмейді деп тануға құқылы.

Қазақстан Республикасының Конституциясы адам, оның құқықтары мен

бостандықтары ең қымбат қазына деп мойындай отырып, адамның құқықтары мен бостандықтарын, ар-ожданы мен қадір-қасиетін сақтау мен қорғау мемлекеттік биліктің басты міндеті болып табылады деген тұжырымды алдыға тартады. Конституция саяси, заңдық және басқа да кепілдіктердің нақтылы жүйесін құру үшін негіз қалады. Ол өз кезегінде баршаның заң мен сот алдындағы теңдігін, мемлекет пен тұлғаның екіжақты жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Конституция Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам қалып-тастыруға ықпал жасайды. Бұл Конституцияда идеологиялық және саяси әралуандылық танылатынынан айқын көрінеді (5-бап). Бұқаралық билікті саяси әралуандылық негізінде жүзеге асырады. Конституция саяси партияларға, қоғамдық бірлестіктерге, қозғалыстарға саяси және мемлекеттік өмірге қатысу үшін тең мүмкіндік береді. Үстемдік етуші ретіндегі қандай да бір идеологияның белгіленуіне жол берілмейді. Азаматтық қоғам мемлекет және азамат, тұтынушы және өндірушінің әлеуметтік серіктестігі, нарық шаруашылықтары меншік түрлерінің әралуандылығымен сипатталады.

1995 жылғы Конституцияның басты бір жетістігі барлық деңгейдегі соттардың тәуелсіздігінің кепілдігі болып табылады. Сот билігінің тәуел-сіздігі судьялардың өкілеттігін сайлаудың, тағайындаудың және тоқтатудың ерекше тәртібімен, сонымен бірге сот құрамын құруға Жоғарғы Сот Кеңесі және Әділет биліктілік комиссиясы сияқты тәуелсіз органдардың қатысуымен айқындалады. Судьялардың тұрақтылығы қағидаты бекітілген (79-бап, 1-т.), судьялар өмірлікке сайланады және тағайындалады. Қазақстан Республикасының Конституциясына 1998 жылғы 7 қазанда Парламент енгізген қосымшалар сот ісін жүргізуді демократизациялауға бағытталған. 75-баптың 2-тармағына сәйкес қылмыстық сот ісін жүргізу заңмен белгіленген белгілі бір жағдайларда өзге де нысандар арқылы жүзеге асырылады. 1995 жылғы 20-желтоқсанда қабылданған "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы, өзгерістері және толықтыруларымен, соттарды жеке билік ретінде бекіткен, соттар өз қызметінде заң шығарушы және атқарушы биліктерден тәуелсіз.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабы Қазақстанды құқықтық мемлекет деп жариялайды. Демек Қазақстан құқықтық мемлекет құру және оның негізгі белгілерін конституциялық бекіту жолында тұр.

Құқықтық мемлекет дегеніміз - жеке адам және қоғам мүддесін қорғайтын, заң үстемдігі мен құқық принциптеріне негізделген мемлекет. Құқықтық мемлекетті қалыптастыру ісі қоғамды демократияландыруға, құқықтық тәртіптің және заңдылық принциптерінің сақталуына негізделеді. Құқықтық мемлекеттің негізі:

- Құқықтық мәдениет;
- Азаматтық қоғам;
- Заңдылық және құқықтық тәртіп;

Құқықтық мемлекеттің белгі-нышандары:

1. Заңның үстемдік етуі.
2. Мемлекеттік биліктің бөлінуі.

3. Тұлға мен мемлекеттің өзара жауаптылығы.
4. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының шын мәнділігі, олардың құқықтық және әлеуметтік қорғалатындығы.
5. Саяси және идеологиялық плюрализмнің болуы.
6. Азаматтық қоғамның қалыптасуы.
7. Ішкі заңдардың көпшілік таныған халықаралық құқықтық нормалар мен принциптерге сәйкес келуі.

Сонымен, құқықтық мемлекет туралы теорияны қорыта келіп, оның негізгі мазмұны - халықтың, адамдардың егемендігі, олардың табиғи бостандығы мен құқықтары. Ол мемлекетті қалыптастырудың негізгі күші — адам, қалың бұқара. Сондықтан мемлекет пен құқық демократияны дамытып, халықты қоғамның барлық саласын басқаруға қатыстыру қажет.

3. Азаматтық қоғам құрылымы

Қоғамды өзінің табиғи мүдде-максаттарына сәйкес құрушы, реттеп-басқарушы — адам. Адам қоғамы құрылымының негізгі элементі — діңгегі. Адамдардың бірлестіктері, ұйымдары, одақтары, еңбек ұжымдары, саяси партиялары, мемлекет, олардың ара қатынастары — азаматтық қоғамның элементтері.

Қазіргі Қазақстанның азаматтық қоғамын бес жүйеге бөлуге болады: әлеуметтік, саяси, экономикалық, рухани-мәдени және ақпараттық жүйелер.

Әлеуметтік жүйе - объективтік тұрғыдан қалыптасқан адамдардың бірлестіктері, ұйымдары, одақтары т.б., олардың өзара байланысы. Бұл жүйе азаматтық қоғамның ең негізгі ұйымдастырушы жүйесі, өзі үш топқа бөлінеді: бірінші тобы - қоғамның үзіліссіз өмір сүру негізін жасаушы, дамытушы топ: отбасы, бала тәрбиелеу, табиғи өмірді жалғастыру; екінші тобы - адамдардың өзара, бір - бірімен байланысы, қатынасы; үшінші тобы - қоғамдық ұйымдардың, таптардың, топтардың, ұлттардың арақатынастары.

Экономикалық жүйе - қоғамдағы меншіктің түрлері, өндіруші күш пен өндірістік қатынастар, материалдық кірісті әділ бөлуді қалыптастыру. Бұл жүйенің құрылым элементтері: жеке, муниципалдық, акционерлік, кооперативтік, мемлекеттік, фермерлік меншіктер мен шаруашылықтар және қоғамдық кірісті, байлықты әділ бөлу.

Саяси жүйе - мемлекет, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар, бірлестіктер және жеке адамдар, депутаттар, т.б., олардың ара қатынастары. Оның ішінде ең күрделісі мемлекеттік билікті іске асырудағы қатынастар. Қатынастардың даму процесінде субъектілерге бостандық берілуге тиіс. Күштеу тек заңдылықты, тәртіпті бұзса ғана қолданылу қажет.

Рухани - мәдени жүйесі - осы бағыттағы мемлекеттік, қоғамдық, органдар мен ұйымдар, олардың арақатынастары. Бұл жүйенің негізгі бағыттары: білім, ғылым, мәдениет, рухани сана - сезім, дін, адамдардың денсаулығы.

Ақпараттық жүйе - осы ақпараттық бағыттағы барлық ұйымдар, бірлестіктер, мемлекеттік органдар, саяси партиялар, олардың жұмыстары мен арақатынастары. Бұл бағытта іс әрекеттерге толық бостандық берілуі қажет.

Осы көрсетілген азаматтық қоғам жүйелерінің жақсы, сапалы дамуына зор маңызды үлес қосатын мемлекет пен құқық, қоғамдық ұйымдар мен партиялар және қоғамдағы демократияның жоғары дәрежеде болуы.

Бұдан да толығырақ алғанда азаматтық қоғамның құрылымы мынадай бөліктерден тұрады:

1. Мемлекеттік емес, әлеуметтік-экономикалық қатынастар мен институттар (меншік, еңбек, кәсіпкерлік).
2. Мемлекетке тәуелді емес өндірушілер (жекеше фирмалар мен т.б.).
3. Қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер.
4. Саяси партиялар мен қозғалыстар.
5. Тәрбие беру аясы мен мемлекеттік емес білім беру.
6. Мемлекеттік емес бұқаралық ақпараттық құралдары.
7. Отбасы.
8. Шіркеу, мешіт, және т.с.с.

Азаматтық қоғамның белгі - нысандары:

- адамдардың экономикалық, әлеуметтік, саяси бостандығы мен құқықтарының қамтамасыз етілуі;
- қоғамда бостандықтың, жариялылықтың болуы, ақпараттың жұмысына азаматтардың қатысуы, ішкі сыртқы байланыстарға қатысуға, жүріп тұруға толық құқықтарының болуы;
- азаматтардың қоғамдық ұйымдар, бірлестіктер құрып, өз мүдде-мақсаттарын орындауға, іске асыруға және шет елдердің сондай ұйымдарымен байланыс жасауға құқықтарының болуы;
- жергілікті өзін - өзі басқаруға толық бостандық болуы, оның жұмысына мемлекеттің араласпауы, қажет болса тиісті көмегін көрсетуі; жергілікті өзін-өзі басқаратын мекеме жергілікті мемлекеттік органмен тығыз байланыста жұмыс жасауы;
- азаматтық қоғам - толық бостандық, демократия қалыптасқан қоғам болуы қажет, ол болашақ құқықтық мемлекеттің талаптарын іске асырып, сол мемлекеттің объективтік тұрғыдан негізі болуға тиісті.

Сонымен, азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет екеуі қатар дамып, өрескел қайшылықтарды бірлесіп реттеп, қоғамның бейбітшілік, прогрестік жолмен дамуына толық мүмкіншілік жасаулары қажет. Қазақстан Республикасының Конституциясында бұл мәселенің негізгі бағыттары көрсетілген. Оның бірінші бабында азаматтық қоғамның және құқықтық мемлекеттің ең негізгі қағидалары былай деп жарияланған: "Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары". (ҚР Конституциясы. А. 1995. 4 б.)

Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 шілдедегі N 154 Жарлығына сәйкес, азаматтық қоғам - онда болып жатқан процестер мен қатынастардың басты әрекет етуші тұлғасы мен субъектісі ретінде өз қажеттіліктерінің, мүдделері мен

құндылықтарының барлық жүйесімен бірге адам болып табылатын қоғам. Бұл ұғым сонымен қатар мемлекет пен оның органдарына тәуелсіз өмір сүретін қоғамдық: саяси, экономикалық, мәдени, ұлттық, діни, отбасылық және басқа қатынастардың барлық жиынтығын білдіреді, жеке мүдделердің әралуандылығын көрсетеді.

Қоғам демократиялық дамудың белгілі бір сатысында ғана азаматтық болады және елдің экономикалық, саяси дамуына, халықтың әл-ауқатының, мәдениеті мен сана-сезімінің өсу шамасына қарай қалыптасады.

Елде азаматтық қоғамды қалыптастыру және демократияны дамыту өзара тығыз байланысты: азаматтық қоғам неғұрлым дамыған болса, мемлекет соғұрлым демократиялырақ болады.

Азаматтық қоғамды дамытудың алғы шарттары меншіктің алуан түрлі нысаны кезінде азаматтарда экономикалық дербестіктің пайда болуы мен адами жеке тұлға мәртебесінің артуы болып табылады.

Құқықтық мемлекет және демократия азаматтық қоғамның саяси іргетасы ретінде қызмет етеді, бұлар жеке тұлғаның барлық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, қоғамда тұрақтылық, қауіпсіздік, әділеттілік және ынтымақтастық жағдайын құру мақсатында оны дамыту үшін қажет.

Азаматтық қоғамның экономикалық негізін, тең танылуы мен қорғалуының заңнамалық кепілдіктерімен қамтамасыз етілген, меншік нысандарының әралуандылығы мен дара меншік иелерінің егемендігі құрайды.

Азаматтық қоғам өмір сүруінің басты базалық шарттарының бірі тәуелсіз БАҚ арқылы қамтамасыз етілетін жариялылық болып табылады.

Демократия жағдайында азаматтық қоғам институттары мен мемлекет ортақ жүйеде әртүрлі, бірақ өзара тәуелді бөліктер ретінде жұмыс істейді.

Билік пен азаматтық қоғам арасындағы қатынастар көпшілік келісім негізінде қалыптасады, ал өзара іс-қимыл ымыраға қол жеткізуге бағытталады.

Демократиялық мемлекеттің азаматтары дербес бостандық құқығын пайдаланады, бірақ сонымен бір уақытта олар басқа мемлекеттік институттармен бірге болашақты құру жауапкершілігін бөліседі.

Азаматтық қоғам демократиялық саяси жүйе жағдайында ғана билік пен азаматтық қоғам арасындағы қатынастар көпшілік келісім негізінде қалыптасатын ең жоғары даму деңгейіне жетеді. Азаматтық қоғамдағы демократиялық рәсімдер билік қызметінің сапасын бұқаралық бағалау құқығына және қоғам мүдделері үшін билікке ықпал ету тетіктеріне негізделеді. Демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің міндеті жаратылысы жағынан әртүрлі азаматтар мен заңды тұлғалардың бірлестіктері (партиялар, ҰЕҰ, БАҚ, одақтар, қауымдастықтар, бастамашылық топтары және басқалары) адам мен мемлекет арасындағы байланысты жүзеге асыратын және соңғысының билікті бір қолға алуына мүмкіндік бермейтін азаматтық қоғамды жан-жақты дамыту үшін қажетті жағдай жасау болып табылады.

Азаматтық қоғамның міндеті - жеке адам мен мемлекет арасында делдал болу.

Азаматтық қоғамның мақсаты қоғамның әр мүшесінің мүдделерін қорғау, оның мүдделерін билік пен қоғам алдында бейімдеу, билік қызметін қоғамдық бақылау әрі оның ішкі және сыртқы саясатын қалыптастыру болып табылады.

Азаматтық қоғам институттарына саяси партиялар, жергілікті қоғамдастықтар, кәсіптік одақтар, діни бірлестіктер, шығармашылық, қоғамдық және ғылыми одақтар мен бірлестіктер, бұқаралық ақпарат құралдары, сондай-ақ қоғам үшін түрлі қызмет пен қызмет көрсетулердің кең ауқымын іске асыратын, қызметтің алуан түрін жүзеге асыратын мемлекеттік емес қорлар, коммерциялық емес мекемелер, заңды тұлғалар одақтары (қауымдастықтары), қоғамдық пайдалы міндеттерді шешетін басқа да ұйымдар мен бастамашыл топтар түрінде құрылған мемлекеттік емес ұйымдар жатады.

Саяси партия - мемлекеттік биліктің, жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілетті және атқарушы органдарында азаматтардың, түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін білдіру және оларды қалыптастыруға қатысу мақсатында олардың саяси ырықын білдіретін Қазақстан Республикасы азаматтарының ерікті бірлестігі.

Кәсіптік одақтар - азаматтардың өз кәсіптік мүдделерінің ортақтығы негізінде өз мүшелерінің еңбек ету, сондай-ақ басқа да әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін білдіру мен оларды қорғау, еңбек жағдайларын жақсарту үшін ерікті түрде құратын дербес, тіркелген жеке мүшелігі бар қоғамдық бірлестіктері.

Діни бірлестіктер - жергілікті діни бірлестіктер (қауымдастықтар), діни басқармалар (орталықтар), сондай-ақ діни оқу орындары мен ғибадатханалар.

Бұқаралық ақпарат құралы - мерзімді баспасөз басылымы, радио- және теледидар бағдарламасы, киноқұжаттама, дыбыс- бейне жазбасы және көпшілік қол жеткізе алатын телекоммуникациялық желілердегі (интернет және басқалары) WEB-сайттарды қоса алғанда, бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз жария таратудың басқа да нысаны.

Қоғамдық бірлестіктер - саяси партиялар, кәсіптік одақтар және азаматтардың ортақ Мақсаттарға қол жеткізуі үшін ерікті негізде құрылған, заңнамаға қайшы келмейтін басқа да бірлестіктері. Қоғамдық бірлестіктер коммерциялық емес ұйымдар болып табылады.

Үкіметтік емес ұйым - ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін азаматтар және (немесе) мемлекеттік емес заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ерікті негізде құрған коммерциялық емес ұйым (саяси партияларды, кәсіптік одақтарды және діни бірлестіктерді қоспағанда).

Ұлттық-мәдени бірлестік - өзін белгілі бір этникалық бірлікке жатқызатын, өзінің этникалық ерекшелігін сақтау, тілін, білімін және мәдениетін дамыту мәселелерін дербес шешу мақсатында азаматтардың өздері ерікті өзін-өзі ұйымдастыруы негізіндегі бірлестігі.

Жергілікті өзін-өзі басқару - жергілікті маңызы бар мәселелерді тікелей немесе жергілікті өзін-өзі басқарудың құрылатын органдары (институттары) арқылы өздері дербес шешу мақсатында белгілі бір мекендер шегінде тұрғылықты жері бойынша азаматтардың өзін-өзі ұйымдастыруының нысаны.

Азаматтық қоғам мынадай функцияларды жүзеге асырады:
азаматтық бастамаларды қолдау, дамыту және көтермелеу;

мүдделерді жақындастыру және белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу негізінде адамдарды одақтарға, бірлестіктерге ерікті түрде кіріктіру үшін жағдайлар жасау жөніндегі жұмысқа қатысу;
азаматтардың жалпы мемлекеттік және жергілікті проблемаларды шешуге қатысуын қамтамасыз ету;
азаматтардың құқықтарын қорғауға жәрдем көрсету және халықтың түрлі топтарының мүдделерін іске асыру;
қоғамда жалпы адами нормаларды, құндылықтар мен адамгершілік негіздерін бекіту;
адамның тәуелсіз өмір сүруін қамтамасыз ететін еңбек өнімділігі үшін жағдай жасауға қатысу;
әлеуметтік қызметтер көрсету;
биліктің, бизнестің және қоғамдық институттардың қатынастарын үйлестіруге жәрдемдесу, қоғамдық келісім және әлеуметтік жанжалдарды азайту үшін жағдайлар жасау, әлеуметтік және өзге де жанжалдарды сындарлы үндесу жолымен шешу;
мемлекеттік шешімдер қабылдау процесінде ашықтық пен мөлдірлікке жәрдемдесу;
әлеуметтік еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі аса маңызды қоғамдық функцияларды орындайтын кәсіподақтық ұйымдардың қызметін қолдау;
сөз бостандығын қолдау, БАҚ тәуелсіздігін нығайту және ақпараттық кеңістіктің ашықтығын қамтамасыз ету.
Қорыта келе, тұжырымдаманың мақсаты адам құқықтары мен адами өлшем саласындағы халықаралық шарттар мен пактілер шеңберіндегі халықаралық-құқықтық құралдарға сәйкес азаматтық қоғам институттарын жан-жақты дамыту әрі олардың мемлекетпен және бизнес-секторлармен тең құқылы серіктестігі үшін заңнамалық, әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастыру-әдістемелік базаны одан әрі жетілдіру болып табылады.

4. Құқықтық мемлекет қызметінің негізін қалайтын қағидалар

Құқықты мемлекет - бұл адам мен азаматтың құқықтар мен бостандықтарының толық түрде қамтамасыз етілуіне және құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында мемлекеттік билікті құқықпен мейлінше байланыстыруға жағдай жасаушы саяси билік ұйымы.

Құқықтық мемлекеттің мәнін қарастыруда оның негізгі екі жағын (екі негізгі қағиданы) бөліп қарастыруға болады:

- 1) мазмұнды жағы - адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын мейлінше толық көлемде қамтамасыз етуден тұлға үшін құқықтық ынталандыру режимін орнықтырудан көрінеді;
- 2) формальды-заңды жағы - мемлекеттік билікті құқықпен байланыстырудан, мемлекеттік құрылымдар үшін құқықтық шектеу режимін орнықтырудан көрінеді.

Сонымен қатар, құқықтық мемлекеттің қағидасына мыналар да жатады:
- билікті заңсыз пайдалануды болдырмау мақсатында оны заңшығарушылық,

атқарушылық және сот тармақтарына бөлу;

- заңның үстемдігі, яғни, биліктің жоғары органымен барлық конституциялық тәртіптерді сақтай отырып қабылданған заң атқарушылық билік актілерімен жоққа шығарылуы, өзгертілуі және тоқтатылуы мүмкін емес;

- мемлекет пен тұлғаның өзара жауапкершілігі;

- қоғамдағы құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейі;

- азаматтық қоғамның болуы және тарапынан құқық субъектілерінің заңдарды орындауына бақылау жүргізілуі.

2. Биліктің тармақтарға бөлінуі құқықтық мемлекеттің қағидасы ретінде. Бұл қағиданы алғаш рет Д. Локк пен Ш. Монтескье ұсынған болатын. Қағиданың басты талабы - саяси бостандықты бекіту, заңдылықты қамтамасыз ету және белгілі бір әлеуметтік топтың, мекеменің немесе жеке тұлғаның билікті асыра пайдалануын болдырмау үшін мемлекеттік билікті заң шығарушылық (халық сайлайтын және қоғамды дамытуды заңдар қабылдау жолымен жүзеге асыруға бағытталған), атқарушылық (биліктің өкілдік органы тағайындайтын және заңдар мен оралымдық-шаруашылық қызметті жүзеге асырумен айналысатын) және сот (бұзылған құқықтарды қалпына келтірудің, кінәлілерді әділетті түрде жазалаудың кепілі болып табылатын) биліктері деп бөлу қажет. Және осы әр бір билік түрлері дербес және бір-бірін тежей отырып, өз функцияларын органдардың ерекше жүйесі арқылы және арнайы нысандарда жүзеге асыруы тиіс.

Конституцияда бекітілген «тепе-теңдік және тежемелік жүйесі» заң шығару, атқарушы, сот билігінің нақты бір билік түріне қатысты құқықтық шектеулерінің жиынтығын білдіреді. Мысалы, заң шығару билігіне қатысты тежемелік жүйесінде ерекше рөлді Президент иеленген, ол заң шығарушыға қатысты вето құқығын иеленеді: атқарушы билікке қатысты тежемелік сипатта болып президент өкілеттіктерінің мерзімі, импичмент, сенімсіздік вотумы, атқарушы органдардың жауапты қызметкерлеріне заңшығарушылық құрылымға сайлануға тыйым салу, коммерциялық қызметпен айналысу табылады; сот билігі үшін конституцияда көрініс тапқан құқықшектеуші құралдар болып мыналар табылады: кінәсіздік презумпциясы, қорғану құқығы, азаматтардың заң мен сот алдындағы теңдігі, іс жүргізудің жариялылығы мен жарыспалылығы, соттарға отвод жариялау және т.б.

3. Мемлекет пен тұлғаның өзара жауапкершілігі. Бұл құқықтық мемлекеттің дербес қағидасы болып табылады. Бұл саяси билікті шектеудің өзінше бір тәсілі, ол саяси биліктің иесі ретіндегі мемлекет пен оны жүзеге асырудың қатысушысы ретіндегі азаматтың арасындағы қарым-қатынастардың адамгершілік-заңды бастамаларын көрсетеді. Қоғам мен тұлғаның бостандығын заңшығарушылық нысанда бекіте отырып, мемлекет өз шешімдері мен әрекеттерінде белгілі бір шектеулерді иеленеді. Заң арқылы ол өзінің азаматтармен, қоғамдық ұйымдармен, басқа мемлекеттер-мен қарым-қатынастарындағы әділеттілік пен теңдікті қамтамасыз ететін міндеттемелерді өз мойнына алуы тиіс.

Құқыққа бағына отырып, мемлекеттік органдар ондағы ерсжелерді бұза алмайды және осы міндеттерді орындамағаны үшін жауапкершілікке

тартылады. Заңның мемлекеттік билік үшін міндеттілігі әкімшіліктік қателіктерді болдырмауға бағытталған кепілдіктер жүйесімен қамтамасыз етіледі. Оларға Үкіметтің өкілдік органдардың алдындағы жауапкершілігі, мемлекеттің кез-келген деңгейдегі лауазымды тұлғаларының нақты бір тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын бұзғандығы, билікті асыра пайдаланғаны, қызметтік жағдайын асыра пайдаланғаны үшін тәртіптік, азаматтық-құқықтық және қылмыстық жауапкершілігі, импичмент және т.б. жатады.

Жалпы қауымның мемлекеттік құрылымдардың өз міндеттерін орындауды бақылауының нысандары болып референдумдар, депутаттардың сайлаушылар алдында есеп беруі және т.б. табылады.

Тұлғаның мемлекет алдындағы жауапкершілігі де дәл осы құқықтық бастамалармен негізделеді. Мемлекеттік мәжбүрлеуді қолдану құқықтық сипатта болуы, ол тұлғаның бостандығын бұзбауы және жасалған құқықбұзушылықтың ауырлығына сай болуы тиіс. Сонымен, мемлекет пен тұлғаның арасындағы қарым-қатынастар өзара жауапкершіліктің негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

4. Мемлекет пен қоғамның өзара қатынасы. Қоғам - бұл, кең мағынада, адамдардың бірлескен қызметінің тарихи қалыптасқан нысандарының жиынтығы немесе, тар мағынада, әлеуметтік жүйенің тарихи нақты типі, қоғамдық қатынастардың белгілі бір нысаны.

Мемлекет - бұл саяси биліктің саяси-аумақтық, егеменді түрде ұйымдастырылуы. Қоғам мен мемлекет - әртүрлі түсініктер. Біріншісі екіншісіне қарағанда кең болып келеді, себебі, қоғамда мемлекетпен қатар мемлекеттік емес құрылымдар да (саяси партиялар, саяси қозғалыстар, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер, еңбек ұжымдары және т.б.) болады. Мемлекет қоғамның саяси бөлігі, элементі болып табылады.

Мемлекет қоғамда орталық орынды және басты рөлді иеленген. Мемлекеттің сипаты бойынша бүкіл қоғамға. Оның мәніне сипаттама беруге болады. Мемлекет қоғамға қатысты оның істерін шешу, басқару құралы рөлін атқарады. Қоғам мен мемлекеттің хронологиялық шектері де әртүрлі болып келеді: біріншісі екіншісіне қарағанда ерте пайда болған және бай даму тарихына ие. Дамыған қоғамның негізінде пайда болған мемлекет оған қатысты салыстырмалы түрдегі дербестікті иеленеді.

Тақырып №9

Құқықтың түсінігі, маңызы, белгілері, қағидалары және функциялары

ЖОСПАР

1. Құқық түсінігі, және маңызы
2. Құқық қағидалары және оның маңызы
3. Құқықтың белгілері
4. Құқықтың функциялары және оның құрамдық бөлімдері

1. Құқық түсінігі, және маңызы

Құқық – мемлекет шығарған және бекіткен, орындалуы мемлекеттік аппараттың күшімен қамтамасыз етіліп отыратын жалпыға бірдей тәртіп ережелерінің (нормаларының) жиынтығы.

Құқық әлеуметтік нормалардың ереже жүйесі болып, мемлекетпен бірге өмірге келіп, қоғамды реттеп, басқарып отырды. Олар қоғамның, объективтік даму процесінің талабына сәйкес қалыптасты. Бірақ әр елдің ерекшеліктеріне сәйкес құқық пен мемлекеттің нысаны әртүрлі, мазмұны бірдей болды. Бірақ қайталап өтейік, құқық пен мемлекеттің өмірге келуінің, қалыптасуының негізгі объективтік заңдары: қосымша өнімнің пайда болуы, жеке қайшылықтарды реттеп, қоғамды басқару үшін құқық пен мемлекеттің өмірге келуі.

Бұл қоғамның объективтік даму процесі қоғамның алдына бірнеше талаптар қойды:

- Қоғамның әкімшілік территориясында тұрақты тәртіп қалыптастыру қажет болды;
- Қоғам бірнеше тапқа, топқа бөлініп, олардың арасында қайшылықтар басталып, оны реттеп, қоғамды басқару керек болды;
- Ру мен тайпалардың, мемлекеттік бірлестіктердің арасындағы қайшылықтар күреске айналып, қрес соғысты өмірге әкелді.

Осы күрес – қайшылықтарды бейбытшілік жолмен шешу үшін қажет болды.

Қоғамның объективтік даму процесінің бұл талаптарын іске асыру үшін құқықтық нормаларды қарқынды, сапалы дамытып, қарым – қатынастарды тағы басқа құбылыстарды реттеу жзұмыстары басталып, қоғамның жақсы дамуына жағдай жасалды.

Енді құқықтың түсінігіне және мазмұнына келсек, оның сан қырлы түсінігі, сан қырлы мазмұны бар деуге болады. Ол қоғаммен бірге диалектикалық даму процесінде болғандықтан оның мазмұны сан қырлы бағытта дамып, байып отырды. Ғалымдар құқықты зерттегенде бір-екі қырынан мазмұны анықтап, әр түрлі қорытынды тұжырым жасап отырды.

Құқық адамдардың өмірімен тығыз байланыста дамиды: олардың бостандығын қалыптастырады, мінез – құлқына, іс - әрекетіне, тәртібіне, сана – сезіміне жан – жақты әсер етеді, мүдде – мақсаттарының іске асуына қолайлы жағдай, қамқорлық жасап қорғайды. Адамдардың жекелік топтық және

қоғамдық қарым - қатынастарын реттеп, басқарып отырады. Осы тұрғыдан алсақ **құқықтың мазмұны, түсінігі - адам қоғамын басқарудағы құқықтық нормалардың ішкі тұрақты, сапалы мәні, маңызы.**

Құқықтың түсінігі мен мәнін анықтаудың үш жолын айтуға болады.

- 1) нормативті тұрғыдан қарау, былайша айтқанда, құқықты заң нормаларының жүйесі деп санау;
- 2) социологиялық тұрғыдан қарау, яғни, құқықты реттелетін қоғамдық қатынастармен ұқсас деп санау;
- 3) философиялық тұрғыдан қарау, яғни, құқықты бостандық пен әділдік деңгейімен байланыстыру.

Құқық мазмұнының негізгі элементтері:

- қоғамның және адамдардың мүдде – мақсатын қорғау, орындау; қарым – қатынастарды реттеп басқару;
- қоғамды дағдарысқа ұшыратпай, экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдениеттік т.б. бағытын дамытып, нығайту;
- мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың құзыретін, ара қатынасын реттеп, басқарып отыру;
- халықаралық қатынастарды реттеп, басқару.

Құқықтың екі түрлі ғылыми түсінігі болады.

1. құқықтың объективтік түсінігі қоғамның объективтік дамуына сәйкес жаңа қатынастардың қалыптасуы;
2. құқықтың субъективтік түсінігі объективтік қалыптасқан қатынастарды реттейтін, басқаратын нормативтік актілерді уақытында қабылдап, бекіту.

2. Құқық қағидалары және оның маңызы

Құқық әлеуметтік нормалардың ерекше жүйесі болып, мемлекетпен бірге өмірге келіп, қоғамды реттеп, басқарып отырды. Олар қоғамның, объективтік даму процесінің талабына сәйкес қалыптасты. Бірақ әр елдің ерекшеліктеріне сәйкес құқық пен мемлекеттің нысаны әртүрлі, мазмұны бурдей болды. Бұл жерде қайталап өтейік, құқық пен мемлекеттің өмірге келуінің, қалыптасуының негізгі объективтік заңдары: қосымша өнімнің пайда болуы, жеке меншіктің қалыптасуы, таптардың арасында күрестің басталуы, қайшылықтарды реттеп, қоғады басқару үшін құқық пен мемлекеттің өмірге келуі. Бұл объективтік даму процесі қоғамның алдына бірнеше талаптар қойды:

Қоғамның әкімшілік – территориясында тұрақты тәртіп қалыптастыру қажет болды;

Қоғам бірнеше тапқа, топқа бөлініп, олардың арасында қайшылықтар басталып, оны реттеп, қоғамды басқару керек болды;

Ру мен тайпалардың, мемлекеттік бірлестіктердің арасындағы қайшылықтар күреске айналып, күрес соғысты өмірге әкелді. Осы күрес-қайшылықтарды бейбітшілік жолмен шешіп, реттеу қажет болды.

Қоғамның объективтік даму процесінің бұл талаптарын іске асыру үшін құқықтық нормаларды қарқынды, сапалы дамытып, қарым-қатынастарды тағы

басқа құбылыстарды реттеу жұмыстары басталып, қоғамның жақсы дамуына жағдай жасалды. Енді құқықтың түсінігіне және мазмұнына келсек, оның сан қырлы түсінігі, сан қырлы мазмұны бар деуге болады. Ол қоғаммен бірге диалектикалық даму процесінде болғандықтан оның мазмұны сан қырлы дамып, байып отырды. Ғалымдар құқықты зерттегенде бір-екі қырынан мазмұнын анықтап, әр түрлі қорытынды тұжырым жасап отырды. Мысалы, Аристотель құқықты саяси шындық, әділеттік – деді, орта ғасырдың ғалымдары – құқықтық діни норма, Ж.Ж. Руссо – құқық қоғамдық билік – деп түсіндірді. Осы пікірлердің бәрі дұрыс.

Құқық адамдардың өмірімен тығыз байланыста дамиды: олардың бостандығын қалыптастырады, мінез-құлқына, іс-әрекетіне, тәртібіне, сана-сезіміне жан-жақты әсер етеді, мүдде-мақсаттарының іске асуына қолайлы жағдай, қамқорлық жасап қорғайды. Адамдарның жекелік топтық және қоғамдық қарым-қатынастардың реттеп, басқарып отырады. **Осы тұрғыдан алсақ құқықтың мәні, түсінігі – адам қоғамын басқарудағы құқықтық нормалардың ішкі тұрақты, сапалы мәні, маңызы.** Бұл түсініктемеде құқықтың құндылығын, маңыздылығын айрықша көрсетіп отыр. Бұл түсініктеме дұрыс бірақ жеткіліксіз.

Құқық қоғамды реттеп, басқарудағы негізгі құрал; құқық қоғамдағы бостандықты, әділеттікті тендікті, адамгершілікті қалыптастыратын негізгі құрал; құқық мемлекеттік билікті, қоғамның саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік даму процесінің даму бағыттарын анықтап отыратын негізгі құрал; құқық мемлекеттің ішкі-сыртқы істердегі егемендігін қамтамасыз ететін негізгі құрал т.б. бұл пікірді жалғастыруға беруге болады. Құқық - қоғамның экономикалық базисінің үстіндегі қондырма. Оның қоғамдағы мәні, маңызы, мазмұны мен нысаны, сайып келгенде, қоғамның экономикалық, мәдени-рухани сипатына байланысты. К.Маркс “Тота программасына сын” деген еңбегінде: “Құқық еш уақытта да экономикалық құрылыстан және қоғамның соған сәйкес мәдени дамуынан жоғары бола алмақ емес”!- деді.

Құқықтың нормалары қоғам дамуының саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік мұқтаждарына неғұрлым сай келсе, соғұрлым пайдалы әсері болмақ. Қоғам өмірін құқық арқылы реттеу процесінде әр түрлі құқықтық қатынастар туады, яғни қоғам мүшелері, мемлекеттік мекемелер, қоғамдық ұйымдар құқықтық нормалардың талаптарын іс жүзінде асыру үшін өзара қарым-қатынастарға түсіп, заңда көрсетілген міндеттерді орындауға тиісті болады.

Құқықтық қатынастар қоғам өмірінің негізгі салаларын қамтиды, бұлар: әкімшілік, қаржы, мүліктік, отбасы, еңбектік, процессуалдық т.б. мемлекетке қажетті қоғамдық тәртіп құқықтық қатынастар негізінде ғана орнай алады. Бұл – құқықтық қоғамдық қатынастарды реттеудегі көздейтін басты мақсаты.

Қоғамның тарихи объективтік даму процесінде құқықтың маңызы туралы екі пікір бар: біріншісі- қоғамның дамуын басқарып, реттеп отырушы негізгі әлеуметтік факторлардың бірі құқық. Онсыз адам, қоғам дағдарысқа ұшырап әлдеқашан ақыр заман болар еді. Бұл пікірді - **занды көзқарас** деп айтады. Екіншісі – бірінші пікірге қарсы пікір. Қоғамның дамуында құқықтың ешқандай рөлі, маңызы жоқ деп түсіндіреді. Бұл пікірді **занды нигилизм** деп

атайды. Нигилизм қоғамда қабылдаған, бүкіл адамға пайдалы нормаларды, жағымды мұраларды жоққа шығарып мойындамау.

Заңды көзқарас көне дәуірден қалыптасып, құқықтың қоғам даму процесіндегі рөлін, маңызын жан-жақты зерттеп, бірнеше ғылыми қорытынды тұжырымдар жасалды. Құқық қоғаммен бірге эволюциялық-прогресстік жолмен дамып, XIX-XX ғасырларда өзінің тарихи процесте құндылығын зерттеп, қазіргі заманда құқық мемлекетпен бірге қоғам дамуын басқарып, реттеуші негізгі әлеуметтік факторлардың бірі екеніне ешкім күмән келтірмейді.

Қоғамның объективтік тарихи даму процесі құқықтың маңызы мен рөлі туралы заңды көзқарас пікірінің дұрыс екенін дәлелдеп отыр. Заңды нигилизм пікірін қазір ешкім қолдамайды.

Құқық философиялық категория. Сондықтан оның мазмұнын, өмірге келуін, дамуын түсінуде әр түрлі пікірлер бар. Бірақ құқық нормаларды пайдалануда, сол арқылы қарым-қатынастарды реттеуде, мүдде-мақсаттарды жүзеге асыруда, орындауда адамдардың, бірлестіктердің, қоғамдық ұйымдардың іс-әрекетінде, жұмысында ғажап бірлестік бар. Мұның себебі адамдардың, бірлестіктердің іс-әрекеттерінің, жұмыстарының құқық арқылы басталуы, құқық арқылы дамуы, құқық арқылы орындалуы. Құқықтың мазмұнын түсінуде қоғам көлемінде нақты бірліктің болуы.

Заң ғылымында “құқық” термині бірнеше мағынада қолданылады. Біріншіден, “құқық” деген – ресми түрде танылған жеке және заңды тұлғалардың заңға сүйене отырып, әрекет жасау мүмкіндігі.

Екіншіден, “құқық” деген – құқық нормаларының жүйегі келтірілген жиынтығы.

Үшіншіден, “құқық” термині оқу пәнін білдіретін ұғым ретінде қолданылады.

Төртіншіден, “құқық” термині субъективтік құқық пен объективтік құқықтың жиынтығы ретінде де қолданылады.

Құқық терминінің көптеген мәні бар, оны зерттеушілердің көзқарасы бір жерден шығып, бір текті болады деп айтуға болмайды.

Кәзәргі замандағы өркениетті мемлекеттерде құқық барлық азаматтардың еркін білдіретін саяси құралға айнала бастағанын

Құқық – мемлекет шығарған немесе бекіткен, орындалуы мемлекеттік аппараттың күшімен қамтамасыз етіліп отыратын жалпыға бірдей тәртіп ережелерінің (нормалардың) жиынтығы.

Құқықтың түсініктері бірнеше, бірақ мазмұндары біреу-ақ.

Құқықтың мазмұнының негізгі элементтері:

- Қоғамның және адамдардың мүдде-мақсатын қорғау, орындау;
- Қарым-қатынастарды реттеп, басқару;
- Қоғамды дағдарысқа ұшыратпай, экономикалық, саяси әлеуметтік, мәдениеттік бағытын дамытып, нығайту
- Мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың құзіретін, ара қатынасын реттеп, басқарып отыру.
- Халықаралық қатынастарды реттеп басқару.

Құқықтың екі түрлі ғылыми түсінігі болады:

1. **Құқықтың объективтік түсінігі** қоғамның объективтік дамуына сәйкес жаңа қатынастардың қалыптасуы.
2. **Құқықтың субъективтік түсінігі** объективтік қалыптасқан қатынастарды реттейтін, басқаратын нормативтік актілерді уақытында қабылдап, бекіту.

Құқықтың негізгі қағидалары:

1. Қоғамдағы әртүрлі мүдде-мақсаттарды нормативтік жүйемен реттеп басқару.
2. Адамдардың, ұйымдардың бостандығының іс әрекетінің деңгейінің шеңберін норма арқылы анықтап отыру.
3. Адамдарды, ұйымдардың ара қатынасындағы келіспеушілікті шешудің, реттеудің негізгі түрлерін белгілеп отыру.
4. Мемлекеттік органның қабылдаған, бекіткен нормативтік актілерінің орындалуын бақылап отыру.

Құқықтың мазмұны дегеніміз - қоғамдағы қатынастарды реттеп басқарып отыратын нормативтік актілердің ішкі құрылысы.

Мемлекет құқық арқылы өзінің жоғарғы және жергілікті органдарының жүйесін, құзырын, өзара қарым-қатынастарын бекітпей ішкі және сыртқы міндеттерін іске асыруы мүмкін емес. Мемлекетке қажетті қоғамдық қатынастар құқық негізінде ғана орнай алады.

Құқықтың негізгі белгі нышандары:

1. Құқықтық нормаларды мемлекеттік органдар ресми түрде қалыптастырады: әлеуметтік нормалардың басқа түрлерін қоғамдық ұйымдар қабылдайды, мемлекеттің оған қатысы жоқ.
2. Құқықтық нормалардың мемлекеттің барлық аумағында, барлық халықтарына және барлық ұйымдарға заңды күші болады.
3. Құқықтық нормалар жеке адамдардың және қоғамдық мүдде-мақсаттарды қамтиды; басқа нормалар жеке ұйымдардың, бірлестіктердің мақсатын қамтиды.
4. Құқықтық нормалардың орындалуын мемлекеттік органдар бақылап отырады; басқа нормаларға мемлекеттің қатысы жоқ, олардың орындалуын ұйымдар, бірлестіктер бақылайды.

Құқықтық негізгі белгі – нышандары:

1. құқықтық нормаларды мемлекеттік органдар ресми түрде қалыптастырады; әлеуметтік нормалардың басқа түрлерін қоғамдық ұйымдар қабылдайды, мемлекеттің оған қатысы жоқ.
2. құқықтық нормалардың мемлекеттің барлық аумағына, барлық халықтарына және барлық ұйымдарға заңды күші болады.
3. құқықтық нормалар жеке адамдардың және қоғамдық мүдде-мақсаттарды қамтиды; басқа нормалар жеке ұйымдардың, бірлестіктердің мақсатын қамтиды.
4. құқықтық нормалардың орындалуын мемлекеттік органдар бақылап отырады; басқа нормаларға мемлекеттің қатысы жоқ, олардың орындалуын ұйымдар, бірлестіктер бақылайды.

Сонымен, құқық дегеніміз адам мен қоғамның объективтік құрылысы мен байланысты тұлғаның бостандығын білдіретін, қоғамдық

қатынастарды реттейтін, құжаттарда формальды түрде анықталған, мелекеттің күшімен қамтамсыз етілетін нормалардың жиынтығы.

Қоғамның өмірінде белсенді жұмыс атқаратын құқықтың функциялары. Оның бағыттары толып жатыр. Ең күрделі бағыта мемлекетпен бірлесіп жұмыс жасау. Өйткені мемлекеттің мазмұны, бағыты нормативтік актілерде көрсетіліп, анықталып отырады.

Құқықтың негізгі қағидалары:

1. Қоғамдағы әртүрлі мүдде – мақсаттарды нормативтік жүйемен реттеп басқару;
2. адамдардың, ұйымдардың бостандығының іс-әрекетінің деңгейін, шеңберін норма арқылы анықтап отыру;
3. адамдардың, ұйымдардың ара қатынасындағы келіспеушілікті шешудің, реттеудің негізгі түрлерін белгілеп отыру;
4. мемлекеттік органның қабылдаған, бекіткен нормативтік актілерінің орындалуын бақылап отыру.

Жалпықұқықтық қағидалар: әділдік, теңқұқықтылық, адамгершілік, демократиялық, құқық пен міндеттің бірлігі, заңдылық.

Құқықтық мазмұны дегеніміз – қоғамдағы қатынастарды реттеп, басқарып отыратын нормативтік актілердің ішкі құрылысы.

Құқықтық теңдік жалпылама түрде айтылады, іс жүзінде қатынастардың субъектілері нақты белгілі болмағандықтан, теңдік нормалар да абстракты түрде жазылады. Құқықты дұрыс орындамаса кінәлі субъектілер жауапқа тартылуы керек. Міне, осы кезеңнен бастап заңның кезеңі, мемлекеттік жұмысы басталады.

Мемлекеттік құқық арқылы өзінің жоғарғы және жергілікті органдарының жүйесін, құзырын, өзара қарым-қатынастарын бекітпей ішкі және сыртқы міндеттерін іске асыруы мүмкін емес. Міне, осы мәселелерді мемлекет құқық арқылы, нормаға сүйене отырып іске асырады. Мемлекетке қажетті қоғамдық қатынастар құқық негізінде ғана орнай алады. Бұл мемлекет пен құқықтың қатынастарды реттеудегі көздейтін басты мақсаты. Сөйтіп құқық нормалары мемлекеттің күшіне сүйеніп, жүзеге асырылады. Құқықтың тірегі, оның күш-қуаты, абыройы мемлекет. Құқық нормалары адамға бостандық беріп қана қоймай, сол бостандықты қамтамасыз ететін күшке сүйенеді.

Қазіргі заманда құқықтың мазмұнын анықтап, түрге жіктеудің екі жолы бар, олар: **формациялық және цивилизациялық.**

Формациялық типология құқықтың қанаушы үстемдік таптың мүдде – мақсатын қорғаудың үш түрі болады деп түсіндіреді:

1. Көне дәуірдегі құқық;
2. Феодалдық құқық;
3. Буржуазиялық құқық.

Құқықтың алғашқы тарихи типі – көне дәуірдегі мемлекеттерінде болған құлиеленушілер құқығы. Оның негізгі ерекшеліктері құлдар адам қатарына саналмаған, толығымен құл иеленушілер табының меншігінде, қожасы мүлік ретінде сатиып, айырбастап жіберуге ерікті. Құқық құлиеленушілердің

экономикалық, саяси мүддесін, үкіметімен, байлығын қорғайды. Жеке меншікке қол сұғу аяусыз жазаланып отырады.

Құқықтың тарихи екінші типі – феодалдық құқық – оның нормалары үстем тап – помещиктердің мүдделерін заңға айналдырып, үкімет билігімен жер, су, басқа өндіріс құрал – жабдықтарға феодалдық жеке меншікті сақтауға қызмет етті. Феодалдық құқық бойынша қоғам мүшелері үш сославиеге бөлінді: дворяндар, жер иеленуші феодалдар, басы байлар, шаруалар мен қала халқы. Феодалдық құқықта діни ережелер үлкен орын алады.

Буржуазиялық құқық қорғаушы таптар құқығының тарихи үшінші типі. Оның мақсаты – капиталистік қоғамның мемлекеттік құрылысын үстем тап – буржуазияның мүддесін барынша қорғап заң жүзінде іске асырып отырады. Буржуазиялық құқықтың басты өзгеше ерекшеліктері: 1. Ол капиталистік жеке меншікті адамның негізгі және қажетті құқығы деп санайды; 2. Қоғам мүшелері заң алдында тең құқылы деп жариялайды.

Цивилизациялық бағыт – оның негізгі мазмұны құқықтың, мемлекет типтерінің өзгеруіне экономикалық базистің өзгеруі жеткіліксіз дейді. Оған қоса қоғамның мәдени – рухани жүйелері жақсы дамып, олардың сапасының жоғары деңгейде болуы қажет деп түсіндіреді. Цивилизациялық пікір құқықтың типін, түрін анықтаудағы әдіс – тәсілдері формалық көзқарастан басқаша. әлемдегі елдердің экономикалық даму тұрғысын бес түрге бөледі: үйреншікті жай қоғам, өтпелі кезеңнің қоғамы, даму деңгейі төмен қоғам, дамушы елдер қоғамы, дамыған елдер қоғамы (бұл американдық политолог Уолт Ростау пікірі). Ол дамыған елдердің құқығы мен мемлекеттің бірнеше түрге бөледі: технологиялық, индустриялық, постиндустриялық мемлекеттер мен құқықтар.

Цивилизациялық түрі қоғамның дамуын жобалап 5 түрін көрсеткен. Қоғамның бірінші түрі – ауыл шаруашылықтың экономикадағы басты кезеңі. Екінші түрі - өндірістің ептеп өмірге келе бастау. Үшінші түрі - техниканың өндірісте және ауылшаруашылығында қолдана бастауы. Төртінші түрі – техникалық қоғамның барлық саласында қолдану. Бесінші түрі – ғылыми – техникалық прогресс арқылы қоғамның қарқынды түрде дамуы.

Құқықтың хронологиялық типологиясы да болады, көне дәуірдің құқығы, орта ғасыр құқығы, жаңа дәуірдегі құқық, қазіргі замандағы құқық. Олардың өздерінің әдіс – тәсілдері болады. Ол арқылы әр дәуірдегі құқықтың мазмұны мен нысанын, түрлері мен типологиясын анықтап отыруға болады.

Қазіргі замандағы құқық пен мемлекет мазмұны да типологиясы да көп өзгеріске ұшырады. Олардың қанаушылық, таптық мазмұндары бірте – бірте азаюда.

Нарықты экономика жүйесінде қоғамдық қатынастарды реттеуде рыноктың заңдарының маңызы, рөлі күшеюде. Әсіресе, сұраныс пен ұсыныстың бұл процесте маңызды рөл атқаруы.

Либералдық – демократиялық құқық адамдардың өміріне, жұмысына, іс - әрекетіне, бостандығына араласпауға, кіріспеуге қатаң мемлекеттік саясатқа айналдырып отыр.

Типология — заңдарды немесе құбылыстарды қандай да болмасын бір белгілерінің ортақтылығына, ұқсастығына қарай жіктеу.

3. Құқықтың белгілері

Нормативтік сипаты — құқықтың негізгі белгілерінің бірі. Құқық қағидалардан, ережелерден, рәсімдерден тұрады. Қағида — тұлғалардың мінез-құлықтары туралы ереже. Былайша айтқанда, қоғамдық қатынасқа қатысушылар өз іс-әрекеттерін, мінезін белгілі ережеде көрсетілген қалыпқа бейімдеулері қажет. Сондықтан құқықтың нормалары — тұлғалардың іс-әрекетінің, мінез-құлқының үлгісі. Мысалы, әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы (Қазақстан Республикасының Конституциясы, 19-бап). Тұлғалардың мінез-құлқын анықтау арқылы құқық нормалары қоғамдық қатынастарды қажетті арнаға бағыттап, жолға салады, реттейді, жөндейді, ұйымдастырады, тұрақтандырады, бассыздықтан қорғайды.

Формальды анықтылық — құқықтың тағы да бір маңызды белгісі. Ол құқықтың мемлекетпен байланысты екенін көрсетеді. Құқықты, оны құратын заңдарды, басқа да нормативтік актілерді жасайтын, жалпы алғанда, мемлекет. Мемлекет органдардан тұрады, демек, мемлекет органдары заңдарды жасайды. Заң — ережелері қиынтығы. Олар жай ережелер емес, мемлекет атымен жасалатын болғандықтан ресми сипаты бар ережелер. Әрбір ереже, қағида заң шығарушының тұлғалардың мінез-құлқы туралы ойын анықтап, түсінікті түрде тұжырымдайды. Қағидада артық сөз болмауы керек, оның әрбір сөзінің әлеуметтік мәні болады, себебі ол қоғамдық қатынасқа қатысатын тұлғалардың мінез-құлқын анықтау арқылы олардың тағдырына әсер етеді.

Құқықтың енді бір белгісі — мемлекеттің күшіне сүйенуі. Егер мемлекет құқық қағидаларының жүзеге асырылуына, дұрыс қолданылуын қамтамасыз етпесе, олар тек қағаз бетінде ғана жазылып қалған болар еді. Мемлекет, оның органдары тұлғалардың құқықтарын жүзеге асыруға жәрдемдеседі, жағдай жасайды. Мысалы, Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша елімізде азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалады. Заңда көрсетілген санаттағы мұқтаж азаматтарға тұрғын үй заңмен белгіленген нормаларға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорларынан олардың шама-шарқы көтеретін ақыға беріледі (25-бап). Егер азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қол сұғылса, мемлекет оларды қорғайды. Заңды бұзғандар құқықтық жауапқа тартылады, мүмкіндігінше бұзылған құқық орнына келтіріледі.

Құқықтың тағы бір белгісі — адамдардың еркін білдіруі. Қазақстан Республикасының Конституциясында жазылғандай, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы — халық. Халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді (3-бап). Сонымен халық заңдарды өзі тікелей қабылдай алады. Мұндай жағдайда заң тікелей халықтың еркін паш етеді. Оған мысал, 1995 жылдың 30 тамызында Қазақстан халқының

Конституцияны қабылдауы. Конституция — құқықтың өзегі, ұйтқысы. Олай болса, Қазақстанда қалыптасып келе жатқан құқық бүкіл көп ұлтты халықтың еркін білдіреді, оның жүзеге асырады десек, ешбір асыра сілтеу болмайды. Халықтың ойын, еркін мемлекет органдары да тиісті нормативті актілер қабылдау арқылы жүзеге асырады. Халық Президентті сайлайды. Ол халық атынан әрекет жасап, өз өкілеттігінің шеңберінде нормативті актілер — заң күші бар жарлықтар, жай нормативті жарлықтар, қаулылар қабылдайды. Президенттің нормативті актілері Қазақстан құқығын қалыптастыратын бастау болып есептеледі. Құқықты құратын нормалар тек бір адамның немесе әлеуметтік топтың еркін білдіріп, мүддесін ғана қорғамайды. Ол — халық үшін қызмет істейді.

4. Құқықтың функциялары және оның құрамдық бөлімдері

Құқық функциялары – бұл құқықтың қоғамдық қатынастарды реттеудегі рөлін көрсететін құқықтық ықпалдың негізгі бағыттары.

Құқық функцияларының түрлері: сыртқы (экономикалық, саяси, тәрбиелік) және ішкі (реттеуші және қорғаушы).

Құқықтың қайнар көздері – бұл мемлекеттен туындайтын немесе құқық нормаларын көрсететін және бекітетін, оларға заңды және жалпыға міндетті күш беретін мемлекет қабылдаған ресми құжаттық нысандар.

«Құқық функциялары» түсінігі аясындағы 1 ғасырға жуық уақыт аралығында жүргізіліп жатқан белсенді зерттеулер әлі де бұл тақырыпта қандай да бір ортақ көзқарас қалыптастыра алмады. Егер де барлық қалыптасқан көзқарастарды синтездейтін болса, онда нәтижесінде, «құқық функциясы» түсінігі не құқықтың әлеуметтік міндетін, не қоғамдық қатынастарға құқықтық ықпалдың бағытын, не осы 2 тұжырымның жиынтығын білдіретінін көреміз.

Соңғы көзқарас құқықтың әлеуметтік міндетін де, қоғамдық қатынастарға құқықтық ықпалдың бағытын да жеке алып қарастырғанда, олардың біреуі де құқық функциясы түсінігін қамти алмауына байланысты. Егер де құқық функциясы түсінігін құқықтың әлеуметтік міндеті ретінде қарастыратын болсақ, онда мұндай түсінік тым жалпылама сипатқа ие болады. Құқық функциясы түсінігін тек қоғамдық қатынастарға құқықтық ықпалдың бағыты ретінде қабылдағанда осы ықпалдың бағыттаушы сәті ескерілмей қалады. Сол себепті құқықтық ықпалдың бағыттарын құқықтың әлеуметтік міндетімен теңестіру немесе керісінше, оларды бір-біріне қарсы қою орынсыз екендігіне ерекше көңіл аудару қажет.

«Құқық функциясы» түсінігі құқықтың міндетін де және содан пайда болатын құқықтың қоғамдық қатынастарға ықпалы бағыттарын да бір мезгілде қамтуы керек. Сондықтан да құқықтың қандай да бір функциясының құрамын алып қарағанда, құқықтың міндеті мен оның ықпалының бағыттары арасындағы байланысты әрқашан көкейде ұстаған жөн.

Тегінде, құқық функциясы – бұл құқықтың әлеуметтік міндетін іске асыру. Ал құқықтың әлеуметтік міндеті мен құқықтық ықпал дегеніміз не?

Құқықтың әлеуметтік міндеті қоғамдық даму қажеттіліктерінен туады және солардан құралады. Қоғамның әлеуметтік мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында белгілі бір қатынастарды бекітуге, реттеуге және қорғауға бағытталған заңдар жарыққа шығады. Сонымен бірге құқықтың қандай да бір міндеті белгілі бір қоғамдық қатынастардың дамуын бекіту, қорғау немесе бағдарлау, яғни оның әлеуметтік рөлінің мұқтаждығы (қажеттілігі) өткір болған сайын, соншалықты ол айқын қызмет етеді.

Қоғамдық қатынастардың тәртіптілігі, олардың жүйелілігі және динамизмі қоғамның дамуы мен қызмет етуінің қажетті шарттары болып табылады. Сондықтан құқықтың әлеуметтік міндеті қоғамдық қатынастарды тәртіпке келтіру, реттеу, оларға тиісті орнықтылық беру және азаматтардың құқықтарын іске асыру мен жалпы азаматтық қоғамның қалыпты тіршілік етуіне қажетті жағдайлар жасаудан тұрады.

Құқықтық ықпал – бұл қоғамдық қатынастарға құқық ықпалының жолдары, тәсілдері мен түрлерін сипаттайтын санат. Бұл қоғамдық өмірдегі, мемлекет, оның органдары, қоғамдық ұйымдар мен азаматтардың әрекеттеріндегі құқықтық қағидаларды, ұстанымдарды, тыйымдарды, алғышарттар мен нормаларды іске асыру.

Ықпалдың бағыты – құқық функциясының аса бір елеулі құраушысы, ол қоғамдық дамудың қажеттіліктеріне өзіндік бір жауап, сонымен қатар осы қажеттіліктерді жинақтайтын және оларды позитивті құқыққа айналдыратын заң шығару саясатының нәтижесі болып табылады. «Құқық функциясы» түсінігін талқылағанда, «құқықтық ықпал» мен «құқықтық реттеу» сияқты санаттардың қатынасына да назар аударған жөн.

Құқықтық ықпалдың түрлі формаларының болуы құқықтың заңи ықпалы (құқықтық реттеу) мен заңи емес (ақпараттық және бағдарлаушы) ықпалы арасындағы айырмашылықты айқынырақ көруге мүмкіндік береді. «Құқық функциясы» түсінігі жоғарыда аталған екі ықпалды да қамтиды.

«Құқық функциясы» түсінігін одан әрі айқын анықтау мақсатында оның мағыналас, мәндес келетін «құқықтың рөлі», «құқықтың міндеті» және «құқықтың қызмет етуі» сияқты заң санаттарымен арасындағы айырмашылықты белгілеген абзал.

«Құқықтың рөлі» термині қоғам өмірінде, жалпы мемлекетте немесе олардың белгілі бір даму сатысындағы құқықтың маңызын білдіреді.

Қоғамның қандай да бір даму сатысында немесе қандай да бір мәселелерді шешуде құқықтың рөлі қандай болғаны (немесе болатыны) жөніндегі сұраққа жауап берген кезде құқықтың әлеуметтік міндетін сипаттайтын құқықтың атқаратын қызметтерін анықтауға тура келеді. «Құқықтың рөлі» түсінігі «құқық функциясы» түсінігіне қарағанда жалпылама, кең түсінік. Қарастырылатын санаттардың айырмашылығын осыдан көреміз.

«Құқықтың міндеті» термині – бұл құқық шешуге тиісті, оның алдында тұратын экономикалық, саяси, әлеуметтік мәселе.

Құқықтың міндеті бұл өзі қол жеткізуге тиісті немесе соған барынша жәрдем беретін тұрақты немесе уақытша, қысқа мерзімді немесе соңғы мақсатқа меңзейді.

Құқықтың алдында тұрған міндеттердің біреуі де қызметтердің іске асырылуынсыз шешілмейді, қызметтер әрқашанда міндеттердің шешілуіне бағытталады. Сондықтан белгілі бір міндеттер лайықты қызметтерді талап етеді деуге болады. Алайда, олардың ара қатынасы соншалықты біржақты емес. Себебі, міндет, негізінде, құқықтың түпнегізі болып табылмайды. Ол қоғамның экономикалық, саяси, әлеуметтік мұқтаждықтарынан туындайды, мемлекет пен құқықтың жалпыәлеуметтік даму заңдылықтарымен, қоғамның, мемлекеттің (сәкесінше, құқықтың да) жеке даму сатыларындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың ерекшеліктерімен, тарихи ахуалмен, саяси күштердің ара қатынасымен, ұлттық факторлармен және т.б. анықталады.

Құқық функциясының оның міндеттеріне тәуелділігі мынада айқындалады: біріншіден, міндеттер әдетте, функцияның болуын тікелей шарттайды, екіншіден, олардың құрамын анықтайды, үшіншіден, ең елеулі түрде олардың іске асуының формалары мен әдістеріне ықпал етеді, құқықтық әсер етудің нақты бағыттарын алдын ала анықтайды.

«Құқықтың жұмыс істеуі» термині әлеуметтік жүйедегі құқықтың әрекетін айқындайды. Құқықтың функционалды сипаттамасын беру дегеніміз – оның әрекеттерін (қоғамдық қатынастарға әсер ету жолдары мен формаларын) ашу және сипаттау.

Егер «құқық функциясы» — құқықтағы қазіргі мен болашақты (мақсаттар мен міндеттерді) айқындайтын жиынтық түсінік болса, «құқықтың жұмыс істеуі», егер алдын ала басқаша келісілмесе, қазіргі уақыттағы құқықтың іс-әрекетін белгілейді.

Осылайша, «құқық функциясы» және «құқықтың жұмыс істеуі» өте жақын, кейде бірдей, бірақ бір-бірімен сәйкес келмейтін түсініктер болып келеді. Құқықтың жұмыс істеуі – функцияның мәселесімен тікелей байланысты сұрақ, өйткені, функциялар жүйесінің сипаттамасы – бұл құқықтың жұмыс істеуінің сипаттамасы. Бірақ дәлме-дәл, нақты мағынада «құқықтың жұмыс істеуі» құқықтың мемлекет механизмі, сана, саясат және басқа да әлеуметтік реттеуіштермен қатар әлеуметтік жүйе элементі ретіндегі іс-әрекетін білдіреді. Басқаша айтқанда, құқықтың жұмыс істеуі – бұл әлеуметтік жүйедегі құқықтың әрекеті, оның өз міндеттерін атқаруы, қоғамдық қатынастарда оларды жүзеге асыруы.

Құқық функциясы – құқықтың әлеуметтік міндетіне негізделген қоғамдық қатынастарға құқықтық ықпал етудің бағыттары. Ғылымда «функция» термині түрлі мағыналарда қолданылады. Мысалы, математикада функция тәуелді айнымалы шама, яғни аргумент деп аталатын басқа шаманың өзгеру көлеміне байланысты өзгереді шама болып саналады. Биологияда – бұл орган және организмнің (қол, қалқанша без және т.б. функциясы) ерекше қызметі. Басқа ғылымдарда функция – бұл қандай да бір жүйе әрекетінің бағыты (мысалы, кибернетика). Осылайша, «функция» терминінің мағынасы көп. Ол кез келген динамикалық құрылымдарды сипаттауға қолайлы, бұл осы термин қолданылатын математика, биология, әлеуметтану, құқықтану ғылымдарының танымдық міндеттері спецификасымен негізделеді. Алайда, көп жағдайларда функция жүйенің (құрылымның, біртұтастың) сыртқы ортаның белгілі бір

тараптарына іріктеуші, бағытталған ықпалымен байланысты. «Құқық функциялары» түсінігі аясындағы 1 ғасырға жуық уақыт аралығында жүргізіліп жатқан белсенді зерттеулер әлі де бұл тақырыпта қандай да бір ортақ көзқарас қалыптастыра алмады. Егер де барлық қалыптасқан көзқарастарды синтездейтін болса, онда нәтижесінде, «құқық функциясы» түсінігі не құқықтың әлеуметтік міндетін, не қоғамдық қатынастарға құқықтық ықпалдың бағытын, не осы 2 тұжырымның жиынтығын білдіретінін көреміз.

Құқық функцияларын 2 топқа бөледі.

Жеке алғанда, жалпыәлеуметтік функцияларға:

- а) экономикалық функция – мысалы, азаматтық-құқықтық келісімшарттар материалдық игіліктердің орнын ауыстыру үрдісін қамтамасыз етеді;
- ә) саяси функция – құқық саяси жүйе субъектілерінің қызметін реттейді;
- б) коммуникативті функция – құқықтың көмегімен басқару объектілерінің арасындағы байланыс қамтамасыз етіледі;
- в) экологиялық функция.

Арнайы-зани функциялар:

- а) регулятивті – түрлі жағдайларда адамдардың өзін-өзі ұстау ережелерін анықтау арқылы қоғамдық қатынастарға құқықтық ықпал жасау, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету.
- ә) қорғаушы – арнайы қорғаушы нормаларды қолдану жолымен іске асатын аса елеулі қоғамдық қатынастарды қорғауға бағытталған функция;
- б) бағалаушы – құқықтың кімде-кімнің әрекеттерінің заңды немесе заңсыздығын анықтау барысында өлшем ретінде қызмет етуі;
- в) тәрбиелік функция – құқық белгілі бір идеологияны айқындайды, адамдардың мінез-құлқына әсер етеді.

Құқықтың функционалды ықпалына түсетін қоғамдық қатынастардың ортасына және құрылуына қарай құқықты былайша ажыратады:

- келісілген бастамаларда құқықтың нормалары, салалары мен институттарын біріктіретін құқықтың барлық ішкі мемлекеттік жүйесіне жататын жалпықұқықтық функциялар;
- бұқаралық немесе жеке құқық, материалдық немесе іс жүргізу құқығы сияқты салалық жанұяларда әрекет ететін салааралық функциялар;
- жеке алғанда, конституциялық (азамат пен адамның құқықтары мен бостандықтарын бекіту функциясы), қылмыстық (қылмыстық деп танылатын іс-әрекеттерді анықтау және оларды жасағаны үшін жаза белгілеу функциясы) құқықпен байланысты салалық функциялар;
- қылмыстық құқықтағы тыйым салынатын нормалар, еңбек құқығындағы мадақтау нормалары, әкімшілік құқықтағы міндеттеуші нормалар және т.б. нормалар әрекетімен байланысты ерекше бағыты бар құқықтың жеке нормаларының функциялары.

Қарастырылған құқықтың барлық функциялары құқықтық реттеу мен құқықтық ықпалдың көпсатылы үрдісін білдіре отырып, қоғам өмірінде нормативті бастауларды қамтамасыз етеді.

Қоғам күрделі және аса күрделі біртұтас ретінде қоғамдық қатынастардың белгілі бір орталарына жіктеледі. Ұсақтау талдаудан абстракциялана отырып,

басты үш сала немесе жүйені ажыратуға болады: экономикалық, саяси, және тәрбиелік. Құқықтың бұл функциялары әлеуметтік деп аталады.

Ең жалпы түрде құқықтың әлеуметтік функцияларын қоғамдық өмірдің тиісті орталарына кері құқықтық ықпалдың бағыты ретінде анықтауға болады. Осылайша, экономикалық функция экономикалық салаға, саяси функция саяси салаға, тәрбиелік функция рухани салаға құқықтық ықпалды білдіреді.

Тақырып. № 10 **Құқықтың қайнар көздері**

Ж О С П А Р

- 1. Құқықтың қайнар көздері (нысаны) түсінігі және түрлері**
- 2. Заңдардың түсінігі, түрлері және белгілер**

1. Құқықтың қайнар көздері (нысаны) түсінігі және түрлері

Позитивтік құқықтың өзіне тән белгісі болып оның формальды сипаты табылады. Оны құрайтын нормалар заңдарда немесе мемлекетпен танылатын басқа да қайнар көздерде көрініс тапқан жағдайда заңды, жалпыға міндетті болып танылуы мүмкін.

Құқықтың қайнар көздері – бұл құқық нормаларының бекітілу және көрініс табуының мемлекет шығарған немесе ол таныған ресми-құжаттық нысандары, оларға заңды, жалпыға міндетті мағына беру.

Құқықтың қайнар көздеріне ресми сипат тән, оларды мемлекет таниды; бұлар ондағы нормаларды мемлекеттің қолдауын қамтамасыз етеді. Құқықтың қайнар көздеріне ресми сипат екі жолмен беріледі:

- 1) құқықшығармашылық жолы арқылы; бұл жағдайда нормативтік құжаттарды құзіретті мемлекеттік органдар қабылдайды, яғни, тікелей мемлекет шығарады.
- 2) санкциялау жолы арқылы; бұл жағдайда мемлекеттік органдар белгілі бір түрде әлеуметтік нормаларды (әдет-ғұрып, корпоративтік нормалар) қолдап, оларға заңды күш береді.

Құқықтың қайнар көздерінің түрлері:

1. Нормативтік заң актілері – бұл құзіретті мемлекеттік орган қабылдайтын, құқық нормаларынан құралған және белгілі бір қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған ресми құжаттар. Оларға Конституция, заңдар мен заңға сәйкес актілер жатады.

2. Санкцияланған әдет нормалары – бұл адамдардың санасынан орын алған және көп рет қолданылуының нәтижесінде әдетке айналған, тарихи қалыптасқан жүріс-тұрыс ережелеріне мемлекеттің жалпыға міндетті мән беріп, оларды орындауды өзінің мәжбүрлеу күші арқылы кепілдеуі. Әдет-ғұрып нормаларына заңды мағына беретін мемлекет санкциясы екі түрлі жолмен беріледі: а) нормативтік актілерде әдет нормаларына сілтеме жасау арқылы;

ә) оларды сот шешімдерінде және басқа да мемлекеттік органдар актілерінде іс жүзінде тану арқылы.

3. Заңды прецедент – бұл ұқсас істерді шешуде басшылыққа алынатын және жалпыға міндетті заңды мағынаны иеленетін нақты бір заңды істі шешудегі соттық немесе әкімшілік шешім.

4. Нормативтік шарт – бұл екі немесе одан да көп субъектілердің жалпыға міндетті заң нормаларынан құралған келісімі.

5. Құқықтың жалпы қағидалары – бұл құқықтық жүйенің негізгі бастамалары. Мысалы, заңнамалық норма, міндетті прецедент немесе әдет нормасы болмаған жағдайда заңгерлер әділеттілік, ар-ождан, құқықтың әлеуметтік бағыттылық қағидаларына негізделуі мүмкін (Грецияның, Испанияның, Ауғанстанның Азаматтық кодекстері).

6. Діни мәтіндер – бұлар, әсіресе, мұсылмандық құқыққа тән. Ең алдымен, бұл Құран мен Сүннет. Құран – бұл Алланың сөздері, өсиеттері және ақылдарының жиынтығы түріндегі қасиетті кітап; Сүннет – бұл Мұхаммед Пайғамбардың өмірін сипаттайтын жинақ.

Нормативтік заңды актілер – бұл құзіретті мемлекеттік орган қабылдайтын, құқық нормаларынан құралған және белгілі бір қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған ресми құжаттар. Нормативтік актілерді нормашығарушылық құзіретке ие органдар қатаң анықталған тәртіп бойынша қабылдайды. Заңды күшіне қарай барлық заң актілері екі топқа бөлінеді: заңдар мен заң актілері.

Заң – бұл заң шығарушы билік органы немесе референдум арқылы ерекше тәртіпте қабылданған, халықтың еркін білдіретін, жоғары заң күшіне ие және маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік акт.

Заңға сәйкес актілер – бұл заң нормаларынан құралған, заңдардың негізінде және оларды орындау мақсатында қабылданған актілер. Оларға мыналар жатады:

- 1) Президенттің құзіреті шегінде қабылданған жарлықтар мен өкімдер;
- 2) Парламенттің құзіреті шегінде қабылданған қаулылар мен өкімдер;
- 3) мемлекеттік аумақтық және жергілікті органдардың (өкілдік органдар мен әкімшілік органдар) актілері – мемлекеттік билік пен басқарудың аумақтық органдары немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдары қабылдайды және осы аумақта өмір сүріп жатқан барлық тұлғаларға таралады;
- 4) ведомстволық актілер – белгілі бір органның құзіреті шегінде қабылданады және осы ұжымның мүшелеріне ғана таралады.

Заң – бұл заң шығарушы билік органы немесе референдум арқылы ерекше тәртіпте қабылданған, халықтың еркін білдіретін, жоғары заң күшіне ие және маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік акт.

Заңның белгілері:

1. Заң – бұл құқықтық жүйеге заң нормаларын енгізуге, оларды жоюға немесе өзгертуге байланысты құқықшығармашылық әрекеттер бекітілген заң актісі.
2. Заң – бұл мемлекеттік биліктің қатаң анықталған жоғары органдарының актісі.

3. Заң жоғары заң күшіне ие. Бұл мынаны білдіреді: а) қалған барлық құқықтық актілер заңдарға негізделуі және оларға қарама-қайшы болмауы тиіс. Кез-келген басқа акт заңға қайшы келген жағдайда басымдылық соңғысына беріледі; ә) заңды кез-келген басқа орган бекіте алмайды; б) оны қабылдаған органнан басқа ешкім заңды өзгерте немесе оның күшін жоя алмайды.

4. Заң – бұл құқықтық жүйеде бұрын болмаған және қоғамдық өмірдің маңызды мәселелеріне байланысты міндетті нормалардан құралған нормативтік акт.

Заңның түрлері:

1) Конституция – бұл басқарудың және мемлекеттік құрылымның нысанын, сот әділдігі жүйесін анықтайтын, конституциялық құрылымды, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бекітетін негізгі саяси-құқықтық акт;

2) конституциялық заңдар – Конституциямен көзделген және онымен байланысты мәселелерге қатысты қабылданады;

3) жай заңдар – бұл қоғамдық өмірдің экономикалық, саяси, әлеуметтік, рухани жақтарына арналған ағымдағы заңнама актілері.

Нормативтік актілер әрекет етудің уақыттық, кеңістіктік және субъектілік шектеріне ие:

1. Нормативтік актілердің уақыттағы күші олардың күшіне енген сәтінен бастап күшін жоғалтқан сәтіне дейін таралады. Актілер не оларды қабылдаған сәттен бастап, не нормативтік актінің өзінде немесе оның күшіне енуі туралы арнайы актіде көрсетілген уақыттан бастап, немесе оларды жариялаған сәттен бастап белгілі бір мерзім өткеннен кейін күшіне енеді. Актілер оларды қабылдауда көрсетілген әрекет ету уақыты өткеннен кейін, не олардың орнына жаңа акт қабылданған жағдайда, не нақты бір органның осы актінің күшін жою туралы тікелей нұсқауы негізінде өз күш-терін жояды.

Нормативтік актілердің уақыттағы күшіне байланысты жалпы ережелердің ішінде екі ерекше ереже бар:

а) заңның кері күші – жаңадан қабылданған нормативтік актінің өз күшін бұл акт заңды күшіне енгенге дейінгі қатынастарға таратуы. Жалпы ереже бойынша, заңның кері күші болмайды, алайда, заңның кері күшті иеленуі екі жағдайда мүмкін: егер заңның өзінде бұл аталып өтсе немесе заң жауапкершілікті жеңілдетсе немесе жойса;

ә) жаңа заңдағы арнайы көрсету бойынша өз күшін жойған заңның жекелеген мәселелерге қатысты күшін сақтап қалуы.

2. Нормативтік актілердің кеңістіктегі күші олар таралатын аумақпен анықталады. Мемлекеттің аумағы ретінде мемлекеттік шекаралар ішіндегі оның құрғақ және су кеңістігі, олардың үстіндегі ауа кеңістігі, жер қойнаулары, сонымен қатар, шетелдердегі елшілік өкілдіктердің аумақтары, ашық теңіздегі әскери және сауда кемелері, мемлекеттің аумағынан тыс жерлерде ұшып жүрген ұшақтар танылады. Бұл мәселені қарастыру кезінде мынаны ескерген жөн: заңның белгілі бір кеңістікке немесе тұлғаларға таралмау тәртібі эксаумақтық деп аталады.

3. Заңның тұлғалар шеңбері бойынша күші нормативтік талап-тардың белгілі бір актінің әрекет ету аумағындағы барлық тұлғаларға таралуын білдіреді. Алайда, бұл ережеден де ауытқушылықтар бар:

а) мемлекеттер мен үкіметтердің басшылары, елшілік және консулдық өкілдіктердің қызметкерлері эксаумақтық құқығына ие және оларға қылмыстық заңнаманы және әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы заңнаманы бұзғандығы үшін жауапкершілік және мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары қолданылмайды;

ә) кейбір нормативтік актілер, мысалы, қылмыстық жауапкершілікті көздейтін актілер, азаматтарға, олардың қай жерде жүргеніне және олардың шетелдік заңнама нормаларына сәйкес жазаны өтегеніне қарамастан, таралады;

б) мемлекет аумағында өмір сүруші шетелдік тұлғалар мен азаматтығы жоқ тұлғалар құқықтар мен міндеттердің кең шеңберін пайдаланатынына қарамастан, кейбір жағдайларда құқықтар мен міндеттерді иелене алмайды. Мысалы, олар қарулы күштер қатарында борышын өтемейді, мемлекеттік билік органдарына сайлана алмайды және сайлауға қатыса алмайды.

Қоғамдағы құқықтың ең күрделі негізін құрайтын нормативті-құқықтық актілер. Бұл жүйеге қоғамдағы қатынастарды реттеп-басқарып отыратын нормативтік актілердің басыым көпшілігі кіреді. Құқықтың басқа негіздері (әдет-ғұрып, мораль, діни т.б. нормалар) жалпы мемлекеттік қатынастарды реттеп, басқара алмайды, тек нормативтік актілерге қосымша күш ретінде жұмыс атқарады.

Нормативтік актілер қоғамның, жеке адамдардың мүдде-мақсатын іске асыратын экономикалық, саяси, әлеуметтік; Ұлттық, халықаралық қатынастарды реттеп, басқарады.

Дүние жүзінің заң ғылымы құқықтың негіздерін құқықтық нормалардың мазмұнымен тығыз байланыста реттеп, дамытады. Адам қоғамының тарихи диалектикалық процесінде нормативтік актілер бірте-бірте, эволюциялық жолмен құқықтың ең күрделі, ең шешуші негізіне айналады. Көне дәуірде нормативтік актілер тек мемлекеттік қатынастарды реттеп, басқарып отырды. Қоғамның басқа салаларындағы қатынастарды әлеуметтік реттеп-басқарып отырды. Кейін нормативтік актілер сол салалардағы қатынастарды бірте-бірте өзі реттеп, басқаруға көшті. Қазіргі кезде әлемдегі барлық мемлекеттерде құқықтық нормалар қатынастарды реттеп, басқарудың басым түріне айналып отыр.

Өйткені қоғамда мемлекеттік билікті іске асыруда, демократияны дамытуда, құқықтық мемлекетті қалыптастыруда нормативтік актілер ең шешуші рөл атқарады.

Нормативтік-құқықтық актілердің мазмұнының сипаттамасы:

- 1) Бұл актілерді мемлекеттің билік өкілеттігі бар органдары қабылдайды. Қабылдаудың заңды тәртібі болады. Оны орындау міндетті.
- 2) Бұл процессті мемлекеттің егемендігі іске асып отырады. Оның маңыздылығын қабылданған нормативтік актілерден көруге болады.
- 3) Нормативтік актілердің мазмұны құқықтық нормалармен сәйкес, дәлме-дәл болуға тиісті. Өйткені мемлекеттік органдар «акті» - деген атпен әртүрлі мағынада құжаттар шығарып жатады.
- 4) Нормативтік актілер заңды бөлу үшін міндетті түрде тиісті нысанында шығарылады. Онда барлық реквизиттері көрсетілуі қажет.

Нормативтік актілердің өмірге келуі, дамуы, өзгеруі, жаңаруы объективтік процесс. Оның негізгі себептері: қоғамның экономикасының өзгеруі, соған сәйкес қоғамның саяси, әлеуметтік, мәдени, таптық мүдде-мақсаттарының өзгеруі.

Бұл объективтік өзгерістер өмірге субъективтік өзгерістерді қалыптастырады:

- мемлекеттік билік дамып, жаңарады;
- мемлекет пен құқықтың функциялары өзгеріп, нормативтік актілерді дамытады;
- құқықтық қатынастар прогрестік өзгерісте болады;
- рухани сана - сезім, білім дамиды.

Қоғамдағы осы объективтік және субъективтік өзгерістерді басқару үшін нормативтік актілер үнемі үзіліссіз даму процесінде болады. Бұл процесстің сапалы дамуын қамтамасыз ету үшін :

- құқықтық шығармашылықтың сапасын жақсарту;
- лауазымды тұлғалардың кәсіпқойлығын, білімін, тәжірибесін көтеру;
- мемлекеттік органдардың қызметінің сапасын жақсарту.

Сонымен, нормативтік – құқықтық актілер – ресми заңды нормативті мемлекеттік күші бар нормалар.

Нормативті актілер мемлекеттік билікті, саясатты орындайтын, қоғамның, халықтық мүдде-мақсатын іс жүзіне асыратын ең сенімді, шешуші құралы. Оның құқықтың басқа негіздерінен ерекшелік белгі-нышандары:

- нормативтік актілер мемлекеттің өкілетті органдарының бекіткен немесе жалпы халықтық референдумда қабылданған нормалар;
- нормативтік актілердің мемлекеттік күші бар құжаттар, ерікті орындалмаса оны еріксіз орындату мемлекеттік органның міндеті;
- нормативтік актілер ресми түрде: заң, қаулы, жарлық, ереже т.б. түрде шығады, олардың заңды нысандары болады;
- нормативтік актілер жалпы қоғамдық, күрделі қатынастарды реттеп-басқарады.

Нормативтік актілердің түрлері:

- заңды күшіне қарай нормативтік актілер екі топқа бөлінеді:
- заңдар және заңға тәуелді нормалар. Мемлекеттің дәрежесі жоғарылаған сайын нормативтік актілердің де заңды күші жоғарылай береді.
- нормативтік актілердің мазмұнына қарай бірнеше түрге бөлінеді: өндірістік, шаруашылық, әлеуметтік, мәдени т.б. қоғамның салаларына сәйкес;
- нормативтік актілердің іс-әрекетінің шеңберіне қарай үш түрі болады: қоғамдық іс –әрекеттер, шектеулі іс-әрекеттер, төтенше іс-әрекеттер;
- субъектілеріне қарай (нормаларды қабылдаған мемлекеттік органдар) нормативтік актілер үш топқа бөлінеді: заңды шығарушы органдардың актісі; заңды орындайтын органдардың актілері, сот жүйесінің актілері.

ҚР нормативтік актілері.

Қазақстан тәуелсіздікке қолы жетіп, егеменді мемлекет құру кезінде құқықтың даму процесі басталды, аяқталмаған жағдайда нормативтік актілердің дамуын жан-жақты зерттеп жақсы түсінуге мүмкіншілік бар.

Өткен тақырыптарда көрсетілгендей құқық пен мемлекет қоғамның экономикалық, әлеуметтік даму процесін, жеке және заңды тұлғалардың қарым-қатынастарын реттеп, басқару үшін өмірге келді. Бұл объективтік процесс. Сондықтан құқықтың қоғамда қалыптасуы үш бағытта дамиды. Қазақстан Республикасының құқығы да осы үш бағытта дамуда:

- қоғамда өмірге келіп, қалыптасқан қатынастарды реттеп, басқару үшін құқықтық нормалар қабылданып, қызмет жасауда;
- қоғамның объективтік даму процесінің болашағын болжап, оларды басқару үшін алдын-ала нормативтік актілерді дайындау;
- қоғамның өткен дәуірін ғылыми тұрғыдан зерттеп заңды тәжірибелік қортындылар жасап, құқықтық нормалардың сапасын жақсарту.

Құқықтық нормалар қоғамның экономикалық-әлеуметтік қажеттіліктері арқылы өмірге келіп құқықты қалыптастырды. Құқық тек қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму процесін басқарумен шектелмейді. Сонымен бірге адамдардың және заңды тұлғалардың қарым-қатынастарында реттеп, басқарып отырады.

Осы процесте халықтың, ұйымдардың қоғамның дамуы қажеттілігін, тілектерін жақсы дұрыс түсінуін – *объективтік құқық дейді*. Ал сол объективтік процесті нормативтік актілер арқылы басқаруды – *субъективтік құқық дейді*.

Бұл екі процестің арасында тығыз байланыс, бір-біріне тәуелділік, іс-әрекетінде бірлестік болады. Бұларсыз объективтік және субъективтік процесс дұрыс, жақсы дамымайды. Сондықтан мемлекет бұл процестің біржақты дамуына жол бермеуге тиіс.

Субъективтік құқықтың белгі-нышандары:

- субъектілердің құқықтарының заңды түрде болуы;
- ол құқықтарды іске асыруға, пайдалануға мүмкіншіліктің болуы;
- субъектілердің бостандығы, құқықтарының дұрыс дамуы мемлекеттің бақылауында, қорғауында болады.

Қазақстан мемлекетінің құқығының объективтік және субъективтік қалыптасу жолдары осындай. Бұл жолмен әлемдегі барлық мемлекеттер де өтті. Құқықтың даму негіздері де, нысаны да ұқсас деуге болады. Тек аздап ерекшеліктері бар. Мысалы, біздің Қазақстан мемлекетіміздің құқығының даму процесінде діни нормалардың тәжірибесін және прецеденттік нормаларды өте аз пайдаланады. Дамыған елдердің демократияны дамыту тәжірибелерін өте кең пайдаланамыз.

Қазақстан Республикасының құқық нысандарының түрлері:

- құқықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүр;
- құқықтық прецедент;
- нормативтік шарттар;
- нормативтік құқықтық актілер.

Қазақстан мемлекетінің нормативтік актілерінің түрлері, жүйелері Конституциямызда толығымен көрсетілген. Мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер, саяси партиялар, еңбек ұжымдары өздерінің күзіреттеріне, өкілеттілігіне сәйкес нормативтік актілер шығарады. Олар Конституцияға нұқсан келтірмеуге міндетті. Конституцияның талаптарының

дұрыс орындалуын Президенттің аппараты мен Конституциялық кеңес бақылап отырады.

Республика Конституциясында көрсетілген жағдайда Президент заң күші бар және жай жарлықтар шығарады. Республика Президентінің жарлықтары Конституция мен Республика заңдарының негізінде және оларды орындау үшін шығарылады. Республика Президентінің жарлығымен:

1.Республика Президентінің актісін шығаруды талап ететін Президенттің конституциялық өкілеттігі жүзеге асырылады.

2.Конституцияда және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілік заңдарында белгіленген мемлекеттік биліктің барлық тармағының үйлесімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелері шешіледі.

3.Парламенттің заңды міндеттеріне кірмейтін, сондай-ақ Үкімет пен басқа да мемлекеттік органдардың заңда көрсетілген міндеттеріне жатпайтын мәселелерді құқықтық жүйелендіру жүзеге асырылады.

4.Республиканың экономикалық және саяси-әлеуметтік дамуы жөніндегі стратегиялық мәселелер бойынша шешімдер қабылданады.

Республика парламентінің актілері: Парламент Республиканың барлық аумағында міндетті күші бар Республиканың заңдарын, оның ішінде Парламенттің Конституциялық және заңдарды қолдануды енгізу мәселелері жөніндегі Парламенттің нормативтік қаулылары түрінде заң актілерін қабылдайды. Парламент өз құзыретіндегі мәселелер бойынша, сондай-ақ дара сипатты қаулылар қабылдайды.

Парламент пен Палаталар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша үндеулер, декларациялар, мәлімдемелер және заңдық сипаты болмайтын өзге де актілер қабылдауға хақылы. Парламент заң актілерін және басқадай актілерді палаталар бірлескен отырыстарында қабылдаған кезде дауыс беру Палаталар бойынша бөлек жүргізіледі.

Үкімет актілері – заңдардың және Республика Президенті актілерінің негізінде және соларды орындау үшін шығарылатын Үкіметтің нормативтік актілері және жеке қаулылары. Үкімет актілері алқалық отырыстарда дауыс беру арқылы қабылданады, оған Премьер-Министр қол қояды. Премьер-Министр өз құзыреті бойынша жеке өкімдер шығарады. Үкімет қаулыларының және Премьер-Министр өкімдерінің Республиканың бүкіл аумақтарында міндетті күші болады. Үкімет қаулыларының күшін Республика Президенті мен Үкіметтің өзі, ал Премьер-министрдің өкімдерінің күшін Республика Президенті немесе Премьер-Министр жоя алады.

Жоғарғы сот актілері – Республика сот билігінің жоғарғы органдарының заңдық нысанда еркін білдіруі. Бұл Жоғарғы Соттың Президиумы, Пленумдары мен Төралқасының қаулылары мен өзге де актілері. Сот практикасының мәселелері бойынша соттарға түсінік беретін нормативтік актілерді Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Пленумының қабылдауға қақысы бар.

Министрлік-ведомствалар өз құзыреті бойынша бұйрық, нұсқау береді. Өздерінің жүйесінде бұл актілердің заң күші болады. Олардың орындалуын өздері бақылап отырады.

Жергілікті мемлекеттік басқару органдарының актілері — Кеңестер, Мәслихаттар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша шешімдер, ал әкімдер — тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің аумағында орындалуға міндетті шешімдер мен өкімдер қабылдайды. Конституцияға сәйкес мәслихаттардың жергілікті бюджет кірісін қысқартуды немесе шығысын ұлғайтуды көздейтін шешімдерінің жобалары әкімнің оң қортындысы болған кезде ғана қарауға енгізілуі мүмкін.

Парламенттік Республика. Заң жүзінде жоғарғы өкімет органы парламент, сайлауда жеңіп шыққан саяси партия өкілдерінен Үкімет құрылады. Үкімет өз жұмысы жөнінен парламентке бағынышты және оның алдында есеп береді. Парламент конституциялық, төтенше тағы басқа заңдарды қабылдайды, бекітеді, қаулылар қабылдайды, шығарады.

Мемлекеттің басқа органдарының (президенттің, үкіметтің, премьер-министрдің, сот органдарының, жергілікті басқару органдарының т.б.) нормативтік актілер шығару, қабылдау, бекіту құзыреттері Президенттік Республикадан көп айырмашылығы жоқ. Қазақстан 1993ж. Конституция бойынша Парламенттік Республика, 1995ж. екінші Конституцияға сәйкес — Президенттік Республика болды.

2. Заңдардың түсінігі, түрлері және белгілері

Заң — қазіргі заманда мемлекеттің ең жоғарғы нормативтік актісі. Ол қоғамдағы ең күрделі, маңызды мәселелерді, қатынастарды қамтиды. Заң қоғамдағы барлық нормалардың «Атасы» - деуге болады. Заңның белгі-нышандары:

- заң парламентте немесе халықтық референдумда қабылданады;
- заң күрделі, маңызды мәселелер бойынша қабылданады;
- заң арнаулы процедура арқылы қабылданады (ол төрт-бес кезеңнен өтуге тиісті) ;
- заңды ешқандай орган тексере, өзгерте алмайды;
- заң қоғамдағы нормалардың кіндігі, атасы.

Заңның үстемдігі арқылы қоғамдағы заңдылық, тәртіп қамтамасыз етіледі. Заң арқылы қоғамның мүдде-мақсаты, мемлекеттік билік, саясат іс жүзіне асады. Заң арқылы адамдардың бостандығы мен құқықтары, демократияның басқада талаптары қалыптасады.

Қазақстан мемлекетінің Парламенті заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғарғы өкілді органы (49-б. 1-т.). Парламент аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін заңдарды шығаруға хақылы.

Заңға тәуелді актілер — бұл актілер төрт түрге бөлінеді: жалпы қоғамдық, жергілікті, ведомстволық және мекемелік актілер. Жалпы қоғамдық актілер — мемлекеттік әкімшілік —территориясына толық заңды күші бар актілер (Президенттің жарлықтары, үкіметтің қаулылары). Жергілікті басқару органының актілері — мәслихаттың шешімдері, әкімдердің бұйрықтары. Ведомстволық актілер министрліктердің бұйрықтары, шешімдері,

инструкциялары. Мекемелердің өз аппаратының ішкі тәртібін реттейтін актілер.

Сот билігінің актілері – Конституцияның 75-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Сот билігі азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыруға арналған. Сот билігі Республикамыздың нормативтік актілерінің және халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады. Сот билігі сот ісін жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады. Соттың шешімдері, үкімдері, өзге қаулылары сондай – ақ олардың заңды өкімдері, талаптары, тапсырмалары мен басқа өтініштері Республиканың бүкіл аумағында барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

Сот төрелігінің қағидалары:

- Адамдардың кінәлі екендігін сот үкімімен танылғанша ол қылмыскер емес деп есептеледі;
- бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды;
- айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес;
- адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыптаушының пайдасына қарастырылады.
- заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды.
- Қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді (конституцияның 77-бабы).

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты – жалпы юрисдикция соттарының қарауына жататын азаматтық, қылмыстық және басқа істер жөніндегі мемлекеттегі сот билігінің жоғарғы органы. Заңда көзделген іс жүргізу нысандарында олардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады, сот тәжірибесінің мәселелері бойынша түсініктемелер беріп отырады (прецеденттік түсінік береді).

Конституциялық бақылау Қазақстан Республикасында Конституциялық Кеңестің құзыретінде. Ол маңызды демократиялық институттың бірі болып саналады, Конституцияның үстінен қарауды және оның тікелей ықпалын қамтамасыз етуді, азаматтардың жоғарғы деңгейдегі құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, биліктің бөлісу қағидаларын орындауды т.б. жауапты қызметтерді атқарады.

Қоғамның объективтік даму процесіне сәйкес нормативтік актілер сан жағынан да, сапа жағынан да күрделі дамып, кейбір нормалардың бір-біріне қайшы келуі де, немесе қайталануы да, кемшіліктері де молаяды. Осы сан алуан нормативтік актілерден өздеріне керектерін тауып алып, пайдалану, жеке және заңды тұлғаларға өте қиын мәселе. Сондықтан, мемлекет қабылдаған нормативтік актілер жіктеліп, топтастырылып отырылады, оның әртүрлі әдіс-тәсілдері болады:

- 1) Ең күрделі түрі: инкорпорация, кодификация, консолидация:

Инкорпорация – нормалардың мазмұнын өзгертпей сала-салаға бөліп, алфавит бойынша, норманың шыққан уақытына сәйкес жүйеге келтіру.

Сол арқылы нормативтік актілердің жинақтарын шығару. Инкорпорацияның түрлері:

- ресми инкорпорация – мемлекеттік органның жасаған жинағы. Бұл жинаққа сілтеме жасауға болады;

- бейресми инкорпорация – жеке және заңды тұлғалардың жасаған жинақтары, оған сілтеме жасауға болмайды;

- хронологиялық инкорпорация – норманың қабылданған уақыттарына сәйкес жүйеге келтіру;

- жүйелік инкорпорация – құқықтың жүйесіне немесе қатынастардың жүйесіне сәйкес нормаларды жинақтау; Бұл маңызды жинақ деуге болады.

Оның ішіндегі ең күрделісі - заңдардың жинағы (свод законов). Бас жинақтардан заң жинағының ерекшеліктері:

- 1) Жинақ заң шығарушы органның нұсқауымен жасалып, парламентте бекітіледі.

- 2) Жинақтың жасалу процесінде ескірген нормалар алынып, кемшіліктері болса толықтырылып, жетіспейтін жерлері болса жаңа нормалар қабылданып қоғамдағы құқық толығымен жаңарып шығады.

- 3) Жинаққа қоғамдағы ескірмеген, заңды күші бар нормативтік актілердің барлығы кіргізіліп, мемлекеттің ең негізгі заңды жинағына айналады.

Мұндай тәжірибе – заңдар жинағын жасау мемлекеттердің көпшілігінде кездеседі. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы хронологиялық және жүйелік жинақтар жасау үшін барлық нормативтік актілерді сала-салаға топтастырып, реттеп, тізім жасап жатыр.

Сонымен, инкорпорация арқылы нормативтік актілер тек сырттай реквизиттеріне сәйкес жинақталады. Олардың ішкі мазмұнына инкорпорация тиіспейді, кемшіліктерін жоя алмайды.

Нормативтік актілердің ішкі құрылысындағы кемшіліктерді, олқылықтарды, қайталауды жою жолы, оларды біріктіріп, бір күрделі нормативтік актіге айналдыру қажет. Бұл жолды консолидация деп атайды.

Консолидация өзінің құрамына кірген барлық нормалардың орнындағы біріккен бір акті болып саналады. Оның өзінің жаңа ресми реквизиттері болады: актінің аты, шығарған мекеменің аты, уақыты номері, орны. Бұл нормативтік акт құқық шығармашылықтың бір түрі деуге болады.

Консолидация процесінде нормативтік актілердің қоғамдағы қатынастарды реттеп- басқару мазмұнына тиіспейді, тек нормалардағы қайталауды, олқылықты, кемшілікті түзетіп жүйеге келтіру. Консолидацияның өзіне тән ерекшеліктері:

- 1) Консолидация процесін жүргізетін заң билігінің органдары.

Сондықтан, консолидация заң шығармашылығының бір түрі.

- 2) Консолидацияда біріктірілген нормативтік актілердің заңды күштері жойылады. Оның орнына біріккен нормативтік актінің заңды күші келеді.

Қазіргі заманда нормативтік актілерді консолидация арқылы жүйелеу процесі мемлекеттердің көпшілігінде өте кең пайдаланады. Біздің Қазақстан мемлекетімізде осы бағытта нәтижелі жұмыстар жүргізілуде.

Кодификация – нормалардың мазмұнының ұқсастығына қарай жіктеп, ғылыми тұрғыдан салаға, тарауға, тақырыпқа, баптарға бөліп, құқықтық нормалардың қолдануын жеңілдету. Бұл процесте нормативтік актілер өте күрделі жаңа заң шығармашылық көзқарастан өтіп парламентте бекітіледі.

Нормативтік актілерді кодификациялау процесінде олардың мазмұны өзгеріп, ескірген нормалар алынып, қайталануы жойылып, олқылықтары толықтырылып жаңа мүдде – мақсатқа сәйкес жаңарып бір салада біртұтас кодекс болып шығады. Кодекстің ішкі құрылымы өте күрделі: тараулар, бөлімдер, баптар. Бірақ, олардың арақатынасы тұрақты, ықшамды, ғылыми байланысты, қолдануға, пайдалануға ыңғайлы. Құқықтық нормаларлы іске асыруға, дұрыс, уақытында орындауға маңызы өте зор.

Сонымен, кодификацияның өзіне тән ерекшеліктері:

1) Нормативтік актілердің жүйелеу процесінде мазмұнының өзгеруі, барлық кемшіліктерінің жойылуы, жаңарып құқықтың салаларына сәйкес біртұтас кодекс болып шығуы.

2) Кодекстерді жаңарту, өзгерту тек парламенттің құзіретіндегі – өкілеттігіндегі мәселе.

3) Қоғамдағы құқықтың сапасын жақсартудың ең маңызды, негізгі жолы.

Кодификацияның түрлері: Конституция, Кодекс, ережелер, жарнама, әскери заң, зейнеткерлер заңы, теміржол заңы т.б.

Қазіргі заманда мемлекеттердің басым көпшілігінде кодификация кеңінен қолданылады. Біздің мемлекетімізде де кодификация жақсы дамып келеді.

Қоғамдағы нормативтік актілерді жүйеге келтірудің екінші әдісі - барлық нормативтік актілерді жинақтау, сақтау, бақылау және оларды пайдалану, қолдану жұмыстарын жеңілдету тәсілі.

Нормативтік актілерді жинақтау, сақтау, бақылау мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың, саяси партиялардың, кәсіби одақтың міндеттері. Олар 10-15 жылдар өздерінде сақтап, мемлекеттік архивке тапсыруға тиісті. Мемлекеттік архив ол материалдардың бағалы, керекті құжаттарды, естеліктерді, ғылыми-техникалық, мәдени, білім жетістіктерін мәңгі сақтауға міндетті. Біразын 50-100 жылы өткеннен кейін актілеп жоюға болады.

Қоғамдағы барлық нормаларды білу, олар туралы жедел түсінік беру әр мемлекеттің кезек күттірмейтін міндеті. Бұл істі мемлекет бақылауға алып, қатаң тәртіп орнатып, құқықтық нормаларға жедел түрде түсінік беруді қамтамасыз етіп отырады. Ол үшін мемлекет барлық заңды күші бар нормаларды толық есепке алып, жинақтап отырады.

Мемлекеттің есепке алудың әдіс-тәсілдері:

- кітапшалық есепке алу: алфавит, хронологиялық, сала, жүйелік бойынша;
- картотекалық есепке алу. Норманың, мекеменің аты-жөні, шығарған жері, уақыты, нөмері;
- автоматикалық-механикалық есепке алу: ЭВМ т.б.;

- компьютерлік есепке алу: ең күрделі, ең шапшаң және көпке шыдайтын, сақталатын жүйе.

Тақырып № 11 **Құқық типтері және қазіргі кездегі негізгі құқықтық жүйелер**

Ж О С П А Р

- 1. Құқық типінің түсінігі**
- 2. Қоғамдағы құқықтық жүйе және оның элементтері**
- 3. Қазіргі кездегі негізгі құқықтық жүйелер**

1. Құқық типінің түсінігі

Құқықтың тарихи типі – бұл белгілі бір экономикалық базиске тән барлық құқық жүйелерінің жалпы әлеуметтік сипаттарын көрсететін категория. Формациялық бағытқа сәйкес, базис қоғамдық даумудағы шешуші фактор болып табылады, ол мемлекет пен қоғамның белгілі бір типін қалыптастырады. Экономикалық базистің типтеріне қарай құқықтың құлиеленушілік, феодалдық, буржуазиялық және социалистік типтерін бөліп қарастырады.

Құқықтың тарихи типтері. Құқықтың құлиеленушілік типі – бұл құлиеленушілердің толыққұқылығын және құлдардың құқықсыздығын бекітетін, құлиеленуші таптың еркін білдіретін, құлиеленуші мемлекет қалыптастырған құқықтық нормалардың жүйесі. Бұл құқықтың мазмұны құлиеленуші таптың өмірінің материалдық жағдайларына сәйкес анықталады.

Құқықтың феодалдық типі – бұл бір сословиелердің артық-шылығын және келесі бір сословиелердің кемсітілуін бекітетін, феодалдар табының еркін білдіретін сословиелік-құқықтық нормалардың жүйесі. Бұл құқықтың мазмұны феодалдар табының өмірінің материалдық жағдайларына сәйкес анықталады.

Құқықтың буржуазиялық типі – бұл капиталистердің еркін білдіретін және олардың мүдделеріне жауап беретін, мемлекетпен қалыптастырылған және қорғалатын жалпыға міндетті норма-лардың, жүріс-тұрыс ережелерінің жиынтығы.

Құқықтың социалистік типі – бұл халықтың еркін білдіретін, мемлекетпен қалыптастырылған және қамтамасыз етілетін жалпыға міндетті заң нормаларының жиынтығы.

Қазіргі заманда құқықтың мазмұнын анықтап, түрге жіктеудің екі жолы бар, олар: *формациялық және цивилизациялық.*

Формациялық типология құқықтың қанаушы үстемдік таптың мүдде – мақсатын қорғаудың үш түрі болады деп түсіндіреді:

1. Көне дәуірдегі құқық;
2. Феодалдық құқық;
3. Буржуазиялық құқық.

Құқықтың алғашқы тарихи типі – көне дәуірдегі мемлекеттерінде болған құлиеленушілер құқығы. Оның негізгі ерекшеліктері құлдар адам қатарына саналмаған, толығымен құл иеленушілер табының меншігінде, қожасы мүлік ретінде сатып, айырбастап жіберуге ерікті. Құқық құлиеленушілердің экономикалық, саяси мүддесін, үкіметімен, байлығын қорғайды. Жеке меншікке қол сұғу аяусыз жазаланып отырады.

Құқықтың тарихи екінші типі – феодалдық құқық – оның нормалары үстем тап – помещиктердің мүдделерін заңға айналдырып, үкімет билігімен жер, су, басқа өндіріс құрал – жабдықтарға феодалдық жеке меншікті сақтауға қызмет етті. Феодалдық құқық бойынша қоғам мүшелері үш сославиеге бөлінді: дворяндар, жер иеленуші феодалдар, басы байлар, шаруалар мен қала халқы. Феодалдық құқықта діни ережелер үлкен орын алады.

Буржуазиялық құқық қорғаушы таптар құқығының тарихи үшінші типі. Оның мақсаты – капиталистік қоғамның мемлекеттік құрылысын үстем тап – буржуазияның мүддесін барынша қорғап заң жүзінде іске асырып отырады. Буржуазиялық құқықтың басты өзгеше ерекшеліктері: 1. Ол капиталистік жеке меншікті адамның негізгі және қажетті құқығы деп санайды; 2. Қоғам мүшелері заң алдында тең құқылы деп жариялайды.

Цивилизациялық бағыт – оның негізгі мазмұны құқықтың, мемлекет типтерінің өзгеруіне экономикалық базистің өзгеруі жеткіліксіз дейді. Оған қоса қоғамның мәдени – рухани жүйелері жақсы дамып, олардың сапасының жоғары деңгейде болуы қажет деп түсіндіреді. Цивилизациялық пікір құқықтың типін, түрін анықтаудағы әдіс – тәсілдері формалық көзқарастан басқаша. Әлемдегі елдердің экономикалық даму тұрғысын бес түрге бөледі: үйреншікті жай қоғам, өтпелі кезеңнің қоғамы, даму деңгейі төмен қоғам, дамушы елдер қоғамы, дамыған елдер қоғамы (бұл американдық политолог Уолт Ростау пікірі). Ол дамыған елдердің құқығы мен мемлекеттің бірнеше түрге бөледі: технологиялық, индустриялық, постиндустриялық мемлекеттер мен құқықтар. Цивилизациялық түрі қоғамның дамуын жобалап 5 түрін көрсеткен. Қоғамның бірінші түрі – ауыл шаруашылықтың экономикадағы басты кезеңі. Екінші түрі - өндірістің ептеп өмірге келе бастау. Үшінші түрі - техниканың өндірісте және ауылшаруашылығында қолдана бастауы. Төртінші түрі – техникалық қоғамның барлық саласында қолдану. Бесінші түрі – ғылыми – техникалық прогресс арқылы қоғамның қарқынды түрде дамуы.

Құқықтың хронологиялық типологиясы да болады, көне дәуірдің құқығы, орта ғасыр құқығы, жаңа дәуірдегі құқық, қазіргі замандағы құқық. Олардың өздерінің әдіс – тәсілдері болады. Ол арқылы әр дәуірдегі құқықтың мазмұны мен нысанын, түрлері мен типологиясын анықтап отыруға болады.

Қазіргі замандағы құқық пен мемлекет мазмұны да типологиясы да көп өзгеріске ұшырады. Олардың қанаушылық, таптық мазмұндары бірте – бірте азаюда.

Нарықты экономика жүйесінде қоғамдық қатынастарды реттеуде рыноктың заңдарының маңызы, рөлі күшеюде. Әсіресе, сұраныс пен ұсыныстың бұл процесте маңызды рөл атқаруы.

Либералдық – демократиялық құқық адамдардың өміріне, жұмысына, іс - әрекетіне, бостандығына араласпауға, кіріспеуге қатаң мемлекеттік саясатқа айналдырып отыр.

Типология – заңдарды немесе құбылыстарды қандай да болмасын бір белгілерінің ортақтылығына, ұқсастығына қарай жіктеу.

2. Қоғамдағы құқықтық жүйе және оның элементтері

Құқық жүйесі – бұл құқықтың өзінің құрылымы, оның салаларға, институттарға бөлінуі. Құқықтың жүйелік құрылымы оның белгілі бір байланыстағы көптеген элементтерден құралған біртұтас құрылым екендігін білдіреді.

Құқық жүйесінің негізгі сипаттары:

- 1) оның алғашқы элементі болып құқық нормалары табылады, олар, өз кезегінде, біріге отырып, ірі құрылымдарды – институттарды, салаларды құрайды;
- 2) оның элементтері бір-біріне қайшы келмейді, іштей үйлес-кен, тығыз байланыстылыққа ие; бұл құқық жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етеді;
- 3) ол әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұлттық, діни, мәдени, тарихи факторлармен тығыз байланысты;
- 4) ол объективтік сипатқа ие, себебі, объективтік сипаттағы қатынастарға тәуелді және адамдардың субъективтік қалауы бойынша қалыптасуы мүмкін емес.

2. Құқықтық реттеу пәні мен әдісі құқық нормаларын салаларға бөлу негіздері ретінде. Құқық нормаларын салаларға бөлу үшін екі негізді басшылыққа алады: құқықтық реттеу пәні мен әдісін.

Құқықтық реттеу пәні – бұл құқық реттейтін қоғамдық қатынастар. Ол басты негіз болып табылады, себебі, қоғамдық қатынастар объективтік түрде қалыптасады және олардың белгілі бір сипаты сәйкес құқықтық нысандарды талап етеді. Мысалы, еңбек қатынастары еңбек құқығының, ал отбасы қатынастары отбасы- неке құқығының реттеу пәні болып табылады.

Қосымша негіз болып құқықтық реттеу әдісі табылады. Егер пән құқықтың нені реттейтініне жауап берсе, әдіс оның қалай реттейтінін көрсетеді.

Құқықтық реттеу әдісі – бұл олардың көмегімен біртектес қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу жүзеге асырылатын заңды құралдардың жиынтығы. Құқықтық реттеудің төмендегідей негізгі әдістері болады:

- 1) императивтік – бұл тыйымдарға, міндеттерге, жазаларға негізделген биліктік ережелер, субординация әдісі;

- 2) диспозитивтік – рұқсат етуге негізделген, тараптардың теңқұқылығы, координация әдісі;
- 3) марапаттаушы – белгілі бір жақсы жүріс-тұрыс үшін марапаттау әдісі;
- 4) ұсынушылық – мемлекет пен қоғам үшін тиімді жүріс-тұрысты жүзеге асыруға кеңес беру әдісі;

3. Құқық саласы – бұл белгілі бір қоғамдық қатынастар түрін (саласын) реттейтін заң нормаларының жиынтығы.

Құқық саласының белгілері;

- әрбір саланың өз пәні болады;
- әрбір саланың өз заңнамасы, яғни, дербес кодекстері болады;
- құқық субъектілерінің құқықтық жағдайын реттейтін, құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру тәсілдерін және құқықтық нормаларды жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік-құқықтық шараларды орнықтыратын ерекше заңды режимі болады.

Құқық салаларының түрлері:

1) негізгі салалар; бұлар басты құқықтық режимдерді қамтиды, жалпы алғанда, құқық салаларының жүйесінің ең басында конституциялық құқық, одан кейін материалдық құқықтар – азаматтық, қылмыстық, әкімшілік құқықтар және оларға сәйкес іс жүргізушілік салалар – азаматтық іс жүргізушілік, қылмыстық іс жүргізушілік және әкімшілік іс жүргізушілік құқықтары орналасқан;

2) арнайы салалар; бұларда құқықтық режимдер қоғамның ерекше сфераларына бағытталған: еңбек құқығы, жер құқығы, қаржылық құқық, әлеуметтік қамтамасыз ету құқығы, отбасы құқығы, түзеу-еңбек құқығы;

3) кешенді салалар; бұларға негізгі және арнайы салалардың әртүрлі институттарының бірігуі тән: шаруашылық құқық, аграрлық құқық, экологиялық құқық, сауда құқығы, прокурорлық қадағалау, теңіз құқығы.

4. Құқық институты – бұл қоғамдық қатынастардың белгілі бір түрін (тобын) реттейтін заң нормаларының жиынтығы. Құқық институты – заң нормаларының құқық саласына қарағанда аз жиынтығы. Әрбір құқық саласында бірқатар институттар болады. Мысалы, еңбек құқығында – еңбек тәртібі институты, жалақы институты, азаматтық құқықта – ескіру мерзімі институты, өкілдік институты және т.б.

Белгілі бір нормалар жиынтығының нақты бір құқықтық институтты қалыптастыруының заңды негізі болып үш белгі табылады: 1) құқықтық нормалардың заңды теңдігі; 2) қоғамдық қатынастарды реттеудің толықтығы; 3) құқықтық институтты құраушы нормалардың заңдар мен басқа да нормативтік-құқықтық актілердің тарауларында, бөлімдерінде және басқа да құрылымдық бірліктерінде жинақталуы.

3. Қазіргі кездегі негізгі құқықтық жүйелер

Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметтері бойынша осы бүгінгі күнде Жер ғаламшарында 230 – ға тарта мемлекет бар көрінеді. Алуан түрлі мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды зерттеу-зерделеу үшін заң ғылымында құқықтық жүйе ұғымы қолданылады.

Құқықтық жүйе – нақты мемлекеттің тұтастай алынған құқықтық болмысының бәрі. Құқықтық жүйе ұғымына құқықтық құбылыстардың мол тобы – нормативтік, ұйымдық, мәдени-әлеуметтік аспектілер, құқық феноменінің жақтары кіреді.

Құқықтық жүйенің құрылымы құқықтық құбылыстардың 3 топтамасынан тұрады:

- а) заң нормалары, қағидаттар, институттары (нормативтік жағы);
- б) құқықтық мекемелердің жиынтығы (ұйымдастыру жағы);
- в) осы қоғамның өзіне тән құқықтық көзқарастардың түсініктердің, идеялардың жиынтығы, құқықтық мәдениет (идеологиялық жағы).

Әрбір мемлекеттің құқықтық жүйесі қоғам дамуының заңдылықтарын, оның тарихи, ұлттық, мәдени ерекшеліктерін бейнелейді. Әрбір мемлекеттің өзінің құқықтық жүйесі болады. Оның басқа мемлекеттердің құқықтық жүйелерінің ортақ болып келетін ерекшеліктерімен қатар айырмашылықтары да, яғни өзгешіліктері де болады.

Құқықтық жүйенің дамуына қоғамның бүкіл рухани мәдениеті, дін, философия, өнеге, көркемдік мәдениет, ғылым ықпал жасайды. Құқықтық мәдениетке саясат және саяси мәдениет зор ықпал тигізеді. Ежелгі Қытай, Үндістан, Мысырда, Рим мемлекеттерінде құқықтық жүйелер дін мен табиғи түрде өзара байланысты болып келетін.

Құқықтық жүйелердің дамуында сабақтастық байқалады. Мысалы, дәстүрлі құқықтық құндылықтар жана құндылықтармен өзара ықпалдасады. Ал бұл жана құндылықтарды басқаруға құқықтық жүйеден немесе жүйелерден дәстүрлі құқықтық жүйе қабылдап алып жатады.

Құқықтық жүйелер өздерінің элементтерінің ұқсастығы, тұтастығы бойынша топтарға «құқықтық жүйелерге» бірігеді.

Құқықтық жүйелерді бөлу және жіктеудің белгілеріне мыналар жатады:

1) Идеологияны, дінді, философияны, экономикалық және әлеуметтік құрылымдарды қоса алғанда;

2) Заң техникасы, құқықтың қайнар көздері мұның негізі болады.

Осы белгілерді негізге ала отырып құқықтық жүйелердің мынандай түрлерін атап көрсетуге болады – роман-германдық, ағылшын-американдық, социалистік, діни және дәстүрлі құқықтық жүйелер.

Роман-германдық құқықтық жүйе – көптеген мемлекеттердің құқықтық жүйелерін біріктіреді. Бұл мемлекеттерге Франция, Германия, Италия, Швеция, Дания, Латын Америкасының барлық мемлекеттері, Таяу Шығыс елдері жатады. Бұл құқықтық жүйенің ықпалы Жапония, Индонезия т.б. мемлекеттердің құқықтық жүйелерінде өз көрінісін тапты.

Роман-германдық құқықтық жүйе рим құқығын рецепциялаудың нәтижесі болып табылады, яғни мұнда құқықтың негізінде рим құқығының жетістіктері алынған. Роман-германдық құқық жүйесінің негізгі сипаттарына мыналарды жатқызуға болады.

1) Роман-германдық жүйесі бар барлық елдерде жазбаша конституциялар бар, бұлардың нормаларында ең жоғары заң күші бар деп танылады.

2) Әдеттегі заңдардың үш түрі бар: кодекстер, арнайы заңдар, ағымдағы заңдар, және нормалар мәтіндерінің жинағы.

3) Құқық негіздерінің арасында заңға негізделген нормативтік актілердің (регламенттердің, әкімшілік бұйрық-жарлықтардың, министрлік декреттерінің және т.б.) рөлі едәуір.

Роман-германдық құқықтық жүйеге кіретін елдердегі қызмет істейтін судья заңдық істі шешуде көбінесе тек істі бағалау процесін жүзеге асырады.

Ағылшын-американдық құқықтық жүйе немесе жалпы құқық жүйесі.

Бұл құқықтық жүйе Англияға және Британия империясының бұрынғы отарларына тән. Англиядан басқа бұл құқықтық жүйе АҚШ, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия, сондай-ақ Британия достығына кіретін 36 мемлекеттерге таралған.

Заңтану әдебиеттерінде ағылшын-американдық құқықтық жүйе кейде негізгі құқық жүйесі деп аталады. Жалпы құқық (Common Law) тарихи түрде Англияда қалыптасқан және оның бұлай деп аталуы оның бүкіл Англия аумағында тарауымен байланысты болған (оның қалыптасу кезеңі 10-13 ғасырлар) және бұл құқықтық жүйе заңдардың қатысуынсыз сот әдет-ғұрыптары түрінде пайда болып азаматтық сот істерін жүргізуде ел королінің қол астындағы азат азаматтардың бәріне таралған болатын.

«Жалпы құқық» жүйесі өз негізінде соттар жасаған үлгі іс құқығы (құқықтық үлгі іс) болатын.

Ағылшын – американдық (саксондық) құқықтық жүйенің негізгі ерекшелік белгілері төмендегідей болып келеді:

1. Сот құқық жасаушы (шығарушы) болады.
2. Кодификацияланған заң болмайды. Мысалы, Англияда жазбаша Конституция жоқ.
3. Сот шешімдері (прецеденттері, яғни үлгі істері) заңдармен қатарлас қолданылып құқықтың қайнар көздері болып табылады. Ұқсас істерді қарағанда оларды шешім қабылдау үшін басқа соттар үлгі ретінде қолданатын болған.
4. Сот билігі қандай да болсын басқа биліктерден автономиялы (дербес) болады, прокуратура, әкімшілік әділет (мекеме, қызмет) болмайды.

Діни-дәстүрлік құқықтық жүйелер.

Осының алдында сипатталған жүйелерге қарағанда Азия мен Африканың көптеген елдері құқықтық жүйелерінің тұтастығы аталған жүйелерге тән дәрежесі болмайды. Бұл мемлекеттердің құқықтық жүйелерінің ерекшеліктері – құқықты олардың басқаша түсінетіндіктеріне байланысты, мұнда қоғамдық қатынастар құқықтық жолмен емес басқаша – діни-дәстүрлік тәсілмен реттелуі тиіс деген сенім, пікір Қиыр Шығыс, Африкада, Магадаскар елдерінде таралған. Осылардың арасынан қазіргі күнге кең таралғаны – мұсылман құқығы болады. Мұсылман құқығы – бұл діни нысанда баяндалған және мұсылман діни исламға негізделген нормалар жүйесі. Ислам діні бойынша барлық әдет-ғұрып Алланың әмірімен жаратылған. Оны құран аяттары, сүрелері түрінде өзінің пайғамбары Мұхаммед арқылы тарихтың белгіленген мерзімінде, адамдарға мағынасын ашып тарат деп Алланың өзі берген көрінеді. Мұсылман құқығы

адам болмысының әлеуметтік салаларын түгел қамтиды. Алланың адамға берген құқықтары оған біржолата мүлдем берілген. Дегенмен құдайдың жіберген жаңалықтары (құқықтары) түсіндірулер беру мен талқылауларды қажет етеді.

Мұсылман құқығының негізгі төрт қайнар көзі бар:

- а) Құран – исламның (мұсылман дінінің) қасиетті кітабы;
- б) сунна немесе Алланың пайғамбары, Мұхаммедтің өмірі мен істеріне байланысты дәстүрлер;
- в) Иджма немесе мұсылман қоғамының біріңғай келісімі;
- г) Кийас немесе ұқсастығы бойынша пікір түю (пайымдап ой жүгірту).

Мұсылман құқығының негізгі белгілері:

- 1) бірнеше құқықтық институттардың жалпы догмаға айналуы;
- 2) нормалардың казустикалығы (жалпы догмаға айналуы);
- 3) нормаларда жүйеліліктің болмауы;
- 4) әдет-ғұрыптардың мұсылман құқығында орын алмауы (оған кірмеуі).

Тұтастай алғанда мұсылман құқығы адамдардың дінге және наным-сеніміне негізделген құқық.

Ислам (мұсылман діні) әлемдік үш діннің ішіндегіен кең таралған дін. Бұл діннің құрамында теология да бар, ол догмаларды (соқыр сенім қағидаларын) орнықтырады және не нәрсеге сенуі керек екендігін анықтайды. Исламның құрамында сондай-ақ , шариғат та бар.

Шариғат дегеніміз – дінді ұстанушыларға берілген нұсқау, ұйғарым, онда қандай істерді істеуге болатындығы, қандай істерге тыйым салынатындығы шаылған. Шариғат дегеніміз – адамның «жүретін жолы», ал мұның өзі дұрысын айтқанда мұсылман құқығы.

Шариғат адамдарға жүктелген міндеттер идеясына негізделген. Міндеттерді орындамаудың салдары оны орындамай бұзғанның күнәсі болады. Сондықтан да мұсылман құқығы осы норманың өзі белгіленген санкцияларға көңіл бөледі. Мемлекет дегеніміз – діннің қызметшісі. Осындай қызметші мемлекеттердегі бар Конституциялар, заңдар мен басқалай да актілер исламның (мұсылман дінінің) талаптарына сай болуы тиіс.

Индуизм діні құқығы – діни-дәстүрлік жүйенің екіншісі және ол әлемдегі жүйелерінің біріне жатады. Бұған Үндістан, Пәкістан, Бирма, Сингапур, Малайзия сонымен қатар, Африканың Шығыс жағалауындағы Танзания, Уганда, Кения және тағы басқа да елдер жатады. Исламшыларды белгілі бір діни догмаларды қабылдауға міндеттейді.

Индуизм діні құқығына тән белгілер:

- 1. Адамдар өздерінің туған сәтінен бастап әлеуметтік касталарға бөлінген және әрбір кастаның өзіне тән құқықтар мен міндеттері және тіпті өнегелілік те жүйесі бар.
 - 2. Іс-әрекеттерді (мінез-құлықтарды) реттеуші ретінде әдет-ғұрыптарды пайдалана беруге ризашылық (рұқсат) берілді. Ал әдет-ғұрыптар тым көп және түрлі –түрлі болып келеді.
 - 3. Қауымдар құқығымен қатар заңдар, сот прецеденттері де бар.
- Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі.

Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі өзінің даму кезеңін бастан өткізуде. Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан соң әр түрлі факторларды ескере отырып өзінің құқықтық жүйесін қалыптастыру ісіне белсенді түрде кірісті. Толығымен алғанда Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі роман-германдық құқықтық жүйеге жақын. Мұндағы құқықтық жүйеде құқықтық негізгі қайнар көздері нормативтік құқықтық актілер болып табылады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 4 –бабына сәйкес Қазақстан Республикасында Конституция нормалары күші бар құқық болып табылады және де Конституция нормаларына сай заңдардағы басқа да нормативтік құқықтық актілердегі Республиканың халықаралық шарттарындағы және басқа да міндеттемелеріндегі нормалар, Конституциялық Кенестің және Республика Жоғарғы сотының нормативтік қаулыларындағы нормалар да күші бар құқық болып табылады.

Тақырып № 12

Құқық нормасы және нормативтік-құқықтық актілер түрлері

Ж О С П А Р

- 1. Құқық нормасының түсінігі мен белгілері**
- 2. Құқық нормасының түрлері мен жіктелуі**
- 3. Нормативтік актінің түсінігі және түрлері**

1. Құқық нормасының түсінігі мен белгілері

Құқықтық норма – қоғамдық қатынастарды реттеуге қолданылатын әлеуметтік ережелердің бір түрі. Ол бүкіл халықтың мүддесін қорғаудың, мемлекеттің билігін, саясатын іс жүзіне асырудың құралы. Құқықтық норма қоғам мүшелерінің мінез – құлқын, іс - әрекетін арнайы ережелермен реттейді. Жеке дара норма немесе нормалардың бір жүйесі құқық бола алмайды. Құқық деп қоғамның билігін, саясатын, мүддесін іс жүзіне асыруды толық қамтыған нормативтік актілердің жиынтығын айтамыз. Сонда да жеке дара құқықтық норманың маңызы зор. Оның мазмұны күрделі мәселелерді: қоғамдық мүддені, саясатты, мемлекеттік билікті, бостандықты, теңдікті, әділеттікті, адамгершілікті, заңдылықты, тәртіпті, ғылымды, білімді, рухани сананы, халықтың әлеуметтік жағдайын, денсаулығын т.б. демократиялық іс - әрекеттерді біріктіреді.

Құқықтық норманың құндылығы:

- құқықтық нормалар құқықты реттеп, басқарудың құралы, сол арқылы адамдардың, заңды тұлғалардың қарым – қатынастарына дұрыс бағыт беріп отырады;

- құқықтық нормалар қоғамдық құрылыс жүйені қорғаудағы ең сапалы құрал, нормативтік актілер қоғамға зиянды іс - әрекеттерге жауапкершілікті күшейтіп отырады;
- құқықтық нормалар қоғамның дамуына пайдалы қатынастарды қолдап, қолайсыздарын қысқартып, экономиканың, әлеуметтік жағдайдың жақсаруына мүмкіншілік жасап отырады;
- құқықтық норма қоғамда әділеттілікті, теңдікті, бостандықты т.б. демократиялық қағидаларды қалыптастырады;
- құқықтық нормалар халықаралық, мемлекетаралық байланысты, қатынасты жақсартудың құралы.

Құқық – жалпыға бірдей міндетті, мемлекетпен қамтамасыз етілетін, қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығы. Құқықтық норма - құқықтың бір клеткасы, қоғамдық қатынастардың жақсы дамуының үлгісі деуге болады. Ол адам істерінің, жұмысының, тәртібінің шеңберін анықтап, олардың бостандығын және қарым – қатынасын реттеп, басқарып отырады.

Адамның бостандығын реттейтін норма екі тұрғыдан қарастырылады: бірінші – адамдардың өздерінің, өз істерін, өз тәртібін жобалау – жоспарлауы (ішкі бостандық); екінші - өз мүдде мақсаттарын өздері анықтап, оны өздерінің жүзеге асыруы (сыртқы бостандық).

Қоғамдық барлық процесс, барлық қарым – қатынастар құқықтық нормалар арқылы реттеліп, басқарылып жатады. Нормативтік актілер әлеуметтік жеке мемлекеттік ықпал ету қасиеттерін біріктіріп, қоғамның дұрыс, жағымды дамуына, жалпы халықтық тәртіптің нығаюына мүмкіншілік жасап отырады.

Құқықтық норманың негізгі сипаттары:

1.Норма қоғамға, адамдарға ең қажетті, керекті қарым – қатынастарды реттеп, басқарып отырады. Ол қатынастардың басым көпшілігі бостандықты, әділеттікті, теңдікті, адамгершілікті және қоғамның экономикалық, саяси, әлеуметтік, рухани, мәдени т.б. даму бағыттарын қамтып, реттеп, басқарады. Бұл басқарудың негізгі бағыттары, қағидалары Конституцияда және заңдарда көрсетілген.

2.Норма көп қатынастардың мазмұнын, орындау бағыттарын, әдіс —тәсілдерін алдын ала анықтап, көрсетіп отырады. Болашақ қатынастың, оны реттеудің, орындалуының «үлгісін» жасайды. Міне осы «үлгілерді» зерттеу арқылы ғылымдар мемлекеттердің өткен тарихымен танысып жатады.

3.Нормативтік актілердің көпшілігі өзгермей қатынастарды көп жылдар дұрыс, жақсы реттеп, басқарып тұрақты нормағаайналды. Бұл екіжақты әлеуметтік тұрақты процессті типизация деп атайды. Мұның маңызы өте зор. Заңдылықты нығайтуға, құқықтық тәртіпті сақтауға зор үлес қосады.

4.Нормативтік актілер жалпы мемлекеттік норма болғандықтаноның орындалуы жалпы қоғамдық міндет, оны халық түсінеді, біледі. Сондықтан олар ол нормалардың дұрыс орындалуына үлес қосады.

Құқықтық норманың жоғарыда көрсетілген сипаттарынан, оның мазмұнын, маңызын, қоғамдағы қарым – қатынастарды реттеп, басқаруын толық түсінуге болады.

Құқықтық нормалардың белгілері:

1. Норма мемлекеттік органның қабылдаған, бекіткен актісі, оның заңды күші бар. Мұндай нормалар қоғамдағы тәртіптің үлесіне айналды. Өйткені ол нормаларды халықтың басым көпшілігі дұрыс орындайды.
 2. Нормада субъектілердің құқығы мен міндеттері, орындалу жолдары толық көрсетіледі. Егер де көрсетілмесе субъектілердің өз еркінде, тек заңға нышан келтірілмеуі керек.
 3. Норма ерікті түрде орындалмаса, еріксіз орындалатылуы.
 4. Құқықтық нормалардың жүзеге асырылуын, орындалуын мемлекет қамтамасыз етеді.
 5. Құқықтық норма адамдардың, қоғамның тәртібінің кепілдігі болуы.
- Құқықтық нормасыз қоғамда ешқандай дәрежелі заңдылық, тәртіп, жоспар, мағыналы, сапалы қарым – қатынас болмайды. Құқықтық норманың мазмұны толық болған жағдайда ғана оны дұрыс орындауға болады. Өмірде мазмұны толық емес нормалар кездеседі. Бір нормада қатынастың мазмұны көрсетіледі, екіншісінде – оны қашан, қандай жағдайда қолдануды көрсетеді, үшіншіде – қолдану нәтижесін көрсетеді. Үшеуін біріктірсе бір толық норма болып шығады. Мұндай норманың құрылысы өте сирек кездеседі. Нормалардың басым көпшілігі толық түрде болады. Егерде толық түрде болмаса, жетіспейтін элементтерін сілтеме арқылы тауып алуға болады.
- Сонымен, құқықтық норма – қоғамдағы қатынас субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін реттеп, басқарып отыратын жалпыға бірдей мемлекетпен қамтамасыз етілетін ереже – қағида.**

2. Құқық нормасының түрлері мен жіктелуі

Құқықтық нормалар бірнеше түрге бөлінеді:

1. Қоғамның әр саласына қарай өндірістік, ауыл-шаруашылық, құрылыстық, мәдениет, экономика, әлеуметтік, білім, ғылым т.б. бағыттағы нормалар.
2. Құқықтың саласына қарай мемлекеттік, әкімшілік, қаржы, еңбек, жанұя, азаматтық, қылмыстық, азаматтық-процессуалдық, қылмыстық-процессуалдық т.б. саладағы нормалар.
3. Атқаратын жұмысына қарай нормалар екі түрге бөлінеді: реттеуші нормалар; қорғаушы нормалар.
4. Мазмұнына қарай нормалар үшке бөлінеді: міндеттеуші нормалар; тыйым салушы нормалар; ерік беруші нормалар.
5. Норма элементтерінің құрамына қарай нормативтік актілер үшке бөлінеді: нақты белгілі нормалар – мазмұны толық анық жазылған элементтері түгел; салыстырмалы нормалар – мазмұны, элементтері түгел емес, мәселені болған істің жағдайына қарай шешу; балама (альтернативтік) нормалар – істің орындалуын, норманың жүзеге асуының бірнеше бағыты, әдісі болуы.
6. Субъектілеріне қарай нормалар екіге бөлінеді: жалпылама нормалар, арнаулы нормалар.
7. Мамандандырылған құқықтық нормалар – қоғамның мамандық салаларының қарым-қатынасын реттеп, басқаратын нормалар. Мысалы, азаматтық, қылмыстық, заңгерлер, дәрігерлер, мұғалімдер, инженерлер бағыттағы нормалар.

Міне осы көрсетілген бағыттар бойынша құқық өзінің күнделікті қоғам өмірін реттеп, басқарып отырады. Мазмұны жағынан құқық нормалары заңдылық пен құқық тәртібі, азаматтардың құқығы мен міндеттері, заңдарды өзгерту, жетілдіру, толықтыру жөніндегі пікірлер мен көзқарастарды жинақтап құқықтың қоғамдағы міндеттерін орындаудағы жұмысын дамытып, жақсартып отырады. Құқықтық нормалардың мүлтіксіз орындалуы азаматтарды тәрбиелеу, бақылау әдістерімен қатар әкімшілік немесе соттық жауапқа тарту арқылы жүзеге асырылады.

Құқық нормаларының элементтері бірігіп, оның құрылымын қалыптастырады. Бірақ ол элементтердің болуы, тізілу қатары, бағыты, мақсаты нормативтік актілердің түріне байланысты. Құрылымы жөнінде құқықтық нормалар екі түрге бөлінеді: негізгі заңды нормалар және тәртіп ережелерінің нормалары.

Негізгі заңды нормаларда элементтердің мазмұны норманың кіріспесінде немесе бірінші бабында толық көрсетіледі. Мысалы, Қазақстан Республикасының «Салық туралы» заңында норманың элементтері 1- бабында көрсетілген.

Тәртіп ережелерінің нормаларында элементтер нормативтік актілердің баптарында, бөлімдерінде көрсетіледі.

Құқықтық нормалардың элементтері: диспозиция, гипотеза, санкция.

Диспозиция – қатынастың мазмұны мен субъектілердің құқығы мен міндеттерін көрсетеді. Диспозиция норманың діңгегі, құқықтық тәртіптің үлгісі-моделі. Мысалы, ҚР АҚ 482 б. екі немесе көп жақты мәмілелер мен шарттардағы тұлғалардың құқықтары мен міндеттері айқын көрсетілуі. Диспозицияның үш түрі болады:

-жалпылама түрі – нормада субъектілердің құқықтары мен міндеттері айқын көрсетілмейді; мысалы жұмыссыздық туралы заңда республикалық, облыстық, аудандық органдардың міндеттері жалпылама көрсетілген;

-айқын түрі – диспозицияның мазмұны нормада айқын көрсетіледі. Мысалы, қылмыстық кодекстің баптарында диспозицияның мазмұны толық көрсетіледі;

-сілтеу түрі – диспозицияның мазмұны туралы басқа нормаға сілтеу жасалады. Мысалы, азаматтық кодекстің бірнеше баптарына сілтеме жасалады.

Гипотеза – диспозиция қашан басталады, аяқталады, нормативтік акті қалай орындалуы керек, осы жағдайларды көрсетуі керек. Мысалы, бұзақылық үшін жауапқа тартылатын адам қоғамдық тәртіпті бұзуы керек (ҚР, ҚК – 76). Гипотезаның үш түрі болады:

- егерде норманың іс-әрекетті бір жағдайдың болуы немесе болмауымен байланысты болса, мұндай гипотезаны жалпылама деп атайды;

- егерде норманың жұмысы бірнеше жағдайдың болуы немесе болмауымен байланысты болса, онда гипотезаны – күрделі гипотеза деп атайды;

- егерде норманың, іс-әрекетті бірнеше жағдайдың біреуін таңдау арқылы басталса, мұндай гипотезаны альтернативтік гипотеза деп атайды.

Санкция – диспозиция мен гипотеза дұрыс орындалмаса, оның жағымсыз салдары және жауапкершіліктің басталуы мен қолданылуы. Санкцияның үш түрі болады:

- абсолютті айқын санкция: жұмыстан шығару, қызметтен төмендету, айып төлеу т.б.;
- салыстырмалы айқын санкция: минимум мен максимумның арасындағы жауапкершілік (қылмыстық кодекстің баптары);
- альтернативтік санкция. Санкцияның көрсетілген түрлерінің қайсысын қолдану тиісті мекеменің өз еркінде.

Осы үш элементтер түгел болмаса ғана нормативтік акті өз міндетін, өз ролін дұрыс, уақытында, жақсы орындай алады. Егерде нормада бір екі элементтері жоқ болса, сілтеме арқылы оларды тауып алу керек.

Нормативтік актілердің жеке баптарында норманың элементтері толық болмайды. Конституцияның баптарында тек гипотеза мен диспозиция ғана болады. Қылмыстық кодексте тек диспозиция мен санкция ғана болады. Ісжүзінде норманың элементтері нормативтік актінің әр баптарында болуы мүмкін немесе бірнеше нормативтік актілердің баптарында болуы мүмкін. Оны тауып алуға болады.

Құқықтық нормалардың элементтерінің құрылу тәсілдері.

1.Тікелей норманың үш элементін (гипотеза, диспозиция, санкция) толық келтіру. Мұндай тәсіл нормативтік актілердің көбінде қолданылады. Бұл құқықтық нормалардың іске асуын, орындалуын жеңілдетеді.

2.Сілтеме тәсілнорманың жетіспейтін элементтері туралы осы заңның басқа бөліміне, тарауына, бабына сілтеме жасалады.

3.Бланкеттік тәсіл-норманың жетіспейтін элементі туралы басқа заңға, қаулыға сілтеме жасау.

Сонымен құқықтық норма, заңның немесе нормативтік актілердің баптарында элементтердің толық болуы мүмкін. Оларды міндетті түрде іздестіріп табу керек.

3. Нормативтік актінің түсінігі және түрлері

Қоғамдағы құқықтың ең күрделі негізін құрайтын нормативтік-құқықтық актілер. Бұл жүйеге қоғамдағы қатынастарды реттеп, басқарып отыратын нормативтік актілердің басым көпшілігі кіреді. Құқықтың басқа негіздері (әдет-ғұрып, мораль, діни т.б. нормалар) жалпы мемлекеттік қатынастарды реттеп, басқара алмайды, тек нормативтік актілерге қосымша күш ретінде жұмыс атқарады.

Нормативтік актілер қоғамның, жеке адамдардың мүдде-мақсатын іске асыратын экономикалық, саяси, әлеуметтік, ұлттық, халықаралық қатынастарды реттеп басқарады.

Дүние жүзінің заң ғылымы құқықтың негіздерін құқықтық нормалардың мазмұнымен тығыз байланыста реттеп, дамытады. Ал адамның қоғамның тарихи диалектикалық процесінде нормативтік актілер бірте-бірте, эволюциялық жолмен құқықтың ең күрделі, ең шешуші негізіне айналады. Көне дәуірде нормативтік актілер тек мемлекеттік қатынастарды реттеп, басқарып отырды. Қоғамның басқа салаларындағы қатынастарды әлеуметтік нормалардың басқа түрлері (мораль, әдет-ғұрып, дәстүр, діни т.б.) реттеп,

басқарып отырды. Кейін нормативтік актілер сол салалардағы қатынастарды бірте-бірте өзі реттеп, басқаруға көшті. Қазіргі кезде әлемдегі барлық мемлекеттерде құқықтық нормалар қатынастарды реттеп, басқарудың басым түріне айналып отыр.

Өйткені қоғамда мемлекеттік билікті іске асыруда, демократияны дамытуда, құқықтық мемлекетті қалыптастыруда нормативтік актілер ең шешуші рөл атқарады.

Нормативтік-құқықтық актілердің мазмұнының сипаттамасы:

1. Бұл актілерді мемлекеттің билік өкілеттігі бар органдары қабылдайды. Қабылдаудың заңды тәртібі болады. Оны орындау міндетті.

2. Бұл процесте мемлекеттің егемендігі іске асып отырады. Оның маңыздылығы қабылданған нормативтік актілерден көруге болады.

3. Нормативтік актілердің мазмұны құқықтық нормалармен сәйкес, дәлме-дәл болуға тиісті. Өйткені мемлекеттік органдар «акті» - деген атпен әр түрлі мағынада құжаттар шығарып жатады.

4. Нормативтік актілер заңды бөлу үшін міндетті түрде тиісті нысанында шығарылады. Онда барлық реквизиттері көрсетілуі қажет.

Нормативтік актілердің өмірге келуі, дамуы, өзгеруі, жаңаруы объективтік процесс. Оның негізгі себептері: қоғамның экономикалық базисінің өзгеруі, соған сәйкес қоғамның саяси, әлеуметтік, мәдени, таптық мүдде-мақсаттарының өзгеруі.

Бұл объективтік өзгерістер өмірге субъективтік өзгерістерді қалыптастырады:

- мемлекеттік билік дамып, жаңарады;
- мемлекет пен құқықтың функциялары өзгеріп, нормативтік актілерді дамытады;
- құқықтық қатынастар прогрестік өзгерісте болады;
- рухани сана-сезім, білім дамиды;

Қоғамдағы осы объективтік және субъективтік өзгерістерді реттеп, басқару үшін нормативтік актілер үнемі үзіліссіз даму процесінде болады. Бұл процестің сапалы дамуын қамтамасыз ету үшін:

- құқықтық шығармашылықтың сапасын жақсарту;
- лауазымды тұлғалардың кәсіпқойлығын, білімін, тәжірибесін көтеру;
- мемлекеттік органдардың қызметінің сапасын жақсарту.

Сонымен, нормативтік-құқықтық актілер – ресми заңды нормативті мемлекеттік күші бар нормалар.

Нормативтік актілер мемлекеттік билікті, саясатты орындайтын, қоғамның халықтық мүдде-мақсатын іс жүзіне асыратын ең сенімді, шешуші құрал. Оның құқықтың басқа негіздерінен ерекшелік белгі-нышандары:

- нормативтік актілер мемлекеттің өкілетті органдарының бекіткен немесе жалпы құқықтық референдумда қабылданған нормалар;
- нормативтік актілердің мемлекеттік күші бар құжаттары ерікті орындалмаса, оны еріксіз орындату мемлекеттік органның міндеті;
- нормативтік актілер ресми түрде: заң, қаулы, жарлық, ереже т.б. болып шығады, олардың заңды нысандары болады;

- нормативтік актілер жалпы қоғамдық, күрделі қатынастарды реттеп, басқарады.

Нормативтік актілердің түрлері:

- заңды күшіне қарай нормативтік актілер екі топқа бөлінеді: заңдар және заңға тәуелді нормалар. Мемлекеттің дәрежесі жоғарылаған сайын нормативтік актілердің де заңды күші жоғарылай береді.

- нормативтік актілердің мазмұнына қарай бірнеше түрге бөлінеді: өндірістік, шаруашылық, әлеуметтік, мәдени т.б. қоғамның салаларына сәйкес;

- нормативтік актілердің іс-әрекетінің шеңберіне қарай үш түрі болады: қоғамдық іс-әрекеттер, шектеулі іс-әрекеттер, төтенше іс-әрекеттер;

- субъектілеріне қарай (нормаларды қабылдаған мемлекеттік органдар) нормативтік актілер үш топқа бөлінеді: заң шығарушы органдарының актілері; заңды орындайтын органдардың актілері; сот жүйесінің актілері.

Заң - қазіргі заманда мемлекеттің ең жоғарғы нормативтік актісі.

Ол қоғамдағы ең күрделі, маңызды мәселелерді, қатынастарды қамтиды. Заң қоғамдағы барлық нормалардың «Атасы» - деуге болады. Заңның белгі-нышандары:

- заң парламентте немесе жалпы халықтық референдумда қабылданады;

- заң күрделі, маңызды мәселелер бойынша қабылданады;

- заң арнаулы процедура арқылы қабылданады (ол төрт-бес кезеңнен өтуге тиісті);

- заңды ешқандай орган тексере, өзгерте алмайды;

- заңды қоғамдағы нормалардың кіндігі, атасы.

Заңның үстемдігі арқылы қоғамдағы заңдылық, тәртіп қамтамасыз етіледі. Заң арқылы қоғамның мүдде-мақсаттары, мемлекеттік билік, саясат іс жүзіне асады. Заң арқылы адамдардың бостандығы мен құқықтыры, демократияның басқа да талаптары қалыптасады.

Қазақстан мемлекетінің Парламенті заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғарғы өкілді органы (49-б. 1-т.). Парламент аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін заңдарды шығаруға хақылы.

Заңға тәуелді нормативтік актілер – бұл актілер төрт түрге бөлінеді: жалпы қоғамдық, жергілікті, ведомствалық және мекемелік актілер. Жалпы қоғамдық актілер – мемлекеттік әкімшілік-территориясына толық заңды күші бар актілер (Президенттің Жарлықтары, Үкіметтің қаулылары). Жергілікті басқару органының актілері – мәслихаттың шешімдері, әкімдердің бұйрықтары. Ведомстволық актілер министрліктердің бұйрықтары, шешімдері, инструкциялары. Мекемелердің өз аппаратының ішкі тәртібін реттейтін актілер.

Сот билігінің актілері – Конституцияның 75-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек қана сот жүзеге асырады. Сот билігі азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыруға арналған. Сот билігі Республикамыздың нормативтік актілерінің және халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады. Сот билігі сот ісін жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге

асырылады. Соттың шешімдері, үкімдері, өзге қаулылары сондай-ақ олардың заңды өкімдері, талаптары, тапсырмалары мен басқа өтініштері Республиканың бүкіл аумағында барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

Тақырып № 13

Құқықшығармашылық іс, заң техникасы және нормативтік құқықтық актілерді жүйелеу

Ж О С П А Р

- 1. Құқықшығармашылық іс: түсінігі, мағынасы және қағидалары (принциптері)**
- 2. Құқықшығармашылық іс жүргізудің сатылары**

1. Құқықшығармашылық іс: түсінігі, мағынасы және қағидалары (принциптері)

Құқық шығармашылығы құқықтық реттеу жүйесінде негізгі бір орталық орынды алады. Ол қоғам өміріне қажет нормаларды өмірге әкеліп, кемшілік-кемістігі барларын өзгертіп, уақыты жеткенін жаңарта отырып, барлық қоғамдық, мемлекеттік институттардың құқықтық негізін жасайды. Мұның өзі ғылым аддында құқық шығармашылығымен байланысты мәселелерді терең, жан-жақты зерттеу қажеттігін белгілейді. Құқық шығармашылығына байланысты мәселелерді зерттеуге қай кезеңде болмасын ғалымдар кең, мол назар аударып отыр. Құқықтың жалпы теориясы саласында құқық шығармашылығының мазмұнына және жағдайына терең зерттеулерді Кеңес заманында С.С. Алексеев, О.А. Гаврилов, А.В. Мицкевич, Р.О. Халфина т.б. көптеген ғалымдар жүргізсе, бүгінде құқық шығару, оның бір түрі - заң шығару мәселесін кеңінен зерттеп, жетілдіру жолдарын ұсынып отырған ғалымдар да жеткілікті. Олар - белгілі ғалым-заңгерлер: С.З. Зиманов, В.А. Ким, Ғ.С. Сапарғалиев, С.К.Амандықова, С.С. Сартаев, М.Т. Баймаханов, С.А. Табанов, М. Құл-Мұхаммед т.б.

Құқықтың жалпы теориясы мамандарының еңбектеріне сүйене отырып құқық шығармашылығын анықтасақ, ол мемлекеттік құқықтың және оның жеке салаларының дамуын және жетілуін қамтамасыз ететін, халықтың еркін көрсететін тәртіп ережесін жасау мен нормативті бекітудің тұрақты процесін

білдіреді. Құқық шығармашылығы - қоғамдық қатынастарды жеткілікті құқықтық реттеуді жүзеге асырудың табиғи алғышарты болып табылады. Құқық шығармашылығының түпкі нәтижесі - құқықтық нормалардың мәтінінде көрініс тапқан жаңа (өзгертілген немесе нақтыланған) ережелер.

Құқық шығармашылығы тікелей мағынада құқықты жасау ретінде, нәтижесі қоғамда әрекет етуші құқықты белгілеу болып табылатын қызмет ретінде анықталады. Бұл тұрғыдан құқық шығармашылығы ұғымын ашу жалпы «құқық», «қоғамда әрекет етуші құқық» түсініктеріне тоқталу, оларды анықтау міндетін қояды.

Мемлекет және құқық теориясы іліміне сәйкес құқықта мемлекет секілді қосымша өнімнің болуы, жеке меншіктің қалыптасуы, адамдардың мүлдік және әлеуметтік теңсіздігі, рулық әдет-ғұрыптардың жалпыға міндетті құқықтық ережелерге айналуы т.б. нәтижесінде пайда болды. Мемлекет рулық әдет-ғұрыптарға құқықтық ереже нысанын берумен қатар, жаңа жүріс-тұрыс ережелерін шығарды. Ол осы ережелердің талаптарының орындалуын, адамдар өз құқықтары мен бостандықтарын пайдалану үстінде заңдарды бұзбауын талап етеді. Демек, құқық - ол мемлекетпен белгіленетін, қорғалатын жалпыға міндетті ережелердің жүйесі. Ол қоғамды реттеп, басқарудың құралы. Теория заң ғылымында "құқық" термині бірнеше мағынада қолданылатындығын көрсетеді. Біздің тоқталып отырған мәселемізге қатысты ашсақ, құқық - ол бәрінен бұрын құқықтық нормалардың бір жүйеге келтірілген жиынтығы. Ол реттеушілік қасиеті арқылы қоғамдық қатынастарға, адамдардың іс-әрекеттеріне, қоғамның дамуына әсер етеді. Құқық - ол жеке жүріс-тұрыс ережелері емес, ол құқық нормаларының біртұтас жиынтығы. Қазақстан Республикасында әрекет етуші құқықтың мазмұны Конституциямен ашылған. Яғни, Қазақстанның құқығы туралы Конституция былай белгілейді: Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сай келетін заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Республиканың халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кенесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады (4-бап).

Демек, құқық - бұл нормативтік актілерде көрініс тапқан, қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жүйесі. Ал, құқық нормаларының мұндай жүйесін, яғни құқықты пайда болғызатын қызмет - ол құқық шығармашылығы болып табылады.

Заң ғылымында құқық шығармашылығын билікке ие болатын халықтың немесе билік етуші таптың еркінің заңға, нақтырақ айтсақ, жалпыға міндетті ережеге айналуы деп түсінетін пікір бар. Мұндай таптық мазмұнды көзқарасты марксизм бағытындағы барлық дерлік ғалымдар қолдайды деп айтуға болады. Кеңес өкіметінің орта шеніне қарай құқық шығармашылығын таптық сипатта емес, мемлекеттік қызметтің нысаны ретінде анықтайтын пікірлер етек жайды. Мемлекеттік билік, мемлекет құқық нормаларының пайда болуының тікелей факторы, құқықты жасайтын күш болып танылды. Расында да біртұтас мемлекеттік билік құқықты жасайтын әлеуметтік-саяси күш болып табылады. Мемлекеттік билік мемлекеттің әлеуметтік-саяси қызметінің мазмұны -

құқықтың қалыптасуының тікелей қайнар көзі. Мемлекеттік билік — бұл мемлекеттің тікелей өзімен немесе өкілеттік беру арқылы тұрғылықты халықпен жүзеге асатын қоғамдық биліктің бір түрі болып табылатындықтан, нақ осы мемлекеттік билік - қызметі құқықты жасайтын күш. Кейбір жағдайларда мемлекет құқық нормасын жасауды тікелей халыққа береді. Алайда, халықтың референдум арқылы құқық нормасын қабылдауы мемлекеттің қатысуынсыз болмайды. Демек, мемлекет өз халқымен бірге құқық шығармашылығының әлеуметтік субъектісі, ал оның қызметі - құқық шығарудың тікелей күші болып табылады.

Құқық шығармашылығын мемлекеттік биліктің мазмұнымен ғана байланыстыра отырып анықтау жеткіліксіз деп есептейді ғалымдардың келесі бір тобы. Олардың ойынша құқық шығармашылығы мемлекеттік қызметтің мазмұны ғана емес, ашып айтсақ, мемлекеттік биліктің саясаты қандай болса, оның белгілеген құқықтық нормаларының мазмұны да сондай болады деп қана анықтау емес, сонымен қатар ол мемлекет қызметінің ұйымдық - құқықтық нысаны да. Тиісті көзқарасты ұстанушы ғалымдардың бірі - А.В.Мицкевич өз пікірін былай негіздейді: «Құқық шығармашылығы тиісті қоғамда құқықтық нормаларды қандай органдар, қандай тәртіппен жасайтынын белгілеуге мүмкіндік беретін белгілі ұйымдық нысандарда көрсетілген. Құқық шығармашылығын мемлекеттік қызметтің ұйымдық-құқықтық нысаны ретінде ұғыну оның құқық жасау процесінде алатын орнын анықтау үшін маңызды». Осы топтағы көзқарастардың ішінде құқық шығармашылығын кеңінен толығырақ анықтайтын мына бір пікірге тоқталу жөн болар. Яғни "құқық шығармашылығы - бұл халықтың еркін білдіретін, қоғам дамуының мақсаттарына жетуге бағытталған, қоғамдық қатынастарды нормативтік құқықтық реттеуге деген қажеттіліктерді анықтау жөніндегі және анықталған қажеттіліктерге сәйкес жаңа құқық нормаларын шығару, әрекет етудегі құқықтық нормаларды өзгерту мен жою жөніндегі мемлекеттің ұйымдық рәсімделген қызметі".

Құқық шығармашылығы - бұл мемлекеттің жалпы заңды реттеу, пісіп-жетілген қажеттіліктерді құқықтық нормаларға айналдыру арқылы заңдық нормаларды қалыптастыру жөніндегі қажеттіліктерді тануы, мойындауы. Мұндай қажеттіліктерді тани отырып, мемлекет тиісінше актілердің қабылдануын анықтайды. Мемлекетпен, оның органдарымен қабылданған нормалар ғана жалпыға міндетті ереже сипатында болады, мемлекеттің мәжбүр етушілік күшімен қорғалады. Референдум арқылы құқық шығармашылығын қоспағанда құқықты жасау - бұл мемлекет органдарының нормативтік құқықтық актілерінің жобасын жасау, өңдеу, қабылдау, жариялау жөніндегі қызметі. Мұны Конституциядан, Парламент, Үкімет, орталық атқарушы органдар туралы т.б. заң актілерінен көруге болады. Алайда, Кеңестік заңгерлердің ой-пікірлерін зерттеу құқық шығармашылығы - мемлекеттік орган қызметінің бір жағы деген түсінікті жоққа шығаратын көзқарастардың бар екендігін байқатады. Мұндай көзқарасты ұстанушылардың бірі Н.Я. Соколов құқық шығармашылығын мемлекеттен бөлек өздігінен қалыптасып, орбитін жағдай ретінде, нақты тоқталсақ ол құқық шығармашылығы деп тиісті

құзыретті органдардың қызметін емес, қоғамның құқықтық көзқарастарының қалыптасуын және олардың тиісті нормативтік актілерде байқалуы мен бекітілуі процесін қамтитын қоғам өміріндегі өзіндік құбылысты анықтайды. Құқық шығармашылығын бұлай түсіну дұрыс емес. Өйткені, нормативтік актілерде құқықтық көзқарастар емес қоғамдық қатынастар бекітіледі және құқықтық сананың (көзқарастың) қалыптасуы құқық нормасын жасамайды, шығармайды. Сондай-ақ, аталмыш анықтамада жанама көрсетілгендей, құқық шығармашылығы құқықтық сананың қандай да бір бөлшегі емес және ол өзіндік құбылыс та емес. Құқықтық сана (көзқарас) - бұл қоғамда қалыптасатын әлеуметтік құбылыс, ол заң шығармашылығына әсер етуі мүмкін, бірақ заң шығармашылығы қызметінің нәтижесі болып табылмайды.

Қазіргі Қазақстандық және Ресейлік ғалымдардың бәрі дерлік құқық шығармашылығын - қоғамның объективтік әлеуметтік қажеттіліктері мен мүдделерін тануға негізделген, құқық нормаларын жасау, өзгерту және жою жөніндегі мемлекеттік қызметтің ерекше нысаны ретінде анықтайды. Алайда, Ю.В.Мальцев құқық шығармашылығын тек мемлекет қызметінің нысаны ретінде анықтау біржақты және толық емес дейді және өзінің мұндай қорытындыға келуін Л.С.Явичтің пікірі арқылы негіздейді. Яғни, Ю.В.Мальцев "тек қана құқық құру процесі емес, сондай-ақ жеке заңи нормалардың шығу тегі заң шығарушының қызметінің шегінен шығады, себебі әдеттегі көпшілік жүріс-тұрыстың және жаратылысы бойынша құқықтық қатынастардың фактілік үлгілерін заң шығарушы ақыл-есте қалыптасқан қандай да бір тиянақты императивтен құрастырмайды, ол өмірдің өзінен алады" деп есептейтін Л.С.Явичтің пікірін қолдайды. Ю.В.Мальцев құқық шығармашылығы ұғымын анықтауда бұдан өзге мына екі жағдайға да көңіл бөлу керектігін көрсетеді: 1) құқық шығармашылығының процесі материалдық жағдайлармен айқындалады, қоғамдық қатынастармен байланысты. Олар нормативтік жорамалдардың нағыз қайнар көзі болып табылады. Өмірдің өзі мен заң шығарушы ашатын және тұжырымдайтын жүріс-тұрыстың қалыптасқан және байқалған үлгілері заң нормаларының шынайы қайнар көзі болуға тиіс деген түсінік құқық шығармашылығының әдістемелік негізі болып табылуы керек. Қандай да бір доктрина немесе қоғамдық дамудың мақсаттары емес, тек өмір мен ақиқат қана құқық шығармашылығы қызметінде шешуші маңызға ие; 2) мемлекеттің құқық шығармашылығы маңызды, бірақ құқық шығарудың бірден-бір қайнар көзі емес. Құқықтық жүйеге заңи нормаларды енгізудің маңызды қайнар көздері болып сондай-ақ үлгі істер, әдет-ғұрып және шарт табылады. Расында да үлгі істер мен құқықтық әдет-ғұрыптар да құқық шығармашылығы арқылы нормалық актілер жасау секілді құқықтың қалыптасуының жолдары болып табылады. Кеңес заманында құқықтық әдет-ғұрып нормаларының құқық жүйесін құрушылық рөлі жеткілікті дәрежеде кеңінен қолдау таппағанымен, біздің құқық жүйемізде оның орын алғанын жоққа шығаруға болмайды. Күні кешегі тарихымыз -мұның дәлелі. Үлгі істер мен құқықтық әдеттер де құқықтың қалыптасуының жолдары болып табылатындығын көрнекті ғалым Р.С. Сапарғалиев қазақ тарихымен негіздей отырып былай дәлелдейді: "Өз кезегінде қазақ мемлекеттігінің құқығы осы үш жолмен (нормативтік актілер,

үлгі істер, құқықтық әдеттер) қалыптасқан. Оған дәлел "Қасым ханның қасқа жолы" (ХҮғ.), "Есім ханның ескі жолы" (ХҮғ.), Тәуке ханның "Жеті жарғысы" (ХҮІІғ.). Сонымен қатар қазақ қоғамында билердің үлгі шешімдері де қазақтың ұлттық құқықтық әдеттерін дамытқан. Қиыннан қиыстырып тапқан билердің шешімдері ұқсас істерді қарағанда күші бар құқықтық норма ретінде пайдаланылған. ХІХ ғасырда билер съезінде қабылданған ережелерде құқықтық нормалар жазылып, нормативтік актілер ретінде пайдаланылған. Солармен қатар қазақ қоғамында ежелден қалыптасқан құқықтық әдеттер де қоғамдық қатынастардың реттеушісі болып отырған". Бүгінде Қазақстанда ұлттық құқық тек қана нормативтік актілер арқылы қалыптасуда.

Құқық шығармашылығы - бұл мемлекеттің құқық нормаларын жасау жөніндегі қызметі. Жай ғана емес, саналы, ерікті, ғылыми негізделген, белсенді қызметі. Мемлекеттің құқық шығармашылығы қызметі негізінде экономикалық және өзге қоғамдық қатынастар заңды нормалар түрінде көрініс табады. Мемлекет осы қатынастарды құқықтық қатынастар ретінде рәсімдейді, дамуына әсер етеді. Құқық шығармашылығының қызметі арқылы экономикалық және өзге де қоғамдық әлеуметтік қатынастар жалпы құқықтық қатынастарға айнала отырып, қайтадан басқа жаңа әлеуметтік қатынастарға әсер ету үшін құқықтық нормаларда бекітіледі. Қандай да бір әлеуметтік қатынастардың қоғамдық дамудың мұқтаждықтарының анықталуы, оларды құқықтық реттеудің қажеттілігінің пісіп-жетілуі құқық шығармашылығының басталуына себеп болады. Құқық шығармашылығы нәтижесінде қолданымдағы құқық жүйесін толықтыратын немесе өзгертетін қажеттіліктер, алғышарттар заңи шынайы, құқық ережелеріне айналады, нормативтік актілерде белгіленеді.

Тұрғылықты халықтың мемлекеттің құқық шығармашылығына қатысуы қай кезеңнің болмасын негізгі мәселесі. Бүгінде халық құқық шығармашылығын тікелей референдум арқылы заң шығаруға қатысу, ерік білдіру арқылы жүзеге асырса, күні кешегі тарихымызда бұқараның референдумнан өзге, қоғамдық ұйымдардың қызметтері арқылы мемлекеттің құқық шығармашылығына кеңінен қатысқанын көреміз. Кеңес өкіметі кезінде қоғамдық ұйымдардың, нақты айтсақ, Бүкілодақтық Ленин Комсомол Жастар Одағының, кәсіподақтар мен ерікті қауымдардың т.б. заң шығармашылығының бастамашысы ретінде болуы, ВЦСПС-тің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын дайындау мен оларды бекітуге қатысуы, т.б. қоғамдық ұйымдардың құқық шығармашылығы әрекеттерінің кеңінен қолдау тапқандығы соншалық, қоғамдық ұйымдардың нормативтік актілер шығаруы ғылымда жалпы құқық шығармашылығының амалдарының бірі ретінде бекініп, ол құқық шығармашылығын анықтауға негіз болды.

Ашып айтсақ, Кеңес заңгері Ц.А.Ямпольская және т.б. кейбір ғалымдар құқық шығармашылығы деп нормативтік актілерді қабылдау жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін ғана емес, сондай-ақ мемлекеттің құқық шығармашылығына бұқараның қатысуының әртүрлі нысандарын халықтың тікелей құқықшығармашылығы мен қоғамдық ұйымдардың жеке нормативтік актілерді шығаруын) анықтайды. Кеңес өкіметінде қоғамдық, саяси ұйымдардың құқық шығармашылығы олармен дербес және мемлекеттік

органдармен бірге жүзеге асырылған. Қоғамдық саяси ұйымдардың дербес құқық шығармашылығының мәні мынада: норманың мазмұнын өздері белгілейді, норманы мемлекеттік органдар тарапынан бекіту қажет етілмейді. Мысал ретінде, ВЦСПС Президиумының қаулысымен бекітілген "Положение о техническом инспекторе профсоюзов"(26.08.66) актісін келтіруге болады. Бұл актісімен ВЦСПС кәсіподақтардың техникалық инспекторларына құқықтар бере отырып, кәсіпорындар, мекеме, ұйым басшыларына жұмысшылар мен қызметшілердің еңбектерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде қатал міндеттер жүктеді. Бұл акт нормаларының орындалмауы жауапкершілік туындатады. Мемлекеттік органдармен бірлесе құқық шығару кезінде қоғамдық ұйымдардың мемлекеттік органдармен байланыстығы көрнекі ашық түрде болады. Бұл байланыс бірлескен құқық шығармашылығының қоғамдық ұйымдар үшін де, мемлекеттік орган үшін де жалпы құқықтық негіздерінде және норманы өмірде жүзеге асыру мен оны бұзушылықтан қорғау барысында байқалады. Ц.А. Ямпольскаяның құқық шығармашылығын мемлекеттік органның қызметімен қатар, бұқара көпшіліктің, мемлекеттің құқық шығармашылығына қатысуының нысандары ретінде анықтауы сол кезеңдегі құқық шығармашылығының демократиялық нысандарының дамуының, қолданылуының көрінісідеуге болады. Өртүрлі қоғамдық ұйымдар мен референдумдахалықтың нормативтік актілер қабылдауы мәні бойынша халықтың мемлекеттік еркін білдіруі болып табылды. Қоғамдық ұйымдардың нормативтік құқықтық актісі мемлекеттің оған берген өкілеттіктері негізінде шығарылды.

Бүгінде де халықтың референдум арқылы құқық шығармашылығы мемлекетпен байланысты жағдайда. Яғни республикалық референдум өткізу туралы шешім болғанда ғана референдуммен заң шығарылуы мүмкін. Ал, ондай шешімді ҚР Конституциясының бабының 10 тармағына сәйкес Республика Президенті болуы тиіс: өзінің, Республика Парламентінің, Үкіметтің және сан жағынан республиканың барлық облыстарын, астанасы мен республикалық маңызы бар қалаларын тең мөлшерде білдіретін республикалық референдумға қатысу құқығы бар екі жүз мыңнан кем емес республика азаматтарының. Тиісті бастамашылықтың болуы республикалық референдум өткізу туралы шешім қабылдауға міндеттемейді.

Қазақстан халқының еркін заңға, жалпыға міндетті құқықтық нормаларға айналдыру - бұл тиісті қызметтің жалпы бағытын көрсететін жетекші, бастапқы идеялармен қатаң сәйкестікте, яғни белгілі бір қағидалар негізінде жүзеге асырылатын процесс. Мемлекеттің кез-келген қызметі секілді құқық шығармашылығы да белгілі бір қағидалармен сәйкестілікте жүзеге асады. Оларды нақты атап айтсақ, жоғарыда тоқталған - құқық шығармашылығының демократиялығы және жариялылығы. Демократиялық қағидасы бұқара халықтың мемлекеттің құқық шығармашылығына қатысуының жолдары мен дәрежесін көрсетсе, жариялылық-құқық шығармашылығы қызметінің көпшілік үшін ашық, қолайлы процесс екендігін белгілейді.

Қазіргі ғалымдардың құқық шығармашылығының бастапқы идеясы ретінде көрсететін келесі қағидалары: құқық шығармашылығының

кәсіпқойлығы, заңдылығы, ғылымға негізделгендігі және құқық қолдану тәжірибесімен байланыстығы.

Құқық шығармашылығының кәсіпқойлығы қағидасы құқық шығармашылығының сапасымен, құқық шығармашылығы шешімін қабылдау жолдарының, тетігінің тиімділігімен тікелей байланысты. Мұндай қызметке заң жобасын жасау жөнінде кәсіптік білімі мен тәжірибесі бар жетік мамандар (заңгерлер, саясаттанушылар т.б.) катысулары тиіс.

Құқық шығармашылығының келесі қағидасы - құқық шығару процесінің ғылыми сапасын көтеру (ғылыми негізділігі) қағидасы. Бұл үшін қоғамның саяси, экономикалық, мәдени-әлеуметтік жүйелерін жан-жақты зерттеп, олардың ғылыми тұрғыдан талаптарын анықтап, қорытынды тұжырымдар жасап, оны қалай сапалы заңға айналдыру жолдарын, бағыттарын белгілеу қажет. Ол ғылыми тұжырымдарды тәжірибеден, тексерістен өткізіп алған абзал. Құқық шығармашылығындағы заңдылық - құқық шығармашылығының келесі қағидасы. Жаңа қабылданатын нормалар Конституцияның талаптарына сәйкес өмірге келуі қажет. Тек қана қабылданатын нормалар ғана емес, сондай-ақ оларды (нормативтік актілерді) дайындау, қабылдау және жариялау, яғни бүкіл құқық шығармашылығы процесі Конституция, заң шегінде, нақты талаптарға сәйкестікте жүзеге асырылуы керек.

Құқық шығармашылығының қағидаларының ішінде аталмай қалғаны - оның құқық қолдану тәжірибесімен байланыстығы қағидасы. Бұл қағиданы негізгі ғалымдар тобы құқық шығармашылығының ғылыми негізділігі қағидасымен бірлікте қарайды. Алайда оны жеке бөліп қарайтын ғалымдар да бар. Бұл қағиданың мәні мынада деп айтуға болады: құқық қолдану практикасы құқық шығармашылығы қызметінің нәтижесі болып табылатын нормативтік құқықтық актілерді өмірде жүзеге асыруға бағыттала отырып, құқық шығарушыға өз еңбегінің жемісін бағалауға, оның тиімділігі, сапасы туралы хабардар болуға, құқық шығару қызметін жетілдіріп отыруға көмектеседі. Құқық қолдану тәжірибесімен байланыста ғана құқық шығарушы өзінің кемшіліктерін, қателіктерін анықтайды, құқық шығармашылығына деген қажеттік-мұқтаждықтарды ашады.

Құқық шығармашылығының бұл қағидалары белгілі бір қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу негізінде халықтың еркін нормативтік құқықтық актіге айналдырумен байланысты, нормативтік актілерді дайындау, шығару, өзгерту, жою процестеріне қатысатын органдар мен ұйымдардың қызметінің бастамаларын көрсететін категориялар, жетекші идеялар.

Құқық шығармашылығының қағидаларын дұрыс анықтай отырып және олардың іс жүзінде жүзеге асуын қамтамасыз ету арқылы құқық шығарушы тиісті шығармашылықтың тиімділігін көтереді, құқық шығармашылығын ғылыми негіздейді. Аталған қағидалар біріншіден, құқық шығармашылығының негізгі, объективті қажетті жақтарын көрсетеді; екіншіден, құқық шығармашылығы процесіндегі тұрақты заңи байланыстар мен қатынастарды сипаттайды; үшіншіден, өз мазмұнында құқық шығармашылығының нақты нышандары мен ерекшеліктерін қамтиды. Құқық шығармашылығының

аталмыш қағидалары (демократиялығы, кәсіпқойлығы, заңдылығы, ғылыми негізділігі және құқық қолдану тәжірибесімен байланыстығы) - қай уақыттың болмасын құқық шығармашылығының бастапқы, анықтаушы идеялары.

Құқық шығармашылығы - құқықтық реттеу механизмінің негізгі, бастапқы сатысы. Мемлекет құқық нормасын жасай отырып, құқық қолданушы және құқық қорғаушы амалдардың барлық жүйесін әрекетке қосады және осылай жеке адамдардың, ұйымдардың, қоғамның дамуына әсер етеді. Демек, құқықтық реттеу тиісті субъектілер үшін нақты құқықтар мен міндеттер туындайды, жауапкершілік белгілейді. Құқық шығармашылығы арқылы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу тиісті қажеттіліктің болуымен байланысты. Ал, құқықтық реттеуге деген қажеттілік келесі жағдайларда пайда болуы мүмкін: 1. Құқықтық реттелуді қажет ететін қоғамдық қатынастардың жаңа саласы пайда болады; 2. Экономикалық және әлеуметтік процестердің қарқынды дамуы себепті бұрын реттелген қатынастардың құқықтық реттелуін өзгерту қажеттігі пайда болады. Құқықтық реттеуге деген қажеттілікті анықтау, оның бағытын анықтайтын факторларды зерттеу құқық шығармашылығының басталуының себепшісі. Қоғамдық қатынастарды құқық шығармашылығы арқылы құқықтық реттеу барысында адамдардың, халықтың ерік мүддесі алдыңғы кезекке шығады, тиісті нормативтік құқықтық актілерде бекітіліп, белгіленеді. Құқық шығармашылығы – бұл халықтың ерік-мүддесін бекіту, жалпыға міндетті заңды ережелерді қалыптастыру жөніндегі қызмет. Осы қызмет нәтижесінде мемлекеттің құқық жүйесі жасалады. Демек, құқықтық жүйенің қалыптасуы жеке нормативтік актілерді жасау арқылы жүргізіледі.

Нормативтік құқықтық акт - бұл құқық шығармашылығының соңғы аяқтаушы түйіні және тікелей заңды нәтижесі. Қандай нысанда көрсетілгеніне қарамастан, ол белгілі бір құқықтар мен міндеттер белгілейтін заңдық маңызы бар акт болып табылады. Осы тұрғыдан алсақ, құқық шығармашылығы - бұл сырттай қарағанда нормативтік құқықтық актілерді дайындау, талқылау, бекіту және жариялау амалы ретінде болады. Әрбір жаңа нормативтік акт - құқықтық жүйенің дербес бөлшегі. Құқық шығармашылығының нәтижесінде құқықтық жүйеге жаңа нормативтік акт қосылып отырады.

Құқық шығармашылығы - бұл бірыңғай, дәйекті іс-қимылдардың тәртібі. Сондықтан құқық шығармашылығына әсер ететін, көмектесетін, ол үшін қажетті шаралар мен жағдайлар жасайтын, бірақ нормативтік актілерді жасау жөніндегі жұмыстың қандай-да бір кезеңі болып табылмайтын іс-әрекеттер құқық шығармашылығы процесіне кірмейді, - деп А.С. Пиголкин дұрыс көрсетеді. Нақты айтсақ, заң актілерін жетілдіру туралы ұсыныстар, қандай-да бір құқық шығарушы органның қызметін жақсартуға байланысты жалпы ұйымдық шаралар құқық шығармашылығына жатпайды. Құқық шығармашылығы заңи маңызы бар әрекеттердің жүзеге асырылуының тәртібін белгілейтін қызмет. Сондықтан ол қызмет нормативтік құқықтық актіні дайындау мен қабылдау жөнінде қоғамдық қатынас пайда болғанда ғана жүзеге асады.

Құқық шығармашылығы құқық нормаларын әртүрлі амалдармен, ашып айтар болсақ жаңа ереже белгілеу, ескіні жаңарту, яғни өзгерту, сондай-ақ,

толықтыру және бұрын қабылданған нормаларды жоюдың түрлі амалдарын қолданып жасайды. Құқық шығармашылығының жолдары алдымен құқық нормаларының қалай жасалатынына қарай ажыратылады. Құқық шығарудың негізгі амалдарына бізге тарихтан белгілі, сондай-ақ бұдан біраз бұрынырақ, алдында жазылып кеткен мына әдістерді жатқызуға болады. Олар: құқық нормасын шығару, әдет-ғұрыптарды тану және сот үлгілерін жасау. Нақтырақ ашып айтсақ, 1) құқық шығармашылығы органының қатысуынсыз қалыптасқан құқықтық сипаттағы нормаларды мемлекеттің тануы. Бұған әдет-ғұрыптарды мемлекеттің тануын жатқызамыз; 2) нақты іс бойынша мемлекет органдарының шешімдеріне нормативтік сипат беру (үлгі прецедент); 3) нормативтік актілерді жасау жөніндегі мемлекеттің қызметі. Бұған дейін де атап кеткеніміздей, қазіргі Қазақстанның құқық шығармашылығының жолдары: нормативтік актіні уәкілетті органдардың шығаруы, нормативтік актіні референдуммен халықтың қабылдауы. "Нормативтік құқықтық актілер туралы" ҚР заңының 1 бабында құқық шығармашылығын жүзеге асыратын уәкілетті органдардың мазмұны ашылған. Яғни, уәкілетті органдар - ҚР Конституциясында, көрсетілген заңда, сондай-ақ сол органдар мен лауазымды адамдардың құқықтық мәртебесін айқындайтын заңдарда белгіленген өз құзыретіне сәйкес нормативтік құқықтық актілер қабылдауға хақылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдары: ҚР Президенті, ҚР Парламенті, Үкіметі, ҚР Конституциялық Кеңесі, ҚР Жоғарғы Соты, Орталық сайлау комиссиясы, орталық атқарушы органдар, ҚР Ұлттық Банкі, өзге де мемлекеттік органдар. Олардың қабылдайтын нормативтік құқықтық актілері - бұл құқықтық нормаларды белгілейтін, олардың қолданылуын өзгертетін, тоқтататын немесе тоқтата тұратын жазбаша ережелердің жиынтығы, ресми құжат. Аталған уәкілетті органдардың құқық шығармашылығы қызметі заң негізінде және оны орындау үшін жүзеге асырылады. Олардың құқық шығармашылығы қызметінің бағыты мынада: нормативтік құқық актілерін қабылдау арқылы қоғамдық қатынастарды құқықтық жолмен реттеу. Нормативтік құқықтық акт қандай жолмен шығарылғанына қарамастан, ол құқық шығармашылығына деген құқықтық болуының нәтижесі. Құқық шығармашылығына құқық - бұл нормативтік актінің қандай-да бір түрін шығаруға (қабылдау, өзгерту, толықтыру немесе жою) заңмен белгіленген құқық. Нақты талдасақ, құқық шығаруға деген құқық біріншіден, заңдылықпен көрсетілген тәртіптің түрін және шамасын білдіреді; екіншіден, құқық шығармашылығына деген құқықтың қайнар көзі болып тек қана нормативтік құқықтық актілер табылады, яғни мұндай құқыққа ие болу нормативтік актіде белгілену арқылы ғана мүмкін болады. Құқық шығармашылығына құқық - бұл тиісті құқығы бар субъектілердің құзыретінің бір бөлшегі.

Құқық шығармашылығы - бұл құқықтық қызметтің неғұрлым күрделі және жауапты сатысы. Оның нәтижесінде қоғамның санасы және мемлекеттің саясаты жүріс-тұрыс нормаларына айналады.

ҚР Конституциясының 49-бабының 1-тармағына сәйкес ҚР Парламенті заң шығару қызметін жүзеге асыратын жоғары өкілді орган. Заң шығарушылық және өкілді сипат қай елдің болмасын Парламентіне тән қасиет. Халықпен

тікелей және жанама құрылатын бұл орган бүкіл халықтың атынан өкілдік етеді және азаматтардың билікті жүзеге асыруының негізгі нысаны болып табылады. Ол халықтың, яғни мемлекеттегі барлық азаматтардың мақсат-мүдделері мен еркін білдіруші ретінде қарастырылады. Сондықтан да Парламенттің негізгі бағыты: тұрғылықты халықтың ерік-жігерін, мүдделерін тану, зерттеу және оларды заңдарда бейнелеу, өз депутаттары арқылы халықтың мемлекетпен тікелей, тұрақты байланысын қамтамасыз ету. Оның халық өкілдігі деп аталуының мәні міне осында. Тарихқа көз жүгіртсек халықтың өкілдік тұжырымдамасы XVIII - XIX ғасырларда-ақ қалыптасқанын байқаймыз. Ұлт (халық) нені ойлайтынын Парламент өзі біледі деп есептеледі, сондықтан да заңдар және өзге актілер шығару арқылы халықтың еркін білдіріп отырады. Депутаттар үшін ең бастысы - бүкіл халықтың еркін білдіре отырып, азаматтардың мүдделерін қанағаттандыру туралы қамқорлық.

Билік бөлу қағидасына сәйкес Парламентке заң шығару билігі еншіленген. Ол жоғары өкілді орган бола отырып, заң шығару қызметін жүзеге асырады. ҚР Парламентінің заң шығару билігі оның заңдарды қабылдау жөніндегі өкілеттіктерінің жиынтығын білдіреді. 1995 жылы қабылданған Конституцияға сәйкес Парламент Кеңес уақытындағыдай мемлекеттік биліктің жоғарғы органы емес, сондай-ақ 1993 жылғы Конституцияның қабылдануымен жаңа мәртебеге ие болған заң шығару қызметін жүзеге асыратын бірден-бір орган емес, ол жай ғана "заң шығару қызметін жүзеге асыратын жоғары өкілді орган". Және де оның мемлекеттік биліктің жоғары органы ретінде танылмағаны былай тұрсын, бірден-бір заң шығару органы ретінде жаңа Конституцияда белгіленбеуі кездейсоқ емес. Жаңа Парламенттің заң шығару қызметімен айналысатын бірден-бір орган болу қабілеттігінен айырылу себебі заң шығару қызметі халықпен референдум арқылы және Конституцияда көрсетілген жағдайларда ҚР Президенті тарапынан жүзеге асуы мүмкін. Олай болса, нақтырақ ашып, заң шығармашылықтың Қазақстан Республикасындағы жолдарының келесідей бірнеше түрлерін көрсетуге болады:

1. Қазақстан Республикасы Парламентінің заң шығаруы;
2. Парламенттің ҚР Президентіне заң шығару құқығын беруі, яғни Президенттің заң шығаруы;
3. Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар жарлықтар шығаруы;
4. Референдум арқылы Қазақстан халқының заң шығаруы.

Ұсынылып отырған жипломдық зерттеудің тақырыбы Қазақстан Республикасы Парламентінің құқық шығармашылық қызметіне басты назар аударуға негізделген.

2. Құқықшығармашылық іс жүргізудің сатылары

Құқық шығармашылық мемлекет жұмысының ең күрделі, жауапкершілікті түрі. Норма шығармашылық қоғамдағы қарым қатынастарға тікелей ықпал ететін негізгі жол. Құқыққа күш беретін құрал. Құқық шығармашылық тек мемлекеттің жұмысын, мемлекеттің, қоғамның, жеке адамдардың мүдде – мақсаттарын іске асырып, орындайтын бірден-бір айқындалған жол. Басында

норма туралы ой-пікір табиғи жолман қалыптасып, жаңа қатынастарды реттеуге, юасқаруға үлес қоса бастайды. Бірте- бірте ой-пікір норманың жобасын айналады. Сөйтіп мемлекеттің органына қарауына, талқылауға түседі. *Құқық шығармашылықтың үш түрі бар:*

1. тікелей мемлекеттік органның нормативтік актілерді қабылдауы, бекітуі, шығаруы.
2. өмірде көп жылдар бойы қалыптасқан әлеуметтік нормаларды қабылдап, бекіту;
3. нормаларды референдум арқылы бекіту;

Норма шығармашылықтың өзіне тән қағидаларын: әділеттілік, демократизм, заңдылық, теңдік, достық, бостандық. Міне, осы қағидалар дұрыс дамысы мемлекеттің жақса жұмыс жасауының сипаттамасы. Бұл қағидаларды бұзуға жол бермеу керек.

Норма шығармашылықтың кезеңдері:

1. норма жобасы туралы тиісті органдарға ұсыныс жасау. Ұсыныс жасайтын субъектілер әр мемлекеттің конституциясында көрсетіледі.
2. тиісті ресми мемлекеттік орган қаулы қабылдап, жоба жасауға тапсырма береді.
3. жобаны талқылау. Оған мамандарды, заңгерлерді қатыстыру.
4. жобаны парламентте талқылау (1-3рет).
5. Нормативтік актіні қабылдау, бекіту.
6. Норманы жариялау.

Жаңа норманың сапалы болып шығуына, мазмұнды, ықшамды болуына өте қатаң көңіл бөлу,терминдерге түсінік беру, көп жүйелілерді біріктіріп, халықтың түсінуін ауырлатуға жол бермеу. оның орнына бірнеше жеке норма шығарған дұрыс.

Норманың мазмұнын үш түрге бөлуге болады:

1. тікелей сол норманың өз ішінде толық мазмұнның болуы (гипотеза, дизпозиция, санкция).
2. сілтеме түрде беру – норманың бір бөлімі, элементі жетпесе, сол заңның басқа баптарына сілтеме жасау.
3. бланкеттік түрде беру – норманың жетіспейтін жерлері туралы басқа заңдарға сілтеме жасау.

Мемлекет және құқық қоғамдағы халық үшін, олардың мүдде-мақсаттарын іске асыру үшін, орындау үшін өмірге келеді. Олар қалың бұқара атынан жұмыс жасайды.кеңестік тотолитарлық жүйе кезінде бұл мәселе керісінше айтылып, керісінше жұмыс дасалады. Онда адамдар мемлекет үшін жұмыс жасайды. Бұл пиғыл, пікір бізде қазір толығымен жойыюды. Мелекет және құқық халық үшін жұмыс атқарып, солардың мүдде-мақсаттарын «ске асыратын болады. Бұл міндеттерін мемлекет пен құқық бұқарасыз дұрыс уақытында орындай алмайды.

Сондықтан мемлекет нормативтік актілердің сапасын жақсартып, сол арқылы халықты, қоғамды басқаруға молырақ қатыстыруға тырысады.

Халықты, қоғамды басқаруға қатыстыру түрлері:

1. қоғамның барлық саласындағы қатынастарға қалың бұқара тікелей қатысады;

2. мемлекеттің басқару органдарына халық депутаттар сайлайды, сол арқылы мемлекеттің жұмысымен танысып, оның жақсаруына ықпал жасап отырады.;
3. күрделі мәселелер бойынша заңның жобасын талқылауға радио, телеэкран, газет-журнал арқылы қатысып отырады;
4. мемлекеттік референдумға халық қатысып, норма шығармашылық жұмыстарға қатысады;
5. қоғамдық бірлестіктер, одақтар, ұйымдар кәсіпкерлер одағы, саяси партиялар арқылы қалың бұқара мемлекет пен құқықтық жұмыстарының дамуына, жақсаруына, нығайтуына ықпал

Тақырып № 14 **Құқық жүйесі және заңнама жүйесі**

Ж О С П А Р

- 1. Құқық жүйесінің түсінігі және құрылым белгілері**
- 2. Қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің пәні, әдістері мен тәсілдері**
- 3. Заңнама жүйесі және құқық жүйесінің арақатынасы**

1. Құқық жүйесінің түсінігі және құрылым белгілері

Құқық жүйесі – заңи қалыптардың (нормалардың) біріктірілуін және бөлшектенуін бейнелейтін құқықтың ішкі құрылымы.

Бұл ұғымның негізгі мақсаты – қалыпты (нормативті) алқаптың салаларға және институттарға біріктірілуі мен бөлшектенуін қатар түсіндіру, жағымды (позитивті) құқыққа жалпылай жүйелі сипат беру. Соңғысының нақты қоғамның құқықтық жүйесінің қалыпты өзегі бола отырып, мазмұны мен нысанының біртұтастығы және дербестігі, тұрақтылығы және қозғалыста болуы, өзара байланыстығы және құрылымдылығы сияқты қасиеттері, одан басқа дамуының өзіне тән мазмұны және бастаулары бар. Ерекше айта кететін жәйт, құқық құрылымы (құқық жүйесі) оның нысанын (заңдар жүйесін) қамтамасыз етеді және онымен ажырамас байланыста болады.

Құқықты жүйе ретінде тану мен ұғыну үшін, заңи қалыптардың (нормалардың) құрылу негіздерін, біріктірілу және бөлшектену белгілерін анықтау қажет. Ол үшін құқықтық материяның тіршілік етуінің негізгі нысандары мен даму қисындарын ашатын әртүрлі сүйенімдерді және өлшемдерді пайдалану тиімді.

Генетикалық сүйенім тұрғысынан одан шығатын бастапқы және туынды белгілерін ажыратуға болады. Құқыққа қатысты айтатын болсақ, бастапқы белгі болып адам саналады. Туынды белгілер болып бұл тұрғыдан әртүрлі, қандай-да

бір тәсілмен құрастырылған әлеуметтік және әлеуметтік-құқықтық құрылымдар, әсіресе, мемлекет және қоғам болуы мүмкін. Осыдан барып құқықты біртұтасты ретінде жүйекұраушы, қатырушы байланыстар, сонымен қатар оны жаратылысты және жағымды деп бөлінуін қамтамасыз ететін байланыстар өз бастауларын алады. Жаратылысты құқық дегеніміз сапалы әлеуметтік организм ретінде адамның өз жаратылысынан туындайтын құқықтар мен міндеттердің жиынтығы, яғни қоғамдағы адамдардың мінез-құлығының әділетті қалыптары (нормалары) болған құқықтар мен міндеттер. Жағымды құқық – бұл белгілі бір құқықтар мен міндеттерден тұратын, мемлекет және қоғам атынан шығарылатын, қалыптық (нормативтік)-құқықтық актілерде (заңдарда, сот прецеденттерінде, атқарушы биліктің актілерінде) айқындалған қалыптар жүйесі. Сонымен бірге, қазіргі жағымды құқықтың барлық құқықтық жүйелері сол немесе басқа дәрежеде жаратылысты құқыққа негізделетін, жаратылыстық-құқықтық бастаулармен қамтамасыз етілетінін естен шығармау керек.

Аталған белгілер құқықты жеке және көпшілік деп бөлшектеудің де негізін құрайды. Біріншісі бөлек тұлғалардың қажеттіктерін қанағаттандыруға және мүдделерін қорғауға бағытталса, екіншілері мемлекеттің жалпы мүдделерін қорғайды.

Тарихи сүйенім құқықтың жүйе ретінде барлық қалыптасу жолдарын бақылап отыруға мүмкіндік жасайды. Мұның анық жалпы белгісіне құқық нысаны (бастаулары) жатады, оны талдау сол немесе басқа құқық жүйесіне тән айрықша жүйекұраушы бастауларын, оның құрама бөлшектерін үйлестіру тәсілдерінің ерекшеліктерін белгілеуге мүмкіндік береді. Аталған белгіге сәйкес, дағдылы (дәстүрлі) құқықты, прецеденттік құқықты, келісім-шарт құқығын және заңдар құқығын (кодификацияланған, статутталған, декреттелген құқық) ажыратуға болады.

Тарихи көзқарас, құқық жүйесінің негізін құрайтын генетикалық байланыстарды аша отырып, сонымен қатар жүйенің уақыт пен кеңістікте өзгеру қозғалысын бақылауға мүмкіндік жасайды. Бұл, бөліп айтқанда, адамның тірі организм және әртүрлі әлеуметтік құрылымдардың мүшесі ретінде дамуына байланысты. Мұнда құқыққа әртүрлі діни, іліми, әдептанымдық (этикалық) себептердің ықпалы, олардың ортасындағы ара-қатынас байқалады. Бұл тұрғыдан, мысалы, мұсылман құқығы, үнді құқығы жүйелері бөлініп шығады.

Жүйеленген-құрылымдық кесінді құқық қалыптарының (нормаларының) кеңейтілген, нақты бір үлгіде реттелген қатарын белгілейді. Заңи қалыптардың (нормалардың) қисындасуларының реттелінуі, келісімділігі, өзара байланыстығы және бөлшектілігі қоғамдық қатынастардың құрылымдылығымен және олардың құқықтық жанама лауының мақсаттылығымен қамтамасыз етіледі. Құқық жүйесіндегі құрылымдық құрылыстар бір-бірінен өзінің құрылу күрделілігі бойынша (көлденеңінен, тігінен, ұзынынан және тағы басқаларынан) бөлшектерінің бас бұлтартпастық, өзара байланыста болу дәрежесі бойынша және тағы сол сияқтылар бойынша ажыратылады. Қоғам мен құқық дамуының белгілі бір кезеңдерінде алдыңғы

шепке аса тиімді құрылым шығып отырады. Қазіргі кезде мұндайға қалыптарды (нормаларды), институттарды, құқық салаларын бойына сіңірген құрылыс жатады.

Заңи қалып (норма) – құқықтың бастапқы және соңғы құрама бөлшегі. Ол өзінде болып жатқан өзгерістерді бәрінен бұрын өзі байқайды. Әмбебаптық, алмаспайтын маңызына қарай құқық қалыптары (нормалары) өзіне тән қасиеттерді жүйенің басқа деңгейлеріне таратып, құқықтық материяның есеп ашу нүктесі, өлшем бірлігі қызметін атқарады.

Құқық қалыбы қоғамдық қатынастың қандай-да болмасын бір қырын өздігінше реттейді. Қатынасты, жалпы алғанда, құқықтық тұрғыдан реттеу үшін қалыптар (нормалар) кешенінің (заттық, яғни материалдық, жүрістік, яғни процессуалдық, анықтаушы, яғни дефинитивтік, жабдықтаушы, яғни оперативтік) өзара әрекеті жиі талап етіледі.

Құқық институты – қоғамдық қатынастардың нақты түрін реттейтін заңи қалыптардың (нормалардың) дараланған тобы. Мысал ретінде азаматтық құқықта меншік құқығы институтын, әкімшілік құқықта лауазымды тұлғалардың жауаптылығы институтын, конституциялық құқықта сайлау құқығы институтын атауға болады. Институттар өз кезегінде салалық және салааралық (кешенді) болып келуі мүмкін.

Құқық саласы – біркелкі қоғамдық қатынастарды реттейтін заңи қалыптардың (нормалардың), институттардың дараланған жиынтығы. Ол жүйеқұраушы байланыстардың аса жоғары деңгейін көрсетеді, белгілі бір тұтастығымен, дербестігімен сипатталады. Салалар заттық (материалдық) және жүрістік (процессуалдық) болып ажыратылады. Біріншісіне, мысалы, азаматтық, қылмыстық, әкімшілік құқығы жатады. Екіншісін азаматтық іс жүргізу, қылмыстық іс жүргізу, әкімшілік іс жүргізу құқығы құрайды. Конституциялық іс жүргізу құқығы саласының да қалыптасқан жағдайы бар.

2. Қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің пәні, әдістері мен тәсілдері

Құқықтың салаларға және институттарға бөліну белгілеріне құқықтық реттеудің заты мен әдісі де жатады.

Құқықтық реттеу заты – құқықтық жанамалауды шынайы түрде қажет ететін адамдардың айғақты қатынастары. Олардың аясы өте кең және сан-алуан, яғни еңбек, басқару, мүлктік, жер, отбасы, және тағы басқа қатынастар. Аталғандарға мынадай белгілер тиесілі:

1. Адам мен оның бірлестіктері үшін өмірлік маңызы бар қатынастар;
2. Ерікті, мақсатты (саналы) қатынастар;
3. Тұрақты, қайталанып тұратын және үлгілі қатынастар;
4. Сырттай бақылауды (мысалы, заңи органдар тарапынан) жүзеге асыру мүмкіндігі болатын мінез-құлықты қатынастар.

Қоғамдық қатынастар құқықтың салаларға және институттарға бөлінуінің негізгі, шынайы белгісі қатарына жатады. Бұл қатынастардың құрылымы, олардың үлгісі, түрі, санаты белгілі бір мөлшерде қалыптың (норманың),

институттың, саланың, жалпы құқықтың құрылымдық және мазмұндық көлемдерін қамтамасыз етеді.

Құқықтық реттеу әдісі – ұзақ адами қатынастардың нәтижесінде пайда болған, адамдардың мінез-құлығына заң ықпал ету тәсілдерінің, амалдарының жиынтығы. Егер құқықтық реттеу заты құқықты не реттейді деген сұраққа жауап іздесе, әдіс қалай реттейді деген сұраққа жауап береді. Әдіс заттың объективті және субъективті жақтарын жинақтай отырып, сол затқа қатысты жүрісті (процессуалдық) сипатта болады.

Қоғамдық қатынастарды реттеу барысында әртүрлі әдістер пайдаланылады:

Бұйрықты (императивті) және ұйытқылы (диспозитивті);

1. Баламалы және ұсынбалы;
2. Көтермелеу және жазалау.

Оларды қолдану қатынастардың мазмұнына, құқық қолдану тәжірибесінде қалыптасқан заң шығарушының қарауына, халықтың құқықтық мәдениетінің деңгейіне байланысты. Аталған әдістер өз бетінше жай біріккен күйдегі әрекетте, сонымен бірге бір-бірімен өзара әрекеттестікте бола алады.

Әдістердің өз сипаты бойынша ең кең таралғаны және бір-біріне қарама-қайшы келетіні бұйрықты (императивті) және ұйытқылы (диспозитивті) әдістер. Бұйрықты әдіс бір субъектілердің екіншілеріне қатаң, бағыну қатынастарына негізделеді, ол әкімшілік құқықта, қылмысты атқару құқығында елеулі орын алған. Ұйытқылы әдіс тараптардың теңдігін қарастырады және жеке құқық (азаматтық, еңбек, отбасы) салаларында қолданыс табады.

Құқық жүйесі дегеніміз – қоғам дамуының лайықты объективті заңдылықтарына қатысты қалыптасқан оның ішкі құрылымы. Заңды нормалар өзіндік өзгешеліктеріне сәйкес әр түрлі салаларға бөлінген құқықтың ішкі құрылымының, сондай-ақ қоғамдық қатынастар шеңберінде реттелетін (мазмұны, ерекшелігі) біртұтас жүйесінен тұрады. Құқықтың әрбір саласының бірыңғай қоғамдық қатынастарды сапалы қамтитын өзінің реттеу тетігі бар. Бұдан басқа құқық салаларын қосымша шектеу критериясы ретінде құқықтық реттеу тәсілі, яғни құқықтық нормалармен тікелей нығайтылған белгілі бір қоғамдық қатынастар шеңберіне ықпал жасау тәсілдері (мысалы, билік принципінің әкімшілік құқығы нормаларындағы баяндылық және бұл құқық арқылы қоғамдық қатынастардың немесе еңбек құқығындағы қатынастардың реттелуі, бұл құқық нормаларымен қатаң еңбек режимінің және т.б. реттелуі) болады.

Сөйтіп, құқық саласы дегеніміз – біртекті белгілермен нақты қоғамдық қатынастарды, сапалы біртекті қоғамдық қатынастарды реттеп отыратын нормалар жиынтығы. Құқық салаларына осы оқу құралында қарастырылатын әкімшілік, конституциялық, азаматтық және еңбек құқықтары ғана емес, басқа жүйелер бойынша зерттелетін салалар да жатады. Нақты айтқанда:

Қаржылық құқық – еліміздің бюджеттік жүйісін ұйымдастыруды, кәсіпорындар, мекемелер және ұйымдар арасындағы ақша қаражатын пайдалану және жұмсау мәселесі бойынша қалыптасқан қатынастарды, сондай-ақ салық туралы заңның талаптарын орындау мәселесі бойынша қаражат

органдары мен азаматтардың арасындағы жағдайларды реттеп отыратын құқықтық нормалардың жиынтығы;

Жер құқығы – жерді ұтымды пайдалану мақсаттарында біртұтас мемлекеттік жер қорын бөлу және пайдалану, жерді гүлдендірудің әсерлі шараларын өткізу, сондай-ақ жер қатынастары шеңберінде заң талаптарының қатаң сақталуын реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы;

Отбасылық құқық – некеге тұру мен оны тоқтатудың тәртібі мен шарттарын белгілейтін, отбасындағы жұбайлардың қарым – қатынасын, балалар мен ата – аналарының құқықтары мен міндеттерін, бала асырап алуды қамқорлыққа және өкілдікке алуды, балаларды тәрбиелеуге қабылдауды, азаматтық хал актілерін тіркеу тәртібін және т.б. реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы;

Қылмыстық құқық – қылмыс деп аталатын қоғамдағы қауіпті әрекеттерді анықтайтын, қылмыс жасауға кінәлі деп табылған адамдарға қылмыс жазаларының шараларын белгілейтін құқықтық нормалар жиынтығы;

Қылмыстық – атқарушылық құқық – тәрбиелеу түзеу мекемелерінде, түрмелерде және т.б. жағдайларда жазасын өтеу кезеңіндегі қылмыстық атқарушылық тәртіпті белгілейтін құқықтық нормалар жиынтығы;

Қылмыстық істер жүргізу құқығы – тексеру, алдын ала тергеу, прокуратура органдарының қылмысты іс қозғау, тексеру, сондай-ақ қылмысты істерді соттық тұрғыдан қарау қызметінің тәртібін реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы;

Азаматтық істер жүргізу құқығы – азаматтық істер бойынша қаралатын және сот шешімдерін орындайтын соттар мен басқа қатысушылардың әрекет тәртібін реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы.

Өз нормалары (құқық институттары) бола тұрып, құқықтың әрбір саласы біртектес қоғамдық қатынастардың өзара тығыз байланысын реттейді. Мәселен, азаматтық құқықта құқық институты болып талап қою мерзімі, сату, сатып алу шарты, ал еңбек құқында еңбек шарты, жұмысшылар мен қызметшілердің материалдық жауапкершілігі және қылмыстық құқықта- лауазымдық қылмыстар және т.б. мойындалады.

Құқық жүйесі - қолданыстағы құқықтық нормалардың тұтастығы мен үйлесімділігі және олардың салалар (салашалар) мен институттарға логикаға сәйкес орналасқандығынан көрінетін құқықтық ішкі құрылымы.

Құқық жүйесі:

- а) құқықтық нормалардан;
- ә) құқық салаларынан;
- б) құқық салашаларынан;
- в) құқықтық институттардан тұрады.

Құқық жүйесі – құқықтық өзінің құрылысы, өзінің құқық салаларына (салашаларына) және институттарға жіктелуінің реті. Құқықтың жүйелік құрылысының белгілі бір анықталған иерархиялық (сатылық) байланыстары бар, ол өзара қисынды орналасқан көптеген элементтерден тұратын біртұтас құрылым.

Құқық жүйесінің негізгі ерекшеліктері:

- 1) жүйесінің бастапқы элементі болып құқықтың нормасы алға шығады, олар іріленген құрылымдарға – институттар, салалар мен салашаларға бірігеді;
- 2) жүйенің осы бастапқы элементтері өзара қайшы болмайды, бір бірімен байланысқан, іштей үйлескен болып келеді, мұның өзі жүйеге тұтастық, жинақылық түр береді;
- 3) жүйенің мұндай болуы әлеуметтік – экономикалық, саяси, ұлттық, діни, мәдени, тарихи факторлармен байланысты болып келеді;
- 4) құқық жүйесі объективтік түрде бар қатынастарға байланысты туындайды, адамдардың субъективтік еркінше жасалуы мүмкін емес. Құқық нені реттейді деген сұраққа пән жауап берген болса, оны қалай реттейді деген сұраққа пән жауап береді. Енді осыдан шығарып құқықтық реттеудің әдісіне анықтама беріп көрейік.

Құқықтық реттеудің әдісі дегеніміз – біркелкі сипатты қоғамдық қатынастардың құқықтық реттелуін жүзеге асыратын заңдық құралдардың жиынтығы.

Құқықтық реттеудің мынандай негізгі әдістері болады:

- 1) Императивтік әдіс – бұл өкілдік ұйғарымдар мен субординациялар арқылы тыйымдар, міндеттер мен жазалар беру нормаларына негізделеді.
- 2) Диспозитивтік әдіс – бұл әдіс келісімге келуші жақтардың теңдігі (теңқұқықтылығы), субординациялар арқылы рұқсат ететін (ерік беретін) нормаларға негізделеді.
- 3) Мадақтау – бұл лайықты мінез- құлықтың байланысты анықталған сыйлық беру әдісі.
- 4) Ұсынылатын, кеңес беретін – бұл әдіс қоғам мен мемлекет үшін қажетті нақты мінез-құлықтың болуын жүзеге асыруға кеңес беруге негізделеді.

Құқық жүйесінің құрылымдық элементтері:

Құқықтық норма – мемлекеттің өзі бекітіп кепілдендірген, нормативтік актілер нормасында көрсетілген, қоғамдық қатынастарды реттейтін жеке түрде жалпыға бірдей міндетті болатын мінез-құлық (іс-әрекет) ережесі.

Құқық институты – белгілі қоғамдық қатынастар топтамасын реттейтін заң нормаларының тәртіпке салынған жиынтығы. Құқық институты – құқықтық нормалардың салыстырмалы түрде алғанда көп емес орнықты жиынтығы. Құқықтық институттар қоғамдық болмыстың жекелеген тұстарын, фрагменттерін (үзінділерін) ретке келтіріп тәртіптеуге бағытталған. Институт – саланың құрамдас бөлігі, топтамасы, звеносы (үзбесі). Құқық саласының әрқайсысында көптеген институттар болады. Мысалы, қылмыстық құқықта тағайындау, жаза беру, қылмыстық жауапкершіліктен босату институттары болады; отбасы құқығында – неке институты, бала асырап алу институты, некені бұзу институты болады, азаматтық құқықта – сатып-алу, сату шарты институты, заңды тұлға институты, талаптың ескіру институты және т.с.с.

Барлық институттар бір-бірімен тығыз байланысты түрде бір саланың аясында және одан тысқары да қызметтерін атқара береді. Құқықтық институттардың арасында күрделі кешенділері де болады. Бұлар өз құрамдарында субинституттар деп аталатын тым майда құрылымдардан тұратын құқықтық нормалардың аса ірі жиынтықтары. Мысалы, азаматтық

құқықтағы жеткізіп тұрушылық институты өзіне айып институтын, айып төлеу (неустойка) және жауапкершілік институттарын біріктіреді.

Қандай да болсын бір жиынтықтың нақты құқықтық институтқа, жекеленуі үшін заңды үш нышаны (белгі) қызмет етеді:

- 1) құқық нормаларының заң тұлғасынан тұтастығы;
- 2) қоғамдық қатынастардың белгілі бір жиынтығын реттеудің толықтығы;
- 3) құқықтық институттарды құрайтын нормалардың заңдар және басқа нормативтік құқықтық актілер тарауларында, бөлімдерінде және басқалай да құрылымдық бірліктерінде жекеленуі.

Құқық саласы – құқықтық норманың жиынтығы болып табылатын, қоғамдық қатынастардың сапалық жағынан біркелкі аясын өзіне тән құқықтық реттеу әдісімен реттейтін құқық жүйесінің ең ірі бөлімі.

Құқық салашасы – құқық саласымен салыстырғанда құқықтық нормалардың аздаған ғана топтамаларын біріктіреді және тектес қоғамдық қатынастарды реттейді. Мысалы, кәсіпкерлік құқығы – азаматтық құқықтың салашасы.

Құқық салаларының белгілері (нышандары):

- әрбір саланың өз пәні болады;
- өзінің заңдары, қағида бойынша дербес кодекстері немесе ірі заңы болады;
- құқық нормаларын мүлтіксіз орындауға бағытталған құқық және міндеттерін, мемлекеттік құқықтық шараларды жүзеге асыру тәсілдерін белгілейтін өзінің заңдық ерекше режимі болады.

Құқық салаларын жіктеу:

- 1) басты құқықтық режимдерді қамтитын профильдеуші негізгі салалар және де бүкіл құқық саласы жүйесінің үстінде конституциялық құқық болады, содан кейін барып материалдық салалар – азаматтық, әкімшілік қылмыстық құқық және соларға сәйкес іс-жүргізу салалары – азаматтық іс жүргізу құқығы, әкімшілік іс жүргізу құқығы, қылмыстық іс жүргізу құқығы болады;
- 2) арнайы салалар – мұнда құқықтық режимдер қоғамның ерекше аясына еңбек құқығына, жер, қаржы құқығына, әлеуметтік қамсыздандыру құқығына, отбасы құқығына ыңғайластырылады;
- 3) профильдеуші және арнайы салалардың әртекті институттарын біріктіруі оларға тән болып келетін кешенді салалар: аграрлық құқық, экологиялық құқық, сауда құқығы, прокурорлық қадағалау, теңіз құқығы.

3. Заңнама жүйесі және құқық жүйесінің арақатынасы

Осыған дейін құқықтық жүйенің ұғымын анықтадық, ал енді заңдар жүйесінің ұғымына тоқталайық.

Заңдар жүйесі дегеніміз құқықтың ішкі мазмұндық және құрылымдық сипатын шынайыландыратын қалыптық (нормативтік)-құқықтық актілердің жиынтығы. Бұл жүйе құқық жүйесінің сыртқы көрінісі. Соңғысы өзінің шынайы болмысын тек анық, нысаны айқындалған акті-құжаттардан алады. Бірақ, бөлек бір қалыптан (нормадан) жалпы құқыққа дейінгі аяларда құқық жүйесі мен заңдар жүйесі арасындағы ұқсастық шексіз

емес. Өзіндік ерекшеліктері, жеке даму үрдістері бар аталған аяларда өз бетінше өмір сүре алады.

Заңдар жүйесі құқықтық қалыптарды (нормаларды) шығару, оларды ресми актілерде бекіту және сол актілерді жүйелеу нәтижесінде қалыптасады. Оның құрылымы күрделі. Негіздеріне (белгілеріне) байланысты заңдар жүйесі мынадай болып келеді:

1. көлденеңді (салалық);
2. тік (сатылы);
3. күрделі (федеративті);
4. кешенді.

Заңдар жүйесінің көлденеңді (салалық) құрылымы құқықтық реттеу затымен, яғни айғақты қоғамдық қатынастармен қамтамасыз етіледі. Аталған белгінің негізінде құқық жүйесінің салаларына сәйкес, заңдар жүйесінің салалары мүшеленеді (конституциялық құқық – конституциялық заңдар, қылмыстық іс жүргізу құқығы – қылмыстық іс жүргізу заңдары және тағы сол сияқтылар).

Тік (сатылық) құрылым мемлекеттік билік органдарының және заңи күші бойынша қалыптық (нормативтік)-құқықтық актілердің сатысын белгілейді. Қазақстан Республикасының қалыптық (нормативтік)-құқықтық актілері жүйесінің басында Конституция, одан кейін конституциялық және басқа заңдар, ел Президентінің жарлықтары, Үкіметінің қаулылары, орталық атқарушы органдарының актілері (мысалы, ішкі істер министрінің бұйрықтары), жергілікті мемлекеттік органдардың қалыпты (нормативті) актілері (мысалы, мәслихат шешімдері) тұрады.

Күрделі (федеративтік) құрылым жүйесі екі белгіге негізделген – бір жағынан мемлекеттің федерациялық құрылымы, екінші жағынан заң шығарудағы федерация субъектілерінің құзырет аясы.

Заңдар жүйесіндегі кешенді құрылымдар құқықты реттеудің объектілеріне және мемлекеттік басқару жүйесіне негізделіп қалыптасады. Оларға табиғатты қорғау, көлік туралы заңдар, кейбір әлеуметтік топтардың (жастардың, әйелдердің, ардагерлердің және тағы сол сияқтылардың) құқықтық мәртебесін бекітетін қалыпты (нормативті) актілер жатады.

Әрбір мемлекетте сан алуан құқықтық нормалар мен құқықтық нормативтік актілер болады. Пайдалануға ыңғайлы болуы үшін оларды үнемі белгілі бір жүйеге келтіріп отыру қажет. Мұндай қызметті «заңдарды жүйелеу», яғни құқықтық нормативтік актілерді нақты іс-тәжірибелерде пайдалану мақсатында оларды «тәртіпке салу» деген ұғымын білдіреді. Заң ғылымында заңдарды жүйелеудің негізгі екі түрі бар: инкорпорация және кодификация.

Инкорпорация – нормативтік материалдарды белгілі бір тәртіппен бірыңғай жинақтарға жиынтықтау және біріктіру. Мұндай жинақтаулар мен біріктірулер әдетте әліппелік тәртіппен орналастыру, хронологиялық ретімен немесе субъектілері бойынша жасалады.

Инкорпорациялық жинақтау нормативтік материал әр түрлі жинақтарға толық немесе бірен-сарандап орналастырылады. Мұндай жинаққа орналастырылған актілердің мазмұны өзгертілмейді, сол шығарылған қалпында қалады,

дегенмен, кейде олардың мәнінің мазмұндалу түрінің өзгертілуі де мүмкін болады.

Инкорпалациялауда құқықтық акт мазмұны жағынан өзгертілмейді, оның өзгертулері сырттай болады: актінің бастапқы мәтініне ресми түрде енгізілген өзгерістер кіргізіледі, өздерінің күшін жойған баптар, уақытша ғана маңызды болған тармақтар сондай – ақ ашық түрде қайшылықтары барлары және тағы соған ұқсастықтары алынып тасталынады.

Инкорпарациялық өңдеуден өткен актілердің заңдық күші олардың қабылданған мерзімінен бастап сақталады. Субъектілері бойынша инкорпарация жартылай ресми инкорпорация және ресми емес инкорпарация деп жіктелінеді.

Ресми инкорпорация – мұны инкорпорация жүргізуге өкілеттік алған мемлекеттік органдар атқарады. Сонда ресми инкорпорация дегеніміз – құқықтық нормаларды жариялау және қайтадан баспа арқылы шығарудың тәсілі. Сондықтан ресми инкорпорация – заң шығарудың ресми көзі, қайнары. Бұл инкорпорация – хронологиялық және пәндік түрінде болады.

Хронологиялық ресми инкорпорация – нормативтік актілердің белгілі бір тәртібіне келтірілуін олардың ресми жариялануы барысында жасауды көздейді.

Пәндік ресми инкорпорация – жүйелеудің күрделілеу түрі. Мұның нәтижесінде мемлекеттік билікті басқарудың ең жоғары органдары шығарған күші бар нормативтік актілердің томдары, жинақтары жасалынады.

Бұл томдар мен жинақтарға нормативтік құқықтық актілер пәндік қағидат бойынша, қатаң түрде тақырыптар бағыттарын сақтай отырып орналастырылады. Мысалы: мемлекеттік құрылысты реттейтін, әкімшілік жауапкершілік, халық шаруашылық салаларындағы қатынастарды реттейтін нормативтік актілерді біріктіру.

Ресми емес инкорпорация – мұнда жүйелерді арнайы тапсырма алмай – ақ жекелеген ведомства, ғылыми және оқу орындары, жеке тұлғалар жасай береді. Сондықтан да ресми емес инкорпорациялық жинақтарды заңдар негіздері ретінде бағалауға болмайды. Құқық шығармашылығы істерінде, құқық қолдануларда бұларды нормативтік актілер жариялаудың нысаны ретінде қарастырып сілтемелер жасауға болмайды.

Кодификация – жүйелеудің ең күрделі және жетілдірілген түрі. Қолданыстағы заңдарды түбегейлі түрде өңдеу барысында жаңартылған кодификациялық акті даярлау және қабылдау жөніндегі атқарылатын қызмет болып табылады.

Осындай кодификациялаудың нәтижесінде заңдық күші бар құқықтық нормалар бірлестірілген тұтас актілерге жинақталады, оны тиісті мемлекеттік органдар қабылдап алады. Кодификациялаудың барысында арнайы нысанды негіздер, кодекстер, жарғылар, қағидалар және т.б. шығарылады. Мысалы, Конституция – басты кодификациялық акт. Олардан басқа қазіргі кезде Қазақстан Республикасында азаматтық, қылмыстық істерді жүргізу, азаматтық істерді жүргізу және т.б. кодекстер істер атқаруда күші бар актілер ретінде танылғандар. Кодификацияланған актілерге елімізде қазіргі кезде қолданыстағы «Жол жүру ережелері», «Темір жол жарғысы» және т.б. жатады.

Кодификациялық актілерде құқықтың белгілі бір салаларындағы әр текті қоғамдық қатынастарды тәртіптейтін түрлі құқықтық нормалар, институттар біріктірілген болып келеді. Бұл актілер өздерінің тұтастығы және орнықтылығымен ерекшеленеді. Ағымдағы барлық заңдар осы кодификациялық актіде тұтастыққа, орнықтылыққа қарай бағдарлындырылған, әрі қатарластыра бағындырылған.

1. Кодификацияны тек өкілетті мемлекеттік органдар ғана жүзеге асырады және ол ресми сипатта болады. Кодификацияның айырмашылықтарын көрсететін ерекшеліктері:

2. Кодификациялаудың нәтижесінде бірнеше актілер әр түрлі нормаларға біріктіріледі, сөйтіп түрі, мазмұны бойынша жаңа құқықтық акт жасалады. Оның мәтіні түп нұсқадағыдай ресми. Құқық қолдану органдары соған сілтеме жасауы тиіс.

3. Кодификация жиі – жиі жүзеге асырылып отырады, ол нормативтік материалдардың жиналып қордалануына және объективтік қажеттілікке байланысты жасалады.

Кодификация салалық және арнайы деп бөлінеді:

Салалық кодификация – қандай да бір белгілі заңдар саласының немесе оның салашасының нормативтік материалдарын біріктіру болып табылады (ҚР Азаматтық Кодексі; ҚР Қылмыстық Кодексі және тағы басқалар).

Арнайы кодификация - белгілі құқықтық институттың немесе бірнеше құқықтық институттың нормаларын біріктіреді.

Заң (басқа да нормативтік-құқықтық актілер) нормативтік акт болып саналады. Оның құрылымы ерекше. Заң баптардан тұрады. Бір заңда бір, бірнеше, ондаған баптар болуы мүмкін. Ал заңның бабы бір немесе бірнеше құқықтық нормалардан тұруы мүмкін. Егер заңның бабында бір норма болса, бап пен норма сәйкес келеді, бапта екі норма болуы мүмкін, онда, әрине, баптың мазмұны норманың мазмұнынан кең болады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 34-бабы екі құқықтық нормадан тұрады: 1. Әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен ар-намысын құрметтеуге міндетті. 2. Әркім Республиканың мемлекеттің рәміздерін құрметтеуге міндетті.

Сонымен қарастырған сұраққа қорытынды жасай отырып, заңдар жүйесіндегі кешенді құрылымдар құқықты реттеудің объектілеріне және мемлекеттік басқару жүйесіне негізделіп қалыптасатынын анықтадық. Оларға табиғатты қорғау, көлік туралы заңдар, кейбір әлеуметтік топтардың (жастардың, әйелдердің, ардагерлердің және тағы сол сияқтылардың) құқықтық мәртебесін бекітетін қалыпты (нормативті) актілер жатады.

Әрбір мемлекетте сан алуан құқықтық нормалар мен құқықтық нормативтік актілер болады. Пайдалануға ыңғайлы болуы үшін оларды үнемі белгілі бір жүйеге келтіріп отыру қажет. Мұндай қызметті «заңдарды жүйелеу», яғни құқықтық нормативтік актілерді нақты іс-тәжірибелерде пайдалану мақсатында оларды «тәртіпке салу» деген ұғымын білдіреді. Заң ғылымында заңдарды

жүйелеудің негізгі екі түрі бар екенін: инкорпорацияны және кодификацияны айқындадық.



Тақырып № 15 Құқықтық қатынастар

Ж О С П А Р

1. Құқықтық қатынастар түсінігі және түрлері
2. Құқықтық қатынастың құрылымы
3. Заңдық фактілер

1. Құқықтық қатынастар түсінігі және түрлері

Құқықтық қатынастар қоғамдағы әлеуметтік құбылыстардың ең күрделісі және ерекше түрі. Себебі бұл қатынастар толығымен құқықтық нормалар

арқылы реттеліп, басқарылып, мемлекеттік статус, кепілдік алып, қоғамның дұрыс, прогрестік жолмен дамуын қамтамасыз етеді.

Құқықтық қатынас – тек құқық нормаларымен белгіленген қоғамдық қатынастардың бір жағы ғана, оның арнайы көріну нысаны. Н.М. Коркунов айтқандай, ғылыми зеттеулер үшін ең маңыздысы, жалпы заңдылық нысанындағы бір жақты қатынастарды әр түрлі мазмұндарынан айыру. Сол мақсат үшін, заңгерлер ой күйінде, заңды қатынастарды құрайды, тек олар түгелімен, қалтарыссыз бір ғана құқық нормаларымен белгіленуі қажет.

Құқықтық қатынас жалпы құқықтық нормалардағы бағдарламаларды (объективтік құқық) белгілі (субъективтік) құқыққа және қоғамдық қатынастарға қатынасушылардың міндетіне айналдыратын құрал болып табылады. Құқық объективтік мәнінде құқық нормаларының жиынтығы, құқықтың мазмұнын, жекеленіп белгіленбеген субъектілер ортасының міндетін белгілейді. Онда құқық нормаларының аясындағы көп адамдарға қатынасы бар бағдарламалар бар.

Құқық субъективтік жағынан алғанда, жекелеген құқық, ондағы жалпы заңды құқықтар және міндеттер белгілі адамдарға арналған, сондықтан оны құқықтық қатынас арасына көшіреді.

Құқықтық қатынас мемлекетпен қорғалатын жақтардың арасындағы пайда болатын, заңдылық құқыққа және міндеттілікке сай біріккен қоғамдық қатынастар. Құқықтық қатынас сыртқы еркіндіктің өлшемі, оның қатынасушыларына құқық нормалары арқылы беріледі.

Біріншіден, құқықтық қатынас құқық нормаларының негізінде құрылатын қоғамдық қатынастардың нысаны. Адамдар өздерінің өмір сүру процесінде бір-бірімен әр түрлі қатынастардың болады. Оларға еңбек, отбасы, мүліктік, достық, сүйіспеншілік қатынастар жатады және қоғамдық ұйымдарға мүше болуына байланысты қатынастарға жатқызуға болады. Дегенмен, өмірлік қатынастардың барлығы бірдей, құқық нормаларының көмегімен реттелмейтіндігін ескеруіміз қажет. Олардың көбісі моральдік, қоғамдық ұйымдардың ғұрып нормаларымен реттелетін қатынастар.

Құқық нормаларымен құқықтық қатынастардың қарым-қатынасы не десек? Құқық нормаларында адамдардың жалпы заңды құқықтары мен міндеттері бекісе, құқықтың ұйғарымына сай адамдардың мүмкіндігі, не болмаса міндеттеріне айналған қоғамдық қатынастардың кейіптік үлгісі белгіленеді. Олар белгілі адамдармен құқықтың талаптарына сай орындалса іске асады, яғни құқықтық қатынастарға кірсе. Құқықтық қатынастардың жақтары белгілі заңдылық құқықтарымен және міндеттерімен құқық нормаларында бекітілген жалпы нысанда қамтамасыз етіледі. Соған байланысты құқықтық қатынастар арқылы, құқықтық нормалардың талабы нақтылы түрде іске асырылады.

Екіншіден, құқықтық қатынастардың, қатынасушылары өзара заңды құқықтармен және міндеттермен қамтамасыз етілген. Егер, құқықтық қатынастың бір субъектісінің құқығы болса, екіншісіне заңды міндеттер жүктеледі. Мысалы, сатып алушы, сатушыдан сапалы затты беруді талап етуге құқығы бар. Осы ойды К. Маркс «құқық міндетсіз болмайды, міндет те құқықсыз болмайды»- деп тұжырымдаған.

Үшіншіден, құқықтық қатынас сапалы ерікті сипатта болады. Жеке адамдардың еркінен тәуелсіз объективті пайда болатын экономикалық қатынастардан айырмашылығы, құқықтық қатынас әр уақытта жеке-ерікті сипатта болады. Сапалы – еріктегі құқықтық қатынастың мазмұны, бір-біріне аралас екі бағыттан тұрады. Бір жағынан, олар құқық нормаларының негізінде пайда болған сапалы еріктегі адамдардың қызметі (құқықтық творчестводағы органдар). Екінші жағынан, құқықтық қатынастардың субъектілері құқықтық нормалармен белгіленген заңдылық құқықты және міндеттерді өздерінің ерікті, саналы қимылдарымен іске асырады.

Төртіншіден, құқықтық қатынас мемлекет кепілдігіне алынады және қажет болған кездерде оның күшімен қорғалады. Мемлекет құқық нормаларын толық іске асыру үшін, қажетті экономикалық, әлеуметтік және басқа да жағдайларды жасайды.

Құқықтық қатынас әр түрлі негіздерге байланысты бөлінеді. Сол негіздерге байланысты мемлекет құқық, әкімшілік құқық, азаматтық-құқық, отбасы-құқығы, қылмыстық құқық және басқа да салалық құқықтық қатынастарға бөлінеді.

Қоғамдық қатынастар - белгілі бір өндіріс тәсілі негізінде өндірісте және өмірде адамдар арасында қалыптасатын күрделі де сан қилы қатынастар. Философия тарихты материалистік тұрғыдан қоғамдық қатынастарды материалдық және идеологиялық деп екіге жіктеді. Материалдық қоғамдық қатынас объективті, адамдардың санасы мен еркіне байланысты емес. Материалдық қоғамдық қатынас ішіндегі ең бастысы әрі айқындаушысы адамдардың өндірістік қатынастар болып табылады. Өндірістік қатынастар қоғамдық өндіріс процесіндегі адамдар арасындағы материалдық экономикалық қатынастардың жиынтығы. Өндірістік қатынас – қоғамдық өндірістің қажетті жағы. Жеке адам материалдық игіліктерді өндіре алмайды. Өндіру үшін адамдар белгілі байланыстар мен қатынастар арқылы ғана олардың табиғатқа қатынасы болоды, өндіріс орын алады.

Идеологиялық қатынастар адамның санасына байланысты болады. Оның ең маңыздылары – саяси, құқықтық, моральдық, ұлттық, діни т.б. қатынастар. Қоғамдық қатынастардың барлық жиынтығы өзара заңды байланысқан реттелген бұлжымас бір ізді жүйе. Қоғамдық қатынастардың жиынтығынан белгілі бір ізділікті табу, оның ең бастысы, негізін анықтау. Қоғамдық қатынастардың өзара байланысын сипаттайтын заңдылықтарды ашу – ғалымның зор еңбегі. Қоғамдық өмірде қарым – қатынастар әртүрлі әлеуметтік топтар арасындағы қатынастар ретінде және сол ұжым ішіндегі қатынастар қатынастардың жиынтығы адамдар ұжымдары үшін олардың өмір сүретін белгілі бір әлеуметтік ортасы болып табылады.

Қоғамдық қатынас антагонистік және антогонистік емес болып екіге бөлінеді. Антогонистік қоғамдық қатынастар жеке меншікке және адамды қанауға негізделген қоғамдық – экономикалық формацияда болады. Антагонистік емес қоғамдық қатынастар қанаушылық жоқ қоғамда болады. Мәселен, алғашқы қауымдық қоғам Марксизм болашақ коммунизм қоғамында да болмағаны тиіс деп түсіндіріледі. Қоғамдық қатынастардағы кез

келген түбірлі өзгеріс тек өндірістік қатынастардың өзгеруіне байланысты. Қоғамдық қатынастардың басым көпшілігі әлеуметтік нормалар арқылы реттеліп, басқарылып жатады. Қоғамның мүдде – мақсаттары, саясат, мемлекеттік билік т.б. күрделі мәселелер құқықтық нормалар арқылы реттеліп, басқарылады. Өйткені бұл бағытта қоғамдық қатынастардың ең маңыздысы, ең күрделі түрлері топтасып, мемлекет пен құқықтық ең жауапты қызметіне айналады.

Құқықтық қатынастар – адамдардың өзара әлеуметтік, байланысы, қарым – қатынасы. Адамдар өмір сүру үшін, ұрпақты жалғастыру үшін т.б. басқа себептермен бір – бірімен қарым – қатынаста болады. Бұл объективтік процесс. Қоғамның диалектикалық даму процесіне сәйкес қарым – қатынастар да ескеріп, жаңарып жатады. Бұл процесс әртүрлі жолмен дамиды, адамдардың бостандығының, іс - әрекетінің шеңбері кеңиді. Ғылым мен техниканың дамуы қоғамдағы қарым – қатынастардың түрін шексіз көбейтіп, қарқынды деңгейде дамытты. Бірақ бұл қарқынды даму процесі адамды қоршаған ортаның экологиясын нашарлатты, табиғи ресурстарды, байлықтарды азайтты. Сондықтан адамдардың және қоғамның мүдде – мақсаттары тұрғысынан бостандықты дамыта отырып, кейбір қарым – қатынастарға шектеу қойылады.

Қоғамдық қатынастар әртүрлі болады: саяси, моральдық, әлеуметтік, ұлттық, діни т.б байланыстар. Бұл байланыс -қатынастар моральдық, әдет-ғұрып, діни, құқықтық нормалармен реттеледі. Мысалы, отбасы қатынастардың көпшілігі дәстүр, діни нормалармен реттеліп жатады. Қоғамдағы барлық қатынастар құқықтық нормалармен реттелмейді, тек әлеуметтік, қоғамдық мүдде-мақсаттарды қамтитын қатынастарды реттеп, басқарып отырады.

Құқықтық қатынас дегеніміз – мемлекеттік кепілдіктегі екі жақты құқықтары мен міндеттері бар қоғамдық қатынас. Құқықтық қатынастардың нышан-белгілері:

Бірінші – құқықтық қатынастар тек нормативтік актілер арқылы реттеліп отыратын қарым – қатынастарды біріктіреді. Нормативтік актілерде қатынастың мазмұны, субъектілердің құқықтары мен міндеттері, дұрыс орындалмаса жауапкершілік түрлері көрсетіледі. Құқықтық қатынастар арқылы нормативтік актілер іске асырылады.

Екінші – қатынастың субъектілерінің екі жақты құқықтары мен міндеттерінің толық көрсетілуі. Бір жағының құқығы екінші жағының міндеттеріне сәйкес, тең келеді. Субъектілердің бостандығы тең болады.

Үшінші – субъектілер өз еріктерімен, өз мүдде – мақсаттарын іске асыру үшін құқықтық қатынас жасайды.

Төртінші – егер қатынаста нормативтік актінің мазмұны бұзылса немесе субъектілер өз міндеттерін дұрыс, толық орындамаса, мемлекеттің қатысуымен бұл кемшіліктер түзетіліп, жауапкершіліктің түрін анықтауға тиіс.

Құқықтық қатынастардың түрлері:

1. Қоғамдағы барлық қатынастар және нормативтік актілер құқықтық жүйе – саласына сәйкес бірнеше түрге бөлінеді: мемлекеттік, әкімшілік, азаматтық, қылмыстық, қылмыстық – процессуалдық, азаматтық – процессуалдық, т.б. құқықтар.
2. Құқықтық норманың атқаратын ісіне қарай қатынастар екіге бөлінеді: реттеуші және қорғаушы. Реттеуші нормалау қатынастарды реттеп, басқарып, дамытып отырады. Қорғаушы нормалар қарым – қатынастардың дұрыс, заңға сәйкес орындалуы қамтамасыз етеді.
3. Құқықтық қатынастар мазмұнына қарай екіге бөлінеді: жалпылық және нақты. Жалпылық түрде құқықтық қатынас мемлекет пен жеке азаматтардың арасында болады. Нақты түрдегі қатынастар заңды себептер, фактілер болғанда басаталады. Мысалы, сауда – сату шарты, біріккен фирма құрылысы т.б. себептер.
4. Құқықтық қатынастардың субъектілерінің жағдайларына қарай екіге бөлінеді: абсалюттік және салыстырмалы. Абсалюттік түрде қатынастан туатын құқық бір жағындағы субъектіде болады, ал екінші жағындағы субъектісінде тек міндеттер болады. Бұл жағдай нормативтік актіде анық көрсетіледі. Мысалы, жеке меншіктің иесі құқықтық қатынаста болса, оның құқығын ешкім бұза алмайды және ол меншікке қатынастың субъектілері нышан келтірмеуге міндетті. Салыстырмалы түрдегі қатынастардың субъектілерінің құқығы мен міндеттері бірдей болады.

Құқықтық қатынастар қоғамдағы әлеуметтік құбылыстардың ең күрделісі және ерекше түрі. Себебі бұл қатынастар толығымен құқықтық нормалар арқылы реттеліп, басқарылып, мемлекеттік статус, кепілдік алып, қоғамның дұрыс, прогрестік жолмен дамуын қамтамасыз етеді.

Құқықтық қатынастың құрамының бөлшектері.

Құқықтық қатынастар – құқыққа байланысты, құқық негіздегі қоғамдық байланыстар. Құқықтық қатынас тек қана адамның мінез – құлқына құқықтық норма әсер еткенде пайда болады. Құқықтық қатынас - бұл субъективтік құқықтыр мен заңды міндеттер арқылы пайда болатын адамдар, ұйымдар, мемлекеттік органдар арасындағы байланыс. Құқықтық нормалардың талаптарын жүзеге асыруды қамтамасыз ете отырып, мемлекет қоғамдағы заңдылық пен тәртіптіде жақсартуға мүмкіншілік жасайды.

Құқықтық қатынастың құрылымы төрт элементтен тұрады: субъект, объект, субъективтік құқық, заңды міндеттер.

1. Құқықтық қатынастың субъектісі – жеке адам және заңды тұлғалар. Қазақстан Республикасының және басқа елдердің азаматтары сондай - ақ азаматығы жоқ адамдар жеке тұлғалар болып ұғынылады. Қатынастың субъектісі болу үшін олардың құқықтық қабілет және әрекеттілігі қалыптасу керек.

Құқықтық қабілет – құқыққа бостандықтар мен міндеттерге ие болу қабілеті. Құқықтық қабілет адам туған сәттен басталып, өлгенде аяқталады. Қазақстан Республикасының Азаматтық еодексі азаматардың құқықтық

қабілетінің негізгі мазмұнын анықтайды: меншігінде мүлік, оның ішінде шетелдің валютаны ұстауға ие болу; мүлікті мұрагерлікке не өсиет етіп қалдыру; тұратын жерін өзі таңдап алу; шет елдерге кетуге, қайтып келуге ерікті; шаруашылық құруға, қарым-қатынас жасауға т.б. құқықтары бар. Әрекеттілік – адамның өз әрекетімен құқығын пайдалана алу және Оны жүзеге асыру, өзі үшін міндеттер тудырып, оларды орындау қабілеті. Әрекеттіктің басты шарт кәмелеттік немесе құқықтық нормада белгілі жасқа толу болып табылады.

Құқықтық субъектіліктің адамның тәртіп бұзғаны үшін заңдылық жауапқа тартылу жағдайына байланысты бөлігі: құқықтық жауаптылық мүмкіндігі деп аталады. Бұл мүмкіндік Республиканың қылмысты істер заңды бойынша он алты жасқа толғаннан басталады. Ал, ауыр қылмыстар жасаған жағдайда он төрт жастан басталады.

Құқықтық субъектіліктің шарттар жасап басқа да келісімдер жүргізуге негіз болатын мүмкіндігі келісім қабілеттілігі деп аталады. Толық әрекеттілігі жоқ адамдар шектеулі келісім қабілетіне ие болады. Кәмелетке толмаған он төрт жасқа дейінгілер үшін келісімді олардың атынан ата – аналары, асырап алушылары, не қамқоршылары жасайды.

Құқықтық қабілеттілік пен әрекеттілікке заң актілерінде қарастырылған тәртіп пен жағдайларда ғана болмаса, ешкімге шектеу қойылмайды. Адамдардың әрекеттілігіне бірнеше шектеулер қойылады:

- кәмелеттік жасқа толмаған адамдардың, үйленуге (жанұяа құруға), қылмыстық жауапкершілікке тартылуына, жұмысқа орналасуына, әскер қатарына шақыруына шектеулер бар. Оларды бұзуға тиым салынған (шектеудің түрлері):

- адамдардың денсаулығының нашар болуы;
- туысқандық – қандас болу;
- егерде азамат сотталған болса;
- діни нормаларға шектеу.

Шет елдің азаматтары толық құқықты, тек олар сайлауға қатысуға, сайлануға, әскер қатарына шақырылуға құқығы жоқ.

Заңды тұлғалар: мемлекет, мемлекеттік аппарат – мекемелер, лауазымды тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер, одақтар, ұйымдар, ұжымдар заңды түрде құрылып, бекітілсе, тіркелсе толық түрде құқықтық қабілеті мен әрекеттілігі бар деп саналады, оның шеңбері олардың ережелері мен Уставында толық көсетілуге тиіс. Соған сәйкес олар жұмыс жасайды. «Оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болатын, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым заңды тұлға деп танылады». (АК – 33б.).

Құқықтық қатынастың объектісі - қоғамдағы көп түрлі, көп салалы саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдениеттік, азаматтық, қылмыстық әкімшілік, еңбектік, т.б. қарым – қатынастар. Материялдық дүние – заттар, рухани – шығармашылықтың өнімдері, жеке мүліктік емес игіліктер,

құқықтық субъектілердің іс - әрекеті және құқық қатынастарының нәтижелері – құқық қатынастарың объектілері.

Құқық қатынастың объектісі – тек қоғамдық және жеке тұлғалар мүдде – мақсатын реттеп, басқарып отыратын қарым – қатынастарды қамтиды. Оны мүдде – мақсаттарды орындаудағы субъектілердің іс - әрекеті, атқаратын жұмыстары құқықтық қатынастың объектісі болады.

Субъективтік құқық – құқықтық қатынастардағы субъектілердің екі жақты мүдде – мақсаттарының орындалуы. Субъективтік құқық пен заңды міндеттер құқықтық қатынастың ең негізгі мазмұнын құрайды.

Субъективтік құқықтық алдындағы негізгі мүдде – мақсаттар: бірінші – қатынастың күрделі мақсатын толық орындау; екінші – көрсетілген іс - әрекетті дұрыс орындау; үшінші – көрсетілген міндеттердің дұрыс орындалуын қамтамасыз ету; төртінші - егерде дұрыс орындалмаса, сот арқылы орындату. Бұл әрекет екі жақты субъектілердің құқығы. Оған ешкім кірісе алмайды. Субъективтік құқықтың орындалу әдіс – тәсілдері:

- 1) құқықтық алдында қойылатын өз мүдде – мақсатын анықтау;
- 2) құқықтық норманы дұрыс пайдалану;
- 3) құқықтық тәртіпті қатаң орындау.

Заңды міндеттер. Субъективтік құқық бар жерде сонымен бірге заңды міндеттер болады. Бұл екеуі бір – бірінсіз бола алмайды. Себебі қатынастардың көпшілігінде екі жақты субъектілердің міндеттері бар. Олардың дұрыс орындалуын қамтамасыз ету субъектілердің өздерінің іс - әрекетіне, жұмысына байланысты. Егерде әр субъект өзінің тиісті міндеттерін дұрыс, уақытында орындаса, онда сөз жоқ құқық та дұрыс уақытында орындалады деуге болады.

Құқықтық қатынастың заңды міндеттерінің орындылуының екі түрі болады: бірінші – қатынастағы бір субъект басқа субъектілердің мүдде-мақсаты үшін міндетті түрде іс - әрекет немесе бір белгілі жұмыс жасауға тиіс; екінші - оның іс - әрекетіне шектеу қою. Сонда ғана қатынас дұрыс орындалып, нәтижелі болады.

Заңды себептер. Қоғамдағы толып жатқан неше түрлі, неше салалы құқықтық қатынастар өмірге келіп, ескіріп, жаңарып жатады. Оның заңды себептері мен негіздері бар. Бұл объективтік процесс. Заңды себептері құқықтық қатынастардың, пайда болуы өзгеруі, ескіруі және жаңаруының негізі болады. Заңды себептердің екі түрі болады: оқиғалар және іс - әрекеттер.

Оқиғалы себептер – табиғаттың объективтік даму процесінен пайда болатын жағдайлар (өрт, жер сілкіну, су тасқыны т.б.). Оқиға құқықта - азаматтық құқықтық мен міндеттің пайда болу негіздерінің бір түрі. Оқиға деп – адамның тууын, өлуін, стихиялық апатты, уақыттың өтуін т.б. табиғи құбылыстар аталады. Азаматтық құқық пен міндеттемелерге оқиға заңда көрсетілген реттерде ғана негіз бола алады. Мысалы, қауыпсіздендіруші ұйым (госстрах) қауіпсізденушіге тиісті ақшаны оның мүлкі заңда көрсетілген оқиғадан (жер сілкіну, өрт) апатқа ұшыраса ғана төлауге міндетті. Азаматтың немесе заңды ұйымның кінәсіз пайда

болатын кейбір оқиғаларға арнаулы мән беріледі. Мысалы, жұмыс әрекеттері төңірегіндегілерге қатерлі қауіп туғызатын ұйымдар мен заттар (транспорт ұйымдары, өнеркәсіп орындары, құрылыстар, автомобиль иелері т.б.) егер зиянның келтірілуі бой бермейтін күштің салдарынан немесе жәбірленушінің қасақана іс - әрекеттен болғаны дәлелденсе, зиянды өтеуге міндетті. Азаматтық құқықта мүліктің кездейсоқ апатқа ұшырауы немесе бүліну тәуекелін (риск) тиісті мерзімді өткізген жақ көтереді. Адамдардың және заңды тұлғалардың іс - әрекеттері арқылы қалыптасқан себептер - адамның өзінің жұмыстарының нәтижесінде пайда болатын жағдайлар. Бұл себептер заңды және заңсыз іс - әрекеттер болып екіге бөлінеді. Заңсыз іс - әрекеттер тоқтатылуға немесе жауапкершілігі анықталуға тиіс. Құқықтық қатынастардың өмірге келуінің, өзгеруінің, ескеруінің, жаңаруының, дамуының заңды себептерінен басқа үш бөлімнен тұратын негізі болады: нормативтік актілер, заңды себептер, субъективтік құқық. Осы күрделі үш негіздер арқылы құқықтық қатынастар дамып, нығайып қоғамның объективтік даму процесін реттеп, басқарып отырады.

Құқықтық қатынастардың түрлері.

Құқықтық қатынастар қоғамдағы әлеуметтік құбылыстардың ең күрделісі және ерекше түрі. Себебі бұл қатынастар толығымен құқықтық нормалар арқылы реттеліп, басқарылып, мемлекеттік статус, кепілдік алып, қоғамның дұрыс, прогрестік жолмен дамуын қамтамсыз етеді. Құқықтық қатынастардың түрлері:

1. Қоғамдық барлық қатынастар және нормативтік актілер құқықтың жүйесаласына сәйкес бірнеше түрге бөлінеді: мемлекеттік, әкімшілік, азаматтық, қылмыстық, қылмыстық-процессуалдық, азаматтық-процессуалдық, т.б. құқықтар.
2. Құқықтық норманың атқаратын ісіне қарай қатынастар екіге бөлінеді: реттеуші және қорғаушы. Реттеуші нормалар қатынастарды реттеп, басқарып, дамытып отырады. Қорғаушы нормалар қарым-қатынастардың дұрыс, заңға сәйкес орындалуын қамтамсыз етеді.
3. Құқықтық қатынастар мазмұнына қарай екіге бөлінеді: жалпылық және нақты. Жалпылық түрде құқықтық қатынас мемлекет пен жеке азаматтардың арасында болады. Нақты түрдегі қатынастар заңды себептер, фактілер болғада расталады. Мысалы, сауда-сату шарты, біріккен фирма құрылысы т.б. себептер.
4. Құқықтық қатынастардың субъектілерінің жағдайларына қарай екіге бөлінеді: абсолюттік және салыстырмалы. Абсолюттік түрде қатынастан туатын құқық бір жағындағы субъектіде болады, ал екінші жағындағы субъектісінде тек міндеттер болады. Бұл жағдай нормативтік актіде анық көрсетіледі. Мысалы, жеке меншіктің иесі құқықтық қатынаста болса, оның құқығын ешкім бұза алмайды және ол меншікке қатынастың субъектілері нышан келтірмеуге міндетті. Салыстырмалы түрдегі қатынастардың субъектілерінің құқығы мен міндеттері бірдей болады.

Құқықтық қатынастар қоғамдағы әлеуметтік құбылыстардың ең күрделісі және ерекше түрі. Себебі бұл қатынастар толығымен құқықтық нормалар арқылы

реттеліп, басқарылып, мемлекеттік статус, кепілдік алып, қоғамның дұрыс, прогрестік жолмен дамуын қамтамасыз етеді.

Құқықтық қатынастардың нышан белгілері:

Бірінші құқықтық қатынастар тек нормативтік актілер арқылы реттеліп отыратын қарым-қатынастарды біріктіреді. Нормативтік актілерде қатынастың мазмұны, субъектілердің құқықтары мен міндеттері, дұрыс орындалмаса жауапкершіліктің түрлері көрсетіледі. Құқықтық қатынастар арқылы нормативтік актілер іске асады, орындалады.

Екінші қатынастың субъектілерінің екі жақты құқықтары мен міндеттерінің толық көрсетілуі. Бір жағының құқығы екінші жағының міндеттеріне сәйкес, тең келеді. Субъектілердің бостандығы тең болады.

Үшінші субъектілер өз еріктерімен, өз мүдде-мақсаттарын іске асыру үшін құқықтық қатынас жасайды.

Төртінші егер қатынаста нормативтік актінің мазмұны бұзылса немесе субъектілер өз міндеттерін дұрыс, толық орындамаса, мемлекеттің қатынасуымен бұл кемшіліктер түзетіліп, жауапкершіліктің түрін анықтауға тиіс.

Құқықтық қатынастың құрамының бөлшектері Құқықтық қатынастар - құқыққа байланысты, құқық негізіндегі қоғамдық байланыстар. Құқықтық қатынас тек қана адамның мінез-құлқына құқықтық норма әсер еткенде пайда болады. Құқықтық қатынас бұл субъективтік құқықтар мен заңды міндеттер арқылы пайда болатын адамдар, ұйымдар, мемлекеттік органдар арасындағы байланыс. Құқықтық нормалардың талаптарын жүзеге асыруды қамтамасыз ете отырып, мемлекет қоғамдағы заңдылық пен тәртіптіде жақсартуға мүмкіншілік жасайды.

2. Құқықтық қатынастың құрылымы

Қазіргі заң ғылымында тәжірибе мойындағандай, құқықтық қатынасты белгілі қоғамдық қатынастардан бөлек қарауға болмайды, себебі олар құқықтық нысанға айналады. Олар құқықтық нормалар негізінде пайда болып, и адамдар қимылдарының ерекше нысандарына және қылықтарына айналады. Заңдылық нысанмен қоғамдық қатынастардың нақты мазмұны-тұтас әлеуметтік құбылыс.

Дегенмен де, құқықтық нысандардың негізгі бөліктерінің қайсысының нақты қатынасына мемлекеттік мәртөбе беретінін және оның қорғалу кепілдігінің қамтамасыз етілуін білу өте маңызды.

Құқықтық қатынастардың құрамында төрт қажетті бөліктер бар:

Субъектілер, объектілер, құқық және міндеттілік :

1. Құқықтық қатынастардың субъектілері - бұл жекелеген жеке адамдар (индивидтер) және ұйымдар, олар құқық нормаларына сай субъективті заңдылық құқықпен міндеттіліктің иелері болып табылады. Бұл жалпы ереже, шын өмірде, барлық жеке адамдар және ұйымдар құқықтық қатынастардың субъектілері бола бермейді, оны әртүрлі объективті факторлармен: физиологиялық психологиялық, экономикалық түсіндіріледі. Жас балалар, ұйымдар өз өмір сүруін тоқтатса, шын мәнісінде құқықтық қатынасқа араласа

алмайды, егер құқықтың субъектісі болмаса, міндетті субъекті де жоқ және міндеттіліктің өзі де жоқ біреу туралы міндетті болуға болмайды.

Құқықтық қатынастың қатынасушыларына тек сол субъектілер жатады, егер олар объективтік құқық аясында болса. Олардың көпшілігі құқықтық мемлекетте болады. Басқа адамдар әр түрлі себептерге байланысты құқықтық реттеу аясына қосылмаса, әр түрлі жақсылық жасайтын қоғамдық ұйымдардың және мемлекеттің қарауында болады.

Құқықтық қатынастар, субъектілердің қатынасу өлшеміне, олардың құқықтық қабілеттілігіне және өзін - өзі билеу қабілеттілігіне байланысты.

Құқықтық қабілет – құқыққа бостандықтар мен міндеттерге ие болу қабілеті. Құқықтық қабілет адам туған сәттен басталып, өлгенде аяқталады. Қазақстан Республикасының Азаматтық еодексі азаматардың құқықтық қабілетінің негізгі мазмұнын анықтайды: меншігінде мүлік, оның ішінде шетелдің валютаны ұстауға ие болу; мүлікті мұрагерлікке не өсиет етіп қалдыру; тұратын жерін өзі таңдап алу; шет елдерге кетуге, қайтып келуге ерікті; шаруашылық құруға, қарым-қатынас жасауға т.б. құқықтары бар.

Әрекеттілік - объективтік құқық нормаларымен мойындалған, өзінің саналы қимылымен заңды құқықты және міндеттерді субъектінің өз еркімен іске асыру қабілеттілігі. Әрекеттілік жалпылама және арнайы бөліктерден тұрады. Жалпыламаға, мысалы заңды келісімдер жатса, арнайыға тек қатаң белгіленген келісімдер жатады. Табағи себептерге байланысты құқықтық қабілеттілікпен, әрекеттілік әр уақытта бір – бірімен сәйкес келмейді. Барлық адамдар құқықтық қабілетте болады, бірақ оның барлығы бір мезгілде әрекеттілікте болмайды.

Керісінше, барлық әрекеттілігі бар, адамдардың құқықтық қабілеттілігі болады. Сондықтан, құқықтық қабілеттілік көбіне кеңірек түсінік, себебі көпшілік адамдардың ортасына таралады. Жекелеген адамдардың әрекеттілігінің өзгешелігі адамдардың өзіндік табиғатына берілгендік және олардың өмірлерінің жағдайларына байланысты болады.

Әрекеттіліктің көлемі және мазмұны көптеген факторларға байланысты:

1. Құқықтық қабілеті бар субъектінің жасына байланысты. Барлық мемлекеттердің заңдары азаматтың кәмелеттік жасын анықтайды, себебі сол жасқа толғаннан кейін жеке адам әрекеттілік жағдайда болады, яғни өзінің қимылымен толық көлемде азаматтық құқыққа ие болады және өзі үшін азаматтық міндеттерді белгілейді (азаматтық әрекеттілік). Тең жағдайда адамның заңмен саяси есейгендік жасы белгіленеді, сол арқылы азамат саяси құқыққа ие болып, соған сай міндеттерді атқарады (мысалға, мемлекеттік органдарға сайлауға және құқығы бар, депутат болса халықтың алдында есеп беруге міндетті). Барлық елдерде тұрмыс құру жасы белгіленген. Субъектінің жасына байланысты оның әрекеттілігі толық не болмаса тежеулі болады. Мысалы, кәмелетке толмағандар келісімді тек ата – аналарының рұқсатымен жасайды.

2. Субъектінің әрекеттілігіне ықпал жасайтын олардың денсаулығы. Азамат психикалық ауруына не болмаса кемақылдылығына байланысты өзінің іс – қимылының маңызын түсінбейді және оны басқара алмайды, соттың

шешімімен әрекетсіздігі мойындалады. Ондай адамдардың құқығы және міндеттері олардың күтушілерімен орындалады. Заңға байланысты алкогольмен не болмаса есірткіні мөлшерден тыс пайдаланатын адамдардың әрекеттілігі шектеледі.

3. Әрекеттілікке, белгілі мөлшерде субъектінің туысқандығы ықпал жасайды. Оған ең алдымен неке – отбасы қатынастары жатады. Өркениетті елдерде заңмен, туысқандардың бірімен – бірінің қосылып тұрмыс құруына тыйым салынған. Кейбір елдерде, ерлі – зайыпты адамдар бір мекемеде жұмыс істеуге рұқсат берілмеген, әсіресе бір – біріне бағынышты жағдай.

4. Әрекеттіліктің мазмұнына ықпал ететін факторларға субъектінің заңды бұлжытпай орындаушылығы жатады. Қылмыс жасаған адам жазасын өтеу кезінде, өзінің көптеген азаматтық, саяси және басқа құқықтарды және міндеттерді, яғни құқықтық қабілеттілігін іске асыруға мүмкіндігі болмайды.

5. Әрекеттіліктің мазмұны, субъектінің дінге сенуіне де байланысты болады. Дінге сенушілік еркіндігі жарияланып, кепілдікке алынған құқықтық мемлекетте, діни сенімдердің себептеріне байланысты сенушілер мемлекеттің азаматтары ретінде әр түрлі құқықтар мен міндеттерден бас тартуы ықтимал. Мысалы, әскери қатарында қызмет істеуден, қажетті жағдайда қару – жаракты пайдаланып басқа адамдарға күш көрсетуден бас тартуы мүмкін.

Жеке адамға құқықтық қатынастың субъектісі ретінде – мемлекеттің азаматтары, шет ел азаматтары (шетелдіктер) және азаматтығы жоқ сол жер көлеміндегі тұратын адамдар жатады. Құқықтық қатынастың жекелеген субъектісі адам ғана емес – объективтік құқықпен құрылған оның тек бір ғана қасиеті. Азаматқа арналған барлық еркіндік және міндеттердің жиынтығын құқықтық мәртебе – деп атайды. «Құқықтық мәртебе» атауы толығымен адамның құқықтық жағдайын сипаттауға пайдаланылады, «Құқықтық қабілеттілік» атауы және «Әрекеттілік» әр түрлі адамдардың құқықтық қатынасқа сәйкестігіне байланысты қолданылады.

Құқықтық мемлекеттің азаматтары құқықтық заңдармен белгіленген барлық толық құқықтағы еркіндікпен және міндеттілікпен анық пайдаланады. Шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар құқықтық қатынастың қатынасушылары ретінде, басқа мемлекеттің жерінде, өздерінің құқықтық жағдайларына байланысты, оның меншікті азаматтарымен теңестіріледі. Олар толық құқықты мүлкті, қаржылық және көптеген басқа да теңдікте көрсетілген құқықтар және еркіндіктер кепілденеді, соған қосымша, өздерінің жекелеген, мүлдіктік, отбасылық және басқа құқықтарын қорғау үшін, сотқа және басқа мемлекеттік органдарға арыз беруге құқықтары бар. Шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық қабілеттілігін тежеу мемлекеттік өмірдің арнайы жақтарына байланысты болады (мысалы, олар шет мемлекетте әскери борышты өтемейді, белгілі мемлекеттік лауазымды орындарда істемейді, мемлекеттің өкімет органдарына сайлануға құқықтары жоқ).

Ұйымдарға құқықтық қатынастардың ұжымдық субъектілері мемлекеттік, қоғамдық жекешелеген ұйымдар және тұтасымен мемлекет жатады. Жекелеген субъектілермен ұйымның құқықтық қабілеттілігі және әрекеттілігінің айырмашылығы мақсаттары мен міндеттеріне байланысты тежеледі, себебі сол

үшін құрылып қызмет істейді. Әр түрлі ұйымдардың қызметі заңдармен не болмаса олардың меншік ережелерімен белгіленеді. Ережелер мемлекеттік билік органдармен рұқсат етілген және оның құқықтық негіздеріне қайшы болмауы қажет. Әржақты осындай қызметтеріне қарамай ол жалпы не болмаса жекелеген адамдардың мүдделерін құқықтық қатынас субъектілері ретінде қанағаттандыруға бағытталған. Ұйымдардың құқығы және міндеттері қатаң түрде олардың атқаратын қызметтеріне қарай анық белгіленген. Сол қалыпта ұйымдардың құқықтық қабілеттілігі және әрекеттілігі іске асырылады. Ұйымның әрекеттілігі тікелей ұйымның атынан шыққан өкілдер лауазымды адамдардың белгілі қимылдарынан көрінеді. Мемлекеттік ұйымдардың өкілдері ретінде парламент мүшелері, министрлер, прокурорлар, соттар, мемлекеттік мекеменің не болмаса ұйымдардың директорлары болуы мүмкін. Ондай өкілдердің қимылы ұйымдардың өздерінің қимылындай есептеледі.

Ұйымдардың субъектілерінің ішіндегі ерекше орынды заңды тұлғалар алады. Заңды тұлғаларға өздерінің мүліктері бар, өз аттарынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды қабылдап, міндеттерді атқарып, сотта арбитражда арызданушы және жауап беруші бола алатын ұйымдар жатады. Заңды тұлғалар ең алдымен, мүліктік, азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілері болады.

Базар экономикасының жағдайында көптеген ұйымдардың субъектілеріне заңды тұлғалар жатады. Олардың қызметтері жалпы құқықтық принциптермен жүргізіледі, дегенмен олардың арасында белгілі айырмашылықтар бар. Заңды тұлғалар функцияларын орындауына байланысты көпшілік, не болмаса жекелеген болып бөлінеді.

Мемлекеттік ұйымдар және мекемелер (парламент, үкімет, сот, милиция, мемлекеттік мекеме, жергілікті өкімет орындары және басқалар) әдеттегідей, жалпы, көпшілік мақсатын көздейді. Бұл олардың үлкен тұрақтылығын сонымен бірге, жекелеген адамдардың тәуелсіздігін қамтамасыз етеді, себебі олар заңды тұлғалардың қатарына кіреді. Көпшілік құқықтық сипаттағы заңды тұлғалардың өмір сүруін тоқтата алмайды, тіпті барлық министрлер кабинетінің мүшелері отставкаға кеткен жағдайда да үкімет сақталған.

Мемлекеттік оқу орындары, оның басшысы зейнеткерлікке кетуіне байланысты жабылмайды. Отставкаға кеткен министрлер кабинетінің орнына жаңа кабинет құрылады, оқу орнын басқа жаңа адам басқаратын болады, сот жаңа адамдармен өз құрамын толтырады-тек осылай ғана, көрсетілген ұйымдарда қызметтерін заңды тұлға ретінде және жалпы құқықтық қатынастардың субъектілері болып жұмыстарын жалғайтын болады.

Құқықтық қатынастардың арнайы субъектісі-мемлекеттің өзі болады. Ол мемлекеттік құқықтық және әкімшілік құқықтық қатынастардың басты қатынасушыларының бірі болып табылады. Қылмыспен күресу жолында, мемлекет қылмыстық-құқық қатынастарының субъектісі болады. Халықаралық арнада елдің арнайы өкілі ретінде, мемлекет халықаралық құқық қатынастарының негізгі субъектісі болады.

Құқықтық қатынастардың объектісі.

Құқықтық қатынастардың объектісі құқықтық қатынастың не нәрсеге бағытталып ықпал етуі. Құқықтық қатынас неге ықпал ететінін білу үшін, ең алдымен құқық нормаларының объектісін анықтау қажет. Олардың ықпал жасайты объектісіне, адамдардың ерікті тәртібі жадатады. Құқықтық қатынас құқық нормаларымен белгіленген, жеке субъектілерге арналған жалпы құқықпен міндеттілікті анықтайды. Сондықтан, құқықтық қатынастың объектісіне оған қатынасушылардың шын тәртібі жатады. Субъективті құқықтың мазмұндарына және заңды міндеттеріне байланысты құқықтық қатынастардың мүшелері өз тәртіптерін құрайды.

Құқықтық қатынастың объектісіне мазмұндары әр түрлі адамдардың тәртіптері де жатады. Мүліктік құқық қатынастарындағы белгілі өмір жағдайын қанағаттандыруға бағытталған адамдардың тәртібі объектіге жатады. Мысалы, сатып-сату құқықтық қатынастардағы объектіге, сатуға және сатып алуға қатынасушылардың тәртібі болып есептеледі.

Барлық құқықтық қатынастар мүліктік болмайды, мүлік туралы субъективтік заңды құқықтар және міндеттер барлық уақытта пайда бола бермейді. Мүліктік емес құқықтық қатынастарда объектіге, шын мәнісіндегі оның қатынасушыларының тәртібі жатады. Құқықтық нормалармен белгіленген әр түрлі қимылдарды жасап құқықтық қатынастың мүшелері өздерінің қажеттілігін қанағаттандырады. Басқа сөзбен айтқанда, заңды құқық және міндеттер мүліктік емес қатынастардың қатынасушыларына ықпал етіп құқықтық реттеудің мақсатына жетеді. Мысалы, еңбек жөніндегі құқықтық қатынастардың объектісіне мекеме, ұйым әкімшілігінің жұмысқа жұмысшыларды және қызметкерлерді қабылдауы, еңбектерін төлеуі. Қылмыстық процессуалдық қатынастарда объектіге алдын ала қылмыстық істі сотық тексерудегі процеске қатынасушылардың заңды және адал, үкім шығаруға арналған мақсат қимылдары жатады. Әр түрлі шын мәніндегі қимылдар арқылы мемлекеттік құқықтық және әкімшілік-құқықтық қатынастардың мүдделері қанағаттандырылады.

Құқықтық қатынастардағы объект мәселелеріне заң ғылымында бірдей көзқарас жоқ. Объект туралы көп көп жайылған анықтамаға оның құқықтық қатынасқа қатынасушылардың мүдделерінің аясындағы әр түрлі материалдық немесе материалдық емес жайлардың жиынтығы, деген тұжырымдар жатады. (Г.Ф.Шершенович, Е.Н.Трубецкой, Н.М.Коркунов, С.С.Алексеев).

Жоғарыдағы түсініктеме бойынша, объект заңдылық мазмұндарына байланысты құқықтық қатынастардың сыртында болады, яғни субъективтік құқықтық және міндеттердің сыртында деген сөз. Бұл бізді қоршап тұрған дүниелік құбылыс, соған бағытталған субъективтік заңды құқықтар мен міндеттер. Қазан революциясына дейінгі орыстың заң ғылымы, құқықтық қатынастардың объектілерін мүліктік және әрекет деп бөлді. Жеке құқықтық қатынастардың объектісіне әдеттегідей мүлік, ал көпшілік құқыққа құқықтық қатынастарға мүше болғандардың әрекеті жатады.

Материалдық не материалдық емес жағдайлар құқықтық қатынасқа түскендердің басты мақсаты болмауға тиіс. Театрдағы операны тыңдауды құқықтық қатынастардың объектісіне жатқызу дұрыстыққа жатқызу мүмкін

емес сияқты, себебі оны көруге мүмкіндік мүмкіндік берген билетті сатып алу сату келісімі негізінде болғаны анық. Құқықтық қатынастар қимылы билетті сатып алғаннан кейін бітеді, яғни адамдардың белгілі рухани қажеттілігін қанағаттандыруға жағдай туады. Қажеттілікті қанағаттандырудың өзі құқықтық қатынастардың сыртында болады. Материалдық дүниенің мүліктері, заттары философиямен, әлеуметтанумен, экономикалық ғылымдармен және өндіріс тәжірибесімен зерттеледі. Құқық теориясы болса тек қана құқықтық қатынастар субъектілерінің мүдделеріне сай келетін заттардың заңды қасиеттерін анықтайды.

Құқықтық қатынас мемлекетпен қорғалатын жақтардың арасындағы пайда болатын, заңдылық құқыққа және міндеттілікке сай біріккен қоғамдық қатынастар. Құқықтық қатынас сыртқы еркіндіктің өлшемі, оның қатынасушыларына құқық нормалары арқылы беріледі.

Субъективтік құқық және заңды міндеттілік.

Құқықтық қатынас нағыз қоғамдық қатынастардың нысаны ретінде тығыз байланыстағы құқықтар мен субъектілердің міндеттерінен тұрады. Субъективтік құқық және заңды міндеттер-құқықтық қатынастардың жүйелі элементтері, олар нағыз қоғамдық қатынастарға ерекше сапа береді. Құқықтық реттеу, субъектілерді арнайы қоғамдық қызметтер қатарына қосады. Қоғамдық қатынастар мүшелерінің әрқайсысының еркіндік өлшемі, оның мүдделерінің қанағаттану деңгейі, құқық нормаларының алдын ала белгілеуімен анықталады. Заңды құқықтар мен міндеттер-құқықтық қатынастың тең элементтері, бірақ олардың мазмұндары әр түрлі болады. Олардың байланыссыз өркениетті құқықтық нысаны ұдайы дамыту мүмкін болмас еді.

Азаматтық, құқықтық қоғамның болжамына сәйкес, қоғамның кейбір мүшелерінің құқығы басқалардың міндеттері арқылы қанағаттандырылады, соған қосымша құқықтар мен міндеттер қоғамдық өмірдегі нақты адалдықты қамтамасыз етіп, еркіндіктің өлшемі ретінде көрінеді. Бір жағдайда, жеке адамға не болмаса, ұйымға құқық беріледі, басқа жағдайда оларға міндеттер жүктеледі. Осыған байланысты, әр түрлі қоғамдық және оның жекелеген индивидтерінің мүдделерінің қанағаттандырылуы, қоғамдық өмірдің гармониясына жеткізеді. Егер жеке адамға не ұйымға белгілі міндеттер жүктеу керек болса, мемлекет қоғамдық мүдделермен санаса отырып, ондай міндеттерге құқықтық нысан береді. Егер сол субъектілердің өздері құқықпен қамтамасыздықты қажет етсе, оларға субъективтік құқық беріледі.

Субъективтік құқық пен міндеттердің көлемі және шегі жалпы түрде, құқық нормаларымен белгіленеді. Құқықтық қатынастарда олар жеке субъектілерге байланысты белгіленеді.

Субъективтік құқық мемлекет берген және қорғалатын, өзінің көзқарасына сай қанағаттандырылатын, объективтік құқықпен субъективтік құқық деп атайды, себебі тек субъектінің еркіне байланысты ғана, оны басқаруға болады.

Субъективтік құқық үш түрде көрінеді:

Біріншіден, өзінің мүдделерін қанағаттандыру мақсатындағы субъективтік құқықпен иесінің жөнді тәртібінің мүмкіндігі. Мысалы, меншік

иесі өзіне қарайтын заттарды пайдалануға, басқаруға құқығы бар фермер болса өзінің жерінде кез келген ауылшаруашылық өнімдерін өсіруге болады.

Субъективті құқыққа, логикалық жолмен объективті құқықтың белгіленген міндеттері сай келеді.

Қай жерде субъективті құқық болса, сол жерде қайткен күнде заңды міндеттер болады. Субъективті құқықтан субъектінің міндеттері, өзіне қойылған талаптарға байланысты, қажетті өз тәртібін табу болып табылады. Құқық және міндеттілік құқықтық қатынастардағы басты және адам баласының араласуындағы жөнді жағдайлар.

Заңды міндеттер заңмен белгіленген және мемлекетпен қорғалатын, құқықтық қатынастар мүшелерінің құқығы бар субъектінің мүдделеріне керек міндетті тәртіптілік (жеке адамдар, ұйымдар, мемлекет тұтасымен). Егер субъективтік құқықтың мазмұны тәртіптің рұқсат етілген деңгейін құрса, міндеттіліктің мазмұны құқықтық қатынастағы қажетті тәртіптің деңгейін құрады. Міндетті адамға қажетті тәртіп деңгейі, құқығы бардың мүддесін қанағаттандыру мақсатында алдын ала көрсетіледі.

Заңды міндеттің мазмұны екі түрде көрінеді:

Біріншіден, құқықтық қатынастардың басқа мүшелерінің пайдасы үшін, қажетті белсенділік қимылын жасау. Мысалы, сатып алу-сатушарты бойынша, сатушы сатып алушының меншігіне затты беруге міндетті, себебі ол белгіленген ақшаны төледі. Заңды міндеттілік бұл жағдайда, алдын ала құқықтық қатынастың мүшесінің құқығын іске асыруға бағытталған белсенді қимылды жасаудың қажеттілігін көрсетіп береді

Екіншіден, заңды міндеттілік, құқық нормасында тыйым салынған қажетті ұстамдылықты көрсетеді. Мысалы, шартпен жалға берілген нәрсе, сол алған адам арқылы басқа біреуге жалға беру, заңмен тыйым салынған. Ондай заңды міндеттер, ескерусіз сипатта болады, себебі құқықтық қатынастар мүшелерінен

заңды тыйым салынған қимылдарды жасамауды талап етеді. Жоғарыда көрсетілгендей, құқықтық қатынастардағы заңды құқықтар мен міндеттер субъектілердің өздерінің тәртіптері емес, құқықтық нормаларда берілген мүмкіндік, не болмаса, қажетті тәртіптілік болып табылады.

3. Заңдық фактілер

Заңи факт деп құқық нормасы құқықтық қатынастардың пайда болуын, өзгеруін немесе тоқтатылуын байланыстыратын өмірлік нақты мән-жайларды айтамыз. Заңи фактілер құқықтық қатынастардың алғышарты болып табылады. Олардың моделі заңдық норманың жорамалында тіркеледі.

Заңи фактілерді де әр түрлі негізде жіктеуге болады.

Туындайтын нәтижелерінің сипатына байланысты

- құқық қалыптастырушы (жоо-на түсу);
- құқық өзгертуші (күндізгі бөлімнен сырттай оқу нысанына ауысу);
- құқықты тоқтатушы (жоо-ны тәмамдау) болып бөлінеді.

Құқықтық қатынасқа қатысушылардың еркіне байланысты:

- оқиға;
- әрекет болып бөлінеді.

Оқиға құқықтық қатынастың пайда болуына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына әсер ететін, адамдардың еркінен тыс өтетін заңдық факт. Оған баланың туылуы, төтенше оқиғалар (өрт, зілзала. сел т.с.с.) нәтижесінде адамдар қатерге ұшырайды, мүлікке зиян келеді т. б. жатады.

Әрекет құқықтық қатынасқа түсуші субъектінің еркіне байланысты болады да екіге бөлінеді:

- құқықтық (жұмысқа орналасу, зейнеткерлік демалысқа шығу, неке тіркеу);
- құқыққа қарсы (құқық бұзушылықтың барлық түрлері).

Құқықтық әрекеттің өзі екіге бөлінеді: *заңдық актілер және заңдық әрекет*. Заңдық акті белгілі бір заңи нәтижелерге (мәмілелер, мұралық, сот шешімдері және т. б.) жетуге бағытталған әрекет. Заңдық әрекет жанның ой-пиғылынан тыс заңдық нәтижелердің (көркем өнер туындылары және т. б.) пайда болуына әкелетін әрекеттер.

Құқыққа қарсы әрекеттер қылмыстық, азаматтық, әкімшілік, тәртіптік болады. Кейде құқықтық қатынастың пайда болуына, өзгеруіне немесе жойылуына бір факті аздық етеді, мұндайда заңдық құрам әрекет етеді. Мысалы, зейнет демалысына шығу үшін зейнеткерлік жасқа жету, қажетті еңбек өтілінің (стажының) болуы, содан зейнеткерлік демалысқа шыққаны туралы шешім; ішкі істер органына қызметке тұру үшін дене бітімінің жетілгендігі, белгілі жасқа толуы сияқты талаптарды орындау керек.

Тақырып № 16

Құқықтық сана және құқықтық мәдениет Ж О С П А Р

1. Құқықтық сананың түсінігі және құрылымы
2. Құқықтық тәрбие
3. Құқықтық мәдениет

1. Құқықтық сананың түсінігі және құрылымы

Сана түсінігі пәлсапа саласында негізінен адам болмысы тұрғысынан, яғни қоғамдық үдірістердің көрінісі, құбылыс және адамзаттық тарих пен мәдениетті жалғастыруды қамтамас етуші әдіс ретінде қарастырылады. Сана қоғамдық және жеке «өлшем» бірлігінен көрінеді. Шын мәнісінде, сана арқылы қоғамдағы байланысты жеке адам өзінде бекітеді.

Сана — бейнеге сүйене қоғаммен қарым-қатынасқа түсе алатын адам қабілеттілігі, адамның заттармен байланыс іс-әрекеті, табиғи және мәдени қатынасы, қашықтағы, жақындағы адамдар өзара қатынасы мен қызметі, яғни осы образдарды өзінің мінез-құлық бағытында әдіс-тәсілі ретінде пайдалану. Сана түсінігі бұл психика түсінігі; психика тірі жанның қоршаған ортамен

тікелей байланыс тәсілі (сондай-ақ жеке адам) деп түсіндіріледі, демек олардың өмірлік үрдістерінде әсерлендірушісі және көрінісі ретіндегі, психикалық қабілеттілік жыйынтық, табиғи және ғарыштық ырғақтар байланыстарында адамның қоғамдық және мәдени іс-әрекеттерінде өз-өзіне бағыт-бағдар жасай алуы мен басқара алатын қабілеттілікпен қамтамасыз етуі.

Адам санасы, оның қоршаған ортамен байланыс ерекшелігіне қарай, «түзу сызықты» болып келмейді. Онда адамнан тыс және оған тәуелді адамның іс-әрекетінің ерекшелігіне қарай, адамның адаммен, заттармен, табиғатпен қатынас байланыстары түйіскен және жекелеген әрекеттері бекітілген. Бұл қабілеттер әртүрлі үйлесімділікте — анық және жасырын — байланыстар байқалмайтын сана «орталығы». Бұл қабілеттіліктердің құрылуы сананың жетілгендігін, «жауапқа қабілеттілігін» ескертеді. Оның деградацияға ұшырауы сананың құлдырауына әкеледі.

Әртүрлі уақыт кезеңдерінде адам санасы бір нәрсеге шоғырлана бекітілген. Оның белгілі бір затқа қатысты айқындалып көрінуін, «ашылуын», ол өзі анықтайды. Бұл — оның қалыпты жұмыс жағдайы. Сана жеке адамның затқа, формаға және кейінгісі адамның адаммен байланысы ретінде, әрекеттерде оларға тән қатынасты бекітеді. Жеке адамның басқа адамдармен, заттармен қарым-қатынас үдерісіндегі байланысы және оның арғы жағында жасырын жатқан құбылыстары сана арқылы енгізіледі.

Сана қарапайым жолмен зерттеуге және түсіндіруге келе бермейтін, ерекше нысан. Ол адам өмірінің «мүшесі» ретінде қызмет атқарғанымен, бірақ оның өмірі, адам дене мүшесімен ғана шектеліп қалмайды, керісінше одан шығатын күштер оның сыртында, адамзаттық қарым-қатынастар әлемінде, адамдар әрекеттерінің әдіс-тәсілдерінде, мәдени формалар мен әртүрлі табиғи күштерде көрініс табады.

Құқықтық сана — мемлекет пен құқық және криминология теориясының категориясы. Құқықтық сана құқықтық мәні бар құбылыстардың көрінісімен және құқықтық мәні бар құндылықтармен, құқықтық пайыммен, парыздық құқықтық тәртіппен байланысты қоғамдық, топтық, жеке сана аясын қамтиды. Құқықтық сана қоғамдық өмірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайларымен, оның мәдени-құқықтық, демократиялық не авторитарлық дәстүрлерімен айқындалады.

Философияда қоғамдық — сана қоғамдық болмыстан туындайтын идеядар мен көзқарастардың материалдық қатынастардың жемісі. Сонымен қатар сана болмысының қалыптасуына үлкен ықпалын тигізіп оны дамытуға үлесін қосады. Ал, қоғамдық сана құрамдық жағынан алып қарағанда көптеген түрлерге бөлінеді: саяси, көркем, теориялық, кәдімгі, эстетикалық, діни, атникалық және т.б. Құқықтық сана қоғамдық сананың бір түрі, бөлігі болып саналады. Басқа саналардың түрлеріне қарағанда құқықтық сананың өзіне ғана тән ерекшеліктері бар:

Құқықтық сана мемлекетте қалыптасқан құқықтық жүйе әділ сот қызметтерінің айнасы болып табылады. Құқықтық реттеу барысында адамдар құқықтың әділеттілігін немесе оны қолдану барысындағы заңсыздық пен бассыздықтан туындайтын әрекеттер мен көріністерді ой-өріс, сана арқылы ой-

елегінен өткізіп баға береді. Соның нәтижесінде индивидтердің мемлекеттегі әділеттілікке деген көзқарастары қалыптасады.

Құқықтық сана қоғам тапқа бөлініп, мемлекет пен құқық пайда болғанда қалыптасады және әртүрлі мағындағы қасиеттерге ие болады. Мысалы, құл иеленуші мемлекетінде құл иеленушілердің құқықтық саналары негізінде құлдарды қанау, басып жаншу, баю сияқты ұғымдармен уланған болса, керісінше, құлдардың құқықтық санасының негізгі өзегі — азаттық, тектік, бостандық (Мысалы, б.ғ.дейінгі I ғасырдағы Римдегі Спартак, б.ғ.дейінгі I-II ғасырлардағы Қытайдағы «Сары тартқандар» және «Қызыл қастар» көтерілістері және т.б. сондай қарулы көтерілістер). Таптық қоғамда сана да таптық сипат алады.

Құқықтық сана саяси мазмұнға, сипатқа ие болады. Мемлекеттегі саяси процестер мен бағыттар әрқашанда құқықтық санаға өзінің әсерін тигізеді. Заңның өзі қоғамда жүргізіліп отырған саясатқа тәуелді. Мысалы, сталинизм кезінде саясат тоталитарлық жүйені және жеке адамның басына табынушылықты мемлекеттік дәрежеде нығайту болса, қоғамдық құқықтық сана сол саясаттың тікелей әсерінен халықтың құқықтық санасына «халық жауы» ұғымын жаппай қабылдағанды, заңды екенін сіңірді. Фашизм де сондай сана қалыптасты.

Құқықтық сана қоғамның қондырмасынан орын тебеді, оның құрамындағы саяси, көркем, эстетикалық, теориялық, кәдімгі, діни, этикалық саналардың түрлері мен тығыз байланыста қалыптасады және дамиды. Бірақ, бір сананың түрі құқықтық санаға мол әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдайда индивидтің құқықтық санасы непрогрессивтік, нерегрессивтік, неконформистік, нениглистік және инфантильдік қасиеттер мен мінез-құлықты қабылдауы мүмкін.

Құқықтық сана дегеніміз қоғамдық сананың формасы ретінде қабылданған адамдарды (мемлекеттегі заңдарға, құқыққа, олардың қағидалары мен мәніне әділ сотқа және тілегіндегі құқыққа деген идеялар, теориялар және сезімдердің жүйелік жиынтығы.

Құқықтық сананың экономикалық негізін жеке адамдардың меншікке деген қатынастары құрайды. Сонымен қатар құқықтық сана құқықтың өзімен, құқықтық мекемелермен толыққанды дәрежеде әрекеттестікте болады. Атап айтқанда, әрекеттестік пен қарым-қатынастық бұзылған жағдайда бүкіл құқықтық реттеу дағдарысқа ұшырауы әбден мүмкін. Құқықтық сананың қоғам өміріне мынандай әсері бар:

Құқықтық сана құқық жасау процесіне белсенді түрде өзінің әсерін тигізеді. Халықтың, депутаттардың, мемлекеттік қызметтегі лауазымды тұлғалардың құқықтық саналары неғұрлым жоғары болған сайын сапалы заңдар қабылданады, субъектизм мен лоббизмді шектейді, жалпы ұлттық мүддені жеке топтық, таптық, партиялық мүддеден жоғары қояды.

Құқықтық сана мемлекет қабылдаған нормативтік-құқықтық кесімдерден өзінің көрінісін табады.

Қоғамда қалыптасқан құқықтық сананың деңгейі құқық қолдану процесінде ерекше рөл атқарады, әділеттілік пен әділетсіздікке барудың айқын барометрі.

Мысалы, мемлекеттік қызметтегі лауазымды тұлғаның жеке адамнан пара алуы, бюрократияға жол беруі ақпараттық араластықтың нәтижесінде бүкіл халықтың құқықтық санасын дағдарысқа ұшыратып, нигилистік көзқарас қалыптастырады.

Құқықтық сана құқық бұзушылықпен күресудің, оның алдын алудың мүмкіндіктерін тудырады. Құқықтық сана деңгейі жоғары болған сайын мемлекеттегі қоғамдық тәртіп те нығая түседі.

Басқа тіршілік иелерінен адамдардың айырмашылығы — олардың еркі мен санасының болуында. Сана, елестету, қабылдау, сезім, мұрат секілді құбылыстардың көмегімен адамдар бір-бірімен қоғамдық қатынастарға барады. Қоршаған орта, дүние тек қана адамның санасында бейнеленіп қана қоймайды, сол адамдардың санасы мен еркінің, еңбегінің негізінде өзгеріске ұшырайды. Сондықтан адамның айналадағы шындыққа деген құндылық қатынасы қоғамдық және жекелік (даралық) сана арқылы қалыптасады.

Қоғамдық сананың формаларына құқық, мораль, ғылым, өнер, идеология, дін т.б. жатады. Аталған қоғамдық сананың формалары қоршаған ортаның қыр-сырын өзінше танып, сол ортаға, құбылысқа байланысты өзінің қатынасын қалыптастырады. Мысалы діннің қоғамдық, сананың басқа формаларынан айырмашылығы сонда, ол бізді қоршаған дүниенің құбылыстарын діни жолмен не құдайдың атымен байланыстырып түсіндіреді.

Құқықтық сана қоғамдық сананың бір формасы бола отырып құқықтық құбылыстар мен үрдістерді ұғына отырып, олардың өзгеруін бейнелейді. Құқық арқылы қоғамдық пайдалы және қоғамдық зиянды әрекеттер байқалады, сондықтан құқық өзіне тиісті белгілі бір қатынасты қалыптастырады. Бұндай құқыққа деген көзқарас болымды, дұрыс, яғни тұлға қоғамдағы құқықтың орнын, маңызын ұғынып, бағалап, құқықтың нормаларын мойындауға, оған бағынуға бейімділігін білдіреді. Керісінше, құқықтың қоғамдағы маңызын жоққа шығару, оның қажет емес екендігін, пайдасының жоқтығын дәлелдеуге тырысқан көзқарастар да болады.

Құқық әуел баста әлеуметтік құбылыс және қоршаған ортаның нақты шындығын бейнелеуші ретінде, адамдардың әділеттілік ұғымына негізделген құқықтық нормалар, заңдар жайындағы ниеттерінен барып қалыптасады. Әділеттілік деген бұл жерде бостандық, теңдік және қоғамдық татулық, келісім деп түсініледі. Сөйтіп қоғам дамуының объективті қажеттіліктерін бейнелей отырып құқықтық сана құқықтың қайнар көзі болып табылады.

Құқықтық сана, құқықтық мәдениет және құқықтық тәрбие әрбір азаматтың қалыптасуының, өсіп-жетілуінің басты қағидасына айналуы тиіс.

Құқықтық сана дегеніміз — тұлғаның қолданыстағы немесе қабылданатын құқық нормаларына деген көзқарастары мен сезімдерінен, оларға тиісінше баға беру мүмкіндіктерінің жиынтығы болып табылады.

Бұдан құқықтық сананың негізінен құқықтық психология және идея жиынтығынан құралатынын көреміз. Өйткені, құқықтық психология қолданыстағы құқық нормаларын жетілдіруге, жаңа құқықтық нормаларды қабылдау қажеттілігінің деңгейін, сезімін білдірсе, құқықтық идея құқықтық сананың өз

дәрежесіне көтерілуінің нәтижесінде адам, қоғам, мемлекет мүддесі үшін қажетті құқық нормаларының қабылдану қажеттілігін білдіреді.

Құқықтық сана сезімнің басты мақсаты – адам, азамат, қоғам мүддесіне сәйкес келетін, олардың мүдделерін қанағаттандыратын құқықтық нормаларды ортақ игілік үшін қабылдау қажеттілігінің негізгі бастамашысы болып табылатындығында. Құқықтық мәдениет болса – құқық нормаларын білу, толық түсіну, оларды басшылыққа ала отырып, адамзаттың ортақ мүддесіне қызмет істеуді білдіреді.

Құқықтық мәдениет құқықтық сана-сезіммен тығыз байланысты және содан негіз алып дамиды, жетіледі. Субъектінің өзінің іс-әрекетінде құқық нормаларын басшылыққа алуы оның құқықтық мәдениетінің ерекшелігін, дәрежесін білдіреді.

Құқықтық сана – бұл адамдардың құқыққа деген қатынасын мен сезімдердің, көзқарастар мен эмоциялардың, бағалаулардың жиынтығы түріндегі қоғамдық сананың ерекше нысаны. Құқықтық сана–бұл адамдардың жаңадан қабылданған заңдарға, нормативтік актілердің нақты жобаларына және т.б. деген оң немесе теріс көзқарасы.

Құқықтық сана мынаны білдіреді:

- құқықтың қажеттігін түсіну және сезіну;
- құқықты бағалау;
- заңнаманың дамыған жүйесін құру қажеттігін түсіну;
- қолданыстағы нормативтік актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізудің қажеттігін түсіну;
- құқықты жүзеге асырудың нәтижелері мен процесін қабылдау.

Құқықтық сананың ерекшеліктері мыналардан көрінеді:

- а) ол өмірдің шындықтарын әділеттілік, құқықтық, еркіндік тұрғысынан қабылдайды;
- ә) жалпыға міндетті жүріс-тұрыс ережелерін орнықтыруды талап етеді;
- б) құқықтық пен құқықтық еместіктің, құқыққа сәйкестік пен құқыққа сәйкессіздіктің шектерін көрсетеді;
- в) құқықты қамтамасыз ету үшін заңды шараларды талап етеді.

Құқықтық сананың рөлі оның функцияларынан көрініс табады:

- 1) танымдық; бұған «құқықтық дайындық түсінігінен көрініс табатын және ойлану қызметінің нәтижесі болып табылатын заң білімдерінің белгілі бір жиынтығы тән болып келеді;
- 2) бағалаушылық; бұл тұлғаның құқықтық өмірдің әр түрлі жақтары мен көріністеріне өтіл мен құқықтық тәжірибе негізінде белгілі бір эмоционалдық қатынасын тудырады;
- 3) реттеуші; ол құқықтық көзқарастар мен құндылық-құқықтық бағыттылық арқылы жүзеге асырылады.

Көзқарас дегеніміз тұлғаның белгілі бір түрде ақпараттарды, процестерді, құбылыстарды қабылдауға және бағалауға бейімділігін және осы бағалауға сәйкес әрекет етуге дайындығын білдіреді.

Құқықтық бағыттылық — бұл тұлғаның заңды мәні бар жағдайларда әрекет ету бағдарламасын тікелей қалыптастыратын құқықтық көзқарастарының жиынтығы.

Құқықтық сананың құрылымы екі элементтен құралады: құқықтық психология және құқықтық идеология.

Құқықтық психология — бұл, ең алдымен, құқыққа қатысты сезімдердің, көңіл-күйдің, эмоциялардың, көзқарастардың, армандардың жиынтығы. Бұл жерде құқықтық құбылыстарға деген қатынас ерекше деңгейде пайда болып, белгілі бір сезімдер мен эмоцияларды қалыптастыруға тырысады. Құқықтық психология арқылы мыналар жүзеге асырылады: а) құқықтық мәдениетке тән әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, тұлғаның мәдениетіне, күнделікті өміріне, әдетіне еніп кеткен барлық элементтер; ә) тұлғаның өзін-өзі бағалауы, яғни, өз жүіс-тұрысын құқық нормаларына сәйкестігі тұрғысынан сындарлы түрде бағалай білу қабілеті.

Құқықтық идеология — бұл адамдардың құқыққа қатынасын білдіретін құқықтық көзқарастардың, түсініктердің, қағидалардың, сенімдердің, талаптардың жүйеленген ғылыми көрінісі. Бұл субъектілердің құқықтық құбылыстарды тереңірек түсінуі; ол құқықтық бағалаудың ерекше деңгейін білдіреді. Құқықтық идеология—құқықтық сананың құрылымындағы басты элемент.

Құқықтық сананың түрлері. Құқықтық сана мына негіздер бойынша түрлерге бөлінеді:

1) мазмұны бойынша:

- қарапайым құқықтық сана—бұл тұлғалардың құқыққа қатысты жалпы көзқарастары, өмірлік тәжірибесінің әсерімен туындайтын көңіл-күйлері;
- кәсіби құқықтық сана—бұл заңгерлердің заңды тәжірибесінің негізінде қалыптасатын сезімдері, сенімдері, көзқарастары, дәстүрлері;
- ғылыми құқықтық сана— бұл құқықты теориялық игеруді көрсететін идеялар, түсініктер, концепциялар ;

2) субъектілері бойынша:

- жеке құқықтық сана;
- топтық құқықтық сана;
- қоғамдық құқықтық сана.

2. Құқықтық тәрбие

Құқықтық тәрбие — қоғам мүшелерінің құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастырудағы мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың іс-әрекетінің көрінісі болып табылады. Мемлекет неғұрлым құқықтық тәрбиеге ерекше мән берсе — құқықтық сана, құқықтық мәдениет, құқықтық білім биік дәрежеден көрініс табады. Өйткені, құқықтық сана, мәдениет, құқықтық ғылым — тәртіптің қайнар көзі, бастауы.

Тәртіп — барлық жетістіктердің қайнар көзі, негізі Президент дәрісіндегі осы айтылған идеяларды жүзеге асыру үшін не істеуіміз керек деген сұрақ туындайды. Ол үшін — отбасында, балабақшада, орта мектепте, жоғары оқу

орындарында құқықтық тәрбие, білім беруді заман талабына сай жетілдіру қажет. Әрбір отбасы бала тәрбиесінде дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының тиімді жақтарын ұрпақтар санасына сіңіріп, оларды заңды құрметтеуге, әділеттілікке, турашылдық жолға түсетіндей етіп тәрбиелеуі қажет.

Балабақшаларда – еліміздің Ата Заңы Конституцияда көрсетілген – адамның, азаматтың басты құндылықтары – құқықтары мен бостандықтары туралы айқындалған түсініктердің мазмұнын мемлекеттің, мемлекетіміздің рәміздерінің маңызын, мемлекеттік құрылысының негізгі ұғымдарын түсіндіру қажет. Орта мектепте оқылатын құқық негіздері пәнін қайта сапалы түрде дайындап, Қазақстанның негізгі заңы Конституциясына негіздеп шығару керек, осы пәнге бөлінген сағат санын көбейтіп, бір жүктемеге толтырып, дәріс беретін пән мұғалімінің арнаулы заң білімі болуына талап қойған жөн. Өйткені, білім сапасы ұстаздың мамандығына, білгірлігіне тікелей байланысты.

Жоғары оқу орындарында қазіргі кезде «Мемлекет және құқық негіздері» пәні балама пән ретінде оқытылады. Яғни, студенттердің қалауы бойынша оқу жоспарына енгізіледі. Бұл дұрыс емес. Мемлекет және құқық негіздері пәні барлық жоғары оқу орындарының оқу бағдарламасында міндетті түрде оқытылатын пән болуы қажет. Президент дәрісінде, сондай-ақ, Президенттің «Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадамды» атты мақаласында да құқық негіздері оқулығын даярлау, жоғары білімді оқу орындарын бітірген жастардың құқықтық білімді меңгеру қажеттілігі нақты көрсетілген. Осыған орай, осы аталған пән бойынша жаңа оқулық дайындау қажеттілігі өзінен-өзі туындап отыр. Құқықтық білімді жетілдіру саласында бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы да ерекше. Осыған орай, құқықтық сауаттылықты насихаттайтын арнаулы телехабар арнасы да қажет. Бұқаралық ақпарат саласында құқықтық насихат, тәрбие беру мен жұмыс істейтін журналистердің құқықтық білімі болғаны жөн. Университеттерде журналист кадрларын даярлайтын факультеттерде құқықтық журналистика деген мамандық ашып, болашақ журналистерге заң мамандығы бойынша қосымша пәндерді оқытуды енгізіп, сауатты, білімді журналист-заңгерлерді дайындауды жүзеге асырған дұрыс болар еді, өркениетті елдердің журналистерінің құқықтық сауаттылығы осындай талаптарға негізделген.

Құқықтық білімді, сананы, тәрбиені жетілдіру кең байтақ Қазақстанның барлық жерінде үздіксіз, біркелкі, биік дәрежеде жүзеге асырылуы керек.

Қазіргі кезде Қазақстанның көптеген жоғары және арнаулы оқу орындарында заңгер мамандырын даярлау жарысқа түскендей көбейіп кетті. Көптеген оқу орындарында болашақ заңгерлерге сапалы білім беретін ұстаздар жетіспейді, заң оқу орындарында оқитын студенттер мемлекеттік тілдегі оқулықтар, оқу құралдарына, заң түсіндірмелеріне зәру, көптеген заң мамандарын даярлайтын оқу мекемелерінің ұстаздары, басшылары мемлекеттік тілде дәріс бере алмаса да, басшылық жасай отырып, мемлекеттік тілдегі оқулықтар мен бағдарламалардың дайындалуына немқұрайлы қарауда. Міне, осындай кемшіліктер болған ретте құқықтық білім деңгейінің өз дәрежесінде көтерілуі қиын шаруа. Сапасыз даярланған заңгерлердің көбі қазіргі кезде жұмыссыз қалып отырғаны

да осыдан. Бұл ағаттықтарды жою үшін мемлекет тарапынан елімізде құқықтық білімді, тәрбиені жетілдіруге арналған жаңаша бағдарлама қажет сияқты.

Құқықтық сана сезімнің басты мақсаты – адам, азамат, қоғам мүддесіне сәйкес келетін, олардың мүдделерін қанағаттандыратын құқықтық нормаларды ортақ игілік үшін қабылдау қажеттілігінің негізгі бастамашысы болып табылатындығында. Құқықтық мәдениет болса – құқық нормаларын білу, толық түсіну, оларды басшылыққа ала отырып, адамзаттың ортақ мүддесіне қызмет істеуді білдіреді.

Құқықтық нақтылықты, құқықтың және құқық жүйесінің дамуына ықпал ететін факторларды ерекше түрде тану құқықтық сана болып табылады. Моральмен, дінмен, өнермен, ғылыммен қатар, құқықтық сана қоғамдық сананың нысаны болып саналады, оның өмір шындығын көрсететін өзіне тән ерекше объектісі бар. Құқықтық сана дегеніміз, адамдардың қолданылып жүрген және тілек ететін құқыққа көзқарасын білдіретін түсініктер мен сезімдердің, бағалар мен мақсаттардың жиынтығы. Мысалы, азаматтардың жаңа заңға мақұлдау немесе жақтырмау, нормативтік құқықтық актінің жобасы жөнінде пайымдау және т.б. түріндегі әсері. Құқықтық сананың мәні оның бағалаушылық сипатында. Қолданылып жүрген заң нормаларын нақты қоғамдық қатынастармен және әлеуметтік топтардың мүдделерімен арақатынасын белгілей отырып, құқықтық сана құқықтың мүмкіндігінше қандай болуға тиіс екендігін анықтайды. Ол субъектінің қолданылып жүрген құқық нормаларын сақтауға немесе бұзуға деген белгілі бір көзқарасын қалыптастырады. Соның нәтижесінде мұндай баға бұдан әрі мінез-құлық себебіне айналуы мүмкін. Құқықтық сана әлеуметтік құбылыстарды ерекше бағалай отырып, қоғамдық сананың басқа нысандарымен өзара әрекет етеді. Мәселен, меншіктің экономикалық санамен қатынастары тұрмыс деңгейі мен тұрмыс салтының алғашқы негіздерінің бірі ретінде, адамгершілік санамен қатынастары- ізгілік пен зұлымдық тұрғысынан, құқықтық санамен қатынастары олардың заңдылығын тану тұрғысынан қарастырылады. Құқықтық сана өзінің сабақтастығымен, мәдени-тарихи мазмұнымен күшті. Құқық туралы көзқарастар, түсініктер, идеялар мен теориялар ұрпақтан ұрпаққа сол арқылы беріліп отырады. Өткендегі құқықтық жетістіктердің қазіргімен, бір өркениеттің басқалармен қабылдануы, кеңестерден кейінгі көптеген мемлекеттердің құқықтық жүйелерінің батыс конституционализмі мен дәстүрлі нормаларының идеялары мен конструкцияларын қабылдауы. Әртүрлі мәдени-тарихи қоғамдастықтың құқық туралы, ретеу әдістері мен жауакершілік түрлері туралы түсініктері әртүрлі болдаы. Түрлі елдер мен құрлықтардағы құқықтық сананың ерекшеліктері де осыдан. Жағымды құқықтағы өзгерістердің табиғи ықпалына ұшырай отырып, құқықтық сана құқық жүйесі мен қоғамдық қатынастарға күшті кері әсер етеді, дамуға себепші болуы не әлеуметтік процестерді тежеуі мүмкін. Мысалы, АҚШ-тың бабасы болған негізін қалаушылардың озық құқықтық санасының Солтүстік Америкадағы қоғамдық процестерді демократияға, бостандық пен гүлденуге қалай ілгерілеткені мәлім. Адам мен азамат құқықтарының, заң үстемдігінің, билікті бөлісудің, тәуелсіз сот әділдігінің идеялары өмірде орнықты, олар осыдан екі жүз жылдан астам уақыт бұрын Тәуелсіздік

декларациясы мен АҚШ Конституциясында тұжырымдалған болатын және олар дүниежүзілік құқықтық санаға ықпалын осы кезге дейін жоғалтқан жоқ. Және басқа бір, неғұрлым жақындағы мысал: көптеген жылдар бойы қалыптасқан әлеуметтік дейтін құқықтық сана жинақталатын зейнетақы құқығының дүниежүзілік практикасы негізінде ортақ зейнетақылық құқық қатынастарын толғағы жеткен реформалаудағы жанталаса “қарсылық көрсетті”. Құқықтық сана- сан қырлы феномен. Оның жеке адам мен қоғамның рухани даму ерекшеліктеріне байланысты өз құрылымы бар. Құқықтық сананы негізгі екі элемент: құқықтық психология және құқықтық идеология құрайды.

Құқық теориясында құқықтық сана өзара байланысты 3 міндетке: танымдық, бағалаушылық, реттеушілік міндеттерге бөлінеді.

Танымдық міндет құқықтық шындық құбылыстарын субъектінің құқықтағы мәнділігі мен тиістілігі туралы түсініктері тұрғысынан ой елегінен өткізуден тұрады. Бағалаушылық міндет құқықтық шындық құбылыстарын ұқсастыруда, оларды реттеудің нақты ережелерімен сәйкестендіруде болып табылады.

Құқықтық сананы иеленушіге байланысты құқықтық сананың жеке, топтық (ұжымдық) және қоғамдық құқықтық сана түрлері туралы айтуға болады.

Жеке құқықтық сана адам күнделікті қатысатын алуан-түрлі әлеуметтік байланыстар мен қатынастардың ықпалымен, сондай-ақ өзінің психикалы-физиологиялық ерекшеліктерінің әсерімен қалыптасады. Жеке адамның мәдениеті мен білімі деңгейінің әртүрлі болуы, адамдардың әлеуметтік жағдайы мен қабілетінің бірдей болмауы жеке құқықтық сана деңгейінің әртүрлі болуына себепші болады. Құқықтық сана деңгейін көтеру үшін адамдардың санасы мен мінез-құлқына нысаналы идеологиялық ықпал жасаудың, азаматарға құқықтық тәрбие берудің де маңызы аз емес.

Топтық құқықтық сана тиісті әлеуметтік топтар мен оларға кіретін жеке адамдардың ерекшеліктерімен анықталады. Құқықтық құндылықтар әрбір топта бірдей танылмайды. Олардың ішінде топтық құқықтық сана заңдылық пен әділеттік идеяларын мүлде құрметтемейтіндерінде топтық құқықтық сананың әлеуметсізденуі, қоғамда бар құқықтық идеологиядан шеттеу, құқықтық нигилизмнің ескі түрін консервациялау, тіпті криминогендік жағдайлардың қалыптасуы мүмкін.

Қоғамдық құқықтық сана құқыққа және құқықтық өмір шындығының жалпы қоғамда қалыптасқан құбылыстарына көзқарасты бейнелейді. Қоғамдық құқықтық санада қоғамда жеке адамның бостандығына және жеке меншікке ешкімнің тиіспеушілігіне кепілдік бере алатын теңдесі жоқ әлеуметтік құндылық ретінде құқық түсінігі орнығады. Құқық болмайынша, оның екеуі де жоқ.

Заңдардағы барлық уақытта дер кезінде жаңартыла бермейтін жаңсақтықтар мен жетілмегендіктің қоғамдық құқықтық санадағы құқық бейнесінің көрінуіне теріс әсер етеді. Тыйым салушы нормалар мен қызметтік көзқарастың басым болуы оған бүлдірушілік ықпал етеді. Соның салдарынан қоғамдық құқықтық санада құқықтың мәнін қажеттіліктің пен әділеттіктің шоғырланған көрінісі ретінде емес, қайта күштеу ретінде қабылдау мен түсіну сақталып келеді.

Сондықтан да құқық нормаларын сақтауға азаматтан гөрі, мемлекет көбірек мүдделі деген пікір таралып кеткен.

Мазмұнының толықтыққа жақындау деңгейіне немесе дәрежесіне қарай құқықтық сана құқық теориясында дағдылы, кәсіби(заңгерлердің құқықтық санасы) және ғылыми болып бөлінеді.

Дағдылы құқықтық сана дегеніміз адамдардың жаппай түсініктері, олардың күнделікті және өмірлік тәжірибесінің ықпалымен туындайтын құқық пен заңдылық жөніндегі сезімі мен көңіл-күйі болып табылады. Бұл- құқықтық сананың ең жылжымалы түрі, толық емес және үздік-создық, фрагментарлық болған соң ол сонымен бірге құқықтағы жаңалыққа мейлінше сезімтал және құқық қолданудың кемшіліктерін байқауда “қырағы” болып келеді.

Кәсіби құқықтық сана бір түр ретінде кәсіби заңгерлер арасында қылыптасады, норма шығаруда, құқықты түсіндіруде және құқық қолдануда өзекті рөл атқарады. Ол екінің бірінде белгілі бір стереотиптермен (күдікшілік, “айыптауға бейімдік”, дәлдік және формалдылық, ілеспе заң нормаларын, іс-әрекеттің секторын немесе тіпті негізгі құқықтық өрісін көру) белгіленген, жазудан ерекше стилі мен заң тілін қалыптастырады. Бұл- құқықтық сананың біршама толық түрі.

Ғылыми құқықтық сана құқықты және құқықтық өмір шындығының құбылыстарын теориялық тұрғысында ой елегінен өткізу арқылы қалыптасады, ол қоғамның құқықтық идеологиясын әзірлеуде, мемлекет пен заңдарды дамыту жолдарын негіздеуде белсенді рөл атқарады. Құқықтық сананың осы ең толық түрін иеленушілер құқықтанушы және мемлекеттанушы ғалымдар болып табылады.

Құқықтың тәрбие беру баланың жеке тұлғасын қалыптастырып, олардың бойына жоғары идеялық пен қоғамдық меншікке қатынасты көзқарасты дарытудың асыл міндеттерін атқарады. Мемлекетіміз жастарға құқықтың тәрбие беру ісіне үнемі маңыз беріп келеді. Қазақстан заңдарына терең құрмет сезімін қалыптастыру, оларды сөзсіз сақтау және орындау -ұзақ уақыт тәрбие жұмысын жүргізудің жемісі. Көбіне құқықтық сананың төмендегі, материалдық және рухани игіліктердің не екенін жөнді түсінбеушілік қоғамға жат қылықтарды туғызады. Сондықтан да әр оқушының санасына құқықтық нормаларды жеткізу, жеткізіп қана өоймай оның күнделікті мінез-құлық нормасына айналдыру үшін күресу құқықтық тәрбиенің міндеті болып табылады.

Құқықтың тәрбие негізі отбасынан басталады. Қоғамдағы тәртіпсіздік пен қылмыстың көзі - маскүнемдік. Азғындықтың құзына итермелейтін жағдайлардың алғышарты осыдан басталады. Мектеп жасындағы жастар арасында бұл теріс құбылыстың орын алып отырғаны жасырын емес. Оқушылардың тәртіп бұзуының бір жағы отбасында жатыр. Бізде отбасы әр қилы: маскүнемдікпен күн өткізетін, ұрыс -керістен көз ашпайтын, басқалардың, мемлекеттің есебінен арам жолға барып қалғысы келетін отбасылары бар. Осындай отбасында өскен баланың оқуға, еңбекке қалай қарайтыны өз-өзінен түсінікті емес пе? Мұндай отбасында тербиеленген бала

қылмыс жасауға бір табан жақын тұрады. Арамтамақтық өмірді жақсы көреді, өзімшіл болады.

Оқушылар арасында құқықтық тәртіпті бұзушылықтың алдын-алу үшін жүргізілетін шаралар:

- тәртіп бұзушының теріс мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал ететін жағдайды жою;
- оқушының тәрбиесін, өмір жағдайын, ортасын сауықтыру;
- оқу, еңбек іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру;
- отан қорғау, туған елдің күш-қуатын молайту, сөз, баспа-сөз бостандығы мәселелері жөнінде тәрбиелік іс-шараларды өткізу.

Құқықтың тәрбиенің бір ұшы жыныстық тәрбиеге де байламысты екені даусыз. Көңілі сүйген адамына үйлену, отбасы құрау, бала сүю және оны бағып-қағуға қамқорлық, айырылысқан жағдайда балаларға жәрдем көрсету - бәрі де жастардың жете түсінуін, ұғынуын қажет ететін заңдар мен міндеттер. Қазіргі студент - ертеңгі маман, өндіріс жетекшісі, басшы. Демек, кәсіптік оқу орнын тәмамдаған оған кәсіби мамандықпен қатар құқықтың тәрбие де ете керек. Педагогика мен тәрбиенің халықтық ұстанымын ғылыми тұжырымдаған орыс педагогы К.Д.Ушинскийдің: "өмірде де, ғылымда да барлық халықтарға бірдей тура келетін тәрбие жүйесі жоқ. Әр халықтың ұлттық тәрбие жүйесі әртүрлі. Өз еліне басқа елдің тәрбие жүйесін енгізу мүмкін емес, себебі халықтардың өмір сүру моделі де, тәлім-тәрбие моделі де әр басқа" дегенін қайда қоймақпыз.

Ауыл жастарының арасында құқықтық тәрбие жұмысын ұйымдастыруда олңылықтар бар. Жастар арасындағы насихат пен құқықтың тәрбие мәселесі жөнінде жоғары ұйымдары таранынан белгіленген шаралар жүзеге асырылып, қызметкерлердің жауапкершілігін арттыру қажет. Мектептер жаңа компьютерлермен жабдықталған, құқықтық тәрбие де өз жүйесін тапқандай. Мәдени шаралар жүргізуге арналған саз, құрал-жабдықтары бар.

Құқықтың тәрбие тура жолмен жүруге үйрететін әділеттілік әдістеріне сүйенеді. Адам мұндай жағдайда өзінің ар-ұятына жүгінеді. Оқушы өзінің айналасындағы адамдарды, әлеуметтік игіліктерді қате бағалауы мүмкін. Мұның өзі оның көбіне көп құқықтың тәрбиені бұзуына әкеліп соқтырады. Нұрсұлтан Назарбаев "Қазақстан - 2030" стратегиялық бағдарламасында Отан қорғау мен оның қауіпсіздігіне ерекше мән бергені мәлім. Қарулы күштерінің бір тармағы ретінде ішкі әскердің де іргетасы қаланды. Ішкі әскер барлық қазақстандықтардың, қарапайым азаматтардың мүддесін қорғаушы - құқықтың тәртіп әскері. Бұл мектеп, отбасы және қоғам жұртшылығының құқықтық тәрбие жұмысын жүргізудегі басты бағытының бірі - оқушылар арасында заң тәртібін бұзушылықтың алдын алу шараларын жүргізуге кең жол ашып отыр. Құқықтың мәселелерді сөз ету, оны тыңдаушысына жеткізіп бере білу аса қиын өнер. Бұған тек қана білімді болу жеткіліксіз, сонымен бірге тәжірибелі, көпті көрген, адамдардық жүрегіне барар кілтті таба білер тәрбиеші болу маңызды. Оқушылардың мектептегі өмірі тұлғаның азаматтық қалыптасуының шешуші кезеңі болып табылады. Осы жылдары адамгершілігі, дүниетінымы, сенімдері,

ұжымшылдығы, тәртіптілігі, өзіне және басқаға талап қоюы, адалдығы мен шыншылдығы, қайырымдылығы мен ұстамдылығы, жігерлілігі мен батылдығы қалыптасады.

Бұлардың мазмұнына мемлекет заңдары және қоғамда өмір сүру ерекшеліктерін құрметтеу, қоғам заңдылықтарын бұзуға төзімсіздік, қоғамды тәртіпті сақтау да енеді. Құқықтық мәдениет екі тұрғыдан қаралады:

1. Құқықтық мәселелер, құқықтық қатынастар, құқықтық мекемелер әрекетін оқушының білуі.

2. Тұлғаның педагогикалық және психологиялық мәнінің құқықтық санаға әсері.

Адамның құқықтық мәдениеті күрделі. Әңгіме адам, оның санасы, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы туралы болғанда, көптеген сұрақтар туындайды. Құқықтық қоғам демократиялық принциптерге сүйене отырып, әр адамның шығармашылық күштерін, ниетін, ойын, сезімі, ұмтылысын толық және еркін жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Демократияны жетілдіру мемлекеттік және қоғамдық өмірдің құқықтық негізін бекітуге тікелей тәуелді. Мемлекет және қоғам өмірінің құқықтық негізін бекіту процесі төмендегідей маңызды шараларды жүзеге асыруды қажет етеді.

- заңдылықтарды үздіксіз жетілдіру;

- заңның орындалуын бекіту;

- қоғамдық тәртіп орнатуға әрбір азаматтың қатынасуы.

Бұдан заңдылық пен құқықтық тәртіптің бекітілуіне қамқорлық тікелей мемлекет мойнында болу қажеттігі шығады.

Адамның жалпы мәдениеті мен оның құқықтық мәдениетінің арасында тығыз байланыс бар. Сондықтан да құқықтық тәрбиені адамгершілік тәрбиесі теориясының құрамды бөлігі ретінде қарастырамыз.

Қоғамдық қайта құру кезеңінде құқықтық мәдениетті қалыптастыру барысындағы кемшіліктерді жеңу орын алады.

Құқық қоғам мен қоғамның әрбір мүшесінің бүкіл өмірін қамтып жатады. Құқықтық мәдениеті төмен дамыған адам тек заңның өрескел бұзылған жағдайында ғана оған зейін аударады да, құқықтық талаптарды мойындамаған көп жағдайларды байқамайды.

Заңды білмеу — құқықтық мәдениеттің елеулі кемшілігі. Заңды білмеу, оны бұзу жауапкершіліктен құтқармайды. Бұл жерде оқушы заң және құқықтық мәдениет ұғымын шатастырмау керек. Құқықтық мәдениет оқушыдан жан-жақты құқықтық білімдерді талап етеді.

Адамның құқықтық мәдениеті — күрделі психологиялық құбылыс. Бұл құбылыс қоғамның, мемлекеттің көптеген маңызды салаларында көрінеді. Ең бастысы адамгершілікті адам тұлғасының сапалық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал жасайтын тәрбие құралдарының бірі - орынды тәртіп және мінез-құлық тәрбиесінің жоғары деңгейінде болуы.

Сонымен адамның құқықтық мәдениеті дегеніміз - орынды тәртіп пен мінез-құлық, жан-жақты құқықтық білімдерімен заңды құрметтеу, құқықты қорғау іс-әрекетінің терең бірлігі.

Саналы тәртіп пен мінез-құлықтарды құқықтың мәдениеттің іргетасы деп қарасақ, ол көркемөнер мәдениетімен қатынастар, сезімдер деңгейінде тікелей байланысады. Сезімдер әлемі эстетикалық қатынастарда негізгі рөл ойнайды. Әдебиет пен өнер бізге көркем бейнелерімен әсер етеді, оларды сезім арқылы қабылдаймыз. Өнердің көмегімен, әсіресе, әдебиет арқылы әлемді, қоғамдық қатынастарды танимыз.

Құқықтың мәдениеттің осы екі деңгейіне көтерілген, яғни құқықтың білімді меңгерген, заңды құрметтейтін адам заңға қайшы келетін әрекеттерден аулақ болады. Тек қана заңға сәйкес жүру дағдысы пайда болады. Мұны заңға мойынсұнушы-лық дейді. Бұл деңгейлік сатыда ішкі қозғаушы күш — адамның ұяты, ар-ожданы. Ұят, ар-ождан және сенімдер адамның мәдениеті тек қана заңға мойынсұну емес, заңды қорғау үшін тұрақты белсенді әрекетке қатысуға дайын тұру.

Құқықты құрметтеу, әділдікті, борышты, жауапкершілікті, заңдылықты, сезіну - адам тұлғасының жоғарыдан көрінуі. Осыдан келіп заңдылықты сезіну құқықтық мәдениеттің құрамы екендігін түсіну қиын емес.

Қазіргі кезеңде қоғамның бірте-бірте демократиялық дамуы жалпы білім беретін орта мектептерде мектеп басшыларынан, мұғалімдерден құқықтық тәрбиені зор шеберлікпен, шығармашылықпен іске асыруды талап етеді.

2. Құқықтың тәрбиені заман талаптарына сай жүргізу үшін ең алдымен сынып жетекшілерінің және мектептердің озат тәжірибесін терең зерттеп, нәтижесін оқу және тәрбие жұмыстарында ұтымды, жинақты етіп пайдаланып, оңтайлы формалар, әдістер мен тәсілдерді іздестіру қажет. Құқықтық лекториялар. Мектептерде жоғары сыныптар оқушылары үшін ұйымдастырылады. Лекторийлердің мақсаты - жеткіншектер мен жасөспірімдерді еліміздің заңдарына және халқына құрмет сезімін тәрбиелеу, құқықтық біліммен қаруландыру, оны насихаттау.

Лекториялардың жоспары бір жылға жасалып, онда лекциялар тақырыптары көрсетіледі.

Кинолекториялар - әр түрлі жастағы балалар үшін ұйымдастырылады. Оқушыларға жас ерекшеліктеріне байланысты түрлі көркемдік, хроникалық-құжаттық, ғылыми фильмдер, кино-фильмдер көрсетуге болады.

Жасөспірімдердің заң тану мектептері. Мұндай мектептерді жастар сарайы, жалпы білім беретін орта мектептердің жанынан ұйымдастыруға болады. Негізгі мақсат - жас түлектерді құқық және еңбек, азаматтық және заңдары жайлы біліммен қаруландыру. Мектептердегі құқықтық тәрбиенің басқа формалары: құқықтық білім факультативтері, дәріс, баяндама, әңгіме, пікір-талас, олимпиада, кештер, сайыстар, т.б.

Тәрбиенің жалпы әдістері негізінде құқықтың тәрбие әдістері үш топқа бөлінеді:

Сөздік ақпараттық әдістері: дәріс, әңгіме, әңгімелесу, өнеге, түсіндіру, дәлелдеу, насихаттау, бекерге шығару.

Бұл әдістің тиімділігі нақты материалды оқушыларға түсінікті тілде мазмұндай білуге байланысты.

Ұқтыру, машықтандыру әдістері: үйрету, тапсырма, жаттықтыру, талап. Бұл әдістер оқушылардың іс-әрекеттері мотивтерінің қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

Ынталандыру және тежелу әдістері тобы: ынталандыру әдістепрі, тежелу әдістері (жазалаудық түрлері).

Сонымен топтарда көрсетілген әдістердің бірлігі жалпы тәрбие жүйесінде болымды нәтиже береді.

3. Құқықтық мәдениет

Мәдениет — адамзат жасайтын және адамдардың рухани қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы. Қоғамның мәдениеті бірнеше түрге бөлінеді: саяси, экономикалық, әлеуметтік, парасаттылық, инабаттылық, экологиялық құқықтық, т.б. мәдениет жүйе-салалары. Олар бір-бірімен тығыз байланыста қоғамның экономикалық саяси, әлеуметтік дамуына сәйкес дамиды. Сонымен қатар олар қоғамның әр саласындағы қарым-қатынастарды реттеп-басқарып отырады. Мәдениет салаларының арақатынасы бірлестікте және дербесікте дамып қоғамның экономикасын, әлеуметтік жағдайын жақсартып, нығайтып отырады. Жақсы дамыған экономика, мәдениеттің жан-жақты нығауына мүмкіншілік жасайды. Мәдениеттің жақсы дамуына мемлекетпен бірге бірлестіктер, одақтар, ұжымдар зор үлес қосады. Жоғары деңгейі мәдениетке құқықтық мемлекет жол ашады.

Сонымен, қоғамның парасаттылық, инабаттылық тәрбиелік т.б. деңгейі мәдениеттің деңгейімен айқындалады. Ал мәдениеттің деңгейі қоғамның экономикасының, саяси-әлеуметтік деңгейіне байланысты.

Қоғамда бұл екі жақты байланыс бір елдің, бір мемлекеттің шеңберінде ғана болады. Мәдениеттің дамуына сыртқы қолайлы жағдай зор әсер етеді. Мысалы, дамыған елдердің мәдениеті артта қалған елдерге үлгі болып, олардың рухани байлығын, сана-сезімін көтеріп, мәдениетін дамытады.

Мәдениеттің мазмұны туралы ғылымда бірнеше пікірлер бар, оларды үш топқа бөлуге болады: антропологиялық, социологиялық, философиялық көзқарастар — жіктеулер:

- антропологиялық жіктеу - мәдениет адамдардың іс-әрекеті мен қоғамның тарихи даму процесінде қалыптасқан материалдық және рухани жетістіктер. Бұл концепцияның өкілдері мәдениеттің мазмұнын жақсы түсіну үшін қоғамның барлық саласының жетістіктерін бірігіріп зерттеуді жақтайды;
- социологиялық жіктеу - мәдениет қоғамның даму процесінде қалыптасқан рухани жетістіктер. Бұл концепцияның өкілдері мәдениеттің мазмұнын түсіну үшін қоғамның әлеуметтік және идеологиялық жетістіктерін біріктіріп зерттеуді қостайды;
- философиялық жіктеу — мәдениет қоғамдағы барлық материалдық және рухани құбылыстардың жиынтығы - деп түсіндіреді. Бұл концепцияның өкілдері мәдениеттің мазмұнын түсіну үшін қоғамдағы барлық құбылыстардың объективтік және субъективтік заңдылықтарын зерттеп, ғылыми тұрғыдан қорытынды тұжырымдар жасауды дұрыс дейді.

Антагонистік қоғамдағы материалдық және рухани мәдениет үстемдік етуші таптың мүддесіне бағындырылған. Әрбір ұлттық мәдениетте демократиялық элементтер болады. Өйткені әрбір ұлтта еңбекші және қанаушы бұқара бар, олардың өмір сүру жағдайлары демократиялық идеологияны туғызбай қоймайды.

Қазіргі замандағы мәдениет мазмұны жағынан алғанда өте кең байтақ, ол өткендегі барлық мәдениет атаулының ең прогресшіл және ең жақсы жақтарын заңды түрде қабылдап, дамып келеді. Мәдениет түсінігіне тек ғылым, ағарту, өнер, тіл және әдебиетпен ғана шектеліп қоймай, оған "сезім мәдениеті" де кіреді. Мәдениеттің маңызды сипаты, оның интернационалдығы. Мәдениеттің экономикалық негізі, оны стихиялық дамудан сақтайды. Мәдениеттің үзіліссіз даму процесінде бірте-бірте ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы айырмашылықтар жойылады, адамның жеке басының үйлесімді жан-жақты дамуына жағдай туады.

Қоғам мәдениетінің негізгі салаларының бірі — *құқықтық мәдениет*. Бұл қоғамдағы мәдени құндылықтарды сақтау, жаңғырту, дамыту, оларға азаматтарды баурау жөніндегі қатынастарды құқықтық нормалар арқылы реттеп-басқару. Құқықтық мәдениет қоғамдағы мәдениеттің деңгейінен жоғары бола алмайды. Бұл объективтік процесс.

Құқықтық мәдениет қоғамның құқықтық санасының, айнасы деуге болады. Өйткені бұл мәдениет адам қоғамының өткен формацияларының құқықтық мәдениетінің жетістіктерін жинақтап, біріктіріп отырады. Құқықтық мәдениет екі бөлімнен тұрады: жеке тұлғалардың мәдениеті және қоғамдық мәдениет. Жеке тұлғалардың мәдениеті қоғамдық мәдениетті дамытуға шешуші үлес қосады. Құқықтық мәдениет жалпы-халықтық байлық, ол адам қоғамының тарихи цивилизациялық жетістігі.

Құқықтық мәдениет жеке тұлғалардың білімінің деңгейіне қарай үшке бөлінеді: күнделікті, профессионалдык, теоретикалық. Күнделікті мәдениет жалпы қоғамдық мәдениеттің көлеміндегі дәреже. Бұл дәреже еңбектенсе өсуі мүмкін. Профессионалдык мәдениеттің бір немесе бірнеше саласын игеру. Теоретикалық мәдениеттің теориясын жақсы білу.

Құқықтық мәдениеттің функциялары: танымдық, реттеушілік, прогностикалық, нормативтік. Танымдық-құқықтық мәдениет теориясын дамыту; реттеушілік—мәдениетті реттеп-басқару; нормативтік—мәдениет бағытындағы нормативтік актілердің сапасын жақсарту, сол арқылы құқықтың рөлін көтеру, күшейту; прогностикалық (болжау) - құқықтық мәдениеттің болашағын дұрыс болжау.

Құқықтық мәдениет субъектісіне қарай *үш жүйеге бөлінеді*: қоғамдық, топтық және жеке тұлға. Бұл жүйелерге азаматтардың белсенділігі өте қажет, онсыз нормативтік актілердің іске асуы, орындалуы нашарлайды. Белсенділіктің екі түрі болады: біріншісі — құқық шығармашылықтағы, құқықты дамытудағы, орындаудағы белсенділік; екіншісі — заңдылықты, тәртіпті нығайтудағы белсенділік.

Қоғамдық жүйедегі нормативтік актілер барлық халықты қамтып, қоғамдық көлемде мәдениетті дамыту; топтық жүйе — бірлесгіктер, одақтар, ұжымдар көлемінде мәдениет мәселесімен шұғылдану; жеке тұлға жүйесі - жеке адамдардың рухани сана-сезімін, білімін, мәдени тәжірибесін дамыту.

Құқықтық мәдениеттің қызметі *үш топқа бөлінеді*: танымдылық, бағалаушылық, реттеушілік. Танымдылық—халықтың заң білімін білуінің деңгейі, рухани сана-сезімнің жақсаруы. Бағалаушылық тобы төрт жүйеден құралады: құқықтың салалары, қағидалары, құрылымы, функциялары; құқықтық тәртіпті; заңдылықты қорғайтын органдардың жұмысы; азаматтардың өздерінің баға беруі (заңдылыққа, тәртіпке, мәдениетке). Реттеушілік тобы - қоғамдағы мәдениет бағытындағы қарым-қатынастарды реттеп-басқару олардың, заңдылық немесе заңды еместігін анықтау, дұрыс орындалуын қамтамасыз ету.

Мәдениет жүйесін құқықтық реттеудің, басқарудың негізгі бағыттары:

- қоғамның құқықтық сана-сезімін дамыту;
- құқықтық шығармашылықты жақсарту;
- нормативтік актілердің дұрыс орындалуын қамтамасыз ету;
- мемлекеттің құқықтық жұмысының нәтижесінде халықтың рухани және материалдық мүдделерінің орындалуын жақсарту.

Осы көрсетілген төрт бағыттағы құқықтық жұмысты қоғамдық көлемде болсын жеке адамдар тұрғысынан болсын ғылыми шығармашылық процесс деп білу керек. Сонда ғана мәдениет дұрыс, прогрестік жолмен дамып, адам қоғамының рухани және материалдық жетістіктерін біріктіріп мемлекеттің жақсы дамуына мүмкіншілік жасайды.

Адам қоғамының тарихи даму процесінен қалыптасқан ең зор мәдени байлық — құқық пен құқықтық заңдар. Адам қоғамын дағдарысқа ұшыратпай миллион жылдар реттеп-басқарып келе жатқан мемлекет пен құқық. Мәдениеттің, құқықтың даму процесінде заңдылықпен құқықтық тәртіп қалыптасып, қоғамның прогрестік жолмен дамуына мүмкіншілік жасады.

Қоғамның мәдениет саласындағы қатынастардың басым көпшілігі заң арқылы реттеліп, басқарылып жатады. Заң мәдениеттің негізгі мүдде-мақсатын анықтап, оның орындалу бағыттарын көрсетіп реттеп отырады. Заң мәдениеттің жаңа бағытын, жаңа мақсатын болжап, алдын-ала заңға тәуелді нормативтік актілердің қабылдануын қамтамасыз етеді. Заң құқықтық мәдениетті басқаратын, дамытатын аппараттарды құрып, нығайтып отырады.

Заңның дұрыс жұмыс жасауын қамтамасыз ететін - заңға тәуелді нормативтік актілер. Сондықтан, құқықтық мәдениетті дамыту үшін мемлекет барлық басқарушы аппараттардың (үкімет, министрлік-ведомстволық, жергілікті органдардың) жұмысын жақсартып, олардың нормалары мен құжаттары дұрыс, сапалы, уақытында қабылданып қоғамдағы мәдениет процесін реттеуді, басқаруды тиісті дәрежеде ұстауды қамтамасыз етеді.

Құқықтық мәдениеттің жақсы дамуының негізгі шарттары: халықтық рухани сана-сезімін дамыту; мемлекеттік биліктің үш бағыттағы жұмысын жақсарту; заңдылықты, құқықтық тәртіпті орнату; мәдениеттің жетістіктерін қорғау; құқықтық мемлекет қалыптастыру.

Бұл шарттарды орындау үшін біріншіден - қоғамның саяси, экономикалық, әлеуметтік даму процесін күшейту; екіншіден - мәдениеттік аппараттағы қызметкерлердің сапасын жақсартып, білімін, тәжірибесін көтеру; үшіншіден — демократияны дамыту керек.

Құқықтық мәдениеттің ең жоғары деңгейдегі түрі - профессионал-заңгерлер. Бұл топқа жататындар: мемлекеттің заңды қорғайтын органдарында қызмет атқаратын азаматтар және заңгерлердің кәсіпқойлық ғылыми ұйымдарында жұмыс істейтін мамандар. Олардың көпшілігінің құқықтық сана-сезімі, білімі, тәжірибесі өте жоғары дәрежеде болады. Сондықтан, олар нормативтік актілерді қабылдауға, қорғауға, орындауға өте зор үлес қосады, қателікке, кемшілікке жол бермейді. Бұл бағытта әсіресе маман заңгерлердің рөлі өте жоғары дәрежеде болады. Олар құқық теориясын ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеп, дамытып отырады, нормативтік актілердің сапалы болып шығуына, орындалуына көп үлес қосады.

Мемлекеттік профессионал заңгерлердің құқықтық білімін, сана-сезімін, мамандық тәжірибесін үздіксіз жетілдіріп отыруға көңіл бөліп көптеген істер атқарады, шаралар қолданады. Сол арқылы заңдылықты, құқықтық тәртіпті дамытуға, нығайтуға мүмкіншілік жасап отырады. Профессионал заңгерлердің басым көпшілігі адал, жақсы қызмет атқарады, демократияны, әділдікті, теңдікті, бостандықты дамытуға, нығайтуға зор үлес қосады.

Сонымен бірге көп мемлекеттердің өмір тәжірибесі көрсеткендей заңгерлердің ішінен азшылық болса да заңдылықты, құқықтық тәртіпті бұзатындар кездесіп жатады. Оның себебі сана-сезім, мәдениетінің, білімінің деңгейі төмен, нашар болуынан. Ондай адамдар әшкереленіп, құқық қорғау органдарынан қуылады.

Қоғамның құқықтық мәдениетін жетілдіруге заңгерлердің ғылыми және кәсіпқойлық қоғамдастарының ұйымдарының маңызы өте зор. Олар нормативтік актілердің сапасын көтеруге, нормалардың қателіктерін түзеуге, кемшіліктерін жетілдіруге, құқық теориясын дамытуға көп үлес қосады.

Құқықтық мәдениет екі деңгейден тұрады: адамдардың сана-сезімінің деңгейі және олардың мамандығының деңгейі. Құқықтық мәдениеттің сапалы немесе сапасыз екенін қоғамдағы бостандықтың, әділеттіктің, демократияның, заңдылықтың, құқықтық тәртіптің деңгейінен білуге толық, болады. Құқықтық мәдениеттің сапасы жоғары дәрежеде болса құқықтық мемлекетгі қалыптастыруға зор әсер етеді.

Құқықтық нигилизм, оның мазмұны.

Құқықтық мәдениетке қарама-қарсы бағыт — құқықтық нигилизм. Нигилизм қоғамда қабылданған, бүкіл адамға пайдалы, жағымды мұраларды, ғылым заңдарын, мәдени және моралдық қағидалар мен нормаларын, қоғамдық өмірдің нысандарын т.б. жоққа шығарып мойындамау. Ресейде, Германияда, Испанияда т.б. еуропалық елдерде нигилизм XIX ғасырда қалыптасқан саяси реакцияшыл ағым. Болашақта құқықтық мемлекетте қоғамды әкімшілік органдар басқарады. Қазіргі заманда саясатшылар, заңгерлер, ғалымдар құқық пен мемлекет адам қоғамымен бірге өмір сүреді дейді.

Нигилизм әлеуметтік құбылыс, оның аз да болса дұрыс бағыты болады. Мысалы, Ресейдегі патшалық саяси-экономикалық режимге демократтардың қарсы күресі (XIX ғ.). Кеңестік дәуірде тоталитарлық саяси басқару жүйесіне еліміздегі қарсы күрес. Бұл саяси күрестердің стратегиясы дұрыс, тактикасы - күресті жүргізу нысаны реакцияшыл бағытта болды — террор, төңкеріс т.б. Бірақ бұл саяси ағымдарды нигилизмге толық жатқызуға болмайды.

Нигилизмнің өзіне тән белгі-нышандары: субъективизм, волюнтаризм, үстемділік, асыра сілтеу, террор, төңкеріс, контрреволюциолық т.б. Нигилизмдік саяси бағыттағы қозғалыстар әр елдерде әр түрлі нысанда үзіліссіз жүріп жатады.

Постсоветтік республикаларда нигилизмнің түрлері, нысандары көбеюде. Олар әртүрлі саяси бағыттағы қозғалыстар, монархистер, социалистер, большевиктер т.б.

Бұл қозғалыстар қоғамның, халықтың өміріне көп зияндар келтіруде: рухани, моралдық, инабаттылық, адамгершілік қасиеттерді жоюда, еңбексіз баю жолында, ар-ұятты, әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді аяқ-асты қылуда.

Бұл топтың біразы мемлекеттің ең жоғары басқару аппаратына орналасып алған. Қазіргі кезде постсоветтік республикаларда нигилизмнің көріністері жоғары мемлекеттік басқару органдарының іс-әрекетінен байқала бастады. Социалистік жүйеден нарықты экономикалық жүйеге көшеміз деп еліміздің экономикалық, әлеуметтік байлығын талан-таражға салып, өздері байып, жұртты қу тақырға отырғызды.

Құқықтық нигилизмнің түрлері: - нигилизм санқырлы, өте қауіпті саяси ағым. Ол өзінің реакцияшыл тактикасын неше түрлі шым-шырақай өзгерістерге айналдырып халықты алдауға өте шебер. Осы реакцияшыл тактиканың негізгі түрлері:

- 1) Қоғамдағы құқықтық нормалардың талаптарын қасақана орындамау іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі. Бұл құқық бұзушылық қылмыс немесе теріс қылық, қоғамға, ұжымдарға, адамдарға моралдық, материалдық, зиян келтіретін, адамдардың өміріне қауіп төндіретін қоғамға жат қылықтар.
- 2) Адамдардың жаппай заңды нұсқауларды орындамай, өздерінің ойдан шығарған нормасымен жүріп қоғамдағы азаматтық, әкімшілік тәртіпті бұзу. Бұл мемлекеттің әлсіздігі.
- 3) Заңдардың арасындағы күрес нормативтік актілердің арасындағы қайшылықтар. Кейде заңға тәуелді нормалар заңнан жоғары болып кетуіде кездесіп жатады. Бұл нигилистік асыра сілтеу. Заңдардың, биліктің күресі — соғысы қоғамға өте қауіпті нигилистік іс-әрекет.
- 4) Заңдылықты субъективтік, прагматикалық саясатпен ауыстыруға талаптанған ағымдар да өмірде кездесіп жатады. Олар қоғамның объективті дамуына көп зиян келтіреді.
- 5) Мемлекеттің билік және басқару органдарының арасындағы күрес-қайшылықтар. Мысалы, Қазақстан Республикасының Парламенті мен Үкіметтің арасындағы келіспеушіліктер.
- 6) Қоғамда адамдардың бостандығы, құқықтары, теңдігі толық қамтамасыз етілмесе саяси нигилизмнің негізіне айналып көп зиян келтіруі, соғысқа апаруы мүмкін. Мысалы, Россиядағы чечен халқына қарсы соғыс.
- 7) Әртүрлі теориялардың арасындағы қайшылықтар, күрестер. Мысалы, марксистік және буржуазиялық идеологияның күресі 50 жыл атом қаруын себепсіз дамытып дүние жүзіндегі халыққа қауіп төндірді.

Жоғарыдағы айтылғандарды қорыта келіп, қазіргі замандағы нигилизмнің негізгі нышандарына тоқтайық:

- нигилизмнің идеологиясымен уланған адамдардың мемлекеттік аппараттың барлық деңгейінде, қоғамдық ұйымдарда барлығы ақиқат - шындық;
 - нигилизмнің санқырлы сипаттарының түрлері парламентте, Президенттік аппаратта, үкіметте, министрліктерде, заңды қорғау органдарында көрініп қалып жүр;
 - нигилистер жамандықтың ең сорақы, қайырымсыз түрлерін қолдануға құмар. Олар керегінде өтірік саяси, оппозициялық ұйым бола қалады. Сөйтіп өздерінің антидемократиялық, қастандық іс-әрекеттерін жасай береді;
 - олар мемлекеттік, саяси, моралдық, рухани, экономикалық, діни органдардағы нигилистермен бірлесіп қоғамда жартылай ашық реакцияшыл күшке айналады;
 - Кеңес кезінде нигилистер қазіргі нигилистермен топтасып бірте-бірте ашық (демонстративно) жауынгер, агрессивтік бақылауға болмайтын реакцияшыл мафияға айналып отыр.
- Бұл "күш", бұл мафия Кеңес Одағын талқандап, посткеңестік республикаларды талан таражға салып, олардың байлығын ашық түрде өзара бөлісуде.
- Құқықтық нигилизмнен құтылу жолы:
- халықтың жалпы және құқықтық мәдениетін жақсарту;
 - олардың моралдық және құқықтық санасын күшейту;
 - заң шығарушылықтың сапасын көтеру;
 - саяси-экономикалық дағдарыстан тезірек шығу.

Қоғамға халыққа зияндығы жағынан құқықтық нигилизммен тендес екінші реакцияшыл саяси ағым - *құқықтық идеализм*. Идеализм құқықтың маңызын шексіз мазақтайды. Олардың ұсынысы қанаушы таптың мүддесін қорғайтын құқықтық нормаларды жойып жаңа демократиялық нормаларды қабылдаса бәрі дұрысталады — дейді. Бұл жәй қиял...?!

Тақырып № 17 Құқықты іске асыру және түсіндіру

ЖОСПАР

1. Құқықты іске асыру түсінігі және нысандары
2. Құқықты қолданудың түсінігі, сатылары және белгілері
3. Құқықты қолданудың субъектілері және оның актілері

1. Құқықты іске асыру түсінігі және нысандары

Құқықты іске асыруға мемлекеттің құқықшығармашалық қызметі алдын ала әрекет етеді. Құқықшығармашылық және құқық қолдану — бұл өзара тығыз байланысты екі құбылыс. Құқықтық норманы іске асыру — жазылған мәтіндегі заң шығарушының еркін білдіру, жүріс-тұрыстың қажетті моделін жасау дегенді білідреді.

Құқықтық нормалар адамадардың санасы мен еркіне мақсатты түрде әсер ете отырып, оларды заңнамаға сәйкес жүріп-тұруға итермелеу үшін қажет. Қоғамдық қатынастардың қатысушыларының жүріс-тұрыстары арқылы кез келген заң шығарушы қалайтын нәтижелерге жетуге болады.

Құқықтық нормаларды іске асыру – құқықтық нормалардың ережелері көрініс тапқан адамдардың жүріс-тұрысы, олардың құқықтарын жүзеге асыру мен заңды міндеттерін орындаумен байланысты тәжірибелік қызметі.

Субъектілердің әрекеттерінің сипатына қарай құқықты іске асырудың төрт нысанын бөліп қарастырады:

- 1) сақтау – қолданыстағы құқықпен тыйым салынған әрекеттерден бас тарту;
- 2) орындау – оң мазмұнды заңды міндеттерді орындауға байланысты белсенді әрекеттерді жүзеге асыру;
- 3) пайдалану – олар арқылы тұлғаның өз мүддесін қанағаттандырылатын субъективтік құқықтарды жүзеге асыру;
- 4) қолдану – құзыретті органдардың нақты бір заңды істі шешуге байланысты биліктік қызметі нәтижесінде сәйкес жеке акт қабылданады.

Құқық қолдану – бұл биліктік қызмет. Құқық қолданушылық – құқықтық жағдаймен анықталған нақты өмірдегі жағдайларға байланысты істерді шешу.

Заңды және басқа да құқықтық нормаларды қолданумен тек құзыретті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар айналысады. Құқықтық мемлекетте барлық жағдайда толық анықтылық қажет: қандай заңдар қолданылады, олар қашан қолданылады, қандай негізде және қандай нысандарда.

Мәселен, мемлекеттік органдардың қызметі нормативтік актілерде рұқсат берумен және тыйым салумен аяқталмайды. Яғни, басқаша айтқанда, құқықтық нормалардың бір бөлігі құқық қолдану, құқық қолданушылық қызмет, құқық қолдану актілері арқылы іске асырылады.

Құқықты қолдану – бұл құқықтық нормалардың адресаттарына өздеріне тиесілі құқықтары мен міндеттерін іске асыру үшін септігін тигізетін, сонымен қатар осы процеске бақылау жүргізетін құзыретті органдардың ұйымдастырушылық биліктік қызметі.

Мемлекеттік органдар құқық қолдану қызметін жүзеге асыра отырып, басқа да құқықшығармашылық, құқыққорғаушылық функцияларын да іске асырады. Мәселен, сот бұзушылықтардан құқықтарды қорғауды тек құқық қолдану арқылы жүзеге асырады. Ал басқалары, мәселен, ішкі істер органдары өз міндетін орындау нысанында жүзеге асырады.

Құқық қолданушы құқық пен заңды іске асыруға мына жағдайда кіріседі: а) субъективтік құқықтар мен заңи міндеттер туралы дау болған жағдайда; б) белгілі бір тұлғалардың құқықтары мен міндеттерінің әрекет ету немесе тоқтатылу фактісін анықтау қажеттілігі туындаған жағдайда; в) иеленген құқықтар мен жүктелген міндеттердің дұрысытығына бақылау жасау үшін.

Сонымен, құқықтық нормалар мемлекеттік органдардың, адамдардың, қоғамдық ұйымдардың қарым-қатынастары, іс-әрекеттері арқылы орындалып жатады.

Құқықтық нормаларды іске асырудың ерекшеліктері:

а) Құқықтың әлеуметтік мазмұнына сәйкес қоғамның даму процесін дұрыс реттеп, әртүрлі басқаруға мүмкіншілігінің барлығы. ә) Нормативтік актілерде көрсетілген іс-әрекеттерді дұрыс, уақытында орындауды қамтамасыз ету механизмнің барлығы.

Механизм кезеңдері:

1. Заңды нормаларды белгілеу, анықтау құқықтық реттеудің негізі.
2. Құқықтық қатынастың мазмұнын және субъектілерін анықтау.
3. Субъективтік құқық пен заңды міндеттердің дұрыс орындалуы туралы акті жасау.

Құқықтық нормаларды іске асыру түрлері:

1. Норманың мазмұнына қарай орындау үшке бөлінеді: норманың мүдде-мақсатын орындау; жалпы міндет — қағидаларын орындау; қатынастағы нақты норманы орындау.
2. Норманы іске асырудағы қатынастың субъектілеріне сәйкес орындау түрі екіге бөлінеді: жекелік және топтық субъектілердің өз құқығын іске асыру. Құқықтық норманы субъектілердің өз мүдде-мақсатын іске асыру, пайдалану.
3. Нормативтік актілер ерікті түрде орындалмаса, қоғамдық мүдде-мақсат үшін еріксіз іске асыру. Оның **екі түрі** болады: әкімшілік-тәртіптік және қылмыстық жауапкершілік.
4. Құқықтық нормаларды іске асыруды саяси және идеологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану. Құқықтық нормалардың басым көпшілігінің орындалуы құқықтық қатынас арқылы реттеліп жатады. Бұл нормативтік актілерді іске асырудағы, ең көлемді, ең күрделі түрі. Құқықты іске асырудың **әдіс-тәсілдері**:
 - нормативтік актілердің басым көпшілігінің ерікті түрде орындалуы (бұл заңның сапалы шығуының және жақсы тәрбиенің, білімнің нәтижесі);
 - мемлекеттік аппараттың бақылауы арқылы орындалуы;
 - үгіт-насихат арқылы нормалардың іске асуы;
 - рухани сана-сезімді көтеру арқылы нормалардың орындалуын жақсарту.
5. Субъектілердің норманы іс жүзіне асыру іс-әрекеттері төрт түрге бөлінеді: сақтау, орындау, пайдалану, қолдану.

Сақтау — нормаларда тыйым салған іс-әрекеттерді субъектілер бұлжытпай орындауға міндетті. Бұл құқықтық қатынастарды реттеп-орындауда субъектілердің пассивтік тәртібі немесе заңды әрекетсіздігі. Мұны тыйым салынған нормалардың бұлжытпай сақтау нысаны деп атайды.

Орындау — субъектілердің нормада көрсетілген міндеттерді толық орындауды қамтамасыз етуі. Мұнда субъектілер белсенді түрде іс-әрекет жасауға міндетті. Мұндай іс-әрекеттерді норманың орындалуының міндетті нысаны деп атайды.

Пайдалану — субъектілердің ерікті түрде нормативтік актілер арқылы өз мүдде-мақсаттарын іске асуын қамтамасыз етуі. Бұл заңда тыйым салынбаған барлық іс-әрекетті жасауға адамдардың еріктілігі.

Осы көрсетілген үш түрде нормативтік актілер қатынастағы субъектілердің өздерінің іс-әрекетімен немесе әрекетсіздігімен орындалып жатады. Бұл процесті құқықтық норманың тікелей іс жүзіне асырылуы, орындалуы деп атайды. Осы нысан арқылы нормативтік актілердің көпшілігі

орындалып жатады. Бірақ та, өмірде қоғамдағы қарым-қатынастарды реттеп-басқаруға жоғарыда көрсетілген үш түрі жеткіліксіз. Себебі қоғамдағы қатынастардың субъектілерінің өзара байланысында қайшылықтар, келіспеушіліктер болып жатады. Соларды заңды түрде реттеу үшін мемлекеттің өкілетті органдарының қатысуы объективтік тұрғыдан қажет болады және қоғамдық мүдде-мақсатты, саясатты, билікті іс-жүзіне асыру, орындау мемлекеттің міндеті.

Құқықтық нормаларды қолдану және нормативтік актілердің дұрыс орындалуын, іске асуын бақылау міндеті тек мемлекеттік органдардың құзыретіндегі іс-әрекет.

Құқықты қолданудың жоғарыда көрсетілген үш түрден айырмашылығы: 1) қолдану мемлекеттік биліктің басқару, ұйымдастыру күшіне сүйене отырып жүргізіледі; 2) қатынастағы субъектілердің біреуі — мемлекеттік өкілеттігі бар органның болуы; 3) мемлекеттік органның қатысуы заңдылықты, тәртіпті жақсартуға мүмкіншілік жасайды; 4) кейбір қатынастарда қолдану нормативтік актілерді пайдалану, орындау, сақтау түрлерінің процесіне бірлесіп, ол қатынастардың заңды сапалы аяқталуына үлес қосуы; 5) құқықтық нормаларды қолдану міндетті түрде нормативтік акті жасалумен аяқталуы, оның заңды күшінің болуы **құқықтық нормаларды қолдану** тек мемлекеттік органдардың және лауазымды тұлғалардың жұмысы. Олар өз құзырының көлемінде ғана реттеп-басқаруға құқықты. Қоғамдық ұйымдар мемлекет рұқсат берсе ғана құқықтық нормаларды қолдануларына болады. Мысалы, кәсіпшілер одағы өз жұмысында еңбек туралы заңның баптарын қолданады.

Демократиялық мемлекетте нормативтік актілерді қолдануда қатаң тәртіп болады: кім қандай заң қолданады, неге, себебі, уақыты, орны толық көрсетілуге тиіс. Осы мәселелердің, сұрақтардың бәрі мемлекеттің бақылауында болады. Мемлекеттік органдар жеке адамдардың және заңды тұлғалардың қарым-қатынастарына кіріспейді, оларға толық бостандық беріледі.

Мемлекеттік органдар бұл қатынастарға кірісуге болатын жағдайлар: егерде қатынасты орындау барысында субъектілердің бірін-бірі түсінбеушілік болса; екі жақтың құқықтары мен міндеттерінің дұрыс орындалуын тексеру керек болса.

Құзыретті мемлекеттік органдар субъективтік құқықтар мен міндеттер туралы дау болған жағдайда, белгілі бір тараптардың құқықтар мен міндеттері пайда болу немесе тоқтатылу фактісін анықтаған жағдайда, заңмен көзделге бақылауды жүзеге асыру қажет болған жағдайларда құқық қолдануды іске асырады.

2. Құқықты қолданудың түсінігі, сатылары және белгілері

Құқықты қолдану бірнеше сатыдан тұрады: 1) істің нақтылы мән-жайларын анықтау; 2) істің заңи негізін анықтау; 3) құқықтық норманы қолдану арқылы шешім қабылдау; 4) шешімді жүзеге асыру.

Бірінші сатыда заңи айғақтар және заңи құрам анықталуы керек. Олар – басты айғақ немесе басты айғақты аңқытайтындар. Осы айғақтар заңи істі тиісті түрде, заңи жолмен шешуге жеткілікті болуы қажет. Кейде анықталатын мән-жайлардың

көлемі заңда белгіленеді. Мысалы, қылмыстық іс жүргізу заңы бойынша сотта қылымыстық істі қарағанда мына жағдайлар дәлелденуі қажет: а) қылымыс оқиғасы (уақыты, орны, жасалу әдістері); ә) айыпкердің кінәсі; қылымыстың себебі; б) айыпкердің жауапкершілігіне әсер ететін мән-жайлар; в) қылмыс арқылы келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері; г) қылмысты жасауға түрткі болған мән-жайлар.

Екінші сатыда істің заңи негізі анықталуы керек: қолдануға қажетті құқықтық норманы табу; оның мәтінінің дұрыстығын тексеру; норманың түпнұсқасы екендігін анықтау; оның кеңістіктегі, мерзімдегі (уақыттағы) күшін және субъектілерге қатыстығын анықтау; норманың мазмұнын айқындау. Осы айтылған әрекеттердің барлығы заңдылықты, құқықтық тәртіпті нығайту үшін қызмет істейді.

Құқықты қолданудың үшінші сатысы – қаралған іс бойынша құқық қолдану актісін қабылдау. Мұндай акт істің тағдырын шешеді. Сондықтан бұл жұмысқа жауаптылықпен қарау керек. Осы актілер заңға негізделіп, заң бойынша жасалуы қажет.

Міне, құқықты қолданудың кезеңдері осылай басталып, реттеліп аяқталады. Осы процесс толығымен мемлекеттік ресми органның бақылауында болады.

Мемлекеттік органның құқықтық норманы қолдануда үш функциясы болады:

- нормативтік актілерді қолдану арқылы қоғамдағы қатынастарды реттеп-басқару;
- нормалардың орындалуын қамтамасыз ету;
- нормалардың дұрыс уақытында іске асуын бақылау.

Құқықтық нормаларды қолданудың ең негізгі, ең күрделі түрі мемлекеттің билігімен нормативтік актілерді іске асыру, орындау. Оның негізгі ерекшеліктері:

Бірінші - тек мемлекеттік билігі бар аппараттың нормаларды іске асыруы.

Екінші - бұл аппараттардың нормативтік актілерді қолдану туралы нұсқауының мемлекеттік күші болады.

Үшінші - олар өздерінің нұсқауын қағаз жүзінде, орындайтын субъектілерді нақты көрсетіп береді.

Төртінші - нормаларды қолдануды тиісті заңға сүйене отырып береді. Ерікті орындалмаса, еріксіз орындалады.

Мемлекеттік аппараттың құқықты іске асыру процесіне кірісуге төрт себептері бар:

- егерде қатынастағы субъектілердің құқығы мен міндеттерін орындау барысында кедергі пайда болса. Мысалы, жұмыстан заңсыз шығару;
- егерде қатынастың бір субъектісі өз міндеттерін ерікті түрде орындамаса. Мысалы, мәмілелі қатынаста міндеттердің орындалмауы;
- егерде мемлекеттік ресми орган кіріспей субъектілердің қарым-қатынасы басталмайтын болса. Мысалы, оқуға түсу, қызметке алыну, пенсияға шығу;
- егерде субъектілердің арақатынасы, дұрыс заңды түрде аяқталмаса.

Оның себептерін анықтау үшін және жауапкершілік түрлерін белгілеу үшін мемлекеттік ресми аппарат міндетті түрде қатысады.

Құқықты дұрыс қолдануда, уақытында, жақсы орындалуында мемлекеттік билігі бар органның маңызы өте зор.

3. Құқықты қолданудың субъектілері және оның актілері.

Сонымен, құқықты қолданудың негізгі субъектілері: мемлекет, мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар, рұқсаты болса қоғамдық ұжымдар мен ұйымдар. Олардың құқықтары мен міндеттерінің шеңбері Жарғысы мен ережелерінде толық көрсетілуге тиіс. Құқық қолдану актілері.

Құқықты қолдануда, іске асыруда міндетті түрде акт жасалуға тиіс. Құқық қолданатын акт – мемлекет атынан жасалатын, нақтылы заң бойынша қарауға құзыреті бар, тараптардың құқықтары мен міндеттерінің бар-жоқтығын анықтайтын, соған сәйкес шараларды белгілейтін органның актісі.

Онда қандай норма, қашан не үшін қолдануға тиіс, субъектілердің аты-жөні болу керек. Құқықты қолдану туралы актінің негізгі сипаттары:

- актінің мемлекеттік билік күшінің болуы; оны орындауға барлық қоғамдағы азаматтар, бірлестіктер міндетті;
- акті нақты бір іс, бір қатынас туралы жасалады, оны орындайтын субъект анық көрсетіледі;
- құқықты қолдану актісі заңдылықты қатаң сақтауға тиіс, ешқандай бостандыққа жол берілмейді;
- қолдану актісі мемлекеттің бекіткен форма-бланкаға жазылады. Ол форманы толтырудың қатаң ережесі бар. Қолдану актісі үш бөлімнен тұрады: кіріспе бөлімі, негізгі бөлімі, қорытынды бөлімі.

Қолдану актілер төрт түрге бөлінеді:

- мемлекеттің халық өкілді органдарының актісі;
- қоғамдағы тәртіпті қорғайтын органдардың актісі;
- конституциялық кеңестің актілері.

Сонымен, құқықты қолдану процесінде заңды айғақтар және заңды құрам анықталуы керек. Сол арқылы басты айғақ немесе айғақты анықтайтын мүмкіншіліктер туады. Бұл айғақтар тиісті заңды шешуге жеткілікті болуы қажет. Жүзеге асырылатын істің негізі анықталуы керек: қажетті құқықтық норманы табу; оның мәтінінің дұрыстығын тексеру; норманың түп нұсқасы екендігін анықтау; оның кеңістіктегі, мерзімді күшін және субъектілерге қатыстығын анықтау; норманың мазмұнын айқындау. Осы көрсетілген әрекеттердің барлығы заңдылықты, құқықтық тәртіпті нығайту үшін қызмет істейді. Сонымен қатар құқық қолдану актісінде:

1. құқық нормасы болмайды;
2. нақты адресатқа (белгілі тұлғаға, ұйымға, ұжымға) бағытталуға арналған;
3. бір реттік сипатта болады (орындалысымен оның әрекеті аяқталады).

Қаралған іс бойынша құқық қолдану актісінің маңызы өте зор. Мұндай акт істің тағдырын шешеді. Өйткені ол акт заңға негізделіп, заң бойынша мемлекеттің атынан жасалады. Бұл акт нақтылы заң бойынша қарауға құзыреті бар,

тараптардың құқықтары мен міндеттерінің бары-жоғын анықтайтын, соған сәйкес шараларды белгілейтін органның актісі.

Қолдану актілері мазмұнына қарай үшке бөлінеді: реттеуші, орындаушы және қорғаушы. Қатысушы субъектілер нормативтік актілерде көрсетілген өздерінің міндеттері мен құқықтарын дұрыс, уақытында орындауға тиіс.

Кейде заңи мәні бар әрекет жасалса да, оны шешуге арналған құқықтық норма болмауы мүмкін. Мұны заңдағы олқылық (кемшілік) деп атайды. Заңда қарастырылмаған жағдайда заң шығарушы екі тәсіл қолданады. Қылмыстық заңда ерекше қағида баянды етілген. Егер заңда оған жаза, шара белгіленбесе, қылымыс немесе теріс қылық жоқ деп саналады. Ал азаматтық заңдар бойынша іс-әрекет заңда қарастырылмаса да, тараптар үшін оның маңызы болса, азаматтық заңдардың жалпы мағынасына байланысты тараптардың құқықтары мен бостандықтарын туындатады. Осыған байланысты заң ұқсастығы және құқық ұқсастығы (аналогия) түсініктері бар, бұларды қолдану заңда көзделген. Заң ұқсастығы – істі ұқсас қатынастарды реттейтін заңды қолдану арқылы шешу. Құқық ұқсастығы – істі заңдардың жалпы бағытына және мағынасына сүйене отырып шешу.

Заңдылық режимі аналогияны қолдануға бірқатар талаптар қояды:

- 1) аналогия бойынша істі шешуге рұқсат беріледі, егер құқықтық нормалар болмаса немесе жеткілікті негізде болмаса;
- 2) талдануға жататын мән-жайлар мен әрекет ететін нормаларда көзделген мән-жайлардың ұқсастығы құқықтық қатынастарындағы белгілері бойынша сәйкес келу керек;
- 3) аналогия бойынша қорытынды жасауға болмайды, егер ол заңмен тікелей тыйым салынса немесе егер заң заңи салдардың пайда болуын нақты нормалардың болуымен байланыстырса;
- 4) айрықша нормалар назарға алынады, егер қарастырылып жатқан мән-жайлар да айрықша болып табылса;
- 5) аналогия барысында қалыптасқан құқықтық ереже бірде бір әрекет ететін заң нормаларына қайшы келмесе;
- 6) аналогия бойынша шешу сол құқықтық саладағы актілерде нормаларды іздестіруді ұсынады, болмаған жағдайда ғана басқа салаға немесе заңнамаға жүгінуге жол беріледі.

Тақырып № 18 **Құқықтық реттеу механизмі**

Ж О С П А Р

- 1. Құқықтық реттеу механизмінің түсінігі**
- 2. Құқықтық реттеу механизмінің әдіс - тәсілдері**
- 3. Құқықтық реттеу механизмінің тиімділігі**

1. Құқықтық реттеу механизмінің түсінігі

Құқықтық реттеу механизмі – бұл құқық субъектілерінің мүдделерін қанағаттандыру жолындағы кедергілерді жою мақсаттарында кезекті түрде ұйымдастырылған заңды құралдардың жүйесі.

Құқықтық реттеу механизмінің мақсаты – субъектілердің мүдделерінің құндылықтарға кедергісіз бағыт алуын қамтамасыз ету. Құқықтық реттеу механизмі – бұл табиғатты және функциялары бойынша әр түрлі заңды құралдардың жүйесі.

Құқықтық реттеу механизмінің келесі элементтерін бөліп қарастыруға болады:

- 1) құқық нормасы – мұнда мүдделерді қанағаттандыру үлгісі қалыптасады;
- 2) ұйымдастырушылық – атқарушы акт сияқты шешуші фактімен бірлескен заңды факт немесе фактілік құрам;
- 3) құқықтық қатынас – бұл жердегі нормативтік талаптарға сәйкес субъектілерге қатысты нақтыланады;
- 4) құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру актілері – субъектілердің сақтау, атқару және пайдалану нысанындағы әрекеттері;
- 5) қорғаушы, құқыққолданушы акт – құқықбұзушылық жағдайында қолданылады.

Қоғамдағы барлық қарым-қатынасты құқықтық реттеу өте күрделі; ол көп салалы, көп жүйелі процесс. Құқықтық басқарудың екі күрделі бағыты: құқықтың қоғамдағы қатынастарға тигізетін әсері, ықпалы және құқықтық реттеудің, басқарудың рөлі. Бұл екі процесті қосып айтқанда — қатынасты құқықтық реттеудің, басқарудың механизмі дейді.

Қоғамдағы қатынасты құқықтық реттеу механизмі құрылымының элементтері: құқықтық норма, құқықтық қатынас және заңды құқық пен міндеттің орындалу туралы акті.

1) Құқықтық норма арқылы қоғамдағы заңдылықтың, тәртіптің талабы, мазмұны, шеңбері, мүдде-мақсаты анықталады; олардың орындалу бағыттары, жолдары, тәсілдері көрсетіледі. Егер дұрыс орындалмаса

жауапкершіліктің түрлері көрсетіледі.

2)Құқықтық қатынас арқылы субъектілердің ара-байланысын мүдде-мақсатын, құқық пен міндеттерін анықтап, біліп отырады. Ол мүдде-мақсаттарды қандай нормативтік актілер арқылы іске асырады; қатынастың басталуы мен аяқталуы көрсетіледі.

3)Занды құқық пен міндеттің орындалуы туралы актіде — қатынастың толық орындалып, аяқталуы; мүдде-мақсаттың екі жақты іске асуы; дұрыс орындалмаса — кім кінәлі себептері көрсетіледі, оны түзеу, орындау жолдары анықталады.

Осы үш элементтерге сәйкес қатынасты реттеу механизмі үш кезеңге бөлінеді: қатынастың басталуы, ол қатынасты реттеу үшін жаңа норманың өмірге келуі, субъектілердің құқықтары мен міндеттерінің орындалуы.

Қоғамдық қатынасты құқықтық реттеу механизмнің жақсы сапалы жұмыс атқару үшін субъектілердің рухани сана-сезімі, құқықтық білімі, мамандық тәжірибесі жоғары дережеде болуы қажет. Құқықтық сапасы да жақсы, халыққа түсінікті болуы керек.

Құқық шығармашылық процесі жақсы жүргізілсе, құқықтық нормалардың да сапасы жақсы болады. Сапалы нормаларды түсіну де жеңіл, орындалуы да оңай. Сондықтан, осы сапалы процестер құқықтық реттеу механизмнің жұмысын жақсартуға көп үлес қосады. Құқық қоғамда зор қызмет атқарады. Ол қоғам өмірінің барлық салаларына, және адамның өміріне өзіне тән әдістермен жағымды әсер етеді. Құқықтық саяси қызметі қоғамның барлық саласынан байқалады. Құқықтық экономикалық әлеуметтік, тәрбиелік, мәдени жұмыстарының әсері өте мол. Осыларға қоса құқық мемлекетті, қоғамды және азаматтардың заңды мүдделерін қорғау қызметін де жүзеге асырады.

Заңи мінез-құлық арқылы қоғам басқарылады, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары жүзеге асырылады. Заңи мінез-құлық дегеніміз — құқықтық нормалардың нұсқауларына сәйкес келетін жеке тұлғаның мінез-құлқы.

Құқықтың әлеуметтік мақсаты оның атқаратын қызметінен байқалады. Оның қызметі қоғамдық қатынастарға, адамдардың мінез-құлқына, іс-әрекеттеріне әсер етуге бағытталады. Құқықтың қызметінің мәні, біріншіден, қоғамдық қатынастарды баянды ету, тұрақтандыру; екіншіден, жеке адамның, қоғамның, мемлекет органының зиянды іс-әрекетіне тыйым салу; үшіншіден - мемлекет адамдардың құқықтары мен бостандықтарын паш етумен қатар, оларды қорғау жолдарын, әдістерін, мүмкіндіктерін жан-жақты қарастырады.

Құқықтық реттеу механизмнің сапасын жақсартуға құқықтық сана мен құқықтық мәдениет көп үлес қосады. Құқықтық сана еліміздің азаматтарының жүзеге асырылып жүрген заңдарға, оларды қолдануға, басқа да құқықтық құбылыстарға сана-сезімдерінің, көзқарастарының, пікірлерінің, бағаларының жүйесі.

Құқықтық мәдениет (кең мағынада) - нақты жүйесі мәдени іс-қимылы, әрекет жасау, оларды жүзеге асыру және мемлекет органдарының, лауазым иелерінің іс-әрекеттері жөнінде адамдардың жалпы түсінігі мен пайымдаулары, Құқықтық мәдениет (тар мағынада)—тұлғалардың құқық туралы ой-пікірлері, сезімдері мен пайымдаулары және де сапалы түрдегі қажеттіліктері. Осы қажеттіліктер тұлғаның құқыққа сай мінездерінен, жүріс-тұрыстарынан көрініс табады.

Әр дәуір, әр ұрпақ өз талап-талғамына сәйкес мәдениетті қажет етеді және сондай мәдениетті жасайды. Ендеше, біз бүгінгі жастарға тек бұрынғы дүниені ғана орында және тек сол дәстүрде, сол қалпында орында деп талап қоймауымыз керек. Жастарға - мәдени мұраны жақсы біл, меңгер және оны өз дәуіріңе сай етіп пайдалана біл, жетілдір, алға дамыт деп талап қоя білу қажет. Егер жас буын мәдени мұрамызды жетік білсе, оны шығармашылықпен пайдаланып, жаңа ұлттық мәдениет жасаса, қазақ халқының рухы да мәдениеті де зиянды жаһанданудың шылауында кетпесі анық.

Республикамыз егемендік алып, мемлекеттік тәуелсіздігіміз өмір ақиқатына айналды, шамамыз келгенше оны жаңғырту және пайдалану күн тәртібіне қосылды. Өзіне ғана тән құқықтық сезімі, құқықтық ұғымы және танымы халқымыздың жанында. Енді өзінің осы бір ерекшелігін— ұлттық құқықтық мәдениетін - ескеруді және соған назар аударуды талап етуде.

Қазір Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастықтағы орны өзгеше. Дербес мемлекет есебіндегі оның дүниежүзілік мемлекетара-лық қатынастағы салмағы айырықша. Еліміздің осы жаңа орнын баянды етудің негізгі жолы, оның егемендігін нығайтып, тәуелсіздігін арттыра түсу, сөйтіп, бұл күнделікті халқымыздың мақсат-мүддесіне және игілігіне қызмет еткізу екендігі даусыз.

Қазіргі таңдағы республика ғылымының даму бағыт-бағдары да осы айтылған жәйттерден туындайды. Заң ғылымын, оның ішінде дәстүрлі ұлттық, құқықтық мәдениетті зерттеуге арналған ізденістердің алдында да тың көзқарастар ашылуда. Оларға жаңа талаптар қойылуда, жаңа тұғырлар, көзқарастар айтылуда. Ұлттық сананың қайтатүлеуі, соған сай ұлттық құқықтық сана-сезімнің де оянуы, билер институттарының жан-дануы айтылған ойыңызды қуаттай түседі.

Әдет-ғұрыпқа негізделген құқықтық жүйе мемлекет заңдарымен түзелген құқықтық жүйеден өзгеше құбылыс. Бұл өзгешелік әдет-ғұрып құқығының тарихи контекстінде, әлеуметтік-саяси астарында, рухани бастауларында, принцип-қағидаларында, өмірнамалық құндылықтарында, адамға әсер ету ерекшеліктерінде, әдет құқығы өзінің ішкі мәні және мазмұны, сыртқы түр-сипаты, іс-қимылды реттеу және оған әсер ету мүмкіншіліктері, жалпы болмысы, яғни, қандай параметрлері тұрғысынан алса да адамзат мәдениетінің ерекше туындысы екендігіне шүбә келтірмейді. Сондықтан, бұл құқықтық жүйеге, оның тарихтағы орнына сай көзқарас, соған лайық зерттеу әдісі және ұғым-түсініктер қажет.

Құқықтың үш "алтын" тірегі бар: имандылық, өмірдің материалдық жағдайлары және мемлекет. Құқықтық түсінігі имандылыққа әдептілікке тіреледі. Құқық имандылық, негізінде пайда болады. Имандылықтың өзі де адамдар арасындағы қатынастарды реттейтін күш. Әрине, имандылықтың талаптары заң емес, тек адамгершілікке негізделеді. Имандылық тек арға, ұятқа арқа сүйенеді. Құқық, имандылықтан нәр алады, неғұрлым құқықтың нормалары имандылық шарттарына сәйкес келсе, соғұрлым олардың сапасы да, абыройы да жоғары болады. Иманды-лықтың ең күшті күралы — жұртшылықтың пікірі.

Құқықтың тағы бір тірегі - адамдардың өмір сүру жағдайлары, олардың шаруашылығы. Адамзаттың өмір сүруі өндіріске байланысты. Өндіріс тиімді, нәтижелі болу үшін оны ұйымдастыру, оның дамуына қажетті жағдай туғызу керек. Бұл тек

мемлекеттің қолынан келеді. Мемлекеттің өңдіріске, шаруашылыққа әсер ету дәрежесі қоғамда қалыптасқан меншік: түрлеріне байланысты.

Мемлекеттің қызметі құқық нормаларын қалыптастырумен аяқтал-майды, қайта оның қызметі сол сәтте басталады деуге болады. Құқық нормаларының талаптары өздігінен жүзеге аспайды. Оларды жүзеге асыру үшін, талаптарын орындату үшін мемлекет түрлі әдістермен сан алуан қызмет атқарады. Егер құқықтық нормалардың талаптары орындалмаса, бұзылса, мемлекет кінәлі адамдарға тиісті шаралар қолдана алады. Сөйтіп, құқық нормалары мемлекеттің күшіне сүйеніп, жүзеге асырылады. Құқықтың тірегі, оның күш-қуаты, абыройы — мемлекет. Құқық нормалары адамға бостандық, беріп қана қоймай, сол бостандықты қамтамасыз ететін күшке сүйенеді.

1995 жылғы 30 тамызда Республикалық референдумда қабылданған жаңа Конституция Қазақстан Республикасының, президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет екендігін айқындап берді. Ата Заң бойынша мемлекеттік билік: заң шығару заңды іске асыру заңды қорғау үш тармағы мемлекеттің біртұтастығына, бүкіл дамуына бірдей жауапты.

Заңдар арқылы елімізде демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекетті құрып, басқарудың қазіргі заманның негіздерін жасады. Сондай-ақ республикада сот-құқық реформасын кезең-кезеңмен жүзеге асыру мақсатында Президенттің 1995 ж. желтоқсанда қабылдаған "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы", "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы" заңдары сот-құқық жүйесін нарықтық экономика жағдайында жетілдіруге айрықша ықпал етті. Прокуратура органдарында бұрынғы-дай жоспарлы тексеріске жол берілмейді. Заңдардың қолдануына тексерісті прокурор өз өкілеттігі шегінде тексеріп жүргізу туралы қаулы шығарылғаннан кейін, Республика Президентінің тапсыруына, заңды бұзушылық туралы өтініштерге, шағымдарға, хабарларға және басқа да мәліметтерге, заң бұзушылық белгілерінің тікелей анықталуына, жоғары тұрған прокурордың тапсыруына және сұрау салуына байланысты жүргізеді.

Құқықтық реттеу механизмі үш элементтен тұрады: құқықтық нормалар, құқықтық қатынастар және заңды құқықтар мен міндеттердің орындалуы туралы актілер.

1. Құқықтық нормалар - қоғамдағы адамдардың өзара қатынастарын, байланыстарын шешу ережелерін, әдіс-тәсілдерін көрсетіп, реттеп-басқару үшін өмірге келеді. Бұл нормалардың заңды күші әр-түрлі, әр деңгейде болады. Ол нормаларды бұлжытпай орындау міндетті.

2. Құқықтық нормаларды іске асыру түрлері: пайдалану, сақтау, орындау, қолдану,

бұлардың түсінігі "Құқықты іске асыру" тақырыбында анық көрсетілген. Заң ғылымында және практикада құқықтық реттеу механизмінің негізін құрайтын нормативтік актілер — заңдар, нормалар. Субъектілердің құқықтық тәртібінің мазмұны, шеңбері, орындалуы, жауапкершілігі нормаларда толық көрсетілуге тиіс.

3. Құқықтық қатынас — бұл құқық механизмінің ең маңызды, ең қажетті элементі. Себебі қатынастағы субъектілердің; құқықтары мен міндеттері, олардың орындалуы сапалы, дұрыс орындалмаса жауапкершілік түрлері

көрсетіледі. Құқықтық қатынастың субъектілеріне нормативтік актілердің шеңберінде толық бостандық беріледі.

4. Субъектілердің құқықтары мен міндеттерінің орындалу туралы актілері. Бұл актілер арқылы құқықтық реттеу механизмнің орындалу және субъектілердің өздерінің алдына қойған мақсаттарын орындау дәрежесін, деңгейін білу болады. Егерде субъектілер орындалу дәрежесіне қанағаттанбаса мемлекеттік органдар көмек көрсетуге тиіс. Құқықты реттеу механизмнің сапасы жұмыс жасауы екі мәселеге байланысты:

бірінші — құқықтық үгіт-насихатты жақсы жүргізу, екінші — халықтық құқықтық сауаттылығы жақсы дәрежеде болу. Құқықтық реттеу механизмнің кезеңдері екі топқа бөлінеді: Занды іске асыру органдардың және заңды қорғау органдарының актілері. Атқару органдардың актілері екі кезеңнен тұрады: 1) жарлық, қаулы, шешім, бұйрық қабылдау; 2) сол документтердің орындалу барысын бақылап отыру. Заңды қорғау органдарының актілері үш кезеңнен тұрады: 1) істің мазмұнымен танысу; 2) сол істі қандай нормаларға сәйкес шешуді анықтау; 3) істі қарап шешуді аяқтау.

Республикада жүріп жатқан мемлекеттік құрылыс және құқықтық саладағы қайта құруларға халықтық ұлттық, сипат, адами ажар және ру-хани нұр жетіспейді. Ал, бұл факторларды реформалардың айнымас өзегі етпей олардың өміршендігін қамтамасыз ету өте қиын.

Егемендігіміз бен тәуелсіздігімізді баянды етер саяси және құқықтық жаңартулар енгізу барысында біз негізінен тұрмысы алдыңғы қатарлы шетел мемлекеттерінің тәжірибесі және үлгісіне көп еліктедік, соларға арқа сүйедік. Бұл, бастапқы кезде бір жағынан, дұрыс та еді. Өйткені өркениетті елдердің тарихынан, тағылымынан үйрену ешқашан да артықтық етпейді. Дегенмен, осы "еліктеу кезеңі" ұзаққа созылып кеткен-дей, ал кейінгі кездері ол жалтақтауға, жарамсақтануға айналып бара жатқандай. Қанша құнды болғанымен шетел тәжірибесі ол - шетел тәжірибесі. Оны тұтасымен өз елімізге көшіріп алу мүмкін емес. Әсіресе, мемлекет құрылысы және құқық жүйесі саласында. Сондықтан, қазіргі таңдағы басты міндет өз халқымыздың мемлекеттік және құқықтық тарихына, табиғатына және болмысына назар аудару, соны танып-біліп, олардың жаңа дәуірде жаңа деңгейде дамуына жол ашып, жағдай жа-сау. Себебі өркениетті елдердің өнегесінен үйренеміз деп жүріп біз өз халқымыздың өзіндік саяси болмысы, құқықтық жаратылысы бар екенін ұмытпауымыз керек. Тәуелсіз жаңа мемлекетіміздің және құқықтық жүйеміздің негізінде солар жатуы керек екенін естен шығармау абзал. Тіптен, өзіміз үлгі тұтып жүрген батыс Европа мемлекеттері, Америка елі құқықтық өмірлерінің саласында жүргізілер өзгерістерге ең бірінші тарихи тұрғыдан келеді. Олардың мемлекеттік құрылым, құқық, сот жүйелерінде дәстүр, тарих сабақтастығы үлкен рөл атқарады. Ағылшындар әлі күнге дейін өз елдерінде 1215 ж. қабылданған "Еркіндік жайлы партияның" қолданатындығын мақтаныш етеді.

Демек, біз де өз тарихымызды, дәстүрімізді қазіргі күн талабына лайықтап қолдана білуге үйренуіміз керек. Өйткені мемлекеттік, құқықтық жүйе бейбіт өмірдің, теңдіктің және әділеттіліктің тірегі, қайнар көздері болуы керек. Ал, теңдік, әділеттілік ұғымдары және құбылыстары әр халықтың дүниені қабылдау, түйсіну,

қорыту ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Яғни олардың тарихи түп-тамырларынан бастау алып жатады және имандылық, ар-намыс, ұят секілді жанды да тұнық сезімдеріне, ұғымдарына барып тіреледі. Ал, бұл түсініктер, ұғымдар қайта-қайта өзге-ре бергенді қабылдамайтын ұлт жанының берік қамалдары. Мемлекет, заң жүйесі түптеп келгенде адам жанының осы бір мөлдір тұнықтары-ның қорғаны болуы үшін жаратылады. Сондықтан да, олар өз міндеттерін тиісті деңгейде атқаруы үшін сол халықтың жан дүниесінің тарихи бол-мысынан, ерекшелігінен айрылмауы керек, әркез өз құрылымын, сипа-тын соларға сай түзетіп отыруға тиіс.

Олай болмаған жағдайда елдегі құқықтық нормалар дұрыс орындалмай, құқықтық реттеу механизмі қызметі нашарлап, қоғамдық қатынас-тардың орындалуына нұқсан келіп, теңдік, әділдік сезімі мен ұғымы көмескіленіп, тасалануы мүмкін. Ал, бұл қоғамдағы рухани өмір тегеурінінің әлсіреп, оның интеграциялық мүмкіндігінің бейтараптануына жол береді.

Сапалы нормаларды түсіну де жеңіл, орындалуы да оңай. Сондықтан, осы сапалы процестер құқықтық реттеу механизмнің жұмысын жақсартуға көп үлес қосады. Құқық қоғамда зор қызмет атқарады. Ол қоғам өмірінің барлық салаларына, және адамның өміріне өзіне тән әдістермен жағымды әсер етеді. Құқықтық саяси қызметі қоғамның барлық саласынан байқалады. Құқықтық экономикалық элеуметтік, тәрбиелік, мәдени жұмыстарының әсері өте мол. Осыларға қоса құқық мемлекетгі, қоғамды және азаматтардың заңды мүдделерін қорғау қызметін де жүзеге асырады. Заңи мінез-құлық арқылы қоғам басқарылады, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары жүзеге асырылады. Заңи мінез-құлық дегеніміз — құқықтық нормалардың нұсқауларына сәйкес келетін жеке тұлғаның мінез-құлқы.

2. Құқықтық реттеу механизмінің әдіс - тәсілдері

Құқықтық реттеу пәні мен әдісі құқық нормаларын салаларға бөлу негіздері ретінде. Құқық нормаларын салаларға бөлу үшін екі негізді басшылыққа алады: құқықтық реттеу пәні мен әдісін.

Құқықтық реттеу пәні – бұл құқық реттейтін қоғамдық қатынастар. Ол басты негіз болып табылады, себебі, қоғамдық қатынастар объективтік түрде қалыптасады және олардың белгілі бір сипаты сәйкес құқықтық нысандарды талап етеді. Мысалы, еңбек қатынастары еңбек құқығының, ал отбасы қатынастары отбасы- неке құқығының реттеу пәні болып табылады.

Қосымша негіз болып құқықтық реттеу әдісі табылады. Егер пән құқықтың нені реттейтініне жауап берсе, әдіс оның қалай реттейтінін көрсетеді.

Құқықтық реттеу әдісі – бұл олардың көмегімен біртектес қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу жүзеге асырылатын заңды құралдардың жиынтығы. Құқықтық реттеудің төмендегідей негізгі әдістері болады:

- 1) императивтік – бұл тыйымдарға, міндеттерге, жазаларға негізделген биліктік ережелер, субординация әдісі;
- 2) диспозитивтік – рұқсат етуге негізделген, тараптардың теңқұқылығы, координация әдісі;
- 3) марапаттаушы – белгілі бір жақсы жүріс-тұрыс үшін марапаттау әдісі;

4) ұсынушылық – мемлекет пен қоғам үшін тиімді жүріс-тұрысты жүзеге асыруға кеңес беру әдісі;

3. Құқық саласы – бұл белгілі бір қоғамдық қатынастар түрін (саласын) реттейтін заң нормаларының жиынтығы.

Құқық саласының белгілері;

- әрбір саланың өз пәні болады;
- әрбір саланың өз заңнамасы, яғни, дербес кодекстері болады;
- құқық субъектілерінің құқықтық жағдайын реттейтін, құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру тәсілдерін және құқықтық нормаларды жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік-құқықтық шараларды орнықтыратын ерекше заңды режимі болады.

Құқық салаларының түрлері:

1) негізгі салалар; бұлар басты құқықтық режимдерді қамтиды, жалпы алғанда, құқық салаларының жүйесінің ең басында конституциялық құқық, одан кейін материалдық құқықтар – азаматтық, қылмыстық, әкімшілік құқықтар және оларға сәйкес іс жүргізушілік салалар – азаматтық іс жүргізушілік, қылмыстық іс жүргізушілік және әкімшілік іс жүргізушілік құқықтары орналасқан;

2) арнайы салалар; бұларда құқықтық режимдер қоғамның ерекше сфераларына бағытталған: еңбек құқығы, жер құқығы, қаржылық құқық, әлеуметтік қамтамасыз ету құқығы, отбасы құқығы, түзеу-еңбек құқығы;

3) кешенді салалар; бұларға негізгі және арнайы салалардың әртүрлі институттарының бірігуі тән: шаруашылық құқық, аграрлық құқық, экологиялық құқық, сауда құқығы, прокурорлық қадағалау, теңіз құқығы.

4. Құқық институты – бұл қоғамдық қатынастардың белгілі бір түрін (тобын) реттейтін заң нормаларының жиынтығы. Құқық институты – заң нормаларының құқық саласына қарағанда аз жиынтығы. Әрбір құқық саласында бірқатар институттар болады. Мысалы, еңбек құқығында – еңбек тәртібі институты, жалақы институты, азаматтық құқықта – ескіру мерзімі институты, өкілдік институты және т.б.

Белгілі бір нормалар жиынтығының нақты бір құқықтық институтты қалыптастыруының заңды негізі болып үш белгі табылады: 1) құқықтық нормалардың заңды теңдігі; 2) қоғамдық қатынастарды реттеудің толықтығы; 3) құқықтық институтты құраушы нормалардың заңдар мен басқа да нормативтік-құқықтық актілердің тарауларында, бөлімдерінде және басқа да құрылымдық бірліктерінде жинақталуы.

3.Құқықтық реттеу механизмінің тиімділігі

Құқықтық реттеудің тиімділігі - бұл құқықтық реттеудің нәтежесі мен оның алдында тұрған мақсаттың арасындағы арақатынас.

Құқықтық реттеудің тиімділігін көтерудің төмендегідей жодарын атап өтуге болады:

1. құқықшығармашылықты жетілдіру; мұның нәтежесінде заңшығармашылық техниканың жоғары деңгейіне сәйкес құқық нормаларында қоғамдық мүдделер мен заңдылықтар мейлінше анық көрініс табады. Бұл кезде заңды және

ақпараттық құралдардың көмегімен заңды сақтау оны бұзудан пайдалы болатындай жағдай жасау керек.

2. Құқықты қолдануды жетілдіру нормативтік реттеудің нәтижелерін толықтырады. Құқықты қолдану әр бір заңды жағдайдың нақты жағдайларын, өзіндік ерекшеліктерін ескереді. Құқықшығармашылық пен құқыққолдануды дұрыс үйлестіру құқықтық реттеуге икемділік пен кешенділікті береді.

3. Құқық субъектілерінің құқықтық мәдениеттің деңгейін көрсете де құқықтық реттеудің сапасына, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту әсетін тигізеді.

Тақырып № 19

Құқықтық мінез-құлық және құқық бұзушылық

Ж О С П А Р

- 1. Құқықтық мінез-құлықтың түсінігі және негізгі түрлері**
- 2. Құқық бұзушылықтың түсінігі, түрлері және негізгі белгілері**
- 3. Құқықбұзушылықтың заңдық құрамы**

1. Құқықтық мінез-құлықтың түсінігі және негізгі түрлері

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1 бабына сәйкес Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп көрсетілген.

Құқық нормаларымен қарастырылған және белгілі бір заңдық салдарларға апарып соғатын, азаматтар мен лауазымды тұлғалардың әлеуметтік маңызды мінез-құлқы. Құқықтық тәлім-жосық құқыққа сай немесе құқыққа қарсы (қоғамға қарсы) болады. Мемлекет құқық нормасында, құқыққа сай құқықтық тәлім-жосыққа кепілдік береді, жағдай жасайды және қорғайды, сондай-ақ құқыққа қарсы тәлім-жосықты (құқық бұзушылық пен қылмыс) жазалаудың алдын алу шараларын қарастырады.

Құқықтық мінез - құлық — адамның құқық нормаларына сәйкес мінез-құлқы. Құқықтық мінез - құлық экономикалық, әлеуметтік, саяси идеологиялық қоғамдық қатынастардың жай-күйіне ықпал жасап, дамуына септігін тигізеді. Құқықтық мінез - құлық негізінде борышты, қоғамдық қажеттілікті сезінуден, қоғамдық мүддемен сабақтас жеке мүддеден туындайтын ниет жатады және ол адам санасы мен еркінің бақылауында болады. Ал құқыққа қарсы жағымсыз мінез-құлыққа пайдакүнемдік, өзімшілдік, зорлықшыл пиғыл сияқты теріс қылықтар жатады. Құқықтық тұрғыдан нақты тәртіпке келтірілген мінез-құлық қана құқықтық мінез - құлық болып саналады, ал рұқсат етуші не тыйым салушы құқық нормаларында қарастырылмаған мінез-құлық құқықтық мінез - құлыққа жатпайды. Құқықтық мінез - құлық мемлекет тарапынан қадағаланып отырады. Жағымды, оң мінез-құлыққа құқықтық кепілдік беріледі, ал құқыққа қарсы жағымсыз, теріс мінез-құлық үшін адамға құқықтық жауапкершілік жүктеледі

Құқықтық мінез құлық – құқық нормаларының нұсқауларына сәйкес келетін жеке тұлғаның мінез –құлқы. Құқықтық мінез құлық арқылы заң орындалады, жүзеге асырылады. Заңның талаптары орындалмаса, ол жансыз. Тұлғаның құқықтық мінез-құлқының көлемі мен үлгісі құқықтық норманың диспозициясында көрсетілген. Егер адамдардың мінез-құлықтары құқық нормаларының талаптарына сәйкес келсе, онда құқықтық тәртіп нығаяды. Құқықтық мінез құлық арқылы қоғам басқарылады, оның өмірі қалыпты жағдайда жүргізіледі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары жүзеге асырылады. Мұны азаматтардың көбі түсінеді, сондықтан пайда болатын, жүзеге асырылатын құқықтық қатынастардың басым көпшілігі құқықтық мінез-құлық негізінде құрылады.

Азаматтар заңның талабын белсенділікпен немесе енжарлықпен орындайды. Соған сәйкес *мінез-құлық екіге бөлінеді*:

1) *Белсенді құқықтық мінез - құлық*; 2) *бәсең (енжар) құқықтық мінез-құлық*.

Белсенді құқықтық мінез-құлық – лауазымды тұлғалардың, азаматтардың өз бастамасымен белгілі мақсатқа бейімделген заңды әрекеттері. Ондай әрекеттер қосымша уақыт, күш, кейде қаражат жұмсаумен байланысты. Осындай мінез құлық басым болуы үшін қазіргі кезеңде қажетті шарттар баршылық. Ол - егеменді, дербес мемлекет пен ұлттық құқық жүйесінің қалыптасуы, экономикалық дағдарысты тоқтату үшін барлық күш жігерді жұмсаудың қажеттілігі, асқынып бара жатқан қылмысқа қарсы азаматтардың шама-шарқынша күресу борышы. Демек, заңдардың қағидаларын белсенділікпен орындау – заманымыздың талабы. Белсенді түрдегі заңды мінез-құлықтың көріністері сан алуан. Ол - лауазымды тұлғалардың өз міндеттерін адал ниетпен, сапалы атқарып, азаматтардың өздеріне жүктелген міндеттерін қалтықсыз, саналы түрде орындауы, сонымен қатар құқықтарын жүзеге асыра отырып, мемлекеттің, қоғамдық бірлестіктердің жұмысына белсене қатысып, оларға көмектесу, заңдардың жобаларын талқылауда бой көрсетіп, өз пікірін ортаға салу – міне, құқықтық белсенділікке осындай әрекеттер жатады.

Енжар құқықтық мінез-құлықтың көрінісі де сан алуан. Азамат өзіне жүктелген міндеттерді қалай болса солай орындайды. Ол өзінің құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға енжарлықпен, немқұрайдылықпен қарайды. Мысалы, сайлауға, заңның жобасын талқылауға қатыспайды, отбасын құрғысы келмейді, оқып-білім алуға ерінеді, тіпті, жұмысты жақсы істеп, табыс та тапқысы келмейді. Әрине, мұндай мінез – құлық заңға қайшы келмесе де, адамның ең алдымен өзіне зиян келтіреді, себебі адамның игілігі үшін берілетін заңды мүмкіндіктер іске аспай қалады. Мұндай мінез - құлықтан қоғам да ештеңе ұтпайды. Демек, екі тарап та ұтылыста болады. Мұндай енжар мінез – құлық басым болса, мемлекетке де зиян келеді. Азаматтардың енжарлығын, немқұрайлығын пайдаланып, қара ниетті лауазымды тұлғалар мемлекет органының қызметін халықтың бақылауынан тыс қоюға әрекет жасаулары мүмкін.

Әрине, тек насихатпен адамдардың енжар мінез – құлқын белсенділікке айналдыру оңай емес. Ең алдымен белсенділік – жастайынан қалыптасатын қасиет. Оның негізгі шарты – еңбекке баулу. Заңдар да адал, ақ ниетпен

істелген жұмыс үшін көтермелеу шараларын белгілесе, ол құқықтық белсенділікке негіз болады.

Құқықтық мінез-құлық бірнеше түрде болуы мүмкін.

Құқықтық сананың деңгейіне байланысты құқықтық мінез-құлық (іс-әрекет) төмендегідей түрлерге жіктелді:

1. *Маргиналдық (маргинал-аралық) мінез-құлық* – бұл мінез-құлық бәрінен бұрын заң бойынша жазаланудан қорқу мен өз есебінен жаңылып қалмау мақсатына негізделеді. Маргиналдық мінез құлықты адамдар қайсы сәтте де болса заңды оп – оңай аттайды (бұзады), сәті келсе, ыңғайлы жағдай туа қалса құқықтық талаптарды орындамауға дайын тұрады.

2. *Конформистік құқыққа сай мінез – құлық*. Мұндай мінез-құлық адамның құқықтық талаптарға конформистік түрде бас июіне (көніп бағынуына) негізделеді. Мұндай мінезді адамның ұстанатын қағидаты «бәрі қандай болса, мен де сондаймын» болады. Мұндай мінез – құлық құқықтық нормаларды жете түсінбей, олардың байыбына бармай орындауға (атқаруға) негізделеді.

3. *Жағымды құқыққа сай, мінез-құлық* – мұндай мінез-құлық қоғамда бар құқық нормаларының әділ және әділеттілігіне деген мызғымас сенімге, құқықты құрметтеуге және оны терең білуге негізделеді. Мұндай мінез – құлық құқықтық әдеттегі қалып бойынша, әр түрлі себептермен дәлелдердің іштей арпалысуынсыз орындалуынан (атқарылуынан) көрінеді.

4. *Құқыққа сай, әлеуметтік тұрғыдан белсенді мінез-құлықтың мұндай түрі* құқықтың құндылығының қажеттілігі жөніндегі мызғымас сенім мен құқықты құрметтеуге ғана емес, сонымен бірге құқыққа дәлелді түрде қарау мен оны жете түсінуге негізделген.

Құқықтық мінез – құлықты атап өтіп, девианты мінез-құлықты атап өтпеген дұрыс болмас. Олай болса *девиантты мінез-құлық* (лат. *deviatio* - ауытқу) - жалпыға ортақ ережелерден ауытқитын әлеуметтік іс-әрекет, осы ережелерді бұзатын адамдар мен әлеуметтік топтардың қылықтары; қабылданған құқықтық немесе моральдық нормаларды бұзған адамның мінез-құлқы.

Кең мағынасында *девиантты мінез-құлық* кез келген әлеуметтік ережелерден (мысалы, оның ішінде жағымды: батырлық, аса еңбек-қорлық, альтруизм, өзін құрбан ету, аса үлкен рөл ойнау, жетістіктермен қатар, жағымсыз: қылмыс, қоғамдық тәртіпті бұзу, адамгершілік ережелерін, дәстүрді, әдет-ғұрыптарды аттап өту, өзіне-өзі қол жұмсау және т.б.) ауыт-қушылықты білдіреді.

Ал, тар мағынасында қалыптасқан құқықтық және өнегелік ережелерді тек белінен басып, аттап өту деп түсініледі. Мұндай *девиантты мінез-құлық* әлеуметтік өмірді ыдыратып, әлеуметтік аномияға әкеп соқтырады. Ол конформизмге қарама-қарсы. Девиантты мінез-құлық әлеуметтік себептері қоғамның мәдени құндылықтары мен оларға қол жет-кізудің әлеуметтік қолдау тапқан құралдарының арасындағы алшақтықта (Р.Мертон), әлеуметтік құндылықтардың, ережелердің, қатынастардың әлсіздігі мен қарама-қайшылығында (Э.Дюркгейм). Девиантты мінез-құлыққа жауап ретінде

қоғам немесе әлеуметтік топ арнайы әлеуметтік санкциялар қолданып, өз мүшелерін ондай қылықтары үшін жазалайды.

Девианттық мінез-құлық әлеуметтенудегі девиантты мінез - құлық

Тұжырымдамасын қалыптастырған француз әлеуметтанушысы Эмиль Дюркгейм.

Ол әлеуметтік девиацияны түсіндіру үшін аномия тұжырымдамасын ұсынды. «Аномия» термині француз тілінен аударғанда ұжымның, заңның болмауы. Ал, Роберт Мертон мінез-құлық ауытқушылығының себебін қоғамның мәдени мақсаттары мен оған жетудің әлеуметтік мақұлданған жолдарының арасындағы үйлеспеушілік деп түсіндіреді. Девиантты мінез-құлықтың сыртқы физикалық жағдайларына климаттық, геофизикалық, экологиялық факторларды енгіземіз.

Мысалы, шу, геомагниттік, өзгеріс, таршылық, т.б жағдайлар үрей туғызып агрессивті және басқа да қажетсіз мінез-құлықтың көрінуінің бір себебі болады. Сонымен бірге әлеуметтік орта әсерлері де өз ықпалын тигізеді:

- *қоғамдық үрдістер* (әлеуметтік-экономикалық жағдай, мемлекеттік саясат, салт-дәстүр, бұқаралық ақпарат құралдары, т.б.);
- *тұлға бар әлеуметтік топ мінездемесі* (этикалық құрылым, әлеуметтік мәртебе, референтті топ,);
- *микроәлеуметтік орта* (отбасының өмір стилі және деңгейлері, отбасындағы өзарақарым-қатынас типі, отбасындағы тәрбие стилі, достар, басқа да маңызды адамдар).

Девиация бірнеше типтен тұрады: *девиантты, делинквентті және криминалды мінез-құлық.*

- *Девиантты мінез-құлық* - әлеуметтік нормалар мен ережелерге сәйкес келмейтін мінез-құлықты айтады. Ол ауытқыған мінез-құлықтың бір түрі. Кейбір әдебиеттерде бұл типті «антидисциплиналық» деп те атайды.

Девиантты мінез-құлықтың көрсеткіштеріне: агрессия, демонстрация, оқудан, еңбектен бет бұру, үйден кету, алкоголизм, наркомания, қоғамға жат қылықтар, жыныстық жат мінез-құлық, суицид т.б. жатады.

- *Делинквентті мінез-құлық.* Ол заң бұзушылықпен ерекшелінеді. Оның мынадай типтері бар:

- *Агрессивті-зорлаушылық мінез-құлық.* Бұл жеке тұлғаға көрсетілетін дөрекілік, төбелес, күйдіріп-жандыру сияқты жағымсыз іс-әрекеттерде көрініс береді.

- *Ашкөздік мінез-құлық (корыстное поведение):* майда ұрлықтар, қорқытып-үркіту, автокөлік ұрлау т.б. жалпы материалдық пайдакүнемдікке байланысты жат мінез-құлық.

- *Наша сату және тарату.*

- *Криминалды мінез-құлық заң бұзушылық болып табылады.* Балалар сот үкімі арқылы жасаған қылмысының ауырлығына байланысты жазаланады.

Девиацияның негативті формалары әлеуметтік патология болып табылады: алкоголизм, токсикомания, нашақорлық, жезөкшелік, суицид, заң бұ

зушылық және қылмыскерлік. Олар жалпы қоғамға, айналадағы адамдарға және ең бірінші өздеріне үлкен зиян келтіреді.

Девиацияны зерттеуші көптеген ғалымдар девиантты мінез-құлықтың пайда болу факторларын түрліше түсіндіреді. Біріншілері оларды екі үлкен топқа *ішкі және сыртқы факторлар* деп бөлсе, екіншілері оларды бөлмей:

- жанұяда берекенің болмауы;
- ата-ананың «ерекше» қамқарлығы;
- тәрбие берудегі кемшіліктер;
- өмірде кездесетін қиыншылықтар мен күйзелістерді жеңе алмау;
- өмірлік дағдының болмауы, айналысындағы адамдармен, құрбыларымен жарасымды қатынасқа түсе алмауы;
- сырттан келген қысымға төтеп бере алмау, өз бетінше шешім қабылдай алмау, сынаушылық ойды дамыта алмау;
- психоактивті заттарды жиі пайдалануы;
- агрессиялық жарнаманың ықпалды болуы;
- мектептерде психологиялық көмек көрсету қызметінің нашар дамуы;

балалар мен жасөспірімдердің бос уақытының проблемалары

Үшіншілері оларды негізгі бес факторға бөліп қарастырады. *Оларды жеке-жеке қарастыратын болсақ:*

1. Биологиялық факторлар – баланың әлеуметтік бейімделуіне кедергі жасайтын физиологиялық және анатомиялық жағымсыз ерекшеліктер. Оларға мыналар жатады:

- ұрпақтан-ұрпаққа берілетін немесе ананың жүкті болғанда дұрыс тамақтанбауы, арақ-шарап, нашақорлы заттарды пайдалануы, темекі тартуы, ананың физикалық, психикалық т.б. сырқаттары себеп болатын генетикалық факторлар: ақыл-ой дамуының бұзылуы, есту, көру кемшіліктері, жүйке жүйесінің зақымдауынан пайда болған денедегі кемшіліктер.

- психофизиологиялық факторлар: психофизиологиялық күш, дау-жанжал, келіспеушілік жағдайлар, адам организмдеріне кері әсер ететін, қоршаған ортаның химиялық құрамы, соматикалық, аллергиялық, токсикалық ауруларға душар ететін энергетикалық технологияның жаңа түрлері;

- физиологиялық факторлар: сөйлеу дефекттері, адам бойындағы соматикалық кемшіліктер.

Бұлардың бәрі адамның қоршаған ортаға, жеке адамдарға деген жағымсыз қарым-қатынасын тудырады, ал балалар болса, өзіндік сезім мен танымдық деңгейіне байланысты, құрбы-құрдастары арасында, ұжымда еркін сезіне алмайды, қатынасы бұзылады.

2. Психологиялық факторлар. Бұған баладағы психопатологиялар мен мінездегі кейбір қасиеттердің басым болуы т.б. жатады. Бұл ауытқушылықтар жүйелік-психикалық ауруларда, психопатияда, неврастенияда т.б. көрінеді. Акцентуациялық сипаттағы мінезді балалар өте ашушаң, дөрекі болады. Оларға міндетті түрде әлеуметтік-медициналық реабилитация, сонымен қоса, арнайы ұйымдастырылған тәрбиелік жұмыстар жүргізу керек. Баланың әрбір даму сатысында, олардың психикалық қасиеттері, тұлғалық және мінездегі

ерекшеліктері қалыптасып, дамып отырады. Бала даму барысында әлеуметтік ортаға бейімделуі немесе керісінше бейімделмей, жатсынып кетуі мүмкін. Егер, балаға ата-ананың жылуы, махаббаты, ықыласы жетіспесе, онда, ол ата-анасынан шеттеніп кетеді. Шеттену - невротикалық реакциялар, қоршаған ортамен қатынастың бұзылуы, сезімдік (эмоционалық) тепе-теңсіздік және суықтық, ашуланшақтық, психикалық аурулар және психологиялық патологиялар сияқты жағымсыз мінез-құлықтың пайда болуына жол ашады. Егер, балада адамгершілік құндылықтар қалыптаспаса, онда, ол пайдакүнемдік, қанағатсыздық, зорлаушылық, дөрекілік т.б. сияқты жағымсыз қасиеттерге бейім тұрады.

3. *Әлеуметтік-педагогикалық факторлар.* Олар мектептік, отбасылық, қоғамдық тәрбиедегі кемшіліктердің нәтижесінде, баланың оқудағы үлгермеушілігіне байланысты. Мұндай балалар көбінесе мектепке дайындығы жоқ, үйге берілген оқу тапсырмаларына және бағаларға парықсыз қарайтындар. Бұның бәрі баланың оқудағы бейімсіздігін көрсетеді. Оқушының оқудағы бейімсіздігінің (дезадаптация) қалыптасуы мынадай сатылардан өтеді:

- оқудағы декомпенсация – баланың жалпы мектепке деген қызығушылығы жоғары, бірақ бір немесе бірнеше пәнді оқуда қиыншылықтарға тап болуынан;
- мектептік бейімсіздік (дезадаптация) – бала сабаққа үлгермеуімен қатар, оның мінез-құлқы өзгеріп, мұғалімдермен, сыныптастарымен қарым-қатынасы бұзылып, сабақтан қалуы көбейеді немесе мектептен біртіндеп қол үзе бастайды;
- әлеуметтік бейімсіздік – баланың оқуға, мектепке, ұжымға деген қызығушылығы жойылады, асоциалдық топтармен араласып, алкогольге, нашакорлыққа қызыға бастайды;
- криминалдылық – кейбір отбасындағы әлеуметтік жағдайдың өте төмен болуы, балаларды да өз ортасындағы әлеуметтік теңсіздікке әкеледі, ал мектеп оқушысы, жасы жетпегендіктен жұмыс істей алмайды, содан барып олар қылмысты іс-әрекеттермен айналыса бастайды.

Баланың психоәлеуметтік дамуындағы ауытқушылықтардың негізгі факторы - ата-ана. Баланың бойындағы асоциалды мінез-құлықты қалыптастыратын отбасы қатынасының бірнеше жағымсыз стилдері бар:

- *дисгармонды стиль* - бір жағынан ата-ана баланың барлық тілектерін орындайды, үлкен қамқорлық жасайды, екінші жағынан конфликті жағдайларға баланы итермелейді;
- *тұрақсыз, конфликті стиль* – толық емес отбасындағы, ажырасу кезіндегі, ата-ана мен балалар бөлек тұрған жағдайдағы тәлім-тәрбиелік кемшіліктерден туындайды;
- *асоциалды стиль* - ата-ананың арақ ішуі, нашакор заттарды пайдалануы, криминалды іс-әрекет, аморальді өмір сүру жағдайы, отбасылық қаттыгездік, зорлаушылық жатады.

Балаға көрсетілген қатыгездік қатынасқа жататындар: қинаушылық, физикалық, эмоционалды, жыныстық зорлық-зомбылық. Қатыгездік үйде, далада, мектепте, балалар үйлерінде, ауруханада көрсетілуі мүмкін. Мұндай іс-әрекетке душар болған балалар қалыпты түрде даму көрмей, қоршаған ортаға

бейімделе алмай қалады. Соның әсерінен, бала өзін жаман, керексізбін деп сезінеді. Баланың қаттыгездікке жауап беру түрі баланың жасына, тұлғалық ерекшелігіне, әлеуметтік тәжірибесіне байланысты. Психикалық реакциялардан басқа (қорқыныш, үрей, ұйқының бұзылуы, тәбеттің болмауы т.б.) балалардың мінез-құлқы да өзгереді: агрессия жоғарылайды, төбелескіш, өзіне сенімсіз, ұялшақ, өзіне деген бағасы өте төмен болады. Зерттеулерге қарағанда, зорлық-зомбылықты көп көрген балалар өскенде зорлаушы рөлінде болуды қалайды.

4. *Әлеуметтік-экономикалық факторлар.* Әлеуметтің теңсіздігі, қоғамның кедей және бай болып бөлінуі, жұрттың кедейленуі, жұмыссыздық, инфляция, әлеуметтік кернеу, т.б.

5. *Моральді-этикалық факторлар.* Қазіргі қоғамның адамгершілік қасиеттерінің деңгейі төмен болуы, рухани құндылықтардың бұзылуы. Девиантты мінез-құлықты балаларды түзету күрделі әрі қиын әрі ұзақ процесс. Оны іске асыруда көп шыдамдылық пен белсенділік қажет. Қазіргі, осы саладағы әлеуметтік, педагогикалық талаптар мен жүзеге асырылып жатқан тәжірибелер негізінде, бұл саладағы тәрбие міндеттерін жүзеге асыруда мынадай шарттарды орындау қажеттігі туады:

- балаға ілтипатпен, ізгі тілектестікпен қарау;
- оның жағымды қасиеттеріне сүйену;
- оның адамгершілік күшіне, потенциалды мүмкіндіктеріне сену;
- оқушыларды салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін жасалған жалпы білім беретін бағдарламаларды тиімді пайдалану;
- салауатты өмір салтын қалыптастыруға, қауіпсіз тіршілік етуге бағытталған тәрбиелік бағдарламаларды ұштастыра пайдалану;
- девиантты мінезге ие балалардың білім алуы мен бос уақытын пайдалы іс-әрекеттермен өткізу жолдарын қарастыратын жаңа кешенді бағдарламалар құру;

Қорыта айтқанды, *девиантты мінез-құлықты* балалармен тәрбиелік жұмыстарын жүргізуде римдік философ Сенеканың: «әрбір адам өмірінің тек кейбір жақтарын ойлап талдайды, бірақ ешкім жалпы өмір туралы ойланбайды» деген ой-пікіріне сүйене отырып, девиацияға коррекция жасаушы әрбір маман ұстаз, баланың тек кейбір мінездік кемшіліктерін түзетіп қана қоймай, оларды, қоғамдық өмірдің талаптарымен ұштасқан дұрыс қарым-қатынас жолына қайтып әкеліп, ары қарай қалыптаса дамуына, әлеуметтенуіне көмектесуі қажет. Бұл педагогикалық іс-әрекеттер мазмұны, қоғам өмірінде бекіген адамгершілік қадір-қасиеттер мәнімен, талаптарымен тікелей байланыстыра, адамдар арасындағы қарым-қатынастар достық, жолдастық, туыстық, сүйіспеншілік, махаббат т.б.) нормаларымен ұштастырыла жүзеге асырылғанда, балалар бойында *девиантты мінез-құлықтың* өріс алмауына және оларды мектеп қабырғасынан бастап әлеуметтендіруге мүмкіндік жасалады

Біздің әрқайсымыз күн сайын әр түрлі әлеуметтік жағымсыз мінез - құлықтың пайда болуымен кездесеміз: агрессия, қатыгездік, зиянды әдеттер, заңға қарсы іс әрекеттер және т.б. Сонда бірталай сұрақ туындайды. Осындай мінез-құлықтың себебі қандай? Адамың өзіне және маңындағыларға да зиян тигізуіне не апарады?

Девианты мінез құлық-қоғамда ресми дәстүрлі қалыптасқан заңға және нормаларға сәйкеспейтін мінез-құлық. Девианттық мінез-құлық ішкілікке салыну, қараусыз қалу, нашақорлық, кәмелетке толмағандар арасында қылмыстар және басқада формаларда көрінеді.

Девиантық мінез- құлық психологтарды, дәрігерлерді, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, социология, философия мамандарын толғандырады. Сондықтан, бұл мәселенің ведомствоаралық талқылаудың себебі осында.

2. Құқық бұзушылықтың түсінігі, түрлері және негізгі белгілері

Құқыққа сай тәртіп, құқықтық мемлекеттің азаматтарының әрекеттерімен, қылықтарының негізгі ең маңызды бөлігін құрайды.

Құқыққа сай тәртіп – адамдардың құқық нормаларының ұйғарымына сай тәртібі. Онда, адам баласының бостандығымен қарым-қатынастары іске асырылады. Азаматтардың, лауазымды адамдардың, мемлекеттік, қоғамдық ұйымдардың, барлық құқық субъектілерінің құқықтары, тек сол уақытқа сай болады, егер олар құқық нормаларында белгіленген қимылға, не болмаса міндеттілікке сай болса (жеке адамның өз құқығымен міндеттене).

Құқықтық тәртіп, қоғамдық қажеттілік және қоғамға пайдалы құбылыс , азаматтық қоғамның жөнді қызметінің объективті алғы шарты болып есептеледі. Құқықтық ұйғарымдармен келісілген тәртіп, тек бостандықты ғана емес, оған сай қоғамдық ұйымдастырушылық қатынасты, олардың құқықта көрсетілген тәртіп, тек бостандықты ғана емес, оған сай қоғамдық ұйымдастырушылық қатынасты, олардың құқықта көрсетілген тәртіпке бағынуын қамтамасыз етеді.

Құқыққа сай тәртіпке – адамдардың адалдықты және құқықтық белгілеулердің пайдалылығын, олардың қоғам, мемлекет алдындағы өз қылығы туралы жауапкершілігін, не нәрсенің әлеуметтік жетістікке негізделгенін және жеке адамның заңды сауаттылығын түсіну жатады.

Құқықтық мемлекет өзінің қызметінде, құқыққа сай қоғамдық қатынастардың ортасын кеңейтуге және құқықтық реттеудің сапасын арттыру арқылы бір қалыптылыққа талпынады.

Құқыққа сай тәптіп және оны бұзу – қарама-қайшы құбылыстар (антиподы). Біріншісі, құқық нормалары ұйғарымдарының қалпында жасалып, құқықтық қатынастарда іске асырылады, ал екіншісі, заңды нормаларды бұзатын тәртіптер болып табылады.

Құқық бұзушылықтың себептері, қоғам өмірінің өз қиындықтарына және адамның өзінің жетілмегенінде. Құқық бұзушылықты тудыратын себептерге ең алдымен, экономикалық, саяси, әлеуметтік және адамгершілік себептерді жатқызуға болады(оны зерттеумен арнайы заң ғылымдары, криминология шұғылданады). Олар, әр түрлі жаман қылықтарды теріс пайдаланудағы, ұрлауды, бірігіп қылмыс жасауды, пара алуды, адам өміріне және денсаулығына қауіп төндіруді туғызатын орта. Қоғамдағы қылмыстың жағдайына және құқыққа сай емес тәртіптің деңгейіне, белгілі жағдайда ықпал

жасайтын құқық бұзушының психофизиологиялық және биологиялық ерекшелігі жатады.

Адам баласының жетілуіне, қоғамдық қатынастардың дамуына олардың әлеуметтік қорғалуына, саяси сауаттылықтың тереңдеуіне байланысты, құқыққа сай емес тәртіптердің көлемі кеміп, құқық бұзушылықты сан және сапа жағынан азайтуға, қоғамда қажетті жағдайлар жасалады.

Қоғам әрқашан тәртіпке негізделіп, арқа сүйеп қалыптасып, тіршілік етеді. Қоғамда тәртіп болмаса, ол құлдырайды, яғни келешегі болмайды. Мұны адамдар ежелден-ақ жақсы түсінген. Сондықтан да қоғамда тәртіп орнатудың жолдарын қарастырған. Дегенмен де, керісінше қоғамдық тәртіпті бұзуға бейім азаматтар да аз болмаған. Осыдан келіп құқық бұзушылық орын ала бастады. Құқық бұзушылық – қоғам өміріне тән дерт. Адам баласы өмір сүрген ортада ол да әрқашан орын алады. Бұл шартты құбылыс.

Құқық бұзушылық - заңды, оның қағидаларын құқықтық нормалар жүктелген міндеттерді бұзу, тыйым салынған әрекеттерді жасау. Ол адамдардың іс-әрекеті, қылығы, мінезі немесе әрекетсіздігімен сипатталады. Адам өзінің іс-әрекеті, қылығы арқылы басқа адамдармен, қоғаммен, мемлекетпен қарым-қатынасқа түседі. Заң бұзушылық адамның мінез-құлқы арқылы байқалады. Адамның ой-желісі заңмен реттелмейді. Бірақ қандай да болсын іс-әрекет, мінез-құлық, ойдың, сана-сезімнің қатынасуынсыз жасалмайды. Олар ойдың елегінен өтіп, бақылауында болады. Ақылы дұрыс адамның іс-әрекеті ерік пен ойдың арқасында жүзеге асырылады. Демек, заңды бұзушылық қоғам мен жеке тұлғаларға зиян келтіретін және құқықтық нормалаға қарсы әрекет немесе әрекетсіздік болып табылады.

Әрекет – бұл құқық нормаларының іс-қимыл жасай отырып жүзеге асуы, ал әрекетсіздік құқық нормаларының талаптарын ешқандай іс-қимыл орындалмаса да бұзу арқылы орын алады.

Әрекет – адамның заң, құқық нормалары тыйым салған қоғамға қауіпті және зиянды істерді істеу немесе істелуіне жол беру. Әрекет әрқашан адамнан белсенділікті талап етеді, оның мінез-құлқынан өзінің көрінісін табады. Әрекет күш қолдану және күш қолданбау болып екі түрге бөлінеді. Мысалы, адамды өлтіру үшін оны күш қолдану арқылы көрсеткен қарсылығын әлсіретеді, ал алаяқтық жасаған адам мүлікті алдау немесе сенімге қиянат жасау ақылы күш қолданбай алады.

Әрекетсіздік – жасауға тиісті әрекетті жасаудан бас тартып, қоғамға қауіпті мінез құлық таныту. Мысалы, анасы жаңа туған сәбиін емізбейді, науқасқа дәрігердің көмек көрсетпеуі, әскери қызметкердің қызмет орнына себепсіз келмеуі.

Зиянды зардап – жасалған іс - әрекеттің нәтижесінде қоғамдық қатынастарға, мүдделерге нұқсан, зиян келтіру. Құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілігі және зияндылығы сонда, ол қоғамның тыныс – тіршілігінің, өмір сүру жағдайларының қалыптасқан тыныштығының ырқын бұзады, соның нәтижесінде зиянды зардап пайда болады. Көптеген құқық нормаларында зиянды зардап нақтылы мағынада көрсетіледі. Мысалы, «адам денсаулығына зиян келтіру», «ауыр зардаптар», «адамдардың өлуі» және т.б. Бұл

материалдық зардаптар. Сонымен қатар зиянды зардапқа формалды зардаптар жатады. Мысалы, бандитизмнің қылмыстық құрамы. Бұл құрам бойынша адамдарды жауапқа тарту үшін формалды түрде объективтік жағынан «азаматтарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау мақсатында тұрақты қарулы топ (банда) құру, сол сияқты осындай топты (банданы) басқару» әрекеті болса жеткілікті.

Құқық бұзушылық құқықтық нормалар қорғайтын мүддеге нұқсан келтіріп қоғамның, жеке адамның мүддесіне зиянын тигізеді, белгіленген құқықтық тәртіпті бұзады. Құқықтық нормалардың талаптарын орындамау нәтижесінде тәртіп бұзылады, қоғамдық қатынастарға кесел келеді, белгілі бір игілік, құнды зат жоғалады, адамның өміріне, денсаулығына, рухани сезіміне зиян келтіреді.

Азамат өзіне жүктелген міндеттерді орындаса немесе құқықтары белгіленген міндеттерін бұлжытпай орындаса, қоғамда заңдылық орнап, құқықтық тәртіп сақталады. Азаматтар өз құқықтары мен бостандықтарын тиімді пайдалана алса, қоғамның жан-жақты дамуына, адамдардың тұрмыс жағдайларының жақсаруына, халық мәдениетінің өркендеуіне тиісті жағдай туады.

Сондықтан әр мемлекет, оның аппараттары мен органдары қоғамда заңдылыққа, құқықтық тәртіпке нұқсан келтірмеуді қамтамасыз етеді. Олар жеке және заңды тұлғалардың іс-әрекеттерін қатаң бақылап отырады.

Құқық бұзушылық өзіндік пайда бағу, даму және жойылу заңдылықтарына ие белгілі бір қоғамдық құбылыс ретінде көптеген жекелеген құқық бұзушылықтардан құралады, олардың барлығы да ортақ қасиетке ие болады. Белгілі бір әрекет немесе әрекетсіздік әлеуметтік табиғаты мен заңды нысанын бейнелейтін осындай қасиеттердің жиынтығы құқық бұзушылықтың түсінігін береді.

Құқық бұзушылық – биологиялық, физиологиялық, технологиялық ерекшеліктерге сай, адамның іс-әрекетінің әлеуметтік көрінісі.

Құқық бұзушылық – құқыққа, оның талаптарына қарсы бағытталған мінез-құлық. Демек, құқықты бұзған ат-үсті қарап, талаптарынан айналып өту деген сөз. Әрбір құқық бұзушылық – нақтылы құбылыс. Оны нақты адам, белгілі бір жерде, мезгілде, жағдайда жасайды. Ол құқық нормаларының қағидасына қайшы келеді және өзіне тән оның белгілері болады. Сонымен бірге жекелеген құқық бұзушылыққа тән жалпы белгілері де кездеседі.

Құқық бұзушылықтың екі зияны бар:

1. Құқық бұзушылық - қоғамға зиянды әрекеттің объективтік нысандағы бейнесі, сыртқы көрінісі болып табылады. Бұл қоғамға зиянды, қауіпті әрекет, әрекетсіздік заңда құқыққа қайшы сипатта ресми түрде бекітілуі керек деген мағынаны білдіреді.

2. Құқық бұзушылық – объективтік процесс болып табылады. Бұндағы объективті деп отырғанымыз, кез келген құқық бұзушылық құқықтың қорғайтын әлеуметтік игіліктері: жалпы мүдде, қоғамдық тәртіпке қауіп төндіреді. Дәл осы мағынада құқық бұзушылық қоғамға қауіптілік және зияндылық мәнге ие болады.

Формальді – логикалық жағынан бұл былай бейнеленуі мүмкін: қоғамға зияндының бәрі де, құқыққа қайшы болып табылады. Тиісінше, құқыққа қайшы, қоғамға зиянды әрекет – әрекетсіздік деп саналады. Шындығында келгенде бұл тұжырымнан екі терістік байқалады:

1. Заңда құқыққа қайшы деп саналғандардың бәрі де, қоғамға зиянды немесе қауіпті.

2. Қоғамға қауіпті әрекеттің барлығы да, құқықтық нормаларға қайшы деп тыйым салынбаған.

Құқық бұзушылықтың мәні – оны басқа жүріс-тұрыс ережелерін бөліп көрсететін, басты өзіне ғана тән ерекшеліктерінен тұрады.

Алдымен барлық құқық бұзушылықтың мәні қоғамдық құрылыстың, қоғамдық қатынастар жүйесіне келтіретін қауіптілігі, зияндылығы. Яғни, тек бір ғана әрекеттің қоғамға қауіптілігі мен зияндылығы емес, оның таралуы қоғамдық қатынастарға айтарлықтай залал келтіретін адам әрекетінің белгілі бір түрі ескеріледі. Ал жекелеген әрекет-әрекетсіздік қоғамдық өмірдің бекітілген тәртібін, олар қоғамда кең таралған жағдайда ғана қоғамдық тәртіптің қаупіне айналады. Тиісінше, жекелеген әрекет-әрекетсіздік қоғамға қауіпті деп бағалануы мүмкін. Ол және өзі зиян келтіргендіктен емес, өзі тектес әрекет-әрекетсіздіктің көптеп орын алуына байланысты. Олар өз жиынтығында қоғамның қалыпты өмір сүру жағдайын, қоғамдық құрылыстың реттілігі мен тәртібін бұзады, сондықтан да құқық бұзушылықпен күресудің мемлекеттік ұйымдасқан қызметін қажет етеді.

Құқық бұзушылықтың қоғамға зияндылығы, оның қашанда адам қоғамының құндылығы, жеке және мүддеге нұқсан келтіруінен көрінеді. Яғни, қоғамның маңызды құндылықтары, оның өмір сүру жағдайына қауіп төндіреді. Құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілігінің деңгейі түрлі дәрежеде болуы мүмкін. Мәселен, адамның өміріне қастандық жасау – өте қауіпті қылмыс. Ал біреудің үйіне түсіп, мүлкін ұрлау оған қарағанда жеңілрек дәрежеленеді. Дегенмен, осы екі әрекет те қоғам үшін өте қауіпті болып табылады. Құқық бұзушылықтың қоғамға зияндылығы қоғамның қалыпты өмір сүру жағдайын бұзып, маңызды қоғамдық қатынастарға әлеуметтік шиеленіс енгізуінен де көрініс табады. Зиян қандай да болсын заң бұзушылықтың теріс зардабы – ажырамас белгісі. Оның көлемі, мөлшері, сипаты түрліше болады.

Әрекет-әрекетсіздіктің қоғамға қауіптілігі, зияндылығының заңды көрінісі құқыққа қайшылық деп саналады. Ол іс қимылдың белгілі бір түрінің нышаны ретінде құқық талаптарының саналы түрде бұзылуын білдіреді. Әрекет-әрекетсіздік заңды міндетін орындамау немесе құқықты теріс пайдалану, яғни егер оған құқықпен тыйым салынса және оны жүзеге асырған жағдайда, құқықтық нормалардың санкциясы қолданылуға жатса, бұл құқыққа қайшы деген сөз.

Егер де құқықпен тыйым салынбаса, құқық бұзушылық болмайды. Адамның өзінің тұлғалық құқықтарын қолданбауы, оның жеке қалауына байланысты болғандықтан, құқық бұзушылыққа жатпайды. Керісінше, адамның қоғамға, мемлекет және азаматтардың мүддесіне залал келтіре отырып,

құқықтар мен бостандықтарды пайдалануы, құқыққа қайшы әрекет деп саналады.

Құқық бұзушылықты сипаттайтын белгі –нышандар:

1. Құқық бұзушылық – құқықты, оның қағидаларын, құқық жүктеген міндеттерді бұзу, тыйым салынған әрекеттерді жасау. Яғни, бұл адамдардың іс-әрекеті, қылығы немесе әрекетсіздігі. Адам өзінің іс-әрекеті, қылығы арқылы басқа адамдармен, қоғаммен, мемлекетпен қарым- қатынасқа түседі.

Демек, құқық бұзушылық адамның мінез-құлқы арқылы байқалады. Мінез-құлқы, іс-әрекеті арқылы көрінбеген адамның ой-тұлғасы, сезімдері құқық бұзушылық болып табылмайды. Мәселен, адам өзінің ойын, сенімін күнделікке, таспаға жазып, суретке түсіруі мүмкін. Адамның ой желісі заңмен реттелмейді. Бірақ қандай да болсын іс-әрекет, мінез-құлқы, ойдың, сана-сезімнің қатысуынсыз жасалмайды. Олар қашан да ойдың елігінен өтіп, бақылауында болады. Бұл дегеніміз, ақыл-есі дұрыс адамның іс-әрекеті ерік пен ойдың арқасында жүзеге асырылады деген сөз. Яғни құқық бұзушылық саналы түрде жасалатын ерікті іс-әрекет немесе әрекетсіздік болып табылады.

2. Құқық бұзушылық құқық нормалары қорғайтын мүддеге нұқсан келтіріп, қоғамның және адамның мүддесіне зиянын тигізеді, белгіленген құқықтық тәртіпті бұзады. Құқық нормаларының талаптарын орындамау нәтижесінде құқықтық тәртіп бұзылады, қоғамдық қатынастарға кесел келеді, белгілі бір игілік, құнды зат жоғалады, адамдардың құқықтарына, өміріне, денсаулығына, рухани сезіміне зиян келтіреді. Зиянның көлемі, мөлшері, түрлі болуы мүмкін.

Қоғамдық зиянды анықтаудың мынадай тәсілдері белгілі:

1. Заңдылықты бұзудың объектісі адамдардың өміріне, денсаулығына, қоғамдағы негізгі қарым-қатынасқа зиян келтіруді анықтау
2. Зиянның түрін, мөлшерін анықтау.
3. Қылмысты жасаған әдісін, уақытын, орнын анықтау.
4. Қылмысты жасаған адамның өзінен және осы іске тиісті материалды, фактілерді жинастыру, толық мінездеме беру.

Қалай болса да заң бұзушылық қоғам үшін зиянды іс-әрекет. Өйткені жоғарыда айтылғандай жеке адамға (өміріне, денсаулығына, ар-намысына, бас бостандығына), мүлікке, қоғамдық тәртіпке нұқсан келеді. Кейбір жағдайда келтірілген зиянның орнын толтыру мүмкін болмайды. Мәселен, кісі өлтіру, мүгедектікке душар ету, жазылмайтын ауруға соқтыру т.б.

5. Құқық бұзушылық әрқашан да құқық нормаларының талаптарына қайшы келеді Сондықтан да оның құқық нормаларымен реттеліп және қорғалатын қоғамдық-қатынастарға қарсы бағытталғандықтан құқыққа қайшы әрекет деуге болады. Құқыққа келісті және ол рұқсат берген әрекет, ешқашан құқық бұзушылық ретінде бағаланбайды.

Құқық бұзушылық ең алдымен неге қауіп төндіреді? Заңның қорғауына алынған өзге тұлғалардың мүддесіне. Дегенмен адамның барлық мүддесі заңмен қорғала бермейді, сондықтан да оларға нұқсан келтіру әр уақытта да құқыққа қайшы болып саналмайды, тиісінше құқық бұзушылық ретінде бағаланбайды. Мәселен, бәсекелестік, біреудің жеке экономикалық мүддесіне

залал келтіруі мүмкін, бірақ бұл құқық бұзушылыққа жатпайды. Яғни, құқық бұзушылықтың мәні мемлекет шығарған құқық нормаларына қайшы әрекеттер мен байланысты болады.

6. Құқық бұзушылық құқық субъектісінің кінәлі әрекеті арқылы ғана жүзеге асады. Кінәлі деп танылу үшін заңды бұзған адамның ақыл-есі дұрыс болу керек. Есі дұрыс емес немесе әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылған адам (әрекет қабілеттілігінің жоқтығы соттың шешімімен анықталады) құқық нормаларының талаптарын қалай бұзса да жауапқа тартылмайды, себебі, ол өз әрекетінің мәнін түсінбейді, одан басқаға зиян келетінін болжай алмайды. Кінәлі болу үшін адамның есі дұрыс және әрекет қабілеттілігі шектелмеген болуы шартты жағдай. Әрекет қабілеттілік деген адамның өз еркімен саналы түрде іс-әрекет жасап, сол үшін жауап беру мүмкіндігінің болуы. Кінә – құқық бұзушының өзінің құқыққа қайшы әрекетіне қатысты психикалық қарым – қатынасы.

Кінәнің екі түрі белгілі:

1. Тікелей немесе жанама ниетпен жасалған қасақаналық. Егер адам өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті екенін ұғынып, оның қоғамдық қауіпті зардаптары болуының мүмкін екенін немесе болмай қоймайтынын алдын ала білсе және осы зардаптардың болуын тілесе, әрекет тікелей ниетпен жасалған қасақаналық деп танылады.

Егер адам өз іс-әрекетінің(әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті екенін ұғынып, оның қоғамдық қауіпті зардаптары болуының мүмкін екенін алдын ала білсе осы зардаптардың болуының тілемесе де оған саналы түрде жол берсе не бұған немқұрайлы қараса, әрекет жанама ниетпен жасалған деп танылады.

2. Абайсыздық. Ол менмендік және немқұрайдылықпен жасалады.

Егер адам өз іс-әрекетінің(әрекетсіздігінің) қоғамға қауіп туғызуы мүмкін екенін алдын-ала білсе, бірақ бұл зардаптарды жеткілікті негіздерсіз жеңілтектікпен болғызбау мүмкіндігіне сенсе, бұл менменшілдік деп танылады. Мәселен, жүргізуші көлігінің техникалық ақаулықтарын біле отырып жолға шығады, жеңілтектікпен жол апатын болдырмаймын деп ойлайды, ал нәтижесінде жол апатына кезігеді.

Егер адам қажетті ұқыптылықпен сақтық болғанда ол зардаптарды болжап білуге тиіс және болжап біле алатын бола тұра өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамдық қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екенін болжап білмесе, әрекет немқұрайдылықпен сипатталады. Мәселен, жүргізуші жолға шығар алдында көлігінің техникалық жағдайын тексермейді. Ал ол көліктің техникалық ақаулығы болған еді. Осының салдарынан жол апаты орын алады.

Құқық бұзушылық өз жиынтығында қоғамның қалыпты өмір сүру жағдайын, қоғамдық құрылыстың реттілігі мен тәртібін бұзатындықтан, оған мемлекет атынан шара қолданылып, жауаптылық тағайындалады. Құқықтық жауаптылық үш белгісімен сипатталады:

- мемлекеттік мәжбүрлеу;
- құқық бұзушыны жауапқа тарту;
- құқық бұзушының өзіне жағымсыз жағдай тудыру.

Мәжбүрлеу шарасын мемлекет белгілейді. Құқық нормаларының қағидаларын бір ауыздан қорғау қажет болған жағдайда олардың сақталуы мәжбүрлеу арқылы қамтамасыз етіледі. Егер құқықтық норманың қағидалары бұзылатын болса, мемлекет органдары тиісті шаралар қолдануға құқылы. Заң бұзушыны мемлекет жауапқа тартады. Мемлекет органдары заңсыз әрекетті айқындап, әшкерлеу үшін тиісті шаралар қолданады – тергеу жүргізеді, адамның кінәсі бары-жоғын анықтайтын дәлелдер, құжаттар жинайды. Жиналған деректердің барлығын жан-жақты тексеріп, соның нәтижесінде шешім қабылдайды.

Әркез құқық бұзушы өзіне лайық жағымсыз қылықты жүзеге асырады. Ол оның мүлкіне немесе өз басының бостандығына келетін нұқсан. Яғни, кінәлі адам біреудің мүлкіне келтіретін зиянды төлейді немесе оның орнын толтырады. Көп жағдайда шара кінәлі адамның жеке басына қолданылады. Оны бас бостандығынан айырады, жүріп-тұру еркіндігін шектейді. Осы айтылғандардың құқықтық жауаптылықтың мақсаты:

- кінәлі адамның зұлымдығын бетіне басып, оның іс-әрекетінің қоғам үшін қауіпті екенін көрсету;
- қоғамға, жеке адамға істеген қиянат сұраусыз қалмайтынын, кінәлі адамның өз басына да күн туатынын дәлелдеу;
- заңды бұзушылықтан басқа адамдарды сақтандыру болып табылады.

Құқық бұзушылықтың түрлері.

Барлық құқық бұзушылық қоғамға қауіптілігінің сипаты мен деңгейіне байланысты екі топқа бөлінеді. 1) *Қылмыс*. 2) *Теріс қылық*.

Объектінің құндылығы, құқыққа қайшы әрекеттің мазмұны, жағдайы, уақыты, әдісі, келтірілген зиянның көлемі мен сипаты, кінәнің нысаны құқыққа қайшы әрекеттің күшейе түскендігі, оның себебі, құқық бұзушының жеке мінездемесі арқылы анықталатын қоғамға зияндылықтың сипаты мен деңгейі негіз болады. Әрекет-әрекетсіздікті құқыққа қайшы деп тануға ықпал етуші субъекті фактор негіз болады.

Қылмыс қоғамға қауіпті және заңмен жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты әрекет-әрекетсіздік. Ол қоғамның қалыпты өмір немесе мемлекеттік құрылыс, шаруашылық жүйе, меншік және азаматтардың саяси, еңбектік, мүліктің және басқа да құқықтары. Қылмыстың заңды сипаты – оларға қылмыстық заңмен тыйым салу мен жазалау шараларын қолдану болып табылады. Қылмысты заңда көрсетілген, қылмыстың барлық нысандық белгілерін иеленуші құқық бұзушылық өзінің жеңіл мәнділігіне байланысты қоғамға қауіпті болмаса, қылмыс болып саналмайды.

Теріс қылық дегеніміз – қылмыспен салыстырғанда қоғамға қауіптілігі біршама төмен және қоғамдағы құқықтық тәртіптің жекелеген жақтарына нұқсан келтіруші құқық бұзушылық.

Теріс қылық қоғамға зиян келтіргендіктен, әлеуметтік қауіпті болып табылады. Теріс қылық қоғам өмірінің қай саласында жасалуы, келтірген зиянның сипаты және тиісті құқықтық санкциясының ерекшеліктеріне байланысты әкімшілік, тәртіптік, азаматтық құқық бұзушылықтарға жіктелінеді.

1. Әкімшілік құқық бұзушылық – мемлекеттік басқару саласындағы қоғамдық қатынастарға зиян келтіретін әкімшілік, қаржылық, жер және басқа құқық салаларының нормаларымен реттелетін, әлеуметтік қауіпті әрекет-әрекетсіздік.

Мұндай құқық бұзушылықтар атқару және билік етудің қалыпты қызметіне кедергі келтіреді, жалпы қоғамдық тәртіпті бұзады (жол ережесін бұзу, өндірістегі қауіпсіздік ережесін бұзу және т.б.), азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіреді.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар тек объектілерінің жалпы сипаты және мемлекеттік басқарудың құқық тәртібіне қарсы бағытталғандығымен ғана емес, жазалау сипатында қолданылатын санкциялармен де ерекшеленеді. Мәселен, ескерту, айыппұл, жүргізу куәлігін алып қою және т.б.

2. Тәртіптік құқық бұзушылық қызметтік қатынас саласында бағынушылық тәртібін бұзуға бағытталатын, әлеуметтік қауіпті әрекет-әрекетсіздік. Ол өндірістің қызметтік, әскери және оқу тәртібін бұзып, олардың алдында тұрған шаруашылық, әлеуметтік- мәдени, басқару және де мақсаттар мен міндеттерді орындауға кедергі болады. Бұл үшін мынадай санкциялар қолданылуы мүмкін: ескеру, сөгіс, жұмыстан шығару, оқу орнынан шығау және т.б.

3. Азаматтық құқық бұзушылық – азаматтық құқық нормаларымен реттелетін мүліктік және онымен байланысты жекелеген қатынастарға зиян келтіретін, әлеуметтік қауіпті әрекет-әрекетсіздік. Ол шарттық және шартсыз деп екіге бөлінеді. Шартты – азаматтық құқықтың шартқа қатысушы субъектілерінің әрекетінен туындаса, шартсыз – азаматтық құқықтың нормаларының талаптарын сақтамау және орындамаумен байланысты болады.

Азаматтық құқық бұзушылықтың қылмыстық әрекеттерден айырмашылығы, олардың заңда тізімі берілмеген. Яғни, азаматтық құқық бұзушылыққа тән ерекшелік оларға мүліктік және мүліктік емес санкциялармен тыйым салынуы болып табылады. Мұнда және бұзылған құқықтың қалпына келтірілуі көзге түседі: заңға қайшы келетін мәмлени өзгерту, келтірілген мүліктік зиянның орнын толтыру және т.б. Құқықты қалпына келтіруші санкциялар азаматтық құқық бұзушылық келтірілген зиянды салдарын бағалау және азаматтар мен ұйымдардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерінің қалпына келтіруін көздейді.

Құқық бұзушылықтың себептері төңірегінде ежелден осы күнге дейін сан түрлі пікірлер айтылуда. Айтылған ойларды тұжырымдасақ, адамдардың құқықтық нормаларды бұзуына, ең алдымен әлеуметтік және биологиялық жағдайлар әсер ететінін байқаймыз.

Әлеуметтік жағдайлар – отбасы, мектеп, қызмет істейтін ұжым, жалпы қоғам өмірінің әсері. Бірақ бұлар әр адамға әртүрлі ықпал етеді. Тұрмысы ауыр, қиын жағдайда тәрбиеленіп, өмір сүретіндер де, сонымен біреуге уайымсыз, тоқтықта өскендер де заңды бұзуы мүмкін. Бұл жағдайды бабаларымыз ежелден-ақ байқаған. «Жаманнан жақсы туар, адам айтса нанғысыз, жақсыдан жаман туар, бір ауыз сөзге алғысыз» деген мақал айғағы болса керек.

Биологиялық жағдайлар. Бір отбасында дүниеге келіп, тәрбиеленіп, өскен балалардың ой-өрісінің сапасы әртүрлі болатыны белгілі. Біреуі мейрімді, салмақты, жігерлі болса, екіншісі қатыгез, жеңілтек, жігерсіз болуы мүмкін.

Әрине балалардың жаратылысынан әр түрлі болуы, бұзақылық, адамның тегіне байланысты деген сөз емес. Бұзықтық тұқым қуаламайды, бірақ, адамның жаратылысына тән жаман мінездерді өсіп-өнетін кезеңге тап болса, адам әдепсіздік заң бұзушылық қылықтан тайынбайды.

Маңызды мәселенің бірі заңдар туралы мәліметтердің жеткіліксіз болуы да олардың талаптарын орындамауға себебін тигізетіні сөзсіз. Шынында да мемлекетімізде жүздеген заңдар қабылданған. Оларда азаматтарға сан алуан құқықтар беріліп, көптеген міндеттер жүктелген. Азаматтар ол заңдардың бәрін біле бермейді. Әрине, заңды білмей бұзғанмен, біле тұрып қасақана немесе абайсызда бұзғанның салдары арасында өте үлкен айырмашылық бар. Конституция бойынша қандай да болмасын қабылданған заңды құжаттар баспасөз бетінде жариялануы қажет. Егер, жарияланбаса, оның күші болмайды. Ондай құжаттың талаптарын орындамаған адам жауапқа тартылмайды. (ҚР Конституциясы, 39-б).

Құқық бұзушылықтың субъективтік себебі – бұл, мемлекет идеологияға, адами құндылықтар мен қоғамдық мүддеге карама-қайшы құқықтық сананың төмен деңгейлігі.

Ал объективтік себебі – өмірдегі, экономикалық және әлеуметтік қатынас саласындағы нақтылы қайшылықтар. Құқық бұзушылықты тудырушы объективтік жағдайға – оның субъективтік және объективтік себептерінің орнын алуына жол беретін, ұйымдастырушылық және техникалық тәртіптің жеткіліксіздігін айтуға болады.

Құқық бұзушылық қашан да жекелік сипатта болады. Жеке тұлғаның қабылдаған және оның қажеттілік мақсаты арқылы анықталатын құқыққа қайшы шешім, құқық бұзушылықтың тікелей себебі болып табылады. Бірақ құқық бұзушылық себебін белгілі бір әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыру жеткіліксіз.

К.Маркс былай деген болатын: қоғам тек адамдардан ғана тұрмайды, олардың ара байланысы мен қарым-қатынасын бейнелейді. (К.Маркс,Ф.Энгельс. Шығ.жинағы,3-т.,3-б.). Сондықтан да құқық бұзушылықтың себебін жекелеген құқыққа қайшы әрекеттер арқылы түсіну мүмкін емес.

Ғылыми зерттеу нәтижесі құқық бұзушылықтың себебі жеке адамның қажеттіліктерімен оны қанағаттандырудың әлеуметтік мүмкіндігінің арасындағы қайшылықта деп түсіндіреді. Яғни бұл өз кезегінде қоғамдық жағдайдың сипатына тәуелді болады. Бұл дегеніміз қоғамдық қатынастар жүйесінде: өндіріс, саясат, мәдениет, шаруашылық, тұтыну салаларында белгілі бір орынға ие болу. Ал қалыпты өмір сүру жағдайда бұлар бір-бірімен сәйкес келіп отыруы тиіс. Қоғамдық еңбек бөлінісі жүйесіндегі белгілі бір орынды иелену адамның кәсіпқойлық дәрежесін, білімін және мәдени мәртебелігін айқындайды.

Жеке адамның әлеуметтік мәртебелерінің бір-біріне сәйкес келмеуі оны қоғамдық тәртіпті бұзуға итермелейді. Яғни саяси-экономикалық үстемдікке әлеуметтік саладағы жағдай сәйкес келмеуі, жеке адамдардың білім мәртебесіне экономика, мәдениет саласында тиісті орынды қамтамасыз етпеген

жағдайда, олар заңсыз әрекеттерге барады. Кейбір саяси қызметкер өзінің жағдайын мемлекеттегі рөлімен теңестіру үшін, билікті теріс мақсатта пайдаланады. Ең арысы жалданбалы жұмысшы да, сатылмалы жұмыс күшінің ақысы оның қоғамдық қажеттігін өтемесе, қолайсыз мүмкіндіктерді пайдалануға бет бұрады.

Жоғарыда айтып өткен құқық бұзушылықтың негізгі себептерін тұжырымдай келе байқайтынымыз – заңды мінез-құлық, құқықтық сана, құқықтық мәдениеттің бұл тұрғыда алатын орны ерекше.

Заңды мінез-құлық құқық нормаларының нұсқауларына сәйкес келетін жеке тұлғаның мінез-құлқы. Ол арқылы заң орындалады, жүзеге асырылады. Егер адамдардың мінез-құлықтары құқық нормаларының талаптарына сәйкес келсе, онда құқықтық тәртіп нығаяды.

Азаматтар құқық нормаларының талабын белсенділікпен немесе енжарлықпен орындайды. Соған сәйкес мінез-құлық екіге бөлінеді:

1) Белсенді заңды мінез-құлық лауазымды тұлғалардың, азаматтардың өз бастамасымен белгілі мақсатқа бейімделген заңды әрекеттері оның түрлері сан алуан.

2) Енжарлы мінез-құлықтың көрінісі де сан алуан. Азамат өзіне жүктелген міндеттерді салақтықпен сапалы орындамайды, өзінің құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға енжарлықпен, немқұрайлықпен қарайды. Әрине мұндай мінез-құлық, құқық нормаларына қайшы келмесе де адамның ең алдымен өзіне зиян келтіреді, себебі адамның игілігі үшін берілетін заңды мүмкіндіктер іске аспай қалады. Мұндай мінез-құлықтан қоғам да ештеме ұтпайды. Демек, екі тарапта ұтылыста болады. Мұндайда енжар мінез-құлық басым болса, мемлекетке зиян келеді. Азаматтардың енжарлығын, немқұрайлығын пайдаланып, теріс ниетті лауазымды тұлғалар мемлекет органының қызметін халықтың бақылауынан тыс қоюға әрекет жасауы мүмкін.

Міне осындай енжарлықты белсенділікке айналдыру қажет. Оның негізгі шарты – еңбекке баулу. Құқық нормаларын адал, ақ ниетпен іс жүзіне асырған азаматтарға көтермелеу шараларын белгілесе, ол нормалар белсенділікке негіз болары сөзсіз.

Құқық бұзушылықтың түсінігін, түрлерін атап өтіп, заңдылық туралы атап өткен дұрыс деп санаймын. Олар бір – бірімен тығыз байланыста.

Заңдылық – қолданып жүрген құқық нормаларын оның барлық субъектілерінің (мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың, азаматтардың, барлық жеке және заңды тұлғалардың) қатаң және бұлжытпай сақтауы. Жұмыс істеуі тұрғысынан алғанда заңдылық қызмет принципі ретінде, билікті жүзеге асыру әдісі ретінде, қоғамдық-саяси өмірдің режимі ретінде, түрлі құқық қатынастарына қатысушыларға қойылатын талаптар жүйесі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Заңдылық ұғымын неғұрлым кең көлемде болып табылатын және заңдық негізділікті (мысалы, билік институты, лауазымды адамның іс-әрекеттері, басқару шешімдерінің заңдылығы, заңдардың конституциялылығы және т.б.) ғана емес, сонымен қатар нақ солардың әлеуметтік танылғандығы ретіндегі, билік пен беделді, талап пен әділеттіліктің бірлігі ретіндегі, билік пен беделді,

талап пен әділеттіктің бірлігі ретіндегі, тәртіпті құрметтеу және мемлекет органдарына сену ретіндегі мазмұнды жағын да қамтитын «занды» («легитимность») деген ұғымға балауға болмайды.

Зандылық ұғымына мынадай элементтер (олар принциптер деп аталады) кіреді: мемлекеттің бүкіл аумағында нормативтік актілерді бірдей түсініп, бірыңғай қолдану ретіндегі заңдылықтың бірлігі; Конституция мен заңдардың оларға өзге де барлық нормативтік және жеке құқықтық актілердің бағыныштылығы мен кімнің болса да Конституцияға және заңдарға қайшы келетін актілерді қабылдауына немесе шығаруына болмайтындығы ретіндегі үстемдігі ; адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының оларды жүзеге асырудың нақтылығы ретіндегі кепілділігі; заңдылық пен орындылықты қарама-қарсы қоюға болмайтындығы – Конституция, қолданылып жүрген заң дегеніміздің өзі де ең жоғары орындылық. Пайданы, тиімділікті, қажеттілікті сылтаулатып олардан орағытып өту – барып тұрған орынсыздық; конституциялық норма ретіндегі кінәсіздік презумпциясы: «адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі» (Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы 3 тармағының 1 – тармақшасы); заңдылық пен мәдениеттіліктің өзара байланысы: құқық нормаларының талаптарын сақтау – жеке адам мен қоғамның мәдениет деңгейінің көрсеткіші; жеке адам мен қоғамның мәдениеті заңдылықтың жай-күйін, құқық тәртібінің адамгершілік табиғатын анықтайды.

Заңдылық үшін қолданылып жүрген құқық нормаларын дәл және бұлжытпай сақтауды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын кедергісіз жүзеге асыруды және барша жұрттың өздерінің заңдық міндеттерін орындауын қамтамасыз ететін жағдайлар мен амалдар кешені өте маңызды. Бұл жағдайлар мен амалдар – заңдылықтың кепілдіктері.

Заңдылықтың кепілдіктері әдебиетте: жалпы және арнаулы болып негізгі екі түрге бөлінеді.

Заңдылықтың жалпы кепілдіктері қоғамның экономикалық жағынан дамығандығының дәрежесі, экономикалық бостандық және ондағы әл-ауқат деңгейі (әлеуметтік-экономикалық кепілдіктер), мемлекеттік құрылыстың конституциялық негіздерінің мызғымастығы және саяси режим демократизмінің деңгейі (қоғамдық-саяси кепілдіктер); сөз және баспасөз бостандығын қоса алғанда, идеологиялық плюрализм, зайырлы мемлекет шеңберіндегі діни бостандық (идеологиялық кепілдіктер).

Заңдылықтың арнаулы кепілдіктеріне (немесе оның жай-күйі неге тікелей байланысты болса, соған) мыналарды жатқызу керек: біріншіден, қолданылып жүрген нормалардағы қоғамдық даму сарындары мен қажеттерінің дәлме – дәл және мерзімінде бейнеленуі; екіншіден, заң шығарушылықтың конституциялығы мен заңдылығы, мемлекеттік басқарудың заңға бағыныштылығы, нормативтік құқықтық актілерді жүйеге түсіріп, код беру, олардың айқындығы, дәлдігі мен қол жеткізілуі; үшіншіден, барша жұрттың заң мен сот алдындағы теңдігі (Қазақстан Республикасының Конституциясының 14-бабының 1-тармағы); төртіншіден, барлық соттар мен судьялар үшін ортақ және бірыңғай сот әділдігінің конституциялық принциптері; тек қана сот

жүзеге асырады; судья тәуелсіз және тек Конституция мен заңға бағынады; кінәсіздік презумпциясы; әрбір адамның сотта құқықтары мен бостандықтарын қорғау құқығы; ұсталған, қамауға алынған немесе айыпталған адамның тиісінше ұсталған, қамауға алынған немесе айып тағылған кезден бастап қорғану құқығы; қылмыстық заңды ұқсастығы бойынша қолдануға тиым салу; бесіншіден, елдің бүкіл аумағында заңдардың, мемлекет басшысы жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәл және бірыңғай қолданылуына орталықтандырылған прокурорлық қадағалау, Республиканың Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық келтіру; алтыншыдан, заңдылық пен әділеттікті қалпына келтіруге бағытталған заңдық жауапкершілік шараларының нақтылығы мен тиімділігі; жетіншіден, барлық салалардағы заң қызметін жетілдіру, халықтың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру және, ақырында, сегізіншіден Қазақстан Республикасы Президентінің халық пен мемлекеттік өкіметтің, Конституция бұлжымастығының, адам мен азамат құқықтарының және бостандықтарының кепілі ретіндегі қызметі. Заңдылықты нақты жүзеге асыру нәтижесінде қоғамдық қатынастарды іс жүзінде тәртіпке келтірудің жай-күйі дегеніміз құқық тәртібі. Қалыптасып және өзгеріп жататын құқық тәртібі – мемлекет жариялайтын заңдылықтың нақты қамтамасыз етілінуінің, оның кепілдіктері пәрменділігінің маңызды көрсеткіші. Өртүрлі маңызды құқықтар мен міндеттердің субъектілері ретінде адамдардың заңды еріктілік қызметі, мінез-құлқы тәртібінің мазмұнын айқындайды, құқық тәртібін жасайды.

Ең алдымен құқық тәртібін қорғауға тиісті мемлекеттік органдардың қызметінде заңдылықты сақтаудың елдегі заңдылықтың жай-күйінің айнасы деп саналатыны кездейсоқ емес, өйткені заңдармен реттелген нақты қоғамдық тәртіптің ұйтқысы ретінде құқық тәртібін тек заңды құралдар ғана қамтамасыз ете алады, ал заңдардың орындалуы құқық тәртібін нығайтуға жеткізуге тиіс. Құқық тәртібі демократияны дамыту мен нығайтуға жәрдемдеседі. Құқық тәртібі болмайынша демократия берекесіздік пен бетімен кетушілікке айналады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» деп аталатын Жолдауында сыбайлас жемқорлықпен аяусыз күресті басты мақсаттар қатарына қойған, адамдардың әл-ауқатының өсуі біздің күллі күнделікті жұмысымыздың күретамыры болуға, ал сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес батыл жүргізілуге тиіс деп, оны құқықтық мемлекет орнатудың шарты деп санаған.

Сыбайлас жемқорлықпен бітіспес күрес жүріп жатыр. Қазіргі таңда халықаралық сарапшылардың бағасы бойынша Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы ең тиімділердің бірі деп танылған. Тек 2 жылдың ішінде қылмыстық жауапкершілікке 40-тан астам республикалық деңгейдегі жетекші, облыстық және қалалық ауқымдағы 250-ден астам лауазымды тұлғалар тартылды, олардың арасында 39 әкім мен олардың орынбасарлары бар. Қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау министрлерінің, статистика жөніндегі агенттік төрайымының, төтенше

жағдайлар және қорғаныс вице-министрлерінің, «Қазақстан темір жолы» компаниясы басқарма төрағасының, «ҚазМұнайГаз», «Қазатомпром» компаниялары президенттерінің үстінен қылмыстық іс қозғалып, жауапкершілікке тартылды. Үш жылдың ішінде біздің еліміз әлемдік антикоррупциялық рейтингтегі көрсеткішін бірден 45 сатыға жақсартты. Осы индекс бойынша біз бүкіл ТМД-да үздік позицияда тұрмыз. Бұл жұмыс ымырасыздықпен жалғастырылады деп көрсетілген.

Елбасы құқықбұзушылықты жоюға қатты көңіл бөліп отыр, және әрбір адам өз істеген іс-әрекеті үшін заңды жауапкершілікке тартылуын қатаң қадағалауда, оған жоғарыда көрсетілген мәлеметтер куә. Осыған орай елімізде алғаш рет «Мемлекеттік бақылау мен қадағалау туралы» Заң қабылданды. Бақылау жүргізудің бүкіл мемлекеттік органдар үшін ортақ қағидаттары мен тәртібі белгіленді. Бұл бизнеске әкімшілік қысымды бұрынғыдан да азайта түсу үшін жасалды. Құқық қорғау жүйесінде реформалау аясында қазірдің өзінде 16 заң қабылданды. Құқық қорғау органдары аппараттарының саны 15 пайызға қысқартылды. Олардың құрылымдары оңтайландырылды. Құқық қорғау органдарына тән емес қызметтер жеке секторға берілді. Сот жүйесінде елеулі өзгерістер жасалуда. Құқық қорғау жүйесінде де елеулі өзгерістер жасалуда. 2011 жылғы 6 қаңтарда Қазақстан Республикасының № 380-IV «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңы қабылданды.

2. Құқықбұзушылықтың заңдық құрамы

Әрекет-әрекетсіздіктің қоғамға зияндылығы және құқыққа қайшылығын анықтау оны құқыққа сай әрекеттен бөліп қарауға негіз болады. Алайда, бұл ерекшеліктер құқық бұзушылықты түсінуге мүмкіндік бергенмен де, оның мазмұнды белгілерін нақтылау қажеттілігі туындайды. Осы мақсатта заң ғылымында құқыққа қайшы әрекет-әрекетсіздікті құқық бұзушылық ретінде саралауға негіз болатын элементтердің жиынтығы, яғни құқық бұзушылықтың заңды құрамы болады: объективтік жағы, объект, субъективтік жағы, субъект.

Құқық бұзушылықтың объективтік жағы құқыққа қайшы деп саналатын әрекет-әрекетсіздікті жасау немесе құқық нормаларында көрсетілген құқыққа сай әрекетті жасамаудан туды. Қай жағдайда болмасын құқыққа қайшы әрекет-әрекетсіздік саналы түрде жасалып, әлеуметтік зиянды салалардың тууына әкеліп соғады. Ол құқықпен қорғалатын қоғамдық қатынастарға тікелей зиян келтіруі немесе осындай зиян келтіруге байланысты қауіп төндіреді. Іс жүзінде жүзеге асырылмаған ой-өріс, сезім, болжам заң бойынша объектіге кірмейді. Кей жағдайда құқық қорғайтын мүддеге әдепсіздік, белсенділік (балағаттау, жалған сөз) арқылы да зиян келеді.

1. Құқық бұзушылықтың объективтік жағының элементіне әрекет-әрекетсіздікпен келтіретін зиянның арасындағы себепті байланыс және келтірілген залал жатады. Заң теориясында себепті байланыс дегеніміз – келтірілген зиянның басты және тікелей себебі құқыққа қайшы әрекет-әрекетсіздікпен пайда болған нәтиже арасындағы объективтік байланыс болады табылады. Мұнда зиян құқық бұзушылықтың теріс нәтижелерінің жиынтығы

ретінде көрінеді. Қандай да бір игіліктің немесе құндылықтың жойылуы, оларды пайдалануға шек қою, азаматтардың бостандығына қол сұғу, олардың субъективті құқықтарын бұзу т.с.с.

Зиян материалдық, физикалық басқа да қасиеттерге ие болып, жеке мүддеге, сондай-ақ жалпы қоғамдық мүддеге де қауіп төндіреді. Іс-әрекеттің сипаты және одан келген зиян қоғамға қауіптіліктің деңгейін анықтап, құқық бұзушылықты басқа құқық тәртібін бұзудан айырудың объективтік негізін қалайды.

Құқық бұзушылық фактісін бекіту үшін барлық себепті байланыс айтарлықтай мәнге ие бола бермейді. Субъектінің кінәсі оның қоғамға зиянды салдарын болжаумен байланысты болады. Ал сол әрекеттен міндетті түрде келетін зиянды ғана болжау мүмкін болмақ. Демек, әрекет-әрекетсіздікпен қоғамға зиянды салдардың арасында қажетті себепті байланыс болады. Басқаша айтқанда, келтірілген зиян жасалған әрекеттің тікелей нәтижесі екендігі анықталуға жатады. Әрекет-әрекетсіздікпен оның нәтижесі арасындағы байланыстың қажетті немесе кездейсоқ сипаты істің барлық фактілік жағдайын жан-жақты зерттеудің негізінде ғана бекітіледі.

2. Объект – құқық нормалары қорғайтын бұзылған мүліктік немесе мүліктік емес игілік. Яғни, құқықпен реттеліп және қорғалатын қоғамдық қатынастар. Құқық бұзушылық өз іс-әрекетінде құқық тәртібіне қарсы бағыттаалып, қандай да бір зиян келтіреді.

Қоғамдық қатынастың, оның субъектілерінің құқықтары мен үдделері көп түрлі болуына сәйкес нақтылы құқық бұзушылықтың объектілері де бірнеше болуы мүмкін.

Құқық бұзушылықтың объектісі үш түрге бөлінеді: жалпы объект, топтық объект және тікелей объект.

Жалпы объект – социум өмір сүретін, тіршілік ететін қоғамдық қатынастардың барлық жиынтығы. Оған адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, мүдделері, халық денсаулығы, санитарлық-эпидемиологиялық салауаттығы, қошаған орта, қоғамдық имандылық, меншік, қоғамдық тәртіппен қауіпсіздік, мемлекеттік билікті жүзеге асырудың белгіленген тәртібі, ұйымдардың заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделері жатады (Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, 7-бап).

Топтық объект – біртекті, біркелкі, бір-бірімен тығыз байланыстағы қоғамдық қатынастардың топтасқан жиынтығы. Топтық объект құқық бұзушылықты қоғамға қауіптілігіне және қол сұғылған қатынастарына қарай жинақтауға мүмкіндіктер туғызады. Мысалы, қылмыстық және әкімшілік кодекстерінің ерекше бөлімдері жасалған қылмыс пен әкімшілік кодекстерінің ерекше бөлімдері жасалған қылмыс пен әкімшілік теріс қылмыстардың топтық объектілеріне байланысты жүйеленген.

Тікелей объект – нақтылы құқық бұзушылық қол сұққан, бұзған қоғамдық қатынастардағы жеке, дара мүдделер. Мысалы, кісі өлтіргенде өлтірген адамның өмірі тікелей объект болып саналады. Кейбір жағдайларда құқық бұзушылық жасалғанда меншікке қол сұғылады, меншік иесінің иемделу, пайдалану, билеу құқындағы заттар басқа адамның пайдалануына өтеді. Бұл

жерде қылмыскер ұрлаған мүлік, зат объект емес, қылмыстың заты болып саналады. Объект әрқашан құқық бұзушылықтан зардап шегеді, ал қылмыстың заты (сакина, киім, тауарлар) баз қалпында қалуы мүмкін. Құқық бұзушылықтың барған субъект заң қорғайтын арнайы қоғамдық қатынастарды бұзады, қол сұғады.

Жаслаған кейбір қылмыстарда қылмыстың заттары мүлдем жоққа тән. Мысалы, әйелді зорлау, бұзақылық және т.б. қылмыстар.

3. Құқық бұзушылықтың субъективтік жағын адамның құқық бұзушылықты жасауға жол берген әлеуметтік-психологиялық механизмін сипаттайтын, элементтерді құрайды. Субъективтік жағынан алып қарағанда барлық құқық бұзушылық, алдымен кінәнің болуымен байланысты болады. Бұл тұрғыдан қарағанда құқық бұзушылық – құқық бұзушының еркі және санасы арқылы жол берген кінәлі әрекет болып табылады.

Субъектінің кінәсінің деңгейі оның өз іс-әрекетінің әлеуметтік зиянды нәтижесін алдын ала болжағандығы немесе болжамағандығына қатысты анықталады және қасақаналық немесе абайсыздық нысанында бейнеленеді. Қасақаналықта адам өз іс-әрекетін қоғамға қауіпті екенін ұғынып, оның қоғамдық қауіпті зардаптары болуының мүмкін екенін немесе болмай қоймайтынын алдын – ала біледі және зардаптардың болуын тілейді. Ал абайсыздықта адам өз іс-әрекетінің қоғамға қауіп туғызу мүмкін екенін білмеу, бірақ бұл зардаптарды жеткілікті негіздерсіз жеңілтектікпен болғызбау мүмкіндігіне сенеді немесе қажетті ұқыптылық пен сақтық болғанда, ол зардаптарды болжап біле алатын бола тұра өз іс-әрекетінің қоғамдық қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екендігін болжай алмайды. Яғни, кінә (қасақаналық немесе абайсыздық) адамның еркімен байланысты болатын, ішкі психологиялық жай-күй болып табылмақ.

Дегенмен, мұнда құқық бұзушылыққа жол берген психологиялық факторлар да ескеріледі. Барлық ерікті әрекет іштей реттелген және белгілі бір мақсатты көздейді. Осыған байланысты құқық бұзушылықтың субъективтік жағына әрекет-әрекетсіздіктің ниеті мен мақсаты да кіреді. Мұндағы ниет деп отырғанымыз - құқық бұзушылықты жасауға түрткі салатын, ең басты негіз, ал мақсат – құқық бұзушы жетуге тырысатын нәтиже. Сондықтан осы элементтерін тани білу әрекет-әрекетсіздіктің барлық психологиялық ерекшеліктерін ашу және құқықпен қорғалатын қоғамның, мемлекеттің және азаматтардың мүдделеріне зиян келтіруші құқық бұзушылықтың субъективтік жағын айқындауға мүмкіндік береді.

4. Субъект – әрекет қабілеттігі бар заңды бұзушы тұлға. Егерде субъект құқық бұзушылық кезінде өзге құқыққа сай жолды таңдау мүмкіндігіне ақыл-есінің кемдігі, жасының толмауы, физикалық немесе психикалық жетіспеушілігінің салдарынан жол берсе, әрекет-әрекетсіздік зиянды нәтижеге әкеліп соқса да құқық бұзушылық деп саналмайды. Құқыққа қарсы әрекеттерді құқық бұзушылық деп тану үшін заң оның субъектісіне белгілі бір талаптар қояды. Ең алдымен белгілі бір жасқа толу керек. Айтарлық, қылмыстық жауапкершілік 16 жастан басталады, кейбір қылмыс түрлері 14 жас, әкімшілік жауапкершілік 16 жас, азаматтық жауапкершілік 15 жастан есептеледі.

Құқық бұзушылықтың субъектісі жайлы мәселелердің барлығы теория мен практикада біркелкі шешілмеген. Құқық бұзушылық субъектісінің түсінігіне келгенде қылмыстық және азаматтық құқықта алашақтық байқалады. Қылмыстық құқықта қылмыс субъектісі мен жауапкершіліктің субъектісі сәйкес келеді, ал азаматтық құқықта жауапкершілікке тек құқық бұзушылыққа жол берген субъект қана тартылып қоймайды, құқық бұзушы субъект ретінде адамдардың ұжымын тану мәселесі де күрделі болып табылады. Қылмыстық құқық бойынша бұл сұрақ бір жолмен шешіледі – жауапкершілікке жеке тұлға тартылады. Қылмыс топ болып жасалса да, оның әрбір қатысушысы өзінің істеген жеке әрекеті үшін жауап береді. Өзге құқық салаларында, бұл тұрғыда мамандардың пікірі әр түрлі. Олардың бір тобы адамдардың тобын құқық бұзушылық субъектісі деп таныса, екіншілері бұлай санамайды.

Субъект жалпы және арнайы болып екі түрге бөлінеді.

Жалпы субъект барлық адамдардың жасаған құқық бұзушылықтары үшін жауапқа тартылуы. Мысалы, кісі өлтірудің субъектісі жалпы субъектке жатады. Адамды кім де болса өлтіре алады: жас, кәрі, әйел. Бұл жерде мамандық, жыныс, жас әсер етпейді.

Арнайы субъект заң белгілеген ереже бойынша құқық бұзушылық жасаған адам арнайы, қосымша нышандарға ие болуы тиіс. Мысалы, әскери қылмыстардың субъектісі болып әскери қызметкерлер ғана саналады, мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстарда арнайы субъект болып лауазымды тұлғалар болады.

Құқық бұзушылықтың субъектісі болу үшін, яғни, жасаған теріс қылығы және қылмысы үшін құқықтық жауапқа тартылуға арнайы шарттар қажет.

Кінә деп субъектінің істеген құқық бұзушылығына және оның зиянды зардаптарына қасақана, немесе абайсыз формасындағы психикалық қатынасын айтады. Кінә екі мағына, кезеңімен қамтылады.

Біріншісі, интеллектуалдық (зияткерлік) кезең кінәлінің іс-әрекетін қоғамға қауіпті екенін, оның қоғамға қауіпті, немесе сондай зардаптардың болуын көре білуі.

Екіншісі, ерік кезеңі (волевой момент) кінәлінің қоғамдық қауіпті немесе зиянды зардаптың болуын біледі, немесе оған парықсыздықпен, немесе менмендікпен, я болмаса немқұрайлықпен қарауы.

Кінә қасақана және абайсыз болып екіге бөлінеді. Қасақана жасалған құқық бұзушылық деп субъектінің өзінің іс-әрекетінің (әрекет, немесе әрекетсіздік) қоғамға қауіпті, зиянды екенін біле тұра, оның зиянды зардаптары болатынын біле тұра және сол зардаптардың туындауын тілеп істесе, немесе оған саналы түрде жол берсе, не оларға немқұрайлы қарағанын айтады.

Қасақаналық тікелей және жанама атты екі түрге бөлінеді.

Тікелей ниетте субъект өзінің іс-әрекетінің қоғамға қауіпті екенін, зиянды екенін біле тұра, оның зиянды зардаптары болатынын біле тұра және сол зардаптардың туындауын тілеп істейді.

Жанама (эвентуалдық) ниетте субъект өзінің іс-әрекетінің қоғамға қауіпті зиянды екенін білсе де, бірақ зардаптың болуын тілемесе де, оған саналы түрде жол береді, немесе немқұрайлы қарайды. Мысалы, дәрігер 4 ай болған жүкті

әйелге заңсыз аборт жасайды. Соның нәтижесінде әйел қаза табады. Бұл жерде дәрігер өзінің заңсыз әрекетінің қауіпті екенін біле тұра, оның өлуі мүмкін екенін болжай тұра сол әрекетке барады, бірақ әйелдің өлімін тілемейді, саналы түрде жол береді.

Теорияда ниеттің қалыптасу уақытына байланысты күні бұрын ойланған ниет және кенеттен пайда болған ниет болып бөлінеді.

Күні бұрын ойланған ниет құқық бұзушылық жасағанға дейін адам санасында пайда болған ниет. Мысалы, субъект адамды өлтіру үшін күні бұрын өлтірудің амалын ойлайды, жоспарын құрады, сәті түскен кезде өлтіреді. Теорияда бұл ниет өте қауіпті болып танылады.

Кенеттен пайда болған ниет арқылы жасаған құқық бұзушылықта субъект өзінің құқық бұзушылыққа бару ниетін аяқ астынан іс жүзіне асырады. Мысалы, сатушының алдында жатқан ақшаны көріп, ала қашады.

Сонымен қатар теорияда ниет айқын және айқын емес болып бөлінеді.

Айқын ниеттегі субъект өзінің іс-әрекетінің қоғамға қауіпті, зиянды екенін біле тұрып, нақтылы зардаптың болуына өзінің әрекетін бағыттайды. Мысалы, пәтерден ұрлық жасағанда қылмыскер меншік иесінің мүлкіне қол сұғатынын жақсы біледі.

Айқын емес ниеті бар субъект қоғамға қауіпті зардаптардың болатынын біле тұрса да, өзінің ойында қандай нәтиже болатынын көзіне елестете алмайды. Мысалы, екі құрылысшы ерегесіп қалып, біреуі төменде кетіп бара жатқанда кірпіш тастайды. Бұл әрекеттен кірпіш тастаған субъект оның не басына зақым келетінін, немесе өлетінін білген, ниеті айқын емес.

Кінәнің екінші түрі – абайсыздық. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі абайсыздықтың екі түрін көрсетеді. Атап айтқанда 21- бапта: 1. Менмендікпен немесе немқұрайлықпен жасалған әрекет абайсызда жасалған қылмыс деп танылады.

2. Егер адам іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіп туғызуы мүмкін екенін алдын ала білсе, бірақ бұл зардаптарды жеткілікті негіздерсіз жеңілтектікпен болғызбау мүмкіндігіне сенсе, қылмыс менмендікпен жасалған қылмыс деп танылады.

3. Егер адам қажетті ұқыптылық пен сақтық болғанда ол зардаптарды болжап білуге тиіс және болжап біле алатын бола тұра өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамдық қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екенін болжап білмесе, қылмыс немқұрайдылықпен жасалған қылмыс деп танылады».

Менмендікпен жасалған әрекетке мынандай мысал келтіруге болады. Жүргізуші автомобильді айдап келе жатып жылдамдығын артыра түседі. Абайсызда көшені жүгіріп өтіп келе жатқан адам автомобильдің астына түсіп, қаза табады. Бұл жерде жүргізуші өзінің әрекетінің қоғамға қауіпті екенін біле тұра жеңіл оймен, зардап болмас деп ойлайды. Себебі ол өзінің тәжірибесіне, автомобильді жақсы меңгергеніне сенеді.

Немқұрайлыққа мысал. Учаскелік инспектор тапаншасын тазалап отырып, стволдың ішінде оқ барын байқамай, абайсызда шапаны басып қалады, оқ жанында отырған әйеліне тиіп, қайтыс болады. Болжап білуі тиіс еді, бірақ біле алмайды.

Сонымен, құқық бұзушылық – әрекет қабілеттілігі иеленуші субъектінің заңды жауапкершілікке тартылатын қоғамға зиянды немесе қауіпті құқыққа қайшы және кінәлі әрекет-әрекетсіздігі.

Ішкі істер органдарына арналған Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасы құқыққорғау қызметінің бастапқы бағыттарын анықтайды, бұл – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сонымен қоса, тұрғындардың қатысу белсенділігісіз табысқа жетпейтін құқықбұзушылықтың алдын –алу. Осыған қоса, балалардың қадағалауына және кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын –алуына ерекше назар аударуға тиіс.

Құқық бұзушылықты болдырмаудың бірден-бір шарты – құқықтық және қоғамдық тәртібінің сақталуына келіп тірелмек. Қоғам құқықтық тәртібіне негізделіп, арқа сүйеп қалыптасып, өмір сүре алады деген сөз. Өйткені қоғамдағы толып жатқан қарым-қатынастың басым көпшілігі құқық арқылы басқарылып, құқықтық іс-әрекет арқылы реттеліп отырады. Яғни, әрбір азамат өз мүддесін, мақсатын, тәртіпке сәйкес дамытады. Сол арқылы іске асыруға тырысады. Осы шарт орындалғанда ғана қоғамда құқықтық тәртіп қалыптасып, нығаяды.

Біз болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілікті сезінуіміз керек, ал болашақ ұрпақ – ол бүгінгі кәмелетке толмаған жастар. Сол себептен, мемлекеттің қоғамдық өмірінің барлық саласын реформалау жағдайында билік пен басқару органдары алдында тұрған ең маңызды мәселелердің бірі жас ұрпақты тәрбиелеу, балалар бақылаусыздығы мен кәмелетке толмағандардың арасындағы қылмыспен күресуде тиімді шаралар қабылдау қажет. Балалар мен кәмелетке толмағандарды тәрбиелеуді отбасынан бастау қажет. Осы тұрғыда мемлекетіміздің отбасының, сол ішінде кеңейтілген отбасының тұтастығын сақтауға күш-жігер жұмсағаны жөн. Сонымен, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының жалпы алдын алу үшін ата-ананың бала алдында жауапкершілігін күшейту, мектеп және оқу орындарында тәрбие жұмыстарын тиімді атқару, мемлекет тарапынан жағдайы нашар отбасыларына әлеуметтік көмек көрсету, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу шараларының бірі деп тануға болады.

Балалар мен кәмелетке толмағандарды тәрбиелеуді адамгершілік, адам құқын және оның құндылық мәнін дәріптеу, бақыт, еркіндік, ар-намыс, әділдік-теңдік, тусқандық сынды құндылықтарды қалыптастыру, қоғамның құқықтық негізі және оның саяси құрылымымен танысу, қоғамдағы жеке адам проблемасын зерттеу, кішкентайынан еңбектік дағдыларға үйретуден бастау қажет.

Тақырып № 20 **Заңды жауапкершілік**

Ж О С П А Р

1. Заңды жауапкершіліктің түсінігі, белгілері және қағидалары

2. Заңды жауапкершіліктің түрлері

3. Заңды жауапкершілікке және құқыққа қайшылық іс-әрекетке тартуға болмайтын жағдайлар

1. Заңды жауапкершіліктің түсінігі, белгілері және қағидалары

Заңды жауапкершілік – жеке адам, қоғам, мемлекеттің мүддесін қорғайтын бірден-бір жол болып табылады. Ол құқықтық нормалардың бұзылуы нәтижесінде пайда болып, құқық бұзуға мемлекеттік күштеу шарасын қолдану нысанымен сипатталады. Құқық бұзушыға жауапкершіліктің белгілі бір шарасы көзделген құқықтық норманың санкциясын қолданудан тұрады.

Заңды жауапкершіліктің заңды негізі – құқық бұзушылық болып табылады. Егерде субъектінің іс-әрекеті құқық бұзушылықтың белгілеріне сәйкес келмесе, онда ол заңды жауапкершілікке тартылмайды.

Заңды жауапкершілік күрделі әлеуметтік құбылыс. Мұнда кем дегенде екі жақ қатысады: мемлекет және құқық бұзушы. Олардың арасында құқық қорғаушы қатынас қатысады және екі жақта заң шеңберінде, қолданылып отырған жауапкершіліктің құқықтық нормаларының нақты санкциясының негізінде жүзеге асады.

Заңды жауапкершілік құқықтық жүйенің құрам бөлігі бола отырып, оған қатысты маңызды міндет атқарады. Кең мағынада жауапкершіліктің түсінігі – тұлғаның қоғам мен мемлекетке қатысты өз міндетін мойындап, оны орындауы болып табылады. Тар мағынада – мемлекеттің жасалған құқық бұзушылыққа қарсы жауабы болып саналады.

Заңды жауапкершілік – тарихи құбылыс. Мәселен, қылмыстық құқықтың атышулы жазаларының түрлері мен олардың дамуы, тарихтың күрделі кезеңдерінің ерекшеліктерімен тікелей байланысты. Қылмыстың көпшілік белгісі танылмай тұрған кезде және ол жеке адаммен оның мүддесіне қауіп төндіру деп саналған уақытта жаза өзінің сыртқы нысаны бойынша, құқық бұзушы келтірген зиянның орнын толтыру және оның өзіне жәбірленуші шеккен зиянды келтіруден тұрады.

Заңды жауапкершіліктің қай түрі болмасын ол ең алдымен құқық бұзушылыққа санкция ретінде, яғни құқық нормаларының талаптарын орындау үшін мемлекеттік күштеу ретінде көрінеді. Мемлекеттік күштеу мен заңды жауапкершілік қашанда екеуі байланысты болады. Заңды жауапкершіліктің бұл белгісі әр құқық саласында түрліше сипатталады. Айталық, азаматтық, шаруашылық, еңбектік заңдар міндеттемені ерікті түрде орындау мүмкіндігін қарастырады.

Шарттың міндетін бұзған азамат немесе кәсіпорын өз еркімен заңда көрсетілген айыппұлды төлеп, шығынды қалпына келтіре алады. Ерікті орындау жүзеге асырылмаған кезде ғана жауапкершілік сот арқылы белгіленеді. Қылмыстық және әкімшілік құқықта мемлекеттік күштеу анағұрлым анық көрінеді және мемлекеттің арнайы органдарының әрекеттері арқылы жүзеге асырылады.

Заңды жауапкершілік — тек ғана құқықтық нормалар бұзылған кезде пайда болып қоймай, оларды қатаң сақтау арқылы да орындалады. Басқаша айтқанда құқық бұзушының заңды жауапкершілікті орындауы құқықтық нормалар бойынша бекітілген белгілі бір процедуралық — іс жүргізу тәртібін бұзған кезде ғана мүмкін болмақ. Сонымен, заңды жауапкершіліктің белгілері мыналар болып табылады.

1. Мемлекеттік күштеу арқылы жүзеге асады.
2. Кінәліні белгілі бір шектеуге міндеттейді.
3. Тек қана жасалған құқық бұзушылықтың негізінде пайда болады.

Заңды жауапкершілік бір қатар қағидалардың негізінде жүзеге асырылады:

Кінәлі әрекет үшін жауаптылық қағидасы. Бұл қағида, негізінен, заң шығарушыға арналады. Оның тек қоғамға зиянды құқықтық табиғаты мен қоғам құндылығына қайшы келетін әрекеттерге ғана заңды жауапкершілікті бекітуін талап етеді. Егер де субъект құқық бұзуға жол беру кезінде өз еркі болмаса, іс-әрекетінің нәтижесін болжай алмаса, болжауға тиісті болмаса, оның болуын тілемесе және өзін басқара алмаса, ол жауаптылыққа негіз бола алмайды.

Заңдылық қағидасы. Бұл қағида бойынша жауапкершілік құқықтық нормамен тыйым салынған әрекет және де тиісті норманың санкция шегінде пайда болады. Сонымен қатар барлық процессуалдық ережелер сақталына отырып бекітілген құқық бұзушылық туралы факті нәтижесінде ғана пайда болған жауапкершілік заңды болып табылады.

Әділеттік қағидасы. Ол өз мазмұны бойынша келесі талаптарды қояды:

- теріс қылық үшін қылмыстық жазалауға болмайды;
- адамның намысын түсіретін жазаны енгізуге жол берілмейді;
- жауапкершілікті бекітуші және оны күшейтуші заңның кері күші болмайды;
- бір құқық бұзушылық үшін жауапкершілік тағайындалады;
- жауапкершіліктің деңгейі жасалған құқық бұзушылықтың ауырлығына сәйкес келуі тиіс;
- жауапкершілік бұзылған құқық пен келтірілген зиянның орнын толтыруы тиіс.

Мақсатқа сәйкестік қағидасы. Ол құқық бұзушыға қатысты алынған шараның заңды жауапкершіліктің мақсатына сәйкес келуін талап етеді:

- Құқық бұзушылықтың ауырлығына байланысты мемлекеттік күштеу шарасын іріктеу;
- Егер жазалау мақсаты орындалған жағдайда, жауапкершілікті жеңілдету немесе шартты, шартсыз түрде босату;
- Егер заңды жауапкершіліктің мақсаты онсыз да орындалуға жатса, заңды жауапкершілікті өзге жауапкершілікпен ауыстыру.

Жауаптылық қағидасы:

- Бірде-бір құқық бұзушылық мемлекет үшін елеусіз қалмауға тиіс;
- Құқық бұзушы міндетті түрде заң алдында жауапты;
- Құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің жоғары кәсіпқойлығы;

Заңды жауапкершіліктің өз уақытында орындалуы. Кері жағдайда ол өзінің мәнін жойып, құқық бұзушылық жасалған уақыттағы әлеуметтік жағдайға байланысты сәйкестілігін жояды.

Жалпы құқық теориясы тұрғысынан құқықтық реттеу механизмінде құқық бұзушылық жаңа қатынасты тудырып өзгертіп, тоқтататын заңды себептің рөлін атқарады. Бұл жағдайда құқық бұзушы мен мемлекет арасында әрекет жасалғаннан бастап қорғаушы құқық қатынасы орын алады. Бұл құқық қатынасының заңды мазмұны оның қатысушыларының субъективтік құқықтары мен міндеттерін құрайды. Мемлекет құқық бұзушылық фактісін бекіткеннен кейін, кінәліге күштеу қолдануға құқылы. Бірақ, жасалған әрекетті қылмыс, азаматтық құқық бұзушылық, әкімшілік немесе тәртіптік теріс қылық деп бағалайтын құқық нормасының санкциясы бойынша жүзеге асады. Құқық бұзушы ресми түрде кінәлі деп табылса, жасалған әрекеті үшін құзыретті органның тағайындаған жазасын орындайды және ол жазаның тиісті құқық нормасының шегінен шығып кетпеуін талап етуге құқылы.

Мемлекет қоғамдық өмірде тәртіпті қамтамасыз ету барысында, заңның шегінде және заңның негізінде әрекет етеді. Заңдылық режимі құқық тәртібін қалыптастырады, олай болса, құқықтық жауапкершілік адамдардың әрекетін құқықтық реттеудің нәтижесі болып табылады.

Сонымен заңды жауапкершіліктің функциялары:

1. Жазалау – құқық бұзушыға, қоғамның басқа да мүшелеріне, келешекте құқық бұзушылыққа жол бермеуін ескертеді.
2. Бұзылған құқықты қалпына келтіру – азаматтық құқық пен реттелетін қоғамдық қатынастарға сәйкес, бұзылған құқықты қалпына келтіреді.
3. Тәрбиелік азаматтық заңды сақтап, өзгелердің құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуге баулайды.

2. Заңды жауапкершіліктің түрлері

Заңды жауапкершіліктің жасалу сипатына байланысты тәртіптік, әкімшілік, материалдық, азаматтық және қылмыстық деп бөледі. Жауапкершіліктің әрқайсысына өзіндік жазалау шарасы мен ерекше қолдану тәртібі тән болады.

- 1). Тәртіптік жауапкершілік. Тәртіптік жауапкершілікті бұзу салдарынан жауапкершілік пайда болады. Оның үш түрі кездеседі:
 - ішкі еңбек тәртібі ережелеріне сәйкес;
 - бағыну тәртібіне байланысты салалардағы ережелерге байланысты қорғаныс;
 - темір жол, су, әуе транспортының ережелеріне сәйкес.
- 2). Қылмыстық және әкімшілік құқықтық жауапкершілік заң нормаларында көрсетілген құқық бұзушылықтар үшін қолданылады. Қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартушы субъект болып табылады. Қылмыстық жауапкершілік әр кез жекелік сипатқа ие болады. Яғни, қылмыстық жауапкершілікке қылмыс жасаған адам ғана тартылады. Әкімшілік жауапкершіліктің түрлері: ескерту, айыппұл, қатаң сөгіс.

3) Азаматтық құқықтық жауапкершілік құқық бұзушының өзге тұлғаның мүддесіне байланысты келтірілген шығынды өтеу үшін заңда немесе шартта көрсетілген төлемді төлеу немесе зиянның орнын толтыруға байланысты орындалады. Азаматтық құқықтық жауапкершіліктің мақсаты – тиісті субъект бұзылған мүліктік құқықты қалпына келтіру болып табылады. Бұл жауапкершілікке келтірілген шығынды толығымен өтеу қағидасы тән.

Жауапкершіліктің қай түрі болмасын құқық тәртібін қорғау, азаматтарды құқық нормаларын өз еріктері мен орындауға тәрбиелеу, олардың құқыққа сай тәртіптің қажеттігін түсінуге баулуға негізделген. Мемлекетте заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз етудің бірден - бір әдісі – азаматтарды шынайы түрде мемлекеттің алдындағы, құқықтары мен міндеттерінің қамтамасыз етілгендігі жөнінде сендіре білу болып табылады.

Заңды жауапкершіліктің тәрбиелік ықпалының тиімділігінің алғы шарты – құқық бұзушыны қоғам, ұжым болып жазалау. Сендіру тек күштеу әдістерінің орынды үйлесімділігі ғана заңды жауапкершіліктің жоғары деңгейде әрекет етуін қамтамасыз етеді.

Заңды жауапкершіліктің түрлерін оның жүзеге асырылу тәртібі, нысанымен шатастырмау керек. Заңды жауапкершілік түрлі нысанда жүзеге асуы мүмкін. Мәселен, азаматтық құқықтық жауапкершілік – соттық, әкімшілік тәртіпте жүзеге асырылады. Ал жауапкершіліктің кейбір түрлері, мәселен, қылмыстық – тек соттық тәртіпте іске асады.

Сонымен, құқық бұзушылықты – құқық нормаларын, оның қағидаларын, ол жүктеген міндеттерді бұзу, тыйым салынған әрекеттерді жасау және оған жол берген адам міндетті түрде заңды жауапкершілікке тартылады.

3. Заңды жауапкершілікке және құқыққа қайшылық іс-әрекетке тартуға болмайтын жағдайлар

Тура жауаптан босататын мән – жайлардың да орын алатынын ескерген жөн. 1.Қажетті қорғану. Әркімнің жеке өміріне өзінің және от басының құпиясына қол сұғылмауына, абыройы мен ар намысын қорғауына құқығы бар (ҚР Конституциясы 18-б). Қажетті қорғану деп заң қорғайтын мүддені қылмыскердің қол сұғуына оған зиян келтіру арқылы қорғануды айтамыз. Қажетті қорғану қылмыскердің озбырлығына қарсы қолданылатын әрекет. Осындай әрекеттің нәтижесінде қылмыскердің денесіне жарақат түсуі мүмкін. Ол тіпті өлуі де мүмкін. Адам қылмыскердің зорлығынан қашып құтылуы мүмкін. Алайда, қылмыстың объектісі болған адам, қылмыскерден қашпай, оған бар күшімен қарсылық көрсетсе, бұл қажетті қорғану болып табылады. Ол заңды болуы үшін заң қорғайтын мүддеге төнген қауіпті әрекетке тойтарыс беруге бағытталуы керек. Қажетті қорғану арқылы азамат өзінің жеке басын, өмірін, денсаулығын, мүлкін, саяси әлеуметтік басқа да құқықтарын қорғай алады. Қажеттік қорғану арқылы қылмыстық жауапқа тарту жасына толмаған баланың да әрекетінен қорғануға жол беріледі.

Заңды қызмет міндеттерін атқарып жүрген лауазым иесі өз өміріне қауіп төнсе ғана қорғануды қолданады, басқа жағдайда қажетті қорғануды қолдануға

болмайды. Егерде лауазым иесінің әрекеті заңсыз болып көрінсе, (қамап қою, ұстап тұру, т.с.с) азамат оған қарсыласпай, заңсыз деген әрекетке шағым бере алады. Лауазым иесінің заң қорғайтын мүддеге көрінеу қылмыстық қол сұғуына ғана қарсыласуға болады, мәселен, полиция қызметкері мас күйінде бұзақылық жасап, біреудің өміріне, денсаулығына қауіп төнген жағдайда қажетті қорғану мүмкіндігі пайда болады (полиция қызметкері қажетсіз жағдайда құралын пайдаланса, кісілерді қорқытса т.с.с). Қажетті қорғану болуы үшін қылмыс басталуы (тонай бастау, ұра бастау) немесе қылмыс қаупі тікелей төну керек. Егер қылмыс жасалып болса, қылмыс қаупі өтіп кетсе, қажетті қорғануды қолдануға болмайды.

Қорғану қылмыстың түріне және қауіптілігіне сәйкес келсе ғана заңды деп танылады. Қорғану тәсілінің қылмыстық әрекетке сәйкестігі туралы мәселені сот қарап, шешеді. Жәбірленуші қорғану әрекетін қолданғанда оның шегінен шығып кетуі мүмкін. Әрине, қажетті қорғанудың шегі өте жұқа әрі уақыты байқала бермейді. Әсіресе, қылмыс қаупі төнгенде оны ойлап, білу қиын. Өйткені шабуылға тап болған адам сасқалақтайды, үрейленеді. Осының салдарынан ол қылмыскердің әрекетіне сәйкес емес тәсілдер қолданып, оның қылмысына лайықсыз зиян келтіруі мүмкін. Кейбір жағдайда қажетті қорғаныстың шегінен шығуға жол беріледі (абыройына қол сұққан қылмыскерді әйелдің өлтіруі, тонаушыға қарсы қару қолдану т.с.с). Болған жағдайлардың барлығын жан жақты тергеп мәселені шешетін сот.

Қажетті қорғану Қазақстан Республикасының Конституциясының 13 – бабында: «Әркім құқық субъектісі ретінде танылуға құқы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғануға хақылы» - деп атап көрсетілген.

Қажетті қорғану қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстерінде арнайы, нормамен берілген. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 32 – бабы қажетті қорғануды мына мағынада бекіткен : «Қажетті қорғану жағдайында қол сұғушы адамға зиян келтіру, яғни қорғанушының немесе өзге бір адамның жеке басын, тұрған үйін, меншігін, жер учаскесін және басқа да құқықтарын, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтан қол сұғушыға зиян келтіру жолмен шегінен асып кетушілікке жол берілмеген болса, ол қылмыс болып табылмайды».

2.Мәжбүрлі қажеттілік күйінде жасалған әрекет заңды және қоғамға қауіпті емес деп табылады. Мәжбүрлі қажеттілік жағдайында заң қорғайтын екі мүдде бірімен-бірі айқасады. Осы айқасудың нәтижесінде тек біреуінің сақталуы мүмкін болғандықтан, екіншісі құрбан болады. Заң қорғайтын мүддеге қауіп адамның әрекетінен, сәтсіз жағдайдан (көшеде тайып құлап, аяқ қолын мертіктіру), табиғи апаттан (жер сілкіну, су тасу, өрт, т.с.с) болуы мүмкін. Мәжбүрлі қажеттілік жағдайында қауіп нағыз анық болуы керек. Мәселен, сүзеген сиыр адамға тура ұмтылғанда, оны атып өлтіреді делік. Бұл адамды жануарды өлтіріп, зиян келтіргені үшін мүліктік жауапқа тартуға болмайды. Мәжбүрлі қажеттілік жағдайда келтірілген зиян заңды деп танылады:

- Егер төнген қауіптен сол сәтте қорғайтын мүддеге зиян келтірмей бетін қайтаруға болмаса.

- Егер келтірілген зиян бетін қайтарған зияннан әлде қайда кем болса (үлкен үйді, өрттен сақтап қалу үшін жанып жатқан төбесін қирату, жараланған адамды жедел емханаға жеткізу үшін біреудің көлігін рұқсатсыз айдап кету т.с.с.).

Әдетте жасалған құқық бұзушылыққа байланысты жауапкершілікті тағайындау барысында істелген әрекеттің түрі, ауырлығы, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән –жайлар ескеріледі.

Басқа авторларға жүгінсек, мәжбүрлі қажеттілікті – аса қажеттілік деп түсіндіреді. Аса қажеттілік – жағдайында жасалған әрекеттер де қылмыс, немесе басқа әкімшілік құқық бұзушылығына жатпайды. «Аса қажеттілік жағдайында, яғни, осы адамның немесе өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына, құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамның немесе мемлекеттің мүдделеріне тікелей қатер төндіретін қауіпті жою үшін, осы Кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру, егер бұл қауіпті өзге құралдармен жою мүмкін болмаса және бұл орайда аса қажеттілік шегінен асуға жол берілмесе, әкімшілік құқық бұзушылық болып табылмайды. (Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 40-бабы).

Мұндай норма Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 34-бабында да бекітілген. «Осы Кодекспен қорғалатын мүдделерге аса қажет болған жағдайда зиян келтіру, яғни белгілі бір адамның немесе өзге де адамның өміріне, денсаулығына, құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамның немесе мемлекеттің мүдделеріне тікелей қатер төндіретін қауіпті басқа амалдармен жою мүмкін болмаса және бұл орайда аса қажеттілік шегінен шығып кетушілікке жол берілмесе, қылмыс болып табылмайды». Мысалы, бағасы 400 мың доллар тұратын асыл тұқымды бұқа кенеттен сауыншы әйелді сүзуге ұмтылды. Бұл жағдайды көрген бақташы әйелдің өмірін сақтап қалу үшін бұқаның бетін қайтару мақсатында оны айырмен шаншып өлтірді. Бұл жерде бұқа қанша асыл тұқым, қымбат болғанмен адам өмірі одан да қымбат болып табылады.

Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру – қылмыс жасаған адамға оны мемлекеттік органдарға жеткізу және оның жаңа қол сұғушылық жасау мүмкіндігін тыю үшін ұстау кезінде зиян келтіру, егер мұндай адамды өзге амалдармен ұстау мүмкін болмаса және бұл орайда осы үшін қажетті шаралар шегінен шығуға жол берілмесе, қылмыс болып табылмайды. (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 33 – бабы). Қылмыскерді ұстау кезінде тек ғана оның өзіне ғана зиян келтіріледі.

Орынды тәуекел ету Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 35-бабында жауапкершіліктен босатудың негізі деп танылған. Тап айтқанда қоғамдық пайдалы мақсатқа қол жеткізу үшін орынды тәуекел еткен ретте. Кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру қылмыс болып табылмайды.

Егер аталған мақсатқа тәуекелмен байланыссыз іс-әрекетпен (әрекетсіздікпен) қол жеткізілмейтін болса және тәуекелге жол берген адам қорғалатын

мүдделерге зиян келтіруін болғызбау үшін жеткілікті шаралар қолданса, тәуекел орынды деп танылады.

Егер тәуекел ету адамдардың өміріне немесе денсаулығына көрінеу қатер төндіруге, экологиялық апатқа, қоғамдық күйзеліске немесе өзге де ауыр зардаптарға ұштасатын болса, тәуекел ету орынды деп танылмайды.

Күштеу немесе психикалық мәжбүрлеу - егер күштеп мәжбүрлеудің салдарынан адам өзінің іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) ие бола алмаса, күштеп мәжбүрлеудің нәтижесінде Кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру қылмыс болып табылмайды (Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі, 36 – бап).

Бұйрықты немесе өкімді орындамауда өзі үшін міндетті бұйрықты немесе өкімді орындау жөнінде іс-әрекет жасаған адамның Кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтіруі қылмыс болып табылмайды. Мұндай зиян келтірілгені үшін заңсыз бұйрық немесе өкім берген адам қылмыстық жауапқа тартылады (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 37- бабы).

Сонымен, құқық бұзушылық жайында қандай ой қорытуға болады?

Құқық бұзушылықты болдырмаудың бірден-бір шарты – құқықтық және қоғамдық тәртібінің сақталуына келіп тірелмек. Қоғам құқықтық тәртібіне негізделіп, арқа сүйеп қалыптасып, өмір сүре алады деген сөз. Өйткені қоғамдағы толып жатқан қарым-қатынастың басым көпшілігі құқық арқылы басқарылып, құқықтық іс-әрекет арқылы реттеліп отырады. Яғни, әрбір азамат өз мүддесін, мақсатын, тәртіпке сәйкес дамытады. Сол арқылы іске асыруға тырысады. Осы шарт орындалғанда ғана қоғамда құқықтық тәртіп қалыптасып, нығаяды. Толығымен құқықтық тәртіп орнайды:

Жеке адамның бостандығы, құқығы толық түрде қорғалғанда.

Қоғамдағы тәртіптің жағдайы жақсарады.

Қоғамның саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени-идеологиялық негізі дамып нығая түседі.

Демократия дамып, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам құруға мүмкіндік туады.

Ендеше, қоғамдық тәртіп орнатудың басты жолы – түрлі әлеуметтік нормалардың, былайша айтқанда, адамдардың мінез-құлқын реттейтін қағидалардың орын алуы. Қоғамдық тәртіптің бір бөлігі бұл – дәстүрлік тәртіп. Әлеуметтік нормалардың ең негізгісі, алғашқы пайда болғаны – әдет-ғұрып, дәстүр қағидалары. Әр халықта олар ежелден – ақ қалыптасқан. Мәселен, қазақ халқының әдеттерінің заң сияқты күші болған. Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы». Осындай әдеттердің күшімен қоғамда тәртіп орнатылған.

Әлеуметтік нормалардың маңызды түрі – әдептік нормалар. Ол әдептік тәртіпті реттейді. Әдептік нормалардың құқық сипаты болмайды. Олар адамға құқық бермейді, міндет жүктемейді. Негізінен адамның ар-ұятын, намысын қалыптастырып, солар арқылы қоғамдық тәртіп орнатуға ұйтқы болады. Әдептік нормалар құқықтық нормаларға түрткі-негіз болып отырған. Құқықтық нормалардың басым көпшілігі әдептік нормалардан нәр алады,

оларға арқа сүйейді. Неғұрлым құқық нормаларға әдептік нормалар арқау болса, соғұрлым заңдардың әлеуметтік, адамгершілік мәні жоғары болады. Қоғамдық ұйымдардағы тәртіп те қоғам бірлестіктерінің нормаларымен қамтамасыз етіледі. Жоғарыда айтып өткен қоғамдық тәртіптің әрбір бөлігі өзіне тән ережелермен реттеле келіп, нәтижесінде толыққанды қоғамдық тәртіп орнап, құқық бұзушылыққа қарсы үлкен тосқауыл орнатады.

Заңдылық және оның кепілдігі, құқық тәртібі.

Заңдылық – қолданып жүрген құқық нормаларын оның барлық субъектілерінің (мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың, азаматтардың, барлық жеке және заңды тұлғалардың) қатаң және бұлжытпай сақтауы. Жұмыс істеуі тұрғысынан алғанда заңдылық қызмет принципі ретінде, билікті жүзеге асыру әдісі ретінде, қоғамдық-саяси өмірдің режимі ретінде, түрлі құқық қатынастарына қатысушыларға қойылатын талаптар жүйесі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Заңдылық ұғымын неғұрлым кең көлемде болып табылатын және заңдық негізділікті (мысалы, билік институты, лауазымды адамның іс-әрекеттері, басқару шешімдерінің заңдылығы, заңдардың конституциялылығы және т.б.) ғана емес, сонымен қатар нақ солардың әлеуметтік танылғандығы ретіндегі, билік пен беделді, талап пен әділеттіліктің бірлігі ретіндегі, билік пен беделді, талап пен әділеттіктің бірлігі ретіндегі, тәртіпті құрметтеу және мемлекет органдарына сену ретіндегі мазмұнды жағын да қамтитын «заңды» («легитимность») деген ұғымға балауға болмайды.

Заңдылық ұғымына мынадай элементтер (олар принциптер деп аталады) кіреді: мемлекеттің бүкіл аумағында нормативтік актілерді бірдей түсініп, бірыңғай қолдану ретіндегі заңдылықтың бірлігі; Конституция мен заңдардың оларға өзге де барлық нормативтік және жеке құқықтық актілердің бағыныштылығы мен кімнің болса да Конституцияға және заңдарға қайшы келетін актілерді қабылдауына немесе шығаруына болмайтындығы ретіндегі үстемдігі ; адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының оларды жүзеге асырудың нақтылығы ретіндегі кепілділігі; заңдылық пен орындылықты қарама-қарсы қоюға болмайтындығы – Конституция, қолданылып жүрген заң дегеніміздің өзі де ең жоғары орындылық. Пайданы, тиімділікті, қажеттілікті сылтаулатып олардан орағытып өту – барып тұрған орынсыздық; конституциялық норма ретіндегі кінәсіздік презумпциясы: «адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі» (Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы 3 тармағының 1 – тармақшасы); заңдылық пен мәдениеттіліктің өзара байланысы: құқық нормаларының талаптарын сақтау – жеке адам мен қоғамның мәдениет деңгейінің көрсеткіші; жеке адам мен қоғамның мәдениеті заңдылықтың жай-күйін, құқық тәртібінің адамгершілік табиғатын анықтайды.

Заңдылық үшін қолданылып жүрген құқық нормаларын дәл және бұлжытпай сақтауды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын кедергісіз жүзеге асыруды және барша жұрттың өздерінің заңдық міндеттерін орындауын қамтамасыз ететін жағдайлар мен амалдар кешені өте маңызды. Бұл жағдайлар мен амалдар – заңдылықтың кепілдіктері.

Заңдылықтың кепілдіктері әдебиетте: жалпы және арнаулы болып негізгі екі түрге бөлінеді.

Заңдылықтың жалпы кепілдіктері қоғамның экономикалық жағынан дамығандығының дәрежесі, экономикалық бостандық және ондағы әл-ауқат деңгейі (әлеуметтік-экономикалық кепілдіктер), мемлекеттік құрылыстың конституциялық негіздерінің мызғымастығы және саяси режим демократизмінің деңгейі (қоғамдық-саяси кепілдіктер); сөз және баспасөз бостандығын қоса алғанда, идеологиялық плюрализм, зайырлы мемлекет шеңберіндегі діни бостандық (идеологиялық кепілдіктер).

Заңдылықтың арнаулы кепілдіктеріне (немесе оның жай-күйі неге тікелей байланысты болса, соған) мыналарды жатқызу керек: біріншіден, қолданылып жүрген нормалардағы қоғамдық даму сарындары мен қажеттерінің дәлме – дәл және мерзімінде бейнеленуі; екіншіден, заң шығарушылықтың конституциялығы мен заңдылығы, мемлекеттік басқарудың заңға бағыныштылығы, нормативтік құқықтық актілерді жүйеге түсіріп, код беру, олардың айқындығы, дәлдігі мен қол жеткізілуі; үшіншіден, барша жұрттың заң мен сот алдындағы теңдігі (Қазақстан Республикасының Конституциясының 14-бабының 1-тармағы); төртіншіден, барлық соттар мен судьялар үшін ортақ және бірыңғай сот әділдігінің конституциялық принциптері; тек қана сот жүзеге асырады; судья тәуелсіз және тек Конституция мен заңға бағынады; кінәсіздік презумпциясы; әрбір адамның сотта құқықтары мен бостандықтарын қорғау құқығы; ұсталған, қамауға алынған немесе айыпталған адамның тиісінше ұсталған, қамауға алынған немесе айып тағылған кезден бастап қорғану құқығы; қылмыстық заңды ұқсастығы бойынша қолдануға тиым салу; бесіншіден, елдің бүкіл аумағында заңдардың, мемлекет басшысы жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәл және бірыңғай қолданылуына орталықтандырылған прокурорлық қадағалау, Республиканың Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық келтіру; алтыншыдан, заңдылық пен әділеттікті қалпына келтіруге бағытталған заңдық жауапкершілік шараларының нақтылығы мен тиімділігі; жетіншіден, барлық салалардағы заң қызметін жетілдіру, халықтың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру және, ақырында, сегізіншіден Қазақстан Республикасы Президентінің халық пен мемлекеттік өкіметтің, Конституция бұлжымастығының, адам мен азамат құқықтарының және бостандықтарының кепілі ретіндегі қызметі. Заңдылықты нақты жүзеге асыру нәтижесінде қоғамдық қатынастарды іс жүзінде тәртіпке келтірудің жай-күйі дегеніміз құқық тәртібі. Қалыптасып және өзгеріп жататын құқық тәртібі – мемлекет жариялайтын заңдылықтың нақты қамтамасыз етілінуінің, оның кепілдіктері пәрменділігінің маңызды көрсеткіші. Өртүрлі маңызды құқықтар мен міндеттердің субъектілері ретінде адамдардың заңды еріктілік қызметі, мінез-құлқы тәртібінің мазмұнын айқындайды, құқық тәртібін жасайды.

Ең алдымен құқық тәртібін қорғауға тиісті мемлекеттік органдардың қызметінде заңдылықты сақтаудың елдегі заңдылықтың жай-күйінің айнасы деп саналатыны кездейсоқ емес, өйткені заңдармен реттелген нақты қоғамдық

тәртіптің ұйтқысы ретінде құқық тәртібін тек заңды құралдар ғана қамтамасыз ете алады, ал заңдардың орындалуы құқық тәртібін нығайтуға жеткізуге тиіс. Құқық тәртібі демократияны дамыту мен нығайтуға жәрдемдеседі. Құқық тәртібі болмайынша демократия берекесіздік пен бетімен кетушілікке айналады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» деп аталатын Жолдауында сыбайлас жемқорлықпен аяусыз күресті басты мақсаттар қатарына қойған, адамдардың әл-ауқатының өсуі біздің күллі күнделікті жұмысымыздың күретамыры болуға, ал сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес батыл жүргізілуге тиіс деп, оны құқықтық мемлекет орнатудың шарты деп санаған.

Сыбайлас жемқорлықпен бітіспес күрес жүріп жатыр. Қазіргі таңда халықаралық сарапшылардың бағасы бойынша Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы ең тиімділердің бірі деп танылған. Тек 2 жылдың ішінде қылмыстық жауапкершілікке 40-тан астам республикалық деңгейдегі жетекші, облыстық және қалалық ауқымдағы 250-ден астам лауазымды тұлғалар тартылды, олардың арасында 39 әкім мен олардың орынбасарлары бар. Қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау министрлерінің, статистика жөніндегі агенттік төрайымының, төтенше жағдайлар және қорғаныс вице-министрлерінің, «Қазақстан темір жолы» компаниясы басқарма төрағасының, «ҚазМұнайГаз», «Қазатомпром» компаниялары президенттерінің үстінен қылмыстық іс қозғалып, жауапкершілікке тартылды. Үш жылдың ішінде біздің еліміз әлемдік антикоррупциялық рейтингтегі көрсеткішін бірден 45 сатыға жақсартты. Осы индекс бойынша біз бүкіл ТМД-да үздік позицияда тұрмыз. Бұл жұмыс ымырасыздықпен жалғастырылады деп көрсетілген.

Елбасы құқықбұзушылықты жоюға қатты көңіл бөліп отыр, және әрбір адам өз істеген іс-әрекеті үшін заңды жауапкершілікке тартылуын қатаң қадағалауда, оған жоғарыда көрсетілген мәлеметтер куә. Осыған орай елімізде алғаш рет «Мемлекеттік бақылау мен қадағалау туралы» Заң қабылданды. Бақылау жүргізудің бүкіл мемлекеттік органдар үшін ортақ қағидаттары мен тәртібі белгіленді. Бұл бизнеске әкімшілік қысымды бұрынғыдан да азайта түсу үшін жасалды. Құқық қорғау жүйесінде реформалау аясында қазірдің өзінде 16 заң қабылданды. Құқық қорғау органдары аппараттарының саны 15 пайызға қысқартылды. Олардың құрылымдары оңтайландырылды. Құқық қорғау органдарына тән емес қызметтер жеке секторға берілді. Сот жүйесінде елеулі өзгерістер жасалуда. Осының бәрі құқық бұзушылықпен күресуде және оның алдын алуда тиімділігін арттыруда.

Ішкі істер органдарына арналған Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасы құқыққорғау қызметінің бастапқы бағыттарын анықтайды, бұл – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сонымен қоса, тұрғындардың қатысу белсенділігісіз табысқа жетпейтін құқықбұзушылықтың алдын –алу. Осыған қоса, балалардың қадағалауына және кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын –алуына ерекше назар аударуға тиіс.

Құқық бұзушылықты болдырмаудың бірден-бір шарты – құқықтық және қоғамдық тәртібінің сақталуына келіп тірелмек. Қоғам құқықтық тәртібіне негізделіп, арқа сүйеп қалыптасып, өмір сүре алады деген сөз. Өйткені қоғамдағы толып жатқан қарым-қатынастың басым көпшілігі құқық арқылы басқарылып, құқықтық іс-әрекет арқылы реттеліп отырады. Яғни, әрбір азамат өз мүддесін, мақсатын, тәртіпке сәйкес дамытады. Сол арқылы іске асыруға тырысады. Осы шарт орындалғанда ғана қоғамда құқықтық тәртіп қалыптасып, нығаяды.

Біз болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілікті сезінуіміз керек, ал болашақ ұрпақ – ол бүгінгі кәмелетке толмаған жастар. Сол себептен, мемлекеттің қоғамдық өмірінің барлық саласын реформалау жағдайында билік пен басқару органдары алдында тұрған ең маңызды мәселелердің бірі жас ұрпақты тәрбиелеу, балалар бақылаусыздығы мен кәмелетке толмағандардың арасындағы қылмыспен күресуде тиімді шаралар қабылдау қажет. Балалар мен кәмелетке толмағандарды тәрбиелеуді отбасынан бастау қажет. Осы тұрғыда мемлекетіміздің отбасының, сол ішінде кеңейтілген отбасының тұтастығын сақтауға күш-жігер жұмсағаны жөн. Сонымен, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының жалпы алдын алу үшін ата-ананың бала алдында жауапкершілігін күшейту, мектеп және оқу орындарында тәрбие жұмыстарын тиімді атқару, мемлекет тарапынан жағдайы нашар отбасыларына әлеуметтік көмек көрсету, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу шараларының бірі деп тануға болады.

Балалар мен кәмелетке толмағандарды тәрбиелеуді адамгершілік, адам құқын және оның құндылық мәнін дәріптеу, бақыт, еркіндік, ар-намыс, әділдік-теңдік, тусқандық сынды құндылықтарды қалыптастыру, қоғамның құқықтық негізі және оның саяси құрылымымен танысу, қоғамдағы жеке адам проблемасын зерттеу, кішкентайынан еңбектік дағдыларға үйретуден бастау қажет.

Тақырып № 21

Зандылық және құқықтық тәртіп

Ж О С П А Р

- 1. Зандылық түсінігі және қағидалары**
- 2. Зандылық кепілі**
- 3. Құқықтық тәртіптің түсінігі, қағидалары және түрлері**

1. Зандылық түсінігі және қағидалары

Қоғамдағы қатынасты құқықтық реттеудің жақсы дамуы мемлекеттің, бірлестіктердің, саяси ұйымдардың, дұрыс әділетті жұмыс жасауының сипаттамасы; халықтың бостандығы, теңдігі дамып, жеке адамның, қоғамның мүдде-мақсаттары бірігіп қалыптасуының сипаттамасы.

Зандылық дегеніміз — құқық субъектілерінің мемлекеттің заңдарын дәл және қатаң орындау мен қадағалау, оларға нышан келтіруге жол бермеу. Заңға тәуелді актілерді бақылау заңдылыққа жатпайды. Зандылықтың мазмұны үш талаптан құрылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабы.

1.Қоғамда әділ заң саясаты болу керек. Сол арқылы мемлекеттің заңдары бостандықты, теңдікті, адамгершілікті, инабаттылықты, парасаттылықты т.б. жақсылықты қорғау керек; мемлекет пен азаматтардың арақатынасын дұрыс басқаруы.

2.Конституцияның, заңның мазмұнын толық іске асыру, дұрыс орындау. "Сөз бен іс бір жерден" шығу.

3.Конституция мен заңда халықаралық құқықтың принциптерін қатаң қорғау, оларға нұқсан келтіруге жол бермеу.

Міне, осы талаптар, іс жүзінде бірігіп, қалыптасса қоғамда заңдылық орнап, құқықтық мемлекет орнатуға мүмкіншілік болады.

Зандылықты қорғау субъектілері: мемлекет, оның органдары, лауа-зымды тұлғалар, қоғамдық ұйымдар егерде заңы рұқсаты болса. Жеке тұлғалар-азаматтар заңдылықты қорғаудың субъектісі болмайды. Олар заңды бұзса құқықтық тәртіпті бұзған болып саналады.

Зандылық дамыған елдердің саяси, мемлекеттік, экономикалық, әлеуметтік, мәдениеттік құрылысының негізі. Қатаң заңдылық қоғамның барлық саласына өзінің әсерін, ықпалын тигізеді. Зандылықтың **өзіне тән ерекшеліктері:**

- заңдылық барлық қоғам көлемінде дамиды; оны орындау, дамыту барлық қоғамның жұмысы. Бұл жұмысты қамтамасыз ету мемлекеттің, бірлестіктердің, одақтардың, ұжымдардың, саяси партиялардың міндеті, бақылау мемлекеттік органның жұмысы.

- заңдылық нормативтік актілер мен тығыз байланыста дамиды. Олар бір-біріне зор әсер етіп отырады. Бірі жақсы дамыса, екіншісі де жақсы дамиды, нашар дамыса екеуінің де деңгейі төмен болады.

заңдылық пен мемлекеттің бір-бірімен **тығыз байланыста** атқаратын қызметтері:

- заң шығаруды сапалы дамыту, нығайту, кемшілікке жол бермеу, заңды бұлжытпай, уақытында орындау;
- заңның үстемдігін орнату;
- адам өз құқығын, өз бостандығын қорғаймын деп басқаның құқығына нұқсан келтірмеуге міндетті;
- құқықты бұзушылықпен қатаң күрес жүргізу.

2. Зандылық кепілі

Зандылықпен құқықтық тәртіптің кепілдіктері:

1. Материалдық кепілдік — егерде субъектілер өзара қателіктер жіберсе, өздері келісімге келіп нормативтік актіні дұрыс орындауға тиіс.

2. Саяси кепілдік - қоғамның саяси тұрақтылығы заңдылыққа, тәртіпке көп әсер етеді. Қоғамдағы барлық бірлестіктер, одақтар, ұжымдар, саяси партиялар дұрыс, жақсы жұмыс жасауы көп әсер етеді.

3. Моральдық кепілдік - қоғамның инабаттылық, парасаттылық деңгейі жақсы болса заңдылық, тәртіп те жақсы болуға тиіс.

4. Заңды кепілдік—мемлекеттің заңдылықты, тәртіпті бақылап отыратын арнаулы органдарының рөлі, маңызы, әсері өте зор.

Қоғамдағы заңдылық, бостандық, құқықтық тәртіп, демократия бір-бірімен тығыз байланыста дамиды, бір-біріне зор әсер, ықпал жасайды.

Әр мемлекетте қоғамдық тәртіп және құқықтық тәртіп болады. Қоғамдағы қабылданған барлық әлеуметтік нормаларды мемлекеттік органдар, бірлестіктер, одақтар, ұйымдар, ұжымдар, азаматтар дұрыс, уақытында орындау - **қоғамдық тәртіп**. Қоғамдық қатынастардың жағдайы құқық нормалардың талабына сәйкес болса — **құқықтық тәртіп**. Екеуі бір-бірімен тығыз байланыста дамиды. Заңдылық пен құқықтық тәртіптің әлеуметтік маңызы: 1) қоғамдық өмір бірқалыпты жақсы дами-ды; 2) мемлекеттік, шаруашылық, қоғамдық ұйымдармен органдар жақсы жұмыс жасайды; 3) барлық адамдардың құқығын, бостандығының, барлық ұйымдардың, ұжымдардың мүдде-мақсатын дұрыс орындап, дамытуға мүмкіншілік туады.

Заңдылық пен құқықтық тәртіпті жақсы дамыту әдіс-тәсілдері:

- құқықты бұлжытпау шараларының жүйесінің сапасын жақсарту;
- кінәға сәйкес заңды жауапкершіліктің түрін анықтау, әділетті жаза қолдану;
- еріксіз жауапкершілікті қолдануды дұрыс пайдалану;
- заңдылыққа, құқықтық тәртіпке мемлекеттік бақылауды әділетті жүргізу.

Сонымен құқықтық тәртіп — заңдылықтың дәйекті, нақтылы толық орындалуы. Заңдылық—құқықтық тәртіптің мазмұны мен мақсаты, мұраты мен қағидалары. Заңдылықпен құқықтық тәртіп тығыз байланысты. Құқықтық тәртіп - заңдылықтың мазмұны мен мүдде-мақсаты. Осы екі ұғым бірлесіп орындалып жатады.

3. Құқықтық тәртіптің түсінігі, қағидалары және түрлері

Құқықтық тәртіптің жоғары дәрежеде болуы заңдылықтың деңгейіне байланысты. Заңдылық жақсы болса тәртіп те жақсы болады. Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланыста дамиды.

Азаматтарды тәрбиелеудің әр мемлекетке тиісті жүйелері болады, оның түрлері: саяси, құқықтық, моралдық, эстетикалық т.б. Бұлардың әрқай-сысының өзіне тән ерекшеліктері болады. Бірақ бәрі бірігіп бір мүдде-мақсатты іске асыруға, орындауға үлес қосады. Ол мақсатта – азаматтардың рухани сана-сезімін, психикасын, білімін, өмірлік тәжірибесін, тәртібін, адамгершілігін көтеріп жақсарту. Құқықтық нормалардың ба-сым көпшілігі әдептілік нормалардан нәр алады - соларға арқа сүйейді. Неғұрлым құқықтық нормаларға әдептілік моралдық нормаларлар арқау болса, соғұрлым заңдардың әділеттік, адамгершілік мәні жоғары болады.

Осы жүйенің негізгі түрлерінің бірі — құқықтық тәрбиелеу. Бұл жұмыс екі бағытта жүргізіледі: бірінші бағыты - азаматтарға құқықтық білім беру; екінші бағыты - олардың құқықтық мәдениетін, сана-сезімін жақсарту. Құқықтық тәрбиенің негізгі мақсаты:

- адамдардың құқықтық сауаттылығын оның мазмұнын жақсы біліп, жақсы түсінуін қамтамасыз ету;
- адамдардың заңға, құқықтық тәртіпке деген мінез-құлқын, іс-әрекетін жақсарту;
- адамдардың құқықтық нормаларды дұрыс қолдану, қатаң орындау тәжірибесін жақсарту.

Құқықтық тәрбиелеу жүйесі жүргізетін жауапты субъектілері: мемлекет, органдар, лауазымды тұлғалар, адамдар, заңды ұйымдар, саяси партиялар.

Бұл қызметтің объектісі: адамдармен қоғамдық ұғымдар.

Құқықтық тәрбиені іске асыру, орындау механизмі төрт бөлімнен тұрады:

- 1) қоғамдық рухани сана;
- 2) құқықтық норма жүйесі; оның сапасы;
- 3) құқықтық тәрбие жұмысының нысаны және әдіс-тәсілдері;
- 4) тәрбие жұмысы жүргізу деңгейі, сапасы.

Міне, осы құқықтық тәрбиенің механизмі арқылы қоғамдағы заңды-лықты, құқықтық тәртіпті дамытып, жақсартуға мүмкіншілік қалыптаса-ды. Құқықтық тәртіптің мазмұны — субъектілердің дұрыс тәртібі, нормативтік актінің талабына сәйкес жұмыс жасау, іс-әрекетке қателікке жол бермеу. Құқықтық тәртіптің құрылымы- қоғамның санасымен бай-ланысты тұрғыда іс-әрекет жасап, қатынас арқылы өздерінің мүдде-мақсатын іске асыру. Құқықтық тәртіптің ерекшелігі — бұл қарым-қатынас құқықтық норма арқылы өмірге келіп, мемлекеттің бақылауында бола-ды. Егерде қарым-қатынаста қателіктер кетсе, оны мемлекеттік орган түзетуге тиіс.

Әскери құқықтық тәртіптің өзіне тән ерекшеліктері болады: өздерінің жеке арнаулы заңдары, ережелері болады. Барлық қарым-қатынас сол заңдармен реттеліп, басқарылады. Жалпы саясатта ешқандай айырма-шылық жоқ. Тек реттеуде, басқаруда өзгешеліктер болады.

Сонымен **құқықтық тәртіп** дегеніміз — қоғамдағы қатынастардың нормативтік актілер арқылы дұрыс, қатаң уақытында ретгеліп, орында-луы.

2. Заңды процесс және заңды тәжірибе түсінігі мен мазмұны

Мемлекеттік аппараттың жақсы, сапалы қызмет атқаруы үшін қоғам-ның барлық саласында қатаң тәртіп болу қажет. Оны әр мемлекет өздерінің заңдары, қаулылары, ережелері, нұсқаулары арқылы реттеп, тиісті тәртіп қалыптастырып отырады. Мысалы, халықтың өкілдік органдарының жұмыс регламенті, мемлекеттік органдардың қызметінің ережелері, жал-пы халықтық сайлау жүргізу ережелері, мұрагерлік мәселелерін шешу ережелері т.б. нұсқау-күжаттар. Осы нормативтік актілер, нұсқауларға сәйкес әр мемлекеттік аппарат өз жүйесіндегі органдардың қызметінің жоспарын, бағдарламасын жасап отырады. Сол арқылы әкімшілік, мемлекеттік тәртіпті үнемі бақылауға алып, сапасын жақсартуға мүмкіншілік жасап отырады.

Мемлекеттік аппараттың қызметтері санқырлы болады. Оның жеңіл және күрделі түрлері болады. Мысалы, азаматтық актілер беру, (адам-ның тууы, өлуі, үйленуі туралы күжаттар), нотариалдық кеңседе әртүрлі күжаттар растап — бекіту т.б. Бұл қызметтер жеңіл іс-әрекеттер. Ал, азаматтық, қылмыстық құқықтағы істерді жан-жақты объективтік тұрғыдан тексеру, ол істерді сотқа қарап, әділетті үкім немесе шешім шығару өте күрделі процесс. Сондықтан, мемлекет күрделі қызметтер мен істер туралы арнаулы ережелер, кодекстер, заңдар қабылдап отырады. Мысалы, азаматтық-процессуалдық, қылмыстық-процессуалдық, кодекстер. Мемлекеттік аппараттың қызметтерінің жеңіл-ауыр, күрделі түрлеріне

қарамай, бәрі де іс-әрекетпен дұрыс, сапалы шешілуі қажет. Егерде мемлекеттік орган қате жіберіп істі сапалы қарауды қамтамасыз етпесе онда тиісті мемлекеттің органы іске араласып, заңдылықты, құқықтық тәртіпті реттеуге және кінәлі лауазымды тұлғаларды жауапқа тартуға міндетті.

Заңды қызметтердің іс-әрекеттердің атқаруының мемлекеттің бекіткен заңды ережелері болады, оны бұлжытпай орындау барлық органның, лауазымды тұлғаның міндеті. Бұл міндеттерді орындауға барлық азамат-тар, ұйымдар, ұжымдар, партиялар тиісті, сапалы үлес қосулары өте қажет. Себебі қоғамдағы заңдылықты, құқықтық тәртіпті тұрақты, сапалы процеске айналдыру барлық жеке және заңды тұлғалардың міндеті.

Мемлекеттік органдардың қызметінің заңды нысандары екі топқа бөлінеді: 1) азаматтардың, қоғамдық ұйымдардың, ұжымдардың, партия-лардың құқықтық іс-әрекеттері; 2) сол іс-әрекеттерді заңды күжаттармен реттеп-басқару. Бұларды заңды іс-әрекеттер нысаны және заңды күжат-тар нысаны деп атайды.

Сонымен заңды процесс дегеніміз — қоғамдағы барлық заңды іс-әрекеттерді нормативтік актілер арқылы реттеп-басқарудың нысандары-ның топтасқан түрі. Заңды процесс бірнеше кезеңдерге бөлініп, әр кезеңнің өзіне тән іс-әрекеттері болады. Мысалы, азаматтық құқық процесінде жеті кезең болады: 1) сот процесін қозғау; 2) істі соттың қарауына дай-ындау; 3) сотқа істі қарау; 4) істі кассациялық инстанцияда қарау; 5) істі бақылау - қадағалау инстанцияда қарау; 6) жаңадан белгілі болған жағдайға сәйкес істі қайтадан қарау; 7) соттың шешімін — үкімін міндетті түрде орындау. Осы кезеңдердің әрқайсысында міндетті түрде үш эле-мент болуы қажет:

а) кезеңнің міндет-мақсаты; б) ол мақсатты орындау үшін іс-әрекеттің ерекшеліктерінің болуы; в) заңды құжаттардың ерекшеліктері.

Заңды процестің объективтік басталу негіздері, себептері болады. Мысалы, барлық кодекстерде, ережелерде, заңдарда кіріспе бөлімі болады. Онда сол нормативтік актілердің мақсаты, мазмұны, нысандары көрсетіледі. Соған сәйкес мемлекеттік органдардың, азаматтардың, ұйымдардың, ұжымдардың, партиялардың іс-әрекеттері реттеліп-басқарылып жатады.

Заңды процесс әр қоғамның іс-әрекеттерінің екі бағытын біріктіреді: 1) құқықтық (процедураларды) дәстүрлерді; заң шығару, жалпы халық-тық сайлау жүргізу, қызметке тағайындау, босату т.б. дәстүрлері іс-әрекеттері; 2) сот процесі арқылы қоғамда мемлекеттің сот билігі орын-

далып жатады. Сот процесі төрт түрге бөлінеді: азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, конституциялық.

Қоғамның объективтік даму процесінде тәжірибенің атқаратын қызметі өте зор. Онсыз қоғамның прогрестік жолмен дамуы мүмкін емес. Адам қоғамының салаларына сәйкес тәжірибе қалыптасады. Сол көп салалы тәжірибенің күрделі бағыты құқық тәжірибесі. **Заңды тәжірибе** — мемлекеттік органның әлеуметтік-құқықтық тәжірибелерді жинақтап-са-раптап қорытынды ресми заңды тұжырымдар жасау қызметі. Заң тәжірибесінің белгі-нышандары:

- қоғамды құқықтық басқару процесінде әлеуметтік тәжірибе бірте-бірте заң тәжірибесіне айналуы;
- заң тәжірибесі адам қоғамының даму процесінде мәдениеттің негізгі салаларының күрделі бағыты болып қалыптасуы. Мысалы, көне Рим республикасының заң тәжірибесі кейінгі дәуірде мемлекеттерге көп әсер етуі;
- заң тәжірибесі қоғамдық, ұжымдық, ұйымдық іс-әрекеттің нәтижесінде тексеріліп, анықталып өмірге келеді;
- заң тәжірибесінің даму процесінде қоғамда материалдық, саяси, әлеуметтік құбылыстар, өзгерістер болып соған сәйкес заңды нәтижелі қарым-қатынастар туып нормативтік актілердің, өмірге келу, іске асу процесінің сапасын жақсартады;
- заң тәжірибесі қоғамның барлық саласына әсер етіп оның даму процесін шапшаңдатады немесе бәсеңдетеді.

Сонымен, заң тәжірибесінің қоғамның құқық жүйесінде атқаратын қызметі өте күрделі, көп салалы.

Қоғамдағы барлық нормативтік актілерді қолдануда, іске асыруда орындалуында көптеген жақсы-жақсы тәжірибелер қалыптасады, соны-мен бірге кемшіліктер де анықталып жатады. Өмірде оларды сараптап, кемшіліктерді түзеп, жақсы тәжірибелерді пайдалану заңды процесс. Сөйтіп заңға тәуелді актілерді шығару, қабылдау, бекіту жұмыстарын жақсартып, құқықтық нормалардың сапасын жақсартып отырады. Бұл істің маңызы өте зор.

Заңды тәжірибелердің түрлері:

- заңды, заңға тәуелді актілерді шығарудағы тәжірибе;
- нормативтік актілерді қолданудағы тәжірибе;
- нормативтік актілерді іске асырудағы, орындалуындағы тәжірибе;
- заңдылықты, құқықтық тәртіпті реттеудегі, бақылаудағы тәжірибе;

- субъектілеріне сәйкес заңды тәжірибенің түрлері: парламенттік тәжірибе, соттың тәжірибесі, нотариалдық органның тәжірибесі т.б.

Заңды тәжірибенің маңызы:

1) қоғамның экономикалық, саяси, әлеуметтік, экологиялық, демографиялық, рухани, мәдени т.б. жұмыстарын жақсартуға зор әсер етеді.

2) норманы шығару, қолдану, түсіндіру, қорғау жұмыстарының сапасын жақсартуға үлес қосады.

3) норманың нақты жағдайға тигізетін әсеріне қарай заңды тәжірибенің екі түрі болады: тіркелу-қуәландыру — субъектілердің өзара қатынасын мемлекеттік органның тіркеп-қуәландыру; (көбінесе бұл жұмысты нотариалдық органдар жүргізеді). Екінші түрі — реттеп бейімдеу — қоғамдағы қатынастарды бір орталықтан, өлкелік нормативтік және жекелік реттеу-басқару.

4) нормативтік актінің уақытына сәйкес тәжірибенің функциясы төртке бөлінеді: түпкілікті, уақытша, негізгі, арнаулы. Сонымен заңды тәжірибенің қоғамдағы маңызы өте зор:

- заңды тәжірибелерді іріктеп, топтастыру арқылы құқықтық нормаларды шығарудағы, қабылдаудағы, бекітудегі, іске асырудағы, орындаудағы, қорғаудағы кемшіліктер түзетіледі;

- заңдардың, құқықтық нормалардың сапасын жақсартып, олардың дұрыс, уақытында орындалуына мүмкіншілік жасап қоғамдық қатынастарды реттеп-басқару дамып, нығаяды.

- жақсы тәжірибелер заң ғылымының дұрыс дамуына зор әсер етеді. Қоғамның диалектикалық даму процесіне сәйкес құқықтық нормалар да өзгеріп, ескіріп жаңарып, дамып жатады. Бұл өте күрделі процесс. Сондықтан өмірде құқықтың дамуында кемістіктер кездесіп жатады. Ол кемшіліктердің түрлері:

- нормативтік актілердегі кемістіктер;

- заң шығарудағы кемістіктер;

- құқықтағы кемістіктер.

Бұл кемшіліктер норманың грамматикалық қателіктері емес немесе құқықтың жүйе салаға бөлінуінің кемісігі емес. Бұл қоғамның объективтік даму процесі арқылы қатынастардың сан алуан өзгеріп, ескіріп, жаңа-рып, дамып жатуынан жаңа қатынас қалыптасып оны реттейтін, басқара-тын жаңа құжаттың болмауы. Өйткені қоғамның дамуы қатынастарға әсер етеді. Қатынастардың дамуы құқықтың сапасын жақсартады. Құқықтың дамуы нормативтік актілерді сала-салаға, жүйе-жүйеге бөліп дамытады. Міне, осы даму процесінде қоғамдағы көп салалы қатынастар бәрі бірдей жақсы дамымайды. Осы кемістіктерді көпке созбай, тезірек жаңа нормалар қабылдап, олқылықтарды жою - мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі. Бұл мәселе мемлекеттің нормативтік актілер шығаратын органдарының бақылауында болады. Мұндай кемістіктер ешқашан толастамайды. Өйткені қоғам бір орында тұрмайды. Бір кемшілікті бүгін жойсаң, ертең екінші кемістік өмірге келеді. Сондықтан, нормативтік актілерді шығаратын органдардың қызметкерлері

өте сауатты, білімді, тәжірибелі болулары керек. Сонда ғана олар өмірдің даму процесіне сәйкес нормативтік актілерді дамытып, жаңартып отырады.

Құқықтың дамуында кемшіліктердің болуы объективтік процесс. Сол объективтік кемістікті субъективтік қателікке айналуына жол бермеу керек. Егерде ол субъективтік қателікке айналса, онда ешкімге кешірім жасауға болмайды. Барлық күшті, мүмкіншілікті сол субъективтік қателікті тезірек жоюға бағыттау керек.

Өмірде құқықтың дамуындағы кемшіліктерді білу, байқау өте қиынға соғады. Оны тек заң мамандары, заң ұйымдары, көп тәжірибелі мамандар ғана байқай алады. Олар осы бағытта өздерінің жұмысын ешқашан тоқтатпайды. Егерде кемістік байқалса, оны жан-жақты ғылыми тексерістен өткізулері керек. Тексерісте төмендегі сұрақтарға нақты жауап алулары керек.

- Кемістік шын ба, әлде жалған ба?

- Ол кемістікті бар нормативтік актілермен реттеуге, басқаруға бола ма?

- Жаңа норма қабылдау керек пе?

Осы сұрақтарға ғылыми тұрғыдан толық жауап алғаннан кейін қорытынды шығару керек болса, онда жұмысты осы бағытта тездету керек. Ол үшін атқаратын жұмыстар:

- құқықтың кемістігі бар жүйе-саласын анықтау;

- жаңа норма жобасын жасау; мазмұнын, материалдық шығынын, уақытын анықтау;

- тиісті мемлекеттік органға жобаны тапсыру. Мемлекеттің нормативтік актілерді шығаратын орындары жаңа жобамен танысып мына сұрақтарға толық жауап алу керек:

- қандай кемістікті жоюға керектігі;

- кемістікке сәйкес жаңа норманың шеңберін, мазмұнын анықтау;

- жаңа норманы орындау бағытын анықтау;

- оны орындайтын жауапты адамдарды белгілеу.

Жаңа норманы тек тиісті мемлекеттің органы қабылдайды. Кемшілікті жоюдағы норманың заңды күші жай нормалармен бірдей.

Дүниежүзілік тәжірибеге сәйкес егерде бір істі қарап, шешуге тиісті нақты норма болмаса, оны ұқсастық жолмен қарауға рұқсат беріледі.

Құқықтағы кемшілікті жойып, жаңа норма қабылдау үшін көп уақыт керек. Сондықтан тиісті органдар өздері шешуге міндетті.

Ұқсастықтың екі түрі болады: заңы ұқсастық және құқықтық ұқсастық.

Заңды ұқсастық — мәселені ұқсас заңға, ұқсас нормаға сүйене отырып шешу.

Құқықтық ұқсастық - мәселені құқықтық саясатқа сүйене отырып шешу.

Дамыған елдердің құқығы да өте жақсы дамиды. Сондықтан бұл елдерде аналогияны өте сирек қолданады.

Біздің мемлекетте ұқсастық жолмен мәселені шешу көп деуге болады. Себебі нарықты экономикаға әлі толық көшіп болғамыз жоқ. Құқық өте жақсы дамыған жоқ нормативтік актілердің кемшіліктері жеткілікті.

Норманы ұқсастық әдіспен қолдану үшін тиісті шарттар болу керек:

- егерде құқық жүйесінде норма анық болмаса;

- егерде істің ұқсастығы айқын болса;
- егерде қаралатын іс төтенше жағдайда өмірге келсе, кейінге қалдырып болмайтын болса;
- егерде мемлекеттің саясатына қарсы келмейтін болса.

Заңның үстемдігі өркениетті қоғамның, оның саяси жүйесінің қалып-ты өмір сүруінің негізі болып табылады. Адам қоғамының анағұрлым маңызды салаларын қамти отырып заң үстемдігі мүдделерінің әділетті дифференциясын қамтамасыз етеді.

Мемлекет шығарған заңдарды орындау талабы ерте кезден-ақ қалыптаса бастады. Сонау Рим заңгерлерінің (юристерінің) өздері заң талапта-рын сақтау қажеттілігін: "Заң қатал, бірақ ол заң", — деп атап көрсетті.

Заң үстемдігі адам қоғамының үйлесімділікке эрекет етуінің қажеттілігі ретінде уақыт өте өз күшіне енеді. Өйткені уақыт өте келе қоғамдық қатынастар жаңа сипатқа ие болады, тәуелділік сипатынан, материалдық игілікті өндірушілердің тәуелсіз, еріюі қатышасына айналды. Осыдан келіп қоғамның барлық мүшелерінің мүдделерін бірдей негізде қорғайтын әділетті заңдардың базасын құру қажеттілігі туындайды.

Заңның үстемдігі барынша орын алған қоғамда заң шығару, атқару және сот биліктерінің бөлініп, үйлесімділік тепе-тендікте қызмет жасауы орын алады. Мэселен, Руссо заңның үстемдігінің негізгі міндеті барлық азаматтарды бақытты ету, олардың игіліктерін қамтамасыз ету, заң ал-дында баршаға тең бостандық пен тендікті орнату деп білді. Бұл идеялар тек Руссо ғана емес көптеген ойшылдардың да назарынан тыс қалған жоқ. Қазіргі алдыңғы қатарлы өркениетті елдерде де өз орнын тауып отыр.

Заңның үстемдігі дегеніміз не?

Заңның үстемдігі дегеніміз - барлық құқық субъектілерінің заңдар және заңға сәйкес актілерді қатаң және мүлтіксіз орындауы болып табылады. Осыған сәйкес құқық нормаларында бекітілген адам бос-тандығының жүзеге асырылуы. Түрлі экономикалық, саяси және жеке құқықтар, бостандықтар мен міндеттер заңның негізінде ғана қоғам-дық өмірдің шынайы сипатына ие болады. Барлық құқық субъектілеріне заң тыйым салмаған кез келген эрекеттерді орындау мүмкіндігінің тууы. Басқаша айтқанда заңды көрсетілген қоғамдық дамудың объективті шарттарымен белгіленген бостандық деп көрсе-туге болады. Заңның үстемдігінің болуы үшін негізгі екі талап орындалуы тиіс.

1. Құқықтық әділетті ғылыми негізделген заңдардың орын алуы.

2. Заңдардың орындалуы, егер іс жүзінде орындалмаған жағдайда жоғары сипаттағы заңдардың өзі жеткіліксіз болып табылады.

1. Жалпыға ортақтық. Заң нормаларын сақтау талабы бәріне ортақ деген сөз. Мемлекет бекіткен тәртіптен ешкім де бас тарта алмайды, сондай-ақ мемлекет те тұлғаның заң бекіткен құқықтарын қамтамасыз ету және қорғаудан бас тарта алмайды. Жалпыға ортақтық заңның үстемдігінің маңызды нышаны ретінде мемлекет пен оның азаматтарына бірдей қатысты болып табылады. Мемлекет азамат алдында, ал азамат мемлекет алдында жауапты деген сөз.

Жалпыға ортақтықтың барлық мемлекеттік органдары, қоғамдық, шаруашылық ұйымдар мен азаматтардың қызмет аясының негізгі, жалпы қағидасы болып табылады.

2. Заңның үстемдігінің құқықпен тығыз байланыста болуы. Бірақ заңдылық режимнің жағдайы, мемлекеттің заңдары қоғамдық дамудың объективті қажеттіліктерін қаншалықты бейнелей алатындығы арқылы бағаланады. Егер мемлекет шығарған құқықтық нормалар барлық халықтың жалпы және жеке мүдделерін ескерместен, тек жекелеген тұлғалар мен элеуметтік топтарға ғана қатысты қорғайтын болса заңның үстемдігі жоқ деген сөз. Егер де құқықтық нормалар халықтың мүддесін формальды түрде ғана бейнелеп, бірақ оған кепілдеме бере алмаса, онда бұл жерде заңның үстемдігі жөнінде сөз де болуға тиісті емес. Тарихта, мемлекеттің қоғамдық өмірді жан-жақты бейнелеп, бірақ ол азаматтық мүддемен ешқандай байланысы жоқ, құқыққа жат заңдармен жүзеге асырылғандығы жөніндегі кезеңдер белгілі. Сондықтан да заңның үстемдігінің нормативті негізі болып, қоғамдық қатынастың барлық қатысушыларының жалпы және жеке мүдделерін бейнелейтін құқықтық заңдар қалыптасу қажет. Оны екі негізде көрсетуге болады:

а) Қоғамдық прогрестің қажеттілігіне жауап беруші, жан-жақты көзделген заңдар.

ә) Мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар, азаматтар мен түрлі бірлестіктердің заңдар мен заңға сәйкес нормативті актілерді қатаң және мүлтіксіз орындауы.

Сөйтіп, заңның үстемдігінің құқық жүйесіне эсері — құқықтық қатынасқа қатысушылардың еріктері арқылы жүзеге асырылатын заңдылық-тың нәтижесі. Ал бұл нәтиже арқылы ерікті түрде пайда болатын құқық, бостандық, міндет, демократиялық, өркениетті қоғамның алғышарты болып табылады. Заң үстемдігінің талаптары бірлікте және өзара эрекет ете отырып, қоғам өмірінің тұрақтылығын, үйлесімділігін қамтамасыз етіп, азаматтық қоғамның, тарихи прогрестің объективті заңдарына сәйкес дамуына мүмкіндік береді және құқық жүйесін құрудың негізгі қағида-сы ретінде орын алады.

Құқық жүйесі — қоғам өміріндегі жалпы заң үстемдігінің негізінде құралатын объективті құқықтық құбылыс болып табылады. Қоғамда шын мәнінде орын алып отырған қоғамдық қатынастардың бейнелеушісі ретінде объективті шындық негізінде құралады.

Бір жағынан құқық нормалары заң шығару органының субъективті саралы ерікті қызметінің жемісі болып табылады, екінші жағынан, құқық нормалары элеуметтік қарым-қатынастар шеңберінде бостандық пен әділеттіліктің жоғарғы шегін анықтай отырып, қоғамдық өмірдің қажеттіліктерін объективті тұрғыда бейнелей алса ғана, құқық жүйесінің шынайы элементі болып табылады. Осыдан келіп қоғам өмірінің түрлі саласында пайда болатын сан алуан қоғамдық қатынастарды жалпы құқықтық реттеумен қамтамасыз етуді көздейтін практикалық қажеттілік туындайды. Бұл қажеттіліктің негізі заңның үстемдігінен бастау алады. Әр кезде де құқықтық нормалар, құқық жүйесі жалпы объективтік заңдылықтардың негізінде құралып, жұмыс істейді. Құқық жүйесі қоғамдық өмірдің заңдылықтарын бейнелеуші әрі бекітуші сипатқа ие болған-дықтан, міндетті түрде заңның үстемдігінен асып кете

алмайды. Құқық жүйесі субъективті жасанды жүйе емес, қоғамдық даму барысында жаңа қарым-қатынастармен бірге өмірге келетіндігі жөнінде айтып өткен болатынбыз. Ал жаңа қарым-қатынастардың өзі жаңа заңдармен реттеліп отырады. Реттеу үшін ол заңдардың, эрине, міндетті түрде үстемдік си-паты орын алуы тиіс. Демек, қалай алғанда да құқық жүйесі заң үстемдігін

басшылыққа ала отырып, қағидалық маңызын ұстана отырып қана өмірге келеді.

Біз жұмыстың негізгі бөлімінде біраз мәліметтер арқылы бірқатар мәселелерді қарап өттік. Сол мәселелердің қай-қайсысы да біздің тақы-рыбымыз — заң, заңдылық, заңның үстемдігі жайлы сөз етеді. Сонымен бірге біз Кеңес дәуірі мен бүгінгі күнді салыстырып қарап, біраз нәрсені ұғындық. Осыған дейінгі қазақ халқы тоталитарлық-бюрократтық орта-лықтандыру жағдайындағы ұлттың қағаз жүзіндегі мемлекеттік басқа-руы мен өзін-өзі билеуі айқын көрініс табады. Мұндай жағдайда заңды-лық, құқықтық тәртіптің қандай сарында болғандығын байқау қиын емес. Қоғамдық өмірдің осы бір бөлімі еліміздің өз алдына дербес, тәуелсіз мемлекет болып, егемендік алғаннан кейін ғана өзгеше сипат ала баста-ды. Әрине, мемлекетке жоғарғы заңдылық толығымен орнап, құқықтық тәртіп мықтап орын алды деп айтуға ертерек. Әлі ол жетістікке жете қой-ған жоқпыз. Яғни, бүгінгі күні Қазақстан Республикасында заңдылық пен құқықтық тәртіптің тек алғашқы қағидалары мен демократияның нышандары жасалуда. Бұл жетістікке қол жеткізудің бірден-бір сара жолы құқықтық мемлекет құру арқылы жету болып табылады.

Құқықтық мемлекетті құру, бұл Қазақстан Республикасының алдын-да тұрған басты мақсат. Бұл мақсатты іске асыру үшін әлі көптеген жұмыс жасап, бірқатар істер атқаруға тура келеді.

Тақырып № 22 **Тұлғаның құқықтық мәртебесі**

Ж О С П А Р:

- 1. Тұлғаның құқықтық мәртебесінің түсінігі**
- 2. Адам және азаматтың негізгі құқығы**
- 3. ҚР тұлғаның құқығы орындалуын бақылау жүйесі**

1. Тұлғаның құқықтық мәртебесінің түсінігі

Адам қоғамы мыңдаған жылдар бойы - сонау көне дәуірден қазіргі заманға дейін әлеуметтік нормалар арқылы басқарылып келді. Сондықтан, жеке адамның құқығы мен бостандығы туралы теорияның мыңдаған жылға созылған тарихы және мол тәжірибесі бар.

Біз осы тарихқа, осы мол тәжірибеге сүйене отырып, әлеуметтік нормалардың диалектикалық объективтік даму процесімен танысамыз. Адам қоғамының әр формациясында азаматтардың қандай құқығы, қандай бостандығы болғанын білеміз.

Адам құқығы — тарихи, табиғи, объективтік құбылыс. Сондықтан, әлеуметтік норма әр уақытқа даму процесінде болады. Әлеуметтік норма адам қоғамымен бірге дамып, бірге өзгеріп, бірге өмір сүріп келеді. Қоғамдағы жүздеген, мыңдаған қарым-қатынасты реттейтін, басқаратын әлеуметтік норма. Қоғам дамып, нығайып, жақсарған сайын әлеуметтік норма да дамып, нығайып жақсарады, оның әділеттік, бостандық, демократиялық шеңбері де, кеңістігі де молаяды, күрделенеді.

Жеке адамның құқығы қоғамдағы құқықпен тығыз байланысты. Бірі болса екіншісі де болады. Бірі болмаса екіншісі де болмайды. Бұл екеуін бір-бірінен ажыратып қарауға болмайды.

Сонымен адамның құқығы, бостандығы олардың мазмұндық дәрежесі қоғамның даму деңгейімен байланысты.

Мысалы: Алғашқы қоғамдағы бостандық:

- құл иелену қоғамдағы бостандық пен шектеулер;
- феодалдық қоғамдағы бостандық пен шектеулер;
- буржуазиялық қоғамдағы бостандық пен шектеулер;
- қазіргі замандағы бостандық түсінігі мен мазмұны.

Құқық пен жеке тұлғаның өзара байланысын тек құқықтық статус арқылы толық түсінуге, білуге болады. Онда олардың санқырлы байланысының түсінігі, мазмұны, құрылымы, мақсаты, талаптары, мемлекет пен қоғамдық ұйымдармен арақатынасы көрсетіледі.

Құқықтық статус - жеке тұлғаның қоғамда заңды түрде қалыптасқан бостандығы, табиғи және саяси құқықтары, әлеуметтік кемеліне келген жағдайы, рухани, мәдени білімі. Бұл статустың мазмұны адамның қоғамның әлеуметтік құрылысындағы алатын орны, ал статустың нысаны—сол адамның қоғамдағы алатын орнын заңды түрде сипаттауы. «Статус» латын тілінен аударғанда «положение - жағдай» - деген ұғымды көрсетеді.

Сонымен, құқықтық статус - "құқықтық жағдай" - бір мағынадағы ұғым. Оның негізгі мазмұны мемлекеттің Конституциясында бекітілген жеке тұлғаның бостандығы, құқықтары мен міндеттері.

Құқықтық статус объективтік тұрғыдан бостандықтың, демократияның жетістіктері мен кемшілігінің көрінісінің айнасы деуге болады. Адам қоғамының көне дәуірден даму кезеңдерінде құқықтық статус әртүрлі болды. Бірақ бұл процесс үнемі прогрестік жолмен дамыды.

Сонымен құқықтық статус - кешенді, интеграциялық категория. Ол адам мен қоғамның, азамат пен мемлекеттің, жеке тұлға мен еңбек ұжымының ара байланысының көрініс — айнасы.

Құқықтық статусының негізгі түрлері:

- 1) Жалпылама құқықтық статус - бұл азаматтық статус, қоғамның мүшесі, Конституциялық статус.
- 2) Арнаулы құқықтық статус — студенттер, зейнеткерлер, шахтерлер т.б. статус.
- 3) Жеке тұлғаның құқықтық статусы - бір адамның өмірбаянының реквизиттері: білімі, қызметі, отбасы, аты-жөні т.б. Олардың қоғамның қай саласында қызмет атқаруы, соған сәйкес саяси және арнаулы

жеңілдіктер болуы.

4) Жеке тұлға және заңды тұлғалар статусы.

5) Шет елдердің азаматтарының статусы.

6) Қазақстан Республикасының шет елдердегі азаматтарының статусы.

7) Жүйелік статустар: азаматтық, әкімшілік т.б.

8) Кәсіпқойлық, лауазымды тұлғалар статусы.

9) Статус — қиын жағдайда жұмыс атқаратын адамдар (солтүстікте, қиыр-шығыста, қорғаныс өндірісінде, құпия өндірісте т.б.)

Қазіргі заманда жеке тұлғаның құқықтық статусы заң ғылымының бір саласына айналды және жалпы теорияның жеке тақырыбы болып отыр.

Адамдар тек құқықтық жүйедегі қоғамда өмір сүре алады. Бұл объективтік тұжырымға адамдар мыңдаған жылдар өмір тәжірибесінен сезініп білді. Біздің заманымыздан бұрынғы У-ІУ мыңжылдықтан бастап адам қоғамы әлеуметтік нормасыз өмір сүре алмайды. Норма объективтік тұрғыдан қоғамның өмір сүруінің ең қажетті құралы болды. Осы тәжірибеге сүйене отырып гректің ойшыл-ғалымдары Ликофрон, Антифон (V—IV мың жылдықта) адамның табиғи бостандығы, құқықтары бар, оны ешкім жоя алмайды - деген. Бұл пікірді кейін Аристотель, Локк, Монтескье, Руссо, Канттар да қостаған. Сөйтіп "Табиғи құқықтық теория" өмірге келген.

Бұл теория Англияның 1215 ж. бостандық партиясында, 1689 ж. құқық петициясында; США 1776 ж. декларациясында, 1791 ж. Конституциясында, Францияның 1789 ж. Конституциясында мемлекеттік заңға айналды. Біріккен Ұлттар Ұйымының 1948 ж. - Декларациясында адамның "Табиғи құқық теориясы" қабылданып, әр мемлекеттің құқығының негізі болсын деп қаулы қабылдады. 1966 ж. БҰҰ Халықаралық пакт атты қаулы қабылдап, онда адамдардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарын әлем көлемінде дамытуды, жақсартуды міндеттеді.

Қазіргі заманда адамдардың бостандығы мен құқықтары барлық мемлекеттердің Конституциясына, Декларациясына енгізіліп, ең негізгі ресми саясатқа айналды. Қазақстан Республикасының 1993-1995 жж. Конституциялары адамның бостандығы мен құқықтарына арнаулы бөлім беріліп бұл мәселені жан-жақты дамыту, жақсарту өзінің мемлекеттік міндеті деп жариялады.

Сонымен, адам қоғамы мыңдаған жылдар бойы сонау көне дәуірден қазіргі заманға дейін әлеуметтік және құқықтық нормалар арқышы басқарылып келеді. Сондықтан, жеке адамның құқығы мен бостандығы тура-лы теорияның мыңдаған жылға созылған тарихы және мол тәжірибесі бар. Оның даму мазмұны, шеңбері қоғамының даму деңгейімен байланысты. Әр формацияда адам бостандығы мен құқығы әр түрлі болады. Бірақ оның дамуы объективтік прогрестік жолмен дамыды. Қоғам да-мып, нығайып жақсарған сайын құқық та, бостандық та нығайып жақсарады, оның әділеттік, демократиялық мазмұды да, кеңістігі де іс үрделенеді, жақсарады. Егерде бұл бостандыққа, құқыққа шектеу қойылса оны іске асыруға кедергілер жасалса, адамдардың табиғи бостандықтарына мән берілмесе ондай қоғамда антидемократиялық (фашизм, тоталитаризм, деспотизм) мемлекет орнап саяси, экономикалық дағдарысқа ұшырайды. Адам қоғамының тарихында бұған мысал жеткілікті. Осы XX ғасырдың өзінде осындай дағдарыс екі дүниежүзілік соғысты өмірге әкелді.

Сонымен, адам құқығы - жеке тұлғаның табиғи мүмкіншіліктері арқылы қоғамның барлық саласында іс-әрекет жасап өздерінің қадір-қасиетін, ар-намысын, абырой беделін қорғап, жақсы өмір сүруін қамтамасыз етуі.

Заң ғылымында адам құқығы, азамат құқығы, жеке тұлға құқығы деген ұғым бар. Оларға қысқаша түсінік берейік.

Адам құқығы - табиғи құқық, табиғи бостандықтар субъектілері оған мемлекеттің ешқандай қатысы жоқ. Егерде ол табиғи құқықтарды мемлекет бекітсе онда ол адам сол мемлекеттің адамы болады.

Азамат құқығы - табиғи құқықтар жинақталып, жүйеге келтіріліп мемлекеттің заңдарында, нормативтік актілерде көрсетіліп, мемлекеттің қорғауында болып адамдар сол қоғамның азаматы болу.

Жеке тұлғаның құқығы — жеке адамның құзыреті, іс-әрекет жасау мүмкіншілігі. Оның шеңбері жеке тұлғаның саяси-қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық статусының шеңберіне байланысты. Жеке тұлғаға жататындар: адам, азамат, шет елдердің азаматы, азаматтығы жоқ адамдар, саяси-экономикалық, әлеуметтік тұрғыдан қашқындар.

Қазіргі заманда мемлекеттердің көпшілігі бұл үш ұғымды бір мағынада қолдана береді. Жеке адамдардың құқықтарында объективтік және субъективтік деген түсініктер бар. Енді солардың мазмұнына тоқтайық.

Объективтік құқық — заңды нормалардың бір жүйесі, оның мазмұны, нормалардың өмірге келуі жеке адамдармен қатысы жоқ.

Субъективтік құқық - субъектілердің бостандығы мен құқықтары объективтік құқықтағы іс-әрекеттерді орындауға байланысты.

Азаматтардың, адамдардың негізгі құқықтары мен бостандығы халық-аралық актіде және әр мемлекеттің Конституциясында толық көрсетіледі. Оның түрлері: азаматтық, экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени, экологиялық, ақпараттық құқықтар. Енді оларға қысқаша түсінік берейік.

Азаматтық құқық — адамның табиғи бостандығы мен құқықтары. Адам не істесе де ерікті. Тек қоғамға жеке азаматтарға зиян келтірмеуге міндетті.

Экономикалық құқық—табиғи бостандық пен құқықтың экономикалық талаптары - жеке меншік құқығы кооперацияға мүше болу, акционерлік ұйымдарға қатысу, жұмыс істеу, бизнеске қатысу т.б.

Саяси құқық, - қоғамды, мемлекетті, өндірісті, шаруашылықты бас-қару, қоғамдық ұйымдар, партия құру, жиналыс, митинг, демонстрация өткізу, сайлауға қатысу, сайлану т.б.

Әлеуметтік құқық - қоғамның экономикалық, материалдық дамуы сол арқылы адамдардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, еңбек, үй құқығы, денсаулықты жақсарту т.б.

Мәдени құқықтар — білім алу, рухани сананы жақсарту; әдебиет, өнермен шұғылдану; тіл, дін құқықтары т.б.

Экологиялық құқық — адамды қоршаған ортаны, табиғатты жақсарту, ол туралы мәліметтер алу, зиянға ұшыраса төлету т.б.

Ақпараттық құқық - ойлау, сөйлеу бостандығы, газет-журнал шығару, мақалалар жазу т.б. құқықтар.

Халықаралық құқықтар — жоғарыда көрсетілген құқықтардың көпшілігі адамдар басқа елдерге барғанда да пайдаланады. Адамдардың саяхат жасауына, жүріп тұруына шектеу қойылмайды.

Адамдардың негізгі міндеттері — адамдардың құқықтары мен міндеттері тығыз байланыста болады. **Мысалы:** сөз, ойлау бостандығы мен қате, бұрыс ойламау, сөйлемей міндеттері. Адамдардың міндеттерін **екі топқа бөледі:** табиғи және заңды міндеттер.

Табиғи міндеттер табиғи құқықтар мен сәйкес болады. **Заңды міндеттер** - нормативтік актілер арқылы қалыптасқан міндеттер. **Мысалы:** азаматтардың табиғатты жақсарту, қоғамдық тәртіпті сақтау т.б.

Азаматтардың негізгі міндеттерінің көпшілігі Конституцияда көрсетіледі. Адамдар құқықты қалай талап етсе, олар сол дәрежеде міндеттерді орындауы қажет. Құқықпен міндет бірге қалыптасады, өмірге бірге келеді, бірге дамиды. Бұл объективтік процесс. Адамдар өз міндеттерін дұрыс, уақытында жақсы орындаса құқықтары да кедергісіз орындалуға тиісті.

2. Адам құқығы — азаматтың басты игілігі

Қазіргі заманда өркениеттің басты жетістігі адам құқығы мен бостандығын нақты қалыптастыру болып табылса, барлық мемлекет оны қорғап, оған кепіл болуы тиіс. Осындай ізгілікті үрдістен тәуелсіз Қазақстан да шет қалып отырған жоқ.

Қазақстан Ата заңының 1-бабында: "Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары", - деп атап көрсетілген. Осы заң сөздері Қазақстанға әлемнің дамыған елдерінің қатарында тұруға моральдік құқық береді.

Адам құқықтары мен бостандықтары туралы заңдарды дамыту жолында Қазақстан басқа өркениетті елдердің тәжірибесін қолдана бастады. Соның бір айғағы ҚР Президентінің жарлығымен Президент жанында елдегі адам құқығы мен бостандығын сақтауға бақылау жасайтын, өкілеттік қызмет жөніндегі комиссияның құрылуы. Қоғамның өтпелі кезеңінде еліміздегі адам құқықтары жөніндегі заңдар қызмегін үйлестіріп, олардың осал тұстарын ретке келтіріп, қалпына келтіруде қазақстандықтар комиссияға зор үміт артады. Бұрынғы кеңестік дәуірде азаматтар өз құқықтарын қорғау үшін жоғары билік орындарына, тіпті Коммунистік партияның Бас хатшысына жүгінетін. Қазіргі уақытта адамдар өздерінің бұзылған құқықтарын қорғау үшін құқық қорғау орындарына, сотқа, Адам құқығы жөніндегі комиссияға шағымданатын болды. Бұл біздің қоғамның құқықтық мемлекет құруға бет бұрғандығымызды көрсетеді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алып, дүниежүзілік қауымдастық қатарына қосылғаннан бері адам құқығына қатысты бірнеше халықаралық конвенцияларға қосылды. Қазақстан ең алдымен 1949 жылы қабылданған Женева конвенциясына (Конвенцияға қосылу ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 31-ші наурызындағы қаулысымен бекітілді), 1989 жылы қабылданған Сәби құқығы туралы конвенцияға (ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8-ші наурызындағы қаулысы) қосылды. Осы халықаралық конвенцияларға қосылып, Қазақстан адам

күқықтары мен бостандықтары басты қазынасы болып саналатын, демократиялық ел болуға деген ұмтылысын бекіте түсті.

Адам құқығын қорғау бүгiнiмiзге ғана емес, өткенiмiзге де қатысты. Халқымыздың басынан өткен саяси қуғын-сүргiндер, ашаршылық, зұлмат жылдары тек қазақстандықтардың ғана емес, республиканың басқа да ұлт өкiлдерiне қиянат, қайғы-қасiрет әкелгенi белгiлi. 1993 жылдың 14-шi сәуiрiнде осындай келеңсiз жағдайлардың салдарына душар болған азаматтардың құқығын қорғауға бағытталған Қазақстан Республикасы-ның "Жаппай саяси қуғын-сүргiн күрбандарын ақтау туралы" заңы қабылданды. Бұл заң кезiнде мемлекет саясатының нәтижесiнде құқығы бұзылған азаматтардың құқықтарын қалпына келтiруге, оларды аттауға кепiлдiк беретiн құжат болып табылады. Қазiргi уақытта Қазақстанға жер аударылған және онан қуылған 1 миллионнан астам қазақстандықтарды ақтау әлi жүзеге асырылмады. Бұған құқылық негiздердiң жеткiлiктi дәрежеде қалыптастырылмауы өзiндiк қиындықтар туғызып отыр. Бас бос-тандығынан айрылғандар да бiздiң қоғамымыздың толық заңды мүшелерi, сондықтан олардың азаматтық құқықтарын қорғау - маңызды мәселе. Адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және ардақтау БҰҰ-ның 1945 жылы қабылданған Жарғысында қатталды. Осы құжат шын мәнiнде тәуелсiз мемлекеттердiң халықаралық құқық шеңберiнде ынтымақ ұластырып, жарасымдылыққа жетуiне түңғыш рет саяси, заңдық негiз қалаған едi. 1992 жылы тәуелсiздiктiң аспан-көк туын көтерiп, өзге мемлекеттермен терезесi тең мүше ретiнде табалдырығынан аттаған БҰҰ-ның жарғылық қағидаларына адам құқығы - адамзаттың басты игiлiгi екендiгi, сондай-ақ ерлер мен әйелдердiң тең құқықты-лығы, үлкен және ұшақ ұлттардың теңдiгi, бейбiтшiлiк пен қауiпсiздiк сақтау үшiн күш бiрiктiру ұстаны алатын арқау болып тартылған. Мiне, сондықтан да Бас Ассамблеяның 1948 жылғы 10-шы желтоқсанда қабылданған Жарлығы бiрдей адам құқықтарының декларациясы негiзiнде мемлекеттердiң ынтымақтастығын қалыптастыруда халықаралық әдiске сай заңды мiндеттi сипатқа ие болып келедi. Осы Декларация кейiннен тармақтала қосылып, жүйелене дамытылған, әрi сан-салалы мәселенi, атап айтқанда, босқындардың мәртебесi (1951 ж.), апартеид (1954 ж.), нәсiлдiк кемсiтушiлiктi жою туралы (1965 ж.) және басқа да халықара-лық пактiлердi қамтитын қайнар бастау iспетгi. Осы құжаттарда Адам құқығы жөнiндегi декларацияны жүзеге асыру үшiн мемлекеттерде әрбiр адам өзiнiң экономикалық, әлеуметгiк, мәдени, сонымен қатар өзiнiң саяси-азаматтық құқықтарын емiн-еркiн пайдалана алатындай жағдай жасауға тиiстiгi ерекше аталып өткен.

БҰҰ Жарғысының аса маңызды ережесi дүниежүзiлiк қауымдастыққа адам құқықтарына басым көңiл бөлудi мойындауды және адам құқықта-ры мен негiзгi бостандықтарын барша адамның нәсiлiне, жынысына, тiлi мен дiнiне карамастан күрметтеудi, халықаралық ынтымақтастықгы жүзеге асыруды мiндеттеуi болып табылады. Адам құқықтарының жалпыға бiрдей декларациясы 200 тiлге аударылып, көптеген елдердiң Конститу-цияларына енгiзiлген. Декларацияның басты мақсаты Қазақстан Консти-туциясынан да кең орын алған. Әсiресе декларациядағы: "Барлық адам болмысынан тең

күқылы және азат болып туады. Барлық адамға ақыл-ой берілген, сондықтан бір-бірімен бауырмалдық қарым-қатынас жасау-лары тиіс", - деген қағиданың біздің мемлекетімізде қолдау тапқан-дығының бір айғағы - жүзден астам ұлт өкілдерінің тіл табысып, тату-тәтті өмір сүруінде. Бүкіл әлемнің миллиондаған жұртшылығы—үлкендері де, кішілері де осы құжаттан демеу тауып, көмек алатын болды. Күні бүгінге дейін дүние жүзіндегі барлық елдер бұл құжатты адам құқығын кәсірлеудің ең жоғарғы эталоны ретінде бағалап, оны үлгі егіп келеді. ҚР-ның әділет министрлігінде әйелдер мен балалар мәселелерімен айналысатын 30-дан астам әртүрлі республикалық ұйым тіркелген. БҰҰ—ның Баланың құқықтары туралы конвенциясын іске асыру үшін мемлекет бірқатар заңды құжат қабылдады. Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасы халқының денсаулығын қорғау туралы" (1997 ж.), "Еңбекті қорғау туралы" (1993 ж.), "Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" (1997 ж.) заңдары солардың қатарына жатады. Республикамызда мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту, тәрбиелеу және сауықтыру үшін, сондай-ақ мүгедек балаларды оқыту үшін жасауға көңіл бөлінеді.

Сонымен, қатар әрбір азамат өз пікірін білдіруге, ақпарат алу бостандығына деген құқығы басқа құқықтар мен бостандықтарды іске асыру үшін негіз болып табылады. Сөз бостандығы қоғамның демократиялығының белгісі және кепілі. Ал Қазақстан үшін - оның демократия жолымен алға басыуының қаншалықты шынайы екендігінің және саяси реформалардың қандай деңгейіне жеткенінің көрсеткіші болып табылады.

Еліміз егемендік алып, Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекетке айналды. Тәуелсіз мемлекеттің бүтіндігін қорғап, ішкі және сыртқы саясатының да пәрмендігін арттыру үшін, оның мызғымас заңы және заңды қорғайтын әділ сотының болуы басты шарт. Сот әділдігін жүзеге асыру мемлекеттік өкімет билігінің ерекше түрі. Азаматтар құқығы - заңдармен қорғалады, ал заңдар бұзылса әділ сот билігімен қорғалады. Сондықтан сот билігі жүйесіндегі мәселелер терең қамтылып, заңдарымыз уақыт ағымымен сәйкестірілу бағытында. Жоғарыда айтқанымыздай Қазақстан Республикасы адам құқықтарын қорғау саласында он қадам-дар жасауда. Біздің республикамыз келешекте де адам құқығы жөніндегі айтулы халықаралық, экономикалық, әлеуметтік және саяси пактілерге қосылуға бет бұрып, үнемі басты назарда ұстауға кепілдік берді.

Кепілдік — қоғамның экономикалық жағдайы, құралдары, әдіс-тәсілдері бірігіп адамдардың бостандықтары мен құқықтарын іске асыруға қолайлы мүмкіншіліктің қалыптасуы. Кепілдіктің қағидалары: гуманизм, әділдік, заңдылық теңдік, демократизм т.б. Кепілдік мазмұны, мақсаты — адамдардың бостандықтары мен құқықтарын іске асыруға қолайлы жағдай жасау. Оның функциясы — осы бағыттағы нормативтік актілерді уақытында, дұрыс орындалуын қамтамасыз ету. Объектісі — құқықтық қатынастардың жақсы дамуына, аяқталуына мүмкіншілік жасау. Кепілдікті жүйелеудің түрлері толып жатыр.

1) Оның әлеуметтік бағытына қарай үш түрі болады: материалдық, саяси, рухани.

Материалдық кепілдік — экономикалық кеңістік, заттардың орын ауыстыруына, бизнеске, конкуренцияға толық бостандық беру, меншіктің барлық түрін қорғау, адам

мен мемлекеттің, жұмысшы мен бизнесменнің, өндіруші мен алушының арасында элеуметтік теңдікті қалыптастыру.

Саяси кепілдік — қоғамда демократиялық басқару жүйенің қалып-тасуы, халықта экономикалық, саяси, элеуметтік бостандықтың болуы. Ақпараттың жұмысына бақылауды жою. Сын мен сөзге толық бостандық беру.

Рухани кепілдік — мәдениетті, білімді, ғылымды дамыту, отанды қорғау, қадірлеу, әділеттікті, шындықты, теңдікті, инабаттылықты, адамгершілікті, парасаттылықты жақтау.

2) **Заңды кепілдік** — оның түрлері: конституциялық, жалпы халықтық, жеке адамдардың құқықтарын орындау, қорғау кепілдіктері.

3) **Кепілдіктің кеңістігіне қарай екі түрі болады:** мемлекеттің өз ішіндегі кепілдік және халықаралық құқықтық кепілдік.

Мемлекеттің өз ішіндегі кепілдік — адамдардың бостандықтары мен құқықтары Конституцияда, заңдарда жазылып олардың орында-луын мемлекет толық бақылауға алып, материалдық, элеуметтік, саяси мүмкіншіліктер жасалады. Қазақстан Республикасы Конституциясының (1995) екінші бөлімінде 10—39 бб. азаматтардың бостандықтары мен құқықтарын бұлжытпай орындауға, бақылауға мемлекетіміз кепілдік беріп отыр.

Халықаралық құқықтық кепілдік - Біріккен Ұлттар Ұйымының декларациясында, эртүрлі дүниежүзілік ұйымдардың қаулыларында, халықаралық құқықта толып жатқан кепілдіктер бар. Олардың орында-луына толық бақылау орнатылған.

4) **Нормативтік актілердің мазмұнына қарай кепілдіктің үш түрі болады:** қарапайым, күрделі, аралас, жалпылама, арнаулы, жеке адамға кепілдіктер.

Қарапайым кепілдік - адамның бостандығы мен құқықтарының бір саласын қорғайтын нормативтік актілер жиынтығы. Мысалы, Қазақстан Республикасының Конституциясында адамдарға "сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензурағатыйым салынады" (20-6.1—т.).

Күрделі кепілдік - қоғамның бір саласындағы адамдардың бостандығы мен құқықтарын және элеуметтік ұйымдарын қорғайтын нормативтік актілер жиынтығы. ҚР Конституциясында "Неке мен отба-сы, ана мен әке және бала—мемлекеттік тұрғыдан танылып, қорғалатын басты қазына" (27-6., 1-т.).

Аралас кепілдік - адамдардың қоғамдағы барлық бостандығы мен құқықтарын және элеуметтік ұйымдарын қорғайтын нормативтік актілердің жиынтық кепілдігі. ҚР Конституциясыңа "Қазақстан мемлекеті адам құқығы мен бостандығын оның қай елдің азаматы екендігіне қара-мастан мойындайды, кепілдік береді әрі қорғайды" (12-6., 1, 4-т.).

Жалпылама кепілдік — халықаралық құқықтың және БҰҰ Декларациясының (1948, 1966 жж.) талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасында "Адам құқықтары мен бостандықтары - дүниежүзілік қоғамдастық игерген, мойындаған және тиісті халықаралық - құқықтық актілерде бекітілген, элеуметтік және заңдық жағынан қамтамасыз етілген, әрбір адамның құқы ретінде мойындалған, ешкім де еркін шектеп немесе тыйым сала алмайды... Қазақстан мемлекеті адам құқығы мен бостандығын оның қай елдің азаматы екендігіне қарамастан мойындайды, кепілдік береді, әрі қорғайды"(4-б, 1, 3, 4-т; 12-6.).

Арнаулы кепілдік — қоғамда адамдардың мамандықтарына, қызметіне, еліміздің дамуына қосқан еңбегіне қарай жеңілдік-қамқор-лықтар болады. Соларды реттеп — басқаратын нормативтік актілердегі кепілдіктер. Мысалы, зейнеткерлерге, көп балалы аналарға, соғыс және еңбек ардагерлеріне, мүгедектерге, мұғалімдерге, шахтерлерге әскери қызметкерлерге т.б. заңды кепілдіктер бар.

Жеке адамдарға төтенше жағдайдағы кепілдік — мұндай кепілдіктің түрлері толып жатыр: жер сілкінесе, су тасқыны, өрт болса т.б. Кепілдіктің барлық түрін нормативтік актілермен толық қамту мүмкін емес. Біраз нормалар бар және бұл мемлекеттің бақылауындағы мәселе.

5) **Ұйымдастыру кепілдіктері** — оның үш түрі болады: кепілдіктің тәртібі, техникалық кепілдік, бақылау кепілдігі. Кепілдіктерді дұрыс, уақытында, сапалы іске асыруды мемлекеттік органдар өз бақылауына алып, жоспар жасап, қатаң тәртіппен орыңдалады. Бұл туралы нормативтік актілер сол тәртіппен іске асуы қажет.

Техникалық кепілдік - кепілдіктердің біразы техникаларды қолда-нумен іске асады. Сондықтан, мемлекеттік органдар бұл мәселені сапалы жүргізу үшін біраз іс-әрекеттер жасауға міндетті.

Бақылау кепілдігі — кепілдіктің барлық түрлері мемлекеттің бақы-лауы арқылы сапалы орындалады. Бұл проблема туралы нормативтік актілер қатаң тізімге алынып іске асады.

Өмірде мемлекеттің кейбір аппараты өзінің басқару жұмысын жақ-сартам деп — шеңберден шығып кетеді, асыра сілтеу басталады. Сондықтан мемлекеттің бақылау жұмысы әрдайым күн тәртібінде болу керек.

Қоғамда әр азаматтың құқығының, бостандығының шеңбері болады. Ол бұл шеңберден асып кетуге, шеңберді бұзуға құқығы жоқ. Себебі: онда мемлекеттің, қоғамның, басқа адамның мүдде-мақсаты бұзылады немесе олардың құқығына нышан келеді. Сондықтан, әр азамат бостан-дықтың, құқықтың бұл қағидаларын қатаң орындауға тиіс. Ол болмаса қоғамның тәртібі, заңдылығы бұзылады. Бұл объективтік процесс.

Әр заңда, әр нормада қатынастың субъектілерінің құқығының шеңбері көрсетіледі оны орындауға олар міндетті:

- 1.Құқықтың субъектілеріне ерік беру.
- 2.Құқықтың субъектілерін міндеттеу.
- 3.Құқықтың субъектілеріне тыйым салу.

Міне, осы шарттар орындалмаса құқық бұзылған болады, жауапкершілік басталады. Адам құқығы мен бостандығы оның міндетімен байланысады. Жеке тұлға Қазақстан Республикасының алдында жауап-ты әрі оның Конституциясы мен заңдарын, аумағының біртұтастығын сақтауға, салт-дәстүрге, мемлекеттік тіл мен барлық ұлт өкілдерінің тілдеріне құрметпен қарауға, Қазақстан Республикасының қуатын, егемендігі мен тәуелсіздігін нығайтуға атсалысуға міндетті.

Сонымен, Қазақстандық конституционализм сипаты оның социалистік жалған конституционализм сүрлеуінен тарихи жүріп өту нәтижесінде қалыптасуы және элемдік қауымдастықта лайықты өмір сүріп, өркендеу үшін Қазақстанға объективті түрде қажет либералдық-демократиялық құндылықтарды түпкілікті бекіту ерекшеліктеріне байланысты. Бұл ерекшеліктер жаңа тәуелсіз мемлекет бастан кешіп отырған ұзақ өтпелі кезең қиындықтарымен, унитарлы мемлекеттік

өкіметінің ұйымдасуымен, мызғымас республикалық басқару нысанынан туындайтын ішкі-сыртқы геосаяси және демографиялық параметрлерімен сабақтас. БҰҰ 1995—2004 жылдарды Адам құқықтары саласындағы ағарту онжылдығы деп жариялаған болатын. Міне, бұл үлкен бастама. Әр мемлекет, әрбір азамат осынау ізгі бастамаға өз үлесін қосатын болса нұр үстіне нұр. Адам құқықтары туралы білімді өрістету - адам құқықтарының сақталуына кепіл болады. Өз құқықтары мен міндеттерін жете білген адам еш уақытқа жаңсақ баспайды.

Жалпы, адам құқығын қорғап, бостандығын ардақтау азаматтардың лайықты өмір-сүріп, бай-рақатты тұрмыс кешуіне ахуал қалыптастыру - әлемдік қауымдастыққа көшін ұластырған Қазақстанның алдына қойған асыл мұраты. Ендеше, әрбір азаматтың экономикалық, мәдени-әлеуметтік және саяси да жеке құқықтарын еркін пайдалана алатындай ахуал қалыптастырып, халықаралық конвенциялар мен пактілерге атқосар, абырой таластырап күн де алыс емес шығар.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995 ж. (02.02.2011ж. өзгертулер мен толықтырулармен).
2. Адам құқығының жалпы декларациясы // БҰҰ Бас Ассамблеясы, 10 қазан 1948ж.
3. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң, 16 желтоқсан 1991 ж.
4. 04.06.2007ж. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы»
5. Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы, № 258-ІІІ ЗРК. (28.06.2012 ж. өзгертулер мен толықтырулармен).
6. 26.12.1995ж. «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы (03.02.2011 ж. өзгертулер мен толықтырулармен).
7. 20.07.2000 ж. «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы. (04.07.2014 ж. өзгертулер мен толықтырулармен).
8. 29.12.1995 ж. «Қазақстан «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы»
9. Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы, 16.10.1995 ж. (04.07.2014 ж. өзгертулер мен толықтырулармен).
10. 18.12.1995 ж. «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы. (29.09.2014 ж. өзгертулер мен толықтырулармен).
11. 25.12.2000 ж. «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы. (04.07.2014 ж. өзгертулер мен толықтырулармен).
12. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі. –Алматы,2014. (04.07.2014 ж. өзгертулер мен толықтырулармен).
13. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі 04.07.2014 ж. – Алматы,2014.
14. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу кодексі.13.07.1999 ж. – Алматы,2014.(05.07.2014 ж. өзгертулер мен толықтырулармен).
15. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексі 04.07.2014 ж. –Алматы,2014
16. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі 05.07.2014 ж. –Алматы,2014
17. 15.05.2007ж. Қазақстан Республикасының еңбек кодексі. (04.07.2014 ж. өзгертулер мен толықтырулармен).
18. 24.03.1998 ж. «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. (29.09.2014 ж. өзгертулер мен толықтырулармен).

19. «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. (30.01.2014 ж. өзгертулер мен толықтырулармен).
20. 23.04.2014 ж. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
21. 23.01.2011 ж. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. (05.07.2014 ж. өзгертулер мен толықтырулармен).
22. 27.11.2000 ж. «Әкімшілік шаралар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. (16.05.2014 ж. өзгертулер мен толықтырулармен).
23. «Құқық қорғау органдары туралы» ҚР Заңы. 06.01.2011 ж. (04.07.2014 ж. өзгертулер мен толықтырулармен).
24. 21.12.1995ж. «Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. (04.07.2014 ж. өзгертулер мен толықтырулармен).
25. 21.12.1995ж. «Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. (04.07.2014 ж. өзгертулер мен толықтырулармен).
26. 24.08.2009ж. «2010 жылдан 2020 жыл аралығындағы Қазақстан Республикасы құқықтық саясатының Тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, № 858 (16.01.2014 ж. өзгертулер мен толықтырулармен).